В Ульянов (Ленин)

Том 35

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

35 ТОМ

Октябрь 1917 — март 1918

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1980

ЗК2
Л 40

Л $\frac{10102-053}{401(07)-80}$ 4—79   0101020000

© Политиздат, 1977 г.

© Қазақша аудармасы, «Қазақстан» баспасы, 1980.

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының 35-томына 1917 жылғы 25 октябрьден (7 ноябрьден) 1918 жылғы 5 мартқа дейінгі — Петроградта Октябрь қарулы көтерілісі жеңген күнпен РКП(б) VII съезіне дейінгі кезеңде жазылған шығармалар еніп отыр.

Бұл бүкіл байтақ елімізде пролетарлық революцияның жеңіспен салтанатты шеру тартқан кезеңі болатын. Совет өкіметі күннен-күнге барған сайын орныға берді. Қала мен деревнядағы еңбекшілер бұқарасы, ең алдымен кедей шаруалар революцияның жетекші күші — пролетариаттың төңірегіне топтаса түсті. Бұл қуатты халық қозғалысына большевиктік партия басшылық етті, ол жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетінің билеуші партиясына айналды. Ұлы Октябрь революциясы жеңгеннен кейін партияның алдында жаңа тарихи міндеттер — Совет мемлекетін құру және нығайту, қоғамды социалистік негізде қайта құру, елді дұшпан капиталистік қоршаудан қорғау ісін ұйымдастыру, басқа елдердің пролетариатымен интернационалдық байланыстарды нығайту міндеттері тұрды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Лениннің есімімен ажырамастай байланысты. Оның басшылығымен большевиктер партиясы жұмысшы табының социализм жолындағы күресін, бейбітшілік жолындағы жалпы халықтық қозғалысты, шаруалардың жер үшін күресін, Россияның езілген халықтарының ұлт-азаттық күресін біртұтас революциялық тасқынға біріктіріп,

бұл күштерді капитализмді құлатуға бағыттай білді. Октябрь социалистік революциясының жеңісі социалистік революцияның лениндік теориясын практикада қолдана білудің тамаша үлгісі, социализмнің әуелі бір, жеке алынған капиталистік елде жеңу мүмкіндігі туралы лениндік тұжырымның дұрыстығының дәлелдемесі болды.

Лениннің осы томға енген шығармаларында Октябрь революциясының бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы ашып көрсетіледі, Совет мемлекетінің жаңартушылық және жасампаздық жұмысының алғашқы қадамдары, оның бейбітшіл сыртқы саясаты баяндалады. Бұл шығармаларда қанаушы таптардың қарсылығына қарсы, кадеттердің, меньшевиктер мен оңшыл эсерлердің контрреволюциялық партияларына қарсы пролетариат пен еңбекші шаруалардың күресі бейнеленген, солшыл эсерлер партиясының ұсақ буржуазиялық сипаты ашып көрсетілген. Бірқатар документтер Лениннің, большевиктік партияның ішкі және сыртқы саясаттың аса маңызды мәселелері жөнінде оңшыл оппортунистік элементтерге қарсы және «солшыл коммунистерге» қарсы жүргізген ымырасыз күресін сипаттайды.

Россиядағы социалистік революция адамзат тарихында жаңа заманды — капитализмнің күйреу және социализмнің орнығу заманын ашып берді. «Осыдан былай,— деді Ленин өзінің Петроград Советінің мәжілісінде революцияның алғашқы күні сөйлеген сөзінде,— Россияның тарихында жаңа кезең басталады, және бұл, үшінші орыс революциясы сайып келгенде социализмнің жеңісіне жеткізуге тиіс» (осы том, 2-бет).

Октябрь революциясының нәтижесінде дүние жүзі біріне-бірі қарама-қарсы екі системаға бөлінді. Халықаралық аренада тұңғыш рет социалистік мемлекет пайда болды.

Октябрь социалистік революциясы негізгі өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті жойып, қанау мен әлеуметтік әділетсіздік құрылысы табан тіреген экономикалық базаны қиратты: жер, фабрикалар, заводтар, темір жолдар халықтың — барлық материалдық және рухани игіліктерді жасаушының дәулетіне айналды.

Октябрь революциясының тарихи ұлы маңызы мынада: ол ұлттық езгінің бұғауын үзді, ұлттардың бөлініп шығуға және дербес мемлекет құруға дейінгі өзін өзі билеу правосын жариялап, қамтамасыз етті, халықтардың экономикалық, саяси және мәдени дамуына, социализм негізінде туысқандық достықты нығайтуына өріс ашты. Ленин жазған «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясында»: «Советтік Россия республикасы ерікті ұлттардың ерікті одағы негізінде Советтік ұлт республикаларының федерациясы ретінде құрылады» (235-бет) деп жарияланды.

Октябрь социалистік революциясының тарихи ұлы маңызы мынада: ол Россияны империалистік соғыстан шығарып алды, елді қанаушы таптар душар еткен ұлттық апаттан сақтап қалды, Россия халықтарын шетел капиталының құлдығына түсу қаупінен құтқарды.

Совет мемлекеті ұлы бейбітшілік ұранын ұсынды және халықтар мен елдер арасындағы қарым-қатынаста жаңа принциптерді жүзеге асыра бастады.

Октябрь социалистік революциясының орасан зор халықаралық маңызы болды. Ол бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары мен шаруаларын империалистік соғысқа қарсы, халықтар арасында бейбітшілік орнату үшін, демократия мен социализм үшін шешуші және жанқиярлық күреске жігерлендірді. Орыс революциясы Европа мен бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табына орасан зор революцияландырушылық әсерін тигізді, ол дүние жүзілік жұмысшы қозғалысын түгелдей жаңа сатыға көтерді. Октябрь революциясының ықпалымен отар және жартылай отар елдер халықтарының қозғалысы басталды. Жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетінен еңбекші адамзат басқыншылық соғыстарға қарсы, бейбітшілік пен халықтардың қауіпсіздігі жолындағы өз күресінде сенімді тірек тапты. «Біздің Советтердің социалистік республикасы,— деді Ленин,— халықаралық социализмнің шамшырағы ретінде және барлық еңбекші бұқараның алдындағы үлгі ретінде берік тұра бермек. Онда — төбелес, соғыс, қан төгіс, миллиондаған адамдар шығыны, капиталдың қанауы бар, мұнда — шын бейбітшілік

саясаты және Советтердің социалистік республикасы бар» (297-бет).

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңген күннен бастап В. И. Лениннің өмірі мен қызметінде жаңа кезең басталды. Ленин большевиктік партия мен совет халқының жұмысшы табы диктатурасының тарихи міндеттерін шешу жолындағы, социализм орнату жолындағы күресін басқарды. Ол Совет мемлекетін құруға тікелей басшылық етті, жаңа қоғам құрылысының теориялық проблемаларын талдап жасады және Россияны социалистік жолмен қайта құру жоспарларын практикада жүзеге асыру ісіне басшылық етті. Ленин жаңа, социалистік типтегі мемлекет қайраткерінің бейнесін танытты. Ол адамзат тарихында халықтың творчестволық күштеріне кәміл сенген, еңбекшілердің ең қалың бұқарасымен тығыз байланысты болған, олардың шексіз сенімі мен қолдауына сүйенген тұңғыш мемлекет басшысы еді.

35-том лениндік тарихи документтермен — буржуазиялық Уақытша үкіметтің құлатылғандығын және өкіметтің Советтерге көшкендігін паш еткен «Россия азаматтарына!» деген үндеу хатпен, 25 октябрьде (7 ноябрьде) Петроград Советінің мәжілісінде Советтер өкіметінің міндеттері туралы жасалған баяндамамен, Советтердің сол күні Петроградта Смольныйда ашылған Бүкіл россиялық II съезінде бітім туралы және жер туралы жасалған баяндамалармен ашылады. Бұл съезд елдегі бүкіл өкіметтің жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің қолына көшкендігін жариялады, В. И. Ленин басқарған Совет үкіметін құрды.

Совет өкіметінің алғашқы актісі лениндік Бітім туралы декреттің қабылдануы болды. Совет үкіметі барлық халықтарға бірдей әділетті шарттар негізінде бітім жасасу, яғни аннексиясыз және контрибуциясыз бітім жасасу жөнінде барлық соғысып жатқан елдердің халықтары мен үкіметтеріне сөз салды. Лениннің баяндамасында және Бітім туралы декретте халықаралық қатынастардың жаңа типті принциптері тұжырымдалды, бұл қатынастар әлсіз ұлттарды езуге негізделмей, барлық халықтар арасында бейбітшілік орнатуға,

ұлттардың тең праволылығын, барлық мемлекеттердің тәуелсіздігін мойындауға негізделді, совет дипломатиясының ашық та адал әдістері жарияланды. Басып алушылықтар мен соғыстардың империалистік саясатына лениндік Декрет қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру саясатын қарсы қойды. Ленин талдап жасаған, Коммунистік партияның документтерінде, әсіресе оның съездерінің шешімдерінде, КПСС-тің жаңа программасында одан әрі дамытылған бейбіт қатар өмір сүру принциптері советтік сыртқы саясаттың сара бағыты болып бұлжымастан қала береді; бұл принциптер барлық елдер халықтарының бейбітшілік жолындағы күресінде оларды интернационалдық тұрғыдан топтастырудың қуатты құралы болып табылады.

Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезі жер туралы мәселені шешті. Лениндік Жер туралы декрет жерге помещиктік меншікті дереу, ешқандай төлем ақысыз жойды. Помещик имениелері, уделдік, монастырьлық, шіркеулік жерлер болыстық жер комитеттері мен шаруа депутаттары уездік Советтерінің қарамағына көшті. Осы Декрет бойынша шаруалар тегін пайдалану үшін Совет өкіметінен 150 миллион десятинадан астам жер алды. Жер туралы декрет еңбекші шаруалардың ғасырлар бойғы арманын жүзеге асырды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы тарихта тұңғыш рет пролетариат диктатурасын орнатты, жаңа типті мемлекет — Советтік социалистік мемлекет құрды. Мемлекетті басқару еңбекшілер құрған жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары Советтерінің қолына көшті. «...Осы Советтерді ұйымдастыру арқылы,— деді Ленин,— дүние жүзілік революция тарихында бұрын болып көрмеген ұлы, жаңа нәрсе жасалып жатты» (253-бет). Революция барысында құрылған Советтер пролетариат диктатурасының формасы болды, ол буржуазиялық демократиядан принципті түрде өзгеше, осы күнге дейін болып көрмеген демократия, халықтың бұрын қаналып келген көпшілігіне арналған демократия еді.

Ленин еңбекшілердің ең қалың бұқарасының мемлекет істерін басқаруға саналы түрде қатысуы — социалистік мемлекетке күш беретін негізгі қайнар көздердің бірі деп үйретті. Ол мемлекетті тек буржуазия ғана, қоғамның жоғары таптары деп аталатындар ғана басқара алады деген соқыр сенімді үзілді-кесілді жоюға шақырды. Ол революция сергіткен бұқараның творчестволық күшіне кәміл сенді. «Жеңіс,— деп жазды ол,— қаналушылар жағында болады, өйткені өмір солар жағында, көптің күші, бұқараның күші, барлық жанқияр, идеялы, адал, алға ұмтылушы, жаңа құрылысқа аттанушы адамдардың сарқылмас қайнар бұлағының күші, «қарапайым халық» деп аталатындардың, жұмысшылар мен шаруалардың жігері мен талантының бүкіл таусылмас қорының күші солар жағында. Жеңіс солар жағында» (207-бет).

1917 жылы ноябрь — декабрьде болып өткен шаруа депутаттары Советтерінің, темір жол жұмысшылары мен қызметшілерінің съездері, жалпы армиялық съезд, әскери флоттың съезі және басқалар қоғамды социалистік негізде қайта құруға талпынып отырған бұқара белсенділігінің айғағы болды. Осы съездерде жасаған, осы томға енгізіліп отырған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде Ленин саяси жағдайды, революцияның міндеттері мен перспективаларын түсіндірді, еңбекшілерді өздігінен жасампаздық істер атқаруға, контрреволюцияға қарсы батыл күрес жүргізуге, жаңа, социалистік қоғамды жанқиярлықпен орнатуға шақырды, қиыншылықтардан, жаулардың тіміскі әрекеттерінен сақтандырды, Совет өкіметінің жеңіске жететіндігіне, социализмнің салтанат құратындығына сендірді.

Лениннің сіңірген аса ұлы еңбегі мынада: ол өзінің еңбектерінде социалистік құрылыстың нақты программасын талдап жасады, еңбекші бұқараның жаңа тұрмыс құрудағы тәжірибесін жинақтай келіп, советтік шаруашылықты жүргізу принциптерін белгілеп берді. Совет өкіметінің тарихи декреттері Россияны социалистік жолмен қайта құрудың алғашқы шараларын жүзеге асыруға бұқараны ұйымдастыруда аса маңызды

роль атқарды. Көпшілігін Ленин жазған немесе оның қатысуымен әзірленген бұл декреттер социалистік қоғам орнатудың программалық документтері болды. Бұл декреттерде жерге жеке меншікті жою, кәсіпорындарға жұмысшы бақылауын қою, банктерді национализациялау, Халық шаруашылығы жоғары советін құру және басқа да аса маңызды мәселелер бейнеленді. Бұл декреттер, Лениннің сөзімен айтқанда, өмірдің жаңа формаларын дамыту жолындағы айтулы кезеңдерді белгіледі.

Банктерді национализациялау капиталдың экономикалық үстемдігін жоюға бағытталған алғашқы шаралардың бірі болды. Пролетариат диктатурасының осы революциялық-экономикалық шарасына баға бере келіп, Ленин былай деді: «Банктер — қазіргі капиталистік шаруашылықтың ірі орталықтары. Мұнда адам айтқысыз байлықтар жиналып, бүкіл байтақ елге бөлінеді, бүкіл капиталистік өмірдің жүйке тамыры — осында» (290-бет). Совет үкіметі банктерді пролетариат диктатурасы құралына, социалистік есеп пен бақылау аппаратына айналдырды. Өндіріс құрал-жабдықтарын социалистік жолмен қоғамдастыруды дамытуда темір жолдарды Совет мемлекетінің қолына шоғырландыру, өзен және теңіз флотын национализациялау маңызды қадам болды.

«Банктерді национализациялауды жүзеге асыру туралы және осыған байланысты қажетті шаралар туралы декреттің жобасында», сондай-ақ «Экономикалық саясат мәселелері» деген заметкаларында, «Экономикалық шаралар программасының нобайында» және 35-томға енген басқа да документтерде Ленин аса маңызды өндіріс құрал-жабдықтарын социалистік жолмен қоғамдастырудың тәсілдері мен тәртібі туралы негізгі қағидаларды тұжырымдап берді.

Октябрь революциясы жеңгеннен кейін Ленин экономиканы социалистік жолмен қайта құрудағы аса маңызды және шешуші шара — ірі өнеркәсіпті национализациялауды әзірлеуге зор көңіл бөлді. Социалистік революцияның алғашқы күндерінен бастап өнімдерді өндіруге және бөлуге жұмысшы бақылауын енгізу

өнеркәсіпті национализациялауды әзірлеу ісінде үлкен роль атқарды. Мұндай бақылау мен есептің енгізілуі социализмге қарай жасалған алғашқы қадам болып табылады деп Ленин талай рет атап көрсетті. Өндіріске жұмысшы бақылауын қою міндеттері Ленин жазған «Жұмысшы бақылауы туралы ереженің жобасында» белгіленіп, ол 1917 жылы декабрьде Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті қабылдаған «Жұмысшы бақылауы туралы ереженің» негізі етіп алынды.

«Жұмысшы бақылауынан біз Халық шаруашылығы жоғары советін құруға қадам бастық»,— деді Ленин 1918 жылы январьда (292-бет). *«Ұйымдастырушылық* жұмысы сауатты, кісіні тани білетін, практикалық тәжірибесі бар *қатардағы* жұмысшы мен шаруаның да қолынан келеді» (212-бет) деген лениндік нұсқауды басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия жұмысшы табынан шыққан таңдаулы адамдарды шаруашылық жұмысқа жоғарылату жолымен Совет мемлекетінің экономикалық органдарын құрды. Шаруашылық комиссариаттары мен ведомстволарын құрумен қатар Ленин Совет мемлекетінің бүкіл халық шаруашылығын бағыттап және реттеп отыратын жоғары экономикалық орган құру міндетін де алға қойды. 1917 жылы декабрьде құрылған Халық шаруашылығы жоғары советі осындай орган болды. Халық шаруашылығы жоғары советінің қызметі В. И. Лениннің тікелей басшылығымен жүзеге асырылды.

Шаруашылықты басқарудың советтік системасы еңбекшілер бұқарасының белсене қатысуымен жасалды. Ленин экономикалық өмірді ұйымдастырудың нақты жоспарларын тек бұқара ғана белгілей алады, оны «дереу жоғарыдан да, төменнен де бастау керек» деді (156-бет).

Алғашқы социалистік қайта құрылыстардың өзі-ақ жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар бұқарасының творчестволық және ұйымдастырушылық күшін танытты, олардың буржуазиялық тәртіптерді қиратуға және капиталистерді экспроприациялауға ғана емес, сонымен бірге қоғамдық өндірісті өздігінен жолға қоюға да қабілеттілігін көрсетті. «Біздің Россияда, бірнеше жеке

мемлекетке бөлінген, толып жатқан әр тектес ұлттар мен халықтардан құралған бұл орасан байтақ елде,— деді Ленин,— қазір болып жатқан оқиғаларға ұқсас ешқандай оқиғаны дүние жүзі көрген емес: барлық уездер мен облыстарда орасан зор ұйымдастыру жұмысы, төмендегілерді ұйымдастыру, бұқараның қолма-қол жұмысы, ... творчестволық, жасампаздық қызмет жүргізіліп жатыр» (302-бет).

Ленин социалистік жарысты бұқараның творчестволық бастамасы мен белсенділігін дамытудың тамаша формасы, еңбекшілерді шаруашылық және мәдени құрылысқа тартудың қуатты құралы деп білді. Жұртшылыққа кеңінен таныс «Социалистік жарысты қалай ұйымдастыру керек?» деген мақаласында Ленин бұқаралық жарыстың тек социализм тұсында ғана болуы мүмкін екендігін атап көрсетті. Социализм, буржуазиялық жазғыштардың жалған айтып жүргеніндей, жарыс жалынын сөндірмейді, тіпті сөндірмегені былай тұрсын, қайта, оны кең түрде қолдануға, еңбекшілердің орасан зор көпшілігін жаңа өмір орнату ісіне тартуға, өзін, өзінің талантын танытуына адамзат тарихында тұңғыш рет мүмкіндік туғызады, ал мұндай таланттар, Лениннің сөзімен айтқанда, халық ішінде ұшан-теңіз, капитализм оларды мыңдап және миллиондап жаншып, тұншықтырып келді. Алайда Совет мемлекетінде социалистік жарыстың мүмкіндігі кең деу — оның стихиялы түрде дамуы мүмкін деген сөз емес. «Социалистік үкімет өкімет басына келген кезде, біздің ендігі міндетіміз,— деп жазды Ленин,— жарысты ұйымдастыру» (209-бет).

Социалистік жарысқа еңбекшілердің бәрі жан-тәнімен мүдделі, ол еліміздің экономикасын нығайтып, материалдық және мәдени дәрежесін көтереді. Бірақ, деп көрсетті Ленин, капитализм тұсында қалыптасып қалған ескі әдеттен — еңбек өлшеміне, өндіріс құрал-жабдықтарына басында еркі жоқ адам тұрғысынан: «бірдеңені артығырақ жымқырып, тайып тұрсам» деп караушылықтан кейбіреулер әлі арыла алмай келеді. Мұндай әдетке қарсы күресу өнімдерді өндіру мен бөлуге бақылау қойып, есепке алуды талап етті. Ленин

мұны ең басты экономикалық міндет деп санады. Ленин әсіресе қанаушыларға, арам тамақтарға, жүліктерге, бұзықтарға қарсы күресте бақылау мен есепке ерекше маңыз берді. ««Еңбек етпеген — ішіп-жемесін» — міне, социализмнің *практикалық* парызы осы. *Практика жүзінде* міне осыны жолға қою керек» (217-бет).

«Социалистік жарысты қалай ұйымдастыру керек?» деген мақала жазылғаннан бері қазір алпыс жыл өтті. Жарыстың социализм және коммунизм құрылысындағы ролі туралы Лениннің нұсқауларын халықтың орасан қалың бұқарасы қабылдап, жүзеге асырып жатыр. Социалистік жарыстың жаңа, жоғары кезеңі болып табылатын коммунистік еңбек бригадалары мен кәсіпорындары деп атану жолындағы қозғалыс бүкіл халықтық сипат алды. Лениннің: «Социализм жоғарыдан берілген нұсқаулар бойынша жасалмайды. Төрешіл-бюрократтық автоматизм социализмнің рухына жат; жанды, жасампаз социализм халық бұқарасының өзі жасаған игілігі болып табылады» (60-бет) деген сөздері мейлінше айқын түрде расталып отыр.

Ленин осы мақаласында халық шаруашылығын басқарудағы демократиялық централизм принципін тұжырымдап, негіздеп берді, Коммунистік партия мен Совет өкіметі социализм мен коммунизм құрылысы ісінде осы принципті ұдайы басшылыққа алып келеді. Ленин шаблондық әрекеттердің қандайына болсын, жергілікті жерлерде туған творчестволық инициативаны жоғарыдан басып тастау әрекеттерінің қандайына болсын қарсы шықты. «Шаблондық та, жоғарыдан бір үлгіге салып қалыптау да,— деп жазды ол,— демократиялық және социалистік централизммен ешбір жанаспайды. Егжей-тегжейлердегі, жергілікті ерекшеліктердегі, іске *қалай қарау* әдістеріндегі, бақылауды жүзеге асырудың *тәсілдеріндегі... әр алуандылық* негізгі, түбегейлі, маңызды мәселелердегі бірлікті бұзбайды, қайта ол бірлікті қамтамасыз етеді» (217-бет).

«Публицистің күнделік дәптерінен (Әзірлеуге арналған тақырыптар)» деген заметкаларында Ленин Совет өкіметінің ішкі және сыртқы саясатының барлық аса маңызды проблемаларын қамтитын бірсыпыра мәселе-

лерді белгілеп берді. Бұл документте белгіленген мәселелерге Ленин өзінің бірқатар шығармалары мен сөздерін арнады, солардың бірі — 1918 жылы март-та — апрельде жазған «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» Шығармалардың келесі томына енгізілді.

35-томға енген бірқатар шығармалар Лениннің советтік мемлекеттік құрылысты ұйымдастыру жөніндегі қызметін сипаттайды. Олардың ішінде 1918 жылы январьда Советтердің III съезінде бекітілген, Ленин жазған «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясы» аса маңызды орын алады. «Декларация» Октябрь социалистік революциясының жеңістерін, Россияның жұмысшы табының жеңістерін заң жүзінде бекітті, ал жұмысшы табы Маркстің, Энгельстің, Лениннің капитализмнен социализмге өту кезеңіндегі мемлекет тек қана пролетариат диктатурасы болады деген ілімін революциялық практика арқылы жүзеге асырды. «Декларация» жерге жеке меншікті жою туралы, жұмысшы бақылауы туралы, Халық шаруашылығы жоғары советін құру туралы, банктерді национализациялау туралы декреттерді қуаттады. «Декларацияда» Қызыл Армияны құру заңдандырылды, Совет мемлекетінің бейбіт сыртқы саясатының басты негіздері — құпия шарттардың жойылатындығы, барлық халықтардың ұлттық суверенитеті құрметтелетіндігі, буржуазиялық мемлекеттердің варварлық отаршылдық саясатынан бүтіндей қол үзілетіндігі жарияланды.

«Декларация» пролетариат диктатурасының негізгі міндеттерін — адамды адамның қанауын жоюды, қанаушы таптарды жоюды, социализм орнатуды адамзат тарихында тұңғыш рет практикалық тұрғыдан алға қойды. «Декларация» аса маңызды конституциялық акт деп танылып, 1918 жылы июльде Советтердің Бүкіл Россиялық V съезі қабылдаған РСФСР Конституциясына бірінші бөлім ретінде енгізілді.

Совет өкіметінің қалыптасуы, оның Россияны социалистік жолмен қайта құрудағы алғашқы қадамдары революция жауларының пролетариат диктатурасына қарсы, өрістеген социалистік құрылысқа қарсы жанталаса күресуі жағдайында өтті. Совет өкіметіне қарсы

күресте контрреволюция мүмкін болғанның бәрін де — көтеріліс пен бүлікті де, террор мен буржуазияшыл чиновниктердің саботажын да пайдаланды. Құлатылған қанаушы таптар азамат соғысын тұтандырды. Социалистік революция тек тап жауларының қарсылығы жанышталған жағдайда ғана жеңе алатын еді. Большевиктер азамат соғысын тұтандырды деп тағылған айыпты теріске шығара отырып, Ленин азамат соғысын Совет еліне буржуазия мен помещиктердің күштеп таңғанын талай рет атап көрсетті. «Үстем таптардың өкімет билігін өз еркімен бермейтіндігін ленинизм үйретіп келеді және тарихи тәжірибе растап келеді,— делінген КПСС Программасында.— Мұндай жағдайларда өшпенділік дәрежесі мен тап күресінің формалары пролетариатқа байланысты болудан гөрі халықтың басым көпшілігінің еркіне қарсы реакциялық топтардың қарсыласу күшіне, социализм жолындағы күрестің белгілі бір кезеңінде осы топтардың күш қолдануына көбірек байланысты болады».

Революцияның жаулары Совет өкіметін іштен ірітуге үлкен үміт артып, эсерлер мен меньшевиктерді де, сондай-ақ большевиктік партияның қатарындағы оппортунистік элементтерді де осы мақсатқа пайдаланды. Революцияның екінші күні басталған Керенский мен Красновтың антисоветтік бүлігі өршіп тұрған кезде, меньшевиктер мен оңшыл эсерлер партиялары Советтердің II съезі бекіткен үкімет құрамын өзгертуді және әр түрлі партиялар мен ұйымдардың өкілдерінен «біртектес социалистік үкімет» дейтінді құруды талап етті. Меньшевиктер мен эсерлердің бұл ұсынысын РСДРП(б) Орталық Комитеті мүшелерінің бір бөлегі — Л. Б. Каменев, Г. Е. Зиновьев, А. И. Рыков, В. П. Милютин, В. П. Ногин, сондай-ақ басшы совет қызметкерлерінің кейбіреулері — Ю. Ларин, И. А. Теодорович және басқалар қолдады. Бұл топ Советтердің II съезі құрған большевиктік үкіметті нағыз советтік үкімет деп санайтын партияның Орталық Комитетінің принципті, дәйекті бағытына қарсы шығып, оңшыл оппортунистік позиция ұстады. Партияның Орталық Комитетінің оңшыл оппозиционерлерге қойған ульти-

матумына олар Орталық Комитеттен және Халық Комиссарлары Советінен шығумен жауап берді.

В. И. Ленин партияның Орталық Комитеті қабылдаған документтерде — «Орталық Комитеттің ішіндегі оппозиция туралы мәселе жөнінде РСДРП(б) Орталық Комитетінің қарарында», «РСДРП(б) Орталық Комитеті көпшілігінің азшылыққа ультиматумында», «РСДРП(б) Орталық Комитетінен. Партияның барлық мүшелеріне және Россияның барлық еңбекші таптарына» үндеуде — революцияға саботаж жасаушылар мен дезертирлердің, большевизмнің негізгі принциптеріне опасыздық жасаушылардың басшы партия және совет қызметтерінен кетуі партияны және оған ерген бұқараның бірлігін шайқалта алмайды деп атап көрсетті. «Барлық еңбекшілер абыржымай, бекем болсын! — деп жазды Ленин.— Біздің партия, совет көпшілігінің партиясы олардың мүдделерін ынтымақпен және топтасқан түрде қорғап отыр, сөйтіп бейбітшіліктің жеңуін және социализмнің жеңуін қайткен күнде де жүзеге асыруға әзір миллиондаған жұмысшылар қалаларда, солдаттар окоптарда, шаруалар деревняларда біздің партиямызды бұрынғысынша жақтап отыр!» (82-бет).

Капитулянттар жауапты қызметтердің бәрінен алынып, революция ісіне берілген адамдармен ауыстырылды.

Оңшыл эсерлер мен меньшевиктер Советтердің II съезі бекіткен большевиктік үкімет құрамына қарсы шығып, бұқараның көз алдында өздерін буржуазияның итаршылары ретінде бұрынғыдан да бетер әшкереледі. Шаруалар алдындағы ықпалынан мүлдем айрылып қаламыз деп қорыққан солшыл эсерлер 1917 жылы ноябрьде большевиктермен келісім жасасып, Халық Комиссарлары Советінің құрамына енді. Бірақ бұдан былайғы оқиғалар көрсеткеніндей, бұл келісім уақытша келісім болып шықты. Кейінірек, 1918 жылы деревняда тап күресі күшейген кезде, солшыл эсерлердің едәуір бөлегі Совет өкіметіне белсене қарсы шығушылар лагеріне қосылып кетті.

Советтер өмір сүре бастаған алғашқы айларда кадеттер партиясы контрреволюцияның штабы болды. Ленин

жазған және 1917 жылы 28 ноябрьде (11 декабрьде) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қабылдаған декрет — революцияға қарсы азамат соғысының көсемдерін тұтқынға алу туралы Декрет бойынша кадеттер партиясы халық жауларының партиясы деп жарияланды. Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізу үшін контрреволюционерлер Құрылтай жиналысын пайдалануға тырысты. Осы томға еніп отырған бірсыпыра шығармалар — «Құрылтай жиналысы туралы тезистер», «Құрылтай жиналысын тарату туралы декреттің жобасы», «О дүниенің адамдары» және басқалар Құрылтай жиналысының шақырылуы мен таратылуына байланысты мәселелерге арналған.

Ұлы Октябрь революциясы құрған Совет республикасы нағыз халықтық демократияның мемлекеті болды, парламенттер мен құрылтай жиналыстарына сүйенген буржуазиялық демократия шеніне де келмейтін, демократияның анағұрлым жоғары формасы болды. Алайда пролетарлық революцияны жеңіспен аяқтаған большевиктік партия Құрылтай жиналысын шақырудан бас тартқан жоқ. Партия: «*біз үшін* күні озған нәрсені *тап үшін* күні озған нәрсе, *бұқара үшін* күні озған нәрсе деп *қарамау* керек» (Шығармалар, 31-том, 44-бет) деген лениндік нұсқауды басшылыққа алды. Құрылтай жиналысы ұраны бұқара үшін әлі ескірген жоқ еді.

Большевиктердің осы мәселе жөніндегі тактикасын түсіну үшін Ленин жазған және 1917 жылы 12(25) декабрьде Құрылтай жиналысындағы большевиктік фракцияның мәжілісінде талқыланған «Құрылтай жиналысы туралы тезистердің» зор маңызы бар. Бұл тезистерде Ленин Құрылтай жиналысын большевиктер партиясы буржуазиялық демократизмнің жоғары формасы деп білді және, кезінде осы жиналысты шақыруды талап ете отырып, кез келген буржуазиялық республикаға қарағанда Советтер Республикасы демократизмнің анағұрлым жоғары формасы болып табылатындығын 1917 жылғы революцияның ең басынан бастап талай рет атап көрсетті деп еске салады. Октябрь революциясының нәтижесінде елде саяси күш-

тердің жаңа арақатынасы қалыптасты және өкімет Советтердің қолына — Ленин «парламент атаулының қандайынан болса да, құрылтай жиналысы атаулының қандайынан болса да жоғары» (148-бет) деп көрсеткен басқару органдарының қолына көшті.

Құрылтай жиналысының ашылуы қарсаңында Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Ленин жазған «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» бекітті, онда социалистік мемлекеттіктің негіздері жарияланды.

Құрылтай жиналысы 1918 жылы 5(18) январьда ашылды. Партиялардың Октябрь революциясынан бұрын жасалған тізімдері бойынша Құрылтай жиналысының 1917 жылы ноябрьде, эсерлер партиясы жікке бөлінбей және солшыл эсерлер дербес партия болып қалыптаспай тұрған кезде өткен сайлауы, Лениннің атап көрсеткеніндей, «жалпы халықтың, әсіресе еңбекші бұқараның еркін дұрыс білдіру мүмкіншілігін» (173-бет) жоққа шығарды және оңшыл эсерлер партиясының көпшілік болуына жеткізді. Құрылтай жиналысы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекіткен «Декларацияны» талқылаудан бас тартты, сөйтіп Совет өкіметін мойындаудан бас тартты. Январьдың 6-нан 7-не (19-нан 20-на) қараған түні Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Құрылтай жиналысын тарату туралы Ленин жазған декретті қабылдады. Буржуазияның большевиктер демократияны бұзып отыр деген айыптауына жауап бере келіп, Ленин былай деп мәлімдеді: кадеттер мен калединшілдер Советтерге қарсы бастаған азамат соғысы шиеленіскеп саяси мәселелерді ресми-демократиялық жолмен шешу мүмкіндігінің қандайын болса да жоққа шығарып отыр және Құрылтай жиналысын тарату туралы мәселені ресми-заңдылық жағынан қарау әрекетінің қандайы болса да пролетариат ісіне опасыздық жасағандық болып табылады.

«Құрылтай жиналысы туралы тезистердің жоспарында» Ленин большевиктердің демократиялық мемлекет формаларын дамыту туралы мәселе жөніндегі програм-

малық қағидаларын аса қарапайым және айқын түрде былай деп тұжырымдады:

«Құрылтай жиналысына сүйенетін республика предпарламентке сүйенген республикадан жоғары.

Советтер республикасы Құрылтай жиналысына сүйенген республикадан жоғары.

Толық социализм республикасы Советтер республикасынан жоғары.

Коммунистік қоғам социалистік республикадан жоғары» (455-бет).

Совет өкіметі Құрылтай жиналысына Советтердің 1918 жылы 10—18 (23—31) январьда болып өткен III съезін қарсы қойды. Съезд партия мен үкіметтің Құрылтай жиналысына көзқарас жөніндегі саясатын мақұлдады және Ленин жазған «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» қабылдады. «Декларацияны» қабылдау арқылы съезд советтік құрылысты орнатуды баянды етті және советтік Конституцияның негізін қалады. Ленин жазған «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясында» жарияланған социалистік қайта құрылыстар программасы заңға айналды.

Ленин съезде Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама жасады және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйледі, оларда Совет өкіметінің социализм жолындағы алғашқы қадамдарын қорытындылады. Баяндамада Ленин Совет өкіметінің жеңіп шығу себептерін, оның контрреволюцияға қарсы күрестегі табыстарын сипаттады және пролетариат диктатурасынан басқа социализмге жеткізетін жол жоқ деп атап көрсетті. Социалистік шаруашылықты ұйымдастыру жөніндегі практикалық міндеттерді белгілей отырып, Ленин Россияда социалистік революцияның жеңіске жететіндігіне сенім білдірді. Сонымен бірге ол социализмнің түпкілікті жеңісі басқа елдердегі еңбекшілердің азаттық қозғалысының дамуымен тығыз байланысты деп атап көрсетті. Лениндік нұсқаулар жүзеге асты. Қазір, КПСС Программасында атап айтылғанындай, «социализм Советтер Елінде салтанат құрды, халықтық демократия елдерінде шешуші жеңістерге

жетіп, жүздеген миллион адамдардың практикалық ісіне, бүкіл дүние жүзі жұмысшы табының революциялық қозғалысының туына айналды».

Империалистік соғыс әлі тоқталмай отырған кезде жас Совет республикасының жағдайын толық баянды жағдай деп санауға болмайтын еді. Өзі өмір сүрген алғашқы күндерден бастап-ақ Совет үкіметі патша үкіметінің құпия шарттарын жариялап, бейбітшіліктің батыл да дәйекті жақтаушысы ретінде қимыл жасады. Антанта елдерінің бітім туралы келіс сөздерге қатысудан бас тартуына байланысты Совет үкіметі бітімге келу жөнінде Германиямен сепараттық келіс сөздер жүргізуге мәжбүр болды. 1917 жылы 2(15) декабрьде Бресте алдын ала жүргізілген келіс сөздердің нәтижесінде Германиямен уақытша бітім жасасылды. 9(22) декабрьде Брест бітім конференциясы ашылды. «...Соғысты созып келген және тонаушылық пен басып алушылықты құпия шарттар арқылы бүркемелеп келген сыртқы саясаттағы империалистік өтіріктің орнына,— деп жазды кейіннен Ленин,— бірнеше аптаның ішінде нағыз демократиялық бітімнің нағыз революциялық-демократиялық саясаты белгіленді... бұл саясат қазірдің өзінде-ақ уақытша бітім жасасу және біздің революцияның насихаттық күшін жүз есе арттыру сияқты практикалық ірі табысқа жеткізді» (203-бет).

Бітім үшін ең қиын, ең ауыр күрес 1918 жылы январьда — февральда өріс алды. Бұл күрес осы томға енгізілген, Лениннің партияның Орталық Комитетінің мәжілістерінде сөйлеген сөздері мен ол жазған: «Бітім туралы келіс сөздер программасының конспектісі», «Бақытсыз бітім туралы мәселенің тарихы жөнінде», «Радиограмма. Жұрттың бәріне. Әсіресе Брест-Литовскідегі бітім делегациясына» деген және басқа да документтер мен мақалаларда бейнеленді. Социалистік революцияны нығайтып, дамыта түсу үшін, ішкі және сыртқы контрреволюцияға қарсы төтеп берерліктей жауынгерлік қабілеті бар армия құру үшін тыныс алудың қажеттігі бітім жолында күресуді талап етті.

Осы кезеңде «солшыл коммунистер» тобы — партияның басшы қызметкерлері — Н. И. Бухарин, А. Ломов

(Г. И. Оппоков), Н. Осинский (В. В. Оболенский) және басқалар — «революциялық соғыс» ұранын ұсынып, бітім жасасуға қарсы шықты. Совет бітім делегациясын басқарған Троцкий Брест-Литовскіде: бітімге қол қоймаймыз, соғысты тоқтатамыз, армияны демобилизациялаймыз деп мәлімдеме жасау керек деп санады. Троцкийдің позициясы сияқты, «солшыл коммунистердің» позициясы да Россия жұмысшы табының күшіне сенбеушіліктен, елде социалистік революцияның жеңіп шығу мүмкіндігіне сенбеушіліктен туған еді және Октябрь революциясының жеңістерін соққыға душар еткендік еді. Солшыл революциялық жел сөзге еліккен бірсыпыра партия қызметкерлері де бітім жөніндегі келіс сөздерді тоқтатуды және Германияға революциялық соғыс жариялауды жақтады. Партия ішінде жағдай өте-мөте ауыр болды.

Тыныс алуға жету мақсатымен бітімнің ауыр шарттарын қабылдаудың қажеттігін партия кадрларына дәлелдеу үшін Лениннің орасан зор ұстамдылық пен табандылық көрсетуі керек болды. «Сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистерді» баяндап, 1918 жылғы 8(21) январьда Орталық Комитет мүшелері мен партия қызметкерлерінің жиналысында, Орталық Комитеттің 11(24) январьдағы, 19 январьдағы (1 февральдағы), 18 және 23 февральдағы мәжілістерінде сөйлеген, осы томға енгізіліп отырған сөздері бітім туралы мәселе жөніндегі күрестің Орталық Комитет ішінде және жалпы алғанда партия ішінде қаншалық дәрежеде шиеленіскендігін көрсетеді. «Солшыл коммунистер» мен Троцкийдің Совет республикасы үшін авантюристік және апатты тактикасын әшкерелеп, Ленин Совет республикасын аман сақтап қалу Россияның жұмысшы табы үшін де, халықаралық социалистік революцияны өрістету үшін де бәрінен де гөрі маңызды екендігін түсіндірді. Революциялық соғыс ұраны, деді ол, жалаң демонстрация, жел сөз, Совет елін империалистік соғысқа тартып, талқандауды көксеп отырған империалистердің отына май құйғандық.

Егер немістер ультиматум қойса, бітімге қол қою керек деген лениндік директиваны Троцкий орындамады, ол Совет елінің мүдделеріне сатқындық жасап, соғысты тоқтатамыз, бітімге қол қоймастан армияны демобилизациялаймыз деп Бресте мәлімдеме жасады. Троцкийдің мәлімдемесін пайдаланып, немістер 18 февральда бүкіл орыс-герман майданында шабуыл бастады. Орталық Комитеттің сол күні (кеште) болған мәжілісінде Ленин бітімге қол қоюды талап етіп, былай деді: «Енді күтіп отыруға мүмкіндік жоқ. Күтіп отыру — орыс революциясын қиратуға қолдан беру деген сөз... Енді аралық шешімнің болуы мүмкін емес» (358-бет).

Осы мәжілісте дереу бітім жасасуға келісетіндігіміз туралы герман үкіметіне хабарлансын деп көпшілік дауыспен шешім қабылданды.

Неміс басқыншыларына тойтарыс беру үшін Совет елінің барлық күші жұмылдырылды. Барлық жерде де революциялық армияның отрядтары жасақталып, майданға жөнеліп жатты. 1918 жылы 21 февральда Халық Комиссарлары Советі халыққа Ленин жазған «Социалистік Отанымызға қауіп төнді!» деген үндеу хатты жолдап, империалистік Германияға қарсы Советтер Республикасын қорғауға шақырды. Совет республикасы үшін осы бір қатерлі күндерде Ленин социалистік отанды қорғау туралы өзінің белгілі тезисін тұжырымдап, былай деді: «Біз енді, 1917 жылғы 25 октябрьден бастап — қорғампаздармыз, біз осы күннен бастап отан қорғауды жақтаймыз» (421-бет).

23 февральда Орталық Комитет бітім жасасу туралы совет ұсынысына герман үкіметінің жіберген жауабын талқылады. Немістердің қойған шарттары алғашқы ультиматумдағыдан да гөрі тым ауыр еді. Лениннің герман шарттарын дереу қабылдау керек деген ұсынысына «солшыл коммунистер»— М. С. Урицкий, А. Ломов (Г. И. Оппоков) және басқалар қарсы шықты. Троцкий Лениннің дәлелдері нанымды емес деп мәлімдеді. Бұған дейін Ленинді қолдап келген И. В. Сталин де осы бір шешуші сәтте ауытқушылық байқатты. Өзінің бірінші сөйлеген сөзінде Сталин герман шарттарына «қол қоймауға, бірақ бітім жөнінде

келіс сөздер бастай беруге болады» деп мәлімдеді. Сталин өзінің позициясын Ленин сынағаннан кейін, герман шарттарын дереу қабылдау керектігіне келісті. Лениннің немістер қойған бітім шарттарына қол қоюдың қажеттігі туралы ұсынысы көпшілік 7 дауыспен қабылданып, оған 4 адам қарсы болды, 4 адам қалыс қалды. Бұл шешімге жауап ретінде «солшыл коммунистер» жауапты партия және совет қызметтерінен кететіндіктерін мәлімдеді.

3 мартта бітімге қол қойылды. Партияның 6—8 мартта болған VII съезі Брест бітімін мақұлдаған шешім қабылдады, одан соң Брест шарты Советтердің Бүкілроссиялық Төтенше IV съезінде бекітілді.

«Солшыл коммунистер» партияға қарсы фракциялық күрес жолына түсті. Олар Ленинді және оның жақтастарын халықаралық империализмнің алдында тізе бүкті деп айыптады. «Солшыл коммунистер» басым болған Москва облыстық бюросы 24 февральда қабылдаған қарарында Орталық Комитетке сенбейтіндіктерін білдірді, халықаралық революцияның мүдделеріне бола Совет өкіметінен айрылу мүмкіндігінен де қашпау керек, өйткені бұл өкімет формальдылыққа айналып барадымыс деп санайтындығын мәлімдеді. Ленин бұл мәлімдемені «таңқаларлық және сұмдық нәрсе» деп атады. Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің 24 февральдағы мәжілісінде жасаған баяндамасында және «Революциялық жел сөз туралы», «Қотыр туралы», «Бітім бе әлде соғыс па?», «Бақытсыз бітім», «Ауыр болса да, қажетті сабақ», «Таңқаларлық және сұмдық нәрсе», «Елеулі сабақ және елеулі жауапкершілік» деген мақалаларында Ленин «солшыл коммунистердің» көзқарастарын қатаң сынға алды. Ол бұл көзқарастарды «мағынасыз сөзуарлық», «революциялық жел сөз қотыры» деп сипаттады, «революциялық соғыс туралы революциялық жел сөзге» соғыс жариялауға шақырды.

«Солшыл коммунистердің» кейбіреулері — Н. Осинский (В. В. Оболенский), И. Н. Стуков — социалистік мемлекеттердің империалистік мемлекеттермен бітім және экономикалық шарттар жасасу мүмкіндігін принцип жағынан теріске шығаруға дейін барды. «Бұл

сияқты көзқарастардың тұрғысынан қарасақ,— деп жазды Ленин,— империалистік державалардың арасында социалистік республика ешқандай экономикалық шарт жасаса алмаған болар еді, айға ұшып кетпейінше өмір сүре алмаған болар еді» (429-бет).

Ленин соғыс арқылы халықаралық революцияға «итермелеу» теориясына мүлде қарсы шықты және социалистік революция дегеніміз таптық қайшылықтардың объективті дамуының нәтижесі екенін көрсетті. Революцияға «итермелеу» теориясы, деп жазды Ленин, марксизмнен бүтіндей қол үзгендік, ол теория «қарулы көтеріліс күрестің барлық уақыттағы және барлық жағдайлардағы міндетті түрі деген көзқараспен барабар болар еді. Іс жүзінде халықаралық революцияның мүдделері елдегі буржуазияны құлатқан Совет өкіметінің бұл революцияға *көмектесуін*, бірақ көмек *формасын* өзінің күшіне қарай таңдайтын болуын талап етеді» (429-бет).

Лениндік осы қағидаға толық сәйкес КПСС Программасында былай деп жазылған: «Дүние жүзілік социалистік революцияның бір бөлегі болып табылатын әрбір елдегі пролетарлық революцияны сол елдің жұмысшы табы, халық бұқарасы жүзеге асырады. Революция заказбен жасалмайды. Оны халыққа сырттан таңуға болмайды. Революция капитализмнің ішкі және халықаралық терең қайшылықтары нәтижесінде пайда болады. Жеңіп шыққан пролетариат басқа елдің халқына ешқандай бақытты күшпен әпере алмайды, өйткені бұл оның өз жеңісін әлсіретер еді».

Лениннің Брест бітімін жасасуға байланысты мақалалары революциялық партияның тактикасын белгілеген кезде абстракт қағидаларды емес, революциялық мақсатқа сай келушілікті басшылыққа алудың, объективті жағдайларды, таптық күштердің арақатынасын, бұқараның пиғылын есепке алудың қажеттігі туралы маркстік қағиданы революциялық практикада қолдана білудің үлгісі болып табылады. «...Абстракт ақиқатты *кез келген* нақты жағдайға қолданатын болсақ,— деп жазды В. И. Ленин,— онда абстракт ақиқаттың қайсысы болса да жел сөзге айналады» (422—423-беттер).

Кейінірек, маркстік стратегия мен тактиканы талдап жасауға арналған өзінің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген еңбегінде және басқа бірқатар еңбектерінде Ленин империалистермен компромиске келуге мәжбүр болу мүмкіндігі туралы айтқан кезде, Брест бітімі туралы мәселеге әлденеше рет қайтып оралып отырды. «Бұл шынында да империалистермен компромисс жасау болды,— деп жазды ол,— бірақ амалсыз жағдайда жасалған *міндетті түрдегі* компромисс болды» (Шығармалар, 31-том, 21-бет).

Лениннің данышпандық саясатының дұрыстығын тарих толық растады. Тыныс алу арқылы Совет мемлекеті орнығып, нығая түсті, халықаралық империализмге тойтарыс беру үшін күш жинады. Герман империалистерінің басқыншылық жоспары күйреді. Германияда 1918 жылы ноябрьде болған революция Совет үкіметіне Брест шартын жоюға мүмкіндік берді.

Томда В. И. Ленин Шығармаларына тұңғыш рет енгізілген бірсыпыра документтер басылып отыр. Олардың көпшілігі Лениннің жинақтарында, мерзімді совет және партия баспасөзінде бұрын жарияланған.

«Экономикалық саясат мәселелері» деген заметкаларда және «Экономикалық шаралар программасының нобайында» Совет өкіметінің алғашқы айларындағы оның аса маңызды экономикалық міндеттері белгіленген. Халық Комиссарлары Советінің 1917 жылғы 3(16) ноябрьдегі мәжілісінде сөйленген сөз Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің келісімпаздық саясатына қарсы бағытталған. «Демонстрация ұрандары жөнінде» деген заметкада партияның Құрылтай жиналысы шақырылар қарсаңындағы ұрандары тұжырымдалған.

Дәлелсіз айыптаулар үшін жауаптылық туралы және С. А. Лозовскийді партиядан шығару туралы РСДРП(б) Орталық Комитеті қарарларының жобаларында большевиктік принциптілікке, партия қатары-

ның тазалығы жолындағы күреске байланысты маңызды қағидалар баяндалған.

Бірсыпыра документтер партияның Брест бітімін жасасу жолындағы күресімен байланысты. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі большевиктер фракциясы мен солшыл эсерлер фракциясының 1918 жылғы 19 февральдағы біріккен мәжілісінде сөйленген сөз, 1918 жылы 20 февральда латыш атқыштары алдында сөйленген сөз, Петроград комитетінің атқару комиссиясы мен партияның аудандық комитеттеріне жіберілген телефонограмма, В. Н. Подбельскийге тікелей провод арқылы берілген записка және Халық Комиссарлары Советінің герман бітім шарттарын қабылдау туралы қаулысы осы документтердің қатарына қосылады.

Шығармаларға тұңғыш рет енгізілген документтердің едәуір бөлегі — Халық Комиссарлары Советі қаулыларының және Совет өкіметі декреттерінің жобалары. Олардың ішіндегі ең маңызды документ — Құрылтай жиналысын тарату туралы декрет жобасының тезистері, ол тезистер Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде қабылданып, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің осы мәселе жөніндегі декретінің негізіне алынды. Совет заңдарында Құрылтай жиналысына сілтеме жасауды жою туралы декреттің жобасы да Құрылтай жиналысының таратылуымен байланысты документ. Бірсыпыра документтер — әскери заводтарды шаруашылыққа пайдалы жұмыстарға көшіру туралы қаулылардың екі жобасы, жоғары қызметшілер мен чиновниктердің окладтары туралы, жоғары қызметтегі адамдарға ақы төлеу нормасы туралы, жалақы туралы, практиктер комиссиясын ұйымдастыру туралы, азық-түлік жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар туралы қаулылардың жобалары, саботажшыларды қызметке алу туралы Халық Комиссарлары Советінің қаулысы, үйлерді конфискелеу туралы заңның тезистері, Александро-Грушевск ауданы жұмысшылары делегациясының сұрақтарына жауаптар — Совет өкіметінің экономикалық және мемлекеттік құрылыс саласындағы жасампаздық қызметін бейнелейді. Кале-

дингө қарсы күресу туралы Халық Комиссарлары Советінің қаулысы және осы қаулыға қосымша Халық Комиссарлары Советінің ақ гвардиялық контрреволюцияға қарсы күресу жөніндегі қызметін сипаттайды.

В. И. Лениннің Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 4 марттағы мәжілісінде сөйлеген, тұңғыш рет жарияланып отырған сөздері зор назар аударарлық. Ол сөздерде Халық Комиссарлары Советінің Совет мемлекетін орнату жөніндегі, социалистік экономиканың негіздерін қалау жөніндегі жұмысына В. И. Лениннің басшылық ету әдістері ашып көрсетілген. Әсіресе Совет республикасының су транспортын басқару туралы мәселе жөнінде сөйленген сөз маңызды документ болып табылады, бұл сөз су транспорты қызметкерлері кәсіптік одағының Орталық комитетінің анархо-синдикалистік тенденцияларына қарсы бағытталған. Сөйленген сөздердің бәрі де Халық Комиссарлары Советі мәжілістерінің КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы стенограммалары бойынша басылып отыр.

«Правдада» және «Известия ЦИК-те» 1917 жылы декабрьде қол қойылмай жарияланған «Плеханов террор туралы» деген мақала Шығармаларға Лениннің мақаласы ретінде бірінші рет енгізіліп отыр.

«Дайындық материалдар» бөліміне бес документ еніп отыр, олар: «Шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық Төтенше съезінде аграрлық мәселе жөнінде 1917 ж. 14(27) ноябрьде сөйленетін сөздің жоспары» (тұңғыш рет жарияланып отыр), «Партияның міндеттері туралы тезистер + ағымдағы кезең», «Құрылтай жиналысы туралы тезистердің жоспары», «Банктерді национализациялауды жүзеге асыру туралы және осыған байланысты қажетті шаралар туралы декреттің жобасының» нобайы мен тезистері. Бұл документтер шығармаларға тұңғыш рет енгізіліп отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН
1918

РОССИЯ АЗАМАТТАРЫНА![1]

Уақытша үкімет құлатылды. Мемлекеттік өкімет жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің органы — Петроград пролетариаты мен гарнизонын бастап отырған Әскери-революциялық комитеттің қолына көшті[2].

Халық мақсат етіп күрескен іс: дереу демократиялық бітім ұсыну, жерге помещиктік меншікті жою, өндіріске жұмысшы бақылауын қою, Совет үкіметін құру,— міне, бұл іс қамтамасыз етілді.

Жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың революциясы жасасын!

Жұмысшы және солдат депутаттары
Петроград Советінің жанындағы
Әскери-революциялық комитет

25 октябрь, 1917 ж., таңертеңгі сағат 10.

«Рабочий и Солдат» № 8,
25 октябрь (7 ноябрь), 1917 ж.

«Рабочий и Солдат» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ СОЛДАТ ДЕПУТАТТАРЫ ПЕТРОГРАД СОВЕТІНІҢ 1917 ж. 25 ОКТЯБРЬДЕГІ (7 НОЯБРЬДЕГІ) МӘЖІЛІСІ[3]

1

СОВЕТТЕР ӨКІМЕТІНІҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Жолдастар! Қажеттігін большевиктер әрқашан айтып келген жұмысшы және шаруа революциясы жасалды.

Бұл жұмысшы және шаруа революциясының маңызы қандай? Ең алдымен, бұл төңкерістің маңызы мынада: бізде Совет үкіметі, буржуазияның ешқандай қатысуынсыз өзіміздің дербес өкімет органымыз болады. Өкіметті езілген бұқараның өзі құрады. Ескі мемлекеттік аппарат түп-тамырымен қиратылып, жаңа басқару аппараты — совет ұйымдары құрылады.

Осыдан былай Россияның тарихында жаңа кезең басталады, және бұл, үшінші орыс революциясы сайып келгенде социализмнің жеңісіне жеткізуге тиіс.

Біздің кезектегі міндеттеріміздің бірі соғысты дереу тоқтату қажеттігі болып табылады. Ал қазіргі капиталистік құрылыспен тығыз байланысты болып отырған бұл соғысты тоқтату үшін,— бұл үшін капиталдың өзін жеңу керек екені жұрттың бәріне айқын.

Бұл істе бізге Италияда, Англияда және Германияда қазірдің өзінде-ақ өрістей бастаған бүкіл дүние жүзілік жұмысшы қозғалысы көмектеседі.

Халықаралық демократияға біз ұсынып отырған әділетті, дереу бітімді халықаралық пролетарлық бұқара барлық жерде бірдей қызу қолдайтын болады. Пролетариаттың бұл сенімін нығайту үшін барлық құпия шарттарды дереу жариялау керек[4].

Россияның өз ішіндегі шаруалардың орасан зор бөлегі: капиталистерге тәлкек болуымыз жетеді,— біз жұмысшылармен бірге боламыз, деді. Біз помещиктік меншікті жоятын декреттің өзімен ғана шаруалар сенімінс ие боламыз. Шаруалардың аман қалу жолы тек жұмысшылармен одақтасуда екендігін шаруалар түсінетін болады. Біз өндіріске нағыз жұмысшы бақылауын орнатамыз.

Қазір біз бірлесіп жұмыс істеуді үйрендік. Мұны жаңа ғана болып өткен революция дәлелдеп отыр. Бізде бәрін жеңерлік және пролетариатты дүние жүзілік революцияға жеткізерлік күш бар, ол бұқаралық ұйымның күші.

Россияда біз қазір пролетарлық социалистік мемлекет құрумен шұғылдануға тиіспіз.

Бүкіл дүние жүзілік социалистік революция жасасын! (*Д у қ о л ш а п а л а қ т а у*.)

2

ҚАРАР

Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советі Петроград пролетариаты мен гарнизонының жеңімпаз революциясын құттықтайды. Сондайлық қан төгіссіз және сондайлық сәтті болған бұл көтерілістегі бұқараның топтасқандығын, ұйымшылдығын, тәртіптілігін, толық бірауыздылығын Совет ерекше баса көрсетеді.

Революцияның жұмысшы және шаруа үкіметін Совет үкіметі ретінде құратындығына және ол ең кедей шаруалардың бүкіл бұқарасы тарапынан қала пролетариатына қолдау жасалуын қамтамасыз ететіндігіне, бұл үкіметтің елді бұрын-соңды болып көрмеген соғыс апаттары мен сұмдықтарынан құтқарудың бірден-бір жолы — социализмге қарай берік қадам басатындығына Совет қалтқысыз сенім білдіреді.

Жаңа жұмысшы және шаруа үкіметі барлық соғысып жатқан халықтарға дереу әділетті демократиялық бітім ұсынады.

Бұл үкімет жерге помещиктік меншікті дереу жойып, жерді шаруаларға береді. Ол өндіріске және өнімдерді бөлуге жұмысшы бақылауын жасайды және банктерге жалпы халықтық бақылау орнатып, сонымен бірге оларды мемлекеттік біртұтас кәсіпорынға айналдырады.

Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советі барлық жұмысшылар мен барлық шаруаларды жұмысшы және шаруа революциясын барынша жігер салып, жан-тәнімен қолдауға шақырады. Совет қала

жұмысшыларының, ең кедей шаруалармен одақтаса отырып, берік жолдастық тәртіптілік корсететіндігіне, социализмнің жеңісі үшін қажетті өте қатаң революциялық тәртіп орнататындығына сенім білдіреді.

Совет социализм ісін толық және баянды жеңіске жеткізуде бізге батыс европалық елдердің пролетариаты көмектеседі деп сенеді.

«Известия ЦИК» № 207, 26 октябрь, 1917 ж.

«Известия ЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ СОЛДАТ ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ЕКІНШІ СЪЕЗІ[5]

25—26 октябрь (7—8 ноябрь), 1917 ж.

«Жұмысшыларға, солдаттарға және шаруаларға!» деген үндеу хат 1917 ж. 26 октябрьде (8 ноябрьде) «Рабочий и Солдат» газетінің 9-номерінде; бітім туралы және жер туралы баяндамалар, бітім туралы баяндама бойынша қорытынды сөз 1917 ж. 10 ноябрьде (28 октябрьде) «Правда» газетінің 171-номерінде және «Известия ЦИК» газетінің 209-номерінде; Бітім туралы декрет 1917 ж. 9 ноябрьде (27 октябрьде) «Правда» газетінің 170-номерінде және «Известия ЦИК» газетінің 208-номерінде; Жер туралы декрет 1917 ж. 10 ноябрьде (28 октябрьде) «Правда» газетінің 171-номерінде және «Известия ЦИК» газетінің 209-номерінде; жұмысшы және шаруа үкіметін құру туралы қаулы 1917 ж. 27 октябрьде (9 ноябрьде) «Рабочий и Солдат» газетінің 10-номерінде басылған

Үндеу хат пен қаулы — «Рабочий и Солдат» газетінің тексті бойынша; бітім туралы және жер туралы баяндамалар, бітім туралы баяндама бойынша қорытынды сөз — «Правда» газетінің тексті бойынша; бітім туралы және жер туралы декреттер — «Известия ЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕЖЕДНЕВНАЯ ВЕЧЕРНЯЯ ГАЗЕТА

РАБОЧІЙ и СОЛДАТЪ

Органъ Петроградскаго Совѣта Рабочихъ и Солдатскихъ Депутатовъ.

Цѣна въ Петроградѣ 15 к. На ж. д. ст. 20 к.

№ 9. Четвергъ, 26 Октября (8 ноября нов. ст.) 1917 года. № 9.

Адресъ конторы и редакціи: Смольный Институтъ, 3-й этажъ, комната № 30 (Тел. 110-30, 108-45, 06-60, склад. въ бок. № 30)

РАБОЧИМЪ, СОЛДАТАМЪ и КРЕСТЬЯНАМЪ!

Второй Всероссійскій Съѣздъ Совѣтовъ Рабочихъ и Солдатскихъ Депутатовъ открылся. На немъ представлено громадное большинство Совѣтовъ. На съѣздѣ присутствуетъ и рядъ делегатовъ отъ крестьянскихъ Совѣтовъ. Полномочія соглашательскаго Ц. И. К. окончились. Опираясь на волю громаднаго большинства рабочихъ, солдатъ и крестьянъ, опираясь на совершившееся въ Петроградѣ побѣдоносное возстаніе рабочихъ и гарнизона, Съѣздъ беретъ власть въ свои руки.

Временное Правительство низложено. Большинство членовъ Временного Правительства уже арестовано.

Совѣтская власть предложитъ немедленный демократическій миръ всѣмъ народамъ и немедленное перемиріе на всѣхъ фронтахъ. Она обезпечиваетъ безвозмездную передачу помѣщичьихъ, удѣльныхъ и монастырскихъ земель въ распоряженіе крестьянскихъ комитетовъ, отстоитъ права солдата, проведя полную демократизацію арміи, установитъ рабочій контроль надъ производствомъ, обезпечитъ своевременный созывъ Учредительнаго Собранія, озаботится доставкой хлѣба въ города и предметовъ первой необходимости въ деревню, обезпечитъ всѣмъ націямъ, населяющимъ Россію, подлинное право на самоопредѣленіе.

Съѣздъ постановляетъ: вся власть на мѣстахъ переходитъ къ Совѣтамъ Рабочихъ, Солдатскихъ и Крестьянскихъ депутатовъ, которые и должны обезпечить подлинный революціонный порядокъ.

Съѣздъ призываетъ солдатъ въ окопахъ къ бдительности и стойкости. Съѣздъ Совѣтовъ увѣренъ, что революціонная армія сумѣетъ защитить революцію отъ всякихъ посягательствъ имперіализма, пока новое правительство не добьется заключенія демократическаго мира, который оно непосредственно предложитъ всѣмъ народамъ. Новое Правительство приметъ всѣ мѣры къ тому, чтобы обезпечить революціонную армію всѣмъ необходимымъ, путемъ рѣшительной политики реквизицій и обложенія имущихъ классовъ, а также улучшитъ положеніе солдатскихъ семей.

Корниловцы — Керенскій, Каледин и др. дѣлаютъ попытки вести войска на Петроградъ. Нѣсколько отрядовъ, обманнымъ путемъ двинутыхъ Керенскимъ, перешли на сторону возставшаго народа.

Солдаты, окажите активное противодѣйствіе корниловцу Керенскому! Будьте на сторожѣ!

Желѣзнодорожники, останавливайте всѣ эшалоны, посылаемые Керенскимъ на Петроградъ!

Солдаты, рабочіе, служащіе,—въ вашихъ рукахъ судьба революціи и судьба демократическаго мира!

ДА ЗДРАВСТВУЕТЪ РЕВОЛЮЦІЯ!

Всероссійскій Съѣздъ Совѣтовъ
Рабочихъ и Солдатскихъ Депутатовъ.
Делегаты отъ Крестьянскихъ Совѣтовъ.

«Рабочий и Солдат» газетінің 1917 ж. 26 октябрьдегі (8 ноябрьдегі) 9-номерінің В. И. Ленин жазған «Жұмысшыларға, солдаттарға және шаруаларға!» деген үндеу хат басылған бірінші беті

Кішірейтілген

1

ЖҰМЫСШЫЛАРҒА, СОЛДАТТАРҒА ЖӘНЕ ШАРУАЛАРҒА!

Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Екінші съезі ашылды. Оған Советтердің орасан басым көпшілігінің өкілдері келді. Съезде шаруа Советтерінен де бірқатар делегаттар қатысып отыр. Келісімпаз Орталық Атқару Комитетінің уәкілдігі бітті[6]. Жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың орасан басым көпшілігінің еркіне сүйене отырып, жұмысшылар мен гарнизонның Петроградтағы жеңімпаз көтерілісіне сүйене отырып, съезд өкіметті өз қолына алады.

Уақытша үкімет құлатылды. Уақытша үкімет мүшелерінің көпшілігі қазірдің өзінде қамауға алынды.

Совет өкіметі барлық халықтарға дереу демократиялық бітім жасасуды және барлық майдандарда дереу уақытша бітім жасауды ұсынады. Ол помещиктік, удельдік, монастырьлық жерлердің шаруа комитеттерінің қарамағына тегін берілуін қамтамасыз етеді, армияны толық демократияландыру ісін жүргізе отырып, солдаттың праволарын қорғайды, өндіріске жұмысшы бақылауын орнатады, Құрылтай жиналысының дер кезінде шақырылуын қамтамасыз етеді, қалаларға астықтың, деревняларға ең керекті заттардың жеткізілуіне қамқорлық жасайды, Россияны мекендеуші барлық ұлттардың өзін өзі билеуіне шын мәнінде право берілуін қамтамасыз етеді.

Съезд қаулы етеді: жергілікті жерлерде бүкіл өкімет жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Совет-

теріне көшеді, сондықтан да Советтер нағыз революциялық тәртіпті қамтамасыз етуге тиіс.

Съезд окоптардағы солдаттарды қырағылыққа және табандылыққа шақырады. Жаңа үкімет барлық халықтарға тікелей демократиялық бітім ұсынады, сол демократиялық бітім жасасқанға дейін революцияны империализмнің қандай да болса қол сұғуынан революциялық армия қорғай алатынына Советтер съезі сенеді. Жаңа үкімет дәулетті таптарды реквизициялау және оларға салық салу саясатын батыл жүргізу жолымен революциялық армияны керекті нәрсенің бәрімен қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданады, сонымен қатар солдат семьяларының жағдайын жақсартады.

Корниловшылдар — Керенский, Каледин және басқалары — Петроградқа әскер төгуге әрекет істеуде. Керенскийдің алдауына еріп аттанған бірнеше отряд көтеріліс жасаушы халықтың жағына шықты.

Солдаттар, корниловшыл Керенскийге белсене қарсылық көрсетіңдер! Сақ болыңдар!

Теміржолшылар, Петроградқа Керенский жіберетін эшелондардың бәрін тоқтатып тастаңдар!

Солдаттар, жұмысшылар, қызметшілер,— революцияның тағдыры және демократиялық бітімнің тағдыры өз қолдарыңда!

Революция жасасын!

Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық съезі

Шаруа Советтерінің делегаттары

1917 ж. 25 октябрьде (7 ноябрьде) жазылған

2

БІТІМ ТУРАЛЫ 26 ОКТЯБРЬДЕГІ (8 НОЯБРЬДЕГІ) БАЯНДАМА

Бітім туралы мәселе — қазіргі заманның көкейтесті мәселесі, қиын мәселе. Ол туралы көп айтылды, көп жазылды, тіпті сіздердің бәріңіз де, сірә, оны талай талқылаған боларсыздар. Сондықтан өздеріңіз сайлаған үкімет басып шығаруға тиісті декларацияны оқып беруіме рұқсат етіңіздер.

БІТІМ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ

24—25 октябрьдегі революция құрған, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтеріне сүйеніп отырған жұмысшы және шаруа үкіметі барлық соғысып жатқан халықтар мен олардың үкіметтеріне әділетті демократиялық бітім туралы дереу келіс создер бастауды ұсынады.

Барлық соғысып жатқан елдердің[7] соғыста арыпашқан, азап шеккен және қайғы-қасірет тартқан жұмысшылары мен еңбекші таптарының басым көпшілігі аңсап отырған әділетті немесе демократиялық бітім деп,— патшалық монархияны құлатқаннан кейін орыс жұмысшылары мен шаруалары мейлінше нақты және мейлінше табанды түрде талап еткен бітім деп,— міне, мұндай бітім деп үкімет аннексиясыз (яғни бөтеннің жерін басып алмай, бөтен халықтарды күштеп қосып алмай) және контрибуциясыз дереу жасалатын бітімді атайды.

Россияның үкіметі барлық соғысып жатқан халықтарға дереу осындай бітім жасасуды ұсынады, сөйтіп

барлық елдер мен барлық ұлттардың халық өкілдерінің уәкілетті жиналыстары мұндай бітімнің барлық шарттарын біржолата бекіткенге дейін қазірден-ақ барлық батыл шараларды ешбір кешіктірмей істеуге әзір екенін білдіреді.

Үкімет жалпы алғанда демократияның және әсіресе еңбекші таптардың праволық сапасына сәйкес, шағын немесе әлсіз халықтың дәл, айқын және ықтиярлы түрде білдірілген ризалығы мен тілегінсіз оны үлкен немесе күшті мемлекетке қосып жіберу атаулының бәрін аннексия немесе бөтеннің жерін басып алу деп түсінеді; мұның өзі күштеп қосудың қашан жасалғандығына байланысты емес, сондай-ақ күштеп қосылатын немесе белгілі бір мемлекеттің шеңберінде күштеп ұсталатын ұлттың қаншалықты дамыған немесе артта қалған ұлт екендігіне де байланысты емес. Ақырында, бұл ұлттың Европада немесе мұхиттың арғы бетіндегі алыс елдерде тұратындығына да байланысты емес.

Егер қандай да болса ұлт белгілі бір мемлекеттің шеңберінде күштеп ұсталып отырған болса, егер оған оның өзі тарапынан білдірілген тілекке қарамастан,— бұл тілек баспасөз, халық жиналыстары, партиялардың шешімдері немесе ұлттық езушілікке қарсы наразылықтар мен көтерілістер арқылы білдіріле ме, бәрі бір,— бұл ұлттың мемлекеттік өмір сүру формалары туралы мәселені қосып алушы ұлттың немесе жалпы алғанда анағұрлым күшті ұлттың әскерлерін түгел әкеткен жағдайда еркін дауыс беру жолымен ешбір зорлықсыз шешуіне право берілмесе, онда оны қосып алу аннексия, яғни басып алу, зорлық жасау болып табылады.

Күшті және бай ұлттар басып алған әлсіз халықтарды сол ұлттардың өз арасында қалай бөлісу керектігіне бола осы соғысты жүргізе беруді үкімет адамзатқа қарсы аса зор қылмыс деп санайды және жоғарыда көрсетілген, сондай-ақ барлық халықтарға түгел бірдей әділетті шарттар негізінде осы соғысты тоқтататын бітім шарттарына дереу қол қоюға өзінің бел байлап отырғандығын салтанатпен мәлімдейді.

Мұнымен бірге үкімет мынаны мәлімдейді: ол жоғарыда көрсетілген бітім шарттарын эсте ультиматумдық шарттар деп есептемейді, яғни бітім жөніндегі басқа қандай шарттарды болса да қарауға келіседі, тек бұл бітім шарттарын соғысып жатқан қай елдің болса да мүмкіндігінше тез ұсынуын және мейлінше толық айқындық болуын, бітім шарттарын ұсынғанда екіұштылық атаулының және құпия атаулының эсте болмауын ғана талап етеді.

Үкімет келіс сөздердің бәрін бүкіл халықтың алдында мейлінше ашық жүргізуге өз тарапынан кәміл ниет білдіре отырып, 1917 жылдың февралынан 25 октябрінє дейін помещиктер мен капиталистер үкіметі қуаттаған немесе жасасқан құпия шарттарды түгелдей жариялауға дереу кірісе отырып, құпия дипломатияны жояды. Бұл құпия шарттардың бүкіл мазмұны, көпшілік реттерде бұрын болып келгеніндей, орыс помещиктері мен капиталистеріне олжа түсіріп, пұрсаттылықтар беруге, великоростардың аннексиясын сақтап қалуға немесе ұлғайтуға бағытталғандықтан, үкімет оны сөзсіз және дереу жойылған деп жариялайды.

Барлық елдердің үкіметтері мен халықтарына бітім жасасу туралы дереу ашық келіс сөздер бастауға ұсыныс жасай отырып, үкімет өз тарапынан бұл келіс сөздерді хат алысу арқылы да, телеграф бойынша да, сондай-ақ әр түрлі елдер өкілдерінің арасындағы келіс сөздер арқылы да немесе осындай өкілдер конференциясында да жүргізуге әзір екенін білдіреді. Мұндай келіс сөздер жүргізуді оңайлату үшін үкімет бейтарап елдерге өзінің уәкілетті өкілін тағайындайды.

Үкімет барлық соғысып жатқан елдердің барлық үкіметтері мен халықтарына дереу уақытша бітім жасасуды ұсынады; оның үстіне өз тарапынан бұл уақытша бітімді кемінде 3 айға жасасу керек, яғни соғысқа тартылған немесе оған қатысуға мәжбүр болған барлық халықтардың немесе ұлттардың түгелдей бәрінің өкілдерінің қатысуымен бітім туралы келіс сөздерді аяқтауға да, сондай-ақ бітім шарттарын түпкілікті бекіту үшін барлық елдердің халық өкілдерінің уәкілетті жи-

налыстарын шақыруға да толық мүмкіндік беретіндей мерзімге жасасу керек деп санайды.

Барлық соғысып жатқан елдердің үкіметтері мен халықтарына осы бітімді ұсына отырып, Россияның уақытша жұмысшы және шаруа үкіметі әсіресе адамзаттың ең алдыңғы қатарлы үш ұлтының, осы соғысқа қатысушы ең ірі үш мемлекеттің: Англияның, Францияның және Германияның сапалы жұмысшыларына да сөз арнайды. Англиядағы чартистік қозғалыстың[8] ұлы үлгілері, француз пролетариаты жасаған бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар бірқатар революциялар арқылы да, ақырында, Германиядағы ерекше заңға[9] қарсы ерлік күреспен Германияда бүкіл дүние жүзі жұмысшыларына өнеге боларлық бұқаралық пролетарлық ұйымдар құру жөніндегі ұзақ, қажырлы шыңдалған жұмыс арқылы да бұл елдердің жұмысшылары прогресс пен социализм ісіне өте зор еңбек сіңірді. Пролетарлық қаһармандық пен тарихи жасампаздықтың бұл үлгілерінің бәрі осы аталған елдердің жұмысшылары адамзатты соғыстың сұмдықтары мен оның зардаптарынан құтқаруда қазір өздеріне жүктеліп отырған міндеттерді түсінетіндігінің, бұл жұмысшылар өздерінің жан-жақты, батыл және жанқиярлық қажырлы қызметімен бізге бейбітшілік ісін, сонымен қатар халықтың еңбекші және қаналушы бұқарасын құлдық атаулыдан және қанау атаулыдан азат ету ісін ақырына дейін ойдағыдай жеткізуімізге көмектесетіндігінің айғағы болады.

24—25 октябрьдегі революция құрған, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтеріне сүйеніп отырған жұмысшы және шаруа үкіметі бітім туралы келіс сөздерді дереу бастауға тиіс. Біздің үндеуіміз үкіметтерге де, халықтарға да арналған болуы тиіс. Біз үкіметтерді елеусіз қалдыра алмаймыз, өйткені онда бітім жасасу мүмкіндігі ұзаққа созылады, ал халықтық үкімет бұлай істей алмайды, бірақ сонымен қабат халықтарға да жүгінбеске біздің ешқандай правомыз

жоқ. Барлық жерде үкіметтер мен халықтардың арасында пікір алалығы бар, сондықтан да біз соғыс пен бітім мәселелеріне халықтардың араласуына көмектесуіміз керек. Біз, әрине, аннексиясыз, контрибуциясыз бітім жасасу жөніндегі бүкіл программамызды барынша қорғайтын боламыз. Біз бұл программадан шегінбейміз, бірақ біз өз жауларымызды: біздің шарттарымыз басқаша еді, сондықтан да сіздермен келіс сөздер бастаудың керегі жоқ деп айту мүмкіндігінен айрылатын етуіміз керек. Жоқ, біз оларды бұл ұтымды жағдайдан айыруымыз керек, сол үшін де шарттарымызды ультиматумды түрде қоймауымыз керек. Біз бітім шарттарының қандайын болса да, барлық ұсыныстарды да қараймыз деген қағида осы себептен енгізіліп отыр. Қараймыз деу әлі қабылдаймыз деген сөз емес. Біз ол ұсыныстарды Құрылтай жиналысының талқылауына саламыз, ал ол неге көнуге болатындығын, неменеге көнуге болмайтындығын тұжырымды түрде шешетін болады. Біз бірі қалмастан бітім туралы, әділеттілік туралы сөз жүзінде айтып, ал іс жүзінде басқыншы тонаушылық соғыстар жүргізіп жатқан үкіметтердің көз бояушылығына қарсы күресеміз. Бірде-бір үкімет ойындағысының бәрін түгел айта бермейді. Ал біз құпия дипломатияға қарсымыз және бүкіл халықтың алдында ашық қимыл жасайтын боламыз. Біз қиыншылықтардан қашпаймыз және қашқан да емеспіз. Соғысты одан бас тарту арқылы тоқтатуға болмайды, соғысты бір жақты тоқтатуға болмайды. Біз үш айға уақытша бітім жасасуды ұсынамыз, бірақ азап шеккен армия тым болмаса азғана уақыт еркін тыныс ала алатын болуы үшін бұдан гөрі қысқа мерзімді қабылдауға да қарсы емеспіз, және, оның үстіне, шарттарды талқылау үшін барлық мәдениетті елдерде халық жиналыстарын шақыру керек.

Дереу уақытша бітім жасасуды ұсына отырып, біз пролетарлық қозғалысты дамыту үшін көп жұмыс істеген елдердің саналы жұмысшыларына сөз арнап отырмыз. Біз чартистік қозғалыс болған Англияның жұмысшыларына да, өздерінің таптық саналылығының бүкіл күшін көтерілістерде талай рет көрсеткен Франция

жұмысшыларына да, социалистер туралы заңға қарсы күресті басыпан кешірген және мықты ұйымдар құрған Германия жұмысшыларына да сөз арнап отырмыз.

14 марттағы манифесте біз банкирлерді құлатуды[10] ұсындық, бірақ өз банкирлерімізді өзіміздің құлатпағанымыз былай тұрсын, қайта тіпті олармен одаққа кірдік. Қазір біз банкирлер үкіметін құлаттық.

Үкіметтер мен буржуазия бірігіп, жұмысшы және шаруа революциясын қанға бөктіріп жапыштау үшін бар күшін жұмсайды. Бірақ үш жылғы соғыс бұқараға жеткілікті сабақ берді. Басқа елдердегі совет қозғалысы, жендет Вильгельмнің юнкерлері басып-жанышқан герман флотының көтерілісі[11] осының мысалы. Ақырында, біздің Африканың қиян түкпірінде емес, қайта хабардың бәрі ілезде тарап жататын Европада өмір сүріп отырғанымызды ұмытпау керек.

Жұмысшы қозғалысы жеңіп шығып, бейбітшілік пен социализмге жол салады. (Көпке дейін басылмаған ұзақ қол шапалақтау.)

3

БІТІМ ТУРАЛЫ 26 ОКТЯБРЬДЕГІ (8 НОЯБРЬДЕГІ) БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Мен декларацияның жалпы сипатына тоқталмаймын. Сіздердің съезіңіз құратын үкімет жеңіл-желпі пункттерге өзгеріс те енгізе алады.

Мен біздің бітім туралы талабымыздың ультиматумды түрде қойылуына үзілді-кесілді қарсы шығамын. Ультиматумдылық біздің бүкіл ісімізді апатқа ұшыратуы мүмкін. Біздің талаптардан әлдеқандай болмашы бір шегіністі пайдаланып, империалистік үкіметтердің: сіздердің ырыққа конбейтіндіктеріңізден келіс сөздерді бастауға мүмкін болмай отыр деп айтатындай талапты біз қоя алмаймыз.

Біз өзіміздің үндеуімізді барлық жерге жібереміз, жұрттың бәрі білетін болады. Біздің жұмысшы-шаруа үкіметі ұсынған шарттарды жасыру мүмкін болмай қалады.

Банкирлер мен помещиктердің үкіметін құлатқан біздің жұмысшы-шаруа революциясын жасыруға болмайды.

Ультиматумдылық жағдайында үкіметтердің жауап бермей қоюы мүмкін, біздің редакциямыздай болғанда олар жауап беруге тиісті болады. Үкіметтері не ойлап отырғандығын әрбір адам білетін болсын. Біз құпияны тілемейміз. Біз үкіметтің әрқашан өз елінің жұртшылық пікірінің бақылауында болуын тілейміз.

Егер қайсыбір шалғай губернияның шаруасы біздің ультиматумдылығымыз себепті басқа үкіметтің не тілеп отырғандығын білмейтін болса, ол не айтар еді. Ол былай дер еді: жолдастар, бітімнің әр түрлі шарттармен

ұсынылу мүмкіндігін сіздер неге жойдыңыздар. Мен ол ұсыныстарды ойластырар едім, мен олармен танысар едім, содан кейін Құрылтай жиналысындағы өкілдеріме не істеу керек екенін айтып аманат тапсырар едім. Егер үкіметтер келісе алмаса, мен әділетті шарттар үшін революциялық жолмен күресуге әзірмін, бірақ кейбір елдер үшін шарттардың басқаша қойылуы да мүмкін болғандықтан, мен ол үкіметтерге бұдан әрі өздері күресе беруін ұсынуға да әзірмін. Біздің ойларымыздың толық жүзеге асуы бүкіл капиталистік құрылыстың құлатылуына ғана байланысты. Шаруаның бізге, міне, осылай деуі мүмкін, сөйтіп ол бізді тым қасарыспа және уақшыл деп айыптайды, ал біз үшін ең бастысы — буржуазияның және оның үкімет басына қойылған тәжді және тәжсіз жендеттерінің бүкіл зұлымдығын, бүкіл жексұрындығын ашып беру болып отыр.

Біздің көнбейтіндігімізді бетке ұстап үкіметтердің бой тасалауына, халықтарды не үшін қырғынға айдайтынын олардан жасыруына біз мүмкіндік бере алмаймыз, беруге тиісті емеспіз. Бұл тамшыдай ғана нәрсе, бірақ біз буржуазиялық басқыншылықтың іргетасын үңгіп жатқан бұл тамшыдан бас тарта алмаймыз, бас тартуға тиіс емеспіз. Ультиматумдылық біздің дұшпандарымыздың жағдайын жеңілдетеді. Ал біз барлық шарттарды халыққа ашып айтамыз. Біз өз шарттарымызды барлық үкіметтердің алдына тартамыз, сонда олар өз халықтарына жауап беріп көрсін. Біз бітім жөніндегі барлық ұсыныстарымызды Құрылтай жиналысының қорытып шешуіне береміз.

Жолдастар, сіздердің мұқият көңіл қоюларыңызды керек ететін тағы бір пункт бар. Құпия шарттар жариялануға тиіс. Аннексия мен контрибуция туралы пункттер жойылуға тиіс. Әр түрлі пункттер бар, жолдастар,— тонаушы үкіметтер тонау туралы ғана келісім жасап қойған жоқ, ондай келісімдердің ішіне олар экономикалық келісімдерді де, тату көршілік қатынастар туралы әр түрлі басқа пункттерді де тықпалап отырды ғой.

Біз өзімізді шарттармен байлап-матай алмаймыз. Біз өзімізді шарттармен шырмауға жол бермейміз. Біз тонаулар мен зорлықтар туралы пункттердің бірін де қабылдамаймыз, бірақ тату көршілік шарттары мен экономикалық келісімдер тұжырымдалған пункттердің бәрін қуана қабылдаймыз, біз бұларды теріске шығара алмаймыз. Біз үш ай мерзімге уақытша бітім жасасуды ұсынып отырмыз, біз ұзақ мерзімді қалап отырмыз, өйткені халықтар қажыды, халықтар төрт жылға созылып отырған бұл қан төгіс қырғыннан тыныс алуды аңсауда. Халықтар бітім шарттарын талқылауы керек, парламенттің қатысуымен өздерінің еркін білдіруі керек, ал ол үшін уақыт берілуі керек екендігін біз түсінуге тиіспіз. Біздің ұзақ мерзімге арналған уақытша бітімді талап ететін себебіміз, ылғи кісі қырғынының бұл сұмдығынан окоптардағы армия тыныс алсын дейміз, бірақ біз бұдан да қысқарақ мерзімге арналған уақытша бітім ұсыныстарын да теріске шығармаймыз, біз ол ұсыныстарды қарастырамыз және тіпті егер бізге бір айға немесе бір жарым айга уақытша бітім ұсынылса да, ол ұсыныстарды қабылдауға тиістіміз. Біздің уақытша бітім туралы ұсынысымыз да ультиматумды түрде қойылмауға тиіс, өйткені біз жауларымыздың біздің конбейтіндігімізді бетке ұстап, халықтардан барлық шындықты жасыруларына мүмкіндік бермейміз. Бұл ұсыныс ультиматумды болуға тиіс емес, өйткені уақытша бітімді тілемейтін үкімет — қылмысты үкімет. Ал егер біз уақытша бітім туралы өз ұсынысымызды ультиматумды түрде қоймасақ, онда біз мұнымыз арқылы үкіметтерді халықтың көз алдында қылмысты болуға мәжбүр етеміз, ал халықтар ондай қылмыстыларға мәймөңкелеп жатпайды. Біздердің ультиматум қоймауымыз біздің әлсіздігімізді көрсетеді деп бізге қарсы дау айтады, бірақ халықтың күші туралы сөз еткенде буржуазиялық жалғандықтың бәрін серпіп тастайтын уақыт жетті. Буржуазияның түсінігі бойынша, күш дегеніміз империалистік үкіметтердің әміріне бағынып, бұқараның қырғынға көз жұма аттануы. Үкімет аппаратының бүкіл құдіретімен халықты буржуазиялық билеп-төстеушілер қалаған жағына ай-

дай алатын болса, буржуазия сонда ғана мемлекетті күшті деп таниды. Күш туралы біздің түсінігіміз басқаша. Біздің түсінігіміз бойынша, мемлекет бұқараның саналылығымен күшті. Бұқара бәрін біліп, бәрі туралы өз пайымын айтып және барлық іске саналы түрде кірісетін болса, мемлекет сонда күшті. Шаршағанымыз туралы шындықты айтудан біздің қорқатын ештеңеміз жоқ, өйткені қазір қай мемлекет шаршамай отыр, қай халық мұны ашық айтпай отыр? Италияны алыңыз, онда осы шаршағандықтың салдарынан қырғынды тоқтатуды талап еткен ұзақ революциялық қозғалыс болды. Германияда жұмысшылардың бұқаралық демонстрациялары болып, ол демонстрацияларда соғысты тоқтату туралы ұрандар көтеріліп жатқан жоқ па? Жендет Вильгельм мен оның малайлары соншалық аяусыз басып-жанышқан герман флотының көтерілісі осы шаршағандықтан болған жоқ па? Германия сияқты тәртіпті елде мұндай құбылыстар мүмкін болып отырса, ол елде де шаршағандық туралы, соғысты тоқтату туралы айтыла бастаса, онда біз дәл осыны ашық айтқаннан, біздің қорқатып ештеңеміз жоқ, өйткені бұл — біз үшін де, барлық соғысып жатқан және тіпті соғыспаған елдер үшін де бірдей нағыз шындық.

4

ЖЕР ТУРАЛЫ 26 ОКТЯБРЬДЕГІ (8 НОЯБРЬДЕГІ) БАЯНДАМА

Біз жер туралы мәселенің айқын қойылуының қаншалықты маңызды екенін революция дәлелдеді және көрсетті деп білеміз. Қарулы көтерілістің, екінші революцияның — Октябрь революциясының жасалуы жердің шаруалар қолына берілуі керек екендігін айқын дәлелдеп отыр. Құлатылған үкімет және меньшевиктер мен социалист-революционерлердің[12] келісімпаз партиялары жер мәселесін шешуді әр түрлі сылтаулармен кейінге қалдырып қылмыс істеді, сөйтіп елді күйзелушілікке және шаруалар көтерілісіне әкеліп ұрындырды. Олардың деревнядағы ойрандар мен анархия туралы айтып жүрген сөздері жалған және қорқақтық алдамшы сөздер. Қай жерде және қашан ойрандар мен анархия парасатты шаралардан туып еді? Егер үкімет парасатты әрекет еткен болса және оның шаралары кедей шаруалардың мұң-мұқтажымен қабысып жатса, онда шаруалар бұқарасы толқыр ма еді? Бірақ үкіметтің авксентьевтік және дандық Советтер мақұлдап отырған барлық шаралары шаруаларға қарсы бағытталып, оларды көтеріліс жасауға мәжбүр етті.

Көтерілісті ушықтырып, үкімет сол өзі ушықтырған ойрандар мен анархия туралы байбалам сала бастады. Ол көтерілісті мылтықтың күшімен, қан төгіспен басып-жапышқысы келді, бірақ революцияшыл солдаттардың, матростардың және жұмысшылардың қарулы көтерілісі оның өзінің күлін көкке ұшырды. Жұмысшы-шаруа революциясының үкіметі ең алдымен жер туралы мәселені,— кедей шаруалардың қалың бұқара-

сын тыныштандыра алатын және қанағаттандыра алатын мәселені шешуге тиіс. Мен сіздердің Совет үкіметіңіз шығаруға тиісті декреттің пункттерін оқып берейін. Бұл декреттің бір пунктінде шаруа депутаттарының жергілікті Советтерінің 242 аманаты негізінде жасалып, жер комитеттеріне арналған аманат бар.

ЖЕР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ

1) Жерге помещиктік меншік ешқандай төлемсіз дереу жойылады.

2) Помещик имениелері, сондай-ақ барлық уделдік, монастырьлық, шіркеулік жерлер, олардың барлық жұмыс малы, құрал-сайманымен, усадьбалық қора-қопсыларымен және барлық жабдықтарымен қоса Құрылтай жиналысына дейін болыстық жер комитеттерінің және шаруа депутаттарының уездік Советтерінің қарамағына көшеді.

3) Бұдан былай бүкіл халықтыкі болып табылатын, конфискеленгелі отырған мүлікті қандай да болса бүлдіру революциялық сот жазалайтын ауыр қылмыс болып жарияланады. Помещик имениелерін конфискелеу кезінде өте қатаң тәртіп сақтау үшін, қандай мөлшерге дейінгі және нақ қандай учаскелердің конфискеленуге жататындығын анықтау үшін, конфискеленетін барлық мүліктің дәл тізімін жасау үшін және жердегі күллі құрылыстарымен, құралдарымен, малымен, азық-түлік қорларымен және басқаларымен бірге халықтың қарауына көшетін барлық шаруашылықты революциялық жолмен барынша қатаң күзету үшін шаруа депутаттарының уездік Советтері керекті шаралардың бәрін істейді.

4) Жер жөніндегі ұлы өзгерістерді Құрылтай жиналысы түпкілікті шешкенге дейін, осы өзгерістерді жүзеге асыру жөнінде жергілікті шаруалардың 242 аманаты негізінде «Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов»[13] газетінің редакциясы құрастырып, осы «Известияның» 88-нөмерінде жарияланған (Петроград, № 88, 19 август, 1917 ж.) төмендегі

шаруалар аманаты барлық жерде бірдей басшылыққа алынуға тиіс.

ШАРУАЛАРДЫҢ ЖЕР ТУРАЛЫ АМАНАТЫ

«Жер туралы мәселені барынша толық көлемде бүкіл халықтық Құрылтай жиналысы ғана шеше алады.

Жер мәселесінің ең әділетті шешімі мынадай болуға тиіс:

1) *Жерге жеке меншік правосы мәңгі жойылады;* жерді сатуға да, сатып алуға да, арендаға беруге немесе кепілге салуға да, басқа қандай тәсілмен болсын иеліктен айыруға да болмайды.

Барлық жер: *мемлекеттік, уделдік, кабинеттік, монастырьлық, шіркеулік, посессиялық, майораттық, жеке иеліктегі, қоғамдық жерлер мен шаруа жерлері, тағы басқа жерлер тегін алынып,* бүкіл халық дәулетіне айналдырылады да, барлық еңбекшілердің пайдалануына көшеді.

Мүлік жөніндегі төңкерістен зардап шеккендер өмір сүрудің жаңа жағдайларына бейімделуі үшін, уақытша қоғамдық көмек алуға ғана правосы бар деп танылады.

2) Жердің барлық қойнауы: руда, мұнай, көмір, тұз, т. т., сондай-ақ жалпы мемлекеттік маңызы бар ормандар мен сулар тек қана мемлекеттің пайдалануына көшеді. Барлық ұсақ өзендер, көлдер, ормандар және басқалар қауымдардың — бұларды жергілікті өзін өзі басқару органдары басқарған жағдайда — пайдалануына көшеді.

3) *Мәдениеті жоғары* шаруашылықтары: бау-бақшалары, плантациялары, көшеттері, питомниктері, оранжереялары және тағы сондайлары бар жер учаскелері *бөліске жатпайды, қайта үлгілі шаруашылықтарға айналдырылады* және өздерінің көлемі мен маңызына қарай тек қана *мемлекеттің немесе қауымдардың* пайдалануына беріледі.

Қалалық және селолық үй іргесі жерлері — жеке үй бау-бақшаларымен және огородтарымен бірге — қазіргі иелерінің пайдалануында қалады, оның үстіне бұл учаскелердің мөлшері және оларды пайдаланғаны үшін салынатын салықтың деңгейі заң тәртібі бойынша белгіленеді.

4) Жылқы заводтары, қазынаның және жеке адамдардың асыл тұқымды мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы және басқалары конфискеленіп, бүкіл халық дәулетіне айналдырылады да, өздерінің көлемі мен маңызына қарай тек қана не мемлекеттің, не қауымның пайдалануына көшеді.

Төлем туралы мәселе Құрылтай жиналысының қарауына жатады.

5) Конфискеленген жерлердің барлық шаруашылық күш көліктері мен құрал-саймандары төлемсіз, өздерінің көлемі мен маңызына қарай, тек қана мемлекеттің немесе қауымның пайдалануына көшеді.

Жері аз шаруалардың құрал-саймандары конфискеленбейді.

6) Россия мемлекетінің жерді өз еңбегімен, өз семьясының көмегімен, немесе серіктесін өңдеуді тілейтін барлық азаматтарының (жынысы қандай болса да) жерді пайдалануға правосы болады және олардың бұл правосы жерді өңдеуге күші жеткен кезге дейін ғана сақталатын болады. Жалдама еңбекке жол берілмейді.

Селолық қоғамның белгілі бір мүшесі 2 жыл бойына оқыстан жарамсыз болып қалған жағдайда, оның еңбекке қайтадан жарамды болғанына дейін селолық қоғам жерді қоғамдасып өңдеу жолымен оған осы мерзім ішінде көмек көрсетіп тұруға міндеттенеді.

Қартайғандығы немесе мүгедектігі себепті жерді өзі өңдеуге мүлде жарамай қалған егіншілер жер пайдалану правосынан айрылады, бірақ оның орнына мемлекеттен пенсия жәрдемін алып отырады.

7) Жер теңгерме тәртіппен пайдаланылуға тиіс, яғни ол еңбекшілердің арасында, жергілікті жағдайларға қарай, еңбек немесе тұтыну нормасы бойынша бөлінеді.

Жерді пайдалану формалары мейлінше еркін, жеке селолар мен поселкелерде қалай ұйғарылуына қарай, жеке үй, хутор, қауым, артель болып пайдалану түрінде белгіленуге тиіс.

8) Барлық жер, иеліктен айырғаннан кейін, жалпы халықтың жер қорына түседі. Оны еңбекшілер арасында бөлу ісін село мен қаланың демократиялық жолмен ұйымдастырылған сословиесіз қауымдарынан бастап орталық облыстық мекемелерге дейінгі жергілікті және орталық өзін өзі басқару орындары жүргізеді.

Жер қоры халықтың өсуіне және ауыл шаруашылығының өнімділігі мен мәдениетінің көтерілуіне қарай дүркін-дүркін қайта бөлініп отырады.

Үлесті жерлердің шекаралары өзгертілген жағдайда үлесті жердің бастапқы негізі сол қалпында қалдырылуға тиіс.

Кеткен мүшелердің жері қайтадан жер қорына түседі, сонымен қатар кеткен мүшелердің учаскелерін алуға олардың ең жақын туысқандары мен кетушілердің өздері ұсынған адамдардың правосы басымырақ болады.

Жерге сіңірілген тыңайтқыштар мен мелиорация жұмыстарының (түбегейлі жақсартулардың) құны, үлесті жерді қайтадан жер қорына тапсырған кезге дейін пайдаланылмаған болса, төленуге тиіс.

Егер кейбір жерлерде қолда бар жер қоры жергілікті халықтың бәрін түгел қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болып шықса, онда халықтың басы артық бөлегі қоныс аударуға жатады.

Қоныс аудару ісін ұйымдастыру, сондай-ақ қоныс аудару, құрал-саймандармен және басқалармен жабдықтау жөніндегі шығындарды да мемлекет өз міндетіне алуға тиіс.

Қоныс аудару мынадай тәртіппен жүргізіледі: тілек білдіруші жерсіз шаруалар, содан соң қауымның кінәратты мүшелері, дезертирлер және басқалар, ақырында, жеребе бойынша, немесе келісім бойынша қоныс аударуға жатқандар».

Бұл аманатта айтылғандардың бәрі, бүкіл Россияның саналы шаруаларының аса басым көпшілігінің шын еркін білдірстіндіктен, уақытша заң болып жариялапады, бұл заң Құрылтай жиналысына дейін мүмкіндігінше дереу жүзеге асырылады, ал оның белгілі бөлімдері шаруа депутаттарының уездік Советтерінің белгілеуімен қажеттілігіне қарай бірте-бірте жүзеге асырылады.

5) Қатардағы шаруалар мен қатардағы казактардың жерлері конфискеленбейді.

Осында декреттің өзін және аманатты социалист-революционерлер жасады деген дауыстар естіледі. Солай-ақ болсын. Оны кім жасағанда да бәрі бір емес пе, бірақ, демократиялық үкімет болғандықтан, біз халықтың жергілікті бұқарасының қаулысына тіпті қосылмаған күнде де, оны орағытып кете алмаймыз. Өмірдің от-жалынында, оны практикада қолдана отырып, оны жер-жерде жүргізе отырып, шындықтың қайда екенін шаруалардың өздері түсінеді. Ал тіпті шаруалар бұдан былай да социалист-революционерлердің соңынан ерген және олар тіпті бұл партияға Құрылтай жиналысында көпшілік дауыс әперген күннің өзінде, сонда да біз: солай-ақ болсын, дейміз. Өмір — ең жақсы ұстаз, ол кімдікі дұрыс екенін көрсетеді, сондықтан бұл мәселені шаруалар бір шетінен шеше берсін, ал біз екінші шетінен шешетін боламыз. Революциялық жасампаздықтың жалпы тасқынында, жаңа мемлекеттік формалар жасап шығаруда өмір бізді жақындастырмай қоймайды. Біз өмірге ілесіп отыруымыз керек, халық бұқарасының творчествосына толық еркіндік беруіміз керек. Қарулы көтеріліс құлатқан ескі үкімет жер мәселесін патшаның қалпынша қалған ескі бюрократиясының көмегімен шешпекші болды. Бірақ бюрократия мәселені шешудің орнына шаруаларға қарсы күресумен ғана болды. Сегіз айлық революциямыз кезінде шаруалар кей нәрселерді үйренді, жер туралы мәселелердің бәрін олар өздері шешкісі келеді. Сондықтан біз

бұл заң жобасына қандай да болсын түзету енгізуге қарсымыз, біздің тəптіштей бергіміз келмейді, неге десеңіз, біз қимыл программасын жазып отырғанымыз жоқ, декрет жазып отырмыз. Россия ұлан-байтақ ел, сондықтан ондағы жергілікті жағдайлар да əр түрлі; мəселені бізден гөрі шаруалардың өздері жақсырақ шеше білетіндігіне, қалай шешу керек болса, солай шешетіндігіне біз сенеміз. Біздінше шешіле ме, əлде эсерлер программасынша шешіле ме,— мəселенің түйіні мұнда емес. Мəселенің түйіні шаруалардың деревняда енді помещиктер жоқ екеніне кəміл сенетін болуында, барлық мəселелерді шаруалардың өздері шешетін болуында, өз тұрмысын олардың өздері құратын болуында. (Қатты қол шапалақтау.)

5

ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ШАРУА ҮКІМЕТІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ

Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық съезі қаулы етеді:

Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін елді басқару үшін уақытша жұмысшы және шаруа үкіметі құрылсын, ол Халық Комиссарлары Советі деп аталатын болады. Мемлекет өмірінің жеке салаларын басқару комиссияларға тапсырылады, ол комиссиялардың құрамы съезд жариялаған программаның жүзеге асырылуын жұмысшылардың, жұмысшы әйелдердің, матростардың, солдаттардың, шаруалардың және қызметшілердің бұқаралық ұйымдарымен тығыз бірлесе отырып, қамтамасыз етуге тиіс. Үкімет билігі осы комиссиялардың председательдері коллегиясының, яғни Халық Комиссарлары Советінің қолында болады.

Халық комиссарларының қызметін бақылау және оларды ауыстыру правосы жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық съезінің және оның Орталық Атқару Комитетінің қолында болады.

Қазіргі кезеңде Халық Комиссарлары Советі мына адамдардан құралады:

Советтің Председателі — *Владимир Ульянов (Ленин);*

Ішкі істер жөніндегі халық комиссары — *А. И. Рыков;*

Егіншілік халық комиссары — *В. П. Милютин;*

Еңбек халық комиссары — *А. Г. Шляпников;*

Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің құрамы: *В. А. Овсеенко (Антонов), Н. В. Крыленко* және *П. Е. Дыбенко;*

Сауда және өнеркәсіп істері жөніндегі халық комиссары — *В. П. Ногин;*

Халық ағарту комиссары — *А. В. Луначарский;*

Финанс халық комиссары — *И. И. Скворцов (Степанов);*

Сыртқы істер жөніндегі халық комиссары — *Л. Д. Бронштейн (Троцкий);*

Юстиция халық комиссары — *Г. И. Оппоков (Ломов);*

Азық-түлік істері жөніндегі халық комиссары — *И. А. Теодорович;*

Почта және телеграф халық комиссары — *Н. П. Авилов (Глебов);*

Ұлт істері жөніндегі председатель — *И. В. Джугашвили (Сталин).*

Темір жол істері жөніндегі халық комиссарының орны уақытша бос қалады.

1917 ж. 26 октябрьде
(8 ноябрьде) жазылған

ЖҰМЫСШЫ БАҚЫЛАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ ЖОБАСЫ[14]

1. Кемінде 5 жұмысшы мен қызметші (қосып есептегенде) бар немесе жылына кемінде 10 000 сом айналымы бар барлық өнеркәсіп, сауда, банк, ауыл шаруашылық және басқа кәсіпорындарында барлық өнімдердің және шикі материалдардың өндірілуіне, сақталуына, сатылу-сатып алынуына *жұмысшы бақылауы* енгізіледі.

2. Жұмысшы бақылауын, егер кәсіпорын тым шағын болса, бұлай болуы мүмкін, не кәсіпорынның барлық жұмысшылары мен қызметшілері тікелей өздері жүзеге асырады, не өздерінің сайланып қойылған өкілдері арқылы жүзеге асырады, ол өкілдер жалпы жиналыстарда *дереу* сайланып, сайлау протоколдарымен қоса, сайланғандардың аты-жөні үкіметке, сондай-ақ жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының жергілікті Советтеріне хабарлануға тиіс.

3. Жұмысшылар мен қызметшілерден сайланып қойылған өкілдердің рұқсатынсыз жалпы мемлекеттік маңызы бар кәсіпорынды немесе өндірісті тоқтатуға (7-параграфты қараңыз), сондай-ақ оның барысын қандай да болса өзгертуге сөзсіз тыйым салынады.

4. Бұл сайланып қойылған өкілдер үшін *барлық* кітаптар мен документтерге, сондай-ақ материалдардың, құралдар мен өнімдердің *барлық* қоймалары мен қорларына түгелдей жол ашық болуға тиіс.

5. Жұмысшылар мен қызметшілердің сайланып қойылған өкілдерінің шешімдері кәсіпорындардың

иелері үшін міндетті және ол шешімдерді кәсіптік одақтар және съездер ғана бұза алады.

6. Жалпы мемлекеттік маңызы бар барлық кәсіпорындарда *барлық* кәсіпорын иелері және жұмысшылар мен қызметшілердің жұмысшы бақылауып жүзеге асыру үшін сайланған *барлық* өкілдері өте қатаң жүйелілік, тәртіптілік үшін және мүліктің сақталуы үшін мемлекет алдында жауапты болып жарияланады. Құнтсыздығы үшін, қорларды, есептерді және басқаларды жасырғаны үшін айыптылар барлық мүлкі конфискеленіп, 5 жылға дейін түрмеге отырғызуға жазаланады.

7. Қорғаныс үшін қызмет ететін, сондай-ақ халық бұқарасының тіршілігіне керекті өнімдер өндіруге қайсыбір байланысы бар барлық кәсіпорындар жалпы мемлекеттік маңызы бар кәсіпорындар деп танылады.

8. Жұмысшы бақылауының неғұрлым егжей-тегжейлі ережелерін жұмысшы депутаттарының жергілікті Советтері және фабрика-завод комитеттерінің конференциялары белгілейді, сондай-ақ қызметшілер комитеттері өз өкілдерінің жалпы жиналыстарында белгілейді.

1917 ж. 26 немесе 27 октябрьде (8 немесе 9 ноябрьде) жазылған

Бірінші рет 1929 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XXII том

Қолжазба бойынша басылып отыр

1917 ж. 27 ОКТЯБРЬДЕ (9 НОЯБРЬДЕ) ГЕЛЬСИНГФОРСПЕН ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСУ

1

ФИНЛЯНДИЯНЫҢ АРМИЯ, ФЛОТ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ДЕПУТАТТАРЫ ГЕЛЬСИНГФОРС СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ А. Л. ШЕЙНМАНМЕН СӨЙЛЕСУ

— Сіз армия мен флоттың облыстық комитетінің атынан сөйлесе аласыз ба?

— Әрине, сөйлесе аламын.

— Сіз миноносецтер мен басқа да қарулы кемелерді Петроградқа дереу мүмкін болғанынша көбірек жібере аласыз ба?

— Қазір Центробалт председателін шақырайық, өйткені бұл нағыз теңіз мәселесі екен.

— Сіздерде Петроградта не жаңалық бар?

— Керенскийдің әскерлері Гатчинаға келіп, соны алыпты деген хабар бар, ал Петроград әскерлерінің бір бөлегі шаршаған, сондықтан да мейлінше тез, мейлінше күшті көмек әбден керек болып отыр.

— Тағы не?

— «Тағы не» деген сұрақтың орнына мен аттануға және шайқасуға әзір екендіктеріңіз туралы айтар деп күтіп едім.

— Мұны қайталаудың керегі жоқ тәрізді; біз өз ұйғарымымыз туралы мәлімдегенбіз, демек, іс жүзінде барлығы да істеледі.

— Сіздерде басы артық винтовка мен пулемет бар ма және қанша?

— Облыстық комитеттің әскери бөлімінің председателі Михайлов осында. Ол сізге Финляндия армиясы туралы айтып береді.

2

ФИНЛЯНДИЯ АРМИЯСЫНЫҢ, ФЛОТЫНЫҢ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІ ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ МИХАЙЛОВПЕН СӨЙЛЕСУ

— Сізге қанша әскер керек?

— Бізге барынша көп әскер керек, бірақ тек сенімді және шайқасуға бел байлаған адамдар болсын. Сіздерде мұндай адамдар қанша?

— Бес мыңдай. Шайқасқа шығатындарды шұғыл аттандыруға болады.

— Өте тез жөнелткен жағдайда олар Питерге нешe сағатта келіп жетеді деп кепілдік бере аласыз?

— Осы уақыттан бастап ең көп дегенде жиырма төрт сағатта.

— Құрғақтағы жолмен бе?

— Темір жолмен.

— Ал сіз оларға азық-түлік жеткізіп тұра аласыз ба?

— Иә. Азық-түлік көп. Сонымен қатар 35-ке жуық пулемет бар; мұндағы жағдайға нұқсан келтірместен, адамдарымен бірге аздаған далалық артиллерия да жібере аламыз.

— Мен мұндай жөнелту ісіне дереу кірісуді Республика үкіметінің атынан қатты өтінемін және жаңа үкіметтің құрылғанын білесіздер ме, оны сіздердегі Со-

веттер қалай қарсы алды?— осыған жауап беруіңізді де өтінемін.

— Үкімет туралы әзірге газеттерден ғана хабардармыз. Советтердің қолына көшкен өкімет бізде ынта-жігермен қарсы алынды.

— Демек, сонымен құрғақтағы әскерлер дереу жөнелтіліп, олар үшін азық-түлік жеткізілуі қамтамасыз етіледі ғой?

— Иә. Қазір дереу жөнелтуге кірісеміз және азық-түлікпен жабдықтаймыз. Центробалт председателінің орынбасары осында аппараттың жанында тұр, өйткені Дыбенко бүгін кешкі сағат 10-да Петроградқа жүріп кетіп еді.

3

ЦЕНТРОБАЛТ ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Н. Ф. ИЗМАЙЛОВПЕН СӨЙЛЕСУ

— Сіз қанша миноносец және басқа қарулы кеме жібере аласыз?

— «Республика» линкорын және екі миноносец жіберуге болады.

— Олар да сіздерден дәл солай азық-түлікпен қамтамасыз етіле ме?

— Біздің флотта азық-түлік бар, сондықтан олар азық-түлікпен жабдықталады. Жіберілген барлық миноносецтер мен «Республика» линкоры революцияны қорғау жолындағы өз міндетін орындайды деп сеніммен айта аламын. Қарулы күштің жіберілетіндігіне күмәнданбаңыз. Сөзсіз орындалады.

— Неше сағаттан кейін?

— Ең кеш дегенде 18 сағаттан кейін. Әлде қазір жөнелту қажет пе?

— Иә. Дереу жөнелту қажеттігіне үкіметтің әбден көзі жетіп отыр, линкор Морской каналға мүмкін болғанынша жағалауға жақын келіп кіретін болсын.

— Линкор — он екі дюймді артиллериясы бар ірі кеме, сол себептен ол жағалауға жақын барып тұра алмайды: өйтсе оны тіпті құр қолмен-ақ басып алуға болады. Ал мұны шағын артиллериясы мен пулеметтері бар миноносецтер орындай алады; ал линкорға келетін болсақ, ол, шамамен алғанда, рейдте немесе «Аврора» крейсерімен қатарлас тұруға тиіс, өйткені оның артиллериясы 25 шақырымға атады,— жалпы, бұл істі командирлер құрамымен бірге матростар атқарады.

— Миноносецтер Николаев жолын және оған таяу барлық жерлерді қорғау үшін Неваға Рыбацкое селосының маңынан кіруге тиіс.

— Жақсы, мұның бәрі орындалады. Тағы не айтасыз?

— «Республикада» радиотелеграф бар ма және жолшыбай ол Питермен хабарласа ала ма?

— «Республикада» ғана емес, миноносецтерде де бар, олар Эйфель мұнарасымен де хабарласады. Жалпы алғанда, бәрі де жақсы орындалатындығына уәде береміз.

— Сонымен, аталған кемелердің бәрі дереу аттандырылатындығына біз сене аламыз ғой?

— Иә, сене аласыз. Аталған кемелер айтылған мерзімде Петроградта болуы үшін қазір шұғыл жарлықтар береміз.

— Сіздерде оқ-дәрілі және басы артық винтовкалар бар ма? Мүмкін болғанынша көбірек жіберіңіздер.

— Кемелерде аздап бар, барын жібереміз.

— Қош болыңыз. Сәлем.

— Қош болыңыз. Сөйлеген Сізсіз бе? Есіміңізді айтыңызшы?

— Ленин.

— Қош болыңыз. Орындауға кірісеміз.

Бірінші рет 1922 ж. «Пролетарская Революция» журналының 10-нөмерінде басылған

Телеграф лентасының тексті бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАД ГАРНИЗОНЫНЫҢ ПОЛК ӨКІЛДЕРІНІҢ 1917 ж. 29 ОКТЯБРЬДЕГІ (11 НОЯБРЬДЕГІ) КЕҢЕСІ[15]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

1

АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Саяси жағдайға ұзақ тоқталып жатуға тура келмейді. Саяси мәселе қазір соғыс мәселесіне тығыз байланысты болып отыр. Керенскийдің корниловшылдарды өзіне тартып отырғаны әбден айқын, оның бұлардан басқа сүйенетін ешкімі жоқ. Москвада олар Кремльді алды, бірақ қаланың жұмысшылар мен жалпы ең кедей халық тұратын шет жақтары олардың билігінде емес. Майданда Керенский жағында ешкім жоқ. Тіпті, мысалы, темір жол одағының мүшелері сияқты солқылдақ элементтер де бітім туралы және жер туралы декретті жақтап отыр.

Шаруалардың, солдаттардың және жұмысшылардың аса басым көпшілігі бейбітшілік саясатын жақтауда.

Бұл — большевиктердің саясаты емес, жалпы алғанда «партиялық» саясат емес, қайта жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың, яғни халықтың көпшілігінің саясаты. Біз большевиктердің программасын жүргізіп отырған жоқпыз, тіпті жер мәселесінде де біздің программамыз бүтіндей шаруалар аманаттарынан алынды.

Эсерлер мен меньшевиктердің кетіп қалғанына біз кінәлы емеспіз. Оларға өкімет билігін бөлісу ұсынылды, бірақ олар Керенскийге қарсы күрес аяқталғанға дейін аңысын аңдай тұрғысы келеді.

Үкіметке қатысуға біз бәрін де шақырдық. Солшыл эсерлер[16] Совет үкіметінің саясатын қолдағымыз келеді деп мәлімдеді. Жаңа үкіметтің программасына қосыл-

майтындығы туралы олардың тіпті мәлімдеуге де батылдары бармады.

Провинцияда «Дело Народа»[17] сияқты газеттерге сенеді. Эсерлер мен меньшевиктердің азшылық болып қалғандықтан кеткендіктерін мұнда жұрттың бәрі біледі. Петроград гарнизоны муны біледі. Біздің коалициялы Совет үкіметін құрғымыз келгенін ол біледі. Біз Советтен ешкімді де шығарғанымыз жоқ. Егер олар бірлесіп жұмыс істегісі келмеген болса, бұл бәрінен бетер олардың өзіне жаман. Солдаттар мен шаруалар бұқарасы меньшевиктер мен эсерлердің соңынан ермейді. Жұмысшылар мен солдаттардың қандай жиналысында болса да он адамның тоғызы бізді жақтап шығатынына мен күмәнданбаймын.

Керенскийдің әрекеті — бұл да Корниловтың әрекеті сияқты бейшаралық авантюра. Бірақ қазіргі кезең қиын. Азық-түлікті тәртіптеу, соғыстағы апаттарды тоқтату жөнінде жігерлі шаралар қолдану қажет. Біз Керенскийдің көтеріліс жасауын күтіп отыра алмаймыз және оған бірде-бір күн төзе алмаймыз. Егер корниловшылдар жаңа шабуыл ұйымдастыра қалса, онда бүгін юнкерлердің көтерілісіне қандай жауап берілген болса, оларға да сондай жауап беріледі. Юнкерлер өздеріне өкпелесін. Біз өкіметті мүлде дерлік қан төгіссіз алдық. Құрбандықтар болған күнде де, тек біз жақтан ғана болды. Жаңа үкімет жүргізіп отырған нақ осы саясатты бүкіл халық тіледі. Жаңа үкімет бұл саясатты большевиктерден емес, майдандағы солдаттардан, деревнядағы шаруалардан және қалалардағы жұмысшылардан алды.

Таяу күндерде жұмысшы бақылауы туралы декрет шығуға тиіс. Қайталап айтамын: саяси жағдай қазір соғыс жағдайына келіп сайып отыр. Біз Керенскийдің жеңуіне төзіп отыра алмаймыз: ол жеңсе бітім де, жер де, бостандық та болмайды. Жеңімпаз котерілісті жаңа ғана аяқтаған Петроград солдаттары мен жұмысшыларының корниловшылдарды жаныштай алатындығына мен күмәнданбаймын. Бізде кемшіліктер болды. Мұны бекерге шығаруға болмайды. Соның салдарынан біз кей нәрседен айрылып та қалдық. Бірақ бұл кемшіліктерді

жоюға болады. Бірде-бір сағатты, бірде-бір минутты босқа жібермей, өзіміз жинақталып алуымыз керек, штаб ұйымдастыруымыз керек, мұны дәл бүгін істеу керек. Жинақталып алсақ, біз өзіміздің бірнеше күнде, бәлкім, одан да шапшаңырақ жеңіске жетуімізді қамтамасыз ете аламыз.

Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының еркі бойынша құрылған үкімет өзін корниловшылдардың қорлауына беріп қойып отыра алмайды.

Саясат міндеті әскери де міндет: штаб ұйымдастыру, материалдық күштерді шоғырландыру, солдаттарды не керектің бәрімен қамтамасыз ету; барлық іс осы уақытқа дейін қандай жеңімпаздықпен атқарылып келген болса, бұдан былай да сондай жеңімпаздықпен атқарылуы үшін бірде-бір сағатты, бірде-бір минутты босқа жібермей осыны істеу керек.

2

БӨЛІМДЕРДІ ҚАРУЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Үлкен бейбастақтық кезеңі жойылды. Штаб бастығы тағайындалды. Бұл туралы хабарландырылады. Ауытқу дәуірі артта қалды. Әскери тәртіптің және байланыстардың болмауы бізді қатты қинады. Бөлімдерде бірлік пен өрлеудің зор екендігі қазір айқын болып отыр. Сіздер істі өздеріңіз қолға алуларыңыз керек, тапсырылған іс істелді ме, жұмысшы ұйымдарымен және басқаларымен байланыс жасалды ма, әрбір қимылды өздеріңіз тексеріп отыруларыңыз керек. Бұл істе сіздерге жұмысшылар көмекке келеді. Мен сіздерге бір кеңес бергелі тұрмын: бұйрықтың орындалуы, запас туралы мәліметтердің дұрыс-бұрыстығы жөніндегі әрбір хабарды ешкімге сенбей, бақылау комиссиясы арқылы немесе полктердің өкілдері арқылы өздеріңіз тексеріп отырыңыздар. Істі өздеріңіз қолға алыңыздар, бәрін де өздеріңіз тексеріңіздер, әрбір запасты, әрбір шараны есепке алып отырыңыздар — мұның өзі табысқа жетудің ең жақсы кепілі.

3

ҚАЛАДА ТӘРТІП ОРНАТУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Осында айтылған пікірге толық қосыламын: қала күзеті жөніндегі жұмыстың бір бөлігін жұмысшылар өз міндетіне алуға тиіс. Бұл бірлескен жұмыста солдаттар жұмысшыларды қаруды қалай меңгеру керек екеніне үйретеді. Біздің бір минут та естен шығармайтын міндетіміз — халықты жаппай қаруландыру және тұрақты армияны жою. Егер жұмысшы халық қатыпастырылса — жұмыс жеңілдейді. Жолдастардың күн сайын жиналу керек деген ұсынысы тиімді ұсыныс. Бірде-бір революция бермеген көп жаңалықты орыс революциясының беруі орынды. Жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері сияқты орган болған емес. Сіздердің жұмысшылармен бірігулеріңіз керек, олар сіздерге осы уақытқа дейін буржуазия жарытып бермей келген нәрсенің бәрін береді. Әрбір әскер бөлімі жұмысшылар ұйымымен бірге, жоғарыдан нұсқау күтпей, сіздердің осы соғысыңыз үшін керекті запастың бәрін дайындап алуға әрекет жасау керек. Бүгінгі түннен бастап-ақ бұл міндетті дербес орындауға кірісу керек. Әскер бөлімі штабтан нұсқаулар күтіп отырмасын, қайта ол өзі ұсыныстар жасап отырсын. Буржуазияда еш уақытта болып көрмеген құрал сіздердің қолдарыңызда бар: буржуазияда бір ғана құрал — сатып алу құралы бар, ал сіздер осы сатып алынатын нәрсенің бәрін өндіріп жатқан жұмысшылардың өздерімен байланыс жасай аласыздар.

«Правда» № 174, 13 ноябрь (31 октябрь), 1917 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ 1917 ж. 30 ОКТЯБРЬДЕГІ (12 НОЯБРЬДЕГІ) РАДИОХАБАРЫ

Жұрттың бәріне. Бәріне

Советтердің Бүкіл россиялық съезі жаңа Совет үкіметін құрды. Керенскийдің үкіметі құлатылып, қамауға алынды. Керенский қашып кетті. Барлық мекеме Совет үкіметінің қолында. 25 октябрьде шын уәде береміз дегендіктен босатылған юнкерлер 29 октябрьде көтеріліс жасады. Көтеріліс сол күні-ақ басып-жаншылды. Керенский мен Савинков юнкерлерді және казактардың бір бөлегін ертіп, алдау арқылы Царское Селоға өтіп кетті. Корниловтың Петроградқа жасаған жаңа жорығын басып-жаншу үшін Совет үкіметі күштерді жұмылдырды. Астанаға броненосец «Республика» бастаған флот шақырылды[18]. Керенскийдің юнкерлері мен казактары ауытқуда. Бізге Керенскийдің лагерінен келіп жатқан тұтқындар: казактар алдауға түсті, егер олар істің мәнін түсінсе, оқ атпайды деп сендіруде. Совет үкіметі қан төгісті болдырмау үшін барлық шараларды істеуде. Егер қан төгісті болдырмаудың сәті түспесе, егер Керенскийдің отрядтары қайткенмен де оқ ата бастаса, Совет үкіметі Керенский-Корниловтың жаңа жорығын басып-жаншу жөнінде аяусыз шаралар қолданудан тайынбайды.

Қазір Советтердің тарап кеткен съезінің: 1) барлық помещик жерлерінің шаруа комитеттерінің қолына де-

реу көшуі туралы және 2) демократиялық бітім ұсыну туралы маңызды екі декрет қабылдағанып естеріңізге салып хабарлаймыз.

Совет үкіметінің председателі

Владимир Ульянов (Ленин)

«Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства» № 2, 30 октябрь (12 ноябрь), 1917 ж. және «Известия ЦИК» № 212, 31 октябрь, 1917 ж.

«Известия ЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ НОБАЙЫ

1. Мемлекеттік, қоғамдық және ірі көлемді (кемінде 5 жалдама жұмысшысы бар) жеке өнеркәсіп орындарының барлық қызметшілері өздеріне жүктелген міндеттерді орындап отыруға және үкіметтің, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің немесе кәсіптік одақтардың ерекше рұқсатынсыз өздерінің қызмет орындарын тастап кетпеуге міндеттеледі.

2. 1-параграфта көрсетілген ережені бұзу, сондай-ақ үкіметке және өкімет органдарына істер мен есеп тапсырудағы немесе жұртшылыққа және халық шаруашылығына қызмет етудегі құнтсыздықтың қандайына болсын кінәлы адам барлық мүлкі конфискеленіп, 5 жылға дейін түрмеге отырғызуға жазаланады.

1917 ж. октябрьдің аяғында жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1917 ж. 1(14) НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА[19]

1

Ленин жолдас Каменевтің саясаты дереу тоқтатылуы керек деп санайды. Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетімен сөйлесудің енді жөні жоқ[20]. Москваға әскер жіберу керек. Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті туралы қарар ұсынады. Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті Советке кірмейді және оны Советке жолатуға да болмайды; Советтер — ерікті органдар, ал Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің бұқара арасында тірегі жоқ.

2

Ленин жолдас келіс сөздер соғыс қимылдарының дипломатиялық бүркеніші болуға тиіс еді деп санайды. Бірден-бір дұрыс шешім — ауытқушылардың ауытқуын жою және өзіміздің батыл болуымыз болар еді. Москвалықтарға көмекке бару керек, сонда біздің жеңісіміз қамтамасыз етіледі.

3

Ленин жолдас. Негізгі мәселе қойылып отыр, сондықтан ауытқушылықтарды жою керек. Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті Калединдер мен Корниловтар жағында тұрғаны анық. Солқылдақтық жасауға болмайды. Жұмысшылар мен шаруалардың және армияның көпшілігі біздің жағымызда.

Жергілікті бұқара бізге қарсы деп мұнда ешкім де дәлелдеген жоқ; не Калединнің агенттерімен, не жергілікті бұқарамен бірге болу керек. Біз бұқараға сүйенуіміз керек, деревняларға үгітшілер жіберуіміз керек. Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетіне Москваға әскер жеткізу жүктелді, ол бұдан бас тартты, біз бұқараға жүгінуіміз керек, сонда бұқара оны құлатады.

Бірінші рет 1922 ж. «Пролетарская Революция» журналының 10-нөмерінде басылған

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ІШІНДЕГІ ОППОЗИЦИЯ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ 1917 ж. 2(15) НОЯБРЬДЕГІ ҚАРАРЫ[21]

Орталық Комитет бұл мәжілісті тарихи маңызы бар мәжіліс деп, сондықтан осында байқалып отырған екі позицияны айқындауды қажет деп біледі.

1) Орталық Комитет былай деп біледі: Орталық Комитеттің ішінде қалыптасқан оппозиция Россияда социалистік революция мүмкін емес деген, советтік ұйымның көрінеу азшылығы тарапынан жасалып отырған ультиматумдарға және кетеміз деп қоқан-лоққы жасаушылыққа қопу қажет деген мүлдем маркстік емес сөзсымақтарды қайталап, Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің еркі мен шешіміне осылайша кедергі жасап, пролетариат пен ең кедей шаруалардың басталып отырған диктатурасына осылайша саботаж жасап, большевизмнің және жалпы алғанда пролетарлық тап күресінің барлық негізгі позицияларынан бүтіндей тайқып отыр.

2) Орталық Комитет революциялық жұмысқа бөгет жасағандығы үшін және қазіргі кезеңдегі қылмысты ауытқулары үшін бүкіл жауаптылықты осы оппозицияға жүктейді, оны өздері дұрыстығына сенбейтін практикалық жұмыстан кетіп, өздерінің айтысын және өздерінің скептицизмін баспасөз бетіне көшіруге шақырады. Өйткені бұл оппозицияда буржуазиядан қорыққандықтан басқа және халықтың шаршаған (революцияшыл емес) бөлегінің пікірін білдіруден басқа ештеңе жоқ.

3) Егер Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің көпшілігі, съезден ешкімді шығармай, өкімет билігін таза большевиктік үкіметке тапсырған болса, Совет өкіметі ұрапына опасыздық жасамайынша, бұл үкіметтен бас тартуға болмайтындығын Орталық Комитет қуаттайды.

4) Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтері өкіметінің ұрапына опасыздық жасамайынша, помещиктер мен капиталистерді құлату жолында күресіп жатқан бұқараның революциялық авангардының ерікті бірлестігінен басқа ұйымдарды, яғни советтік емес ұйымдарды Советтерге қосу үшін ұсақ саудаласушылыққа жол беруге болмайтындығын Орталық Комитет қуаттайды.

5) Орталық Комитет Советтердің азшылығының ультиматумдары мен қоқан-лоққыларына көну Совет өкіметінен ғана емес, сонымен қатар демократизмнен де түгелдей безумен барабар екенін қуаттайды, өйткені мұндай көнушілік көпшіліктің өзінің көпшіліктігін пайдаланудан қорқуымен барабар, анархияға бағынуымен және қандай да болса азшылықтың тарапынан ультиматумдардың қайталануымен барабар.

6) Советтердің Бүкіл россиялық II съезінен ешкімді шығармай, Орталық Комитет кетіп қалғандарды қайтарып алуға және ол кетіп қалғандардың Советтер шеңберіндегі коалициясын мойындауға қазірдің өзінде әзір екендігін, демек, большевиктер өкімет билігін ешкіммен бөліскісі келмейді-міс деген сөздердің мүлдем жалған екендігін Орталық Комитет қуаттайды.

7) Қазіргі үкімет құрылған күні, ол құрылардан бірнеше сағат бұрын, солшыл эсерлердің үш өкілін Орталық Комитет өз мәжілісіне шақырып, оларға ресми түрде үкіметке қатысуды ұсынғанын Орталық Комитет қуаттайды. Солшыл эсерлердің, уақытша және шартты түрде болса да, бұдан бас тартуы олармен келісімнің жүзеге аспай қалғандығы үшін бүкіл жауаптылықты бүтіндей және барлық жағынан бірдей осы солшыл эсерлерге жүктейді.

8) Орталық Комитет Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде большевиктер фракциясы ұсынған Советті

окоптардағы солдаттармен, жер-жерлердегі, деревнялардағы шаруалармен толықтыруға әзірлігін білдірген қаулы қабылданғанын,— демек, большевиктік үкімет шаруалармен коалиция жасауға қарсы-мыс деген сөздердің мүлдем жалған екендігін еске салады. Қайта керісінше, Орталық Комитет біздің үкіметіміздің бүтіндей эсерлік аманаттан көшіріп алынған жер туралы заңы Россия халқының аса басым көпшілігімен коалицияны жүзеге асыруға большевиктердің толық және шын ниетімен әзір екендіктерін іс жүзінде дәлелдегенін мәлімдейді.

9) Орталық Комитет, ақырында, барлық қиыншылықтарға қарамастан, Россияда да, Европада да социализмнің жеңуі қазіргі үкіметтің саясатын бұлжытпай жүргізе берумен ғана қамтамасыз етілетіндігін қуаттайды. Орталық Комитет бұл социалистік революцияның жеңетіндігіне толық сенім білдіреді және барлық скептиктер мен ауытқушыларды өздерінің барлық ауытқуларынан арылуға және осы үкіметтің қызметін бүкіл жан-тәнімен және жан аямас ынта-жігермен қолдауға шақырады.

Ленин

Бастапқы үш пунктсіз 1917 ж. 17(4) ноябрьде «Правда» газетінің 180-номерінде басылған

Бірінші рет 1932 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында толық басылған, XXX том

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ КӨПШІЛІГІНІҢ АЗШЫЛЫҚҚА УЛЬТИМАТУМЫ[22]

Халық Комиссарлары Советінің осы кезге дейін жүргізіп келген саясатын бүтіндей мақұлдайтын РСДРП(б) Орталық Комитетінің көпшілігі Орталық Комитеттің азшылығына мынадай үзілді-кесілді мәлімдеме жасауды қажет деп санайды.

Біздің партиямыздың қазіргі кезеңге арналған саясаты Ленин жолдас ұсынған және кеше, 2-ші ноябрьде, Орталық Комитет қабылдаған қарарда белгіленген*. Бұл қарар біздің партиямызға өкімет билігінен бас тартуды күштеп таңуға тырысқан әрекеттің қандайын болса да пролетариаттың ісіне опасыздық жасау деп жариялайды, өйткені Советтердің Бүкіл россиялық съезі миллиондаған жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың атынан бұл өкімет билігін біздің программамыздың негізінде біздің партиямыздың өкілдеріне тапсырды. Біздің тактикамыздың келісімпаздыққа қарсы бүкіл күресімізден туатын және Керенскийдің үкіметіне қарсы көтерілісте біз басшылыққа алған бұл негізгі бағыты қазір большевизмнің революциялық мазмұны болып отыр және оны Орталық Комитет тағы да мақұлдап отыр,— міне, бұл бағыт партияның барлық мүшелері үшін және ең алдымен Орталық Комитеттің азшылығы үшін сөзсіз міндетті бағыт болып табылады.

Оның бер жағында аса зор табандылық пен қайтпас қажырлылық керек болып отырған кезеңде азшылық-

---

* Қараңыз: осы том, 47—49-беттер. *Ред.*

тың өкілдері ауытқушылық туғызып, Орталық Комитеттің кешегі мәжілісіне дейін де, мәжілістен кейін де, біздің партиямыздың негізгі бағытына көрінеу қарсы бағытталған және өз қатарымызға іріткі салатын саясат жүргізіп келді және жүргізіп отыр.

Мәселен, Орталық Атқару Комитетінің кешегі мәжілісінде большевиктік фракция, Орталық Комитеттің азшылық құрамындағы мүшелерінің тікелей қатысуымен, Орталық Комитеттің қаулысына ашықтан-ашық қарсы дауыс берді (біздің партиямыздың үкімет құрамындағы өкілдігінің саны мен жеке өкілдері туралы мәселе жөнінде). Орталық Комитет мүшелерінің Орталық Комитетте нақ осы оппозиция өкілдері бастаған бірнеше сағат бойғы айтыстан кейін Орталық Комитеттің сыртынан адам айтқысыз түрде мұндай тәртіп бұзушылығы біз үшін мынаны айқындап береді: партияның тағдыры, революцияның тағдыры партия жұмысының ең таяудағы нәтижесіне байланысты болып отырған кезеңде оппозицияның бұл жұмысқа саботаж жасап, партия мекемелерін қалжыратып барып қолына түсірмек ойы бар.

Істің мұндай жағдайына біз жауапты бола алмаймыз және жауапты болғымыз келмейді.

Орталық Комитеттің азшылығына осы мәлімдемені жасай отырып, біз азшылықтан партиялық тәртіпке бағынуға және Ленин жолдастың Орталық Комитет қабылдаған қарарында тұжырымдалған саясатты жүргізуге міндеттене ме, деген сұраққа жазбаша түрде үзілді-кесілді жауап беруді талап етеміз.

Бұл сұраққа теріс немесе дүдәмал жауап берілген жағдайда, біз дереу Петроград комитетіне, Москва комитетіне, Орталық Атқару Комитетінің большевиктік фракциясына, жалпы қалалық Петроград конференциясына және төтенше партия съезіне мынадай альтернативалық ұсыныс енгіземіз:

Не партия қазіргі оппозицияға өзінің одақтастарымен бірге,— ал оппозиция қазір біздің жұмысымызға сол одақтастары үшін саботаж жасап отыр,— жаңа өкімет құруды тапсыруға тиіс,— онда біз ауытқулар мен дәрменсіздіктен және былықтан басқа түк қолынан

келмейтін бұл жаңа өкіметке қатынасымыз жөнінде өзімізді мүлдем еркінбіз деп санайтын боламыз.

Немесе — бұған біздің күмәнымыз жоқ — Орталық Комитеттің кешегі шешімінде білдірілген бірден-бір мүмкін революциялық бағытты партия мақұлдайды, онда партия оппозицияның өкілдерінен өздерінің іріткі салушылық жұмысын біздің партия ұйымынан тыс жерге көшіруді батыл талап етуге тиіс. Бұдан басқа жол жоқ және болуы мүмкін емес. Әлбетте, жікке бөліну өте өкінішті факт болар еді. Бірақ адал және ашық жікке бөліну қазір ішкі саботаждан, өз шешімдеріне кедергі жасаудан, іріткі салушылықтан және селқостықтан әлдеқайда артық. Біздің («Новая Жизнь»[23] және Мартов топтарымен алауыздықтарымызды негізінен алғанда қайталайтын) алауыздықтарымызды бұқараның талқысына салу біздің саясатымызды революцияшыл жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың сөзсіз және жан аямай қолдауын қамтамасыз ететіндігіне және ауытқушы оппозицияны өте қысқа мерзімнің ішінде дәрменсіз оқшаулануға душар ететіндігіне біз, қалай болғанда да, бірде-бір минут күмәнданбаймыз.

1917 ж. 3(16) ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1922 ж. «Пролетарская Революция» журналының 7-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1917 ж. 3(16) НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Ленин жолдас күні ертең революциялық жолмен төменнен құлатылатын Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетімен қандай да болсын келісімге келуге қарсы шықты. Петроградтың творчестволық, ұйымдастырушы революцияшыл күштерімен, атап айтқанда, матрос элементімен Москваны нығайту қажет. Азық-түлік мәселесі: солтүстіктен біз қамтамасыз етілдік. Москва алынып, Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті төменнен құлатылғаннан кейін біз Волга бойынан азық-түлікпен қамтамасыз етілетін боламыз.

Бірінші рет 1927 ж. 6—7 ноябрьде «Правда» газетінің 255-номерінде Н. Горбуновтың «Октябрь күндерінде Халық Комиссарлары Советінің атқарушы аппараты қалай құрылды» деген мақаласында басылған

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

БАСПАСӨЗ БОСТАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ[24]

Буржуазия байлардың газет шығару, капиталистердің баспасөзді басып алу бостандығын баспасөз бостандығы деп түсінді, мұның өзі іс жүзінде барлық елдерде, соның ішінде неғұрлым еркін елдерде де, жер-жерде баспасөздің сатылғыштығына апарып соғып отырды.

Жұмысшы және шаруа үкіметі баспасөздің капитал езгісінен құтылуын, қағаз фабрикалары мен баспаханалардың мемлекет меншігіне көшуін, саны белгілі бір мөлшерге жететін (мәселен, 10 000) азаматтардың әрбір тобына қағаз қорларының тиісті бөлігін және баспахана еңбегінің тиісті мөлшерін пайдалану жөнінде тең право берілуін баспасөз бостандығы деп түсінеді.

Бұл мақсатты жүзеге асырудың еңбекшілерді капитал езгісінен азат етумен тығыз байланысты алғашқы шарасы ретінде уақытша жұмысшы және шаруа үкіметі мерзімді басылымдардың капиталмен байланысын, олардың қаражаты мен кірістерінің көздерін, олардың жарнашылар құрамын, олардың зарарларының есесін қалай толтыратынын, жалпы алғанда бүкіл газеттер шаруашылығын тексеріп анықтау үшін Тексеру комиссиясын тағайындайды. Есеп-қисап кітаптарын немесе басқа документтерді Тексеру комиссиясынан жасырудың қандайы болса да, сондай-ақ қандай да болса көрінеу теріс мәлімет беру революциялық сот арқылы жазаланады.

Барлық газет иелері, акционерлер, сондай-ақ барлық қызметшілер көрсетілген мәселелер бойынша баспасөз-

дің капиталмен байланысын және баспасөздің капиталға тәуелділігін анықтау жөніндегі *Тексеру комиссиясына*, Смольный институтына, Петроградқа дереу жазба есептер мен мәліметтер тапсыруға міндеттеледі.

Тексеру комиссиясы мына адамдардан тағайындалады:*

Комиссия өзінің құрамын толықтырып отыруға, сарапшылар мен куәлар шақыруға, барлық кітаптарды, т. т. көрсетуді талап етуге праволы.

1917 ж. 4(17) ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1932 ж. 7 ноябрьде «Правда» газетінің 309-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазбада фамилияларға орын қалдырылған. *Ред.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 1917 ж. 4 (17) НОЯБРЬДЕГІ МӘЖІЛІСІ

1

БАСПАСӨЗ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Карелин жолдас өзінің түсіп отырған жолын социализмге апаратын жол деп бізді сендірмекші болады. Бірақ социализмге бұлай бет алу — теріс айналып ілгері жүру деген сөз. Троцкийдің айтқаны дұрыс еді: баспасөз бостандығына бола юнкерлер көтерілісі жасалыпты, Петроградта және Москвада соғыс жарияланыпты. Бұл жолы социалист-революционерлер социалистер мен революционерлер ретінде бой көрсеткен жоқ. Бұл аптада бүкіл телеграф Керенскийдің қолында болды. Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті солардың жағында болды. Бірақ әскер олардың жағында болмады. Армия біздің жағымызда болып шықты. Болмашы топ азамат соғысын бастады. Бұл соғыс тоқталған жоқ. Калединшілдер Москваға, екпінділер Питерге жақындап қалды. Бізге азамат соғысының керегі жоқ. Біздің әскерлеріміз зор шыдамдылық көрсетті. Олар аңысын аңдады, оқ атпады, сөйтіп әуелі екпінділер біздің үш кісімізді оққа ұшырды. Красновқа жеңіл шара қолданылды. Ол тек үйде қамау жазасына ғана тартылды. Біз азамат соғысына қарсымыз. Егер, соған қарамастан, ол соғыс тоқталмай отырса, біздің не істеуіміз керек? Троцкийдің сіздер кімнің атынан сөйлеп тұрсыздар деп сұрауы дұрыс еді. Біз Красновтан Каледин соғысты тоқтатады деп соның атынан қол қоясыз ба?— деп сұрадық. Ол, әрине, қол қоя алмаймын деп жауап берді. Жау дұшпандық әрекеттерін тоқтатпай отырғанда, біз оны қудалау шараларын қалай тоқтатпақшымыз?

Бізге бітім шарттары ұсынылған бойда біз келіс сөз жүргізуге барамыз. Бірақ әзірге бітімді бізге бітім жасасуға өздерінің қатысы жоқ адамдар ұсынып отыр. Мұның өзі тек жақсы лебіздер ғана. «Речь»[25] калединшілдердің органы ғой. Біз эсерлердің адал болуы әбден мүмкін деп санаймыз, солай бола тұрса да олардың сыртында, дегенмен, Каледин мен Милюков тұр ғой.

Сіздер, солдаттар мен жұмысшылар, неғұрлым табанды болсаңыздар, біз табысқа соғұрлым көбірек жетеміз. Керісінше жағдайда бізге: «егер Милюковты босатып жіберсе, олардың әлі де мықты болмағаны» дейді. Егер өкімет билігін қолға алсақ, буржуазиялық газеттерді жабамыз деп біз бұдан бұрын да мәлімдегенбіз. Ондай газеттердің өмір сүруіне төзу — социалист болудан қалу деген сөз. Кімде-кім «буржуазиялық газеттерді ашыңдар» десе, ол біздің социализмге қарай қарыштап алға басып бара жатқанымызды түсінбегені. Патша өкіметі құлатылғаннан кейін патшашыл газеттер жабылды ғой. Енді біз буржуазияның езгісін құлаттық. Әлеуметтік революцияны ойлап шығарған біз емес,— оны Советтер съезінің мүшелері жариялады,— ешкім қарсы болған жоқ, әлеуметтік революцияны жариялаған декретті бәрі қабылдады. Буржуазия бостандық, теңдік, туысқандық жариялады. Жұмысшылар: «бізге керегі бұл емес» дейді. Бізге: «сіздер шегініп барасыздар» дейді. Жоқ, жолдастар, Керенскийге қарай кері кеткен эсерлер. Бізге сіздердің қарарыңызда жаңалық бар, деседі. Әрине, біз жаңалық беріп отырмыз, өйткені біз социализмге қарай бара жатырмыз. Эсерлер I және II Думада сөз сөйлеген кезде, оларды да жаңалық айтып тұр деп келеке еткен болатын.

Жеке жарнамалар монополия деп танылуға тиіс. Баспашылар одағының мүшелері бір үзім нан тұрғысынан қарайды. Біз оларға нан береміз, бірақ басқа түрде береміз. Біз буржуазияның өзімізге жала жабуына мүмкіндік бере алмаймыз. Буржуазиялық газеттердің банктерге тәуелділігін тексеру үшін қазірден бастап комиссия тағайындау керек. Бұл газеттерге қандай бостандық керек? Көптеп қағаз сатып алу және көптеп

шимайшылар жалдау бостандығы емес пе екен? Баспасөздің капиталға тәуелді бұл бостандығынан біз аулақ болуымыз керек. Бұл мәселенің принциптік маңызы бар. Егер біз әлеуметтік революцияға қарай қадам басатын болсақ, Калединнің бомбаларына өтірік-өсек бомбаларын қоса алмаймыз.

Біздің заң жобамызда кемшіліктер, әрине, бар. Бірақ бұл жобаны жер-жердің бәрінде Советтер өздерінің жергілікті жағдайларына лайықтап қолданады. Біз бюрократтар емеспіз және ескі кеңселерде қолданылғандай, бәрін сол қалпынша барлық жерде қолданғымыз келмейді. Мен эсерлердің: деревнядағылар қаншама шексіз аз біледі, деген сөздерін еске түсіремін. Олар бәрін «Русское Словодан»[26] алып отыр. Сондықтан да біз газеттерді буржуазияның қолында қалдырғанымыз үшін кінәлымыз. Жаңа қоғамға қарай алға баса беру керек, сөйтіп февральда — мартта қаражүздік газеттерге қалай қараған болсақ, буржуазиялық газеттерге де солай қарауымыз керек.

2

СОЛШЫЛ ЭСЕРЛЕРДІҢ СҰРАУЫНА ЖАУАП

Солшыл эсерлер қойған сұрауға Ленин жолдас жауап беріп сөз сөйледі[27]. Ол төңкерістің алғашқы күндері большевиктердің солшыл эсерлердің өкілдеріне жаңа үкіметке кіруді ұсынғанын, бірақ бұл ауыр, қысылшаң күндерде жауапкершілікті өздерінің сол жақтағы көршілерімен бөліскісі келмеген солшыл эсерлер фракциясының өзі большевиктермен бірлесіп қызмет істеуді қабылдамай тастағанын еске салады.

Жаңа өкімет формальды жайттардың бәрін мүлтіксіз орындау кезінде алдына кесе тұруы мүмкін кедергілердің бәрін бірдей өз жұмысында түгел ескере алмады. Кезең тым күрделі еді және кешеуілдеуге мүмкіндік бермеді. Жаңа шаралардың сыртқы түріне ғана болмаса, ішкі мәніне ешқандай өзгеріс енгізбеген олпы-солпылықтарды жөндеп жату үшін уақыт ұтқызуға болмады. Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезінің өзі де формальды қиындықтардың бәрін былай қоя тұрып, бір үлкен мәжілісінде дүние жүзілік маңызы бар екі заң қабылдады ғой. Буржуазиялық қоғам тұрғысынан қарағанда бұл заңдардың формальды кемшіліктері бола-ақ қойсын, бірақ өкімет билігі Советтердің қолында тұрғанда олар керекті түзетулерді енгізе алады ғой. Керенский үкіметінің қылмысты әрекетсіздігі елді және революцияны апат болу шегіне әкеп тіреді; кешеуілдеу шынында да өліммен тең еді, сондықтан халықтың қалың бұқарасының тілектері мен үміттеріне сай келетін заңдар шығара отырып, жаңа өкімет тұрмыстың жаңа формаларын дамыту жолында кезең-

дер белгілейді. Жер-жердегі Советтер, жергілікті жағдайлар мен уақытқа лайықтап, үкімет жасаған негізгі ережелерді өзгертіп, кеңейтіп және толықтырып отыра алады. Бұқараның жанды творчествосы — жаңа жұртшылықтың негізгі факторы, міне, осы. Жұмысшылар өз фабрикалары мен заводтарында жұмысшы бақылауын орнатуды қолға алсын, олар деревняны фабрикаттармен жабдықтап отырсын, ол фабрикаттарды астыққа айырбастасын. Бірде-бір бұйым, бірде-бір қадақ астық есептен тыс қалмауға тиіс, өйткені социализм дегеніміз — ең алдымен есеп. Социализм жоғарыдан берілген нұсқаулар бойынша жасалмайды. Төрешіл-бюрократтық автоматизм социализмнің рухына жат; жанды, жасампаз социализм халық бұқарасының өзі жасаған игілігі болып табылады.

3

СОЛШЫЛ ЭСЕРЛЕРДІҢ СҰРАУЫ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

1

Ленин Халық Комиссарлары Советіне қарсы қойылған нақты айыптарға тоқталады. Муравьевтың бұйрығы[28] туралы Халық Комиссарлары Советі газеттерден ғана білді, өйткені бас қолбасшыға кешіктіруге болмайтын бұйрықтарды өз билігімен шығарып отыруға право берілген. Бұл бұйрықта жаңа өкіметтің рухына қайшы келетін ештеңе болмағанымен, өзінің редакциялануы жағынан қажетсіз түсініспеушіліктерге апарып соғуы мүмкін болғандықтан, Орталық Атқару Комитеті ол бұйрықты бұзды. Бұдан әрі сіздер жер туралы декретті сынайсыздар. Бірақ бұл декрет халықтың талаптарына сай келеді. Сіздер бізді схемашылдыққа салындыңыздар деп айыптайсыздар. Ал сіздердің жобаларыңыз, түзетулеріңіз, қарарларыңыз қайда? Сіздердің заң шығарушылық творчествоңыздың жемістері қайда? Сіздер мұндай істерге ерікті едіңіздер. Бірақ біз мұндай істеріңізді көре алмай отырмыз. Сіздер бізді экстремистер дейсіздер, ал сонда сіздер кімсіздер? Парламенттік обструкцияның, бұрын өсек-аяң деп аталған нәрсенің апологетісіздер. Егер сіздер риза болмасаңыздар, жаңа съезд шақырыңыздар, қимыл жасаңыздар, бірақ өкіметтің ыдырауы туралы өсек сөз айтпаңыздар. Өкімет халықтың қалың бұқарасының сеніміне сүйеніп отырған біздің партиямыздың қолында. Біздің бірнеше жолдасымыз большевизмге ешбір жанасымы жоқ платформада тұрған-ақ болсын. Бірақ Москваның жұмысшы бұқарасы Рыков пен Ногиннің соңынан ермейді. Прошьян жолдас былай деді: бұқарамен байланыс-

ты болған солшыл эсерлер Финляндияда революциялық социализмнің бүкіл сол қанатының өте тығыз ынтымақтасуы керек деп санады. Ал егер осында солшыл эсерлер бізге қосылмай отырса, онда мұнысымен олар — бұл арада өздерінің ізашарлары — қорғампаздардың кебіне ұшырағандықтарын ғана көрсетеді. Олар халықтан қол үзді.

2

Ленин мен Троцкий партия съездерінің мысалын және өздерінің партиялық тәртіпке бағынулары қажеттігін дәлелге келтіре отырып, өздерінің дауыс беруге қатыспайтындықтарын мәлімдеді.

4

БІР ТОП ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕН КЕТУІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАРАР

Бұдан бұрынғы сөйлеген шешендерге Ленин жолдас қарсы шықты. Ол былай деп көрсетті: «Батыс масқара үндемеуде»[29] деген соз интернационалистің аузынан шығуға лайық сөз емес. Германияда және Батыста жұмысшылар бұқарасын қамтып отырған қобалжуды соқыр адамның ғана көрмеуі мүмкін. Неміс пролетариатының жоғарғы тобы, ондағы социалистік интеллигенцияның копшілігі, барлық жердегі сияқты, мұнда да қорғампаздар болып отыр. Бірақ пролетарлық бұқара өзінің жоғарғы тобының еркіне қарсы шығып, біздің шақыруымызға үн қосуға әзір. Герман армиясы мен флотында үстем болып отырған қатал тәртіп оппозициялық элементтердің бас көтеруіне бөгет жасай алмады. Неміс флотының революцияшыл теңізшілері, өздерінің әрекеттерінің сәтсіз болатындығын күні бұрын біле тұрса да, халық ішінде әлі мүлгіп жатқан көтеріліс рухын өздерінің өлімімен ояту үшін ғана қаһармандықпен олімге бас тікті. «Спартак» тобы[30] озінің революциялық насихатын барған сайын жігерлілікпен өрістетуде. Пролетариаттың мұраттары жолындағы қажымас күрескер Либкнехттің есімі Германияда күннен-күнге кеңінен таралуда.

Біз Батыстағы революцияға сенеміз. Бұл революцияның болмай қоймайтынын біз білеміз, бірақ, әрине, оны заказ бойынша жасауға болмайды. Өткен жылы

декабрьде біз болашақ февраль күндері туралы дәлме-дәл біле алдық па? Біз сентябрьде бір айдан кейін Россияда революциялық демократияның дүние жүзіндегі асқан ірі төңкеріс жасайтындығын анық білдік пе? Ескі өкіметтің жапартау үстінде тұрғанын біз білдік. Халықтың сана-сезімінің терең түкпірлерінде болып жатқан астыртын ұлы жұмысты біз көп белгілері бойынша болжап біліп отырдық. Ауаның электр ұшқынына толы екенін біз сездік. Оның жаңартушы нажағай болып сөзсіз жарқ ететінін білдік. Бірақ бұл нажағайдың қай күні және қай сағатта жарқ ететіні туралы біз сәуегейлік істей алмадық. Бізде болған нақ осы жағдайды біз қазір Германияда да көріп отырмыз. Онда да халық бұқарасының үнсіз наразылығы күшеюде, ол сөзсіз халық қозғалысының формаларына ұласады. Біз революцияны декретпен жасамаймыз, бірақ оған біз де жәрдемдесе аламыз. Біз окоптарда бауырласуды ұйымдасқан түрде жүргіземіз, Батыс халықтарының жеңімпаз социалистік революция бастауына көмектесеміз. Закс жолдас содан соң социализмді декретпен орнату туралы айтты. Бірақ қазіргі өкімет бұқараның өзін тұрмыстың ең жақсы формаларын жасауға шақырып отырған жоқ па? Өңдеуші өнеркәсіптің өнімдерін астыққа айырбастау, өндірісті қатаң бақылау және есепке алу — социализмнің бастауы, міне, осы. Иә, бізде еңбек республикасы болады. Кім еңбек еткісі келмесе, ол ішіп-жемейтін болсын.

Онан соң, біздің партиямыздың оқшаулануы неден көрініп отыр? Жеке интеллигенттердің бөлініп шығуынан көрініп отыр. Бірақ бізді шаруалар күннен-күнге көбірек қолдауда. Кімде-кім халыққа сенсе, кімде-кім жанды халық творчествосының қайнар бұлағынан мейірін қандырса, сол ғана жеңеді, өкіметті сол ғана ұстап тұра алады.

Бұдан кейін Ленин жолдас Орталық Атқару Комитетіне мынадай қарар ұсынды:

Халық Комиссарлары Советіне келесі мәжіліске дейін ішкі істер жөніндегі, сауда және өнеркәсіп халық комиссарларының кандидатураларын белгілеуді тап-

сыра отырып, Орталық Атқару Комитеті Колегаев жолдасқа егіншілік халық комиссары қызметін алуды ұсынады.

«Правда» № 182, 20(7) ноябрь, 1917 ж. және «Известия ЦИК» № 218, 7 ноябрь, 1917 ж.

«Известия ЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр; бір топ халық комиссарларының мәлімдемесі жөніндегі қарар мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «II сайланған жұмысшы, солдат, шаруа және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мәжілістерінің протоколдары», Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасы, 1918

ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ СОЛДАТ ДЕПУТАТТАРЫ ПЕТРОГРАД СОВЕТІНІҢ МАЙДАН ӨКІЛДЕРІМЕН БІРЛЕСІП ӨТКІЗГЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1917 ж. 4(17) НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Үлкен баяндама жасай алмаймын, жаңа үкіметтің жағдайы, оның программасы мен оның міндеттері туралы тек қысқаша ғана хабарлай аламын.

Бейбітшілік саясатын талап етушіліктің, дереу бітім ұсынуды талап етушіліктің қандай бірауызды болғандығын сіздер білесіздер. Бүкіл Европада және бізде бітім туралы уәде етпеген бірде-бір буржуазиялық министр қалған жоқ; бұл сөздердің жалғандығына Россия солдаттарының көзі жетті; оларға бейбітшілік саясатын жүргізуге уәде етті, бірақ бітім ұсынған жоқ, қайта бітімнің орнына шабуылға айдады. Біз өз үкіметіміздің бірінші борышы дереу бітім ұсыну деп санадық, бұл істелді де.

Ленин жолдас жаңа үкіметтің қандай шарттармен бітім ұсынғанын баяндай келіп, сөзін былай деп жалғастырды: егер мемлекеттер отарларды өз қарамағында сақтап қалса, онда мұның мәнісі — бұл соғыс еш уақытта тоқталмайды деген сөз. Бұдан құтылудың жолы қайсы? Оның жолы біреу: жұмысшы және шаруа революциясының капиталды жеңуі. Найзаны жерге шаншып, соғысты бір дегеннен-ақ аяқтауға болады деп біз еш уақытта уәде еткен жоқпыз. Соғыс бүкіл дүние жүзін өзара бөлісіп алған миллиардтаған капиталдың қақтығысынан болып жатыр, сондықтан капиталдың өкіметін жоймайынша, соғысты тоқтатуға болмайды.

Өкіметтің Советтер қолына көшуіне тоқтай келіп, Ленин жолдас қазір өзінің жаңа құбылысты байқап отырғанын мәлімдеді: бүкіл өкімет Советтердікі екені-

не шаруалар сенбей отыр, олар Советтің жеке мекеме емес, мемлекеттік мекеме екенін ұмытып, үкіметтен тағы да бірдеңелер күтеді. Біз мынаны мәлімдейміз: біз жаңа мемлекетті тілейміз, Совет ескі чиновниктікті ауыстыруға тиіс, бүкіл халық басқаруды үйренуі керек. Тік басып нық тұрыңыздар, еңселеріңді жазыңыздар, сонда бізге қоқан-лоққы қорқынышты болмайды. Юнкерлер көтеріліс жасап байқап көрді, бірақ біз олардың желігін бастық; олар Москвада қырғын жасап, Кремль қабырғасында солдаттарды атты. Ал халық жеңген кезде, ол жаулардың әскерлік абыройын ғана сақтап қалған жоқ, қаруын да өзінде қалдырды.

Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті бізді ереуіл жасаймыз деп қорқытады, бірақ біз бұқараға сөз арнап, сендер ереуіл арқылы майдандағы солдаттарды, тылдағы халықты аштыққа ұшыратқыларың келе ме деп сұраймыз, ал мен теміржолшы пролетарлардың бұған бармайтындығына күмәнданбаймын. Адамдарды қамауға аласыңдар деп кінәлайды бізді. Иә, біз қамауға аламыз және бүгін Мемлекеттік банктің директорын қамауға алдық. Террор қолданып отырсыңдар деп кінәлайды бізді, бірақ біз қарусыз адамдардың басын кескен француз революционерлерінікі сияқты террор қолданып отырған жоқпыз және қолданбаймыз деп сенемін. Оны қолданбайтынымызға сенемін, өйткені күш біздің жағымызда. Біз қамауға алған кезде, егер сіз саботаж жасамаймын деп қолхат берсеңіз, сізді босатамыз деп айтқанбыз. Мұндай қолхаттар беріліп те жүр. Біздің кемшілігіміз — совет ұйымының әлі басқарып үйренбегенінде, біздің митингіге тым көбірек әуестенуімізде. Советтер отрядтарға бөлініп, басқару ісін қолдарына алатын болсын. Біздің міндетіміз — социализмге қарай аяқ басу. Жақында жұмысшылар өндіріске бақылау қою туралы заңды алды[31]. Бұл заң бойынша фабрика-завод комитеттері мемлекеттік мекеме болмақ. Жұмысшылар бұл заңды дереу жүзеге асырулары керек. Жұмысшылар шаруаларға мата, темір береді, ал шаруалар астық береді. Мен жаңа Иваново-Вознесенскіден келген бір жолдасты көрдім, ол маған ең бастысы — осы деді. Социализм

дегеніміз есеп. Егер сіздер темір мен матаның әрбір бөлегін есепке алғыларыңыз келсе — социализм дегеніміз осы болады. Өндіріс үшін бізге инженерлер керек және біз олардың еңбегін өте бағалаймыз. Біз оларға ықыласпен ақы төлейміз. Біз оларды өздерінің пұрсатты жағдайынан әзір айырмақшы емеспіз. Кімде-кім еңбек еткісі келсе — ол бізге бағалы, бірақ ол бастық болып емес, жұмысшылардың бақылауында тең дәрежеде еңбек етсін. Бізде адамдарға ашу шақырудың ұшқыны да жоқ, сондықтан біз олардың жаңа жағдайға көшуіне көмектесу үшін күш саламыз.

Шаруаларға келетін болсақ, онда біз былай дейміз: еңбекші шаруаға көмектесу керек, орташаны ренжітпеу керек, байды күштеу керек. 25 октябрьдегі революциядан кейін бізді құрып кетесіңдер деп қорқытпақ болды. Бұдан қорқып кеткен және өкіметтен қашқысы келген адамдар да болды, бірақ бізді құрта алмады. Құрта алмаған себебі — біздің жауларымыз тек юнкерлерге ғана сүйене алады, ал бізді халық жақтап отыр. Егер солдаттар мен жұмысшылар тегіс бас көтермеген болса, билік ұстап келгендердің қолынан өкімет билігі еш уақытта шығып кетпес еді. Өкімет Советтерге көшті. Советтер — халықтың толық бостандығының ұйымы. Біз, Совет үкіметі, өз уәкілдігімізді Советтердің съезінен алдық және сіздердің қолдауларыңызға сене отырып, осы уақытқа дейін қандай қимыл жасап келген болсақ, сондай қимыл жасаймыз. Біз ешкімді шығарғанымыз жоқ. Егер меньшевиктер мен эсерлер кетіп қалған болса, бұл — олардың тарапынан болған қылмыс. Біз солшыл эсерлерге үкіметке қатысуды ұсындық, бірақ олар бұдан бас тартты. Біз өкімет туралы саудаласқымыз келмейді, біз сауда құмарлармен саудаласқымыз келмейді. Корниловшылдардың ұясы болып табылатын қалалық думаны біз өкіметке жолатпаймыз. Бізді оқшау қалды деседі. Буржуазия біздің айналамызда өтірік-өсек пен жала жабу жағдайын туғызып отыр, бірақ мен өкіметтің Советтерге көшуін қуанышпен құттықтамаған солдатты әлі көргенім жоқ. Мен Советтерге қарсы сөз айтқан шаруаны көргенім жоқ. Ең кедей шаруалардың жұмысшылармен одағы

болуы қажет, сонда социализм бүкіл дүние жүзінде жеңіп шығады. (Совет мүшелері орындарынан тұрып, Ленинді қызу қол шапалақтап шығарып салды.)

«Правда» № 181,
18(5) ноябрь, 1917 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚҚА

Жұмысшы, солдат, шаруа, барлық еңбекші жолдастар!

Жұмысшы және шаруа революциясы Петроградта түпкілікті жеңді, Керенскийдің алдауына түскен казактардың азғана бөлегінің ақырғы қалдықтарын ыдыратып, қамауға алды. Революция Москвада да жеңді. Әскери күштерді алып, Петроградтан шыққан бірнеше поезд Москваға барып жетпестен бұрын-ақ, Москвада юнкерлер мен басқа да корниловшылдар бітім шарттарына, юнкерлерді қарусыздандыруға, Қорғап қалу комитетін[32] таратуға қол қойды.

Окоптардағы солдаттар мен уездердегі шаруалардың басым көпшілігі жаңа үкіметті және оның бітім ұсыну туралы, жерді дереу шаруаларға беру туралы заңдарын қолдайтындықтары жөнінде майданнан және деревнялардан күн сайын, сағат сайын хабарлар келіп түсуде. Жұмысшылар мен шаруалар революциясының жеңісі қамтамасыз етілді, өйткені оны қазірдің өзінде-ақ халықтың көпшілігі жақтап отыр.

Помещиктер мен капиталистердің, буржуазиямен тығыз байланысы бар *жоғары* қызметшілер мен чиновниктердің, қысқасы, барлық байлар мен байларды қолдаушылардың жаңа революцияны дұшпандықпен қарсы алып, оның жеңісіне қарсыласып отырғандығы, банктердің жұмысын тоқтатамыз деп қорқытып, әр түрлі мекемелердің жұмысын бүлдіріп немесе тоқтатып отырғандығы, жаңа революцияға барынша кедергі жасап, оған кейде тікелей, кейде жанамалап бөгет жасап

отырғандығы әбден түсінікті. Мұндай қарсыласуға біздің сөзсіз кездесетінімізді әрбір саналы жұмысшы жақсы түсінді, большевиктердің бүкіл партиялық баспасөзі мұны сан рет көрсетті. Еңбекші таптар бұл қарсыласудан бір минут та қорықпайды, буржуазияны жақтаушылардың қоқан-лоққысы мен ереуілдерінен титтей де тайсалмайды.

Халықтың көпшілігі біздің жағымызда. Бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілер мен езілгендердің көпшілігі біздің жағымызда. Әділетті іс біздің жағымызда. Біздің жеңісіміз қамтамасыз етілген.

Капиталистер мен жоғары қызметшілердің қарсылығы талқандалатын болады. Банктер мен синдикаттарды национализациялау туралы ерекше мемлекеттік заң шығармайынша біз бірде-бір адамды дәулетінен айырмаймыз. Бұл заң әзірленіп жатыр. Бірде-бір еңбекші мен қызметкер бір тиынын да жоғалтпайды; қайта керісінше, оған көмек көрсетіледі. Үкімет қатаң есеп пен бақылаудан басқа, бұрын белгіленген салықтарды жария өндіруден басқа ешқандай бөтен шаралар істемейді.

Осы әділетті талаптар халықтың орасан басым көпшілігін уақытша жұмысшы және шаруа үкіметінің төңірегіне топтастырды.

Еңбекші жолдастар! Мемлекетті енді *с і з д е р д і ң ө з д е р і ң і з* басқарып отырғандарыңызды есте ұстаңыздар. Егер сіздер өздеріңіз бірігіп, мемлекеттің *б а р л ы қ і с і н ө з д е р і ң і з д і ң* қолдарыңызға алмасаңыздар, сіздерге ешкім көмектеспейді. *С і з д е р д і ң* Советтеріңіз — бұдан былай мемлекеттік өкіметтің органдары, уәкілетті, шешуші органдар.

Өз Советтеріңіздің төңірегіне топтасыңыздар. Оларды нығайтыңыздар. Ешкімді күтпей, істі төменнен өздеріңіз қолға алыңыздар. Өте қатаң революциялық тәртіп орнатыңыздар, маскүнемдердің, бұзақылардың, контрреволюцияшыл юнкерлердің, корниловшылдардың және сол сияқтылардың тарапынан анархия жасау әрекеттерін аяусыз басып-жаныштаңыздар.

Өнімдерді өндіруге және есепке алуға өте қатаң бақылау қойыңыздар. Өндіріске саботаж жасап (бұзып,

тежеп, бүлдіріп) немесе астық пеп онімдердің қорын жасырып немесе астық тасымалыпа богет жасап, немесе темір жол, почта, телеграф, телефон жұмысының пырқын бұзып және жалпы алғанда бейбітшіліктің ұлы ісіне, жерді шаруаларга беру ісіне, өнімдердің өндірілуін және болінуін жұмысшы бақылауына алуды қамтамасыз ету ісіне қандай да болсын қарсыласып, халық ісіне зиян тигізуге батылы барған әрбір адамды қамауға алып, халықтың революциялық сотына тартып отырыңыздар.

Жұмысшы, солдат, шаруа және барлық еңбекші жолдастар! *Бүкіл* өкімет билігін *өз* Советтеріңіздің қолына алыңыздар. Жерді, астықты, фабрикаларды, құрал-сайманды, онімдерді, транспортты көздің қарашығындай сақтап, қорғаңыздар — мұның бәрі қазірден бастап *бүгіндей* сіздердің, жалпы халықтың дәулеті болады. Бірте-бірте, шаруалардың көпшілігінің ризалығымен және мақұлдауымен, солардың және жұмысшылардың *практикалық* тәжірибесінің көрсетуі бойынша, біз социализмнің жеңісіне қарай берік және табандылықпен қадам басамыз, бұл жеңісті неғұрлым цивилизациялы елдердің алдыңғы қатарлы жұмысшылары нығайта түседі және ол жеңіс халықтарды баянды бейбітшілікке жеткізіп, езушілік атаулыдан және қанаушылық атаулыдан азат етеді.

5 ноябрь, 1917 ж.
Петроград.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

«Правда» № 4 (кешкі басылымы), 19(6) ноябрь, 1917 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ШАРУАЛАРДЫҢ СҰРАУЛАРЫНА ЖАУАП[33]

Шаруалардың сан алуан сұрауларына жауап ретінде түсіндірілетін нәрсе мынау: мемлекетте бүкіл өкімет билігі, қазірден бастап бүтіндей жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің қолына көшті. Жұмысшы революциясы Петроград пен Москвада жеңді, Россияның қалған жерлерінің бәрінде де жеңуде. Жұмысшы және шаруа үкіметі помещиктерге қарсы, капиталистерге қарсы жұмысшылар мен шаруалар бұқарасының, ең кедей шаруалардың, шаруалар көпшілігінің одағын қамтамасыз етіп отыр.

Сондықтан шаруа депутаттарының Советтері, ең алдымен уездік, одан соң губерниялық Советтер қазірден бастап және бұдан былай Құрылтай жиналысына дейін мемлекеттік өкіметтің жер-жердегі уәкілетті органдары болып табылады. Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезі жерге помещиктік меншікті *жойды*. Қазіргі уақытша жұмысшы және шаруа үкіметі жер туралы указды жариялап та жіберді. Бұл указ бойынша барлық помещиктік жер бүтіндей шаруа депутаттары Советтерінің қолына көшеді.

Болыстық жер комитеттері толық тәртіп сақтай отырып, бұдан былай жалпы халықтың дәулетіне айналған, сондықтан халықтың өзі қорғауға тиісті бұрынғы помещиктік мүлікті қатаң қорғай отырып, барлық помещиктік жерлерді дереу өздерінің қарамағына, қатаң есепке алулары тиіс.

Болыстық жер комитеттерінің шаруа депутаттары уездік Советтерімен келісіп қабылдаған барлық жар-

лықтары *заң* болып табылады, сондықтан сөзсіз және дереу жүзеге асырылуға тиіс.

Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезі тағайындаған Жұмысшы және шаруа үкіметі Халық Комиссарлары Советі деп аталды.

Халық Комиссарлары Советі шаруаларды жер-жерде бүкіл өкімет билігін өз қолдарына алуға шақырады. Жұмысшылар шаруаларды толық, бүтіндей және барынша қолдайды, машиналар мен құрал-сайман өндіруді жолға қояды, шаруалардан астық тасып жеткізу жөнінде көмектесуді өтінеді.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

Петроград.
5 ноябрь, 1917 ж.

«Известия ЦИК» № 219,
8 ноябрь, 1917 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ (БОЛЬШЕВИКТЕР) ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕН

Каменев, Зиновьев,
Рязанов және Ларин жолдастарға

Орталық Комитет сіздердің саясатыңыздың көрнекті өкілдеріне (Каменев пен Зиновьевке) бұрын бір рет ультиматум қойып, Орталық Комитеттің шешімдеріне және оның бағытына толық бағынуды, оның жұмысына саботаж жасаудан, іріткі салушылық әрекеттен толық бас тартуды талап еткен болатын*.

Орталық Комитеттен кетіп, бірақ партияда қала отырып, сіздердің саясатыңыздың өкілдері сонымен өздеріне Орталық Комитеттің қаулыларына бағыну жөнінде міндеттеме алған еді. Оның бер жағында, сіздер, партия ішінде сын айтумен тынбай, әлі аяқталмаған көтеріліс күрескерлерінің қатарына ауытқушылық енгізіп отырсыздар және, партиялық тәртіпті бұзып, партиямыздың шеңберінен тыс, Советтерде, муниципалдық мекемелерде, кәсіптік одақтарда және тағы сондайларда Орталық Комитеттің шешімдерін орындатпай, оның жұмысына бөгет жасаудасыздар.

Осы себептен Орталық Комитет өзінің ультиматумын қайталауға және сіздерге не Орталық Комитеттің шешімдеріне бағыну және барлық іс-әрекеттеріңізде оның саясатын жүргізу жөнінде дереу жазбаша түрде уәде беруді, не болмаса бұқаралық партиялық қызмет атаулыдан шеттеуді және бұдан былай партия съезі болғанға дейін жұмысшы қозғалысындағы барлық жауапты қызмет орындарынан кетуді ұсынуға мәжбүр болып отыр.

---

* Қараңыз: осы том, 50—52-беттер. *Ред.*

Осы екі міндеттеменің бірін беруден бас тартсаңыздар, Орталық Комитет сіздерді дереу партиядан шығару туралы мәселе қою қажет деп біледі.

1917 ж. 5 немесе 6 (18 немесе 19) ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1927 ж. «Партия Зиновьев пен Каменевтің 1917 ж. октябрьдегі штрейкбрехерлігіне қарсы» деген кітапшада басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ (БОЛЬШЕВИКТЕР) ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕН

ПАРТИЯНЫҢ БАРЛЫҚ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ РОССИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЕҢБЕКШІ ТАПТАРЫНА

Жолдастар!

Баршаға мәлім, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Екінші съезінде делегаттардың көпшілігі большевиктер партиясынан болды.

Жаңа ғана жасалған және Петроградта да, Москвада да, сол сияқты бүкіл Россияда да жеңген революцияны түсіну үшін бұл факт негізгі факт болып табылады. Жаңа революцияның түпкі негізін, атап айтқанда: *бүкіл өкімет билігі Советтерге берілсін*, деген негізін бұзушы капиталистердің барлық жақтаушылары мен олардың барлық сапасыз қолдаушылары нақ осы фактіні үнемі ұмытып жүр және елегісі келмейді. Россияда *Совет үкіметінен* басқаша үкімет болуға тиіс емес. Россияда Совет өкіметі жеңіп алынды, сондықтан үкіметтің советтік бір партияның қолынан екінші партияның қолына көшуі ешқандай революциясыз, Советтердің жай шешімімен, Советтер депутаттарын жай қайта сайлаумен қамтамасыз етілді. Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезі көпшілікті большевиктер партиясына берді. Сондықтан, осы партия құрған үкімет қана Совет үкіметі болып табылады. Ал большевиктер партиясының Орталық Комитеті жаңа үкімет құрылардан және үкімет мүшелерінің тізімін Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезіне ұсынардан бірнеше сағат бұрын өзінің мәжілісіне солшыл эсерлер тобының үш көрнекті мүшесін: Камков, Спиро және Карелин жолдастарды шақырып, *оларға* жаңа үкіметке қатысуды *ұсынғаны да* баршаға мәлім. Солшыл эсер

жолдастардың бас тартқанына біз өте қынжыламыз, олардың бас тартуын біз революционер үшін және еңбекшілердің жақтаушысы үшін кешіргісіз деп санаймыз, біз солшыл эсерлерді үкіметтің құрамына енгізуге қай уақытта болса да әзірміз, бірақ біз Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезіндегі көпшіліктің партиясы болғандықтан, үкіметті құруға праволы екенімізді *және* халық алдында *міндетті* екенімізді мәлімдейміз.

Біздің партияның Орталық Комитеті Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезіне халық комиссарларының таза большевиктік тізімін ұсынғаны және *таза большевиктік үкіметтің бұл тізімін съездің мақұлдағаны* баршаға мәлім.

Сондықтан большевиктік үкімет Совет үкіметі *емес* деген мәлімдемелер мүлдем жалған және мұндай алдамыш мәлімдемелер халық жауларынан ғана, Совет өкіметінің жауларынан ғана шығады және солардан шығуы мүмкін. Қайта керісінше, қазір, Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезінен кейін, алдағы уақытта үшінші съезд шақырылғанға дейін, немесе Советтердің болашақ қайта сайлануына дейін, немесе Орталық Атқару Комитеті болашақта жаңа үкімет құрғанға дейін большевиктік үкімет *қана,— тек* большевиктік үкімет қана қазір *Совет* үкіметі болып танылала алады.

* *
*

Жолдастар! Біздің партиямыздың Орталық Комитетінің және Халық Комиссарлары Советінің бірнеше мүшесі, Каменев, Зиновьев, Ногин, Рыков, Милютин және басқа да азғана адам кеше, 4 ноябрьде, біздің партиямыздың Орталық Комитетінен және — соңғы үшеуі — Халық Комиссарлары Советінен шықты. Біздің партиямыз сияқты үлкен партияда, біздің саясатымыздың пролетарлық-революциялық бағытына қарамастан, халық жауларына қарсы күресу ісінде табандылығы мен беріктігі жеткіліксіз кейбір жолдастар табылмай қалған жоқ. Қазір біздің партиямыздың алдында тұрған міндеттер шынында да шексіз, қиыншылықтар зор,— ал біздің партиямыздың бұрын жауапты

қызмет орындарында болған бірнеше мүшесі буржуазияның қысымына төзе алмай, біздің арамыздан қашты. Бүкіл буржуазия және оның барлық көмекшілері бұл жөнінде шаттанып, мәз болуда, табалап, сәтсіздік туралы айқай-шу көтеруде, большевиктік үкімет құриды деп сәуегейлік жасауда.

Жолдастар! Бұл өтірікке сенбеңіздер. Кеткен жолдастар өздеріне сеніп тапсырылған қызмет орындарын тастап қана қоймай, оның үстіне ең болмаса Петроград және Москва партия ұйымдарының шешімдеріне дейін кетпей күте тұру туралы біздің партиямыздың Орталық Комитетінің тікелей қаулысын бұзып, дезертирлердің ісін істеді[34]. Біз бұл дезертирлікті үзілді-кесілді айыптаймыз. Біздің партиямыздың қатарындағы немесе оған тілектес барлық саналы жұмысшылар, солдаттар мен шаруалар дезертирлердің бұл әрекетін нақ сондай үзілді-кесілді айыптайтынына біз кәміл сенеміз.

Ал біз мынаны мәлімдейміз: біздің партиямыздың жоғарғы тобындағы бірнеше адамның дезертирлік әрекеті партиямызға ерген *бұқараның* бірлігін бір минут та және титтей де қобалжыта алмайды, демек, біздің партиямызды да қобалжыта алмайды.

Дезертирлердің ішінен екі адам, Каменев пен Зиновьев, Петроградтағы көтерілістің алдында-ақ дезертирлер мен штрейкбрехерлер ретінде бой көрсеткенін еске түсіріңіздер, жолдастар, өйткені олар Орталық Комитеттің 1917 ж. 10 октябрьдегі шешуші жиналысында ғана көтеріліске қарсы дауыс беріп қойған жоқ, сонымен қатар Орталық Комитеттің шешімі қабылданғаннан *кейін* де көтеріліске қарсы үгіттеп, партия қызметкерлері алдында сөздер сөйледі. Жұмысшылардың жағына шығудан қорқатын және буржуазия жағына көбірек ойысатын газеттердің (мәселен, «Новая Жизньнің») ол кезде біздің партиямыздың «күйрегендігі» туралы, «көтерілістің сәтсіздікке ұшырағандығы» және т. с. туралы бүкіл буржуазиялық баспасөзбен бірге шу көтеріп, даурыққанын жұрттың бәрі біледі. Бірақ өмір біреулердің өтірігі мен жаласын, екіншілердің күдігін, ауытқушылығы мен қорқақтығын тез-ақ бекерге шығарды. Каменев пен Зиновьевтің Петроград

көтерілісін болдырмауды көздеген іс-әрекеттеріне байланысты көтерілмекші болған «дауыл» *стакандағы судың бұрқылы* болып шықты, сөйтіп темір жол поезы жаңқаны қандайлық оп-оңай ұшырып жіберетін болса, бұқараның асқан ынта-жігері, Питер мен Москвада, майданда, окоптарда және деревняларда миллиондаған жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың асқан ерлігі дезертирлерді де сондай оп-оңай ысырып тастады.

Барлық қосүрейлер, барлық ауытқушылар, барлық күдікшілдер, буржуазиядан қорқып қалғандардың бәрі немесе буржуазияның тікелей және жанама қолғабысшыларының байбаламына бас июшілердің бәрі қысылып-қымтырыла берсін. Петроградтық, москвалық және басқа жұмысшылар мен солдаттар *бұқарасында* қобалжушылықтың *нышаны да жоқ*. Біздің партия бір кісідей бірауыздылықпен және табандылықпен Совет өкіметін қорғап отыр, барлық еңбекшілердің, ең алдымен жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың мүдделерін қорғап отыр!

Буржуазиялық шимайшылардың және буржуазиядан қорқып қалғандардың даурығы бізді ырыққа көнбейді деп, бізді ымыраға келмейді деп, бізді басқа партиямен өкіметті бөліскісі келмейді деп айыптайды. Мұнысы өтірік, жолдастар! *Біз* солшыл эсерлерге бізбен өкіметті бөлісуді *ұсындық* және ұсынып отырмыз. Егер *олар бас тартса,* бұл — біздің кінәмыз емес. Біз Советтердің Екінші съезі тарағаннан кейін де келіс сөз жүргізе бастадық, бұл келіс сөздерде біз корниловшылдардың ұясы болып отырған Петроград қалалық думасының бір бөлегінен өкілдер болуына шартты түрде келісім беруге дейін барып, әр түрлі кеңшіліктер жасадық; ал егер оңбаған-корниловшылдар, егер капиталистер мен помещиктердің еркетайлары, юнкерлер өткен жексенбіде Петроградта істеп көргеніндей және қайтадан байқап көргісі келіп отырғанындай (бұл — Пуришкевичтің заговоры ашылуымен және кеше, 3 ноябрьде, одан тінтін алынған қағаздармен дәлелденді) тағы да халықтың еркіне қарсы шыққылары келсе, халық ең алдымен корниловшылдардың бұл ұясының күліп көк-

ке ұшырады. Бірақ солшыл эсерлердің тасасына тығылып алып, солар арқылы буржуазияның мүддесі үшін әрекет етіп отырған мырзалар біздің кеңшілігімізді біздің әлсіздігіміз деп түсінді, сөйтіп бізге жаңа ультиматумдар қою үшін пайдаланды. 3 ноябрьдегі кеңеске[35] Абрамович пен Мартов мырзалар келіп: сіздердің үкіметіңіз қамауға алуын және буржуазиялық газеттерді жабуын тоқтатқанға дейін ешқандай келіс сөз жүргізілмейді, деп ультиматум қойды.

Ал біздің партия және Советтер съезінің Орталық Атқару Комитеті көрінеу Калединнің, буржуазияның, Керенский мен Корниловтың жақтаушыларынан шығып отырған бұл ультиматумды орындаудан *бас тартты.* Пуришкевичтің заговоры және 17-ші корпустың Питерге жорық жасаймыз деп бізді қорқытпақ болған бөлімі делегациясының 5 ноябрьде Петроградқа келуі (бұл қорқытулары адам күлерлік, өйткені бұл корниловшылдардың алдыңғы отрядтары қазірдің өзінде-ақ талқандалды және Гатчина түбінде тым-тырақай бет алдына қашты, ал олардың көпшілігі Советтерге қарсы шығудан бас тартты),— міне осы оқиғалардың бәрі Абрамович пен Мартов мырзалардың ультиматумы *іс жүзінде* кімнен шыққанын, бұл адамдардың *іс жүзінде* кімге қызмет еткенін көрсетті.

Барлық еңбекшілер абыржымай, бекем болсын! Советтердің азшылығының, буржуазиядан қорқып қалған және өздерінің «ізгі ниеттеріне» қарама-қарсы, шынымен, іс жүзінде, корниловшылдардың қолында ойыншық болып отырған азшылықтың ультиматумдарына біздің партиямыз еш уақытта көнбейді.

Совет өкіметінің, яғни Советтердің соңғы съезінде басым болған *көпшіліктің* өкіметінің принципінде біз берік тұрмыз, біз Советтердегі азшылық көпшілікке бағынуға және Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезі *бүкілдей мақұлдаған,* бірте-бірте, бірақ берік және бұлжымай социализмге қарай қадам басуды көздеген программаны жүзеге асыруға шын көңілімен, адал ниетімен міндеттеме алатын болса, бұл азшылықпен өкіметті бөлісуге келісім бердік және *келісім береміз.* Бірақ бұқара қолдамайтын, *іс жүзінде* тек корнилов-

шылдар, савинковшылдар, юнкерлер және басқалар ғана қолдайтын интеллигенттік топсымақтардың ешқандай ультиматумдарына біз бағынбаймыз.

Барлық еңбекшілер абыржымай, бекем болсын! Біздің партия, совет көпшілігінің партиясы олардың мүдделерін ынтымақпен және топтасқан түрде қорғап отыр, сөйтіп бейбітшіліктің жеңуін және социализмнің жеңуін қайткен күнде де жүзеге асыруға әзір миллиондаған жұмысшылар қалаларда, солдаттар окоптарда, шаруалар деревняларда біздің партиямызды бұрынғысынша жақтап отыр!

1917 ж. 5—6 (18—19) ноябрьде жазылған

1917 ж. 20(7) ноябрьде «Правда» газетінің 182-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

1917 ж. 9(22) НОЯБРЬДЕ ҮКІМЕТТІҢ СТАВКАМЕН ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСУІ[36]

— Мұнда аппараттағы жоғарғы бас қолбасшы ма?

— Дитерихс.

— Рақым етіңіз, жоғарғы бас қолбасшының міндетін атқарушыны шақырыңыз. Егер генерал Духонин бұл міндетті атқармайтын болса, қазіргі уақытта оның орнындағы адамды шақыруыңызды өтінеміз. Біздің білуімізше, генерал Духонин өз міндетін атқаруды әлі тоқтатпаған сияқты.

Ставка жауап береді:— Жоғарғы бас қолбасшының қызметін атқарушы генерал Духонин сіздерді түнгі сағат бірге дейін күтті, қазір ұйықтап жатыр. Аппарат жұмыс істемеді, ал одан кейін ставканы бас пәтердің проводы арқылы сөйлестіріп, босамай қойды.

— Егер білсеңіз, мынаны айтыңыз: Халық Комиссарлары Советінің сағат 4-те жіберілген радиотелеграммасын сіздер алдыңыздар ма және Халық Комиссарлары Советінің бұйрығын орындау үшін не істелді?

Ставка жауап береді:— Номері және датасы көрсетілмеген мемлекеттік маңызы бар телеграмма алынды, сондықтан генерал Духонин генерал Маниковскийден телеграмманың дұрыстығын растайтын керекті кепілдіктер берілуін сұрады.

— Бұл сұрауға Маниковский не деп жауап берді және бұл сұрау қай сағатта, қалайша жіберілді: радиомен бе, телефон немесе телеграф арқылы ма?

Ставка жауап береді:— Жауап әлі алынған жоқ және бұдан бір сағат бұрын жауапты тездету жөнінде өтініш жіберілді.

— Бірінші сұраудың қай сағатта және нақ қандай әдіспен жіберілгенін дәл айтуыңызды өтінемін. Шапшаңырақ айтуға болмас па екен?

Ставка жауап береді:— Генерал Маниковскийге телеграмма аппарат бойынша да және радио арқылы да жіберілді,— қай сағатта жіберілгенін қазір айтады.
— Телеграмма 19 сағат 50 минутта жіберілген.

— Бұл сұраудың әскери істер жөніндегі халық комиссары ретінде маған да қоса жіберілмегендігінің себебі не[37], өйткені генерал Маниковский жабдықтау мен азық-түлік жөніндегі техникалық жұмысты жүргізе беру міндеті жүктелген адам ғана екендігі, ал әскери министрліктің қызметіне саяси басшылық ету және мұның үшін жауапкершілік маған жүктелгені жоғарғы бас қолбасшыға менімен жеке әңгімелесуінен мәлім болатын.

Ставка жауап береді:— Бұл жөнінде ештеңе айта алмаймын.

— Біз мұншама маңызды мемлекеттік істі кешеуілдеткендік үшін жауаптылықты бүтіндей генерал Духонинге жүктейтінімізді үзілді-кесілді мәлімдейміз және біріншіден, дереу парламентерлер жіберуді, ал, екіншіден, генерал Духониннің ертең таңертең сағат дәл 11-де тікелей проводқа өзі келуін сөзсіз талап етеміз. Егер кешеуілдетушілік аштыққа, күйреуге немесе жеңіліске, немесе анархиялық бүліктерге апарып соқса, онда барлық айып сіздерге тағылады, бұл туралы солдаттарға хабар етіледі.

Ставка жауап береді:— Бұл туралы мен генерал Духонинге баяндаймын.

— Қашан баяндайсыз?— Қазір ме?— Онда Духонинді күтеміз.

Ставка жауап береді:— Қазір оятамын.
— Аппарат алдында жоғарғы бас қолбасшының міндетін уақытша атқарушы генерал Духонин.

— Халық комиссарлары аппарат алдында тұр, сіздің жауабыңызды күтеміз.

— Телеграмманы маған сіздердің жібергендеріңізге жоғарғы бас қолбасшының пәтерімен сіздердің сөйлескен сөздеріңіздің маған қазір ғана тапсырылған лентасын көріп көзім жеткеннен кейін, халық комиссарлары Ульянов-Лениннің, Троцкийдің және Крыленконың қол қойған телеграммасы бойынша шешім қабылдамастан бұрын маған мынадай нақтылы мәліметтер өте-мөте қажет: 1) Халық Комиссарлары Советінің соғысып жатқан мемлекеттерге бітім туралы декретпен қоса жолдаған өзінің үндеуіне алған қандай да бір жауабы бар ма; 2) біздің майданымыздың құрамына кіретін румын армиясымен не істемекші болдық; 3) сепараттық уақытша бітім туралы келіс сөз жүргізу көзделіп отыр ма және кіммен жүргізілмек, тек немістермен ғана ма, әлде түріктермен де ме, немесе жалпы уақытша бітім үшін келіс сөз жүргізбекпіз бе?

— Сізге жіберілген телеграмманың тексті мейлінше нақты және айқын, онда барлық соғысып жатқан елдермен уақытша бітім жөнінде келіс сөздерді дереу бастау туралы айтылған, сондықтан біз, бұл мемлекеттік маңызды істі қандайда болса алдын ала сұрақтармен кешеуілдету правосын үзілді-кесілді теріске шығара отырып, дереу парламентерлер жіберуді және келіс сөздердің барысы туралы бізге әрбір сағат сайын хабарлап отыруды талап етеміз.

Ставка жауап береді:— Менің сұрақтарым таза техникалық сипаттағы сұрақтар, бұларды шешпейінше келіс сөздерді жүргізу мүмкін емес.

— Келіс сөздер кезінде көптеген техникалық, дәлірек айтсақ, тәптіштелетін мәселелердің туатындығын сіздің түсінбеуіңіз мүмкін емес, мұндай мәселелер туа қалса, немесе дұшпан жақ ондайларды қозғай қалса біз сізге бұл мәселелерге кезінде жауап береміз; сондықтан барлық соғысып жатқан елдердің арасында, одақтастармен де, бізбен жауласу жағдайында отырғандармен де уақытша бітім жасасу туралы ресми келіс сөздерге дереу және сөзсіз кірісуді тағы да және ультиматумды түрде талап етеміз. Нақпа-нақ жауап беруге рақым етіңіз.

— Мен державалармен тікелей келіс сөз жүргізудің сіздер үшін мүмкін емес екенін ғана түсіне аламын. Сондықтан да мұндай келіс сөздерді сіздердің атыңыздан жүргізу мүмкіндігі мен үшін де өте аз. Бұл келіс сөздерге тиісті бедел беру үшін, нәтижелерге жету үшін армия мен ел қолдап отырған орталық үкіметтің өкіметінің ғана дұшпандар үшін жеткілікті салмағы мен маңызы бола алады. Мен де жалпыға бірдей бітімді тез жасасу Россияның мүдделеріне сай келеді деп санаймын.

— Бізге нақпа-нақ жауап беруден және біз берген бұйрықты орындаудан сіз үзілді-кесілді бас тартасыз ба?

— Сіздердің телеграммаңызды орындау мен үшін мүмкін еместігінің себептері туралы нақпа-нақ жауабымды мен айтып отырмын және Россия үшін керекті бітімді орталық үкімет қана бере алатындығын тағы да қайталаймын. *Духонин.*

— Россия республикасы үкіметінің атынан, Халық Комиссарлары Советінің тапсыруы бойынша, біз сізді үкіметтің бұйрықтарына бой сұнбағандығыңыз үшін және барлық елдердің еңбекші бұқарасын, әсіресе армияларды адам айтқысыз апатқа ұшырататын әрекетіңіз үшін атқарып отырған қызметіңізден босатамыз. Біз ставкаға жаңа бас қолбасшы немесе сізден істерді қабылдауға одан уәкілдік алған адам келгенге дейін сізге істі жүргізе беруді соғыс уақытының заңы бойынша жауаптылығыңызды ескерте отырып бұйырамыз. Бас қолбасшы болып прапорщик Крыленко тағайындалады.

Ленин, Сталин, Крыленко

«Рабочий и Солдат» № 20, 9(22) ноябрь, 1917 ж.

«Рабочий и Солдат» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖҰРТТЫҢ БӘРІНЕ РАДИОХАБАР

БАРЛЫҚ ПОЛКТІК, ДИВИЗИЯЛЫҚ, КОРПУСТЫҚ, АРМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА КОМИТЕТТЕРГЕ, РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ АРМИЯНЫҢ БАРЛЫҚ СОЛДАТТАРЫ МЕН РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ФЛОТТЫҢ БАРЛЫҚ МАТРОСТАРЫНА[38]

7 ноябрьдің түнінде Халық Комиссарлары Советі бас қолбасшы Духонинге радиотелеграмма жіберіп, оған барлық соғысып жатқан елдерге, одақтастарға да, бізбен жауласу жағдайында отырғандарға да, дереу және ресми түрде уақытша бітім ұсынуды бұйырды.

Бұл радиотелеграмманы ставка 8 ноябрьде, таңертеңгі 5 сағат 5 минутта алды. Духонинге келіс сөздердің барысын Халық Комиссарлары Советіне үздіксіз баяндап отыру және уақытша бітім актісіне Халық Комиссарлары Советі оны бекіткеннен кейін ғана қол қою бұйырылды. Сонымен қатар, уақытша бітім жасасу жөніндегі мұндай ұсыныс одақтас елдердің Петроградтағы барлық уәкілетті өкілдеріне де ресми түрде тапсырылды.

8 ноябрьдің кешіне дейін Духониннен жауап ала алмағаннан кейін, Халық Комиссарлары Советі кешеуілдеу себептерін тікелей провод арқылы Духониннен сұрау үшін Ленинге, Сталинге және Крыленкоға уәкілдік берді.

Сөйлесу 9 ноябрьде таңертеңгі сағат 2-ден 4 жарымға дейін созылды. Духонин өзінің қылығы жөнінде түсінік беруден және үкіметтің бұйрығына нақпа-нақ жауап қайтарудан бұлтармақ болып көптеген әрекеттер істеді, ал уақытша бітім туралы ресми келіс сөздерге дереу кірісу Духонинге үзілді-кесілді бұйырылған кезде, ол бағынудан бас тартып жауап берді. Сонда Россия республикасының үкіметі атынан және Халық Комиссарлары Советінің тапсыруы бойынша Духонин-

ге үкіметтің бұйрықтарына бой сұнбағандығы үшін және барлық елдердің еңбекші бұқарасын, әсіресе армияларды адам айтқысыз апатқа ұшырататын әрекеті үшін оның қызметінен босатылатыны мәлімденді. Мұнымен қатар жаңа бас қолбасшы немесе Духониннен істерді қабылдауға уәкілдігі бар адам келгенге дейін, Духонинге істі жүргізе беру бұйырылды. Жаңа бас қолбасшы болып прапорщик Крыленко тағайындалды.

Солдаттар! Бейбітшілік ісі сіздердің қолдарыңызда. Бейбітшіліктің ұлы ісіне контрреволюциялық генералдардың бөгет жасауына сіздер жол бермейсіздер, революциялық армияға лайықсыз өз беттерімен жазалау әрекеттері болмас үшін және ол генералдардың өздеріне тиесілі жазадан жалтаруына жол бермеу үшін сіздер оларға күзет қойыңыздар. Сіздер өте қатаң революциялық және әскери тәртіпті сақтаңыздар.

Позицияларда тұрған полктер дұшпанмен уақытша бітім жасасу туралы келіс сөздерге ресми түрде кірісу үшін дереу уәкілдер сайлайтын болсын.

Халық Комиссарлары Советі сіздерге бұған право береді.

Келіс сөздердің әрбір қадамы туралы қандай жолмен болса да бізге хабарлап отырыңыздар. Уақытша бітім туралы түпкілікті шартқа қол қоюға тек Халық Комиссарлары Советі ғана праволы.

Солдаттар! Бейбітшілік ісі сіздердің қолдарыңызда! Қырағылық, ұстамдылық, жігерлілік керек, сонда бейбітшілік ісі жеңеді!

Россия республикасының үкіметі атынан

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

Әскери істер жөніндегі халық комиссары және жоғарғы бас қолбасшы *Н. Крыленко*

1917 ж. 9(22) ноябрьде жазылған

1917 ж. 9(22) ноябрьде «Рабочий и Солдат» газетінің 20-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

«СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР ХАЛЫҚТЫ ҚАЛАЙ АЛДАДЫ ЖӘНЕ БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ ЖАҢА ҮКІМЕТІ ХАЛЫҚҚА НЕ БЕРДІ» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗ

Елдің тағдырын енді Россия шаруаларының өз қолдарына алуларына тура келіп отыр.

Екі астананың екеуінде де және Россия жерінің басым көпшілігінде жұмысшы революциясының жеңуі жерді тәртіптеу ісін шаруалардың *өз* қолдарына алу *мүмкіндігін* қамтамасыз етті. *Өздерінің* шаруа депутаттарының Советтері нағыз, шын мәнісіндегі, жоғарғы *мемлекеттік* өкімет екендігін шаруалардың бәрі бірдей әлі түгел түсініп болған жоқ, бірақ кешікпей түсінеді.

Шаруалар осыны түсінген кезде жұмысшылармен олардың одағы, шаруалардың көпшілігінің, еңбекшілердің, ең кедей шаруалардың одағы нығаяды. Шаруалардың капиталистермен одағы емес, Советтерде де, Құрылтай жиналысында да, тек *осы* одақ қана, осы одақтың бір өзі ғана еңбекшілердің мүдделерін шын мәнісінде қамтамасыз ете алады.

Шаруалардың соғыс сұмдықтарынан және помещиктер мен капиталистердің езгісінен құтылуы олардың байлармен *емес,* қайта қала еңбекшілерімен, ең алдымен фабрика-завод жұмысшыларымен одақтасуын талап ететіндігін шаруалар өте тез арада-ақ түсінеді, бұған күмән жоқ.

Мұны шаруалардың тезірек түсінуі үшін шаруалар, басқасын былай қойғанда, эсерлердің («социалист-революционерлердің») уәделері мен заң жобаларын жаңа, жұмысшы және шаруа үкіметінің жер туралы заңымен дәлірек, документ жүзінде тексеріп, салғастырып, салыстырып көрулері қажет.

Бұл кітапша осындай салыстыруға арналған. Оқушылар ең алдымен бұл кітапшадан іске саналы түрде қарағысы келетін әрбір адам үшін қажетті *документтерді* табады. Эсерлерге қатысы бар басты документ — эсер министрі Масловтың жер туралы заң жобасы. Бұл заң жобасын мен «Дело Народадан» (Черновтың газетінен) толық көшіріп басып отырмын. Сонымен қатар, мен «Рабочий Путьтегі»[39] осы жөніндегі өз мақаламды да көшіріп басып отырмын*.

Жұмысшы және шаруа үкіметінің жер туралы заңы да толық көшіріліп басылып отыр**.

Шаруа жолдастар! Әр түрлі партиялар туралы шындықты іздеңіздер, сонда сіздер оны табасыздар. Әр түрлі партиялардың жер туралы заң жобаларын өздеріңіз жинап, салыстырыңыздар.

Эсер министрінің жер туралы заң жобасын және Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезінен уәкілдік алған қазіргі, большевиктік үкіметтің жер туралы шығарған заңын мұқият оқып шығыңыздар. Шаруалардың түпкілікті пікірі қандай болатындығына біз бір сәт те күмәнданбаймыз.

Н. Ленин

Петроград,
9 ноябрь, 1917 ж.

1917 ж. Петроградта «Сельский Вестник» баспаханасы шығарған кітапшада басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 482—488-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 24—27-беттер. *Ред.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 1917 ж. 10 (23) НОЯБРЬДЕГІ МӘЖІЛІСІ

1

ДУХОНИНМЕН СӨЙЛЕСІЛГЕН СӨЗДЕР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Біздің Духонинмен сөйлескен сөздеріміздің толық тексті басылып шықты, сондықтан мен шағын мәлімдемелер жасаумен шектелемін. Халық еркіне қарсы адаммен және революцияның дұшпанымен істес болып отырғанымыз біз үшін айқын еді. Істі созбұйдаға салу мақсатымен Духонин тарапынан әр түрлі жалтарыстар мен айла-шарғылар жасалды. Біздің телеграммамыздың растығына күмән келтірді, сөйтіп оның растығын Крыленкодан сұрамай, генерал Маниковскийден сұрады. Сонымен бітім мәселесі сияқты соншалық маңызды және шұғыл мәселеде, генералдар кем дегенде, бір тәулік уақытты ұрлады. Біз солдаттардың төрелігіне жүгінеміз дегеннен кейін ғана генерал Духонин проводқа келді. Біз Духонинге онан уақытша бітім туралы келіс сөздерге, тек қана соған дереу кірісуді талап ететінімізді мәлімдедік. Біз Духонинге уақытша бітім жасасуға право берген жоқпыз. Уақытша бітім жасасу мәселесінің Духониннің міндетіне жатпайтыны былай тұрсын, сонымен бірге уақытша бітім туралы келіс сөздерді жүргізу ісіндегі оның әрбір қадамы халық комиссарларының бақылауында болуға тиіс еді. Буржуазиялық баспасөз бізді сепараттық уақытша бітім ұсынды-мыс, румын армиясының мүдделерімен санаспады-мыс деп біздерге кінә тағып отыр. Бұл шылғи өтірік. Біз ешкімді де қалыс қалдырмай, барлық елдермен дереу бітім келіс сөздерін жүргізе бастауды және уақытша бітім жасасуды ұсынып отырмыз. Біздің радиотелеграммаларымыздың Европаға жетіп жатқан-

дығы туралы бізде мәліметтер бар. Мәселен, Керенскийді жеңгендігіміз туралы біздің радиотелеграммамызды* Австрия радиотелеграфы ұстап алып, хабар таратқап. Ал германдықтар опы бөгеу үшін қарсы толқын жіберген. Біздің Парижбен радиотелеграф арқылы байланысуға мүмкіндігіміз бар, сондықтан бітім шарты дайын болған кезде біз оған қол қоюға болатынын, уақытша бітімді екі сағаттың ішінде-ақ жасасу француз халқына байланысты екенін француз халқына хабарлауға мүмкіндігіміз болады. Клемансоның не айтатынын сонда көреміз. Біздің партиямыз дереу бітім жасасуды іске асырамыз деп еш уақытта да мәлімдеген емес. Ол бітім туралы дереу ұсыныс жасайтынын және құпия шарттарды жариялайтынын айтқан болатын. Ал бұл істелді — бейбітшілік жолындағы күрес басталып келеді. Бұл күрес қиын және табан тірескен күрес болмақ. Халықаралық империализм өздерінің барлық күштерін бізге қарсы жұмылдыруда, бірақ, халықаралық империализмнің күштері қаншалық зор болғанымен, біздің мүмкіншіліктеріміз өте қолайлы; бейбітшілік жолындағы бұл революциялық күресте біз революциялық бауырласуды бітім үшін күреспен де ұштастырамыз. Буржуазия империалистік үкіметтердің бізге қарсы сөз байласуының жүзеге асқанын тілер еді.

---

* Қараңыз: осы том, 42—43-беттер. *Ред.*

2

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Чудновский жолдас комиссарлардың қимылын осында қатты сынауға дейін «өзінің барғандығын» айтты. Мұнда қатты сынауға болатыны немесе болмайтыны туралы тіпті сөз етілуі де мүмкін емес, бұлай сынау революционердің борышы, ал халық комиссарлары өздерін жаңылыспайтын адамдармыз деп есептемейді.

Чудновский жолдас масқаралық бітім — біз үшін қабылдауға болмайтын бітім дегенді айтты, бірақ ол бұл бітімнің біз үшін қабылдауға болмайтындығының мағынасын түсіндірерлік бірде-бір сөз, бірде-бір факт келтіре алған жоқ. Біз: бітімге тек Халық Комиссарлары Советі ғана қол қоя алады дедік. Духонинмен сөйлесуге барғанымызда, өзіміздің жаумен сөйлесу үшін бара жатқанымызды біз білдік, ал жаумен істес болған жағдайда өз қимылдарыңды кейінге қалдыруға болмайды. Сөйлесудің немен тынатынын біз білген жоқпыз. Бірақ біз неге болса да бел будық. Нақ сол жерде, тікелей проводта тұрып дереу шешім қабылдау қажет болды. Мойын сұнбайтын генерал жөнінде дереу шара қолдану қажет болды. Біз тікелей провод арқылы Орталық Атқару Комитетінің мәжілісін шақыра алмадық; мұнда Орталық Атқару Комитетінің ерекше праволарын етқандай бұзушылық жоқ. Соғыста ақырын күтіп жатпайды, ал мұның өзі контрреволюциялық генералитетке қарсы соғыс еді, сондықтан да біз нақ сол жерде оған қарсы сөзімізді солдаттарға арнадық*. Біз Духонинді орнынан түсірдік, бірақ біз формалистер мен бюрократтар емеспіз және біз тек қа-

* Қараңыз: осы том, 87—88-беттер. *Ред.*

на орнынан түсірудің жеткіліксіз екенін білеміз. Ол бізге қарсы шығып отыр, ал біз оған қарсы солдаттар бұқарасына жүгінеміз. Біз солдаттар бұқарасына уақытша бітім туралы келіс создерді бастауға право береміз. Бірақ уақытша бітім жасасқанымыз жоқ. Солдаттарға: контрреволюцияшыл генералдарға күзет қойыңдар деп ескертілді. Менің ойымша, қажетті революциялық тәртіп сақтау үшін полктердің қай-қайсысында болса да ұйымшылдық жеткілікті. Егер солдаттардың уақытша бітім туралы келіс сөздерге барған кезі опасыздық жасау үшін пайдаланылатын болса, егер бауырласу кездерінде шабуыл жасалатын болса, онда солдаттардың міндеті — опасыздарды ешқандай рәсімге қарамай-ақ, сол жерде атып тастау.

Қазір, егер немістер шабуылға шыға қалғандай болса, біз өз майданымызды әлсіретіп алдық деу — есуастық болады. Духонин әшкереленіп, орнынан түсірілгенге дейін өзінің халықаралық бейбітшілік саясатын жүргізіп отырғанына армияның сенімі болған жоқ. Енді ол сенім бар: солдаттар бұқарасының ұйымшылдық және талапкерлік сезіміне сүйенгенде ғана Духонинге қарсы күресуге болады. Бітімнің тек жоғарыдан ғана жасалуы мүмкін емес. Бітімге төменнен де жету керек. Біз неміс генералитетіне титтей де сенбейміз, бірақ біз неміс халқына сенеміз. Бас қолбасшылар жасасқан бітім солдаттардың белсене қатысуынсыз баянды болмайды. Менің Каменев ұсынысына қарсы болуым — оған принципінде қарсы екендігіммен емес, Каменев ұсынысының кемшілігі көп болғандықтан, оның тым әлсіз болғандығынан[40]. Менің комиссияға ешқандай да қарсылығым жоқ, бірақ оның міндеттерін алдын ала шешпеуді ұсынамын; мен босаң шараларға қарсымын және бұл жөнінде біздің қолымызды байламауды ұсынамын.

«Правда» № 188,
26(13) ноябрь, 1917 ж.

Мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «II сайланған жұмысшы, солдат, шаруа және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мәжілістерінің протоколдары», Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасы, 1918

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ӘСКЕРИ-РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТКЕ

Соғыстан, иесіздіктен туған азық-түлік күйзелісін жалдаптар, тонаушылар және олардың темір жолдардағы, пароходстволардағы, транспорт конторларындағы, тағы сол сияқтылардағы сыбайластары әбден шегіне жеткізе шиеленістіруде.

Аса зор халық күйзелісі жағдайларында қылмысты жыртқыштар баюды көздеп, миллиондаған солдаттар мен жұмысшылардың денсаулығы мен өмірін ойыншық етіп отыр.

Мұндай жағдайға бұдан былай бір күн де төзуге болмайды.

Халық Комиссарлары Советі жалдаптық пен саботажды, қорларды жасырушылықты, жүктерді қасақана кідіртуді және сондайларды түп тамырымен жоюдың ең батыл шараларын қолдануды Әскери-революциялық комитетке ұсынады.

Бұл тәрізді әрекеттері үшін айыпты адамдардың бәрі Әскери-революциялық комитеттің арнаулы қаулысы бойынша *дереу қамауға алынып,* әскери-революциялық сотқа берілгенге дейін *Кронштадт түрмелеріне отырғызылуға* тиіс.

Халықтық ұйымдардың бәрі азық-түлік жыртқыштарына қарсы күреске тартылуға тиіс.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

1917 ж. кеш дегенде 10(23) ноябрьде жазылған

1917 ж. 12 ноябрьде «Известия ЦИК» газетінің 223-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ФИНН ЖОЛДАСТАРҒА ХАТ

Маннерге, Сиролаға, Куусиненге, Валпасқа, Вийкке

Құрметті жолдастар! Сіздердің Финн социал-демократиялық жұмысшы партиясының революцияшыл қанатын басқарып отырғандарыңызды және пролетарлық, социалистік революция ісі жолында күресіп жатқандарыңызды мен өзімнің финн достарымнан аса зор қуанышпен естідім. Россияның революцияшыл пролетариатының атынан: финн жұмысшыларының зор ұйымдастырушылық таланты, олардың жоғары саналылығы мен демократиялық мекемелерінің ұзақ уақыттардан бергі саяси мектебі олардың Финляндияны социалистік жолмен қайта құруды ойдағыдай жүзеге асыруына көмектеседі деп сеніммен айта аламын. Біз Финляндияның революциялық социал-демократиясының туысқандық көмегіне арқа сүйейміз.

Халықаралық социалистік революция жасасын!

Ізгі ниетті сәлеммен

Н. Ленин

11/XI. 1917.

Бірінші рет 1931 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ СЪЕЗІ[41]

10—25 ноябрь (23 ноябрь—8 декабрь), 1917 ж.

Аграрлық мәселе жөнінде сөйленген сөз бен қабылданған қарар жобасы 1917 ж. 28 (15) ноябрьде «Правда» газетінің 190-номерінде және «Известия ЦИК» газетінің 226-номерінде; Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті өкілінің мәлімдемесі жөнінде сөйленген сөз 1917 ж. 19 ноябрьде «Известия ЦИК» газетінің 230-номерінде; аграрлық мәселе жөнінде сөйленген қорытынды сөз 1917 ж. 19 ноябрьде «Известия ЦИК» газетінің 230-номерінде, 1917 ж. 4 декабрьде (21 ноябрьде) «Правда» газетінің 195-номерінде басылған

Большевиктер фракциясына мәлімдеме бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Аграрлық мәселе жөнінде сөйленген сөз бен аграрлық мәселе жөнінде сөйленген қорытынды сөз «Правда» газетінің тексті бойынша; Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті өкілінің мәлімдемесі жөнінде қабылданған қарар мен сөйленген сөз «Известия ЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

Қолжазба бойынша басылып отыр

1

ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ СЪЕЗІНДЕГІ БОЛЬШЕВИКТЕР ФРАКЦИЯСЫНА МӘЛІМДЕМЕ[42]

Біз үзілді-кесілді мынаны талап етеміз: Үкімет *өкілдерін дереу* шақыру туралы мәселенің ашық *дауысқа қойылуын* большевиктер ультимативті түрде талап ететін болсын.

Егер бұл ұсынысты *жариялауды* және оны толық құрамдағы мәжілісте дауысқа қоюды қабылдамайтын болса, онда большевиктердің бүкіл фракциясы бұған наразылық ретінде мәжілістен кетуге тиіс.

Ленин

1917 ж. 12(25) ноябрьде жазылған

2

АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ 14(27) НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Большевиктер фракциясының тапсыруы бойынша Ленин жолдас большевиктер партиясының аграрлық мәселеге көзқарасын баяндап сөз сөйледі.

Эсерлер партиясы помещик жерлерінің конфискеленуін сөз жүзінде уағыздап, ал іс жүзінде оны жүзеге асырудан бас тартып, жер мәселесі жөнінде толық күйреді.

Помещиктік жер иелігі крепостниктік езгінің негізі болып табылады, сондықтан помещиктердің жерлерін конфискелеу — Россиядағы революцияның алғашқы қадамы. Бірақ жер туралы мәселе революцияның басқа міндеттерімен байланыссыз шешілуі мүмкін емес. Бұл міндеттердің дұрыс қойылуы революцияның бастан кешірген кезеңдерін талдаудан туады. Бірінші қадам — самодержавиені құлату, сөйтіп буржуазия мен помещиктердің өкіметін орнықтыру. Помещиктердің мүдделері буржуазияның, банктердің мүдделерімен тығыз астасып жатыр. Екінші кезең — Советтерді нығайту және буржуазиямен келісімпаздық саясат жүргізу. Солшыл эсерлердің қатесі сол — олар бұқараның санасы онша ояна қойған жоқ дегенді сылтау етіп, ол кезде келісімпаздық саясатқа қарсы шықпады. Партия — таптың авангарды, сондықтан оның міндеті тіпті де бұқараның орташа пиғылын көрсету емес, қайта бұқараны өзінің соңынан ерту. Бірақ ауытқушыларды ерту үшін солшыл эсер жолдастардың өздері ауытқуды қоюлары керек.

Солшыл эсер жолдастар, июльде халық бұқарасының келісімпаздық саясаттан қол үзу кезеңі басталды, бірақ

солшыл эсерлер әлі күнге дейін Авксентьевтерге қос қолын беріп, жұмысшыларға тек шынашақтарын ұсынумен келеді. Егер келісімпаздық созыла беретін болса, онда революцияның мерт болғаны. Егер шаруалар жұмысшыларды қолдайтын болса, тек сонда ғана революцияның міндеттерін шешуге болады. Келісімпаздық — жұмысшылар, шаруалар және солдаттар бұқарасының өз мүдделерін реформалар жолымен, капитал тарапынан кеңшіліктер алу жолымен, социалистік революциясыз жүзеге асыруға тырысқандық. Бірақ, буржуазияны құлатпайынша, социализм орнатпайынша халыққа бітім беру, жер беру мүмкін емес. Революцияның міндеті — келісімпаздықтан қол үзу, ал келісімпаздықтан қол үзу дегеніміз социалистік революция жолына түсу.

Мұнан соң Ленин жолдас болыстық комитеттерге берілген нұсқауларды[43] жақтады, сөйтіп армиялық комитеттер, шаруа депутаттарының Атқару комитеті, т. с. сияқты жоғарғы орындардан қол үзу қажеттігін айтты.— Өзіміздің болыстық комитеттер туралы заңымызды біз шаруалардан алдық. Шаруалар жер алуды, жалдама еңбекке тыйым салуды, жер өңдейтін құрал-саймандар алуды көксейді. Бірақ капиталды құлатпайынша, мұны алуға болмайды. Біз оларға былай дедік: сіздер жер алғыларыңыз келеді, бірақ жер кепілдікке салынған, сондықтан орыс капиталы мен бүкіл дүние жүзі капиталының меншігінде. Сіздер капиталға қарсы шығып отырсыздар, сөйте тұрсаңыздар да сіздер біздікінен гөрі басқа жолмен бара жатырсыздар, бірақ біз сіздермен бір жерден барып тоғысамыз, өйткені әлеуметтік революцияға бара жатырмыз және солай баруға тиістіміз де. Құрылтай жиналысына келетін болсақ, ол жөнінде баяндамашы: Құрылтай жиналысының жұмысы елдің ниғылына байланысты болмақшы деді, ал мен: ниғылға үміт арт та, винтовканды сайлап қой деймін.

Мұнан соң Ленин жолдас соғыс туралы мәселеге тоқтады. Шешен Духониннің орнынан түсірілгені, Крыленконың бас қолбасшы болып тағайындалғаны туралы айтқанда, мысқыл күлкі естілді.— Сіздер мыс-

қылдап күлесіздер, ал солдаттар бұл мысқыл күлкілеріңіз үшін сіздерді айыптайды. Егер мұнда контрреволюцияшыл генералды біздің орнынан түсіргенімізге және генералға қарсы көзқарастағы Крыленконы осы орынға тағайындап, оның келіс сөздер жүргізу үшін[44] жүріп кеткеніне күлетін адамдар болса, онда біздің мұндай адамдармен сөйлесетін де ештеңеміз қалған жоқ. Контрреволюциялық генералитетпен күресуді қажет деп таппайтын адамдармен біздің ортақ ештеңеміз жоқ, біз одан да өкімет басынан кетуді, мүмкін, астыртын жұмысқа көшуді артық санармыз, бірақ мұндай адамдармен ешқандай қатынаста бола алмаймыз.

3

ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Екінші съезі бекіткен және Россия республикасының уақытша жұмысшы және шаруа үкіметі — Халық Комиссарлары Советі бастырып шығарған 1917 жылғы 26 октябрьдегі жер туралы заңды (декретті) шаруалар съезі түгелдей және барынша қуаттайды. Шаруалар съезі бұл заңның жүзеге асырылуын жан аямай қорғауға өзінің берік және қалтқысыз бел байлағандығын білдіреді, барлық шаруаларды бұл заңды бірауыздан қолдауға және шаруалардың өздерінің оны жер-жерде дереу жүзеге асыруына шақырады, сондай-ақ шаруаларды барлық және әр түрлі жауапты орындар мен қызметтерге тек қана еңбекшілер мен қаналушы шаруалардың мүдделеріне өздерінің әбден толық берілгендіктерін, ол мүдделерді помещиктердің, капиталистердің және олардың жақтаушыларының немесе сыбайластарының қандай да болса қарсылықтарына қарамастан, қорғауға дайын және қабілетті екендіктерін сөзбен емес, іспен дәлелдеген адамдарды ғана сайлауға шақырады.

Шаруалар съезі мұнымен бірге өзінің мынаған сенетінін мәлімдейді: жер туралы заңды құрайтын барлық шараларды 25 октябрьде басталған жұмысшы социалистік революциясы нәтижелі болғанда ғана толық жүзеге асыруға мүмкіндік туады, өйткені жердің еңбекші шаруаларға тегін көшуін де, помещик құрал-саймандарының конфискеленуін де, капиталистік жалдама құлдықтың бүкіл жүйесін сөзсіз жоюдың дереу баста-

луымен қатар, егіншіліктегі жалдама жұмысшылардың мүдделерін толық қорғауды да, егіншілік өнімдері мен өнеркәсіп өнімдерін мемлекеттің облыстары мен тұрғындарына дұрыс және жоспарлы түрде бөлуді де, банктерге үстемдік етуді де (жерге жеке меншікті жойған күнде де, халықтың мұндай үстемдіксіз, жерге билік етуі мүмкін емес), мемлекет тарапынан нақ еңбекшілер мен қаналушыларға барлық жағынан көмектесіп отыруды да, т. т. тек социалистік революция ғана қамтамасыз ете алады.

Сондықтан шаруалар съезі, 25 октябрьдегі революцияны бүтіндей қолдай отырып, қолдағанда оны нақ социалистік революция ретінде қолдай отырып, Россия республикасының социалистік қайта құрылыс шараларын тиісінше бірте-бірте, бірақ ешқандай солқылдақтық жасамай жүзеге асыруға қалтқысыз бел байлағандығын білдіреді.

Жер туралы заңның тыңғылықты табысқа жетіп, толық жүзеге асырылуын тек социалистік революцияның бір өзі ғана қамтамасыз ете алады, ал социалистік революцияның жеңіске жетуі үшін қажетті шарт — барлық алдыңғы қатарлы елдерде еңбекшіл, қаналушы және еңбекші шаруалардың жұмысшы табымен — пролетариатпен — толық одақ жасауы болып табылады. Россия республикасында қазірден бастап барлық құрылым және мемлекетті басқару жоғарыдан төменге дейін осындай одаққа негізделуге тиіс. Мұндай одақтың тек бір өзі өмірдің өзі айыптаған буржуазиямен және буржуазиялық саясатты жүргізушілермен келісімпаздыққа қайта оралудың барлық және әр түрлі, төте және жанама, ашық және бүркемелі әрекеттерін ысырып тастай отырып, социализмнің бүкіл дүние жүзінде жеңіп шығуын қамтамасыз етеді.

1917 ж. 14(27) ноябрьде жазылған

4

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ ӨКІЛІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ ЖӨНІНДЕ 18 НОЯБРЬДЕ (1 ДЕКАБРЬДЕ) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Жолдастар!

Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің мәлімдемесі, күмән жоқ, тек қана түсініспеушіліктен басқа түк те емес. Өзінің революциялық борышын ұғатын, халық мүдделері үшін күресуші әскерлер, Ставкаға келеді де, қандай талап қоятынын айтпастан, ең болмаса Ставканы қоршаған солдаттарға да өздерінің неге келгенін түсіндірместен, барлық нәрсені және көзіне көрінгеннің бәрін талқандай береді дегенге сіздер бір минут болса да сенер ме едіңіздер. Мұндай нәрсенің болуы мүмкін емес екенін сіздер түсінесіздер, жолдастар. Өзінің не істеп отырғанын ұғынатын революциялық армия өзі сөз салғалы отырған адамдар өздерінен не талап етілетінін де білгенін тілейді. Талаптар қойылған кезде көп нәрсе істелді, қарсылық көрсету халықтың еркіне қарсы шыққандық, жай ғана ауыр қылмыс емес, оның үстіне халықтың бостандығына, мүдделеріне және ең қасиетті арманына қарсы жасалған моральдық қылмыс болып табылатыны айтылды, түсіндірілді. Революциялық армия еш уақытта да оқты бірінші атпайды, ол тек басқыншыларға және халыққа зорлық жасаушыларға қарсы ашына күш жұмсайды. Егер бұдан басқаша болса, революция деген сөз өзінің мағынасын жойған болар еді. Мен мынаған көңіл аудармай өте алмаймын: Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті тексерілмеген айыптар таға отырып, сонымен бірге өзінің «бейтараптығы» туралы да мәлімдеп отыр. Бұлай етуге

Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің ешқандай правосы жоқ. Революциялық күрес күндерінде, әрбір минут қымбат болып отырған кезде, келіспеушілік, бейтараптық дұшпанның сөз алуына мүмкіндік беретін кезде, ал дұшпанды тыңдаушылар, қайткенмен де әлі табылатын кезде, өзінің қасиетті праволары үшін күресіп жатқан халыққа көмекке келуге кейбіреулер асыға қоймай отырған кезде — мұндай позицияны мен бейтараптық деп тіпті де айта алмаймын, бұл бейтараптық емес, революционер мұны арандатушылық деп атайды. (Қол шапалақтау). Мұндай позициямен сіздер генералдарды бас көтеруге арандатып отырсыздар, бізді қолдамауларыңыз арқылы сіздер халыққа қарсы болып отырсыздар.

Генерал Духонинге керегінің өзі де осы — уақытша бітімді кейінге қалдыру еді. Сіздер оған жәрдемдесіп, уақытша бітімді болдырмай тастап отырсыздар. Ойлаңыздаршы, сіздерге қандай ауыр жауапкершілік түсіп отыр, халық сіздерге қалай қарайды?

Мұнан соң Ленин жолдас кей жерлерде телеграфқа саботаж жасалып жатқанын айтты. Үкімет мәліметсіз қалады, ал қарсы лагерьлер әр түрлі қисынсыз қауесеттер таратады. Поляк батальондары үкіметке қарсы шығыпты-мыс деген лақаптың тарауы осының мысалы. Ал поляктар орыс істеріне өздерінің араласпайтынын, алдағы уақытта да араласқысы келмейтінін талай рет мәлімдеген болатын, сонымен қатар олардың уақытша бітімді жақтайтыны туралы да олардан мәлімдеме алынды.

5

АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ 18 НОЯБРЬДЕ (1 ДЕКАБРЬДЕ) СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин жолдас алдымен солшыл социалист-революционерлер тарапынан большевиктерді анархизмге салынды деп айыптаудың дәлелсіз екенін көрсетті.

Социалистердің анархистерден айырмашылығы неде? Айырмашылығы мынада: анархистер өкіметті мойындамайды, ал социалистер болса, оның ішінде большевиктер де, қазіргі біз бастан кешіріп отырған жағдай мен өзіміз бара жатқан социализмнің аралығындағы өтпелі дәуірде өкіметтің болуын жақтайды.

Біздер, большевиктер, берік өкіметті, берік болғанда да жұмысшылар мен шаруалардың өкіметі болуға лайықты өкіметті жақтаймыз.

Мемлекеттік өкіметтің қай-қайсысы да күштеу деген сөз, бірақ осы уақытқа дейін бұл өкімет азшылықтың өкіметі, жұмысшы мен шаруаға қарсы помещик пен капиталистің өкіметі болып келді.

Ал біз капиталистер мен помещиктерге қарсы жұмысшылар мен шаруалар көпшілігінің берік өкіметі бола алатындай өкіметті жақтаймыз.

Мұнан соң солшыл эсерлердің жер туралы қарарында жаңа үкімет халықтық социалистік үкімет деп аталғанын көрсете келіп, Ленин жолдас большевиктер мен солшыл эсерлердің арасына ненің мықты дәнекер бола алатынына егжей-тегжейлі тоқталды.

Шаруалар мен жұмысшылардың одағы солшыл эсерлердің большевиктермен келісуіне негіз болады.

Мұның өзі адал коалиция, адал одақ, ал егер солшыл эсерлер басымыздан өткізіп отырған революцияның социалистік революция екеніне өздерінің сенетіндігін неғұрлым ашып айтса, онда бұл одақ жоғарыда да,

солшыл эсерлер мен большевиктер арасында да, адал коалиция болмақ. Бұл революция — социалистік революция. Жерге жеке меншікті жою, жұмысшы бақылауын енгізу, банктерді национализациялау — осының бәрі социализмге апаратын шаралар. Бұл әлі социализм емес, бірақ бұл бізді алып адыммен социализге апаратын шаралар. Біз шаруалар мен жұмысшыларға бірден телегей-теңіз молшылық жасаймыз деп уәде бермейміз, бірақ біз мынаны айтамыз: жұмысшылар мен қаналушы шаруалардың тығыз одағы, Советтер өкіметі үшін берік, табанды күрес жүргізу бізді социализмге апарады, сондықтан іс жүзінде халықтық болғысы келген партияның қандайы болса да біздің революциямыз социалистік екенін айқын және батыл айтуға тиісті.

Солшыл эсерлер бұл туралы айқын және бүкпесіз мәлімдеме жасағанда ғана, сонда ғана біздің олармен одағымыз нығайып, өсе түспек.

Бізге: сіздер жердің социализациялануына қарсысыздар, сондықтан да сіздер солшыл эсерлермен келісе алмайсыздар, дейді.

Бұған біз былай деп жауап береміз: иә, біз жердің эсерлерше социализациялануына қарсымыз, бірақ бұл біздің солшыл эсерлермен адал одақ жасауымызға кедергі бола алмайды.

Бүгін болмаса ертең солшыл эсерлер өздерінің егіншілік министрін ұсынады, ал егер ол социализациялау туралы заңды енгізетін болса, біз оған қарсы дауыс бермейміз. Біз қалыс қаламыз.

Өзінің сөзін аяқтай келіп, Ленин жолдас жер мен бітімді жұмысшылар мен шаруалардың одағы арқылы ғана алуға болады деп атап көрсетті.

Ленин жолдасқа, сөз арасында, егер солшыл эсерлер Құрылтай жиналысында азшылық бола тұрып, жерді социализациялау туралы заң ұсынса, онда большевиктер не істер еді, большевиктер сонда да қалыс қалар ма еді?— деген сұрақ берілді. Әрине, қалыс қалмайды. Большевиктер бұл заңды жақтап дауыс береді, бірақ шаруаларды жауларына қарсы күресте қолдау үшін жақтап дауыс береміз деп ескерту жасайды.

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕКШІ ЖӘНЕ ҚАНАЛУШЫ ШАРУАЛАРМЕН ОДАҒЫ

«ПРАВДАНЫҢ» РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ

Бүгін, 18 ноябрьдегі сенбі күні, менің шаруалар съезінде сөз сөйлеуіме тура келген кезде, маған жұрт алдында сұрақ берілді, ол сұраққа мен табанда жауап бердім. Осы сұрақтың және менің берген жауабымның барлық оқушы жұртшылыққа дереу мәлім болуы қажет, өйткені, формальды түрде мен тек өз атымнан айтқаныммен, іс жүзінде мен бүкіл большевиктер партиясының атынан айттым.

Мәселе былай болды.

Жұмысшы большевиктердің қазір көптеген шаруалар сеніп отырған солшыл эсерлермен одағы туралы мәселеге тоқтай келіп, мен өз сөзімде бұл одақтың «адал коалиция», адал одақ *бола алатынын* дәлелдедім, өйткені жалдама жұмысшылардың мүдделерінің еңбекші және қаналушы шаруалардың мүдделерінен түбегейлі айырмашылығы *жоқ*. Социализм олардың екеуінің де мүдделерін *толық* қанағаттандыра алады. *Тек* социализм *ғана* олардың мүдделерін қанағаттандыра алады. Пролетарлар мен еңбекші және қаналушы шаруалардың арасындағы «адал коалицияның» мүмкіндігі мен қажеттігі міне осыдан келіп туады. Мұның керісінше, бір жағынан, еңбекші және қаналушы таптардың, екінші жағынан, буржуазияның арасындағы «коалиция» (одақ) «адал коалиция» бола *алмайды*, өйткені бұл таптардың мүдделерінде түбегейлі айырмашылықтар бар.

Былай деп ойлап көріңіздер,— дедім мен,— үкіметте көпшілік большевиктер болсын да, азшылық солшыл

эсерлер, айталық, тіпті жалғыз-ақ солшыл эсер — егіншілік комиссары болсын. Мұндай ретте большевиктер адал коалицияны жүзеге асыра алар ма еді?

Асыра алар еді, өйткені контрреволюциялық элементтерге қарсы (оның ішінде оңшыл эсерлер мен қорғампаздық элементтерге де қарсы) күресте ымырасыз бола отырып, большевиктер Советтердің Бүкіл россиялық Екінші съезі бекіткен жер программасының таза эсерлік пункттеріне қатысты мәселелерді дауысқа қойғанда *қалыс қалуға* міндетті болар еді. Мәселен, жерді теңгерме пайдалану және ұсақ қожайындар арасында жерді қайта бөлу жөніндегі пункт осындай.

Мұндай пунктті дауысқа қойғанда қалыс қала отырып, большевиктер өз программасын титтей де өзгертпейді. Өйткені социализм жеңіп шыққан жағдайда (фабрикаларға жұмысшы бақылауын енгізу, мұнан соң оларды экспроприациялау, банктерді национализациялау, елдің бүкіл халық шаруашылығын реттеп отыратын жоғары экономикалық совет құру), мұндай жағдайда жұмысшылар ұсақ еңбекшілер мен қаналушы шаруалар ұсынған өтпелі кезеңнің шараларына, егер ол шаралар социализм ісіне *зиян келтірмесе, келісуге міндетті.* Каутский де, марксист болып жүрген кезінде (1899—1909 жылдары),— дедім мен,— социализмге өту шаралары ірі егіншілікті елдер мен ұсақ егіншілікті елдерде бірдей бола алмайды деп талай рет мойындаған болатын.

Біздер, большевиктер, Халық Комиссарлары Советінде немесе Орталық Атқару Комитетінде мұндай пункт дауысқа қойылған кезде қалыс қалуға міндетті болар едік, өйткені солшыл эсерлер (сондай-ақ олардың жағындағы шаруалар) жұмысшы бақылауын орнатуға, банктерді национализациялауға, тағысын-тағыларға келісетін болса, жерді теңгерме пайдалану толық социализмге *өту* шараларының бірі ғана болған болар еді. Мұндай өтпелі кезеңнің шараларын *еріксіз таңу* пролетариатқа қисынсыз болған болар еді; социализм жеңісінің мүдделері үшін, ұсақ еңбекшілер мен қаналушы шаруалардың бұл өтпелі кезең шараларын қалауынша таңдауына пролетариат *кеңшілік етуге* мін-

детті, өйткені мұндай шаралар социализм ісіне *зиян* келтірмеген болар еді.

Бір солшыл эсер (жаңылыспасам, Феофилактов жолдас болуы керек) маған сонда мынадай сұрақ қойды:

«Егер Құрылтай жиналысында шаруалар жерді теңгерме пайдалану туралы заң енгізуді қаласа, ал буржуазия шаруаларға қарсы шықса, онда большевиктер қайтер еді, мәселенің шешілуі большевиктерге байланысты болады ғой?»

Мен былай деп жауап бердім: жұмысшы бақылауының енгізілуі, банктердің национализациялануы және басқа шаралар социализм ісін қамтамасыз ететін мұндай жағдайда, жұмысшылардың еңбекші және қаналушы шаруалармен одағы пролетариат партиясын шаруаларды жақтап буржуазияға қарсы дауыс беруге міндеттейді. Менің пікірімше, дауыс берген кезде большевиктер өздерінің ерекше мәлімдемесін жасауға, өздерінің келіспейтіндіктерін және сол сияқтыларды ескертуге праволы, бірақ мұндай ретте қалыс қалу — *социализм жолындағы күресте* өзінің одақтастарына, олармен жеке келіспеушілікке бола, опасыздық жасау болар еді. Мұндай жағдайда большевиктер еш уақытта да шаруаларды сатып кетпеген болар еді. Егер өкімет жұмысшылар мен шаруалар үкіметінің қолында болса, егер жұмысшы бақылауы енгізілген болса, банктерді национализациялау енгізілген болса, жұмысшылар мен шаруалардың *бүкіл* халық шаруашылығын бағыттап (реттеп) отыратын жоғары экономикалық мекемесі, т. т. құрылған болса, жерді теңгерме пайдалану және сол сияқты шаралар еш уақытта да социализмге зиянын тигіз *бейді*.

Менің жауабым осындай болды.

Н. Ленин

1917 ж. 18 ноябрьде (1 декабрьде) жазылған

1917 ж. 2 декабрьде (19 ноябрьде) «Правда» газетінің 194-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЖОҒАРЫ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН ЧИНОВНИКТЕРДІҢ ОКЛАДТАРЫ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[46]

Түгелдей барлық мемлекеттік, қоғамдық және жекеше мекемелер мен кәсіпорындарда жоғары қызметшілер мен чиновниктердің жалақысын азайту мақсатымен нағыз жігерлі шаралар қолдануды қажетті деп тани келіп, Халық Комиссарлары Советі қаулы етеді:

1) халық комиссарларына берілетін жалақының жоғарғы шегі баласы жоқтарына айына 500 сом болып тағайындалсын, ал әр балаға 100 сомнан үстеме қосылатын болсын; берілетін пәтер семьяның әрбір мүшесіне 1 бөлмеден аспасын; 2) жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының барлық жергілікті Советтерінен жоғары қызметшілерге ерекше салық салу жөнінде революциялық шаралар әзірлеп, жүргізу сұралатын болсын; 3) Финанс министрлігіне жалақыны осылай азайту туралы жалпы заң жобасын әзірлеу тапсырылсын; 4) Финанс министрлігіне және барлық жеке комиссарларға министрліктердің сметаларын дереу зерттеп, шамадан тыс жоғары жалақы мен пенсияның бәрін де азайту тапсырылсын.

1917 ж. 18 ноябрьде (1 декабрьде) жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КЕРІ ШАҚЫРЫП АЛУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ[46]

Сайланылатын мекеменің немесе өкілдер жиналысының қайсысы болса да сайлаушылардың өздері сайлаған адамдарын кері шақырып алу правосын мойындағанда және қолданғанда ғана нағыз демократиялық және халық еркін шын білдірген болып саналады. Нағыз демократизмнің осы негізгі, принциптік қағидасы өкілдер жиналысының бәріне түгелдей қатысты болумен бірге, Құрылтай жиналысына да қатысты.

Сайлаудың пропорциялы жүйесі, мажоритарлық жүйеден гөрі анағұрлым демократиялық болғандықтан, кері шақырып алу правосын, яғни халықтың өздері сайлаған өкілдерін шындап бағындыру правосын жүзеге асыру үшін неғұрлым күрделі шараларды талап етеді. Бірақ осының негізінде кері шақырып алу правосын жүзеге асырудан бас тартудың қандайы болса да, оны жүзеге асыруды кідіртудің қандайы болса да, оған шек қоюдың қандайы болса да, демократизмге опасыздық жасау, Россияда басталған социалистік революцияның негізгі принциптері мен міндеттерінен толық безгендік болар еді. Сайлаудың пропорциялы жүйесі кері шақырып алу правосын кемсітуді әсте талап етпейді, оның тек түрін өзгертуді ғана талап етеді.

Сайлаудың пропорциялы жүйесі партиялылықты мойындауға, сайлауды ұйымдасқан партиялардың өткізуіне негізделетін болғандықтан, тап күштерінің арасалмақтарындағы және таптардың партияларға көзқарастарындағы ірі өзгерістердің бәрі, әсіресе елеулі

партиялардың ішінде жікке бөлінушілік, бір жағынан, түрлі таптардың еркі мен олардың күштерінің арасындағы, екінші жағынан, сайланғандардың партиялық құрамы арасындағы үйлеспеушілік айқын және күмәнсыз болып отырған жердегі сайлау округінде қажетті түрде қайта сайлау өткізу талабы алға қойылады. Бұл ретте шын демократизм қайта сайлаудың тағайындалуы бір ғана қайта сайланылатын мекемеге тәуелді етілмеуін, яғни сайланғандардың өз мандаттарын сақтап қалу мүдделері халықтың өз өкілдерін кері шақырып алу жөніндегі еркін жүзеге асыруға қарсы келмейтіндей болуын сөзсіз талап етеді.

Сондықтан жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қаулы етеді:

Әрбір сайлау округінің жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері, сондай-ақ шаруа депутаттарының Советтері де барлық қалалық, земстволық және жалпы өкілдік мекемелердің бәрін, оның ішінде Құрылтай жиналысын да қайта сайлауды тағайындауға праволы. Советтер сондай-ақ қайта сайлаудың мерзімін белгілеуге де праволы. Ал қайта сайлаудың өзі дағдылы тәртіп бойынша сайлаудың пропорциялы жүйесінің қатаң негіздері арқылы жүргізіледі.

1917 ж. 19 ноябрьде (2 декабрьде) жазылған

1918 ж. мына кітапта басылған: «II сайланған жұмысшы, солдат, шаруа және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мәжілістерінің протоколдары», Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасы

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ПӘТЕРЛЕРІ БАР ҮЙЛЕРДІ КОНФИСКЕЛЕУ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ[47]

1) *Барлық* жер (қала жері) халықтың дәулетіне (меншігіне) көшеді.

2) *Үнемі* жалға берілетін үйлер конфискеленіп, халық меншігіне алынады.

3) Арендаға берілмейтін үйлердің иелері Құрылтай жиналысының шешімі шыққанға дейін өздерінің иелік праволарын ешқандай өзгертпей, үй иелері болып қала береді.

4) Конфискеленген үйлердің иелері өздерінің... емес екенін* дәлелдеген күнде, оларға біреме (2—3) айдың ақысы төленеді.

5) Пәтер ақыны *Советтердің* (кімдердің?) алуы (Советтердің ағымдағы счеттарына қабылданады).

6) Құрылыс комиссиялары (кәсіптік одақтар + құрылыс шаруашылықтарының бірлестігі) шаруашылықты да (отын және басқалары) басқарады.

7) Пәтер ақы алу дереу жүзеге асырылады.

8) Құрылыс-шаруашылық комиссиялары белгілі дәрежеде бірте-бірте, оларды кәсіптік одақтардың және Советтердің құруына қарай, іске кірісетін болады.

9) Үйлерді жылыту және оларды қалыпты күйде ұстау үй комитеттерінің және басқа мекемелердің (кәсіптік одақтардың, Советтердің, қалалық дума жанындағы отын жөніндегі бөлімдердің, т. т.) міндеті.

1917 ж. 20 ноябрьде (3 декабрьде) жазылған
Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Сөйлемде сөздер қалдырылып кеткен. *Ред.*

КЕРІ ШАҚЫРЫП АЛУ ПРАВОСЫ ТУРАЛЫ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1917 ж. 21 НОЯБРЬДЕ (4 ДЕКАБРЬДЕ) ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Қайта сайлау туралы мәселе — демократиялық негізді шындап жүзеге асыру мәселесі. Алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде тек сайланып қойылғандардың ғапа мемлекеттік заң тілімен сөйлеуге еріктілігі қабылданып, енгізілген. Бірақ, мемлекеттік машинаны жүргізуге шақыру правосын бере отырып, буржуазия кері шақырып алу правосын — шын бақылап отыру правосын әдейі бермей қойған.

Алайда тарихи революциялық кезеңдердің бәрінде, конституцияларға енгізілген өзгерістердің бәрінде де кері шақырып алу правосын беру мәселесі өне бойы айтылып келеді.

Парламенттік құрылыс бар жердің бәрінде демократиялық өкілдік бар және ол мақұлданған, бірақ бұл өкілдік правосына шек қойылған, өйткені халық екі жылда бір рет қана дауыс беруге праволы, ал көбінесе оның даусы арқылы өткендер оның өзін езуге көмектесетін адамдар болып шығады, оларды орнынан түсіру, оларға тыйым салу шараларын қолдану жөніндегі демократиялық праволар — халықта жоқ.

Ал демократиялық көне дәстүрлер сақталған елдерде, мәселен, Швейцарияның кейбір кантондары мен Американың кейбір штаттарында — кері шақырып алудың демократиялық правосы да сақталған*.

* «Правданың» 1917 ж. 5 декабрьдегі (22 ноябрьдегі) 196-номерінде басылған газет есебінде бұл абзац мынадай редакциямен баяндалған: «Өздері құрылған кездегі революциялық кезеңнің көне дәстүрлері сақталған елдерде — мәселен, Швейцарияның кейбір кантондарында және Американың кейбір штаттарында — кері шақырып алудың демократиялық правосы да сақталған». *Ред.*

Ірі төңкеріс атаулының бәрі халықтың алдына қолда бар заң ережелерін пайдалануды ғана емес, сонымен қатар жаңадан тиісті заң ережелерін жасауды да айқын қояды. Сондықтан Құрылтай жиналысының шақырылуы қарсаңында жаңа сайлау ережелерін қайта қарау қажет.

Советтерді еңбекшілердің өздері, олардың революциялық жігері мен творчествосы құрған, олардың бүтіндей бұқара мүдделерін жүзеге асыру жолында жұмыс істеуінің кепілі де тек қана осында жатыр. Әрбір шаруа Советке өз өкілдерін жібере отырып, оларды кері шақырып та ала алады, Советтердің нағыз халықтық мәні де осында.

Бізде өкімет басында әр түрлі партиялар бірін-бірі ауыстырып келді; соңғы жолы өкімет бір партиядан екінші партияға төңкеріс арқылы, мейлінше қауырт төңкеріс арқылы көшті, ал егер кері шақырып алу правосы бар болған болса, бұл үшін жай ғана дауыс берудің өзі жеткілікті болар еді.

Біз — бостандық дейміз. Бұрынғы бостандық деп атап келгеніміз буржуазияның бостандығы, өзінің миллиондарының көмегі арқылы алдау бостандығы, сол алдаушылықтың көмегімен өз күштерін пайдалану бостандығы болатын. Буржуазиядан және мұндай бостандықтан біз біржолата қол үздік. Мемлекет дегеніміз — күштеу мекемесі. Бұрын ол ат төбеліндей қалың қалталылардың бүкіл халыққа күштеу жасауы еді. Ал біз болсақ, мемлекетті халықтың еркін орындату үшін күштеу мекемесіне айналдырмақпыз. Біз күштеуді еңбекшілердің мүдделері үшін ұйымдастырмақпыз.

Құрылтай жиналысынан кері шақырып алу правосын бермеу — халықтың революциялық еркін тұншықтыру және халықтың правосына қиянат жасау. Бізде пропорциялы сайлау бар, бұл шынында да ең демократиялық сайлау. Бұл сайлау жағдайында кері шақырып алу правосын енгізу біраз қиындау, бірақ мұндағы қиындық таза техникалық қиындық және оны өте оңай жеңуге болады. Пропорциялы сайлау мен кері шақырып алу правосының арасында, қалай дегенмен де, қайшылық жоқ.

Халық жеке адамдар үшін емес, партия үшін дауыс береді. Россияда партиялылық өте зор, ал халықтың алдында партия белгілі саяси тұрпатқа ие болып отыр. Сондықтан, егер кері шақырып алу правосы көрсетілмесе, партияда жікке бөлінудің қандайы болса да берекесіздік туғызуға тиіс. Социалист-революционерлер партиясының үлкен ықпалы болып келді. Бірақ тізімді тапсырғаннан кейін жікке бөлінді. Тізімді өзгертуге болмайды, Құрылтай жиналысын кейінге қалдыруға тағы болмайды. Сондықтан халық іс жүзінде бұл кезде өмір сүруден қалған партияға дауыс берді. Мұны шаруалардың солшыл екінші съезі[48] дәлелдеді. Шаруалар алданды, оларды алдаған жеке адамдар емес, партияның жікке бөлінуі болып шықты. Мұндай жағдай түзету енгізуді талап етеді. Тікелей дәйекті және жедел демократиялық негізді — кері шақырып алу правосын енгізуді жүзеге асыру керек.

Бұрыс сайлауға душар болып қалуымыздан қорқу керек. Ал, 1905 жыл мен 1917 жылғы революциялардың барысын салыстырудан көрініп отырғанындай, бұқараның жоғары саналылығы бар жағдайда қайта сайлау правосын енгізу — қорқынышты емес.

Халыққа Совет — толық праволы орган делінді,— ол бұған сеніп, оны жүзеге асырды. Демократияландыру бағытын жүргізе беру керек, сөйтіп кері шақырып алу правосын қолданылатын ету керек.

Кері шақырып алу правосы мемлекеттілік, күштеп көндіру идеяларының негұрлым шын сақтаушысы болып отырған Советтерге берілуі керек. Сонда өкіметтің бір партиядан екінші партияға көшуі бейбіт жолмен, жай ғана қайта сайлау жолымен жүзеге асырылады.

«Правда» № 196, 5 декабрь (22 ноябрь), 1917 ж. және «Солдатская Правда» № 87, 24 ноябрь, 1917 ж.

«Солдатская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ӘСКЕРИ ФЛОТТЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ БІРІНШІ СЪЕЗІНДЕ 1917 ж. 22 НОЯБРЬДЕ (5 ДЕКАБРЬДЕ) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[49]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

Халық Комиссарлары Советінің атынан Ленин жолдас еңбекші таптарды азат ету жолында өздерінің алдыңғы қатарлы күрескер екенін көрсеткен матростар армиясын съезд арқылы құттықтады.

Бұдан әрі Ленин жолдас ағымдағы кезеңді сипаттауға көшті. Керенскийдің келісімпаздық үкіметінің халықтың қалың бұқарасының мүдделерін шешу жолына бағытталмай, буржуазия мүдделерінің, езушілер табының мүдделерінің ешбір қалтқысыз сақталуын қорғау принципіне негізделген саясаты бұл үкіметті қайткенде де күйреуге алып келуге тиіс болғанын атап көрсетіп, шешен сөзін одан әрі жалғастырды:

— Бірақ Уақытша үкіметпен қатар жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері де өмір сүрді, бұл Советтер көтеріліс жасаған халықтың революциялық творчествосының жемісі болды, сөйтіп барған сайын еңбекші бұқараның неғұрлым қалың топтарын өздерінің төңірегіне топтастыра түсті. Европалық революциялардың бірде-бірінде іске аспаған нәрсе тек Советтердің арқасында ғана Россияда іске асып отыр: халық нағыз халықтық үкіметті ұсынды және соған тірек жасап берді. Езілген бұқараның алдына аса зор қиын міндет — мемлекетті өздері құру міндеті қойылды. Буржуазияның бізге қандай күшпен қарсы шүйлiккенін, біздің жұмысымызды саботаж арқылы қалай бүлдіруге тырысатынын, сылтаумен де және сылтаусыз да бізге өтірік пен жаланы қалай қарша боратып жатқанын өздеріңіз көріп отырсыздар.

Террор мен күштеу арқылы әрекет жасайды деген айыптауларды бізге үйіп-төгуде, бірақ біз бұл тиісулерге сабырлылықпен қараймыз. Біз былай дейміз: біз анархистер емеспіз, біз — мемлекетті жақтаушылармыз. Иә, бірақ капиталистік мемлекет қиратылуға тиіс, капиталистік өкімет жойылуға тиіс. Біздің міндетіміз — жаңа мемлекет — социалистік мемлекет орнату. Осы бағытта біз талмай жұмыс істейміз, сондықтан да ешқандай кедергі бізді қорқыта алмайды және тоқтата алмайды. Жаңа үкіметтің алғашқы қадамдары қазірдің өзінде осыны дәлелдеді. Бірақ жаңа құрылысқа көшу — өте-мөте қиын процесс, ал бұған көшуді жеңілдету үшін берік мемлекеттік өкімет болуы қажет. Осы уақытқа дейін өкімет монархтардың және буржуазия итаршыларының қолында болып келді. Олардың барлық күш-жігері, олардың барлық саясаты халық бұқарасын күштеп көндіруге бағытталды. Біз былай дейміз: берік өкімет керек, күштеу және күштеп көндіру керек, бірақ біз оны ат төбеліндей капиталистерге қарсы, буржуазия табына қарсы жұмсаймыз. Совет өкіметіне қарсыласу әрекетіне,— келешегі кесілген, есуастық әрекетке — жауап ретінде біздің тарапымыздан қашан да болса күштеп көндіру шаралары қолданылады. Ал мұндай реттердің бәрінде ол үшін жауапкершілік қарсыласушыларға жүктеледі.

Мұнан соң, халық мүдделері үшін бюрократизм атаулының бәрінен арылуға, елдің барлық жасампаз күштерін ояту үшін барынша кең өріс ашуға тиісті мемлекеттік аппарат құру туралы мәселеге көше келіп, Ленин жолдас былай деді:

— Буржуазия және халықтың буржуазияшыл интеллигенттік топтары халықтық өкіметке барынша саботаж жасауда. Еңбекші бұқараның өзінен басқа сенетін ешкімі жоқ. Халықтың алдында тұрған міндеттер шексіз қиын және зор екені күмәнсыз. Бірақ тек өз күштеріңе сену керек, халық ішінде оянған және жасампаздық іске қабілетті жанның бәрі қазірдің өзінде бар және еңбекшілер бұқарасы бұдан былай құратын ұйымдарға келіп қосылуы керек. Егер бұқара бытыраңқы болса, ол дәрменсіз; егер ол топтасқан болса — күшті.

Бұқара өз күшіне сенді, ол буржуазияның қуғындауынан именбей, мемлекет басқару жөнінде өздігінен жұмыс істеуге кірісті. Алғашқы кездерде қиыншылықтар кездесуі мүмкін, әзірліктің жеткіліксіздігі әсер етуі мүмкін. Бірақ ел басқаруды іс жүзінде үйрену керек, бұрын буржуазияның монополиясы болып келген нәрсені үйрену керек. Бұл жөнінде біз флоттан еңбекші бұқараның творчестволық мүмкіншіліктерінің тамаша үлгісін көріп отырмыз, бұл жөнінде флот өзінің алдыңғы қатарлы отряд екенін көрсетті.

Бұдан соң Ленин жолдас ағымдағы кезеңнің аса маңызды мәселелерін — жер туралы, жұмысшы саясаты туралы, ұлттық проблема туралы және бітім туралы мәселелерді баяндауға көшіп, олардың әрқайсысына егжей-тегжейлі тоқтады.

Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Екінші съезі жер туралы декрет қабылдап, онда большевиктер шаруалар аманаттарында көрсетілген принциптерді түгелдей баяндады. Мұның өзі социал-демократтардың программасынан шегінгендік болды, өйткені бұл аманаттар эсерлер программасының рухына сай келеді, бірақ мұның өзі халықтық өкіметтің халыққа өз еркін еріксіз таңғысы келмей, онымен тіл табуға ұмтылғанының дәлелі болып табылады.

Жер мәселесі қалай шешілсе де, жердің шаруалар қолына көшуін жүзеге асырудың негізіне қандай программа алынса да,— мұның өзі шаруалар мен жұмысшылардың берік одағына бөгет бола алмайды. Егер шаруалар жерге жеке меншіктің жойылуы үшін ғасырлар бойы табандылықпен күресіп келген болса, ол меншік жойылуға тиіс, маңыздысы да осы.

Содан соң шешен, жер мәселесімен өнеркәсіп туралы мәселенің тығыз қабысып жатқанын, аграрлық революция жасалуымен қатар капиталистік қатынастар түбірінен қиратылуға тиіс екенін көрсете келіп, жұмысшылар мен шаруалардың берік одағының айрықша маңызды екенін атап көрсетті.

Орыс революциясының дамуы помещиктер мен капиталистерге құлдық ұрған келісімпаздық саясаттың сабынның көбігіндей сап болғанын көрсетті. Көпшіліктің

еркі үстемдік етуге тиіс; көпшіліктің нақ осы еркін еңбекшілердің одағы, жұмысшылар мен шаруалардың адал коалициясы ортақ мүдделер негізінде жүзеге асырып отырады. Партиялар ауысып жатады, жойылып жатады, ал еңбекшілер қала береді, сондықтан шешен бәрінен бұрын осы одақтың берік болуына көбірек қамқорлық жасауға шақырды.

Бұл одақтың мемлекеттік өмірге негіз болып қалуы үшін, дейді ол,— флот өзінің барлық күшін жұмсайтын болсын; егер бұл одақ нық болса, социализмге өту ісіне еш нәрсе де бөгет жасай алмайды.

Ленин жолдас ұлт мәселесіне тоқтала келіп, былай деді: Россияда ұлттардың құрамы ерекше ала-құла екенін, оның ішінде великоростар тек 40 проценттей ғана екенін, ал қалған көпшілігі басқа шағын халықтарға жататынын атап көрсету керек. Патша өкіметі тұсында осы шағын халықтарға жасалған қаталдығы мен сорақылығы жағынан адам айтқысыз ұлттық езгі толық праволы емес халықтар арасында монархтарға деген аса күшті өшпенділікті көбейте берді. Ана тілін қолданудың өзіне тыйым салып, халық бұқарасын сауатсыздыққа душар етушілерге деген осы өшпенділіктің великоростар атаулыға да көрсетілгеніне таңданатын ештеңесі жоқ. Пұрсатты жағдайда болған великоростар II Николай мен Керенский қастерлеп келген артықшылықтарды өздері үшін сақтап қалғысы келеді деп ойлады.

Бізге Россия бөлшектеніп, жеке республикаларға бөлініп кетеді деседі, бірақ бізге бұдан қорқатын дәнеңе жоқ. Дербес республикалар қанша болғанымен, біз одан қорықпаймыз. Біз үшін маңыздысы — мемлекеттік шекаралардың қай жерден өтетіндігі емес, қайта қандай ұлттың болса да буржуазиясына қарсы күресу үшін барлық ұлттардың еңбекшілері арасындағы одақтың сақталуы. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Егер финн буржуазиясы немістерден қару сатып алып, оны өз жұмысшыларына қарсы жұмсамақ болса, біз финн жұмысшыларына орыс еңбекшілерімен одақтасуды ұсынамыз. Шекараларға бола бейшара жексұрындық қырқысу мен сауда-саттықты буржуазия-ақ

жүргізе берсін, ал барлық елдер мен барлық ұлттардың жұмысшылары бұл зұлымдық негізде араларын ажыратпайды. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Біз қазір Финляндияны,— мен жаман сөзді қолданайын,— «жеңіп алып» жатырмыз, бірақ мұнымыз халықаралық жыртқыш-капиталистердікінен басқаша жеңіп алу. Біз Финляндияның бізбен немесе басқалармен одақтасып өмір сүруіне толық ерік бере отырып жеңіп аламыз, барлық елдердің буржуазиясына қарсы барлық ұлттар еңбекшілерінің күресін толық қолдауға кепілдік береміз. Бұл одақ шарттарға негізделіп отырған жоқ, канаушыларға қарсы қаналушылардың арасындағы ынтымаққа негізделіп отыр.

Қазір біз Украинада ұлттық қозғалыстар болып жатқанын көріп отырмыз және біз былай дейміз: біз украин халқының толық және шексіз бостандық алуын сөзсіз жақтаймыз. Біз езуші-капиталистер Россиясы басқа халықтар жөнінде жендет ролін атқарған бұрынғы, қанқұйлы және жиренішті ескі заманды қиратуға тиіспіз. Бұл ескі заманды біз жоқ қыламыз, біз бұл ескіліктің тамтығын да қалдырмаймыз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Біз украиндарға былай дейміз: сіздер украиндар ретінде тұрмысты өз қалауларыңызша құра аласыздар. Бірақ біз украин жұмысшыларына туысқандық құшағымызды жайып, оларға былай дейміз: сіздермен бірге біз сіздің буржуазияға да, біздің буржуазияға да қарсы күресеміз. Тек барлық елдер еңбекшілерінің социалистік одағы ғана ұлттық қуғындаулар мен қырқысуларға негіз атаулыны жояды. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Соғыс туралы мәселеге көшейін. Жыртқыштардың олжаға бола қақтығысуынан туған соғысқа қарсы біз батыл күрес бастадық. Партиялар атаулының бәрі осы уақытқа дейін бұл күрес туралы айтып келді, бірақ құр сөз бен екіжүзділіктен әрі барған емес. Енді бейбітшілік үшін күрес басталып отыр. Бұл — қиын күрес. Кімде-кім бейбітшілікке жету оңай, бейбітшілік туралы исек қақса-ақ болғаны, буржуазия бейбітшілікті бізге табаққа салып алдымызға тартады деп ойлаған болса, ол мүлдем аңқау адам. Кімде-кім бұл көзқарасты боль-

шевиктерге таңып келген болса, ол алдап келді. Капиталистер олжаны бөлісу үшін өліспей-беріспейтін арпалысқа түсуде. Айқын нәрсе мынау: соғысты құрту — капиталды жеңу деген сөз, сондықтан Совет өкіметі осы мағынада күрес бастап отыр. Біз құпия шарттарды жарияладық және бұдан былай да жариялай береміз. Ешқандай жауыздық және ешқандай жала бізге бұл жолда бөгет бола алмайды. Халық өзінің қырғынға не себепті айдалғанын көрді, буржуа мырзалар осыған бұлап-талап ыза болуда. Олар жаңа соғыс басталады, Россия оқшау қалдырылуы мүмкін деп елді қорқытпақ болады. Бірақ буржуазияның бізге, біздің бейбітшілікке ұмтылған қозғалысымызға қарсы құтырынған өшпенділігі бізді тоқтата алмайды. Соғыстың төртінші жылында буржуазия халықтарды біріне-бірін айдап салып көрсін! Мұны ол істей алмайды. Бізде ғана емес, барлық соғысып жатқан елдерде де өздерінің империалистік үкіметтеріне қарсы күрес пісіп-жетіп келеді. Империалистер ондаған жылдар бойы соғыс лагеріне айналдыруға тырысқан, бүкіл үкімет аппараты халық наразылығының болмашы көрінісін де ең бастапқы кезінен-ақ тұқыртып тастауға бағытталған Германияның өзінде де флотта ашық көтеріліс жасауға дейін барған. Бұл көтерілістің қандай маңызы бар екенін түсіну үшін Германиядағы полициялық озбырлықтың қаншалық адам айтқысыз зор екенін білу керек. Бірақ революция заказбен жасалмайды; революция халық бұқарасының ашу-ызасының дүмпуі нәтижесінен туады. Егер Романов пен Распутин сияқты бейшара, жарымес адамдар шайкасының сазайын тартқызу соншалық оңай болғанмен, оның есесіне Германияның тәжді және тәжсіз империалистерінің ұйымдасқан және күшті шайкасына қарсы күресу шексіз қиын. Бірақ барлық елдер еңбекшілерінің революцияшыл табымен қол ұстасып жұмыс істеуге болады және солай істеу керек. Совет үкіметі құпия шарттарды жариялап, барлық елдердің билеп-төстеушілері — қарақшылар екенін көрсеткенде, міне осы жолға түсті. Сөзбен емес, іспен насихаттау дегеніміздің өзі осы. (Ду қол шапалақтау.)

Қорытындыда бітім келіс сөздері туралы мәселеге тоқтала келіп, шешен былай деді:

— Әскерлерін батыс және италья майдандарына төкпеу туралы біздің талаптарымызға немістер бұлтақтап жауап бергеннен кейін, біз келіс сөздерді тоқтатып, үзіліс жасадық, енді оны біраз уақыт өткеннен соң барып қайта бастаймыз. Ал бұл туралы біз дүние жүзіне ашықтан-ашық хабарлаған кезде, бітім келіс сөздерінің біздің кінәмыздан үзілмегенін білмейтін бірде-бір неміс жұмысшысы қалмайды. Ал егер мынадай бір жағдай болды, немістің жұмысшы табы өзінің жыртқыш-империалистерінің үкіметімен бірігіп кетті, сөйтіп біз соғысты жүргізе беру қажеттігіне душар болдық десек, сонда өзін тұншықтырып отырған үкіметтің еркін не үшін және қандай мақсатқа бола орындайтынын білмей-ақ өз қанын тайсалмай төге білген орыс халқы ешқандай күмәнсыз он еселеген жігермен, он еселеген қаһармандықпен күреске аттанған болар еді, өйткені әңгіме халықаралық буржуазия найзасын қарсы кезеп отырған социализм үшін, бостандық үшін күресу туралы болар еді. Бірақ біз социализм үшін күрес жолындағы барлық кедергілер мен барлық бөгеттерді жеңетін еңбекші бұқараның халықаралық ынтымағына сенеміз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«Известия ЦИК» № 235,
25 ноябрь, 1917 ж.

Протоколдық жазбаның машинкада басылған данасымен салыстырылған «Известия ЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ МАТЕРИАЛДАР» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗ

Оқушылардың назарына ұсынылып отырған кітапшада менің жер мәселесі жөнінде жазған, кең таратуға тұрарлық мақалаларым мен сөйлеген сөздерімнің ең бастылары жиналған (автордың емес, большевиктердің бірінің инициативасы бойынша). Мұнда жиналған мақалалар мен сөздер 1917 жылғы апрельдің аяғынан октябрьдің аяғына дейінгі кезеңді қамтиды. Мақалаларға мыналар қосылған: РСДРП(б) Апрель конференциясының қарары*, 1917 жылы 26 октябрьде жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Екінші съезі қабылдаған жер туралы декрет**. Бұл екі документтің екеуінің де текстін алғашқы түрінде (яғни *жобаларын*) мен жазған болатынмын.

Тұтас алғанда, бұл документтер мен мақалалар революцияның жарты жылындағы большевизм көзқарастарының дамуы мен ол көзқарастардың практикада қолданылуының дәл бейнесін береді.

Сонымен қатар мен «Рабочий» газетіндегі (Петербург, 11 сентябрь (29 август), 1917 ж., № 6): «Публицистің күнделік дәптерінен. Шаруалар мен жұмысшылар»*** деген мақаламды да айта аламын. Бұл мақалада «Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатовтың» 19 августағы 88-номерінде басылған жинақ-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 465—468-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 24—27-беттер. *Ред.*
*** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 122—131-беттер. *Ред.*

талған шаруа аманаты толық талданған, бұл аманат 1917 жылғы 26 октябрьдегі жер туралы декретке енді. Көрсетілген мақала 25 октябрьдегі революциядан екі ай бұрын «жұмысшының шаруаға айтатын сөзінің негізгі бағытын өзгерту» қажеттігін түсіндірген болатын.

Н. Ленин

Петербург.
27 ноябрь, 1917 ж.

1917 ж. декабрьде мына кітапшада басылған: Н. Ленин «Аграрлық мәселе жөніндегі материалдар», Петербург, «Прибой» баспасы

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

БІТІМ ТУРАЛЫ КЕЛІС СӨЗДЕР ПРОГРАММАСЫНЫҢ КОНСПЕКТІСІ[50]

1) Саяси және экономикалық келіс сөздер.
2) Саяси келіс сөздердің басты тақырыбы және негізгі принципі:

«аннексиясыз және контрибуциясыз».

3) Аннексия ұғымы:

(а) аннексия — осы соғыс жарияланғаннан кейін қосып алынған жер деп анықтама берудің жарам*сыздығы* *.

(б) соңғы ондаған жылдар бойына (XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап) халқы өз территориясының басқа мемлекетке қосып жіберілуіне, немесе оның мемлекеттегі жағдайына наразылық білдіріп келген территорияның қандайы болса да аннексия деп жарияланады,— бұл наразылық әдебиетте білдірілсе де, сеймдердің, муниципалитеттердің, жиналыстардың және сол сияқты мекемелердің қарарларында білдірілсе де, осы территориялардағы ұлттық қозғалыстардың себебінен туған мемлекеттік және дипломатиялық актілерде, ұлттық тартыстарда, қақтығыстарда, толқуларда, тағы сол сияқтыларда білдірілсе де бәрібір[51].

1) Белгілі бір соғысып жатқан елдің құрамына кіретін әрбір (державалық емес) ұлттың бөлініп шығып, дербес мемлекет құруға дейін өзін өзі еркін билеуге праволы екенін ресми түрде мойындау; 2) өзін өзі

* Соғыс жарияланғаннан кейін қосып алынған жерлерді аннексияландырылған жерлер деп есептейтін аннексия анықтамасы қабылданбайды.

билеу правосы өзін өзі билейтін облыстың бүкіл халқының референдумын өткізу жолымен жүзеге асырылады; 3) өзін өзі билейтін облыстың географиялық шекараларын сол облыстың және іргелес облыстардың демократиялық жолмен сайланған өкілдері белгілейді; 4) ұлттың өзін өзі еркін билеу правосын жүзеге асыруға кепілдік беретін алғы шарттар:

а) өзін өзі билейтін облыстың шегінен әскерлерді алып кету;

б) көрсетілген облысқа босқындарды, сол сияқты соғыс басталғаннан былай сол жерден өкімет жер аударған осы облыстың тұрғындарын қайтару;

в) бұл облыста өзін өзі билейтін ұлттың демократиялық жолмен сайланған өкілдерінен уақытша басқарма құру, оған (айта кету керек) *б* пункттін жүзеге асыру правосын беру;

г) уақытша басқарманың жанынан келісуші жақтардың комиссияларын құру, оларға өзара бақылау правосын беру;

д) *б* және *в* пункттерін жүзеге асыруға қажетті шығындар оккупациялаған жақтың қаржысының арнаулы қорынан берілетін болсын.

1917 ж. 27 ноябрьде (10 декабрьде) жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ[52]

Нұсқаулар?

1) Банктерді национализациялау.
2) Күштеп синдикатқа біріктіру.
3) Сыртқы сауданың мемлекеттік монополиясы.
4) Талаушылыққа қарсы күрестің революциялық шаралары.
5) Финанстық және банктік топауды әшкерелеу.
6) Өнеркәсіпті қаржыландыру.
7) Жұмыссыздық.
8) Демобилизациялау — армияны ма? өнеркәсіпті ме?[53]
9) Азық-түлік.

1917 ж. 27 ноябрьде (10 декабрьде) жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШАРАЛАР ПРОГРАММАСЫНЫҢ НОБАЙЫ

Банктерді национализациялау

Ақшаны қазынаға кері қайырып алу

Ірі купюралы жаңа ақша шығару

Фабрикаларды пайдалы өндіріске көшіру үшін революциялық шаралар қолдану

Тұтыну қоғамдарына күштеп біріктіру жолымен тұтыну ісін орталықтандыру

Сыртқы саудаға мемлекет монополиясын орнату

Өнеркәсіпті национализациялау

Мемлекеттік заемдар.

1917 ж. ерте дегенде 27 ноябрьде (10 декабрьде) жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДЕМОНСТРАЦИЯ ҰРАНДАРЫ ЖӨНІНДЕ[54]

28. XI. де жарияланған демонстрация ұрандарына мынаны қосуға кеңес берер едім:

Шаруалар съезінен бөлініп кеткен «оңшыл» эсерлер мен «черновшылдар» масқара болсын!

Совет өкіметі жағына шыққан шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық II съезі жасасын!

Еңбекші халық Совет өкіметі мен Совет үкіметін Құрылтай жиналысының тануын талап етеді!

Банктерді национализациялау жасасын!

Саботажшылар мен ереуіл жасаушы чиновниктер жойылсын! Оларға бойкот жариялансын, оларға қарсы революциялық террор қолданылсын!

Ленин

1917 ж. 28 ноябрьде (11 декабрьде) жазылған

Бірінші рет 1957 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯҒА ҚАРСЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫНЫҢ КӨСЕМДЕРІН ҚАМАУҒА АЛУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ[55]

Халық жауларының партиясы болып табылатын кадеттер партиясының басшы мекемелерінің мүшелері қамауға алынып, революциялық трибуналдың сотына берілуге тиісті.

Кадеттер партиясы революцияға қарсы корниловтық-калединдік азамат соғысымен байланысты болғандықтан, жергілікті Советтерге кадеттер партиясын ерекше қадағалау міндеті жүктеледі.

Декрет қол қойылған кезден бастап күшіне енеді.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

Петроград, 28 ноябрь, 1917 ж.,
сағат кешкі $10^1/_2$.

«Правда» № 23 (кешкі басылымы).
12 декабрь (29 ноябрь), 1917 ж.
және «Известия ЦИК» № 239,
29 ноябрь, 1917 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДӘЛЕЛСІЗ АЙЫПТАУЛАР ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[56]

Орталық Комитет мынадай принцип белгілейді:
барлық бас араздық істер мен жеке адамды айыптаушылық жөнінде сот алдында дәлме-дәл айып тағылмаса, осындай айып тағушы адамдар жалақор деп саналады;

— осындай айыптаушылықпен өзін зәбірлендім деп санайтын адамдардың сотқа шағым беруіне болады.

1917 ж. 29 ноябрьде (12 декабрьде) жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1917 ж. 29 НОЯБРЬДЕ (12 ДЕКАБРЬДЕ) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

1

«Правданың» редакциялық коллегиясының құрамы туралы мәселе талқыланды. Н. И. Бухарин «Правдадағы» жұмыспен бүтіндей шұғылдану үшін Экономикалық кеңестегі жұмыстан өзін босату туралы мәселе қойды[57].

Ленин жолдас Экономикалық кеңеске осы уақытқа дейін жеткілікті көңіл бөлінбей келгендігін, ал сонымен қатар ол кеңестің қазіргі мемлекеттік құрылыс үшін аса ірі факторлардың бірі болып табылатындығын[58], сондықтан да Бухарин жолдас сияқты істі білетін адамдарға зәру екендігін көрсетеді, сондықтан ол Бухарин жолдасты «Правданың» редакциялық коллегиясына енгізбеуді талап етеді.

2

Е. Д. Стасова «Правданың» редакциялық коллегиясын үш кісіден: И. В. Сталин, Г. Я. Сокольников пен Н. И. Бухариннен құруды ұсынады.

Ленин жолдас басқа үштікті: Сокольниковті, Сталинді, Троцкийді ұсынады.

3

А. И. Рыковтың, Л. Б. Каменевтің, В. П. Милютиннің және В. П. Ногиннің өздерін партияның Орталық Комитетіне қайта қабылдау туралы мәлімдемесі талқыланады.

Ленин жолдас осы отінішке оз жауабының алғашқы нобайын оқиды[59], мұнда тортеудің біздермен мүлдем келіспейтіндігі олардың мәлімдемелерінен айқын көрініп отырғандығы корсетіледі, өйткені олар Орталық Комитет ырыққа копіп кетті деп есептейді. Нақты алғанда Ленин олардың оздерінің хатын қайда бергісі келетіндігі, яғни олардың бұл хатты баспасөзге бастырғысы келетін, келмейтіндігі жөнінде төртеуден жазба түрде мәлімдеме талап етуді ұсынады. Біз оны оз бетімізбен баспасоз бетінде жарияламаймыз, ал оларды қайта қабылдамайтындығымыз жөнінде оларға жазба түрде жауап береміз.

Бірінші рет 1929 ж. мына кітапта басылған: «РСДРП Орталық Комитетінің протоколдары. 1917 ж. август — 1918 ж. февраль»

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

ӘСКЕРИ ЗАВОДТАРДЫ ШАРУАШЫЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ ЖҰМЫСТАРҒА КӨШІРУ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Әскери-теңіз құрылыстарымен және жөндеу жұмыстарымен шұғылданатын заводтарға беруге боларлық заказдарды дереу ұйымдастыру үшін Раскольников жолдасқа Сауда және өнеркәсіп комиссариатына, сондай-ақ Азық-түлік комиссариатына (машинамен жабдықтау бөліміне) тез бару тапсырылады. Ауыл шаруашылық құралдарын, машиналарын жасау, паровоздар шығару және оларды жөндеу өте-мөте шұғыл іс болып табылады. Ең алдымен Петербургтегі отынмен және металмен ұзақ уақытқа жабдықталған Металл заводына назар аудару керек.

Әскери кемелер жасау программасы бойынша жұмсалатын барлық шығындарды және жалпы алғанда барлық өнім бермейтін шығындарды тоқтатып, тиісті қаржыларды халық шаруашылығында пайдалы жұмыстарға аудару мақсатымен Теңіз шаруашылығының бас басқармасына Теңіз министрлігінің 1917 жылға арналған сметаларын дереу қайта қарау тапсырылады. Бұл жұмысқа қатысу үшін барлық ведомстволардың сметаларын қайта қарау жөніндегі төтенше комиссар ретінде И. Э. Гуковский жолдас жіберіледі.

Осы бұйрықтың орындалуы жөнінде Халық Комиссарлары Советіне *күнбе-күн* баяндап отыру Раскольников жолдасқа және Теңіз шаруашылығының бас басқармасы уәкіл еткен адамға (немесе Гуковский жол-

дасқа), сондай-ақ Сауда және өнеркәсіп комиссариатының уәкіліне тапсырылады.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

1917 ж. 29 ноябрьде (12 декабрьде) жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАДТАҒЫ КӨПШІЛІК КІТАПХАНАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Революцияға парасаттылықпен, байыптылықпен, ойдағыдай қатысу үшін оқу керек.

Патша өкіметінің халық ағарту ісін ұзақ жылдар бойы бүлдіруі салдарынан, Петроградта кітапхана жұмысы өте нашар болып келді.

Батыстың ерікті мемлекеттерінде, әсіресе Швейцария мен Солтүстік Америка Құрама Штаттарында әлдеқашан жүзеге асырылған принциптерден туатын мынадай негізгі өзгерістердің дереу және сөзсіз жасалуы қажет:

1) Көпшілік кітапханасы (бұрынғы Императорлық кітапхана) Питер мен провинциялардағы *барлық* қоғамдық және қазыналық кітапханалармен де, сол сияқты *шетел* кітапханаларымен де (Финляндия, Швеция, *тағысын-тағылар*) кітаптар *алмасуға* дереу кірісуі керек.

2) *Кітапханадан кітапханаға* кітаптар жіберу, заң бойынша, *тегін* деп жариялануға тиіс.

3) Мәдениетті елдерде *жеке меншіктегі* кітапханалар мен оқу үйлерінің *бай* адамдар үшін істейтіні сияқты, кітапхананың оқу залы:

күн сайын, мейрам күндері мен жексенбі күндерін *қоса* алғанда, таңертеңгі сағат 8-ден кешкі сағат 11-ге дейін ашық болуға тиіс.

4) Қызметшілер қажетті мөлшерде Халық ағарту министрлігінің департаменттерінен Көпшілік кітапханасына дереу ауыстырылуға тиіс (еркектердің еңбегі соғысқа керек болғандықтан, әйелдердің еңбегі көбірек қолданылатын болсын), өйткені бұл департаменттерде қызметшілердің $^{9}/_{10}$ пайдасыздығын былай қойғанда, тіпті зиянды еңбекпен айналысуда.

1917 ж. ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 1917 ж. 1 (14) ДЕКАБРЬДЕГІ МӘЖІЛІСІ

1

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[60]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Советтік жобаны қорғап Ленин сөз сөйледі, ол Халық шаруашылығы жоғары советінің парламентке айналдырылуы мүмкін еместігін, Халық Комиссарлары Советі саясатта қандай орган болса, капиталистер мен помещиктерге қарсы күресу үшін Халық шаруашылығы жоғары советінің экономикада дәл сондай айбынды орган болуға тиіс екенін көрсетті.

«Новая Жизнь» № 192, 3(16) декабрь, 1917 ж.

«Новая Жизнь» газетінің тексті бойынша басылып отыр

2

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[61]

Егер Құрылтай жиналысын азамат соғысына ұласқан тап күресі жағдайынан тыс алып қарайтын болсақ, онда халық еркін анықтау үшін одан асқан ерекше мекемені әзірге біз білмейміз. Бірақ қиялға беріліп шарықтай беруге болмайды. Құрылтай жиналысының азамат соғысы жағдайында жұмыс істеуіне тура келеді. Азамат соғысын бастаған — буржуазиялық-калединдік элементтер.

Москвадағы көтерілісті соза беру әрекетінен кейін, Керенскийдің Петроградқа әскер төкпекші болған сәтсіз әрекетінен кейін, армияның командирлер құрамының контрреволюциялық жоғарғы тобын ұйымдастырмақ болған нәтижесіз әрекеттен кейін, олар енді Донда көтеріліс ұйымдастыру әрекетін жасап отыр. Бұл әрекеттен үміт жоқ, өйткені еңбекші казактар калединшілдерге қарсы.

Кадеттер партиясын қудалады деп кінә тағушылыққа қарсылық білдіре келіп, Ленин былай деп мәлімдеді: тап күресін саяси дұшпаннан бөліп қарауға болмайды. Кадет партиясы күшті топ емес деушілер өтірік айтады. Кадеттік орталық комитет дегеніміз — буржуазия табының саяси штабы. Кадеттер дәулетті таптардың бәрін өздеріне тартты; кадеттерден гөрі оңшылдау тұрған элементтер де соларға қосылды. Олардың бәрі кадет партиясын қолдайды.

Бізге Құрылтай жиналысын бастапқы ойластырылған күйінде шақыруды ұсынады. Жоқ, ғапу етіңіз! Ол халыққа қарсы ойластырылған болатын. Біз төңкеріс

жасағанда, Құрылтай жиналысының халыққа қарсы пайдаланылмауына кепілдік болуы үшін, бұл кепілдік үкіметтің қолында болуы үшін жасадық. Құрылтай жиналысының қашан шақырылатыны біздің декретте бүкпесіз, ашық айтылған[62]. Онда біз бұл сұраққа дәл жауап бергенбіз. Көңілден күдік іздеп әуре болмай-ақ қойыңыздар, біз еш нәрсені жасырмаймыз. 400 адамға толған кезде біз Құрылтай жиналысын шақырамыз деп айтқан болатынбыз. Тағайындалған мерзімінен сайлаудың кеш өткеніне біз кінәлы емеспіз. Кейбір жерлерде сайлауды неғұрлым кешірек мерзімге тағайындаған Советтердің өздері. Сайлаудың бір мезгілде өткізілмеуі жағдайында депутаттар саны қаншаға толғанда Құрылтай жиналысын ашуға болатынын белгілеу керек еді. Заңда бұл мөлшердің көрсетілмегендігін Құрылтай жиналысын депутаттардың саны қанша болғанына қарамастан шақыра беру үшін пайдаланып қалуға да әрекет жасалды. Өкімет бұған жол берсе, ол қандай халге ұшырар еді? Совет өкіметі депутаттардың саны қанша болғанда Құрылтай жиналысының шақырылуы дұрыс деп саналатыны жөнінде қаулы алып дұрыс істеді. Совет өкіметі мұны жасады. Кімде-кім келіспесе — декретті сынауға тиісті. Егер сынның орнына біз ишара жасауды, жалпы долбарды еститін болсақ, онда біз мұндайларды тойтарып тастаймыз.

Революцияшыл тап дәулетті таптарға қарсы күрес жүргізсе, олар қарсыласады, бұл қарсылықты революцияшыл тап жаныштауға тиісті; сондықтан біз дәулетті таптардың қарсыласуын олардың пролетариатты жаныштаған барлық өз құралдарымен жаныштаймыз,— басқа құрал әлі ойлап табылған жоқ.

Сіздер буржуазияны оқшаулау керек дедіңіздер. Бірақ кадеттер, формальдық-демократиялық ұранды, Құрылтай жиналысының ұранын бетке ұстап,— іс жүзінде азамат соғысын ашып отыр. Олар: «Біз Құрылтай жиналысында да отырғымыз келеді, сонымен қатар азамат соғысын да ұйымдастырғымыз келеді» дейді, ал сіздер бұған оқшаулау керек деген бос сөзбен жауап беріп отырсыздар.

Біз тек формальдылықты бұзғандарды ғана әшкерелеп отырғанымыз жоқ, біз саяси партияға қарсы тікелей саяси айып тағып отырмыз. Француз революционерлері де осылай еткен болатын. Сайларын сайласа да, кімді сайлағанын білмеген шаруаларға біздің берер жауабымыз осы. Құрылтай жиналысы Керенскийдің қалауы бойынша жиналмайтынын халық білетін болсын. Біз кері шақырып алу правосын енгіздік, сондықтан Құрылтай жиналысы буржуазияның ойлағанындай болмайды. Құрылтай жиналысының шақырылуына бірнеше күн қалғанда, буржуазия азамат соғысын ұйымдастырып, уақытша бітім жасасу ісін болдырмау үшін саботажды көбейтіп отыр. Біз формальдық ұрандарға алданып қала алмаймыз. Олар Құрылтай жиналысында да отырғысы келеді, сонымен қатар азамат соғысын да ұйымдастырғысы келеді. Кадеттер партиясына қоятын біздің айыбымызды жұрт байыбына барып түсінетін болсын, кадеттер партиясы елді қанға бояйтын, еш нәрсе шықпайтыны айқын азамат соғысының штабы емес деп дәлелдеп көрсін. Штейнберг жолдас мұны дәлелдеймін деп тырысқан жоқ. Ол кадеттердің Корниловпен байланысы туралы анықталғандардың бәрін ұмытты; бұл байланысты әшкерелеген біз емес, біздің саяси дұшпанымыз Чернов. Бізге майда-шүйде адамдарды әшкерелеуді ұсынады. Біз бүтін бір таптың штабына қарсы қойылатын саяси айыпты жеке адамдарды әшкерелеудің тасасында қалдыра алмаймыз.

Мұнан соң Ленин жолдас большевиктерді де халықтың жаулары деп жариялаған болатын деген қарсы пікірге тоқталды. Бізді халықтың жаулары деп жариямалақ болып қорқытты, бірақ олай ете алмады. Мұны істеуге олардың батылы бармады. Сонда біз оларға былай дедік: «Жарайды, егер сіздер мұны істей алсаңыздар, істеп көріңіздер. Большевиктер партиясы партия ретінде, бағыт ретінде халықтың жауы деп халыққа айтып көріңіздер». Мұны істеуге олардың батылы бармады, олар жеке адамдарға тұзақ құрды, жала жапты. Біз оларға былай дедік: сіздер бізді халықтың жауы деп жариялай алмайсыздар, сіздерде большевиктерге

қарсы тағатын принциптік қарсылықтың ұшығы да жоқ, сіздер тек жала жаба аласыздар. Біздің партияға қоятын айыбымыз саяси күрестің күйкі әдістеріне тыйым салады. Біз халыққа шындықты айтамыз. Біз халыққа оның мүдделері демократиялық мекеменің мүдделерінен жоғары екенін айтамыз. Халықтың мүдделерін формальдық демократизмге бағындыратын ескі соқыр сенімге қарай кері шегінудің керегі жоқ. Кадеттер: «Бүкіл өкімет Құрылтай жиналысына берілсін» деп даурығады, ал іс жүзінде оның мәнісі: «Бүкіл өкімет Калединге берілсін» деген сөз болып шығады. Халыққа осыны айту керек, сонда халық бізді мақұлдайды.

«Правда» № 207, 19(6) декабрь, 1917 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

3

КАДЕТ ПАРТИЯСЫ ЖӨНІНДЕГІ ДЕКРЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАР

Кадеттерді халық жауларының партиясы деп жариялайтын және бұл партияның басшы мекемелерінің мүшелерін қамауға алуды, партияға бүтіндей советтік қадағалау орнатуды міндеттейтін декрет жөнінде Халық Комиссарлары Советі өкілдерінің түсініктемелерін тыңдай келіп, Орталық Атқару Комитеті жұмысшы және шаруа революциясының түп негіздеріне қарсы сұрапыл азамат соғысын ашушы кадет партиясы бастаған буржуазиялық контрреволюцияға қарсы барынша батыл күрес жүргізу қажет екенін қуаттайды.

Орталық Атқару Комитеті бұдан былай да осы жолда Халық Комиссарлары Советін қолдап отырады және өздерінің ауытқулары арқылы пролетариат пен кедей шаруалардың диктатурасын әлсірететін саяси топтардың наразылықтарын қабылдамайды.

«Известия ЦИК» № 243, 3 декабрь, 1917 ж.

«Известия ЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ЕКІНШІ СЪЕЗІНДЕ 1917 ж. 2(15) ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[63]

Жолдастар, мен шаруа депутаттарының бұдан бұрынғы Төтенше съезіне Халық Комиссарлары Советінен емес, большевиктердің фракциясынан келген едім, дәл сол сияқты қазір де мен нақ сол большевиктер фракциясының атынан сөйлеп тұрмын, өйткені мен үшін большевиктер партиясының пікірі сіздерге, шаруа депутаттарының съезіне мәлім болғаны бәрінен де маңызды.

Мен осында келгенде соңғы шешен сөзінің шет жағасын естіп қалдым, ол маған қарап, сіздерге арнай сөйлеп: ол сіздерді найзаның күшімен қуып шықпақшы деді. Жолдастар, Россия әлдекімнің басқаруында болатын кезеңнен ілгері кетті. Өздеріңіз білесіздер, армия қаруын бостандықты жеңіп алу үшін жұмсай білген кезден бері, солдат шинелін киген шаруалар онндай шинель кимеген шаруалармен бас қосып, түсінісе алатын болғаннан бері халықтың еркін, шаруалар мен жұмысшылардың еркін бағындыра алатын күш жоқ.

Жолдастар, мен сіздерге 25 октябрьдегі төңкерісті қалай түсінетінімізді айтқым келеді. Жолдастар, осында революцияның жаңа толқыны Советтерді жойып жіберуі мүмкін деушілер болды. Мен: олай болмайды, деймін. Советтердің ешқашан да жойылмайтынына мен кәміл сенемін; 25 октябрьдегі революция бізге мұны дәлелдеп берді. Советтер еш уақытта жойылмайды, өйткені олар 1905 жылғы бірінші революцияның өзінде-ақ құрылған, олар Февраль революциясынан кейін де құрылды және әлдекімнің жеке бастамасы бойынша

емес, халық бұқарасының еркі бойынша, төменнен құрылды. Мұнда ешқандай шек қоюшылық, ешқандай формальдылық болуы мүмкін емес, өйткені олар халықтың еркімен құрылған, сондықтан да халық өз өкілдерін қалаған кезінде кері шақырып алуға ерікті. Советтер парламент атаулының қандайынан болса да, құрылтай жиналысы атаулының қандайынан болса да жоғары. («Өтірік!» деген а й қ а й - ш у.) Большевиктер партиясы жоғары орган — Советтер деп әрқашан айтып келді. Мұны өтірік деуге болмайды, неге десеңіз Европада болған және монархияны құлатқан революциялар Құрылтай жиналысы арқылы буржуазиялық республика құрып келді. Біздегі революциядай революция еш уақытта және еш жерде әлі болған емес. 25 октябрьдегі революция тек «большевиктік үкіметті» ғана берді деседі. Мен Халық Комиссарлары Советіндегілер тек большевиктер ғана емес екенін айтқан болар едім. Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің бірінші съезі сіздердің кейбіреулеріңіздің естеріңізде болса, онда сіздер большевиктердің ол кезде азшылық болғанын білуге тиіссіздер; ал қазір, келісімпаздық саясаттың неге апарып соғатынына тәжірибе жүзінде көзі жеткен халық жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Екінші съезінде көпшілік орынды большевиктер партиясына берді. Жаудың баспасөзінде маған найзаның күші Советтерге қарай кезелуі мүмкін деп жамырай шуласқанда, менің оған күлкім келеді. Найза жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың қолында, ал олардың қолындағы найза еш уақытта да Советтерге қарсы кезелмейді. Ал контрреволюция найзасын Советтерге қарсы кезене берсін, одан Советтер қорықпайды.

Құрылтай жиналысы туралы мәселеге көше отырып, мен мынаны айтуға тиістімін: халық өзі еркін дамып, жаңа тұрмыс құратын болғанда ғана Құрылтай жиналысы көмек көрсете алады. Ал менің сіздерден сұрайтыным: осылай болып отыр ма?

Мен сіздерге бәріңіз білетін: «адам сенбі үшін емес, сенбі адам үшін» дегенді айтамын. Құрылтай жиналысының сайлауы қалай өткенін өздеріңіз білесіздер,

жолдастар. Мұның өзі сайлаудың ең озық әдістерінің бірі, неге десеңіз мұнда жеке адамдар емес, партиялардың өкілдері сайланады. Ал мұның өзі бір адым ілгері басқандық, өйткені революцияны жасайтын жеке адамдар емес, партиялар. Құрылтай жиналысының сайлауы өткен кезде эсерлер партиясы бір партия еді, Құрылтай жиналысында көпшілік болған партия еді. Қазір бұлай емес. Сіздер, мүмкін, мұны да большевиктер істеді дерсіздер? Жоқ, жолдастар, бұл дүние жүзілік заң. Қашанда және қай жерде болса да халық баяу және қиыншылықпен екі жақ болып бөлінеді: бірі жүрдай болғандардың, зәбір шеккендердің жағы, барлық еңбекшілердің жарқын болашағы үшін күресушілердің жағы, ал екіншісі — қайткенде де, помещиктер мен капиталистерді қолдаушылардың жағы. Сайлау болған кезде халық өзінің еркін, өзінің тілегін білдірушілерді сайлаған жоқ. Сіздер бізге: бүтін кадеттер партиясын халықтың жауы деп жарияладыңдар дейсіздер.— Рас, біз жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Екінші съезінің еркін білдіріп, осылай істедік. Ал енді, бітімпің, үш жылға созылған сұмдық қырғынды тоқтатудың табалдырығы алдында тұрған кезімізде, мұның өзі барлық еңбекшілердің, барлық елдердің талабы болып отырғанына біз сенеміз. Европада империализмді құлату баяу және қиыншылықпен жүріп келеді, ал енді барлық елдердің империалистері халықтың күшті екенін, ол жолына бөгет болғандардың бәрін өзінің күшімен құлататынын көріп отыр. Кейбір адамдар жұмысшылар мен шаруаларға қарсы, Советтерге қарсы көтеріліс ұйымдастырып, екінші қолымен Құрылтай жиналысының мәртебелі мандатын көрсететін болса, біз оған бөгелмейміз. Июльде бізге: «біз сендерді халықтың жаулары деп жариялаймыз» деген болатын. Ал біз: «жариялап көріңдер» деп жауап бергенбіз. Буржуа мырзалар мен олардың жақтаушылары осыны халыққа ашық айтып көруі керек еді; бірақ олар мұны істемеді, олар әр түрлі өтірікті, жаланы, арамдықты пайдаланды. Буржуазия азамат соғысын бастап, біз оны көзімізбен көрген кезде, олар юнкерлердің көтерілісін шығарды, ал біздер, жеңуші-

лер, оларға, жеңілгендерге, рақымшылдықпен қарадық. Біз одан да көп жақсылық істедік: біз олардың әскери абыройын да сақтадық. Ал енді қазір, Құрылтай жиналысы шақырылғалы отырған кезде, біз былай демекпіз: Құрылтай жиналысының мүшелерінен 400 адам келген кезде біз оны ашамыз*. Біз кадеттердің заговор жасауды әлі де қоймағанын көріп отырмыз, біз олардың алтын толы қаншық үшін, құлқын құмарлық үшін, байлық үшін Советтерге қарсы көтеріліс ұйымдастырып жатқанын көріп отырмыз, сондықтан біз оларды ашықтан-ашық халықтың жаулары деп жариялаймыз. Бізде жақын арада бітім шарттары мәлім болғалы, уақытша бітім жасалғалы тұрғанда, жер комитеттерінің мүшелерін қамауға алу тоқтатылғалы, помещиктердің жерлері конфискеленгелі тұрғанда, фабрикалар мен заводтарға бақылау орнатылғалы тұрғанда, олар бізге қарсы, Советтерге қарсы заговор ұйымдастырып отыр. Сондықтан біз оларды, кадеттер партиясын — буржуазия партиясы, халықтың жаулары дейміз, сөйтіп біз оған қарсы күрес жүргіземіз.

«Рабочий и Солдат» № 42,
4(17) декабрь, 1917 ж.

Протоколдық жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

---

* «Рабочий и Солдат» газетінің 1917 жылғы 4(17) декабрьдегі 42-номерінде басылған текстіде сөздің қорытынды бөлігі мынадай етіп баяндалған: «Халықтық өкімет капиталмен ешқандай коалиция жасамайды. Біз құпия шарттар жасаспаймыз. Халықтық өкімет өзінің әрбір қадамы туралы Советтерді хабардар етіп отырады. Советтердің атынан біз уақытша бітім ұсындық, ал егер шарттары ұнамаса, халық ол шарттарды қабылдамайды. Революцияшыл халыққа ешқандай зорлық жасалған жоқ. («Ал Духонинге ше?» — деген дауыстар естілді отырғандардың арасынан.) Иә, Духонинге уақытша бітім туралы келіс сөздер жүргізуге кірісу ұсынылған болатын. Ол бұдан бас тартты. Духонин Корниловпен, Калединмен және басқа да халық жауларымен одақ жасасты, сондықтан өз жауына қарсы аса бір қатты ашыну кезінде халық оны өлтірді. Бірақ сіздер басқа да бір фактіні ұмытып отырсыздар. Шпалерпаяда жұмысшы Воинов большевиктік листоктар таратып тұрғанда, оны казактар өлтіріп кетті. Осы екі фактінің арасында мынадай бір айырмашылық болды: жұмысшы Воинов өлтірілген кезде, оны еске алған тек жалғыз «Рабочая Газета» ғана болды онда да Воиновты өлтірді деген жоқ, өлді деді. Ол жолы қарапайым жұмысшы өлтірілген-ді, ал бұл жолы орыс армиясының $^{99}/_{100}$ бөлігінің еркіне қарсы шығып, бітім жолына көсе тұрған адам өлтірілді. Бірақ соның өзінде, генерал Духонин өлтірілгенде, біздің газеттеріміз өз бетімен жазалап өлтірушілікті бірінші болып айыптады. Мұндағы ұқсастық пен айырмашылық, міне, осындай. Өндіріске жұмысшылар бақылауын орнатуды жақтаушылар, демократиялық бітімді жақтаушылар, қан төгіс қырғынды соза беруге қарсылар кадеттерді жақтамайды». *Ред.*

УКРАИН ХАЛҚЫНА АРНАЛҒАН МАНИФЕСТ ЖӘНЕ УКРАИН РАДАСЫНА УЛЬТИМАТИВТІК ТАЛАПТАР[64]

Социализм жолындағы күресте жұмысшылар мен еңбекшілердің, қаналушы бұқараның бірлігі мен туысқандық одағы мүдделерін көздей отырып, бұл принциптер революциялық демократия органдарының, Советтердің, әсіресе Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің толып жатқан шешімдерінде мойындалғандығына сүйене отырып, Россияның социалистік үкіметі, Халық Комиссарлары Советі патша өкіметі және великорус буржуазиясы езіп келген барлық ұлттардың өзін өзі билеуге праволы екенін, бұл ұлттар Россиядан бөлініп шығуға дейін праволы екенін тағы да қуаттайды.

Сондықтан біз, Халық Комиссарлары Советі, халықтық Украин республикасын, оның Россиядан мүлде бөлініп шығуға немесе Россия республикасымен өзара федерациялық және сол сияқты қарым-қатынас орнату туралы шарт жасасуға праволы екенін мойындаймыз.

Украин халқының ұлттық праволары мен ұлттық тәуелсіздігіне қатысты нәрсенің бәрін біз, Халық Комиссарлары Советі, дереу, шек қоймастан және сөзсіз мойындаймыз.

Әзірге буржуазиялық республика қалпында қалып отырған Финляндияның буржуазиялық республикасына қарсы біз финн халқының ұлттық праволары мен ұлттық тәуелсіздігіне шек қою мағынасында бірде-бір шара жасағанымыз жоқ және Россия республикасының құрамына енген және енгісі келетін ұлттардың қан-

дайының болса да ұлттық тәуелсіздігіне шек қоятын ешқандай шара жасамаймыз.

Біз Раданы былай деп айыптаймыз: ұлттық жел сөздерді бетке ұстап, ол екіұшты буржуазиялық саясат жүргізіп келеді, бұл саясат Раданың Украинадағы Советтерді және Совет өкіметін мойындамауынан көптен-ақ көрінуде (айта кететін нәрсе, Рада Украин Советтерінің талап етуі бойынша Украин Советтерінің өлкелік съезін дереу шақырудан бас тартты). Біздің Раданы Украин республикасының еңбекші және қаналушы бұқарасының уәкілетті өкілі деп тануымызға мүмкіндік бермейтін бұл екіұшты саясат соңғы кездері Раданы келісу мүмкіншілігінің қандайын болса да жоққа шығарғандықты көрсететін қадамдар жасауға дейін апарды.

Мұндай қадамдар, біріншіден, майданда іріткі салушылықтан көрінді.

Рада *бір жақты* бұйрықтар беріп, майдандағы украин әскери бөлімдерін бір жерден екінші жерге ауыстырып, кері шақырып алып отыр, сөйтіп біртұтас жалпы майданды бөлшектеуге *дейін* жеткізіп, бүлдіріп отыр, ал бұл — екі республика үкіметтерінің ұйымдасқан түрде келісуі арқылы ғана жүзеге асырылатын шаралар.

Екіншіден, Рада Украинада тұрған совет әскерлерін қарусыздандыруға кірісті.

Үшіншіден, Рада Совет өкіметіне қарсы кадеттік-калединдік заговор мен көтерілісті қолдап отыр. «Дон мен Кубаньның» автономиялық правосы дегенді көріпеу өтіріктен-өтірік сылтау етіп, еңбекші казактардың орасан көпшілігінің мүдделері мен талаптарына қайшы келетін калединдік контрреволюциялық әрекеттерді сонымен бүркемелеп, Рада Калединге жақтас әскерлерді өз территориясы арқылы өткізіп жіберіп отыр, ал *Калединге қарсы әскерлерді өткізуден бас тартып отыр.*

Революцияға адам естімеген опасыздық жасаудың осы жолына түскен, Россия халықтарының ұлттық тәуелсіздігінің де, сол сияқты Совет өкіметінің де ең қас жауларын, еңбекші және қаналушы бұқараның

жауларын, кадеттер мен калединшілдерді қолдау жолына түскен Рада тіпті қазірдің өзінде тәуелсіз буржуазиялық украин республикасының жоғары мемлекеттік өкіметінің ресми түрде танылған және талассыз органы болған күнде де бізді, ешқандай тайсалмастан оған соғыс жариялауға мәжбүр еткен болар еді.

Ал қазіргі уақытта, жоғарыда баяндалған жағдайлардың бәрін ескере отырып, Халық Комиссарлары Советі Радаға, Украин және Россия республикалары халықтарының алдында, мынадай сұрақтар қояды[65]:

1. Рада ортақ майданда іріткі салушылық әрекеттерден бас тартуды міндетіне ала ма?

2. Рада бұдан былай жоғарғы бас қолбасшының рұқсатынсыз Донға, Уралға немесе басқа жерлерге бара жатқан әскери бөлімдердің ешқайсысын өткізіп жібермеуді міндетіне ала ма?

3. Рада контрреволюциялық кадеттік-калединдік көтеріліске қарсы күресу ісінде революциялық әскерлерге көмектесуді міндетіне ала ма?

4. Рада Украинадағы совет полктері мен жұмысшы Қызыл гвардиясын қарусыздандыру жөніндегі өз әрекеттерінің бәрін тоқтатуды, сөйтіп қарулары тартып алынғандардың қаруларын дереу қайтарып беруді міндетіне ала ма?

Осы сұрақтарға 48 сағаттың ішінде қанағаттанарлық жауап алынбаған жағдайда, Халық Комиссарлары Советі Раданы Россиядағы және Украинадағы Совет өкіметіне қарсы ашық соғыс жағдайында деп санайтын болады.

1917 ж. 3(16) декабрьде жазылған

1917 ж. 18(5) декабрьде «Правда» газетінің 206-номерінде, 1917 ж. 6 декабрьде «Известия ЦИК» газетінің 244-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАД ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ СОЛДАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПЕТРОГРАД СОВЕТІ ЖҰМЫСШЫ СЕКЦИЯСЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1917 ж. 4(17) ДЕКАБРЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

25 октябрьдегі революция буржуазияға табандылықпен қарсы тұруға қабілеттілігін көрсеткен пролетариаттың саяси жағынан ерекше кемелденгенін көрсетті. Бірақ социализмнің толық жеңуі үшін, пролетариаттың үстем тап болуға тиісті екенін терең түсінген зор ұйымшылдық керек.

Пролетариаттың алдында мемлекеттік құрылысты социалистік жолмен қайта құру міндеттері тұр, өйткені аралық шешімнің қандайы болса да, оларға дәлелдер табу қаншалық оңай болғанымен, түкке тұрғысыз, неге десеңіз елдің экономикалық және саяси жағдайы аралық шешімдер жасауға болмайтын дәрежеге жетті. Империализмге және капитализмге қарсы біздің алып күресімізде жартыкеш шараларға орын жоқ.

Мәселе — не жеңуде, не жеңілуде болып отыр.

Жұмысшылар мұны түсінуге тиісті және түсінеді де; мұның өзі олардың аралық ымырашыл шешімдерді қабылдамай тастауынан айқын көрініп отыр. Төңкеріс неғұрлым тереңдеген сайын, капитализмді социализм аппаратымен ауыстыру жұмысын жүргізу үшін белсенді қызметкерлер соғұрлым көп керек болады. Бұл үшін, тіпті саботаж жасалмаған күннің өзінде, ұсақ буржуазияның күші жеткіліксіз. Халық бұқарасының қалың қойнауы, оның іждағаттылығы арқылы ғана міндетті орындауға болады. Сондықтан нақ осы қазіргі кезеңде өз жағдайын жақсартуды ойламай, үстем тап

болуды ойлау керек. Деревня пролетариаты өз мүдделерін айқын және берік түсінеді деп сеніп қалуға болмайды. Мұны тек жұмысшы табы ғана істей алады, сондықтан да әрбір пролетар, ұлы перспективаны түсіне отырып, өзін басшымын деп сезініп, бұқараны өз соңынан ерте білуге тиісті.

Пролетариат барлық еңбекшілерге басшылық ету мағынасындағы үстем тап болуға және саяси үстемдік ететін тап болуға тиісті.

Мемлекетті тек буржуазия ғана басқара алады деген соқыр сенімге қарсы күресу керек. Мемлекетті басқару ісін пролетариат өз қолына алуға тиіс.

Капиталистер жұмысшы табының міндеттерін қиындату үшін қолынан келгенінің үзілді-кесілді бәрін істеуде. Сондықтан әрбір жұмысшы ұйымының — кәсіптік одақтардың, фабрика-завод комитеттерінің және басқаларының — экономика тұрғысынан үзілді-кесілді күресуіне тура келеді. Жұмысшы революциясын болдырмау үшін буржуазия бәрін бүлдіруде, бәріне саботаж жасауда. Өндірісті ұйымдастыру міндеттері де бүтіндей жұмысшы табына жүктеледі. Мемлекеттік істер, банктерді, заводтарды басқару — жұмысшылардың қолынан келмейтін міндет дейтін соқыр сенімнен біржолата арылатын болайық. Бірақ мұның бәрін тек күн сайын орасан зор ұйымдастыру жұмысын жүргізу арқылы ғана шешуге болады.

Өнім айырбастауды ұйымдастыру қажет, есепті, бақылауды жүйеге келтіру керек — бұл жұмысшы табының міндеттері, ал бұл міндеттерді жүзеге асыруға керекті білімді оған фабрика-завод өмірінің өзі берген.

Әрбір фабрика-завод комитеті өз заводының ісімен айналысып қана қоймай, сонымен бірге бүкіл мемлекеттік өмірді жолға қоюдың ұйымдастырушы ұясы екенін сезетін болсын.

Жеке меншікті жою туралы декрет шығару оңай, бірақ оны жұмысшылардың өздері жүзеге асыруға тиіс және тек солар ғана жүзеге асыра алады. Мейлі, қателер бола-ақ қойсын — ол қателер жаңа таптың жаңа өмір орнатудағы қателері.

Экономикалық өмірді ұйымдастырудың нақты жоспары болған емес және болуы мүмкін де емес.

Оны ешкім бере алмайды. Мұны төменнен, тәжірибе жолымен бұқара ғана істей алады. Әрине, нұсқаулар беріледі, жолдар белгіленеді, бірақ дереу жоғарыдан да, төменнен де бастау керек.

Советтер Россияның бүкіл өндірісін реттеп отыратын органға айналуға тиіс, бірақ олар әскерсіз штабтарға айналып кетпеу үшін төменде жұмыс жүргізілуі қажет...*

Жұмысшы бұқарасы бақылау мен өндірісті ұйымдастыруды мемлекеттік көлемде кеңінен қолға алуға тиіс. Табысқа жетудің кепілдігі жеке адамдарды ұйымдастыруда емес, бүкіл еңбекші бұқараны ұйымдастыруда, ал егер біздің осыған қолымыз жетсе, шаруашылық өмірін жолға қойсақ, онда бізге қарсылық көрсетушілердің бәрі өзінен өзі-ақ ысырылып қала береді.

«Правда» № 208, 20(7) декабрь, 1917 ж. және «Солдатская Правда» № 104, 14 декабрь, 1917 ж.

«Солдатская Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* Жазуы анық болмағандықтан бірнеше сөз алынбады. *Ред.*

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ АШЫЛУЫ ТУРАЛЫ

Негізінен бұрынғы Бүкіл россиялық сайлау комиссиясының кінәсынан Құрылтай жиналысы сайлауының созылып кетуіне байланысты, сол сияқты контрреволюциялық топтардың Совет өкіметі құрған комиссариатқа қарсы Құрылтай жиналысы жөнінде ерекше комиссия құруы себепті Құрылтай жиналысы өзінің қазіргі құрамында мүлде шақырылмайды екен деген қауесет тарап жүр. Халық Комиссарлары Советі шаруа, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің дұшпандары әдейі және қасақана таратып жүрген бұл қауесеттердің мүлде өтірік екенін мәлімдеуді қажет деп есептейді. Құрылтай жиналысы Халық Комиссарлары Советінің Советтердің Орталық Атқару Комитеті бекіткен декреті бойынша Құрылтай жиналысы мүшелерінің жартысы, атап айтқанда 400 депутат Таврический сарайының кеңсесінде белгіленген тәртіпке сай тіркелген бойда шақырылады.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

Вл. Ульянов (Ленин)

«Правда» № 207,
19(6) декабрь, 1917 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ЕКІНШІ СЪЕЗІНІҢ ШАРУАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҮНДЕУ ХАТЫНЫҢ ЖОБАСЫ[66]

Шаруалардың Бүкіл россиялық Екінші съезі Россияның барлық ұлттары мен халықтарының шаруаларын бар ақыл-ойы мен ерік-күшін, өзінің сан құрамы мен жігерінің барлық қуатын ұйқыдағыларды ояту, жасқаншақтарды жігерлендіру үшін жұмсауға, сөйтіп, россиялық ұлы революцияның қазіргі,— мүмкін, ең ауыр, ең жауапты — кезеңінде жұрттың бәріне естірте, елдің барлық түпкір-түпкірінен, әрбір деревнядан, ірі қалалардың әрбір кварталынан өзінің салмақты, өзінің шешуші сөзін айтуға жалынды түрде шақырады.

Шаруа жолдастар! Біз өз еліміздегі халықтың басым көпшілігіміз. Біз — еңбекшілер мен қаналушылардың негізгі бұқарасымыз. Біз — еңбекшілердің заңды және әділетті талаптарының, ең алдымен жер жөніндегі талаптарының қанағаттандырылуы жолындағы күрескерлердің, помещиктер тарапынан да, сол сияқты капиталистер тарапынан да езушілік атаулының және қанаушылық атаулының бәріне қарсы күрескерлердің негізгі бұқарасымыз.

Шаруа жолдастар! Біз — өз армиямыздың, патшалар мен капиталистер тұтандырып, үш жылдан артыққа созылған соғыстың ең алдымен адам айтқысыз азаптарын басынан кешірген армияның, сонымен бірге ауыр, бірақ құрметті, ардақты рольді, бостандық үшін, жер үшін, бейбітшілік үшін, еңбекшілерді езгі атаулының бәрінен, қанау атаулының бәрінен толық құтқару үшін, жұмысшылармен қатар, алдыңғы қатарлы күрес-

кер болу ролін басынан кешірген армияның негізгі бұқарасымыз.

Шаруа жолдастар! Россиядағы барлық ұлттардың шаруаларына шаруа депутаттары жолдап отырған біздің үндеуімізді, біздің шақыруымызды ойластырыңыздар, біздің шақыруымызды әрбір деревняда, әрбір үйде оқыңыздар, оны жиналыстардың, жиындардың, шаруа мекемелерінің бірін қалдырмай бәрінде де талқылаңыздар, жергілікті жерде өздеріңіз берік және бұлжымас шешімдер қабылдаңыздар. Өйткені отанымыздың тағдыры бәрінен де гөрі сіздердің шешімдеріңізге, халық көпшілігінің шешімдеріне, шаруалардың өздерінің шешіміне байланысты.

Қатерлі сәт жақындап келеді. Соңғы шайқас болғалы тұр. Бүкіл еліміз, республикамыздың барлық ұлттары орасан зор екі жаққа бөлініп отыр.

Бірі — помещиктер мен капиталистердің, байлардың және олардың малайларының, әйгілі чиновниктердің және олардың халыққа өктемдік жүргізуші достарының және соғысты жақтаушылардың жағы.

Екіншісі — жұмысшылар мен еңбекші және қаналушы шаруалардың, кедей халықтың және оның достарының, қатардағы солдаттар мен бейбітшілікті жақтаушылардың, бейбітшілік жолында халықты қанаушыларға қарсы аяусыз, шексіз батыл, ер жүрек революциялық күрес жүргізуді жақтаушылардың жағы.

Бұл екі жақтың арасындағы күрес қазірдің өзінде еліміздің кейбір жерлерінде тікелей, ашықтан-ашық азамат соғысына дейін, байлықтың күшіне сенетін және Совет өкіметін, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің өкіметі мен үкіметін құлатуды тілейтін болмашы азшылыққа қарсы совет армияларының соғысына дейін жетіп, шиеленісіп отыр.

Шаруа жолдастар! Көп нәрсе енді сіздердің салмақты, берік, ұстамды сөздеріңізге байланысты, осы азамат соғысының тоқталуы да соған байланысты, Россияның барлық жерді еңбекшілерге тегін беруге жету, социализм жеңісіне бейбіт жолмен жету мүмкіншілігі де соған байланысты. Бір адамдай боп жұмылып аттаныңдар, шаруа жолдастар, өз ойларыңызды естірте

айтыңыздар, өз талаптарыңызды мәлімдеңіздер, әрбір деревнядан *өз аманаттарыңызды* белгілеңіздер, сіздер өздеріңізді тыңдата аласыздар, сіздер жұрттың бәрін өздеріңізді тыңдауға мәжбүр ете аласыздар!

Шаруа жолдастар! Сіздер ең алдымен шаруалардың Бүкіл россиялық II съезінің осы съезден *бөлініп шыққан* депутаттарын батыл айыптайтын сөздеріңізді айтуға тиістісіздер. Жікшілдерді айыптаңыздар. Шаруалардың бірлігін, еңбекші халықтың бірлігін, шаруалардың жұмысшылармен бірлігін бұзушыларды айыптаңыздар. Бұл жікшілдер, шаруаларды осы ажыратушылар, байлар жағына, помещиктер мен капиталистер жағына шығып кеткен осы қашқындар адам естімеген қылмыс жасады. Бұл адамдар өздерін оң қанат пен центрден шыққан «социалист-революционерлерміз», Авксентьев пен Черновтың жақтаушыларымыз деп атайды. Олар социалист-революционерлердің барлық ілімдері мен программасына опасыздық жасады, олар социализмнің жаулары жағына, революцияны тұншықтырушылар жағына шығып кетті. Олар социалист-революционерлердің ілімдерін, программасын және талаптарын адал ұстанушылардан, «солшыл социалист-революционер интернационалистердің» еңбекші шаруалар мүдделеріне адал болып қалған партиясынан қол үзді. Олар, Авксентьев пен Черновтың бұл жақтаушылары, байлар мен капиталистердің шаруаларға қарсы еркін жүзеге асыру үшін, бітім ісіне кедергі жасау үшін, бүкіл жердің еңбекші халықтың қолына дереу, төлемсіз көшуіне бөгет жасау үшін, Авксентьевтің, Черновтың, Масловтың және сол сияқтылардың шаруаларға апатты саясатын қорғап қалу үшін шаруалар көпшілігінің шешіміне бағынудан бас тартып, шаруалардың Бүкіл россиялық II съезінен кетіп қалды.

Шаруалар ісіне бұл опасыздық жасаушыларды айыптаңыздар. Осылай айыптау арқылы сіздер көптеген қобалжушылар мен дәрменсіздерді аман алып қаласыздар, сіздер Россияны азамат соғысын ашу жөніндегі есуастық әрекеттерден аман алып қаласыздар. Мұндай әрекеттер — есуастық әрекеттер, өйткені ол бостан-босқа қанды судай ағызудан басқа ешқандай өзгеріс

әкелмейді, жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың бірауызды шешімін, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезінің, сонымен қатар шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық II съезінің шешімдерін дүниеде еш нәрсе бұза алмайды.

Шаруалар ісіне бұл опасыздық жасаушыларды айыптаңыздар. Әрбір деревня бұл екі съездің, жұмысшы, солдат және шаруа Советтері съездерінің шешімдеріне өзінің сенімін білдірсін. Әрбір деревня социалист-революционерлер партиясынан немесе шаруа Советтері мен мекемелерінен сайланған депутаттардың бұл шешімдерді өздерінің толық мойындайтынын жұртқа естірте мәлімдемегендерін және оны іспен дәлелдемегендерін Құрылтай жиналысынан *кері шақырып* алатын болсын.

Шаруа жолдастар! Сіздер бәріңіз де білесіздер, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезінің, сол сияқты шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық II съезінің шешімдеріне қарсылар Құрылтай жиналысына шаруалар атынан тек *алдау жолымен* өте алды және өтті де. Өздерін көбінесе «социалист-революционерлерміз» деп атайтын бұл адамдар авксентьевтік, черновтық, масловтық саясат туралы, помещиктерге кеңшілік беру, капиталистермен келісімге келу саясаты, жергілікті жерлерде шаруалардың жер комитеттерінің мүшелерін қамауға алу саясаты туралы шындықты әлі түсінбейтін шаруаларды іс жүзінде алдауға түсірді. Бұл Авксентьевтер, Масловтар, Черновтар шаруаларды алдады, өйткені социалист-революционерлер партиясының жалпы тізімдері 17 октябрьде біткен болатын, ал шындық бүкіл Россияның алдында 17-ші октябрьден *кейін* айқын болды.

Бүкіл Россияның алдында шындықты жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің 1917 жылғы 25—26 октябрьдегі Бүкіл россиялық II съезі ашты. Мұнан соң ол шындықты Совет өкіметі, Совет үкіметі ашты, ол тұңғыш рет масқаралық құпия шарттарды жария етті, тұңғыш рет бітім үшін нағыз революциялық

күрес бастады, бұл күрестің қандай болуға тиіс екенін тұңғыш рет *іс жүзінде* көрсетіп, қазірдің өзінде алғашқы табысқа жетті: майдандардың бірінде уақытша бітім жасасылды.

Бұл шындықты Совет үкіметі ашты, ол жер туралы декрет шығарды, сойтіп шаруалар жағына сөзсіз шықты, жергілікті жерлерде шаруалардың толық билік жүргізуіне қарсы сырттан кедергі жасау мүмкіншілігінің бәрін жойды.

Бұл шындықты шаруалардың Бүкіл россиялық II съезі ашты, ол айрықша, егжей-тегжейлі қарарда авксентьевтік-черновтық Атқару комитетінің масқаралық ролін шаруалар алдында тұңғыш рет әшкереледі. Съезд 8 декабрьде аяқталмақ, ал ол 1917 жылғы 30 ноябрьде басталған (?) болатын.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, шаруа жолдастар, 17 октябрьде тізім жасағанда және Құрылтай жиналысының 12-ші ноябрьдегі сайлауында, шаруалар әлі жер туралы, бітім туралы шындықты *біле алған жоқ еді*, өздерінің достарын қастарынан, қой терісін жамылып жүрген қасқырлардан *айыра алған жоқ еді*. Өздеріңіз көріп отырсыздар, жұмысшы және солдат депутаттарының Бүкіл россиялық II съезінің, сол сияқты шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық II съезінің шешімдеріне қарсы шығып отырған эсерлер *тек алдаумен ғана* шаруалар атынан сөз сөйлей алады.

Осы алдауға бола қан төгілуіне жол бере көрмеңіздер, шаруа жолдастар! Шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық II съезінен кетіп қалғандарға қарсы наразылық білдіріп, өздеріңіздің кесімді сөздеріңізді айтыңыздар. Әрбір губернияда, әрбір уезде, әрбір болыста, әрбір деревняда *аманаттар* қабылдаңыздар, съезден кетіп қалғандарға қарсы өз наразылықтарыңызды білдіріңіздер, Құрылтай жиналысына шаруалардан сайланған жергілікті депутаттардан бұл съездердің шешімдерін *қабылдамағандарының аттарын атап*, ондай депутаттардың Құрылтай жиналысынан **кетуін талап етіңіздер**, өйткені олар халықты алдаумен ғана өздерін халық сайлаған адамдармыз деп көрсете алады.

Шаруа жолдастар! Құрылтай жиналысы халықтың еркін білдіруге тиіс. Кімде-кім шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық II съезінен кетіп қалған болса, кімде-кім съездің дегенін болдырмаса, кімде-кім шаруаларды жікке бөлсе, кімде-кім шаруалардан байларға қашса, ол халықтың қалаулысы емес, ол опасыз, оған Құрылтай жиналысынан орын жоқ. Ол еңбекшілерге бітім әпермейді, жер әпермейді, ол халық арасына байлардың Совет өкіметіне қарсы мағынасыз және қылмысты наразылығын таратады. Халық алдағанға көнбейді. Халық өзінің еркіне қиянат жасауға көнбейді. Халық Совет өкіметін байлардың ырқына беріп қоймайды. Халық өз қолына алған *бейбітшілік* ісін, *жерді* еңбекшілердің қолына дереу, түгелдей және тегін беру ісін байлардың талауына түсірмейді.

Бүкіл ел үшін екі-ақ түрлі жол бар:

Не калединшілдердің, кадеттердің, корниловшылдардың (және олардың астыртын одақтастарының, авксентьевшілдердің, черновшылдардың, масловшылдардың) Совет өкіметіне қарсы азамат соғысы, қан төгіс соғыс, оны бастаушылар үшін үмітсіз соғыс, Советтерден өкіметті тартып ала алмайтын, тек қана көп ашындыратын, көп құрбандыққа ұшырататын, көп қан төгетін, ұлы, социалистік өзгерістерді көбірек кешеуілдететін, астықсыз губернияларды көбірек аштыққа ұшырататын соғыс.

Не жұрттың бәріне айқын шындықты, атап айтқанда: жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезінің, сол сияқты шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық II съезінің шешімдеріне қарсылар тек алдаумен шаруалар атынан Құрылтай жиналысына өтіп кете алғанын, сондықтан ондай депутаттарды *қайта сайлау* қажет екенін жұрттың бәрінің адал мойындауы керек.

Үшінші жол жоқ. Не байларды, авксентьевшілдерді, черновшылдарды, масловшылдарды қанға бояп қыру. Не, Советтердің екі съезінің, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезі мен шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезінің шешімдеріне қарсылар Құрылтай жиналы-

сында шаруалар атынан шығып сөйлеген бойда дереу Құрылтай жиналысына шаруалардан сайланған депутаттарды қайта сайлауға олардың келісім беруі.

Сөз сіздерде, шаруа жолдастар!

Шешуші сөз сіздердікі!

Барлық шаруалардың берік сөзі арқылы, *барлық* шаруалар атынан *жер-жерден аманаттар* беру арқылы, сіздер бүкіл елде, Россияның барлық ұлттары арасында бейбітшілік орната *алас ыздар,* сіздер азамат соғысын тоқтата аласыздар, сіздер алдамшы емес, дұрыс, шын Құрылтай жиналысын қамтамасыз ете аласыздар, сіздер соғысты әділ бітім жасасу арқылы тоқтатуды тездетіп, жеңілдете аласыздар, бүкіл жердің еңбекшілерге берілуін тездете аласыздар, шаруалардың жұмысшылармен одағын нығайта аласыздар, социализмнің жеңіп шығуын тездете аласыздар.

Шешуші сөз сіздердікі, шаруа жолдастар! Жердің еңбекшілерге берілуі жасасын! Бейбітшілік жасасын! Социализм жасасын!

Шаруа депутаттарының
Бүкіл россиялық Екінші съезі

1917 ж. 6—7 (19—20) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1925 ж. Лениннің IV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Ф. Э. ДЗЕРЖИНСКИЙГЕ ЗАПИСКА ЖӘНЕ КОНТРРЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР МЕН САБОТАЖШЫЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ[67]

Дзержинский жолдасқа

Саботажшылар мен контрреволюционерлерге қарсы күресу шаралары туралы Сіздің бүгінгі баяндамаңыз жөнінде.

Мынадай бір декрет шығаруға болмас па екен:

Контрреволюционерлер мен саботажшыларға қарсы күресу туралы

Буржуазия, помещиктер және барлық бай таптар жұмысшылардың, еңбекші және қаналушы бұқараның мүдделерін қамтамасыз етуге тиісті революцияға кесел келтіру үшін жанталаса күш салып отыр.

Буржуазия қоғамның сілімтіктерін және азғындаған элементтерді сатып алып, оларды ойран салу мақсаттары үшін ішімдіктермен суарып, жауыздық қылмыстар істеуге барып отыр. Буржуазияның жақтаушылары, әсіресе жоғары қызметшілерден, банк чиновниктерінен және сондайлардан шыққандар жұмысқа саботаж жасайды, стачкалар ұйымдастырады, сөйтіп үкіметтің социалистік өзгерістер жасауға бағытталған шараларын жүргізу ісінде үкіметті қалжыратпақ болады. Іс тіпті азық-түлік жұмысына саботаж жасауға дейін барып, ол миллиондаған адамдардың аштыққа ұшырау қаупін туғызып отыр.

Контрреволюционерлер мен саботажшыларға қарсы күресудің шұғыл шараларын қолдану қажет. Осы қажеттікті ескере келіп, Халық Комиссарлары Советі қаулы етеді:

1. Бай таптарға жататын адамдар (яғни айына 500 сом және онан да көп табысы барлар, қалада қозғалмайтын мүліктері, акциялары және 1000 сомнан астам ақшалай сомасы бар адамдар), сондай-ақ банктерде, акционерлік кәсіпорындарда, мемлекеттік және қоғамдық мекемелерде істейтін қызметшілер үй комитеттеріне үш дана етіп, үш күн мерзім* ішінде өзінің табысы, қызметі мен кәсібі туралы қолын қойып, адресін көрсеткен мәлімдеме тапсыруға міндетті.

2. Үй комитеттері бұл мәлімдемелерге қол қойып растайды да, бір данасын өздерінде сақтап, қалған екі данасын Қалалық басқарма мен Ішкі істер халық комиссариатына (адресі: ...**) тапсырады.

3. Бұл заңды орындамаған айыпты адамдар (мәлімдемені тапсырмаушылық немесе өтірік мәліметтер берушілік, т. с.), сондай-ақ бұл мәлімдемелерді сақтау, оларды жинап, жоғарыда көрсетілген мекемелерге тапсыру ережесін орындамағаны үшін айыпты үй комитеттерінің мүшелері әрбір жалтару үшін 5000 сомға дейін штраф тартып, кінәсының дәрежесіне қарай 1 жылға дейін түрмеде отыру немесе майданға жіберілу жазасына тартылады.

4. Банктерде, мемлекеттік және қоғамдық мекемелерде, акционерлік кәсіпорындарда, темір жолдарда және сондайларда жұмысқа саботаж жасаған немесе жұмыс істеуден жалтарған айыпты адамдар да сондай жазаға тартылады.

5. Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігін енгізудің алғашқы қадамы ретінде қаулы етіледі: 1-параграфта көрсетілген адамдар, біріншіден, жоғарыда көрсетілген мәлімдеменің көшірмесін үнемі өзінде сақтауға міндетті, ол мәлімдемелерді үй комитеттері, сондай-ақ бастықтар немесе сайланылатын орындар (фабрика-завод комитеттері, азық-түлік комитеттері, темір жол комитеттері, қызметшілер одақтары, т. с.) куәландыратын болсын; куәлікте ол адамның қандай қоғамдық қызмет немесе жұмыс атқаратыны, немесе семьяның еңбекке

* Қолжазбада бұл сөздердің үстіне В. И. Ленин «24 сағаттың ішінде» деп жазған. *Ред.*

** Қолжазбада В. И. Ленин адрес үшін орын қалдырған. *Ред.*

жарамайтын мүшесі ретінде оның семья қарамағында тұратыны, т. с. көрсетілуге тиіс.

6. Екіншіден, бұл адамдар осы заң шыққан күннен бастап бір апта мерзім ішінде апта сайынғы кірістері мен шығыстарып жазып отыру үшін және комитеттер мен сол адамның атқаратын қоғамдық қызметіне тектес мекемелердің куәліктерін енгізу үшін тұтыну-жұмыс книжкаларын (олардың үлгісі осымен қоса беріліп отыр) алуға міндетті.

7. 1-параграфтағы шарттарға жатпайтын адамдар өздерінің табысы мен жұмыс орны туралы мәлімдемені үй комитеттеріне бір дана етіп тапсырады, мәлімдеменің үй комитеті куәландырған көшірмесін өзінде сақтауға міндеттенеді.

1917 ж. 7(20) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Красный Архив» журналының 5-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АЛЕКСАНДРО-ГРУШЕВСК АУДАНЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ БЕРГЕН СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП[68]

1) Александро-Грушевск ауданындағы рудниктер мен заводтарды секвестрлеу туралы.

Бұл рудниктер мен заводтар ауданды Каледин әскерлерінен азат етіп, оның ықпалынан құтқарғаннан кейін ғана конфискеленуі мүмкін.

2) Қазір рудниктерді тастап, орталық Россияға кетуіміз керек пе.

Кетпеу керек, шыдауға мүмкіндік болғанға дейін, жұмыс істей беру керек. Халық Комиссарлары Советінің бұл мәселе жөніндегі қарары мынадай: Александро-Грушевск ауданының жұмысшыларына Қызыл гвардияны қаруландыру үшін Харьковпен байланыс жасау ұсынылсын. Күші жеткенше, ең ақтық сәтке дейін шыдап, жұмысты тастамау жолдастардан сұралсын.

3) Рудниктер үшін күзет жіберу туралы.

Біздің әскерлеріміз жеткілікті мөлшерде Каледин әскерлеріне қарай бет алып барады.

4) Жұмыс жүргізу үшін 3 000 000 сом қаржы беру туралы.

Артем жолдас Харьковтен келген бойда Монотоп туралы мәселе анықталады[69].

5) Каледин үкіметінің ақша знактарын күші жойылмаған деп есептеу керек пе?

Бұл ақша знактарының күші жойылған деп есептеу керек.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

1917 ж. 11(24) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Машинкада басылған көшірмесі бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1917 ж. 11(24) ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[70]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

Ленин жолдас мыналарды ұсынды: 1) Құрылтай жиналысының фракция бюросы таратылсын; 2) Құрылтай жиналысы жөніндегі біздің көзқарасымыз фракцияға тезис түрінде баяндалсын; 3) фракцияға үндеу жазылсын, онда барлық өкілдік мекемелердің Орталық Комитетке бағынатыны туралы партияның уставы еске салынсын; 4) фракцияны басқару үшін Орталық Комитеттің мүшесі тағайындалсын; 5) фракцияның уставы жасалсын.

Бірінші рет 1929 ж. мына кітапта басылған: «РСДРП Орталық Комитетінің протоколдары. 1917 ж. август — 1918 ж. февраль»

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНДАҒЫ БОЛЬШЕВИКТЕР ФРАКЦИЯСЫНЫҢ УАҚЫТША БЮРОСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Большевиктердің Құрылтай жиналысындағы социал-демократиялық фракциясының уақытша бюросы өзінің басты міндетіне, біздің партияның Құрылтай жиналысына көзқарасы туралы принципті қарар дайындауға әрекет жасамады;

бірқатар сан алуан жеке мәлімдемелер, ұсыныстар және дауыс берулер уақытша бюро мүшелері көпшілігінің (немесе барлығының?) мүлде социал-демократиялық емес көзқараста, тап күресі мен азамат соғысының нақтылы жағдайларын есепке алмай, Құрылтай жиналысына буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан қараушылықты аңғартқан көзқараста болды. Осыларды еске ала келіп,

— фракция уақытша бюроны таратып, жаңа бюро сайлауға қаулы етеді.

1917 ж. 11 немесе 12 (24 немесе 25) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1949 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында басылған, 26-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР

1. Құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі талап революциялық социал-демократияның программасына әбден заңды түрде енді, өйткені буржуазиялық республикада Құрылтай жиналысы демократизмнің жоғары формасы болып табылады, сондықтан Керенский басқаған империалистік республика предпарламент құру арқылы демократизмді бірсыпыра жағынан бұза отырып, сайлауды қолдан бұрмалау шараларын жасады.

2. Құрылтай жиналысын шақыру жөнінде талап қоя отырып, революциялық социал-демократия 1917 жылғы революцияның ең басынан-ақ Құрылтай жиналысы бар әдеттегі буржуазиялық республикаға қарағанда, Советтер республикасы демократизмнің анағұрлым жоғары формасы болып табылатынын талай рет атап көрсеткен болатын.

3. Буржуазиялық құрылыстан социалистік құрылысқа өту үшін, пролетариат диктатурасы үшін Советтер (жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары) республикасы демократиялық мекеменің неғұрлым жоғары типті формасы ғана емес (өзінің шыңын Құрылтай жиналысы деп санайтын әдеттегі буржуазиялық республикамен салыстырғанда), сонымен бірге социализмге неғұрлым ауыртпалықсыз өтуді қамтамасыз ете алатын бірден-бір форма болып табылады.

4. Біздің революцияда Құрылтай жиналысын 1917 жылғы октябрьдің ортасында ұсынылған тізімдер бойынша шақыру осы Құрылтай жиналысын сайлау

арқылы жалпы халықтың, әсіресе еңбекші бұқараның еркін дұрыс білдіру мүмкіншілігі жоққа шығарылып отырған жағдайда өтуде.

5. Біріншіден, сайлаудың пропорциялы жүйесі партиялық тізімдер халықтың сол тізімдерде көрсетілген партиялық топтарға нақтылы бөлінісіне шын сәйкес келгенде ғана халықтың еркін шынайы түрде білдіреді. Ал бізде, жұртқа мәлім, майдан октябрьге дейін халықтың арасында, әсіресе шаруалардың арасында жақтаушылары ерекше көп болған партия, социалист-революционерлер партиясы 1917 жылғы октябрьдің ортасында Құрылтай жиналысына біртұтас тізім берді, бірақ Құрылтай жиналысының сайлауынан кейін, ол шақырылғанға дейін-ақ 1917 жылғы ноябрьде екіге бөлініп кетті.

Осы себепті, сайлаушылар бұқарасының еркі мен Құрылтай жиналысына сайланғандар құрамының арасында тіпті формальды түрдегі сәйкестілік болмады және болуы мүмкін де емес еді.

6. Екіншіден, бір жағынан халықтың, әсіресе еңбекші таптардың еркінің, ал екінші жағынан, Құрылтай жиналысы құрамының арасындағы сәйкессіздіктің неғұрлым маңызды, формальды емес, заңдық емес, қоғамдық-экономикалық, таптық негізі мына жағдай болып табылады: Құрылтай жиналысының сайлауы халықтың басым көпшілігі 1917 жылғы 25 октябрьде. яғни Құрылтай жиналысына кандидаттардың тізімдері тапсырылғаннан кейін басталған советтік, пролетарлық-шаруалық, Октябрь революциясының барлық көлемі мен маңызын әлі түсініп біле алмаған кезде өткізілді.

7. Советтер үшін өкіметті жеңіп алған, саяси үстемдікті буржуазияның қолынан тартып алып, оны пролетариат пен ең кедей шаруалардың қолына берген Октябрь революциясы біздің көз алдымызда өз дамуының дәйекті кезеңдерін басынан кешіруде.

8. Революция 24—25 октябрьде астанада болған жеңістен, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезінің, пролетарлардың және шаруалардың неғұрлым саяси әрмениді бөлегінің бұл

авангардының большевиктер партиясына басым көпшілік эперіп, оны өкімет басына қойған кезден басталды.

9. Мұнан соң революция ноябрь мен декабрьдің ішінде армия мен шаруалардың күллі бұқарасын қамтыды, мұның өзі ең алдымен бұрынғы билеп-төстеуші ұйымдарды (армия комитеттерін, губерниялық шаруа комитеттерін, шаруа депутаттары Советінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетін, т. т.) таратудан және қайта сайлаудан көрінді, бұл ұйымдар революцияның күні өткен, келісімпаздық кезеңін, оның пролетарлық емес, буржуазиялық кезеңін көрсетті, сондықтан олар неғұрлым терең, неғұрлым қалың халық бұқарасының қысым жасауымен сахнадан сөзсіз таюға тиісті болды.

10. Қаналушы бұқараның өз ұйымдарының басқарушы органдарын қайта құру жолындағы осы қуатты қозғалысы қазірде де, 1917 жылғы декабрьдің ортасында да аяқталған жоқ, ал қазір әлі аяқталмаған темір жол съезі оның кезеңдерінің бірі болып табылады.

11. Россияның тап күштерінің олардың тап күресі барысында, демек, іс жүзінде, 1917 жылғы ноябрь мен декабрьде топтасып қалыптасуы Құрылтай жиналысы кандидаттарының 1917 жылғы октябрьдің ортасындағы партиялық тізімдерде бейнеленгендегісінен гөрі принцип жағынан мүлде басқаша болып отыр.

12. Украинадағы (ішінара Финляндия мен Белоруссиядағы, сондай-ақ Кавказдағы) соңғы оқиғалар тап күштерінің дэл сондай жаңадан топтасуын көрсетеді, мұның өзі, бір жағынан, Украин радасының, Финляндия сеймінің, т. с. буржуазиялық ұлтшылдығының, екінші жағынан, осы ұлт республикаларының әрқайсысындағы Совет өкіметінің, пролетарлық-шаруалық революцияның арасындағы күрес процесінде болып отырған топтасуды көрсетеді.

13. Ақырында, советтің өкімет орындарына қарсы, жұмысшы мен шаруа үкіметіне қарсы кадеттік-калединдік контрреволюциялық көтеріліс жасаудан басталған азамат соғысы тап күресін біржолата шиеленістіріп, Россия халықтарының алдына, ең алдымен оның

жұмысшы табы мен шаруаларының алдына тарих қойып отырған ең көкейтесті мәселелерді формальдық-демократиялық жолмен шешу мүмкіншілігінің қандайынан болса да айырып отыр.

14. Жұмысшылар мен шаруалардың буржуазиялық және помещиктік көтерілісті (кадеттік-калединдік қозғалыстан өз көрінісін тапқан) толық жеңіп шығуы ғана, құл иеленушілердің бұл көтерілісін әскер күшімен аяусыз жаныштау ғана іс жүзінде пролетарлық-шаруалық революцияны қамтамасыз ете алады. Оқиғалардың барысы мен революцияда тап күресінің дамуы «Бүкіл өкімет Құрылтай жиналысына берілсін» деген ұранның — жұмысшы-шаруа революциясының жеңістерімен санаспайтын, Совет өкіметімен санаспайтын, жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезінің, шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық II съезінің шешімдерімен, т. т. санаспайтын ұранның *іс жүзінде*, кадеттер мен калединшілдердің және олардың жәрдемшілерінің ұранына *айналуына* әкеп соқты. Егер Құрылтай жиналысы Совет өкіметімен келіспейтін болса, оның сөзсіз саяси мерт болатыны бүкіл халыққа әбден айқын болды.

15. Бітім туралы мәселе халық өмірінің ерекше көкейтесті мәселелерінің қатарына жатады. Россияда бітім үшін нағыз революциялық күрес тек 25 октябрьдегі революция жеңгеннен кейін ғана басталды, сөйтіп бұл жеңіс құпия шарттарды жариялау, уақытша бітім жасасу, аннексиясыз және контрибуциясыз жалпыға бірдей бітім туралы жария келіс сөздер жүргізе бастау түрінде алғашқы жемістерін берді.

Қалың халық бұқарасы тек енді ғана, іс жүзінде бітім жолындағы революциялық күрес саясатын көруге, оның нәтижелерін зерттеуге толық және ашық мүмкіндік алып отыр.

Құрылтай жиналысының сайлауы кезінде халық бұқарасының мұндай мүмкіншілігі болмады.

Істің осы жағынан алғанда да, Құрылтай жиналысына сайланғандардың құрамы мен соғысты тоқтату туралы мәселедегі халықтың шын еркінің арасында сәйкессіздіктің болуы сөзсіз айқын.

16. Жоғарыда баяндалған жағдайлардың жиынтығы мынадай нәтиже береді: пролетарлық-шаруалық революцияға дейін, буржуазияның үстемдік етуі жағдайында өмір сүрген партиялардың тізімдері бойынша шақырылатын Құрылтай жиналысы 25 октябрьде буржуазияға қарсы социалистік революция бастаған еңбекшілердің және қаналушы таптардың еркі мен мүдделеріне сөзсіз қайшы келеді. Бұл революцияның мүдделері Құрылтай жиналысының формальдық праволарынан, тіпті бұл формальдық праволар Құрылтай жиналысы туралы заңда халықтың өз депутаттарын кез келген уақытта қайта сайлауға праволы екендігін мойындамау арқылы әлсіретілмеген күннің өзінде де, жоғары екендігі табиғи нәрсе.

17. Құрылтай жиналысы туралы мәселені формальдық-заңдық жағынан, әдеттегі буржуазиялық демократияның шеңберінде, тап күресі мен азамат соғысын есепке алмай қарау жөніндегі тікелей немесе жанама түрде жасалған әрекеттердің қандайы болса да, пролетариат ісіне опасыздық жасағандық, буржуазияның көзқарасына ауып түскендік болып табылады. Большевизмнің жоғарғы тобындағы, октябрь көтерілісін және пролетариат диктатурасының міндеттерін бағалай білмеген аздаған адамдар ұрынып жүрген бұл қатеден жұрттың бәрін және әркімді сақтандыру — революциялық социал-демократияның сөзсіз борышы.

18. Құрылтай жиналысының сайлауы мен халық еркінің, сондай-ақ еңбекші және қаналушы таптар мүдделерінің сәйкеспеуінен туған дағдарысты ауыртпалықсыз шешудің бірден-бір мүмкіншілігі — Құрылтай жиналысының мүшелерін халықтың қайта сайлау правосын мүмкін болғанынша кеңінен және тезірек жүзеге асыру, осы қайта сайлау туралы Орталық Атқару Комитетінің заңына Құрылтай жиналысының өзінің қосылуы және Құрылтай жиналысының Совет өкіметін, советтік революцияны, оның бітім туралы, жер туралы, жұмысшы бақылауы туралы саясатын мойындайтындығы жөнінде сөзсіз мәлімдеме жасауы, Құрылтай жиналысының кадеттік-калединдік контрреволю-

цияның қарсыластары жағына батыл қосылуы болып табылады.

19. Құрылтай жиналысына байланысты туған дағдарыс кадеттік-калединдік контрреволюция қандай ұрандар мен мекемелерді (тіпті Құрылтай жиналысына мүшелігін болса да) бетке ұстап, бүркеніш еткеніне қарамастан, бұл шарттарсыз тек қана революциялық жолмен, Совет өкіметі тарапынан бұл контрреволюцияға қарсы неғұрлым жігерлі, жедел, берік және батыл революциялық шаралар қолдану жолымен ғана шешілуі мүмкін. Бұл күресте Совет өкіметінің қолын байламақшы болған әрекеттің қандайы да контрреволюцияға жәрдемдескендік болар еді.

1917 ж. 11 немесе 12 (24 немесе 25) декабрьде жазылған

1917 ж. 26(13) декабрьде «Правда» газетінің 213-номерінде басылған

Машинкада басылып, В. И. Ленин түзету енгізген көшірмемен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

ТЕМІР ЖОЛ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН МАСТЕРОВОЙЛАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ СЪЕЗІНДЕ 1917 ж. 13(26) ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[71]

— Халық Комиссарлары Советінің атынан съезді құттықтауға және темір жол ұйымы Россия жұмысшылары мен шаруаларының орасан зор көпшілігімен үйлесе отырып іс жүргізеді деп сенуге рұқсат етіңіздер. Жұмысшылар, шаруалар мен солдаттар жасаған Октябрь революциясы, күмәнсыз — социалистік революция. Буржуазияның және қызметшілердің жоғарғы топтарының барлық күші революцияға қарсы көтерілді; олар ескі тәртіпке дағдыланып қалған және осы революцияның бүкіл ескі құрылысты қайта құратындығын түсіне алмай жүр. Совет өкіметін Россияның көпшілігі мойындамайды деп олардың қандай айқай-шу көтеріп отырғанына қараңыздаршы. Сіздер бұл айқай-шудың не тұратындығын білесіздер. Октябрь революциясының жеңістеріне қарсы әскерлер Петроградқа беттеп барады деген телеграммалар бізге үсті-үстіне түсіп жатыр. Біз оларды қоқырсық қағаздар тастайтын корзинаға лақтырып жатырмыз, өйткені оларды көп кешікпей теріске шығаратындығымызды білеміз. Шаруалардың бірінші съезінің Авксентьев мырзалардан құралған жоғарғы ұйымдары шаруа бұқарасының атынан: зорлықшы-басқыншылардың өкіметіне қарсымыз деп мәлімдеді[72]. Ал біз: «мейлі, олар балағаттай берсін, бірақ біз помещик жерлерін конфискелеп, шаруаларға бере бастағанымызда шаруалардың не дейтінін көреміз» дедік. Міне, көріп отырсыздар, шаруалардың Екінші съезі жеңісті Совет өкіметіне әперді. Екінші сайланған шаруа депутаттарының

Советі мен біздің арамызда тығыз байланыс жасалды. Біз олармен бірге жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың Совет өкіметін орнаттық. Біз нақ осындай тығыз байланысты, мүмкін, темір жол бұқарасынан да табармыз. Чиновниктік жоғарғы топтардың саботаж жасауы салдарынан асқына түскен темір жол күйзелісінің еліміз үшін қаншалықты ауыр екендігін сіздер білесіздер. Темір жол күйзелісі қала мен деревняның арасында дұрыс айырбастың болуына мүмкіндік бермей отырғанын сіздер білесіздер, ал дұрыс айырбас азық-түлік ісін ретке келтіру үшін өте қажет. Сондықтан темір жол қатынасын ретке келтіру үшін бізге, жолдастар, сіздердің көмектеріңіз керек. Біз сіздермен бірігіп күш жұмсағанда ғана тәртіпсіздікті жойып, жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың өкіметін нығайта аламыз. Совет өкіметі тек қалың еңбекші бұқараның қолдауына ғана сүйеніп өмір сүреді. Теміржолшылардың осы съезі біздің бітім үшін, жер үшін күресімізге көмектесе алатын ұйым құру арқылы халық комиссарларының өкіметін баянды ете түседі деп сенеміз. Сонымен, жолдастар, мен сөзімді аяқтап, тағы да құттықтаймын және жемісті жұмыс істеулеріңізге тілектестік білдіремін. (Бүкіл съездің дерлік ынтымақпен қол шапалақтап қошемет көрсетуі үстінде Ленин жолдас мәжіліс залынан шығып кетті. Съезд жаппай қол шапалақтау үстінде оны өзінің құрметті председателі етіп сайлады.)

«Правда» № 214, 27(14) декабрь. 1917 ж. және «Известия ЦИК» № 251, 14 декабрь, 1917 ж.

«Известия ЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

НАН ҮШІН, БІТІМ ҮШІН[73]

Қазіргі кезеңде басқа барлық саяси мәселелердің ішінен екі мәселе: нан туралы мәселе мен бітім туралы мәселе бірінші орынға қойылып отыр. Империалистік соғыс, ең ірі және ең бай банк фирмалары — «Англия» және «Германия» — соғысы, дүние жүзіне үстемдік ету үшін, олжаларды бөлісу үшін, шағын және әлсіз халықтарды тонау үшін жүргізіліп жатқан соғыс, осы сұрапыл да қылмысты соғыс барлық елдерді күйзелтіп, барлық халықтарды азапқа салды, адамзаттың алдына дилемма қойды: бүкіл мәдениетті жойып, опат болу керек, немесе революциялық жолмен капитал езгісін құлатып, буржуазияның үстемдігін жойып, социализм мен баянды бейбітшілік орнату керек.

Егер социализм жеңбесе, онда капиталистік мемлекеттердің арасындағы бітім тек уақытша бітім, үзіліс жасау, халықтардың жаңа қырғынына дайындық қана болып табылады. Жұмысшылар мен қаналушылардың негізгі қоятын талабы — бітім мен нан. Соғыс бұл талаптарды шегінен асыра шиеленістірді. Соғыс неғұрлым цивилизациялы, мәдени жағынан неғұрлым дамыған елдерді аштыққа ұшыратты. Бірақ, оның есесіне, екінші жағынан, соғыс орасан зор тарихи процесс ретінде әлеуметтік дамуды адам естіп көрмеген қарқынмен жеделдетті. Империализмге, яғни монополистік капитализмге дейін жеткен капитализм соғыстың ықпалынан мемлекеттік-монополистік капитализмге айналды. Біз енді дүние жүзілік экономика дамуының осы сатысына жетіп отырмыз, ал бұл саты

социализмнің тікелей табалдырығы болып табылады.

Сондықтан Россияда өрістеген социалистік революция дүние жүзілік социалистік революцияның тек бастауы ғана болып табылады. Бітім мен нан, буржуазияны құлату, соғыс салған жаралардан жазылу үшін революциялық шаралар қолдану, социализмнің толық жеңуі — күрес мақсаттары, міне, осылар.

Петроград, 14 декабрь, 1917.

Орыс тілінде 1917 ж. 14(27) декабрьде жазылған
Қол қойған: Ленин

Бірінші рет неміс тілінде 1918 ж. майда «Jugend-Internationale» газетінің 11-номерінде басылған
Қол қойған: W. Lenin

Бірінші рет орыс тілінде (неміс тілінен аударма) 1927 ж. «Ленин Институты жазбаларында» басылған, II том

Қолжазбаның бірінші абзацының факсимилесі 1919 ж. мына басылымда басылған: «Det röda Russland. 1917 7/11 1919» (Стокгольм)

Бірінші абзац — факсимиле бойынша; кейінгі текст — «Jugend-Internationale» газеті бойынша (неміс тілінен аударма) басылып отыр

БАНКТЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1917 ж. 14(27) ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[74]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

Бұдан бұрын сөйлеген шешен: біз шын өлімге де, шын тұңғиыққа да бет алып барамыз деп, бізді қорқытпақ болды. Бірақ мұндай қорқыту біз үшін жаңалық емес. Осы шешеннің фракциясының пікірін білдіретін «Новая Жизнь» газеті октябрь күндері қарсаңында: біздің революциямыздан ойрандар мен анархиялық бүліктерден басқа ештеңе шықпайды деп жазған болатын. Сондықтан да бізді жалған жолмен кетіп барады деген сөздер буржуазиялық психологияның көрінісі, ал бұдан тіпті осыған құштарлығы жоқ адамдардың өздері де қол үзе алмай жүр. (*Интернационалистер жағынан: «Демагогия!» деген дауыс естілді.*) Жоқ, бұл демагогия емес, ал сіздердің балта туралы үнемі айтып жүргендеріңіз — барып тұрған демагогия сол.

Декретте ұсынылып отырған шаралардың бәрі — бақылауды шын мәнінде қамтамасыз ету ғана.

Сіздер аппараттың күрделілігі туралы, оның күйректігі туралы және мәселенің былығып кеткендігі туралы айтасыздар — бұл қарапайым ақиқат, әрі ол жұрттың бәріне мәлім. Егер осы ақиқат социалистік бастамалардың бәріне кедергі жасау үшін ғана қолданылса, онда біз: мұндай жолға түскен адам — демагог және демагог болғанда да зиянды демагог, дейміз.

Біз сейфтерді тексергіміз келеді, ал бізге ғалым мамандардың атынан: сейфтерде документтер мен бағалы қағаздардан басқа ештеңе де жоқ, дейді. Егер халық өкілдері оларды бақылайтын болса, мұның не жамандығы бар.

Егер олай болса, әлгі сынампаз ғалым мамандар неге тасалапады? Советтің шешімдер қабылдаған кездерінің бәрінде де олар бізге: сендермен келісеміз, бірақ тек принцип жағынан ғана келісеміз деп мәлімдейді. Бұл — буржуазиялық интеллигенцияның, барлық келісімпаздардың айласы; олар өздерінің принцип жағынан үнемі келісуімен және практика жүзінде келіспеуімен істің бәрін бүлдіреді.

Егер сіздер барлық істе ақылды және тәжірибелі болсаңыздар, онда бізге неге көмектеспейсіздер, біз өзіміздің қиын жолымызда сіздер тарапынан саботаждан басқаны неге көре алмай келеміз?

Сіздер дұрыс ғылыми теорияға сүйенесіздер, бірақ біз үшін теория дегеніңіз зәре кетіріп, құт қашыру үшін емес, жасаған қимылдарымызға көз жеткізу үшін сол қимылдардың негіздемесі. Әрине, бастама қиын, және де біз көбіне күйрек пәрсеге кездесіп жүрміз, алайда оған біздің шамамыз келді, шамамыз келіп жүр, шамамыз келеді.

Егер кітапша кедергіден және жаңа қадам жасарда үнемі үрей туғызудан басқа ешбір қызмет атқармаса, онда ол құнды кітапша болмас еді.

Қарсылық көрсетпей-ақ, пролетариат диктатурасын орнатпай-ақ және ескі дүниеге темір тегеурінді қолды салмай-ақ жеңіске жетуге болады дегенді социалист-утопистерден басқа ешкім де айтқан емес.

Сіздер бұл диктатураны да принцип жағынан қабылдағансыздар, бірақ сол сөзді орыс тіліне аударып, оны «темір тегеурінді қол» деп атап, мұны іс жүзінде қолданған кезде сіздер істің күйректігі мен бытысқандығынан сақтандырасыздар.

Сіздер бұл темір тегеурінді қолдың қиратушы бола тұрып, сонымен бірге жасампаз да екенін көргілеріңіз келмей қасарысасыздар. Егер біз принциптен іске көшетін болсақ, бұл біздің күмәнсыз табысымыз.

Бақылауды жүзеге асыру үшін біз оларды, банк еншілдерін шақырдық жэне олармен бірге шаралар белгіледік, олар толық бақылау жэне есеп беру жағдайында қарыз алу үшін бұл шараларға келісті. Бірақ банк қызметшілерінің арасынан халық мүддесін озіне жақын тұтқан адамдар да табылды жэне бұлар: «олар сіздерді алдап отыр, олардың оздеріңізге турадан-тура зиян келтіруге бағытталған қылмысты эрекеттерін тез жоюға асығыңыздар», деді. Сондықтан біз асықтық та.

Біз мұның күрделі шара екенін білеміз. Біздің ешқайсымыз да, тіпті экономикалық білімі барымыз да, бұл шараны жүзеге асыруға кіріспес едік. Біз осы іспен шұғылданып жүрген мамандарды шақырамыз, бірақ кілт өз қолымызға тиген кезде ғана шақырамыз. Ол кезде біз тіпті бұрынғы миллионерлерден консультанттар да белгілей алатын боламыз. Жұмыс істегісі келген кісіге қош келіпсіз дейміз, тек революциялық эрбір бастаманы жансыз эріпке айналдырып жібермейтін болсын,— мұндай қармаққа біз іліне қоймаймыз. Пролетариат диктатурасы деген сөзді біз байсалдылықпен айтамыз, жэне біз оны жүзеге асырамыз.

Біз банктермен келісім жасасу жолымен жүргіміз келіп еді, біз оларға кэсіпорындарды қаржыландыру үшін қарыздар беріп едік, бірақ олар бұрын-соңды болып көрмеген колемде саботаж жасады, сондықтан практика бақылауды басқа шаралармен жүргізуге бізді мэжбүр етті.

Солшыл эсер жолдас принцип жағынан өздерінің банктерді дереу национализациялауды жақтап дауыс беретіндігін, содан кейін, ең қысқа мерзім ішінде, практикалық шаралар белгілену керектігін айтып өтті. Бірақ мұнысы — қателік, өйткені біздің жобада принциптерден басқа ештеңе де жоқ. Халық шаруашылығы жоғары советі қазірдің өзінде оларды талқылайын деп күтіп отыр, бірақ декретті бекітпеу — банктердің шаруашылықты мейлінше бүлдіру үшін барлық шараларды қолдануына дереу апарып соқтырады.

Декретті шұғыл жүзеге асыру керек, әйтпесе бізге қарсы жасалған әрекеттер мен саботаж бізді құртады. (Овацияға айналған қол шапалақтау.)

«Правда» № 216, 29(16) декабрь, 1917 ж. және «Известия ЦИК» № 253, 16 декабрь, 1917 ж.

Мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «II сайланған жұмысшы, солдат, шаруа және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мәжілістерінің протоколдары», Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің баспасы. 1918

БАНКТЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ[75]

Азық-түліктің өте ауыр жағдайы, жалдаптықтап, капиталистер мен чиновниктердің саботажынан, сондай-ақ жалпы күйзелістен туған ашаршылық қаупі осы кесапатпен күресу үшін революциялық төтенше шаралар қолдануды қажет етіп отыр.

Мемлекеттің барлық азаматтары, ең алдымен барлық еңбекші таптары өздерінің жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің басшылығымен, еш нәрседен тайынбастан, барынша революциялық жолмен қимыл жасай отырып, дереу және барлық жағынан бірдей осындай күреске және еліміздің шаруашылық өмірін дұрыс жолға қоюға кірісе алуы үшін, төмендегі ережелер белгіленеді:

БАНКТЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ

---

1. Барлық акционерлік кәсіпорындар мемлекет меншігі деп жарияланады.

2. Акционерлік қоғамдардың басқарма мүшелері мен директорлары, сондай-ақ байлар табына жататын барлық акционерлер (яғни барлық мүлкі 5000 сомнан асатындар немесе айына 500 сомнан астам табысы барлар) жұмысшы бақылауы туралы заңды орындай отырып, Мемлекеттік банкке барлық акциясын көрсете

отырып және апта сайын өзінің ісі жөнінде жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының жергілікті Советтеріне есеп бере отырып, кәсіпорындардың ісін толық тәртіппен жүргізе беруге міндетті.

3. Мемлекеттік сыртқы және ішкі заемдар күшін жояды (жойылады).

4. Облигациялардың, сондай-ақ түрлі акциялардың ұсақ иелерінің, яғни халықтың еңбекші таптарына жататын иелердің, мүдделері толық қамтамасыз етіледі.

5. Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі енгізіледі. 16-дан 55 жасқа дейінгі барлық еркек, әйел азаматтар жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының жергілікті Советтері немесе Совет өкіметінің басқа органдары белгілеген жұмыстарды орындауға міндетті.

6. Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігін жүзеге асырудың бірінші шарасы ретінде қаулы етіледі: бай таптардың адамдары (2-параграфты қараңыз) тұтыну-жұмыс немесе бюджет-жұмыс книжкаларын алуға және оларды дұрыс толтырып отыруға міндетті; әркімнің өз міндетіне алған жұмысты қалай орындағаны туралы апта сайын белгілер қойып отыру үшін бұл книжкалар тиісті жұмысшы ұйымдарына, немесе жергілікті Советтер мен олардың органдарына тапсырылып тұруға тиіс.

7. Азық-түлікті, сондай-ақ, басқа да қажетті өнімдерді дұрыс есепке алу және бөлу үшін мемлекеттің барлық азаматтары белгілі бір тұтыну қоғамына бірігуге міндетті. Азық-түлік басқармалары, жабдықтау комитеттері және сол сияқты басқа ұйымдар, сондай-ақ темір жол және транспорт одақтары жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің басшылығымен осы заңның орындалуына бақылау орнатады. Бай таптардың адамдары оларға әсіресе Советтер жүктеген тұтыну қоғамдарының ісін ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындауға міндеттелінеді.

8. Транспортты барынша дұрыс жолға қою үшін, әсіресе азық-түлік, отын және ең қажетті басқа да заттарды тасу үшін темір жол жұмысшылары мен қызметшілерінің одақтары ең алдымен жұмысшы, сол-

дат және шаруа депутаттары Советтерінің, содан кейін олардан уәкілдігі бар мекемелердің және Халық шаруашылығы жоғары советінің заказдары мен ордерлерін басшылыққа алып, төтенше шараларды тез белгілеуге және дереу жүзеге асыра бастауға міндетті.

Сондай-ақ темір жол одақтарына, жергілікті Советтермен бірлесе отырып, қаншықшылыққа қарсы революциялық шараларды қолданудан тайынбай, нағыз жігерлі күрес жүргізу және жалдаптар атаулының бәрін аяусыз қудалау міндеті жүктеледі.

9. Жұмысшы ұйымдары, қызметшілер одақтары мен жергілікті Советтер жабылатын және демобилизацияланатын кәсіпорындарды, сондай-ақ жұмыссыздарды пайдалы жұмысқа, қажетті өнімдерді өндіруге көшіру, заказдарды, шикізат материалдары мен отынды іздестіру ісін кешіктірмей қолға алуға міндетті. Жергілікті одақтар мен Советтер жоғарыдан ерекше бұйрық алғанға дейін осы істі, сондай-ақ село өнімдерін қала өнімдеріне айырбастауға кірісуді ешбір жағдайда да кейінге қалдырмай, Халық шаруашылығы жоғары советінің нұсқаулары мен жарлықтарына мейлінше сай жұмыс істеуге міндеттеледі.

10. Бай таптардың адамдары өздерінің барлық ақшалай сомасын Мемлекеттік банкте және оның бөлімшелерінде, сондай-ақ жинақ кассаларында ұстауға, өздерінің тұтыну мұқтажы үшін аптасына 100—125 сомнан (жергілікті Советтердің ұйғаруы бойынша) артық алмауға, ал өндіріс және сауда мұқтажы үшін тек жұмысшы бақылауы мекемелерінің жазбаша куәлігі бойынша ғана алуға міндетті.

Осы заңның шын мәнінде жүзеге асырылуын қадағалау үшін қазіргі қолданылып жүрген ақша знактарын басқа знактармен ауыстырудың ережесі енгізіледі, ал мемлекет пен халықты алдаған айыптылардың барлық мүлкі конфискеленеді.

11. Осы заңға бағынбағандардың, саботажшылардың және ереуіл жасаушы чиновниктердің, сондай-ақ жалдаптардың бәрі нақ сондай жазаға тартылады, сондай-ақ түрмеге жабылады немесе майданға және еріксіз жұмысқа жіберіледі. Жергілікті Советтер мен олардың

қарамағындағы мекемелер халықтың осы қас жауларына қарсы күресудің неғұрлым революциялық шараларын жедел белгілеуге міндеттеледі.

12. Кәсіптік одақтар және еңбекшілердің басқа да ұйымдары жергілікті Советтермен бірлесе отырып, барынша сенімді және партия ұйымдары мен басқа ұйымдар ұсынған адамдардың қатысуымен, осы заңның қалай жүзеге асырылып жатқандығын бақылау үшін, жұмыстың саны мен сапасын тексеру үшін және заңды бұзған немесе оны өлегісі келмейтін айыпты адамдарды революциялық сотқа тарту үшін жедел бақылаушылар тобын ұйымдастырады.

Национализацияланған кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметшілері жұмыстың ұйымдастырылуын жақсарту, тәртіпті нығайту, еңбек өнімділігін арттыру үшін барлық күштерін жұмсауға және төтенше шаралар қолдануға міндетті. Жұмысшы бақылауы органдары осы жөнінде нендей жетістікке қол жеткені туралы Халық шаруашылығы жоғары советіне апта сайын есеп беріп отыруға тиіс. Кемістіктер мен олқылықтар үшін айыптылар революциялық соттың алдында жауап береді.

1917 ж. ерте дегенде 14(27) декабрьде жазылған

Бірінші рет толық емес тексті 1918 ж. ноябрьде «Народное Хозяйство» журналының 11-номерінде басылған

Бірінші рет 1949 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында толық басылған, 26-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПРАКТИКТЕР КОМИССИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[76]

Халық Комиссарлары Советі Халық шаруашылығы жоғары советіне дереу практиктер комиссиясын ұйымдастыруды ұсынады, бұл комиссияға барлық ведомстволардан, мекемелер мен ұйымдардан пайдалы өнімдерге заказдар жинау, бұл заказдарды жұмыссыздарға және жабылмақшы заводтарға беріп отыру, әлгі заказдардың қаншалық түсіп және олардың қалай орындалып жатқанын тексеріп отыру тапсырылуға тиіс. Комиссия Халық шаруашылығы жоғары советінің жалпы шаруашылық жоспарын басшылыққа ала отырып, өз міндетін қалтқысыз орындау үшін Халық Комиссарлары Советіне революциялық шаралар ұсынып отыруға және өзінің қызметі туралы аптасына екі рет есеп беріп отыруға тиіс.

1917 ж. 15(28) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АРМИЯНЫ ДЕМОБИЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ АРМИЯЛЫҚ СЪЕЗДІҢ ДЕЛЕГАТТАРЫНА СҰРАҚТАР[77]

1) Таяу арада немістердің шабуыл бастауға мүмкіндіктері аз ба әлде көп пе:

а) қысқы шабуылға шығудың адам күші жөніндегі мүмкіндіктері мен техникалық мүмкіндіктері тұрғысынан қарағанда;

б) неміс солдаттары бұқарасының пиғылы тұрғысынан қарағанда; бұл пиғыл шабуылды болдырмай тастай ала ма немесе ең болмағанда оны кідірте ала ма?

2) Біз бітім келіс сөздерін дереу үзген жағдайда, олардың әскерлері дереу шабуылға көшкен жағдайда, немістер бізді шешуші жеңіліске ұшырата алады деп ойлауға бола ма? Олар Петроградты ала ала ма?

3) Бітім келіс сөздерінің үзілгені туралы хабар армияда жаппай анархиялық пиғылдың тууына және майданнан қашудың етек алуына әкеп соқтырады деп қауіптенуге бола ма, әлде мұндай хабардан кейін де армия майданды берік ұстап тұра алады деп сенуге бола ма?

4) Егер неміс шабуылы январьдың 1-нен басталатын болса, біздің армия жауынгерлігі жағынан ол шабуылға төтеп бере ала ма? Егер төтеп бере алмайтын болса, онда біздің армия қандай мерзім шамасында неміс шабуылына қарсылық көрсете алар еді?

5) Немістің жедел шабуылы жасалған жағдайда біздің армия тәртіппен және артиллерияны сақтай отырып кейін шегіне алар ма еді, ал егер шегіне алатын болса, онда мұндай жағдайда Россияның ішіне қарай

немістердің тереңдеп жылжуын ұзақ кідіртуге бола ма?

6) Жалпы қорытынды: армияның жай-күйі тұрғысынан қарағанда бітім келіс сөздерін соза беруге тырысқан дұрыс па, әлде революциялық соғыстың болуы мүмкіндігіне негіз дайындайтын үзілді-кесілді берік қимылды тиімді санап, немістердің аннексионизміне бола бітім келіс сөздерін революциялық түрде шұғыл және дереу үзу дұрысырақ па?

7) Немістердің аннексионизміне қарсы пәрменді үгітке және революциялық соғысты жақтайтын үгітке қазірден-ақ көшу керек пе?

8) Майдандағы армияның барынша көптеген бөлімдерінен жоғарыда қойылған сұрақтарға форма жағынан неғұрлым сәйкес және толық жауаптар алу мақсатымен өте қысқа мерзім (мәселен 5—10 күн) ішінде сауал ұйымдастыруға бола ма?

9) Немістердің аннексионизмі туралы хабар тараған кезде украиндармен ала көздік бәсеңсиді немесе тіпті күштердің ынтымақтасып топтасуымен алмастырылады деп сенуге бола ма, әлде украиндар өздерінің великорустарға қарсы күресін күшейту үшін великорустардың неғұрлым қиын жағдайын пайдалануы мүмкін деп күтуге бола ма?

10) Егер дауысқа қойып шешілетін болса, онда армия аннексионистік (басып алынған барлық облыстардан айрылу) және Россия үшін экономикалық жағынан ең ауыр шарттарға көніп, дереу бітім жасасуды жақтар ма еді, әлде революциялық соғыс үшін барынша күш жұмсауды, яғни немістерге тойтарыс беруді жақтар ма еді?

1917 ж. 17(30) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1927 ж. «Ленин Институты жазбаларында» басылған, II том

«Жазбалардың» тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ[78]

1. Немістердің аннексионизміне қарсы үгіт күшейтілсін.
2. Осы үгітке қосымша қаражат бөлінсін.
3. Бітім келіс сөздері Стокгольмге көшірілсін.
4. Бітім келіс сөздерін жүргізе беру керек және немістердің оны жеделдетуіне қарсы тұру керек.
5. Армияның құрамын қысқартып, қорғампаздық қабілетін арттыра отырып, армияны қайта құру жөнінде пәрменді шаралар қолданылсын.
6. Питерге бұзып отуден қорғапу жөнінде шұғыл шаралар қолданылсын.
7. Революциялық соғыстың қажеттілігін жақтаған насихат пен үгіт жүргізілсін.

1917 ж. 18(31) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ РАДАМЕН КЕЛІС СӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫ

Раданың ресми өкілдері Винниченкомен, Грушевскиймен, Поршпен және басқаларымен шаруа съезінен делегат ретінде әңгімелескен Прошьян жолдастың баяндамасын тыңдай келіп,

— және Раданың осы ресми өкілдері Халық Комиссарлары Советінің халықтық Украин республикасының тәуелсіздігін мойындауы негізінде және Раданың Калединмен оның сыбайластарын контрреволюцияшыл деп мойындауы негізінде Халық Комиссарлары Советімен келісім жасасу туралы келіс сөздерді бастауға принцип жағынан әзір екендігін білдіргенін ескере келіп;—

— содан соң, Халық Комиссарлары Советі әрбір ұлттың, соның ішінде украин ұлтының да, тәуелсіз мемлекет болып өмір сүру правосын әрқашан және сөзсіз мойындағандығын ескере келіп;—

— егер Рада Калединнің контрреволюцияшылдығын мойындайтын болса және оған қарсы соғысуға кедергі жасамайтын болса, онда Радамен соғыспасқа ұмтылу әрекетінің қандайы болса да сөзсіз қолайлы[79] деп;—

тек Украинаның кедей шаруаларының, жұмысшылары мен солдаттарының Советтері ғана Украинада туысқан халықтардың арасында қақтығысулардың болмауына мүмкіндік жасайтын өкімет орната алатындығы жөнінде өзіміздің сенімімізді білдіре келіп,—

Халық Комиссарлары Советі, сонымен қатар ортақ майданға және Калединнің контрреволюциялық көтерілісіне көзқарасы жөніндегі Раданың саясатына байла-

нысты туған қақтығысуларды жою мақсатында Радамен іскерлік келіс сөздер жүргізуді орынды деп тауып, қаулы етеді:

Радаға жоғарыда көрсетілген шарттар негізінде келісім жасасу туралы келіс сөздер жүргізу ұсынылсын және келіс сөздер жүргізуге бәрінен де гөрі қолайлырақ болуы ықтимал пункттердің бірі ретінде Смоленск немесе Витебск қаласы белгіленсін.

1917 ж. 19 декабрьде (1918 ж. 1 январьда) жазылған

1917 ж. 21 декабрьде (1918 ж. 3 январьда) «Правда» газетінің 220-номерінде және «Известия ЦИК» газетінің 257-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЛЕХАНОВ ТЕРРОР ТУРАЛЫ

Бір кезде Плеханов социалист болған еді — революциялық социализмнің ең көрнекті өкілдерінің бірі болған еді.

Сол кезде,— әттең, ол мәңгі келмеске кетті,— Плеханов нақ қазір өзіміз бастап кешіріп отырған заман үшін түбегейлі маңызы бар мәселелердің бірі жөнінде пікір айтқан еді.

Бұл 1903 жылы болатын, ол кезде Россия социал-демократиясы өзінің екінші партия съезінде өз программасын жасап жатқан-ды.

Осы съездің протоколдарында дәл бүгінгі күнге арналып жазылған сияқты мынадай бір өте сабақ аларлық бет бар:

«*Посадовский.* Осында түзетуді жақтап және оған қарсы жасалған мәлімдемелер, менінше, ұсақ-түйек жөніндегі талас емес, қайта елеулі алауыздық болып табылады; күмән жоқ, біз мына төмендегі негізгі мәселе жөнінде бір пікірге келе алмаймыз: ***белгілі бір негізгі демократиялық принциптерді мейлінше бағалы принциптер деп танып, өзіміздің болашақ саясатымызды сол негізгі принциптерге бағындыруымыз керек пе,*** ал немесе ***барлық демократиялық принциптер тек қана партиямыздың пайдасына бағындырылуы тиіс пе?*** Мен үзілді-кесілді соңғысын жақтаймын. Демократиялық принциптердің ішінде ***партиямыздың пайдасына*** біз бағындырмайтындай ешбір принцип жоқ. (Д а у ы с: «Адамның жеке басына ешкімнің тимеуі де ме?») Иә! адамның жеке басына ешкімнің тимеуі де! Өзінің түпкі мақсатына — әлеуметтік революцияға — ұмтылатын революцияшыл партия болғандықтан, біз демократиялық принциптерге тек қана әлгі мақсатымызды тез арада жүзеге асыру тұрғысынан, өзіміздің партиямыздың пайдасы

тұрғысынан қарауымыз керек. Егерде бұл талаптардың қайсысы да өзімізге пайдалы болмаса, біз оны енгізбейміз.

Сондықтан да мен болашақта өзіміздің қимыл жасау еркіндігімізді шектейтін, осында енгізілген түзетулерге қарсы шығамын.

Плеханов. Посадовский жолдастың сөзіне толық қосыламын. Әрбір нақты демократиялық принцип жеке күйінде дерексіз алынып қаралмай, демократияның негізгі принципі деп аталуы мүмкін принципке, атап айтқанда salus populi suprema lex дейтін принципке қатынасы жағынан алып қаралуы тиіс. Революционердің тілімен айтқанда мұның мәнісі: революцияның табысы — ең жоғары заң деген сөз. Егерде революцияның табысты болып шығуы үшін белгілі бір демократиялық принциптің қолданылуын уақытша тежей тұру керек болса, онда мұндай тежеуге бармау қылмыс болып табылар еді. Өзімнің жеке пікірім ретінде менің айтарым мынау: тіпті жалпыға бірдей сайлау правосы принципіне де жоғарыда мен айтқан демократияның негізгі принципі тұрғысынан қарау керек. Біздердің, социал-демократтардың, жалпыға бірдей сайлау правосына қарсы пікір айтып қалуымыз да болжап айтқанда мүмкін нәрсе. Итальян республикаларының буржуазиясы бір кездерде дворяндарға жататын адамдардың саяси праволарын жойғанды. Жоғары таптардың бір кездерде революцияшыл пролетариаттың саяси праволарын тежегені сияқты, революцияшыл пролетариат та жоғары таптардың саяси праволарын тежей алар еді. Мұндай шараның қаншалықты жарамдылығын мына ереженің тұрғысынан ғана қарап төрелік айтуға болар еді: salus revolutionis suprema lex**. Парламенттердің мерзімдері жөніндегі мәселеде де біз осы көзқараста болуға тиіс болар едік. Егерде революциялық энтузиазмы тасыған халық ең жақсы парламентті — былайша айтқанда chambre introuvable (теңдесі жоқ палатаны) сайлаған болса, онда біздің ол парламентті ұзақ уақыт уәкілдік ететін парламент етуге тырысуымыз керек болар еді; ал егер сайлау сәтсіз болып шыққан болса, онда біздің ол парламентті екі жылдан кейін емес, егер мүмкін болса, екі аптадан кейін қуып жіберуге тырысуымыз керек болар еді»* (Партияның екінші съезінің протоколдары, 168—169-беттер).

Социализм жауларын адамның жеке басына ешкімнің тимеуінен ғана емес, баспасөз бостандығынан ғана емес, сонымен қатар жалпыға бірдей сайлау правосынан да уақытша айыруға болады. Жаман парламентті екі аптаның ішінде «қуып жіберуге» тырысу керек. Революцияның пайдасы, жұмысшы табының пайдасы —

* — халықтың игілігі — ең жоғары заң. *Ред.*
** революцияның игілігі — ең жоғары заң. *Ред.*

міне ең жоғары заң дегеніміз осы. Өзі социалист болған кезінде Плеханов осылай пайымдаған еді. Осы күні «большевиктік террор» жөнінде шу көтеріп жүрген қазіргі меньшевиктердің орасан көпшілігі сол кезде Плехановпен бірге осылай пайымдаған еді.

«Революцияның пайдасы» қазір саботажшыларға қарсы, юнкерлер көтерілістерін ұйымдастырушыларға қарсы, банкирлер қаражатымен шығып тұрған газеттерге қарсы қатал күрес жүргізуді керек етеді. Совет өкіметі осындай күрес жолына түскен кезде, меньшевиктер мен эсерлер лагеріндегі «социалист» мырзалар азамат соғысы мен террорға жол беруге болмайтындығы туралы барлық мұнарадан айқай салады.

Сіздердің Керенскийіңіз майданда өлім жазасына бұйыру тәртібін қайтадан енгізген кезде, бұл террор емес пе еді, мырзалар?

Сіздердің коалициялық министрлігіңіз соғыста жеткілікті жігер көрсетпеді деп Корниловтардың қолымен тұтас полктерді қырып тастағанда, мұның өзі азамат соғысы емес пе еді, мырзалар?

Сіздердің Керенскийлеріңіз бен Авксентьевтеріңіз «зиянды үгіт» жүргізді деп 3000 солдатты бір ғана Минскінің түрмесіне қамағанда, мұның өзі террор емес пе еді, мырзалар?

Сіздер *жұмысшы* газеттерін тұншықтырғанда, мұның өзі террор емес пе еді, мырзалар?

Мұндағы айырмашылық тек мынада ғана: Керенскийлер, Авксентьевтер мен Либердандар Корниловтармен және Савинковтармен құшақтасып, ауыз жаласып, ат төбеліндей ғана бір топ помещиктер мен банкирлердің мүдделеріне бола *жұмысшыларға, солдаттар мен шаруаларға қарсы* террор қолданды, ал Совет өкіметі болса *жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың мүддесін көздеп,* помещиктерге, тонаушыларға және олардың малайларына қарсы батыл шаралар қолданып отыр.

«Правда» № 221, 4 январь, 1918 ж. (22 декабрь, 1917 ж.) және «Известия ЦИК» № 259, 23 декабрь, 1917 ж.

«Известия ЦИК» газетінің текстімен салыстырылған «Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

[illegible]

[illegible]

[illegible]

В. И. Лениннің «Публицистің күнделік дәптерінен (Әзірлеуге арналған тақырыптар)» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1917 ж. декабрьдің аяғы

ПУБЛИЦИСТІҢ КҮНДЕЛІК ДӘПТЕРІНЕН

(ӘЗІРЛЕУГЕ АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР)[80]

1. «Енді мылтықты адамнан қорқудың керегі жоқ».
1 **bis:** Кедейлердің пәтер үйлері мен олардың азық-түліктері.
1 **ter.** Әлі өріс ала қоймаған Совет өкіметінің осал жақтары.
2. «Іспен насихаттау».
3. Үгітші арқылы ма әлде прокурор арқылы ма?
4. Практицизм және «оңды жұмыс».
5. Ұйымдастыру жұмысы және халықтан шыққан ұйымдастырушылар.
5 bis: салыстырыңыз: 4 апрельге дейінгі «Правда» ұйымдастыру ісінің кереметтері туралы*.
6. Біздің анархистерге көзқарасымыз.
6 **bis:** Түсініспеушіліктен болған анархистер,— шыдамсыздықтан болған,— ниғылы бойынша,— инстинкт бойынша болған анархистер.
7. Жұмысшылардан шыққан наразылар.
8. Интеллигенцияның қағазбастылығы мен салақтығы.
9. Капиталистердің қарсылығы басылып тасталды ма. (Мархабатты Пешехоновтың тарихи жел сөзі[81].)
9 bis: Азамат соғысы, оның маңызы, оның ауырт-палықтары (қашқындар), 1917—1918 жылдарда оның сөзсіз болмай қоймайтындығы.
10. Езуші ұлттар мен езілген ұлттардағы ұлттық шовинизм.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 22—23-беттер. *Ред.*

10 bis: Ұсақ буржуазияның паразитизмі және финн социал-демократиясының опасыздығы.

11. Жалпы алғанда басқа ұлттарды, әсіресе осы уақытқа дейін великоростар езіп келген ұлттарды Советтердің россиялық социалистік республикасы жағына қалай «шығарып алу» керек?

12. Қанаушыларды басып-жаншу.

13. Жарысты қалай ұйымдастыру керек?

14. Есеп пен бақылау — социализмнің мәні.

14 bis: Жедел бақылаушылар топтары.

14 ter: Революциялардағы жүліктер.

15. Кәсіпорындарды басқару керек пе әлде социализм туралы айтыса беру керек пе?

16. Жұмысшылардың тәртібі және қаңғыбастардың әдеттері.

16 а. Өлім жазасы және қызыл гвардияшылардың ұрыларды атулары.

17. Қаңғыбастар мен интеллигенттердің арасындағы ұқсастық неде?

17 bis. «Оңшыл большевизм»; біздің партиямызда оған орын бар ма?

18. Құрылтай жиналысы және Советтердің социалистік республикасы.

Революция толқындары бір-біріне соққанда жайымен келіп, бәрі бірдей, біркелкі күйде соқпайды.

18 *bis:* Буржуазияның формальды демократизмі және (versus*) пролетариаттың халықты буржуазияға қарсы соғысқа тарту аппараты.

18 ter: Демократия және (versus) пролетариат диктатурасы.

19. Плехановтың 1903 жылғы сөзінен цитат[82]. «Олардың» идея жағынан толық күйреуі неде? (ұсақ буржуаның, социалист-оппортунистердің, меньшевиктердің, оңшыл және черновтық эсерлердің, новожизньшілдердің және К⁰).

(*18* ter-ді ↗ салыстырыңыз)

* — осыған қарама-қарсы. *Ред.*

20. «Сепараттық бітім», оның қауіптілігі және оның ықтимал маңызы. Сепараттық бітім дегеніміз империалистермен «келісу» («келісімпаздық») ме?

20 *bis*. Сепараттық бітім және интернационалдық пролетариат алдындағы біздің борышымыз. «Die Deutschen brauchen eine Niederlage»[83].

21. Революциядағы сатылар немесе кезеңдер. Тап күштерін және одақтастарды есепке алу. Россияда — бітім және жер мәселесі.

22. Империалистердің арандатуы: Советтер республикасы, өзіңді тезірек тұншықтыру үшін бізге қолайлы сылтау берші!

22 bis: 24. XII дегі «Правда»: «Олардың жоспары». Ллойд Джорджның тарихи сөздері. «Россияның есебіне»[84].

23. Революцияшыл интернационалистердің «қоргампаздыққа» көшуі.

24. Советтердің социалистік республикасының халықаралық саясаты.

25. Революциялық соғыс туралы мәселедегі революциялық жел сөз және революциялық борыш.

26. Революциялық соғысты қалай «әзірлеу» керек?

27. Өкіметті қолында ұстап отырған пролетариаттың революциялық соғысы ныгайып келе жатқан социализм жолындағы соғыс қана болуы мүмкін.

28. Әуелі Россиядағы буржуазияны жеңіп шығу керек, сонан кейін барып сыртқы, шетелдік, бөтен елдік буржуазияға қарсы соғысу керек.

29. Батыс европалық «паразиттік» елдердегі революцияның қиыншылықтары.

31*. Революциялар — тарихтың локомотивтері. Локомотивті барынша екпіндетіп, оны рельстен шығармай ұстау керек.

32. Ең төмендегі бұқараны тарихи жасампаздыққа көтеру: Mit dem Umfang der geschichtlichen Aktion wird auch der Umfang der Masse zunehmen, deren Aktion sie ist. «Тарихи қимыл құлашының тереңдей түсуі тарихи қимыл жасау-

* Рет номері «30» қолжазбада түсіп қалған. *Ред.*

шы бұқараның сан жағынан артуына байланысты»[85].

33. Κτῆμα ἐς ἀεί*

Қазірдің өзінде жеңіп алынғаны:
α. максимум демократизм
β. социализмге қарай жасалатын алғашқы қадамдарды нақтылау
γ. бітім және жер.

34. Финанс және азық-түлік.
Орталық және жергілікті жерлер.
35. Жалдаптар мен саботажшыларды «қудалау».
36. Ақша. Оның ролі. Оны «қазынаға» тарту.
37. Өнеркәсіпті национализациялау және жұмысшылардың жұмыстағы «борышы».
38. Сыртқы саудаға мемлекеттік монополия орнату.
39. Фиск («қазына») және социалистік революцияда бұл ұғымның өзгеруі.
40. Банктер — есеп-қисап формасы.
(Пятаковтың «Правдадағы» мақаласы[86].)
41. «Уақыт ұту» = сепараттық бітім (жалпы европалық революция болғанға *д е й і н*).
42. |Үш «дата».| 20/IV. және 3/VII дегі «жеңіліс» versus 25.X дегі жеңіс.
43. Бұл «жеңілісті» сепараттық бітіммен салыстыру.
44. Еңбек бөлінісі және өнім бөлісі = ΣΣ**.

Экономикалық мәселелер:
Ұлт мәселесі:
Саяси мәселелер:
Ұйымдастыру мәселелері:
Халықаралық саясат:

1917 ж. 24—27 декабрьде (1918 ж. 6—9 январьда) жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — мәңгілік ие болатын нәрсе. *Ред.*

** — Summa summarum — Жалпы жиыны. *Ред.*

ЕСКІНІҢ КҮЙРЕУІНЕН ҚОРЫҚҚАНДАР ЖӘНЕ ЖАҢАЛЫҚ ЖОЛЫНДА КҮРЕСУШІЛЕР

«Большевиктердің өкімет басына келгеніне аттай екі ай, бірақ біз социалистік жұмақтың орнына былықтардың, азамат соғысының, бұрынғыдан бетер күйзелушіліктің тозағына тап болып отырмыз». Капиталистер өздерінің сапалы және жартылай сапалы жақтаушыларымен бірге осылай деп жазып, осылай деп айтып және осылай деп ойлап отыр.

Большевиктердің өкімет басына келгеніне тек екі ай ғана болды,— деп жауап қайтарамыз біз,— ал қазірдің өзінде-ақ социализмге қарай аса зор қадам жасалды. Мұны тек көргісі келмейтіндер немесе тарихи оқиғаларды олардың байланыстылығы тұрғысынан бағалай білмейтіндер ғана көрмейді. Олар армиядағы, деревнядағы, фабрикадағы демократиялық емес мекемелердің бірнеше апта ішінде түп негізінен дерлік қиратылғандығын көргілері келмейді. Ал социализмге осындай қирату арқылы бармай, басқаша баратын жол жоқ және болуы да мүмкін емес. Соғысты созып келген және тонаушылық пен басып алушылықты құпия шарттар арқылы бүркемелеп келген сыртқы саясаттағы империалистік өтіріктің орнына бірнеше аптаның ішінде нағыз демократиялық бітімнің нағыз революциялық-демократиялық саясаты белгіленді, мұны олар көргілері келмейді; бұл саясат қазірдің өзінде-ақ уақытша бітім жасасу және біздің революцияның насихаттық күшін жүз есе арттыру сияқты практикалық ірі табысқа жеткізді. Олар жұмысшы бақылауы мен банктерді национализациялаудың жүзеге асырыла бас-

таганын көргілері келмейді, ал мұның өзі социализмге қарай басқан нақ алғашқы қадамдар болып табылады.

Капитализмнің кертартпалығынан жаншылғандар, ескінің мықтап күйрсуінен, натша өкіметі мен буржуазияның ғасырлық құрылыстарының құлап, қопарылып жатқан тарсылынан, шуынан, «былығынан» (бейне бір былығынан) керең болғандар, тап күресінің шегіне жете шиеленісуінен, оның азамат соғысына, езушілерді құлату жолындағы, еңбекшілерді езгі атаулыдан азат ету жолындағы, езілушілердің езушілерге қарсы бірден-бір заңды, бірден-бір әділетті, бірден-бір қасиетті соғысына — поптық мағынадағы емес, адамзаттық мағынадағы қасиетті соғысына айналуынан қорыққандар ғана тарихи перспективаны түсіне алмайды. Шындығына келгенде осы жаншылған, керең болған, қорыққан буржуаның, ұсақ буржуаның және «буржуазияға қызмет ететіндердің» бәрі, көбінесе өздері де мұны аңғармастан, «социализмді енгізу» туралы ескі, тұрпайы, сентиментальды, интеллигенттік-дөрекі ұғымды басшылыққа алады; олар социалистік ілімнен үзіп-жұлып алған сөздерге жармасып, осы ілімді надандар мен дүмшелер қалай бұрмаласа, солай қайталап, социализмді «енгізу» жөніндегі пікірді және тіпті жоспарды да біздерге, марксистерге, таңып, бұл ұғымды «қаусеет» бойынша қабылдаған.

Біздерге, марксистерге, жоспар туралы айтпағанның өзінде, мұндай пікірлердің өзі жат. Біз әрқашанда социализмді «енгізуге» болмайтындығын білгенбіз, айтқанбыз, қайта-қайта айтқанбыз: социализм нағыз шиеленіскен, нағыз қиян-кескі, жанталасуға дейін, жанұшыруға дейін жеткен қиян-кескі тап күресі мен азамат соғысының барысында өсіп шығады,— капитализм мен социализмнің арасында «толғақ азабының» ұзақ дәуірі жатыр,— күштеу, әрқашанда ескі қоғамның босандырушысы болады,— буржуазиялық қоғамнан социалистік қоғамға өту дәуіріне ерекше мемлекет (яғни белгілі бір тапқа ұйымдасқан түрде күштеу жасаудың ерекше системасы), атап айтқанда: пролетариат диктатурасы сәйкес келеді. Ал диктатура жанышталған соғыс жағдайы

болуын, пролетарлық өкіметтің дұшпандарына қарсы күресте әскери шаралар жасалуын көздейді және соны көрсетеді. Коммуна пролетариат диктатурасы болды, Маркс пен Энгельс Коммунаның қанаушылар қарсылығын басып-жаншу үшін өзінің қарулы күштерін *жеткілікті жігермен* пайдалан*бағанын* Коммунаға кінә ғып тақты, оның құлау себептерінің бірі деп есептеді[87].

Шындығына келгенде, капиталистердің қарсылығын басып-жаншуға қарсы жасалып отырған осы интеллигенттік байбаламдардың бәрі, егер «сыпайырақ» айтсақ, ескі «келісімпаздықтың» жел көбігінен басқа түк те емес. Ал егер пролетарлық турашылдықпен айтсақ, онда былай деуге тура келеді: ақшалы қапшықтың алдында әлі де құлшылық ете беру — жұмысшылардың буржуазияға қарсы, саботажшыларға қарсы, контрреволюционерлерге қарсы қолданып (амал не, әлі де болса тым әлсіз және жігерсіз қолданып) отырған қазіргі күштеуіне қарсы байбаламдардың мәні, міне осы. 1917 жылғы июньде келісімпаздар министрі мархабатты Пешехонов: «капиталистердің қарсылығы жойылды» деп жар салды. Ол байғус: қарсылықтың шынында да *жойылуға* тиіс екенін, оның жойы*латынын*, ғылым тілінде мұндай басып-жаншу пролетариат диктатурасы деп аталатынын, тұтас бір тарихи дәуір капиталистердің қарсылығын басып-жаныштаумен сипатталатынын, демек, түгелдей бір тапқа (буржуазияға), оның сыбайластарына үнемі *күш көрсетумен* сипатталатынын сезген де жоқ.

Пролетариат пен революцияшыл шаруалардың тарапынан болатын күштеуге қарсы «Речьтен» бастап «Новая Жизньге» дейінгі интеллигентсымақтардың қазіргі байбаламдарының шын әлеуметтік негізі — ақшалы қапшықтың пайдакүнемдігінде, арам, өшпенді, жанталасқан пайдакүнемдігінде, оның итаршыларының қорқақтығы мен құлшылық етуінде. Олардың байбаламдарының, олардың бейшаралық сөздерінің, олардың «бостандық» (капиталистердің халықты езу бостандығы) туралы кісі күлерлік айқай-шуларының, т. т. сондайларының объективті маңызы осындай. Егер адамзат социализмге серпінден бір секіргенде-ақ, егессіз, кү-

рессіз, қанаушылардың тісін қайратпай-ақ, ескіні сақтап қалу немесе оны жапама, жасырын жолмен қайта орнату үшін оларды әр алуан әрекет жасауға әурелендірмей-ақ, мұндай әрекеттерге революциялық-пролетарлық күштеу арқылы талай жаңа «жауаптар» бергізбей-ақ, бірден жететін болса, онда интеллигентсымақтар социализмді мойындауға «дайын» болар еді. Буржуазияның бұл интеллигент итаршылары, немістің белгілі мақалымен айтқанда, теріні суламай, әрқашан құрғақ күйінде қалдыруға болатын болса, оны жуып алуға «әзір».

Буржуазия және оған қызмет етуге дағдыланған чиновниктер, қызметшілер, дәрігерлер, инженерлер, тағы басқалар қарсылық көрсетудің ең шектен асқан шараларын қолданғанда, бұдан интеллигентсымақтардың зәресі ұшады. Олар қорыққанынан зәресі ұшып, «келісімпаздыққа» оралудың қажеттігі туралы бұрынғыдан бетер байбайлап зар илейді. Ал бізді, сондай-ақ езілген таптың барлық шын ниетті достарын, қанаушылардың қарсылық көрсетуінің шектен асқан шаралары тек қана қуанта түседі, өйткені өкімет басына келу үшін пролетариаттың есеюін, толысып жетілуін біз келісімдерге келуден, көндірулерден емес, тәтті уағыздар немесе ғибратты декламациялар мектебінен емес, өмір мектебінен, күрес мектебінен күтеміз. Үстем тап болу үшін және буржуазияны түпкілікті жеңу үшін пролетариат мұны *үйренуге* тиіс, өйткені ол мұндай білікті бірден ешқайдан да ала алмайды. Ал үйренгенде күрес үстінде үйрену керек. Тек байыпты, табанды, қажырлы күрес қана үйрете алады. Қанаушылардың қарсылығы неғұрлым күшті болса, қаналушылардың оларды басып-жаншуы да соғұрлым жігерлі, табанды, аяусыз, табысты болады. Қанаушылардың ескіні сақтап қалуға тырысушылығы мен жанталасуы неғұрлым алуан түрлі болған сайын, пролетариат өзінің тап жауларын олардың ақырғы паналарынан қуып шығуды, олардың үстемдігінің тамырын қырқуды, жалдама құлдықты, бұқара қайыршылығын, ақшалы қапшықтың олжасы мен арсыздығын өрбіте алатын (және

өрбітуге тиісті болған) түп тамырын қырқуды соғұрлым тез үйренеді.

Буржуазияның және оның итаршыларының қарсылығы күшейген сайын пролетариаттың және оған қосылушы шаруалардың күші өсе береді. Өз дұшпандарының — қанаушылардың қарсылығы күшейген сайын қаналушылардың бұғанасы бекіп, кемелдене береді, өсе береді, үйрене береді, өздерінен жалдама құлдықтың «қаусаған Адаматасын» лақтырып тастайды. Жеңіс қаналушылар жағында болады, өйткені өмір солар жағында, көптің күші, бұқараның күші, барлық жанқияр, идеялы, адал, алға ұмтылушы, жаңа құрылысқа аттанушы адамдардың сарқылмас қайнар бұлағының күші, «қарапайым халық» деп аталатындардың, жұмысшылар мен шаруалардың жігері мен талантының бүкіл таусылмас қорының күші солар жағында. Жеңіс солар жағында.

1917 ж. 24—27 декабрьде
(1918 ж. 6—9 январьда)
жазылған

Бірінші рет 1929 ж. 22 январьда
«Правда» газетінің 18-номерінде
басылған
Қол қойған: Ленин

Қолжазба бойынша басылып
отыр

ЖАРЫСТЫ ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕК?

Буржуазияшыл жазушылар бәсекені, жеке тапқырлықты және капиталистер мен капиталистік тәртіптің басқа да тамаша қасиеттері мен ұнамдылықтарын мадақтап, құшақ-құшақ қағаздар жазды және әлі де жазуда. Мұндай қасиеттердің маңызын түсінгісі келмейді және «адамның табиғатымен» санасқысы келмейді деп социалистерді айыптап келді. Ал шындығына келгенде дербес ұсақ товар өндірісін, бәсекенің белгілі бір *кең* көлемде тапқырлыққа, жігерлілікке, бастама батылдығына тәрбиелеуін мүмкін ететін өндірісті капитализм әлдеқашан ірі және ең ірі фабрикалық өндіріспен, акционерлік кәсіпорындармен, синдикаттармен және басқа монополиялармен ауыстырды. *Мұндай* капитализм тұсында бәсеке дегеніміз халық *бұқарасының,* оның орасан зор көпшілігінің, еңбекшілердің жүзден тоқсан тоғызының тапқырлығын, жігерін, батыл бастамасын адам айтқысыз айуандықпен жаншу болып табылады, сонымен қатар жарысты финанстық алаяқтықпен, ағайынгерщілікпен, жоғарғы әлеуметтік сатыдағы жарамсақтанушылықпен алмастыру болып табылады.

Социализм жарысты өшірмейді, қайта, керісінше, оны нағыз *кең* түрде, нағыз *бұқаралық* көлемде қолдануға тұңғыш рет мүмкіншілік туғызады, еңбекшілердің көпшілігін өзін көрсете алатын, өзінің қабілеттілігін өрістете алатын, талантын таныта алатын жұмыс майданына шын мәнісінде тартуға мүмкіншілік туғызады, ал таланттар халық ішінде ұшан-теңіз, капитализм

оларды мыңдап және миллиондап таптап келді, жаншып, тұншықтырып келді.

Социалистік үкімет өкімет басына келген кезде, біздің ендігі міндетіміз — жарысты ұйымдастыру.

Буржуазияның құйыршықтары мен итаршылары социализмді біркелкі, қазыналық, бір сарынды, көңілсіз казарма деп суреттеді. Ақшалы қапшықтың малайлары, қанаушылардың құлдары — буржуазияшыл интеллигент мырзалар халықты, атап айтқанда, капитализм тұсында өлшеусіз, қажытатын еңбектің, жартылай аштық өмірдің, ауыр қайыршылықтың каторгасы мен казармасына душар етілген халықты, социализммен «қорқытты». Бұл каторгадан еңбекшілерді азат етудің бірінші шарасы — помещиктердің жерін конфискелеу, жұмысшы бақылауын енгізу, банктерді национализациялау болып табылады. Келесі шара — фабрикалар мен заводтарды национализациялау, барлық халықты тұтыну қоғамдарына, сонымен қатар өнімдер өткізу қоғамдары да болып табылатын қоғамдарға, міндетті түрде біріктіру, астық және басқа қажетті заттар саудасын мемлекет монополиясына айналдыру болады.

Талқырлықты, жарысты, батыл бастаманы көрсету мүмкіншілігі кең түрде, нағыз бұқаралық түрде тек енді ғана жасалып отыр. Капиталист қуылған немесе ең болмағанда нағыз жұмысшы бақылауы арқылы ауыздықталған әрбір фабрика, қанаушы-помещик қуылып, оның жері тартылып алынған әрбір деревня енді, тек енді ғана еңбек адамы өзін көрсете алатын, аздап бойын жазып, еңсесін көтере алатын, өзінің адам екенін сезіне алатын орынға айналып отыр. Жүздеген жылдар бойы басқалар үшін еңбек етіп, қанаушылар үшін еріксіз жұмыс істеуден кейін тұңғыш рет *өзі үшін жұмыс істеуге,* оның үстіне ең жаңа техника мен мәдениеттің барлық табыстарына сүйеніп жұмыс істеуге мүмкіндік туып отыр.

Әрине, адамзат тарихындағы бұл ең ұлы өзгеріс, еріксіз еңбекті өзі үшін істелетін еңбекпен ауыстыру талас-тартыссыз, қиыншылықсыз, дау-жанжалсыз, тамырланып қалған арамтамақтар мен олардың құйыр-

шықтарына күш көрсетілмей жасалуы мүмкін емес. Бұл жөнінде жұмысшылардың ешбіреуінде жалған үміт жоқ: шексіз ұзақ жылдар бойы қанаушылар үшін каторгалық жұмыс істеу арқылы, қанаушылар тарапынан болған толып жатқан қорлау, зәбірлеу арқылы шынықкан, ауыр мұқтаждық арқылы шынықкан жұмысшылар мен ең кедей шаруалар қанаушылардың қарсылығын *жою* үшін уақыт керек екенін біледі. Интеллигентсымақ мырзалардың, бүкіл осы новожизньдік және басқа былжырлардың, капиталистерге қарсы дауыстары қарлыққанша «айқайлап», оларға қарсы «жұдырық түйіп», оларды «қиратпақшы болып», ал *іске келгенде,* кіжінуін іске асыруға келгенде, капиталистерді *тайдыру* жұмысын іс жүзінде орындауға келгенде көз жасын төгіп, сүтке тиген күшіктей болған былжырлардың сентиментальдық жалған үміттеріне жұмысшылар мен шаруалар ешбір шалдықпап жоқ.

Еріксіз еңбекті өзі үшін істелетін еңбекпен, мейлінше кең, жалпы мемлекеттік (белгілі мөлшерде интернационалдық, дүние жүзілік те) көлемде жоспарлы ұйымдастырылған еңбекпен ауыстыратын ұлы өзгеріс сонымен қатар — қанаушылардың қарсылығын басып-жаныштау жөніндегі *«әскери»* шаралардан басқа — пролетариат пен ең кедей шаруалардың тарапынан орасан зор *ұйымдық,* ұйымдастырушылық күш жұмсауды талап етеді. Ұйымдастыру міндеті кешегі құл иелерін (капиталистерді) және олардың малайлар тобырын — буржуазияшыл интеллигент мырзаларды әскери жолмен аяусыз жаныштау міндетімен ажырамастай қабысып жатқан біртұтас міндет болып отыр. Кешегі құл иелері мен олардың интеллигенциядан шыққан приказчиктері: біз әрқашанда ұйымдастырушылар, бастықтар болып келдік, біз әмір жүргізіп келдік, біздің солай болып қалғымыз келеді, біз «қара халықты», жұмысшылар мен шаруаларды тыңдамаймыз, біз оларға бағынбаймыз, біз білімімізді ақшалы қапшықтың пұрсаттылықтарын қорғайтын және капиталдың халыққа үстемдік етуін қорғайтын құралға айналдырамыз, дейді және солай деп ойлайды.

Буржуа мен буржуазияшыл интеллигенттер осылай дейді, осылай ойлайды, осылай әрекет етеді. *Қара басының қамы* тұрғысынан қарағанда олардың қылығы түсінікті: крепостник-помещиктердің итаршыларына, қошеметшілеріне, поптарға, подьячилерге, Гоголь жазған типтегі чиновниктерге, Белинскийді жек көретін «интеллигенттерге» де крепостниктік праводан айрылу «қиын» соққан болатын. Бірақ қанаушылардың және олардың интеллигент малайларының ісі — үміт артуға болмайтын іс. Бұлардың қарсылығын жұмысшылар мен шаруалар басып-жаншуда,— амал не, әлі де жеткілікті қатаңдық, батылдық және аяусыздық көрсете алмай отыр,— *бірақ басып-жанышта алады.*

«Олар»: социалистік революция еңбекшілердің мойнына жүктеп отырған ұйымдастыру сипатындағы ұлы міндетті, сөздің бүкіл дүние жүзілік-тарихи мағынасында айтқанда шынында да ерлік міндетті «қарапайым халық», «қарапайым» жұмысшылар мен ең кедей шаруалар атқара алмайды деп ойлайды. Капиталистерге және капиталистік мемлекетке қызмет етіп әдеттенін қалған интеллигенттер — «бізсіз күн жоқ» деп өздерін-өздері жұбатады. Олардың арам ойы ақталмайды: білімді адамдар қазірдің өзінде-ақ іріктеліп, халық жағына, еңбекшілер жағына шығып, капитал малайларының қарсылығын қиратуға жәрдемдесіп отыр. Ал шаруалар мен жұмысшы табының ішінде ұйымдастырушы таланттар көп, бұл таланттар тек енді-енді ғана өзін өзі тани бастады, ояна бастады, нақты, творчестволық, ұлы жұмысқа ұмтыла бастады, социалистік қоғамды құру ісіне өздігінен кірісе бастады.

Ендігі, егер ең басты міндеттің өзі болмаса да, ең басты міндеттердің бірі творчестволық *ұйымдастыру* жұмысы саласында жұмысшылар мен жалпы барлық еңбекшілердің және қаналушылардың осы дербес бастамаларын мүмкіндігінше кең дамыту болып табылады. Мемлекет басқару, социалистік қоғамды ұйымдық жағынан орнату тек «жоғары таптар» дейтіндердің ғана, байлардың немесе бай таптардың мектебінен

өткендердің ғана қолынан келеді-міс деген ескі, *қисынсыз,* сорақы, оңбаған және жиркенішті соқыр сенімді қайткен күнде де қирату керек.

Бұл — соқыр сенім. Бұл соқыр сенім шірік кертартпалыққа, көргеннен жазбаушылыққа, құлшылық әдетке сүйенеді, ал бәрінен бетер тонау арқылы басқаруды, басқару арқылы тонауды жақсы көретін капиталистердің арам ниетті пайдакүнемдігіне сүйенеді. Жоқ. Өздеріне білім күші керек екендігін жұмысшылар бір сәт те ұмытпайды. Жұмысшылардың білім алуға деген ғажап құштарлығы, дәл осы кезде көрсетіп отырған құштарлығы, бұл жөнінде пролетариат арасында жаңылысудың жоқ екендігін және болуы да мүмкін емес екендігін дәлелдейді. Ал *ұйымдастырушылық* жұмысы сауатты, кісіні тани білетін, практикалық тәжірибесі бар *қатардағы* жұмысшы мен шаруаның да қолынан келеді. Буржуазияшыл интеллигенттер менмендікпен және менсінбей сөз қылып келген «қара халықтың» ішінде бұл сияқты адамдар *толып жатыр.* Жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы мұндай талапттардың қайнар көзі әлі ашусыз жатыр және сарқылмастай телегей-теңіз.

Жұмысшылар мен шаруалар әлі де «қорғалақ», *өздерінің* енді *үстем* тап екендігіне әлі де үйреніcіп кете қойған жоқ, әлі де болса онша батыл емес. Бүкіл өмір бойы аштық пен мұқтаждықтың салдарынан таяқтың күшімен жұмыс істеуге мәжбүр болған миллион-миллион адамдарға мұндай қасиеттерді төңкеріс *бірден* дарыта алмады. Бірақ 1917 жылғы Октябрь революциясының күші де, өміршеңдігі де, жеңілмейтіндігі де нақ мынада: ол осы қасиеттерді *оятып,* барлық ескі кедергілерді қиратып, тозығы жеткен бұғауларды үзуде, еңбекшілерді жаңа тұрмыстың *дербес* жасампаздық жолына шығаруда.

Есеп пен бақылау — жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының әрбір Советінің, әрбір тұтыну қоғамының, әрбір жабдықтау одағының немесе комитетінің, әрбір фабрика-завод комитетінің немесе жалпы жұмысшы бақылауы органының *басты* экономикалық міндеті, міне, осы.

Ескі әдетке қарсы күресу керек — еңбек өлшеміне, өндіріс құрал-жабдықтарына басында еркі жоқ адам тұрғысынан карауға: қосымша ауыртпалықтан қайтіп құтылсақ екен, *буржуазиядан* бірдеңені қайтіп жырсақ екен деп әдеттенген тұрғыдан карауға карсы күресу қажет. Бұл күресті алдыңғы қатардағы, саналы жұмысшылар қазірдің өзінде-ақ жүргізе бастады, олар фабрикалық қауымға келген, әсіресе соғыс кезінде көбірек келген келімсектерге, қазір *халық* фабрикасына, халықтың меншігіне көшкен фабрикаға, бұрынғыша: «бірдеңені артығырақ жырып, тайып тұрсақ» деген ой тұрғысынан ғана қарағысы келетін келімсектерге үзілді-кесілді тойтарыс беріп отыр. Шаруалардың, еңбекшілер бұқарасының ішіндегі саналы, адал, ойлай білетіндердің бәрі бұл күресте озат жұмысшылар жағына шығады.

Есеп пен бақылау, *егер* бұларды жоғарғы мемлекеттік өкімет болып табылатын жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтері жүргізетін болса немесе *осы* өкіметтің нұсқауы, уәкілдік беруі бойынша жүргізілетін болса,— барлық жерде жасалатын, жаппай, жан-жақты есеп пен бақылау,— еңбек мөлшерін және өнімдердің бөлінуін есептеу мен бақылау — пролетариаттың саяси үстемдігі орнап, қамтамасыз етілген жағдайдағы социалистік қайта құрылыстың *мәні*, міне, осында.

Социализмге өту үшін қажетті есеп пен бақылау тек бұқаралық сипатта ғана бола алады. *Байларды, жүліктерді, арамтамақтарды, бұзақыларды* есеп пен бақылауға алуда жұмысшылар мен шаруалар *бұқарасының* тек ерікті, адал ниетті, революциялық энтузиазмімен жасалатын ынтымағы ғана қарғыс атқан капиталистік қоғамның бұл сарқыншақтарын, адамзаттың бұл сілімтіктерін, бұл үміт артуға болмайтын шірік, өлімтік мүшелерін, капитализмнен социализмге мұра есебінде қалған бұл жұқпалы дертті, обаны, мерезді жеңіп шыға алады.

Жұмысшылар мен шаруалар, еңбекшілер мен қаналушылар! Жер, банктер, фабрикалар, заводтар бүкіл халықтың меншігіне көшті! Өнімдерді өндіруді және

бөлуді есепке алып, бақылау жұмысын *өз* қолдарыңызға алыңыздар,— социализмнің жеңу жолы, оның жеңіп шығуының кепілі, қанау атаулыны, жоқшылық пен қайыршылық атаулыны жеңудің кепілі осында, *тек* осында *ғана!* Өйткені Россияда астық, темір, ағаш, жүн, мақта және зығыр жұрттың бәріне де жетеді, тек еңбекті және өнімдерді дұрыстап бөлу керек, тек осы бөліске бүкіл халықтың *іскерлік, практикалық* бақылау қою керек, тек халық жауларын: байларды, олардың итаршыларын,— одан кейін жүліктерді, арамтамақтарды және бұзақыларды саясатта *ғана* жеңіп қоймай, сонымен қатар *күнделікті экономикалық* өмірде де жеңу керек.

Бұл халық жауларына, социализм жауларына, еңбекшілердің жауларына ешқандай аяушылық жасалмасын. Байларға, олардың итаршыларына, буржуазияшыл интеллигенттерге қарсы өліспей беріспейтін соғыс ашу керек, жүліктерге, арамтамақтарға және бұзақыларға қарсы соғыс ашу керек. Бұлардың қайсысы болса да, біріншілері де, соңғылары да — сыбайлас сыбайластар, капитализмнің перзенттері, бариндік және буржуазиялық қоғамның еркетайлары, бұл қоғамда ат төбеліндей адамдар халықты тонап, халықты қорлады,— бұл қоғамда мұқтаждық пен қайыршылық мыңмыңдаған адамдарды бұзақылық жолға, сатқындық, жүліктік жолға, адамгершілік ардан безу жолына түсірді,— бұл қоғамда алдаумен болса да қаналудан бас сауғалауға, бір сәтке болса да жексұрын жұмыстан бұлтарып, құтылуға, ашықпау үшін, өз басының және жақындарының жүрегі талмауы үшін қандай жолмен болса да, қайткен күнде де бір үзім нан жырмалауға еңбекшілер сөзсіз үйренді.

Байлар мен жүліктер, бұлар — бір медальдың екі беті, бұлар — капитализм асырап өсірген *паразиттердің* ең басты екі разряды, бұлар — социализмнің басты жаулары, бұл жауларды бүкіл халықтың ерекше бақылауына алу керек, бұлар социалистік қоғамның ережелері мен заңдарын титтей де болса бұзған жағдайда, оларды аяусыз жазалау керек. Бұл жөнінде босаңдықтың қандайы болса да, солқылдақтықтың қандайы

болса да, көңілшектік жасаудың қандайы болса да социализм алдында орасан зор қылмыс жасағандық болар еді.

Социалистік қоғамға бұл паразиттердің зиянын тигізбеу үшін еңбек мөлшерін, онімдерді өндіріп, болуді есепке алып, бақылауды, миллион-миллион жұмысшылар мен шаруалардың өз еркімен, жігерлі түрде, революциялық энтузиазммен қолдайтын бүкіл халықтық есеп пен бақылауды ұйымдастыру керек. Ал әрбір адал, зерделі, байыпты жұмысшы мен шаруаның *қолынан әбден келетін,* әбден істей алатын бұл есеп пен бақылауды ұйымдастыру үшін олардың өздеріпен, олардың өз араларынан өскен ұйымдастырушы таланттарды жарыққа шығару керек, ұйымдастыру ісінде табысқа жету үшін олардың ішінде *жарыс* туғызып, оны жалпы мемлекеттік көлемде жолға қою керек, білімді адамның қажетті кеңесі мен «білімді» адамдарға сопшалық әдет болған *салақтықты* «қарапайым» жұмысшы мен шаруаның бақылауға алуының қажеттігі арасындағы айырманы жұмысшылар мен шаруалар жақсы түсінуі керек.

Бұл салақтық, ұқыпсыздық, немқұрайдылық, тыңғылықсыздық, күйгелек дегбірсіздік, істі айтыспен алмастыруға, жұмысты сөзбен алмастыруға бейім тұрушылық, дүниедегі нәрсенің бәріне жармасып, бірақ біреуін де тындырмаушылық — «білімді адамдардың» қасиеттерінің бірі, бұл қасиеттер тіпті де олардың жаратылысының жамандығынан тумайды, оның бер жағында өшпенділіктен де тумайды, қайта өмірдің барлық әдеттерінен туады, олардың еңбек жағдайынан туады, шаршағандықтан, ой еңбегін дене еңбегінен қате бөлушіліктен және тағы сондайлардан туады.

Біздің революциямыздың қателіктерінің, жетімсіздіктерінің, ағаттықтарының ішінде, өз ортамыздан шыққан интеллигенттердің осындай күйіпішті,— бірақ қазіргі кезеңде болмай қоймайтын — қасиеттерінен туған және интеллигенттердің *ұйымдастырушылық* жұмысына *жұмысшылар* тарапынан жеткілікті бақылаудың *болмауынан* туған қателер және басқалар елеулі роль атқарады.

Жұмысшылар мен шаруалар әлі де «қорғалақ», олар бұдан құтылуға тиіс және олар бұдан, *күмәнсыз*, құтылады. Білімді адамдардың, интеллигенттердің, мамандардың кеңесіне, жетекшілік нұсқауына мән бермеуге болмайды. Азды-көпті зерделі әрбір жұмысшы мен шаруа мұны өте жақсы түсінеді, сондықтан біздің ортамыздан шыққан интеллигенттер бізге жұмысшылар мен шаруалар көңілді аз бөледі, жолдастық құрметті аз көрсетеді деп өкпе айта алмайды. Бірақ кеңес беру және жетекші нұсқау беру бір басқа да, ал *практика жүзінде* есеп пен бақылау ұйымдастыру екінші басқа. Интеллигенттер толып жатқан және кез келген нәрселерде өте жақсы кеңестер мен жетекші нұсқаулар береді, бірақ осы кеңестері мен нұсқауларын іске *асыруға* келгенде, сөздің іске айналуы үшін *практикалық бақылау* жүргізуге келгенде адам күлерліктей, *өрескел,* масқара «орашолақ», қабілетсіз болып шығады.

Міне осындай жерде «халықтан», жұмысшылар мен еңбекші шаруалардан шыққан практик-ұйымдастырушылардың көмегінсіз және *жетекшілік рөлінсіз* аяқты ешбір аттауға болмайды. «Қыш құмырапы жасаушы — құдайлар емес» — міне бұл ақиқатты жұмысшылар мен шаруалар мықтап жадында сақтауға тиіс. Енді олар барлық іс *практикада* екенін түсінуге тиіс, атап айтқанда теория практикаға айналатын, практика арқылы жандапатын, практика арқылы түзетілетін, практика арқылы тексерілетін тарихи кезең туып отырғанын түсінуге тиіс, бұл ретте Маркстің мына сөзі өте дұрыс: «практикалық қозғалыстың әрбір қадамы бір дюжина программадан да гөрі маңыздырақ»[88], — байлар мен жүліктерді практика жүзінде шын ауыздықтау, азайту, оларды толық есеп пен бақылауға алу ісіндегі әрбір шара социализм туралы ең тамаша деген бір дюжина пайымдаудан анағұрлым маңыздырақ. Өйткені «теория, досым-ау, — қуаң, ал өмірдің мәңгілік ағашы — жасаң»[89].

Жұмысшылар мен шаруалардан шыққан практик-ұйымдастырушылардың бірімен-бірінің жарысын ұйымдастыру керек. Интеллигенттер бейім тұратын шаблон

атаулыға және жоғарыдан бір үлгіге салып қалыптап отыруға тырысушылыққа қарсы күресу керек. Шаблондық та, жоғарыдан бір үлгіге салып қалыптау да, демократиялық және социалистік централизммен ешбір жанаспайды. Егжей-тегжейлердегі, жергілікті ерекшеліктердегі, іске *қалай қарау* әдістеріндегі, бақылауды жүзеге асырудың *тәсілдеріндегі*, паразиттерді (байлар мен жүліктерді, интеллигенциядан шыққан салақтар мен күйгелектерді, т. т. және т. с.) құрту және зиянсыздандыру *жолындағы әр алуандылық* негізгі, түбегейлі, маңызды мәселелердегі бірлікті бұзбайды, қайта ол бірлікті қамтамасыз етеді.

Париж Коммунасы бастаманы, дербестікті, қозғалыс еркіндігін, төменнен қаулаған жігер серпінін және шаблондармен еш қатысы жоқ ерікті орталықтандыруды ұштастырудың ұлы үлгісін көрсетті. Біздің Советтер де осы жолмен жүріп келеді. Бірақ олар әлі де «қорғалақ», әлі де құлашын жая алмай отыр, социалистік тәртіптер орнатудағы өзінің жаңа, ұлы, творчестволық жұмысына әлі де «қалыптасып кете алмай» отыр. Советтер істі батылырақ, жігерлірек қолға алуы керек. Әрбір «коммуна» — әрбір фабрика, әрбір деревня, әрбір тұтыну қоғамы, әрбір жабдықтау комитеті — бірбірімен *жарысқа* түсіп, еңбекті және өнімдерді бөлуді есепке алып, бақылау ісін практика жүзінде ұйымдастырушы болуға тиіс. Бұл есеп пен бақылаудың программасы қарапайым, кімге де болса айқын, түсінікті: нан әркімде болатын болсын, жұрттың бәрінің де берік аяқ-киімі және бүтін киімі болсын, жылы үйі болсын, адал ниетпен жұмыс істейтін болсын, бірде-бір жүлік (сонымен бірге жұмыстан жалтарушы да) еркіндікте жүрмей, түрмеде отыратын болсын немесе ең ауыр еріксіз жұмыста жазасын өтейтін болсын, социализмнің ережелері мен заңдарынан жалтаратын бірде-бір бай жүліктің басына түскен ауыр халден — әділдігіне бақканда байлардың да басына түсуге тиісті халден — бұлтарып кете алмайтын болсын. «Еңбек етпеген — ішіп-жемесін» — міне, социализмнің *практикалық* парызы осы. *Практика жүзінде* міне осыны жолға қою керек. Біздің «коммуналарымыз», жұмысшылар

мен шаруалардан шыққан, әсіресе интеллигенттерден (*әсіресе* дейтініміз олар өздерінің жалпы нұсқауларына және қарарларына мақтануға *тым* әдеттеніп кеткен, *шектен тыс* әдеттеніп кеткен) шыққан ұйымдастырушыларымыз міне осындай *практикалық* табыстарға мақтануға тиіс.

Байларды, жүліктерді және арамтамақтарды практика жүзінде есепке алып, бақылап отырудың мыңдаған формалары мен әдістерін коммуналардың өздері, қала мен деревнядағы ұсақ ұялардың өздері практика жүзінде жасап, сынпан өткізуі керек. Бұл жердегі алуан түрлілік — істің баянды болуының, ортақ бір мақсатқа жетудің табысты болуының: Россия жерін әр түрлі зиянды жәндіктерден, бүрге — жүліктерден, қандала — байлардан және тағы басқалардан *тазартудың* айғағы. Бір жерде — ондаған байды, он шақты жүлікті, жұмыстан жалтарған төрт-бес жұмысшыны (Питердегі, әсіресе партиялық баспаханалардағы жұмыстан жалтарған көптеген әріп терушілер сияқты бұзақыларды) түрмеге отырғызады. Екінші жерде — оларды дәретхана тазартуға қояды. Үшінші жерде — оларды *зиянды* адамдар есебінде бүкіл халықтың әбден түзелгенге дейін қадағалауы үшін, карцерден шыққан соң оларға қара билет беріледі. Төртінші жерде — арамтамақтықпен айыпталған он адамның біреуін табанда атып тастайды. Бесінші жерде — түрлі шаралардың қосындысынан бір амал ойлап тауып, байлардың, буржуазияшыл интеллигенттердің, жүліктер мен бұзақылардың түзелуге көнетін элементтерін, мәселен, шартты түрде босату арқылы олардың тез түзелуіне қол жеткізеді. Жалпы тәжірибеміз неғұрлым алуан түрлі болса, соғұрлым жақсы, соғұрлым мол болады, социализмнің табысқа жетуі соғұрлым сенімді және тез болады, күрестің *ең жақсы* әдістері мен шараларын практика соғұрлым оңай белгілейді, өйткені тек практика ғана оларды белгілей алады.

Қай коммунада, үлкен қаланың қай кварталында, қай фабрикада, қай деревняда аш-арықтар *жоқ*, жұмыссыздар *жоқ*, арамтамақ байлар *жоқ*, буржуазияның малайларынан шыққан сұмырайлар, өздерін интелли-

генттерміз деп атайтын саботажшылар *жоқ*? еңбек өнімділігін арттыру үшін қайсысында көбірек іс істелді? кедейлерге жаңадан жақсы үйлер салу үшін, оларды байлардың үйлеріне орналастыру үшін қайсысында көбірек іс істелді? кедей семьядағы әрбір баланы бір бөтелке сүтпен дұрыс қамтамасыз ету үшін қайсысында көбірек іс істелді?— міне осы мәселелер жөнінде коммуналар, қауымдар, тұтыну-өндіріс қоғамдары мен серіктіктері, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтері *жарысты* кеңінен ұйымдастыруға тиіс. *Ұйымдастырушы таланттар* міне осындай жұмыста, *практика жүзінде* іріктеліп, жоғары, жалпы мемлекеттік басқару ісіне көтерілуге тиіс. Халық ішінде олар көп. Олар тек жаншылып келген. Олардың қанат жаюына көмектесу керек. Солар ғана, *тек солар ғана*, бұқараның қолдауымен, Россияны сақтап қала алады және социализм ісін сақтап қала алады.

1917 ж. 24—27 декабрьде
(1918 ж. 6—9 январьда)
жазылған

Бірінші рет 1929 ж. 20 январьда
«Правда» газетінің 17-номерінде
басылған
Қол қойған: В. Ленин

Қолжазба бойынша басылып
отыр

ТҰТЫНУ КОММУНАЛАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ[90]

1

АЛДЫН АЛА ЖАСАЛҒАН ТЕЗИСТЕР

Азық-түлік комиссариатының «жабдықтау басқармалары», «делегаттар комитеттері» және басқалары туралы, сондай-ақ Халық шаруашылығы жоғары советінің «халық шаруашылығы аудандық советтері»[91] туралы жобалары мұндай ұйымдарды біріктіру қажет деген ойға келтіреді.

Алдын ала жасалған тезистер:

(Etwa*): снабсбыткомдар ма?
жадықтау және өткізу комитеттері ме?**

Жабдықтау комитеттерінің де, өткізу органдарының да ролін атқарушы тұтыну-өндіру (сатып алу-сауда одақтарынан гөрі жақсырақ etc.) болыстық одақтары ұя болуға тиіс. Қажет болған ретте болыстардың шекаралары өзгертілуі мүмкін.

Қалаларда кварталдар бойынша немесе көшелердің белгілі бір бөлектері бойынша құрылатын комитеттер, мүмкін, осындай орынға ие болған болар еді.

Егер жергілікті жерлерде осындай ұя комитеттерін құра алсақ, онда бұл комитеттерді біріктіру бүкіл халықты қажет нәрсенің бәрімен жабдықтау ісін дұрыс ұйымдастыра алатын, өндірісті жалпы мемлекеттік көлемде ұйымдастыра алатын желі жасаған болар еді.

Мүмкін, «одақтардың» орнына мұның өзі сауда қызметшілерінің, т. с. және т. б. қатысуымен құрылған «Жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтері» болар еді.

---

* — Шамамен. *Ред.*

** Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтері жанындағы жабдықтау және өткізу комитеттері (снабсбыткомдар).

Әрбір мұндай одақ немесе комитет яки совет (немесе снабсбытком) өндіріс пен тұтынуды жалпы реттеп отыру үшін өткізу ісінің *жүргізілуіне қарай* және жабдықтау *өнімдерінің түрлеріне* қарай секцияларға немесе бөлімдерге бөлінер еді (қаржыландыру бөлімі, немесе ақшалай кірістер мен шығындар бөлімі әрбір снабсбытком жанында болуға тиіс болар еді). Кедейлерге табыс салығын салу және өсімсіз несие беру правосы, сондай-ақ жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі правосы жорамалданған жағдайда мұның өзі социалистік қоғамның ұясы болған болар еді. Онда болыстық банктер мемлекеттік жинақ кассаларымен біріктіріліп, жалпы мемлекеттік бухгалтерияға, мемлекеттің кіріс-шығын кітаптарының қосындысына айналуға тиіс болар еді.

Онда өнімдерді тасымалдау, сондай-ақ сатып алу-сату ісі *тек қана* бір снабсбытком мен екінші снабсбыткомның арасында болған болар еді, жеке өткізу атаулының бәріне тыйым салынар еді. Жабдықтау мен өткізудің болыстық (жалпы алғанда «негізгі», төменгі) комитеттерінің куәліктері бойынша өнімдерді орталықтағы қоймалардан жеке адамдарға да сатуға болады, мұнда жабдықтау мен өнімдерді өткізудің болыстық және басқа да комитеттерінің кітаптарына жазып отыру шарт (ұсақ единицалардың ішіндегісінен немесе ұсақ-түйектерге арналғандардан басқасы). Снабсбыткомның берген куәліктерінсіз өнім тасудың қандайына да жол берілмеген болар еді.

Мұның өзі
егіншілік
сауда және өнеркәсіп
еңбек
азық-түлік комиссариаттарын да,
Халық шаруашылығы жоғары советінде,
финанс және
қатынас жолдары комиссариаттарын да
біріктіру болған болар еді.

NB:

«Жабдықтау және өткізу комитеттері»: болыстық, уездік, губерниялық, аудандық комитеттер. (ΣΣ* = Халық шаруашылығы жоғары советі)

олардың бөлімдері: Центроткань, Центросахар, Центроуголь және т. с. (ΣΣ Халық шаруашылығы жоғары советі), Центробанк және т. б.

N B:

Қалалардағы бай кварталдар (немесе дачалық бай поселкелер және т. б.), жұмысшылар мен шаруалардың проценті, айталық, 60 проценттен төмен болған кварталдар etc. жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің эмиссарларына бағындырылуға тиіс болар еді.

2
ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ

Тонаудан түскен олжаларын бөлісуге бола капиталистер арасындағы күрестен туған соғыс адам айтқысыз күйзеліске әкеліп соқтырды. Әсіресе бай таптардың ішіндегі қылмысты жалдаптық пен баюға құныққандық бұл күйзелісті онан сайын асқындыра түсті, жүз мыңдаған және миллиондаған адамдарды аштық азабына және жұмыссыздыққа ұшыратты. Аштарға көмектесу үшін және жалдаптармен аяусыз күресу үшін төтенше шаралар қолданудың қажеттігі жұмысшы және шаруа үкіметін, Россия республикасының заңы ретінде, төмендегі ережелерді белгілеуге мәжбүр етеді:

Мемлекеттің барлық азаматтары жергілікті тұтыну қоғамына (селолық, болыстық, поселкелік немесе қаланың белгілі бір бөлегін, көшенің бөлегін біріктіретін, т. с. тұтыну қоғамына) кіруге тиіс.

Семьялардың тұтыну қоғамдарына топтасуы тек мынадай шартпен ғана еркін болады: әрбір қоғамдағы семьялардың кемінде $^{2}/_{3}$ бөлегі бай емес таптар (ягни

---

* — Summa summarum — Жалпы жиыны. *Ред.*

жұмысшылар, жалдама жұмысшыларды мүлде жалдамайтын шаруалар, т. с.) болуға тиіс.

Әрбір тұтыну қоғамы, азық-түлікті сатып алу және болумен бірге, жергілікті жердің өнімдерін өткізу ісін басқарады. Тұтыну қоғамдарының басқармалары *жабдықтау комитеттерін* құрады, ал тиісті жабдықтау комитетінің жазбаша түрдегі куәлігі болмайынша, өнімдерді ешқандай тасымалдауға рұқсат етілмейді.

Қазірде бар тұтыну қоғамдары национализацияланады, тұрған жеріндегі бүкіл халықты түгелдей өзінің құрамына енгізуге міндеттенеді.

Жеке адамдар өнімдерді жергілікті жердегі ғана емес, орталықтағы қоймалардан да сатып ала алады, бірақ сатып алғанда басқаша түрде емес, жергілікті тұтыну қоғамының кітабына жаздырып барып сатып алады.

Жабдықтау комитетінің куәлігінсіз өнімдерді тасымалдағаны үшін және сатып алып-сатқаны үшін айыпты адамға барлық мүлкін конфискелеу, кемінде жарты жылға түрмеге отырғызу және еріксіз жұмысқа қосу жазасы қолданылады.

Өнімдерді тасымалдау және сатып алу-сату жөніндегі куәліктер тиісті жабдықтау комитеті басқармасының кем дегенде үш мүшесінің қолы қойылып, 2 дана етіліп жазылуға тиіс және 1 данасы міндетті түрде басқарманың істерінде сақталуға тиіс.

Әрбір куәлікте мыналар көрсетілуге тиіс: өнім қай тұтыну қоғамынан жөнелтілді және қай тұтыну қоғамына жеткізілуге тиіс.

Телеграф конторлары жабдықтау комитеттерінің телеграммаларын кезектен тыс жібереді.

Жабдықтау комитеттерінің бәрі де жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының жергілікті Советтерінің бақылауымен және оның нұсқауы бойынша жұмыс істейді.

Өзінің тұтыну қоғамы арқылы әркім өнімнің қандайын болса да шек қоймай алуға ерікті, тек шетелден өнімдер әкелу жөнінде ғана шек қою ережесі белгіленуі мүмкін.

Өткізу үшін өндірілетін өнімдер жергілікті жабдықтау комитетіне еркін бағамен міндетті түрде тапсырылады, бұған заң бойынша тұрақты баға қойылған өнімдер ғана жатпайды. Өнімдер үшін төленетін ақша оның иесінің ағымдағы счетына Халықтық банктің жергілікті (селолық, болыстық, қалалық, фабрикалық және басқа) бөлімдерінде тіркеліп отырылады.

Халыққа тұтыну қоғамдарын (жабдықтау комитеттерін) құруға көмектесу үшін және олардың есеп-қисабын, сондай-ақ олардың бүкіл іс жүргізуін тексеру үшін әрбір жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советі бақылаушылар, тексерушілер және нұсқаушылар тобын құруға міндетті.

Жабдықтау комитеттеріне арналған есеп-қисап жүргізу және қатынас қағаздары жөніндегі нұсқау өз алдына басып шығарылады.

1917 ж. 24—27 декабрьде (1918 ж. 6—9 январьда) жазылған

Бірінші рет 1929 ж. 22 январьда «Известия» газетінің 18-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕ РАДАНЫҢ ҚАЙТАРҒАН ЖАУАБЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Халық Комиссарлары Советі Раданың қайтарған жауабын соншалық екі ұшты және жалтарма жауап, сондықтан да қорлаумен астасып жатыр деп санайды. Радамен арадағы алауыздықтың негізгі көзі болып табылатын жағдайды Халық Комиссарлары Советі өзінің Радага жіберген алғашқы үндеуінде бітім келіс сөздерін жүргізуді ұсынып, айқын көрсеткен болатын*. Атап айтқанда, бұл үндеуде былай делінген: Раданың калединшілдерді тікелей немесе жанама түрде қолдауы біз үшін Радага қарсы соғыс қимылдарын бастауға сөзсіз негіз болып табылады. Калединнің төңірегіне Россияның барлық түкпірінен жиналған помещиктер мен буржуазияның контрреволюциялық элементтері топтасуда. Тіпті Донның өзінде де шаруалар мен еңбекші казактардың басым көпшілігі Калединге қарсы шығып отыр. Россия халқы көпшілігінің, ең алдымен барлық ұлттардың еңбекші бұқарасының Совет өкіметін мойындауы — жалпыға бірдей айқын факт. Украинаның өзінде де өкіметтің толығымен Советтерге көшуі жолындағы украин еңбекші таптарының революциялық қозғалысы барған сайын өтек алып отыр және жақын арада украин буржуазиясын жеңіп шықпақ.

Калединшілдерді тікелей және жанама түрде қолдауды тоқтатасыңдар ма, жоқ па деген сұраққа Раданың жауап беруден жалтаруы біздің бастаған бітім

* Қараңыз: осы том, 151—153-беттер. *Ред.*

келіс сөздерімізге кедергі болады және азамат соғысының созыла берген үшін бүкіл жауапкершілікті Радаға жүктейді; азамат соғысын әр түрлі ұлттардың буржуазиялық таптары көтерді және бұл соғыстан түк те шықпайды, өйткені жұмысшылардың, шаруалардың және армияның басым көпшілігі социалистік советтік республика жағында.

Ал украиндардың ұлттық талаптарын, олардың халықтық республикасының дербестігін, оның федерациялық қатынас жасауды талап ету правосын Халық Комиссарлары Советі толық мойындайды және ол талаптар ешқандай талас туғызбайды.

1917 ж. 30 декабрьде (1918 ж. 12 январьда) жазылған

1917 ж. 31 декабрьде (1918 ж. 13 январьда) «Правда» газетінің 227-номерінде және «Известия ЦИК» газетінің 264-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

С. А. ЛОЗОВСКИЙДІ ПАРТИЯДАН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ

РСДРП(б) Орталық Комитетінің қарары

Мыналарды еске ала келіп:

1) Лозовский жолдас Октябрь революциясының ең бас кезінен бастап-ақ партияның көзқарастарына түбегейлі қайшы және жалпы алғанда революцияшыл пролетариаттың көзқарасына қайшы келетін, бірақ оның есесіне барлық негізгі мәселеде социализмге өтудің қажетті кезеңі ретіндегі пролетариат диктатурасын ұсақ буржуазиялық тұрғыдан теріске шығарушылыққа сай көзқарастарды білдіріп келеді;

2) буржуазия жағына шығып кеткен «Новая Жизнь» газетінің...* ноябрьдегі номерінде өзінің мақала жариялауымен Лозовский жолдас бүкіл партия адамдарының ғана емес, сонымен қатар жалпы саналы жұмысшылардың да жаппай ашу-ызасын туғызды[92], оның бер жағында, газетте әлгі мақала шығысымен Лозовский жолдасты партиядан шығару туралы қабылданған РСДРП Орталық Комитетінің қаулысы кейбір жолдастардың: Лозовский жолдастың ауытқулары уақытша жағдай, соншалықты шапшаң болып жатқан тарихи төңкерістің маңызын оның бірден түсіне алмағандығынан ғана туған жағдай деп үміт білдіруі себепті ғана жарияланбаған еді және күшіне енгізілмеген еді;

3) Лозовский жолдасқа болып өткен революцияның маңызын толық ұғынуға уақыт бергісі келген жолдастардың үміті ақталмады, сөйтіп жалпы алғанда Лозовский жолдастың бүкіл саяси мінез-құлқы, әсіресе «Профессиональный Вестниктің»[93] 7 және 8-номерлеріндегі оның мақалалары бұл жолдастың социалистік револю-

* Қолжазбада В. И. Ленин датаға орын қалдырған. *Ред.*

цияда пролетариаттың қандай роль атқаратыны жөнінде социализмнің түбегейлі принциптерінен мүлде алшақ кеткендігін дәлелдейді;

4) кәсіптік қозғалыста көрнекті қызмет атқаратын және бұл қозғалысқа адам айтқысыз буржуазиялық іріткі салып отырған адамның партия қатарында болуы партияның беделін түсіріп, пролетарлық ортада қандай да болсын ұйымдастыру жұмысының берекесін кетіріп қана қоймайды, сонымен қатар кәсіптік одақтардың социалистік өндірісті ұйымдастыру жөніндегі шұғыл міндетіне іс жүзінде орасан зор нұқсан келтіреді;

5) біздің партия программасында мойындалған пролетариат диктатурасының қажеттігін түсінбеген адаммен, осындай диктатурасыз, яғни қанаушылардың қарсылығын үнемі, аяусыз, буржуазиялық-демократиялық формулалардың қандайына болса да қарамастан, басып-жаныштамайынша, социалистік төңкеріс былай тұрсын, тіпті дәйекті демократиялық төңкеріс те мүмкін емес екендігін, соғыс туғызған дағдарысқа, күйзеліске қарсы күресудің ешқандай елеулі шараларын қолдану мүмкін еместігін түсінбеген адаммен бір партияның қатарында бірге жұмыс істеу мүмкін емес;

6) саяси өкімет билігін қолына алған пролетариаттың социалистік міндеттерін теріске шығаратын адаммен,— кәсіптік одақтардың мемлекеттік міндеттерді өз мойнына алып, өнім өндіру мен оны бөлу ісін социалистік жолмен қайта ұйымдастыруды асқан зор күш-жігермен, асқан зор батылдықпен бүкіл мемлекеттік көлемде жүргізу борышын теріске шығаратын адаммен, бір партияның қатарында бірге жұмыс істеу мүмкін емес;—

— осыларды еске ала келіп, РСДРП Орталық Комитеті қаулы етеді: Лозовский жолдас РСДРП(б) қатарынан шығарылсын және бұл қаулы дереу жариялансын.

1917 ж. 30 декабрьде (1918 ж. 12 январьда) жазылған

1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КАЛЕДИНГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

1

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Халық Комиссарлары Советі калединшілдер мен олардың сыбайластарына қарсы күрес жүргізуде Антонов жолдастың батыл шаралар қолданғандығын құттықтап, сонымен бірге былай деп қаулы етеді: әскерлердің қолбасшысы жұмыссыздық пен аштық қаупін төндіріп отырған саботажшы капиталистерге қарсы жаза қолданғанда айыптыларды рудниктерге еріксіз жұмысқа жіберуге дейін жаза қолдануға праволы.

2

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫНА ҚОСЫМША

Революциялық трибуналдар құру мүмкін болысымен-ақ, олар еріксіз жұмысқа жіберудің әрбір оқиғасын дереу қарап шешеді, сөйтіп не еріксіз жұмыста болу мерзімін белгілейді, не болмаса қамауға алынғандарды босатады.

Қаулы 1917 ж. 30 декабрьде (1918 ж. 12 январьда) жазылған; қаулыға қосымша 1918 ж. 1(14) январьда жазылған

Бірінші рет: қаулы 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында; қаулыға қосымша 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОЦИАЛИСТІК АРМИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЭШЕЛОНДАРЫН АТТАНДЫРАРДА 1918 ж. 1(14) ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[94]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Жолдастар, мен сіздер арқылы орыс пролетариатының орыс революциясының салтанат құруы үшін, оның ұлы ұрандарының біздің жерімізде ғана емес, бүкіл дүние жүзі халықтарының арасында да салтанат құруы үшін күресуге бел байлағандығын құттықтаймын. Сіздер арқылы социалистік армияның алғашқы ерікті қаһармандарын құттықтаймын, олар қуатты революциялық армия құрады. Міне, осы армияға революцияның жеңістерін, біздің халықтық өкіметімізді, солдат, жұмысшы және шаруа депутаттарының Советтерін, бүкіл жаңа, шынайы демократиялық құрылысты халық жаулары атаулының бәрінен қорғап қалу жүктеледі; бұл халық жаулары қазір революцияны құрту үшін барлық құралдарды қолдануда. Бұл жаулар — бүкіл дүние жүзінің капиталистері; қазіргі уақытта олар барлық еңбекшілерге азаттық әперіп жатқан орыс революциясына қарсы жорық ұйымдастырып отыр. Біз дүние жүзілік революция жолындағы барлық кедергілерді жоя алатын күш екендігімізді көрсетуіміз керек. Окопқа кетіп бара жатқан жолдастар әлсіздерді қолдап, ауытқушыларды тұрақтандырып, шаршағандардың бәріне өз үлгісімен дем беретін болсын. Халықтар ұйқысынан оянып келеді, біздің революциямыздың жалынды үндеуін есіте бастады, сондықтан біз кешікпей жалғыздықтан құтыламыз, біздің армиямызға басқа елдердің пролетарлық күштері қосылады. (Ленин жолдастың сөздері құттықтаған дауыстарға, ұзаққа созылған қол

шапалақтауларға ұласты... «Интернационалдың» әуенімен социалистік армия еріктілері Ленин жолдасты автомобильге дейін шығарып салды.)

«Правда» № 3 (кешкі басылымы), 17(4) январь, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖОҒАРЫ ҚЫЗМЕТТЕГІ АДАМДАРҒА АҚЫ ТӨЛЕУ НОРМАСЫ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[95]

Жоғары қызметтегі адамдарға ақы төлеу нормасы туралы Шляпников жолдастың сұрауы бойынша Халық Комиссарлары Советі қаулы етеді:

1) Халық Комиссарлары Советінің мүшелеріне айлық жалақы 500 сом болсын деген декрет ең жоғары жалақының *шамамен алғандағы* мөлшері екендігі, бұл декретте мамандарға бұдан көп төлеуге тыйым салынбайтындығы расталсын;

2) Халық Комиссарлары Советінің декретінде шамадан тыс жоғары жалақыны кеміту үшін революциялық шаралар қолдану жөнінде талап қойылғандығы еске салынсын[96];

3) осы декреттің орындалуы жөнінде, атап айтқанда, не істелгендігі туралы дереу баяндамалар тапсыру барлық халық комиссарларына жүктелсін;

4) табыс салығын алу үшін және бұл салықты төлеуден бұлтарушылықты жою үшін батыл шаралардың қолданылған-қолданылмағандығы туралы баяндама тапсыру финанс комиссарына жүктелсін;

5) шамадан тыс жоғары табыстан төтенше салық өндіру үшін неғұрлым батыл шаралар қолдану жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының жергілікті Советтеріне жүктелсін.

1918 ж. 2(15) январьда жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

(1

Декларація правъ трудящагося и эксплуатирующаго народа.

Учред. Собраніе постановляет:

I 1. Россія объявляется республикой Совѣтов Рабочих, Солдатских и Крестьянских Депутатов. Вся власть в центрѣ и на мѣстах принадлежит этим Совѣтам.

2. Совѣтская россійская республика учреждается как федерація совѣтских республик національных, на основѣ союза свободных націй.

II Ставя своей основной задачей уничтоженіе всякой эксплуатаціи человѣка человѣком, полное устраненіе дѣленія общества на классы, безпощадное подавленіе сопротивленія эксплуататоров, установленіе соціалистической организаціи общества и побѣду соціализма во всѣх странах, Учред. Собраніе постановляет далѣе:

1. Частная собственность на землю отмѣняется. Вся земля, со всѣми постройками, инвентарем и прочими принадлежностями с.-х. производства, объявляется достояніем всего трудящагося народа.

В. И. Лениннің «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1918 ж. январьдың бас кезі

Кішірейтілген

ЕҢБЕКШІ ЖӘНЕ ҚАНАЛУШЫ ХАЛЫҚ ПРАВОЛАРЫНЫҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ[97]

Құрылтай жиналысы қаулы етеді:

I. 1. Россия жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің республикасы деп жарияланады. Орталықта және жергілікті жерлерде бүкіл өкімет осы Советтердің қолына беріледі.

2. Советтік Россия республикасы ерікті ұлттардың ерікті одағы негізінде Советтік ұлт республикаларының федерациясы ретінде құрылады.

II. Құрылтай жиналысы адамды адамның қанауы атаулыны жоюды, қоғамның таптарға бөлінуін толық жоюды, қанаушылардың қарсылығын аяусыз басып-жаныштауды, қоғамның социалистік негізде ұйымдасуын және барлық елдерде социализмнің жеңіп шығуын өзіне негізгі мақсат етіп қоя отырып, қаулы етеді:

1. Жерге жеке меншік жойылады. Бүкіл жер, ауыл шаруашылық өндірісінің барлық құрылыстарымен, құрал-саймандарымен және басқа да мүліктерімен қоса бүкіл еңбекші халықтың дәулеті деп жарияланады.

2. Еңбекші халықтың қанаушыларға билік жүргізуін қамтамасыз ету мақсатымен және фабрикалардың, заводтардың, рудниктердің, темір жолдардың және өндіріс пен транспорттың басқа да құрал-жабдықтарының жұмысшы-шаруа мемлекетінің меншігіне толық көшуінің алғашқы қадамы ретінде, жұмысшы бақылауы және Халық шаруашылығының жоғары советі туралы совет заңы қуатталады.

3. Еңбекші бұқараны капиталдың езгісінен азат ету шарттарының бірі ретінде, барлық банктердің жұмысшы-шаруа мемлекетінің меншігіне көшуі қуатталады.

4. Қоғамның паразиттік топтарын жою мақсатымен жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі енгізіледі.

5. Бүкіл өкімет билігін толығымен еңбекшілер бұқарасына беруді қамтамасыз ету және қанаушылар өкіметінің қайта орнауының қандай болса да мүмкіншілігін жою мүддесін көздеп, еңбекшілерді қаруландыруға, жұмысшылар мен шаруалардың социалистік қызыл армиясын құруға және дәулетті таптарды толық қарусыздандыруға қаулы етіледі.

III. 1. Барлық соғыстардың ішіндегі ең қылмысты осы соғыста жерді қанға бояған финанс капиталы мен империализмнің шеңгелінен адамзатты құтқаруға батыл бел байлай отырып, Совет өкіметінің құпия шарттарды бұзу жөнінде, бұл күнде өзара соғысып жатқан армиялардағы жұмысшылармен, шаруалармен барынша кең түрде бауырласу ісін ұйымдастыру жөнінде және қалайда, революциялық шаралармен, аннексиясыз, контрибуциясыз, ұлттардың өзін өзі еркін билеуі негізінде, халықтар арасында демократиялық бітім жасасу жөнінде жүргізіп отырған саясатына Құрылтай жиналысы толық қосылады.

2. Дәл осы мақсатпен Құрылтай жиналысы, Азиядағы, жалпы отарлардағы және шағын елдердегі жүз миллиондаған еңбекші халықты құл ету жолымен ат төбеліндей ардақты ұлттардағы қанаушылар үшін жайлы тұрмыс орнатқан буржуазиялық цивилизацияның варварлық саясатынан толық қол үзуді талап етеді.

Құрылтай жиналысы Финляндияның толық тәуелсіздігін жариялаған, Персиядан әскерлерді әкете бастаған, Арменияның өзін өзі билеуіне еркіндік жариялаған Халық Комиссарлары Советінің саясатын құттықтайды[98].

3. Құрылтай жиналысы патшаның, помещиктердің және буржуазияның үкіметтері шарт жасасқан заемдарды құрту (жою) жөніндегі совет заңын халықаралық банк және финанс капиталына қарсы берілген алғашқы соққы деп біледі, сөйтіп капиталдың езгісіне қарсы халықаралық жұмысшы көтерілісі толық жеңіп шыққанға дейін Совет өкіметі осы жолдан таймайды деп сенім білдіреді.

IV. Халық қалың бұқара болып қанаушыларға қарсы әлі көтеріле алмаған уақытта, өздерінің таптық пұрсаттылығын қорғау үшін қанаушылар қарсы тұрған кезде олардың бүкіл қарсыласу күші қандай боларын білмеген уақытта, социалистік қоғам құруға іс жүзінде әлі кіріспеген уақытта, Октябрь революциясынан бұрын жасалған партиялық тізімдерге негізделіп сайланған Құрылтай жиналысы өзін Совет өкіметіне қарама-қарсы қоюды, тіпті формальді тұрғыдан қарағанда да, түбірінен теріс деп санар еді.

Ал шынында Құрылтай жиналысы, енді, халықтың қанаушыларға қарсыең ақырғы күресі кезінде,— қанаушыларға өкімет органдарының ешбірінен орын берілмеуі керек деп санайды. Өкімет бүтіндей және тек қана еңбекшілер бұқарасының және олардың уәкілетті өкілдігі — жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің қолында болуға тиіс.

Совет өкіметін және Халық Комиссарлары Советінің декреттерін қолдай отырып, Құрылтай жиналысы өзінің міндеттерін қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың түбегейлі негіздерін орнатумен бітеді деп санайды.

Мұнымен бірге, Россияның барлық ұлттарының еңбекші таптарының шын еркін және ерікті одағын, ал солай болғандықтан, неғұрлым тығыз және берік одағын құруға ұмтылып, Құрылтай жиналысы өзінің міндетін Россияның Совет республикалары федерациясының түбегейлі негіздерін белгілеумен шектейді, сөйтіп әр ұлттың жұмысшылары мен шаруаларына федерациялық үкіметке және басқа федерациялық совет мекемелеріне қатысқысы келетін-келмейтіндігін және

қандай негіздерде қатысқысы келетіндігін өздерінің уәкілетті советтік съезінде өз қалауынша шешуіне ерік береді.

1918 ж. кеш дегенде 3(16) январьда жазылған

1918 ж. 4(17) январьда «Правда» газетінің 2-номерінде және «Известия ЦИК» газетінің 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АРМИЯНЫ ДЕМОБИЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ АРМИЯЛЫҚ СЪЕЗГЕ

Қымбатты жолдастар!

Подвойский жолдас маған сіздердің ұсыныстарыңызды айтты, ал менің сіздерге хат жіберумен шектелуге мәжбүр болғанымды кешірулеріңізді, теріске жорымауларыңызды өтінемін. Бастан кешіріп отырған кезеңдегі барлық қиыншылықтарға байланысты және бұл қиыншылықтарға қарамастан, *социалистік армияны құру жөніндегі ұлы міндетті ойдағыдай шеше алатындықтарыңызға сіздердің сенімді екендіктеріңізді қызу құттықтаймын.* Біз, мүмкін, революцияның қиын кезеңдерінің бірін бастан кешіріп отырған шығармыз, бұл кезеңде Совет өкіметіне әрі сыртқы жау — немістің және басқа елдердің империалистері, әрі ішкі жау — сондай-ақ «бүкіл өкімет Құрылтай жиналысына берілсін» деген ұранды бүркемеленген контрреволюция қауіп туғызып отыр.

Біз бұл дағдарысты да жеңіп шығамыз. Бұған ешбір күмән болмасын! Советтердің жеңіп алған өкіметі Советтердің қолында қалады. Социалистік революция басталды. Ол Россияда да, бүкіл дүние жүзінде де жеңіп шығу үшін одан әрі өрістей береді.

Жұмыста табысты, қажырлы болуларыңызға игі тілек білдіремін.

Сіздің *Ленин*

(Хатты жұрт ұзақ, қызу қол шапалақтап қарсы алды.)

1918 ж. 3(16) январьда жазылған

1918 ж. 6(19) январьда «Армия и Флот Рабочей и Крестьянской России» газетінің 4-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БРЕСТ-ЛИТОВСКІДЕГІ СОВЕТ БІТІМ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ Л. Д. ТРОЦКИЙМЕН ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ 1918 ж. 3 (16) ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕСІЛГЕН СӨЗДЕР

1

— Аппарат алдында Ленин. Сіздің ерекше хатыңызды мен қазір ғана алдым. Сталин жоқ, сондықтан оған хатты әлі көрсете алған жоқпын. Меніңше сіздің жоспарыңыз — даулы жоспар тәрізді. Ал оның біржолата жүзеге асырылуын біраз кейінге қалдыруға, ақтық шешімді осында, Орталық Атқару Комитетінің арнаулы мәжілісінен кейін қабылдауға болмас па екен? Сталин қайтып келісімен, хатты оған да көрсетемін.

Ленин

2

— Сіздің сұрағыңызға жауап беруден бұрын мен әуелі Сталинмен ақылдасқым келіп еді. Бүгін Харьковтегі украин Орталық Атқару Комитетінің делегациясы Сіздерге жүрмекші, бұл делегация мені Киев Радасының халі мүшкіл деп сендірді.

Ленин

3

Сталин жаңа келді, онымен кеңесіп, қазір сіздерге бірлескен жауабымызды береміз.

Ленин

4

Троцкийге хабарлаңыз. Үзіліс жариялап, Питерге қайтуын өтінеміз.

Ленин. Сталин

Бірінші рет 1929 ж. «Пролетарская Революция» журналының 5-номерінде басылған

Телеграф лентасының тексті бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 1918 ж. 3 (16) ЯНВАРЬДАҒЫ ҚАУЛЫСЫ

Октябрь революциясының барлық жеңістері негізінде және Орталық Атқару Комитетінің осы жылғы 3 январьдағы мәжілісінде қабылданған Еңбекші және қаналушы халық декларациясы бойынша Россия республикасында бүкіл өкімет Советтер мен советтік мекемелердің қолында. Сондықтан, кімнің тарапынан болса да немесе қандай мекеменің тарапынан болса да мемлекеттік өкіметтің белгілі бір қызметін меншіктенуге әрекет ету атаулының бәрі контрреволюциялық қимыл деп есептеледі. Мұндай әрекеттің қандайы болса да Совет өкіметінің қолындағы барлық құралдар арқылы, тіпті қарулы күштерді де қолдану арқылы, басып жаныштталатын болады.

«Правда» № 2, 17(4) январь, 1918 ж. және «Известия ЦИК» № 2, 4 январь, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ 1918 ж. 5 (18) ЯНВАРЬДАҒЫ МӘЖІЛІСІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН ДЕКЛАРАЦИЯСЫ[99]

Еңбекші Россияның орасан зор көпшілігі — жұмысшылар, шаруалар, солдаттар — Ұлы Октябрь революциясының жеңістерін, жер, бітім туралы, жұмысшы бақылауы туралы советтік декреттерді мойындау жөнінде және ең алдымен жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің өкіметін мойындау жөнінде Құрылтай жиналысына талап қойды. Россияның еңбекші таптарының осы орасан зор көпшілігінің еркін орындай отырып, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Құрылтай жиналысына бұл ерікті орындауды өзі үшін міндетті деп тануды ұсынды. Бірақ, Құрылтай жиналысының көпшілігі, буржуазияның қойған талаптарымен келісіп, бұл ұсынысты қабылдамады, сөйтіп Россияның барлық еңбекшілеріне қарсы шықты.

Құрылтай жиналысында оңшыл эсерлер партиясы, Керенскийдің, Авксентьевтің, Черновтың партиясы көпшілік болып шықты. Өзін социалистік және революциялық партия деп атайтын бұл партия жұмысшы және шаруа революциясына қарсы буржуазиялық элементтердің күресіне басшылық етіп отыр, сондықтан іс жүзінде буржуазиялық және контрреволюциялық партия болып табылады.

Өзінің қазіргі құрамында Құрылтай жиналысы Ұлы Октябрь революциясына дейін қалыптасқан күштердің арасалмағының нәтижесі болып отыр. Ескірген партиялық тізім бойынша сайланған Құрылтай жиналысындағы қазіргі контрреволюциялық көпшілік революцияның кешегі күнін бейнелейді және жұмысшылар

мен шаруалар қозғалысының жолына кесе тұруға тырысады.

Ұзақ күн бойы созылған жарыс сөз мынаны айқын көрсетті: Керенскийдің кезіндегі сияқты, оңшыл эсерлер партиясы халықты жалған уәделермен тойғызып, оған сөз жүзінде бәрін де істейміз деп уәде береді, бірақ іс жүзінде жұмысшы, шаруа және солдат Советтерінің өкіметіне қарсы, социалистік шараларға қарсы, жер мен бүкіл құрал-сайманның шаруаларға төлемсіз берілуіне қарсы, банктерді национализациялауға қарсы, мемлекеттік борыштарды жоюға қарсы күресуге бел байлап отыр.

Халық жауларының қылмысын бір минут та бүркемелегіміз келмейтіндіктен, біз былай деп мәлімдейміз: Құрылтай жиналысының контрреволюциялық бөлегіне көзқарас туралы мәселені түпкілікті шешуді Совет өкіметіне беру үшін, Құрылтай жиналысынан кетеміз.

«Правда» № 5 (кешкі басылымы), 19(6) январь, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

О ДҮНИЕНІҢ АДАМДАРЫ

«Достарым, менің бір күнім зая кетті». Латинның бір ескі нақыл сөзі осылай дейді. 5 январьдағы күннің зая кеткенін ойлағанда осы нақыл сөз өзінен-өзі еске түседі.

Іспен шұғылданған, помещиктік және капиталистік қанаудың орманын кесіп, түбірін жұлумен шұғылданған жұмысшылар мен шаруалар арасындағы нақты, шын, советтік жұмыстан кейін,— кенет «бөтен дүниеге» енесің, о дүниеден, буржуазияның және оның ерікті-еріксіз, саналы-санасыз жақтаушылары, итаршылары, малайлары, қорғаушылары лагерінен келген қайдағы біреулердің арасына енесің. Қанаушыларға қарсы тұрған еңбекші бұқараның және оның советтік ұйымының күрес дүниесінен — бұрынғыша капиталистермен келісуге негізделген тәтті сөздер, жып-жылмағай, жалаң тақпақтар, шексіз уәделер дүниесіне енесің.

Аңдаусызда немесе жаңылысып, тарих өзінің сағатын дәл бір кейін бұрап қойған сияқты, сөйтіп біздің алдымызда 1918 жылғы январьдың орнына 1917 жылғы май немесе июнь айының бір күні тұрғандай болып шықты!

Қандай сұмдық! Тірі адамдар арасынан кетіп, өліктер қауымына тап болып, өлексе иісін иіскеу, «әлеуметтік» луибландық сөзуарлықтың бәз-баяғы сүлделерін, Чернов пен Церетелиді тыңдау — төзуге болмайтын нәрсе.

Скворцов жолдас дұрыс айтты; ол қысқаша, дәл нақышталған, қарапайым, байсалды, сөйте тұрғанмен аяусыз қатты сөздермен оңшыл эсерлерге былай деді: «Біздің арамыз біржолата ашылды. Біз буржуазияға қарсы Октябрь революциясын ақырына дейін жеткіземіз. Сіздер мен біздер баррикаданың екі жағындағы адамдармыз».

Ал жауап орнына — Чернов пен Церетелидің тек (тек қана!) бір ғана мәселені, Совет өкіметі туралы, Октябрь революциясы туралы мәселені орағытып өтіп, қамқорсыған ұшы-қиырсыз жып-жылмағай сөздері. «Азамат соғысы болмайды, саботаж болмайды» деп оңшыл эсерлер атынан Чернов революцияны арбайды. Ал 1917 жылғы июньнен 1918 жылғы январьға дейін жарты жыл бойы, табыттағы өлік сияқты, ұйқыға батқап оңшыл эсерлер орындарынан тұра салып, қатулана, қасарысып қол соғады. Шынында да: революция мәселелерін ант-су ішумен шешу өте жеңіл және өте ұнамды. «Азамат соғысы болмайды ғой, саботаж болмайды ғой, жұрттың бәрі Құрылтай жиналысып мойындайды ғой». Шынып айтқанда мұның: жұмысшылар мен капиталистер татуласады ғой деп ант-су ішуден қандай айырмашылығы бар? Ешқандай да. Калединдер мен Рябушинскийлер, өздерінің барлық елдердегі империалистік достарымен бірге, балдан тәтті жылмаң тілді Черновтың ант-су ішуінен де, Церетелидің бұрмаланған кітап сөзі екені аңқып тұратын түсініксіз, ойланылмаған, іш пыстырарлық уағызынан да құрып кетпейді және өздерінің саясатын өзгертпейді.

Не Калединдер мен Рябушинскийлерді жеңу керек, не революцияны қолдан беру керек. Не қанаушылар азамат соғысында жеңіледі, не революция мерт болады. XVII ғасырдағы ағылшын революциясында да, XVIII ғасырдағы француз революциясында да, XIX ғасырдағы неміс революциясында да — *барлық* революцияларда да мәселе осылай қойылған. XX ғасырдағы орыс революциясында да мәселе осылай *қойылмасын* деу ақылға сыя ма? Қасқырдың қошақан болуы мүмкін бе?

Церетели мен Черновта титтей де пікір жоқ, тап күресінің фактісін мойындауға аздап болса да ниет жоқ; тап күресі азамат соғысына оқыстан, бірден, кімнің болса да кесірлігі, зұлымдық еркі бойынша айналып отырған жоқ, қайта болмай қалмайтындықтан, революциялық дамудың ұзақ процесінде айналып отыр.

Таврический сарайының әсем бөлмелерінде өтіп жатқан күндер ауыр, іш пыстырарлық, көңілсіз; әсем, бірақ жансыз буржуазиялық парламентаризмнің пролетарлық, қарапайым, көбіне әлі тәртіптелмеген, жасалып бітпеген, бірақ жанды және өміршең советтік аппараттан айырмасы қандай болса, Таврический сарайының өзінің сыртқы түрі жағынан Смольныйдан айырмашылығы да шамамен нақ сондай. Онда, буржуазиялық парламентаризмнің ескі дүниесінде буржуазияның жауласқан таптары мен жауласқан топтарының көсемдері *сайысқа* түсетін. Мұнда, пролетарлық-шаруалық, социалистік мемлекеттің жаңа дүниесінде, езілген таптар дөрекілеу, аңғалдау істейді...*

1918 ж. 6(19) январьда жазылған

Бірінші рет 1926 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 17-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫН ТАРАТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ[100]

1

ТЕЗИСТЕР

1. Өрістей түскен орыс революциясының Құрылтай жиналысы мен Совет өкіметі арасындағы жанжалға тарихи көзқарасы:
   — Советтер — монархияны талқандаған бірденбір халықтық күш;
   — Советтердің 28. II дан 25. X. дейінгі аралықта өсіп, нығаюы;
   — Құрылтай жиналысының социалист-революционерлер жікке бөлінгенге *дейінгі* және Ұлы Октябрь революциясына дейінгі сайлаулары;
   — социалист-революционерлердің советтік тізімдер бойынша сайлануы.

Мұсылмандардың кетуі

Бір күннің тарихы ?

2. Советтерде де, еңбекші бұқара ішінде де көрінеу көпшілік болған екі партияның, большевиктер мен солшыл социалист-революционерлердің Құрылтай жиналысынан кетуі Советтермен арадағы ажырасуды айқын көрсетті, өте ауыр жағдай туғызды.

3. Социалистік революцияға керегі «жалпы халықтық» деп аталатын буржуазиялық парламентаризм мекемелері емес, еңбекшілер мен қаналушы бұқараның таптық мекемелері.

Орыс революциясының дамуы күрестің және келісімпаздықтың барысында буржуазиялық парламентаризмді құртты, сөйтіп пролетариат пен ең

кедей шаруа диктатурасының формасы болып табылатын совет республикасын құрды.

Бір адым да шегінбеу керек.

4. Орталық Атқару Комитетінің тура және ашық сұрауына Құрылтай жиналысы жауап бермеді...
5. Құрылтай жиналысынан тысқары жерлерде оңшыл социалист-революционерлер мен меньшевиктер партиясы Октябрь революциясына қарсы жанталаса контрреволюциялық күрес жүргізуде.
6. Қорытынды: Құрылтай жиналысы, оның қалған бөлегі — контрреволюционерлердің Совет өкіметін құлату жолындағы күресінің *бүркеніші...*
7. Құрылтай жиналысы таратылады.
8. Декреттің бұл жобасы бүгін-ақ Орталық Атқару Комитетіне ұсынылады.

2

ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ

Россия революциясы, әуел бастан-ақ, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтерін барлық еңбекші және қаналушы таптардың бұқаралық ұйымы ретінде, осы таптардың саяси және экономикалық жағынан толық азат етілуі жолындағы күресіне басшылық етуге қабілетті бірден-бір ұйым ретінде ұсынды.

Россия революциясының бүкіл бірінші кезеңінің өн бойында Советтер көбейді, өсті және нығайды, өздерінің тәжірибесінде буржуазиямен ымыраға келу жөніндегі жалған үміттен, буржуазиялық-демократиялық парламентаризм формаларының алдамшылығынан арыла отырып, бұл формалардан және қандай да болса келісімпаздықтан қол үзбейінше езілген таптарды азат ету мүмкін емес екендігі туралы практикалық қорытындыға келді. Бүкіл өкіметті Советтердің қолына берген Октябрь революциясы осындай қол үзу болды.

Октябрь революциясына дейін жасалған тізімдер бойынша сайланған Құрылтай жиналысы өкімет басында келісімпаздар мен кадеттер отырған уақыттағы саяси күштердің ескі арақатынасының көрінісі болды.

В. И. Лениннің қолжазбасы — Құрылтай жиналысын тарату туралы декрет жобасының тезистері.— 6(19) январь, 1918 ж.

Кішірейтілген

Ол кезде эсерлер партиясының кандидаттарына дауыс берген халық буржуазия жағындағы оңшыл эсерлер мен социализм жағындағы солшыл эсерлердің қайсысын қаларын білмеді. Сойтіп, буржуазиялық парламенттік республиканың шыңы деліпуге тиісті болған бұл Құрылтай жиналысы Октябрь революциясы мен Совет өкіметінің жолына бөгет болмай тұра алмады.

Октябрь революциясы, өкіметті Советтерге беріп, Советтер арқылы — еңбекші және қаналушы таптарға беріп, қанаушылардың аласұрған қарсылығын туғызды және осы қарсылықты басып жаншуда өзін социалистік революцияның бастауы ретінде толық көрсетті. Еңбекші таптардың тәжірибе жүзінде мынаған көзін жеткізуіне тура келді: ескі буржуазиялық парламентаризмнің күні өтті, ол социализмді жүзеге асыру міндеттерімен тіпті де сыйыса алмайды, жалпы ұлттық емес, тек таптық мекемелер ғана (олар — Советтер) дәулетті таптардың қарсылығын жеңіп, социалистік қоғамның негізін қалай алады. Буржуазиялық парламентаризм мен Құрылтай жиналысының пайдасына бола, Советтердің толық өкімет билігін алуынан, халық жеңісі болып табылатын Совет республикасынан қандай да болса бас тарту қазіргі кезде бір адым кейін шегінгендік және бүкіл жұмысшы-шаруа Октябрь революциясының күйреуі болған болар еді.

5 январьда жиналған Құрылтай жиналысында, жоғарыда баяндалған жағдайлардың себебінен, оңшыл эсерлер партиясы, Керенскийдің, Авксентьевтің және Черновтың партиясы көпшілік болды. Совет өкіметінің жоғарғы органы болып табылатын Советтердің Орталық Атқару Комитетінің ешқандай екіұшты мағына туғызбайтын, дәлме-дәл, айқын ұсынысын талқылаудан — Совет өкіметінің программасын мойындау, «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» мойындау, Октябрь революциясы мен Совет өкіметін мойындау жөніндегі ұсынысты талқылаудан бұл партияның бас тартуы табиғи нәрсе. Сойтіп Құрылтай жиналысы өзінің Россия Совет республикасымен екі арадағы байланысы атаулының қандайын болса да үзді. Қазір Советтерде көріне басым көпшілік болып

отырған, жұмысшылардың және шаруалар көпшілігінің сеніміне ие болып отырған большевиктер мен солшыл эсерлер фракцияларының мұндай Құрылтай жиналысынан кетуі сөзсіз еді.

Іс жүзінде оңшыл эсерлер мен меньшевиктер партиялары Құрылтай жиналысынан тыс жерлерде Совет өкіметіне қарсы нағыз аласұрған күрес жүргізіп отыр, өздерінің органдарында Совет өкіметін құлатуға ашықтан-ашық шақырып отыр, қаналудан азат болу үшін қажетті істі — еңбекші таптардың күшімен қанаушылардың қарсылығын басып жаныштауды озбырлық және заңсыздық деп атап отыр, капиталға қызмет ететін саботажшыларды қорғап, ашықтап-ашық террор жасауға шақыруға дейін барып отыр, ол террорды «белгісіз топтар» қазірдің өзінде-ақ жүзеге асыра бастады. Осы себепті, Құрылтай жиналысының қалған бөлегі Совет өкіметін құлату жолындағы контрреволюционерлердің күресін бүркемелеу ролін ғана атқаратыны айқын.

Сондықтан Орталық Атқару Комитеті қаулы етеді: Құрылтай жиналысы таратылады.

1918 ж. 6(19) январьда жазылған

Тезистер бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған; декрет 1918 ж. 7(20) январьда «Правда» газетінің 5-номерінде және «Известия ЦИК» газетінің 5-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫН ТАРАТУ ТУРАЛЫ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 1918 ж. 6(19) ЯНВАРЬДАҒЫ МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Совет өкіметі мен Құрылтай жиналысының арасындағы қақтығысуды орыс революциясының бүкіл тарихы әзірледі; бұл революция қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың бұрын болып көрмеген міндеттерін алға қойды. 1905 жылғы оқиғалардан кейін, патша өкіметі өзінің ақтық күндерін басынан кешіріп отырғандығына және тек деревняның артта қалғандығы мен надандығының арқасында ғана оның түпсіз шыңыраудан әрең шыққандығына ешбір күдіктенуге болмайтын еді. 1917 жылғы революция мынадай құбылыспен қабаттаса келді: бір жағынан, буржуазияның империалистік партиясы оқиғалардың күшімен республикалық партияға айналды, ал екінші жағынан, 1905 жылдың өзінде құрылған демократиялық ұйымдар — Советтер пайда болды, өйткені осы Советтерді ұйымдастыру арқылы дүние жүзілік революция тарихында бұрын болып көрмеген ұлы, жаңа нәрсе жасалып жатты, мұны социалистер сол кездің өзінде-ақ түсінген болатын. Халық мейлінше өздігінен құра алған Советтер — демократизмнің басқа ешбір елде өзіне теңдесі жоқ формасы.

Революция екі күшті — патша өкіметін құлату мақсатымен бұқараның бірігуін және еңбекші халықтың ұйымын алға тартты. Мен Октябрь революциясының дұшпандарынан социализм идеясы жүзеге аспайтын, утопиялық идея деп байбалам салушылықты естігенде, ондай кездерде, мен әдетте оларға қарапайым және айқын сұрақ қоямын: Советтер — қандай құбылыс? Әлі

күнге дейін дүние жүзілік революцияның даму тарихында болмаған мұндай халықтық ұйымдар ненің нәтижесінде пайда болды? Ал бұл сұраққа мен ешкімнен анық жауап алмадым және ала алмадым. Олар буржуазиялық құрылысты қасарыса жақтау үшін дүние жүзі революцияларының еш қайсысында да әлі күнге дейін байқалмаған осындай күшті ұйымдарға қарсы шығып отыр. Кімде-кім помещиктерге қарсы күресетін болса, ол адам шаруа депутаттарының Советтеріне қосылады. Кімде-кім әрекетсіздікті қаламай, жасампаздық жұмыстың жолына түссе, ондайлардың қай-қайсысын да, бәрін де Советтер бауырына тартады. Советтер бүкіл елімізге желісін тартты, халық Советтерінің бұл желісі неғұрлым кеңірек тартылған сайын, еңбекші халықтың өкілдерін қанау мүмкіншілігі де соғұрлым кемірек болады, өйткені Советтердің өмір сүруі буржуазиялық құрылыстың гүлденуімен сыйыспайды; біздің Советтерімізге қарсы, тек қана өз мүдделері үшін күрес жүргізіп отырған буржуазия өкілдерінің барлық бұл қайшылықтарының туындар көзі де осында.

Капитализмнен социалистік құрылысқа өту ұзақ және қажырлы күрес арқылы жүзеге асырылады. Россия революциясы патша өкіметін құлатқан соң, буржуазиялық революцияның дәуірлеуімен ғана тоқтап қалмай, ұдайы ілгері басуға тиіс болды, өйткені соғыс және оның қажыған халықтарды адам естімеген ауыртпалықтарға душар етуі әлеуметтік революцияның бұрқ етуіне негіз жасады. Сондықтан да, революцияның әрі қарай дамуын, бұқараның барған сайын ашына түсуін, пәлендей бір жеке партия, жеке бір адам, немесе, «диктатордың» еркі туғызды деп олардың даурығуынан асқан күлкілі ештеңе жоқ. Россияның шектен тыс азап шегуінің арқасында және соғыс душар еткен барлық жағдайлардың арқасында ғана революция өрті жалын атты; соғыс еңбекші халықтың алдына: не еркін, батыл, тайсалмайтын қадаммен алға бас, не қырыл, аштан өл деп, мәселені төтесінен және үзілді-кесілді қойды.

Революцияның от-жалыны Советтердің — еңбекші революциясының осы тірегінің — құрылуынан да ко-

рінді. Орыс халқы алып адым жасады — патша өкіметінен Советтерге бір-ақ аттады. Бұл — теріске шығарылмайтын және әлі еш жерде болмаған факт. Сондықтан, барлық елдердің және мемлекеттердің буржуазиялық парламенттері капитализм мен жеке меншіктің шеңберіне шырмалып, революциялық қозғалысқа еш уақытта, еш жерде ешқандай көмек көрсетпеген болса,— Советтер революция өртін жалындатып, халыққа: күрес, бәрін өз қолыңа ал, ұйымдас — деп әмір етеді. Советтердің күші туғызған революцияның даму процесінде әр түрлі қателіктер мен кемістіктер кездесуі күмәнсыз — бірақ революциялық қозғалыс атаулының қандайында болса да әр уақытта былықтың, бүліншіліктің және тәртіпсіздіктің уақытша көріністері сөзсіз қабаттас келіп отыратындығы кімге болса да құпия емес. Буржуазиялық қоғам дегеніміз соғыстың нақ өзі, қырғынның нақ өзі, сондықтан бұл жағдай Құрылтай жиналысы мен Советтердің арасында тартыс туғызын, оны шиеленістірді, ал кімде-кім бізге: сіздер бір кезде Құрылтай жиналысын қорған едіңіздер, енді оны «таратын» отырсыздар десе,— олардың ойында титтей де түйір жоқ, тек көпірген жел сөзді адамдар болғаны. Өйткені патша өкіметімен және Керенскийдің республикасымен салыстырғанда, бір кездерде біз үшін Құрылтай жиналысы олардың атышулы өкімет органдарынан әлдеқайда тәуірірек болды, бірақ Советтердің пайда болуына байланысты, Советтер, әрине, бүкіл халықтың революциялық ұйымдары болғандықтан, бүкіл дүние жүзінің барлық парламенттерінен анағұрлым жоғары болды, ал бұл жағдайды мен апрель айында-ақ баса көрсеткен болатынмын. Советтер буржуазия мен помещиктердің меншіктерін түбіріне дейін қиратып, буржуазиялық құрылыстың барлық іздерін жым-жылас жоқ қылып жіберетін түбегейлі төңкеріске ат салысып, бізді өз тұрмысын халықтың өзі орнатуға бастайтын жолға салды. Біз осы ұлы құрылысқа қазірдің өзінде-ақ кірісіп отырмыз, кіріскеніміз тамаша жақсы да болды. Күмән жоқ, социалистік революцияның халыққа бірден тап-таза, тап-түйнақтай, мүлтіксіз түрде ұсынылуы мүмкін емес, онымен қабат азамат соғысы-

ның, саботаж жасаушылық, қарсылық білдірушілік көріністерінің болмауы мүмкін емес. Сондықтан кімде-кім сіздерге осыларды керісінше дәлелдесе,— ол адам не өтірікші, не құндақтаулы адам. (Ду қол шапалақтау.) «Диктаторлардың» немесе партиялардың ешқандай нұсқауынсыз-ақ халық өздігінен келісімпаз үкіметке қарсы жалғыз көтерілген кездегі — 20 апрельдегі оқиғалар сол уақыттың өзінде-ақ буржуазия тіректерінің бүкіл дәрменсіздігін және тұрақсыздығын көрсетіп берді. Бұқара өзінің күшін сезінді, сондықтан халықты алдарқатып алдау мақсатымен жасалған атақты министрлік әуре-сарсаң басталды, бірақ көп ұзамай-ақ, әсіресе империалистермен жасасқан тонаушылық құпия шарттарды Керенский өзінің екі қалтасына басып алып, әскерді шабуылға аттандырғаннан кейін, халық көзін ашты. Алданған халық келісімпаздардың бүкіл әрекетін бірте-бірте түсіне бастады, халықтың шыдамы таусыла бастады, сөйтіп мұның бәрінің нәтижесі — Октябрь революциясы болып шықты. Түрлі азапты, өлім жазасын, жаппай атып-асушылықты басынан кешірген халық тәжірибеден тағылым алды, сондықтан еңбекшілердің көтерілісі үшін большевиктер немесе басқа бір «диктаторлар» айыпты деп халықты сендіру үшін, жендеттер босқа арамтер болып жүр. Мұны бұқара халықтың өз ішіндегі, съездердегі, жиналыстардағы, конференциялардағы, т. т. жіктеліс дәлелдеп отыр. Халықтың Октябрь революциясын ұғынуы әлі күнге дейін аяқталған жоқ. Бұл революция жерді, табиғат байлықтарын халықтың өз қолына алуға, қатынас және өндіріс құрал-жабдықтарын жұмысшы және шаруа мемлекетінің қолына алуға қалай кірісуі керек екендігін іс жүзінде көрсетті. Біз: бүкіл өкімет Советтерге берілсін дегенбіз, сол үшін күресіп те отырмыз. Халық Құрылтай жиналысын шақыруды қалап еді,— оны біз шақырдық та. Бірақ халық осы атышулы Құрылтай жиналысының не екенін дереу сезе қойды. Сөйтіп біз енді халықтың еркін, бүкіл өкімет Советтерге берілсін деген еркін, орындадық. Ал саботажшыларды біз құртамыз. Мен шалқыған өмірі қайнар

бұлақтай қайнап жатқан Смольныйдан Таврический сарайына келгенімде өзімді өліктердің, тіршіліксіз сүлделердің арасында жүргендей сезіндім. Социализмге қарсы күресу үшін қолдарында бар барлық құралдарды қолданып, күш жұмсап, саботаж жасай отырып, олар адам баласының ұлы мақтанышы — білімді де еңбекші халықты қанау құралына айналдырды, олар осынысымен социалистік революцияның аяқ алысына бірсыпыра кедергі жасағанмен, бірақ революцияны тоқтату олардың қолынан келмеді, еш уақытта қолынан келмейді де. Өйткені Советтердің қуаты өте күшті, Советтер буржуазиялық құрылыстың ескі, тозығы жеткен тіректерін төрелерше емес, пролетарларша, шаруаларша қирата бастады.

Сондықтан бүкіл өкіметті Құрылтай жиналысына беру де қатерлі буржуазиямен келісушілік болып табылады. Орыс Советтері костюмін алмастырып киген сатқын келісімпаздардың мүдделерінен гөрі, еңбекшілер бұқарасының мүдделерін анағұрлым жоғары қояды. Чернов пен Церетелидің, азамат соғысын тоқтату туралы бұрынғысынша әлі де күңірене қыңқылдап жүрген, күні өткен осы қайраткерлердің, сөздерінен баяғы, ертедегі, көгеріп шіріген ескіліктің иісі аңқиды. Бірақ, әзірше, Каледин өмір сүріп тұрғанда және «бүкіл өкімет Құрылтай жиналысына берілсін» деген ұранның астарында «Совет өкіметі жойылсын» деген ұран тұрғанда,— біз азамат соғысынан қашып құтыла алмаймыз, өйткені Совет өкіметін еш уақытта да бермейміз! (Ду қол шапалақтау.) Сондықтан Құрылтай жиналысы өзінің алдына Советтер тарапынан қойылған көкейтесті, толғағы жеткен барлық мәселелер мен міндеттерді кейінге қалдыруға әзір екендіктерін тағы да білдірген уақытта, біз оларға: бір минут та кешеуілдету мүмкін емес деп жауап бердік. Сөйтіп, халық өкіметін мойындамаған Құрылтай жиналысы Совет өкіметінің еркі бойынша таратылады. Рябушинскийлердің көксегені болмады, сондықтан олардың қарсылығы тек қана шиеленісті күшейтіп, азамат соғысының жаңадан қаулауына себеп болады.

Құрылтай жиналысы таратылады, сөйтіп Советтік революциялық республика қайткен күнде де салтанат құрады. (Ұзақ овацияға айналған, ду қол шапалақтау.)

«Правда» № 6,
22(9) январь, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БАҚЫТСЫЗ БІТІМ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ

Қазір тарихқа мұрша жоқ дейтіндер болар, бәлкім. Иә, егерде өткендегі мен қазіргінің арасында белгілі мәселе жөнінде үздіксіз тікелей практикалық байланыс жоқ болатын болса, онда бұл сияқты пікірді айтуға болады. Бірақ бақытсыз бітім, сұрапыл ауыр бітім туралы мәселенің бүгін таңда көкейтесті болып отырғаны сонша — оны анықтауға тоқталып өту керек. Сондықтан мен партиямыздың Питердегі 60 шамалы аса көрнекті қызметкерлерінің жиналысында 1918 жылғы 8 январьда осы мәселе жөнінде оқыған тезистерімді бастырып отырмын.

Ол тезистер мынау:

7/I. 1918.

СЕПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ АННЕКСИОНИСТІК БІТІМДІ ДЕРЕУ ЖАСАСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕР[101]

1. Орыс революциясының қазіргі кезеңдегі жағдайы мынадай: жұмысшылардың бәрі дерлік және шаруалардың орасан көпшілігі, күмән жоқ, Совет өкіметі мен ол бастаған социалистік революция жағында. Сондықтан Россияда социалистік революцияның табысқа жетуі қамтамасыз етілген.

2. Сонымен қатар, жерге және өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті сақтап қалу үшін алдарында ең ақырғы, шешуші зор майдан тұрғанын жақсы түсінген дәулетті таптардың жанталаса қарсыласуынан

туған азамат соғысы әлі өзінің ең жоғарғы шегіне жеткен жоқ. Совет өкіметінің бұл соғыста жеңуі қамтамасыз етілген, бірақ буржуазияның қарсыласуын басып жаныштағанша, әлі бірсыпыра уақыт өтетіндігі сөзсіз, едәуір күш жұмсау керек болатыны сөзсіз, соғыс атаулының бәріне, әсіресе азамат соғысына байланысты қатты күйзеліс пен былықтың белгілі бір кезеңі өтері сөзсіз.

3. Оның үстіне, бұл қарсыласудың оншама белсенді емес, соғысқа байланыссыз формалары:— саботаж, жалаңаяқтарды параға сатып алу, социалистердің қатарына олардың ісін бүлдіру үшін өтіп кеткен буржуазия агенттерін параға сатып алу, т. т. және т. с.— бұл қарсыласудың қасарысуы және алуан түрлі формаға ие болғыштығы сонша,— оған қарсы күрес сөзсіз әлі бірсыпыра уақытқа созылады және оның негізгі түрлері бірнеше айдан ерте біте қоюы екі талай. Ал, буржуазия мен оның жақтастарының осы селсоқ және бүркемелі қарсыласуын үзілді-кесілді жеңбейінше социалистік революцияның табысқа жетуі мүмкін емес.

4. Ақырында, Россиядағы социалистік қайта құрылыстың ұйымдастыру міндеттерінің көлемділігі және қиындығы сонша — оларды шешу үшін де — социалистік пролетариаттың ұсақ буржуазиялық жолбикелері өте көп және оның мәдени дәрежесі төмен болып отырғанда — едәуір ұзақ уақыт керек болады.

5. Осы жағдайлардың бәрін түгел алып қарағанда, бұлардан Россияда социализмнің табысқа жетуі үшін кем дегенде арада бірнеше айдай белгілі бір уақыт қажет деген мүлде айқын қорытынды туады, осы уақыттың ішінде әуелі өз елінде буржуазияны жеңу үшін және кең, терең бұқаралық ұйымдастыру жұмыстарын жолға қою үшін социалистік үкімет қол байлаудан әбден бос болуға тиіс.

6. Біздің Совет өкіметінің халықаралық міндеттерін белгілегенде, Россиядағы социалистік революцияның жағдайы соның бәрінің де негізі етіп алынуы керек, өйткені соғыстың 4-ші жылында халықаралық жағдайдың қалыптасуы сондайлық, революцияның бұрқ етуі мүмкін болатын мерзімді және қайсыбір европалық

империалистік үкіметтің (соның ішінде герман үкіметінің де) құлатылу мерзімін есептеп айту мүлде мүмкін емес. Күмән жоқ, Европада социалистік революция болуға тиіс және болады да. Социализмнің *түпкілікті* жеңіп шығатындығы жөніндегі біздің барлық үмітіміз осы сенімге және осы ғылыми болжамға негізделген. Біздің жалпы насихаттау жұмысымыз және әсіресе бауырласуды ұйымдастыру ісіміз күшейтіліп, дамытылуға тиіс. Бірақ Россияның социалистік үкіметінің тактикасын европалық социалистік революцияның және әсіресе герман революциясының таяудағы жарты жылда (немесе осы сияқты қысқа мерзімде) болу-болмауын белгілемек болған әрекетке негіздеп құру қате болар еді. Мұны белгілеу ешбір мүмкін емес болғандықтан, бұл сияқты әрекеттің бәрі, объективтік жағынан алғанда, көзді жұмып бал ашуға салынғандық болар еді.

7. Брест-Литовскідегі бітім келіс сөздері қазіргі уақытта, 1918 ж. 7. I. да, герман үкіметінде (төрт жақты одақтың басқа үкіметтерін әбден жетегіне ертіп алған үкіметте) соғысты жақтайтын топтың сөзсіз басым болып отырғандығын толық анықтады, ол шын мәнісінде қазірдің өзінде-ақ Россияға ультиматум қойды (көп санап оның ресми түрде тапсырылуын күту керек және күту қажет те). Ол ультиматум мынадай: не соғыс бола береді, не аннексионистік бітім жасалады, яғни бітім шарты — біз өзіміз алған жердің бәрін береміз, германдар өздері алған жердің *бәрін* сақтап қалады және бізге контрибуция салады (сырт көзге тұтқынға түскендерді асырау ақысы деп бүркемеленеді), контрибуцияның мөлшері шамамен айтқанда 3 миллиард сом болады, бірнеше жылда бөліп төленеді.

8. Россияның социалистік үкіметінің алдында тұрған, шұғыл шешуді талап ететін мәселе — қазір осы аннексионистік бітімді қабылдау керек пе, әлде дереу революциялық соғыс жүргізу керек пе деген мәселе. Бұл арада ешқандай аралық шешімнің болуы, шын мәнісінде, мүмкін емес. Ешқандай кейінге қалдыра берушілік мұнан былай мүмкін емес, өйткені келіс сөздерді әдейі соза беру үшін біз *қазірдің өзінде*

мүмкін нәрсенің де және мүмкін емес нәрсенің де бәрін жасадық.

9. Дереу революциялық соғыс бастауды жақтайтын дәлелдерді қарағанда, біз бәрінен бұрын: сепараттық бітім қазір, объективтік жағынан алғанда, неміс империалистерімен келіскендік, «империалистермен мәмілеге келгендік», т. с. және, демек, мұндай бітім пролетарлық интернационализмнің негізгі принциптерінен толық қол үзгендік болар еді деген дәлелді кездестіреміз.

Бірақ бұл дәлел көріне теріс. Стачкадан ұтылыс тапқан жұмысшылар жұмысты қайта бастаудың өздері үшін тиімсіз, капиталистер үшін тиімді шарттарына қол қойғанда социализмге опасыздық жасамайды. Социализмге опасыздық жасайтындар — тек жұмысшылардың белгілі бір бөлегі үшін тиімді нәрсені капиталистер үшін тиімді нәрсеге айырбастайтындар ғана, осындай келісімдерге ғана принципінде жол беруге болмайды.

Кімде-кім герман империализміне қарсы соғысты қорғаныс және әділетті соғыс деп атап, іс жүзінде ағылшын-француз империалистерінен көмек алып, олармен жасасылған құпия шарттарды халықтан жасыратын болса, ол социализмге опасыздық жасайды. Кімде-кім халықтан еш нәрсені жасырмай, империалистермен ешқандай құпия шарттар жасаспай, қазіргі кезде соғысты соза беруге күші жоқ болғандықтан әлсіз ұлт үшін тиімсіз, империалистердің бір тобы үшін тиімді бітім шарттарына қол қоюға келісетін болса, ол социализмге титтей де опасыздық жасамайды.

10. Соғысты дереу бастауды жақтайтын екінші дәлел мынадай: бітім жасаса отырып, біз объективтік жағынан герман империализмінің агенттері болып шығамыз, өйткені оған әрі біздің майданымыздағы әскерлерін босатып береміз, әрі миллиондаған тұтқындарды береміз, т. с. Бірақ бұл дәлел де көріне теріс, өйткені қазіргі кезде революциялық соғыс бізді, объективтік жағынан алғанда, ағылшын-француз империализмінің мақсаттарына көмекші күш бергізіп, олардың агенттері етер еді. Ағылшындар біздің жоғарғы бас қолбасшы

Крыленкоға, соғысты тоқтатпайтын болсақ, біздің әрбір солдатымыз үшін айына жүз сомнан ақша төлеп тұруға тікелей ұсыныс жасады. Біз ағылшын-француздардан бір тиып алмаған күнде де, біз бәрібір, объективтік жағынан алғанда, неміс әскерлерінің бір бөлегін өзімізге аударып, ағылшын-француздарға көмектесетін боламыз.

Бұл жағынан қарағанда, екі жағдайда да біз белгілі бір империалистік байланыстан толық арыла алмаймыз, иә, бүкіл дүние жүзілік империализмді құлатпайынша, бұл байланыстан толық арылуға болмайтындығы айқын. Мұнан туатын дұрыс қорытынды сол — елдердің бірінде социалистік үкімет жеңген уақыттан бастап, мәселені империализмнің анасы немесе мынасы ұнамдырақ деген тұрғыдан қарап шешпей, қайта қазірдің өзінде басталып отырған социалистік революцияны дамыту және нығайту үшін неғұрлым жақсы жағдайлар жасау тұрғысынан ғана қарап шешу керек.

Басқаша айтқанда: біздің тактикамыздың негізінде енді екі империализмнің қайсысына көмектескен тиімдірек деген принцип жатуға тиісті емес, социалистік революцияның нығаюына немесе ең болмаса басқа елдер қосылғанға дейін оның жеңген елде төтеп беруіне мүмкіншілік туғызуды қайткенде неғұрлым дұрысырақ және сенімдірек қамтамасыз етуге болады деген принцип жатуға тиіс.

11. Соғысқа қарсы социал-демократ немістер енді «жеңілісті жақтаушылар» болды және бізден герман империализмінің ырқына көнбеуді өтінеді деседі. Бірақ біз тек *өзінің* империалистік буржуазиясы жөніндегі жеңілісті жақтаушыларды ғана мойындағанбыз, ал бөтен империализмді жеңуді, «достас» империализммен формальды жағынан немесе іс жүзінде одақ жасасу арқылы қамтамасыз етілетін жеңуді біз принципінде жол беруге болмайтын және жалпы жарамсыз әдіс ретінде үнемі теріске шығарып келгенбіз.

Бұл дәлел, демек, алдыңғы дәлелдің тек түрін өзгерткендік. Егер немістің солшыл социал-демократтары бізге сепараттық бітімді *белгілі бір* мерзімге соза тұру-

ды ұсынса, осы мерзімнің ішінде Германияда революциялық бой көрсетулер болады деп кепілдік беретін болса, онда мәселе біз үшін өзгеше қойылуы *мүмкін болар* еді. Бірақ неміс солшылдары бұлай демегені былай тұрсын, қайта, керісінше, ресми түрде былай деп мәлімдейді: «Шамаларың келгенше беріспеңдер, бірақ мәселені *орыстың* социалистік революциясындағы жағдайға сәйкес шешіңдер, өйткені неміс революциясы жөнінде ешқандай жұбаштарлық уәде беруге болмайды».

12. Сіздер бірқатар партиялық мәлімдемелерде революциялық соғыс жүргіземіз деп тұп-тура «уәде бердіңіздер», сондықтан сепараттық бітім жасасу өз сөздеріңізге опасыздық жасағандық болады деседі.

Бұл дұрыс емес. Біз империализм заманында социалистік үкімет үшін революциялық соғысты *«әзірлеу және жүргізу» қажеттігі* туралы айттық*; біз мұны айтқанда абстрактілі пацифизмге қарсы, империализм заманында «отан қорғауды» бүтіндей теріске шығаратын теорияға қарсы, ақырында, солдаттардың бір бөлегінің қара басының қамын ғана көздейтін соқыр сезіміне қарсы күресу үшін айттық, бірақ біз революциялық соғысты бастағанда, белгілі бір кезеңде оны жүргізудің қаншалықты мүмкіндігі бар дегенді есепке алмайынша бастауға міндеттеме алғанымыз жоқ.

Біз қазір де революциялық соғысты сөзсіз *әзірлеуге* тиіспіз. Біз тегі дереу орындауға болатын уәделеріміздің бәрін орындап келгеніміз сияқты, бұл уәдемізді де орындап келеміз: құпия шарттарды бұздық, халықтардың бәріне әділетті бітім ұсындық, басқа халықтардың қосылуына уақыт беру үшін, бітім жөніндегі келіс сөздерді барынша және талай рет созып бақтық.

Бірақ революциялық соғысты *қазір, дереу* жүргізуге бола ма, жоқ па деген мәселені шешкенде, тек қана мұның жүзеге асырылу мүмкіншілігінің материалдық жағдайларын және қазірдің өзінде басталып отырған социалистік революцияның мүдделерін есепке алып шешкен жөн.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 27-том, 55—56-беттер. *Ред.*

13. Революциялық соғысты дереу бастауды жақтайтын дәлелдерге берілген бағаны бір жерге жинақтап, мынадай қорытындыға келу керек: мұндай саясат, мүмкін, адамның көркемдікке, әсерлілікке, жарқындыққа ұмтылған талабына сай келгенімен, бірақ басталған социалистік революцияның бастан кешіп отырған кезеңіндегі тап күштері мен материалдық факторлардың объективтік арасалмағымен мүлде сапаспағандық болар еді.

14. Біздің армиямыз қазіргі кезде және таяудағы апталардың ішінде (ал, мүмкін, таяудағы айлардың ішінде де) немістердің шабуылына ешбір ойдағыдай тойтарыс бере алмайтындығында күмән жоқ; мұның себебі, 1-ден, солдаттардың көпшілігі әбден шаршап, қалжырады, оның үстіне азық-түлік ісі, қатты шаршағандарды алмастыру және басқа істер адам естімеген күйзеліске ұшырады; мұның себебі, 2-ден, ат-көлік түгелдей жарамсыз, бұл біздің артиллериямызды сөзсіз құрып кетуге душар етеді; мұның себебі, 3-ден, Ригадан Ревельге дейінгі жағалауды қорғау мүлде мүмкін емес, мұның өзі Лифляндияның қалған бөлегін, одан кейін Эстляндияны дұшпанның жаулап алуына, сөйтіп әскерлеріміздің едәуір бөлегін тылдан орап алуына, ақырында, Петроградты алуына толық мүмкіншілік береді.

15. Содан соң, армиямыздың шаруалар көпшілігі қазіргі кезде дереу революциялық соғыс бастауды емес, аннексионистік бітімді сөзсіз қостайтындығында ешбір күмән жоқ, өйткені армияны социалистік негізде қайта құру, оған Қызыл гвардия отрядтарының қосылуы, т. б. жаңа-жаңа ғана басталды.

Армияны толық демократияландырамыз деп отырғанда солдаттар көпшілігінің еркіне қарамастан соғыс жүргізу авантюра болар еді, ал шын мәнісіндегі төзімді және идеялық жағынан берік социалистік жұмысшы-шаруа армиясын құруға, кем дегенде, әлденеше айлар керек.

16. Россиядағы ең кедей шаруалар жұмысшы табы басшылық етіп отырған социалистік революцияны қолдай алады, бірақ олар дереу, дәл қазір елеулі рево-

люциялық соғысқа бара алмайды. Тап күштерінің бұл мәселе жөніндегі осы объективтік арасалмағын есепке алмау қатерлі қателік болар еді.

17. Демек, революциялық соғыс жөніндегі мәселе қазіргі уақытта мынадай болып отыр:

егер герман революциясы бұрқ етіп басталып, таяудағы үш-төрт айда жеңе қалса, онда, бәлкім, дереу революциялық соғыс бастау тактикасы біздің социалистік революциямызды мерт сто алмас еді.

Ал егер герман революциясы таяудағы айларда басталмаса, онда оқиғалардың барысы соғыс тоқталмаған жағдайда сөзсіз былай болмақ: аса қатты жеңілістер Россияны бұрынғыдан да тиімсіз сепараттық бітім жасасуға көндіреді, оның бер жағында ол бітімді социалистік үкімет емес, әлдебір басқа үкімет (мәселен, буржуазиялық Рада мен черновшылдардың блогы немесе соған ұқсас бірдеңе) жасайды. Өйткені соғыстан әбден қалжыраған шаруа армиясы бірінші жеңілістерден кейін-ақ — мүмкін, тіпті бірнеше айдан кейін емес, бірнеше аптадан кейін — социалистік жұмысшы үкіметін құлатады.

18. Істің жағдайы осылай болып отырғанда, герман революциясы бірнеше апталық ең таяу, ең қысқа мерзімде басталмас па екен дегенге бола, қазірдің өзінде Россияда басталып отырған социалистік революцияның тағдырын тәуекелге салу жол беруге мүлде болмайтын тактика болар еді. Мұндай тактика авантюра болар еді. Бұлайша тәуекел етуге біздің правомыз жоқ.

19. Және герман революциясы, өзінің объективті негіздері жағынан, біз сепараттық бітім жасасатын болсақ, тіпті де қиындыққа ұшырамайды. Шовинизм желігі оны уақытша әлсіретуі ықтимал, бірақ Германияның жағдайы мейлінше ауыр қалпында қалады, Англиямен және Америкамен соғыс ұзаққа созылады, агрессиялық империализм екі жағынан да толық және ақырына дейін әшкереленді. Россиядағы социалистік Совет республикасының үлгісі барлық елдердегі халықтардың алдында жанды өнеге болып тұрады, сондықтан осы өнегенің насихаттық, революцияландырғыштық әсері орасан зор болады. Ана жақта — бур-

жуазиялық құрылыс және жыртқыштардың екі тобының ақырына дейін әшкереленген басқыншылық соғысы. Бұл жақта — бейбітшілік және Советтердің социалистік республикасы.

20. Сепараттық бітім жасаса отырып, біз жауласқап империалистік екі топтан да, *қазіргі кезеңнің мүмкіндігіне* қарап, неғұрлым көбірек дәрежеде, құтыламыз, олардың бізге қарсы мәмлеге келуіп қиындату үшін өзара дұшпандығы мен соғысып пайдаланамыз, пайдаланғанда белгілі бір кезеңде қолбайлаудан босап, социалистік революцияны жалғастыра беру үшін және баянды ету үшін пайдаланамыз. Қала мен ұсақ шаруалардың деревнядағы тұтыну қоғамдарының арасында заттай *өнім айырбасы* бар тұрғанда, Россияны пролетариат диктатурасы негізінде, банктер мен ірі өнеркәсіпті национализациялау негізінде қайта құру экономика жағынап әбден мүмкін, бұл үшін бірнеше ай бейбіт жұмыстың қамтамасыз етілуі шарт. Ал мұндай қайта құрылыс социализмді Россияда да, бүкіл дүние жүзінде де жеңілмейтін етеді, сонымен бірге қуатты жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясы үшін берік экономикалық база жасайды.

21. Социалистік армия басқа елдерде буржуазияны құлату мақсатып айқын алдына қойып, оны толық мақұлдаған жағдайда социалистік республика буржуазиялық елдерге қарсы соғысса, ол қазіргі кезеңдегі шын революциялық соғыс болар еді. Солай бола тұрса да, бұл мақсатты біз әлі *қазіргі* кезеңде алдымызға *көрер көзге* қоя алмаймыз. Біз қазір, объективтік жағынап алғанда, Польшапы, Литвапы және Курляндияпы азат ету үшін соғысқап болар едік. Бірақ бірде-бір марксист, марксизмнің және жалпы социализмнің негіздерінен қол үзген болмаса, социализмнің мүдделері ұлттардың өзін өзі билеу праволарының мүдделерінен жоғары екендігін мойындамай тұра алмайды. Біздің социалистік республика Финляндияның, Украинаның және басқаларының өзін өзі билеу праволарып жүзеге асыру үшін қолынан келгеннің бәрін жасады және жасай береді де. Бірақ егерде бірнеше ұлттың (Польшаның, Литваның, Курляндияның, т. б.)

өзін өзі билеу праволарының бұзылғандығынан осы кезде социалистік республиканың өмір сүруіне қатер төніп, істің нақты жайы осылай болып отырған болса, онда, әлбетте, социалистік республиканы сақтап қалу мүддесі жоғары тұрады.

Сондықтан, «біз масқара, жексұрын, тағы осы сияқты бітімге қол қоя алмаймыз, Польшаға сатқындық жасай алмаймыз, т. с.» дейтіндер өздерінің, Польшаны азат ету шартымен бітімге қол қоя отырып, тек герман империализмін Англияға қарсы, Бельгияға, Сербияға және басқа елдерге қарсы *бұрынғыдан да гөрі* күшейте түсетінін байқамайды. Польшаны, Литваны, Курляндияны азат ету шартымен бітім жасасу *Россия тұрғысынан қарағанда* «патриоттық» бітім болар еді, бірақ ол *аннексионистермен,* герман империалистерімен жасасқан бітім қалпында қала берген болар еді.

1918 жылдың 21 январында бұл тезистерге мынаны қосқан жөн:

22. Австрия мен Германиядағы бұқаралық стачкалар, содан кейін Берлин мен Венада жұмысшы депутаттары Советтерінің құрылуы, ақырында 18—20 январьда Берлинде қарулы шайқастар мен көшедегі шайқастардың басталуы, осының бәрі Германияда революцияның басталғаны факт екендігін мойындауға мәжбүр етеді.

Бұл фактіден біз үшін тағы да белгілі бір кезең бойына бітім келіс сөздерін кейінге тартып, созбалай беру мүмкіншілігі туады.

Тезистер — 7(20) январьда;
22-тезис — 21 январьда
(3 февральда); кіріспе — 1918 ж.
11(24) февральдан ертерек
жазылған

«Правда» газетінің 34-номерінде
1918 ж. 24(11) февральда
(22-тезиссіз) басылған
Қол қойған: Н. Ленин

22-тезис бірінші рет 1949 ж.
В. И. Ленин Шығармаларының
4-басылуында басылған, 26-том

Қолжазба бойынша
басылып отыр; кіріспе
газеттің тексті бойынша
басылып отыр

СЕПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ АННЕКСИОНИСТІК БІТІМДІ ДЕРЕУ ЖАСАСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН СОҢҒЫ СӨЗ

Жоғарыда келтірілген тезистерді мен партия қызметкерлерінің жеке шағын кеңесінде 1918 жылғы 8 январьда оқыған едім. Бұл тезистерді талқылау осы мәселе жөнінде партияда үш түрлі пікір барлығын көрсетті: қатысушылардың жартысына жуығы революциялық соғысты жақтап шықты (бұл көзқарасты кейде «москвалық» деп те атайды, өйткені оны басқа ұйымдардан бұрын қабылдаған партиямыздың Москва облыстық бюросы болатын); содан кейін төрттен біріне жуығы Троцкий жолдасты жақтады, ол «соғыс жағдайы тоқтатылды деп жариялансын, армия демобилизациялансын, үйді-үйіне қайтарылсын, бірақ бітімге қол қойылмасын» деген ұсыныс жасаған болатын; ақырында, төрттен біріне жуығы мені жақтады.

Партияда орын алып отырған бұл жағдай маған 1907 жылдың жазында болған бір жағдайды ерекше есіме салады, ол кезде большевиктердің аса зор көпшілігі III Думаға бойкот жариялауды жақтады да, ал мен Данмен бірге оған қатысуды жақтаған болатынмын, сондықтан маған өзімнің оппортунизмім үшін ашуызалы шабуыл жасалған еді. Объективтік жағынан алғанда, қазірде мәселе дәлме-дәл соған әбден ұқсас: нақ сол кездегідей, партия қызметкерлерінің көпшілігі, ең жақсы революциялық адал ниетпен ең жақсы партиялық дәстүрге сүйеніп, *жаңа* қоғамдық-экономикалық және саяси жағдайды *аңғара алмай, жағдайдың* тактиканы дереу, күрт өзгертуді талап етіп отырған *өзгерістерін* есепке алмай, тек «жарқын» ұранға еліқіп кетіп жүр. Сондықтан, сол кездегі тәрізді, маған бүкіл

таласымды мыналарды анықтау үшін жұмсауға тура келеді: марксизм объективтік жағдайлар мен олардың өзгерістерін есепке алуды талап етеді, мәселені осы жағдайларға сәйкес нақты қою керек, қазіргі түбегейлі өзгеріс Россияның Советтер республикасы құрылғандығында болып отыр, біз үшін де, *халықаралық-социалистік тұрғыдан қарағанда да,* социалистік революцияны қазірдің өзінде бастап отырған осы республиканы сақтап қалу бәрінен де жоғары, қазіргі кезеңде Россия тарапынан революциялық соғыс ұранын көтеру не жел сөз және жалаң демонстрация болар еді, не объективтік жағынан алғанда империалистердің бізге құрған торына түсумен тең болар еді, өйткені империалистер бізді әзірше әлсіз бір бөлшек ретінде *империалистік* соғысқа одан әрі *тартуды,* сөйтіп мүмкін болғанынша неғұрлым оңай жолмен жас Советтер республикасын *талқандауды* көксеп отыр.

«Мен Лениннің ескі позициясын жақтаймын» — деді жас москвалықтардың бірі (жастық — шешендердің осы тобын өзгеше етіп көрсететін ең зор қасиеттерінің бірі). Сөйтіп нақ сол шешен мені қорғампаздардың Германияда революция мүмкін емес дейтін ескі дәлелдерін қайталадың деп кінәлады.

Қырсық болғанда, москвалықтар ескі *тактикалық* позицияда қалғысы келеді, *жаңа объективтік* позицияның қалай *өзгеріп,* қалайша қалыптасқанын қасарысып көргілері келмейді.

Ескі ұрандарды қайталаудың қызығына түсіп кеткен москвалықтар тіпті біздердің, большевиктердің, бәріміз де қазір қорғампаз болғанымызды есепке алмаған. Өйткені, буржуазияны құлатып, құпия шарттарды жыртып және әшкерелеп, барлық халықтарға бітім ұсынып шын мәнісінде...*

1918 ж. январьдың 8 және 11 (21 және 24) аралығында жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

СОҒЫС ПЕН БІТІМ ТУРАЛЫ РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 11(24) ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР[102]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

1

Бірінші болып Ленин жолдас сөз алады, ол 8(21) январьдағы жиналыста осы мәселе жөнінде үш түрлі көзқарас байқалғанын көрсетеді, сөйтіп мәселені өзі баяндаған тезистердің пункттері бойынша талқылау керек пе, әлде жалпы айтыс ашу керек пе деген мәселе қояды. Соңғысы қабылданып, сөз Ленин жолдасқа беріледі.

Ол өткен жиналыста байқалған үш түрлі көзқарасты: 1) сепараттық аннексионистік бітім, 2) революциялық соғыс және 3) соғысты тоқтатылды деп жариялап, армияны демобилизациялау, бірақ бітімге қол қоймау деген көзқарастарды баяндаудан бастайды. Өткен жиналыста бірінші көзқарас 15 дауыс, екіншісі — 32 және үшіншісі — 16 дауыс алған болатын.

Ленин жолдас былай деп көрсетеді: большевиктер қорғаныстан ешқашан да бас тартқан емес, тек қана бұл қорғаныс және отанды қорғау ісі белгілі бір, нақты жағдайды керек етеді, ондай жағдай қазіргі уақытта бар, атап айтқанда: социалистік отанды ерекше күшті халықаралық империализмнен қорғау керек. Мәселе тек мынада ғана: біз отанды — социалистік республиканы қалай қорғауға тиіспіз. Армия соғыстан қатты қажыған; ат-көліктердің күйі сондайлық нашар, шабуыл бола қалған күнде біз артиллерияны алып кете алмаймыз; германдардың Балтық теңізі аралдарындағы жағдайының жақсылығы соншалық — шабуыл жасай қалса, олар Ревель мен Петроградты құр қолмен-ақ ала алады. Мұндай жағдайда соғысты соза берсек,

біз герман империализмін әдеттегіден бетер күшейтеміз, сонда да бәрібір бітім жасасуға тура келеді, бірақ онда бітім жаман бітім болады, өйткені бітімді біз жасаспаймыз. Күмән жоқ, қазір біз жасасуға мәжбүр болып отырған бітім — оңбаған бітім, бірақ соғыс басталa қалса, онда үкіметіміз талқандалатын болады, сөйтіп бітімді басқа үкімет жасасатын болады. Қазір біз тек пролетариатқа ғана емес, сонымен қатар ең кедей шаруаларға да сүйеніп отырмыз, олар соғысты соза берсек бізден сырт айналады. Соғысты соза беру француз, ағылшын және американ империализмінің де мүддесіне сай келеді, мәселен, әрбір орыс солдаты үшін 100 сом беру туралы Крыленконың ставкасында американдар жасаған ұсыныс осының дәлелі. Революциялық соғыс көзқарасында тұрғандар былай деп көрсетеді: біз осынымыз арқылы герман империализмімен азамат соғысы жағдайында боламыз, сөйтіп осы арқылы біз Германияда революция туғызамыз дейді. Бірақ Германия революцияға тек жүкті ғана болып отыр, ал бізде қазірдің өзінде-ақ айтарлықтай күшті перзент — социалистік республика дүниеге келді, соғыс бастасақ, біз бұл перзентті өлтіріп алуымыз мүмкін. Біздің қолымызда герман социал-демократтарының нұсқау хаты бар, центрдің екі ағымының бізге қалай қарайтындығы жөнінде мәліметтер бар, ол ағымдардың бірі: біздерді параға сатылғандар деп, қазір Бресте күні бұрын бөлініп қойылған рольдер ойналып, комедия болып жатыр деп есептейді. Бұл бөлік уақытша бітімді жасасатындығымыз үшін бізге шабуыл жасап отыр. Каутскийшілдердің екінші бөлегі былай дейді: большевиктер көсемдерінің жеке бастарының адалдығында ешбір күмән жоқ, бірақ большевиктердің мінез-құлқы психологиялық жұмбақ болып табылады[103]. Солшыл социал-демократтардың пікірін біз білмейміз. Ағылшын жұмысшылары біздің бітімге ұмтылуымызды қолдауда. Әрине, біз жасасатын бітім оңбаған бітім болады, бірақ әлеуметтік реформаларды (бір ғана транспортты алсақ та болады) жүзеге асыру үшін бізге уақытты соза тұру қажет; біздің нығайып алуымыз керек, ал мұның үшін уақыт керек. Біз буржуазияны ақырына дейін

тұншықтыруымыз керек, ал мұның үшін біздің екі қолымыз да бос болуы қажет. Осыны істесек, біз екі қолымызды да босата аламыз, сонда барып біз халықаралық империализмге қарсы революциялық соғыс жүргізе аламыз. Қазір құрылып отырған революциялық армияның — еріктілер армиясының эшелондары — біздің болашақ армиямыздың офицерлері.

Троцкий жолдастың ұсынып отырғаны — соғысты тоқтату, бітімге қол қоюдан бас тарту және армияны демобилизациялау — бұл интернационалдық саяси демонстрация. Біз әскерлерді алып кетуіміз арқылы Эстляндия социалистік республикасын немістерге беретін боламыз. Бітім жасассақ, біз осынымыз арқылы жапондар мен американдарға ерік береміз, олар дереу Владивостокты басып алады, деушілер бар. Бірақ олар тек Иркутскіге жетем дегенше, біз өзіміздің социалистік республикамызды нығайтып аламыз. Бітімге қол қойсақ, біз, әлбетте, өзін өзі билеп отырған Польшаны қолдан беріп қоямыз, бірақ біз социалистік Эстляндия республикасын сақтап қаламыз және өз жеңістеріміздің нығая түсуіне мүмкіндік береміз. Әрине, біз оңға қарай бұрылыс жасаймыз, бұл бұрылыс тым лас қора арқылы өтеді, бірақ біздің бұлай етпеуімізге болмайды. Егер немістер шабуыл бастай қалса, онда біз қандай бітімге болса да қол қоюға мәжбүр боламыз, ал онда ол бітім, әрине, жаман бітім болады. Социалистік республиканы аман сақтап қалу үшін үш миллиард контрибуция беру онша қымбат баға емес. Бітімге қазір қол қойғанда, біз империалистердің (Германия, Англия және Франция империалистерінің) Рига мен Бағдадты алып, әлі шайқасып жатқандығын, ал біздің өркендеп отыргандығымызды, социалистік республиканың өркендеп жатқандығын қалың бұқараға көзбе-көз көрсетеміз.

2

Ленин жолдас кейбір нәрселер жөнінде өзінің пікірлестері Сталинмен және Зиновьевпен келіспейтіндігін көрсетеді[104]. Бір жағынан, Батыста, әрине, бұқаралық

қозғалыс бар, бірақ онда революция әлі басталған жоқ. Алайда осы себепті біз өз тактикамызды өзгерткен болсақ, онда біз халықаралық социализмге опасыздық жасаушылар болып табылар едік. Бітім жасасу Батыстағы қозғалысты уақытша әлсіретіп тастайды дегені үшін ол Зиновьевпен келіспейді. Егер біз бітім келіс сөздерін үзген жағдайда герман қозғалысы дереу өрістейді дегенге сенсек, онда біз өзімізді құрбандыққа қиюға тиіспіз, өйткені герман революциясы өзінің күші жағынан біздікінен гөрі әлдеқайда жоғары болады. Бірақ істің мәні мынада: онда қозғалыс әлі басталған жоқ, ал бізде қазірдің өзінде-ақ қозғалыстың жаңа туған, даусы жаңғырыға естілетін нәрестесі бар, сондықтан қазіргі кезеңде біз бітім жасасуға келісеміз деп анық айтпасақ, біз құримыз. Бізге маңыздысы: жаппай социалистік революция жасалғанға дейін аман болуымыз қажет, ал бұған біз тек бітім жасасу арқылы ғана жете аламыз.

3

Ленин жолдас біз бітімге қол қоюды барынша кешіктіре түсудеміз дегенді дауысқа қоюды ұсынады.

Бірінші рет 1922 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалары жинағында басылған, XV том; үшінші сөз — 1929 ж. мына кітапта басылған: «РСДРП Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917 — февраль, 1918»

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ, СОЛДАТ ЖӘНЕ ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ҮШІНШІ СЪЕЗІ[105]

10—18 (23—31) январь, 1918 ж.

1918 ж. 12, 13, 14 және 20 январьда «Известия ЦИК» газетінің 8, 9, 10 және 15-номерлерінде; 1918 ж. 26(13), 27(14) январьда, 2 февральда (20 январьда) «Правда» газетінің 9, 10 және 15-номерлерінде басылған

«Известия ЦИК» газетінің тексті бойынша басылып отыр

Совет заңдарында Құрылтай жиналысына сілтеме жасауды жою туралы декреттің жобасы бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

1
ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ 11 (24) ЯНВАРЬДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Жолдастар! Халық Комиссарлары Советінің атынан мен сіздерге оның Россияда Совет өкіметі мен Совет үкіметі құрылғаннан бергі 2 ай және 15 күн ішіндегі қызметі туралы баяндама жасауға тиіспін.

2 ай және 15 күн — мұның өзі жұмысшылардың бүтін бір елге немесе қанаушылар мен капиталистерге бұдан бұрынгы өкімет билігін жүргізген мерзімнен — 1871 жылғы Париж Коммунасы заманындағы Париж жұмысшыларының өкіметі өмір сүрген мерзімнен не бары бес-ақ күн артық.

Өткенге көз жібере отырып және 25 октябрьде құрылған Совет өкіметімен оны салыстыра отырып, біз ең алдымен жұмысшылардың осы өкіметін еске түсіруге тиіспіз. Сонда бұдан бұрынғы пролетариат диктатурасы мен қазіргі пролетариат диктатурасын осы салыстырудың өзінен-ақ біз халықаралық жұмысшы қозғалысының қаншама орасан зор қадам басқанын және соғыс пен күйзеліс кезіндегі адам естіп көрмеген қиын жағдайларға қарамастан, Россиядағы Совет өкіметінің анағұрлым қолайлы жағдайда болып отырғанын бірден көре аламыз.

Совет өкіметінің бастамасы болған Коммунаны бірінші болып орнатқан Париж жұмысшылары 2 ай 10 күн бойы берілмей өмір сүргеннен кейін, француз кадеттерінің, меньшевиктерінің және оңшыл эсер-калединшілдерінің оғынан қаза тапты. Жұмысшы үкіметінің тұңғыш тәжірибесі жолында француз жұмысшыларына бұрын болып көрмеген ауыр құрбандыққа ұшырауға

тура келді; бұл жұмысшы үкіметінің мағынасы мен мақсатын Франциядағы шаруалардың басым көпшілігі білмеді.

Біз әлдеқайда қолайлы жағдайдамыз, өйткені орыс солдаттары, жұмысшылары және шаруалары өздерінің күрес формалары туралы бүкіл дүние жүзіне жар салған аппаратты — Совет үкіметін құра білді. Париж пролетариатының өкіметімен салыстырғанда орыс жұмысшылары мен шаруаларының жағдайын өзгеше ететін нәрсе ең алдымен міне осы. Париж пролетариатының аппараты болмады, оларды елі ұқпады, ал біз бірден-ақ Совет өкіметіне сүйендік, сондықтан да біз бұқараның орасан көпшілігі Совет өкіметіне іш тартатындығына және оны мейлінше қызу, мейлінше шексіз қолдайтындығына, сондықтан да Совет өкіметінің жеңілмейтін өкімет болатындығына еш уақытта да күмәнданған жоқпыз.

Совет өкіметіне скептиктерше қарап, біле тұра не білместіктен, оны көбінесе капиталистермен және империалистермен келісімпаздық жасау үшін сатып, опасыздық еткен адамдар, міне бұл адамдар Россияда пролетариаттың бір өзінің ғана өкіметі баяндап тұра алмайды деп құлақтың құрышын жеп бітті. Бұлардың ойынша, жұмысшы табын, шаруалардың көпшілігін, барлық еңбекші және қаналушы таптарды помещиктер мен буржуазияға қарсы күресетін біртұтас, озара тығыз байланысты күшке біріктіре алатын өкімет қана Россияда ұзақ өмір сүре алатындығын большевиктердің және олардың жақтаушыларының ішінен біреуміреу тіпті бір минутқа болса да ұмытқан сияқты болып отыр.

Жұмысшылар мен ең кедей шаруалардың, жартылай пролетарлардың одағы ғана, біздің партия программасында айтылған одақ қана, Россияда халықтың көпшілігін қамти алатындығына және өкіметті берік қолдауды қамтамасыз ете алатындығына біз еш уақытта да күмәнданған емеспіз. Сондықтан біз, 25 октябрьден кейін, дереу, бірнеше аптаның ішінде, барлық қиыншылықтарды жеңіп, осындай берік одақ негізінде өкімет құра алдық.

Солай, жолдастар! Егер эсерлердің ескі формадағы партиясы, сол партия ішінде социализмді шын жақтаушы кімдер екендігін шаруалар айыра алмаған кезде, жерді теңгерме пайдалану ұранын ұсынып, бұл міндетті кім орындайтындығын, буржуазиямен одақ жасасу арқылы орындалатынын немесе ондай одақсыз-ақ орындалатынын білгісі келмеген кезде, біз мұның өзі алдау екендігін айтқан болатынбыз. Ал өзінің соңынан халық ермейтінін, өзінің — бос кеуде екенін енді көріп отырған бұл бөлік те жерді теңгерме пайдалануды буржуазиямен одақ жасау арқылы жүзеге асыра аламын деп үміттенді; ең негізгі алдау осы болатын. Еңбекші бұқараның буржуазиямен ынтымақтасу тәжірибесін орыс революциясы халық өмірінің өте ұлы минутында көрсеткен кезде, соғыс миллиондаған адамдарды аштан өлуге душар етіп, халықты апатқа ұшыратқан және апатқа ұшыратып отырған кезде, соғыстың зардабы келісімпаздық тәжірибесін іс жүзінде көрсеткен кезде, Советтердің өздері, келісімпаздық мектебінен өте отырып, бұл тәжірибені басынан кешірген, сезіп-білген кезде, міне бұл кезде, шаруаларды, оның еңбекші бөлегін, бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының социалистік ұлы қозғалысына қосқысы келгендердің ілімінде жақсы, өмірге қабілетті, ұлығатты социалистік дән бар екендігі айқын болды.

Ал бұл мәселе практика жүзінде шаруалардың алдына айқын да нақпа-нақ қойылысымен-ақ баршаға күмәнсыз нәрсе келіп шықты, мұны қазір шаруа Советтері мен съездері көрсетіп отыр: социализмді іс жүзінде жүзеге асыратын уақыт жеткен кезде шаруалар бұл негізгі екі саяси бағытты — буржуазиямен одақ жасау немесе еңбекші бұқарамен одақ жасау бағытын айқын көруге мүмкіншілік алды; сол кезде олар шаруалардың шын пиеті мен мүдделерін білдіретін партия — солшыл эсерлер партиясы деп түсінді. Ал біз бұл партиямен өзіміздің үкіметтік одағымызды жасаған кезде, біз ең бастан-ақ мәселені бұл одақ мейлінше анық және нақтылы негізде болатындай етіп қойдық. Егер Россия шаруалары жерді социализациялау ісін банктерді национализациялайтын және жұмысшы ба-

қылауын ұйымдастыратын жұмысшылармен одақтаса отырып жүзеге асырғысы келсе,— олар біздің сенімді әріптестеріміз, ең сенімді және ең бағалы одақтастарымыз болады. Социализм мен капитализмнің арасында пролетариат диктатурасының ұзақ, азды-көпті қиын өтпелі дәуірі жатқандығы жөніндегі және бұл дәуір өз формалары жағынан көбінесе ұсақ меншіктің немесе ірі меншіктің, ұсақ мәдениеттің немесе ірі мәдениеттің басым болуына байланысты екендігі жөніндегі айқын ақиқатты мойындамайтын бірде-бір социалист жоқ, жолдастар. Эстляндияда, осы кішкентай, түгелдей сауатты елде, ірі ауыл шаруашылығы бар елде социализмге өту ұсақ буржуазиясы басым Россия сияқты елде социализмге өтумен бірдей бола алмайтыны түсінікті. Мұнымен санасу керек.

Әрбір саналы социалист былай дейді: социализмді шаруаларға күштеп таңуға болмайды, сондықтан тек өнеге күшіне және шаруа бұқарасының өмір тәжірибесін игеруіне ғана үміт арту керек. Ол социализмге өтудің қай жолын ыңғайлы деп есептейді? Қазір орыс шаруаларының алдына практика жүзінде қойылып отырған міндет міне осындай. Ол социалистік пролетариатты өзі қалай қолдай алады және социализмге өтуге қалай кірісе алады? Ал шаруалар бұл өтуге қазірдің өзінде-ақ кірісіп отыр, сондықтан біз оларға толық сенеміз.

Солшыл социалист-революционерлермен біз жасаған одақ берік негізге құрылған және күн сайын ғана емес, сағат сайын нығайып келеді. Егер біз алғашқы кезде Халық Комиссарлары Советінде фракциялық күрес жұмысқа бөгет жасайды деп қауіптенген болсақ, қазір енді бірлесіп жұмыс істеудің екі айлық тәжірибесінің негізінде мен мынаны айқын айтуға тиіспін: бізде көп мәселелер жөнінде шешім бірауыздан қабылданады.

Біз, мәселен, қала мен деревняның арасындағы айырбас қандай болуға тиіс екенін шаруаларға тәжірибе көрсеткен кезде ғана олардың өздері төменнен, өздерінің төл тәжірибесінің негізінде, өз байланысын орнататынын білеміз. Екінші жағынан, азамат соғысының тәжірибесі шаруалар өкілдеріне мынаны айқын көрсе-

тіп отыр: социализмге апаратын пролетариат диктатурасынан өзге және қанаушылардың үстемдігін аяусыз жаныштаудан өзге жол жоқ. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар! Осы жиналыста немесе Орталық Атқару Комитетінде бұл тақырыпқа біздің тоқталып өтуімізге тура келген сайын мен оқта-текте жиналыстың оң жақ бөлегінен: «диктатор!» деген дауыстарды естимін. Рас, «біз социалист болған кезде», міне бұл кезде пролетариат диктатурасын барлығы да мойындайтын-ды; олар тіпті бұл диктатура туралы өз программаларында жазды да, еңбекші бұқараны қанамау керек, қанау күнә және ұят нәрсе, осылай етсе ғана жер бетінде жұмақ орнайды деу арқылы-ақ жұрттың көзін жеткізуге болады-мыс, оған осыны дәлелдеуге болады-мыс деп таралып кеткен соқыр сенімге олар ызаланып та жүрді. Жоқ, бұл утопиялық соқыр сенім теорияда әлдеқашан талқандалды, енді біздің міндетіміз — оны практика жүзінде талқандау.

Бізге социализмді социалист мырзалар табаққа салып, дайын күйінде киімінең эксп тартады деп ойлауға болмайды,— бұл орындалмайтын нәрсе. Тап күресінің бірде-бір мәселесі тарихта осы күнге дейін күш көрсетпейінше шешіліп көрген емес. Еңбекшілердің, қаналушы бұқараның тарапынан қанаушыларға қарсы күш көрсетілсе,— міне біз мұндай күш көрсетуді қолдаймыз! (Қатты қол шапалақтау.) Сондықтан, біле тұра немесе білместіктен буржуазия жағында тұрған адамдардың немесе буржуазиядан соншама қорқып, оның үстемдігінен соншама езіліп қалғандықтан қазір осы тап күресін, адам естімеген қатты күресті көріп, сасқалақтаған, зар жылаған, өздерінің барлық қағидаларын ұмытқан адамдардың және бізден мүмкін емес нәрсені, қанаушыларга қарсы күреспей-ақ, олардың қарсылығын жаныштамай-ақ біздердің, социалистердің, толық жеңіске жетуімізді талап ететін адамдардың байбаламы бізді ешбір таңырқатпайды.

Мәселенің «ең ақырғы, шешуші зор майдан» туралы болып отырғандығын, егерде Советтер өкіметті қолына алатын болса, онда буржуазияның ең ақырғы тірегі, буржуазияның еңбекші бұқараны жаныштауының бұл

басты және негізгі көзі олардың қолынан жұлып алынатындығын қанаушы мырзалар 1917 жылдың жазында-ақ түсінген болатын.

Міне, сондықтан Октябрь революциясы осы үздіксіз, дәйекті күресті ашып отыр, өйткені қанаушылардың өз қарсылығын тоқтатуы тиіс, қанаушы таптардың үстемдігі бұдан былай болмайды, бұдан былай қарапайым мужик әмірін жүргізеді, ал қанаушылар оны тыңдауға тиіс деген пікірге бойсұну қанаушылардың ең есті дегендерінің өзіне қаншама қиып соққанымен, олар осы пікірге көнетін болады,— мұның өзі қанаушыларға қаншама жайсыз болғанымен, олардың бұған көнулеріне тура келеді.

Мұның өзі көптеген қиыншылықтарға, құрбандықтарға және қателіктерге душар ететін болады, бұл — жаңа, тарихта болып көрмеген, кітаптан үйренуге болмайтын іс. Мұның өзі — тарихтағы ең ұлы, ең қиын өткел екені түсінікті, бірақ бұл ұлы өткелді басқаша жолмен жасаудың ешбір амалы болмады. Ал Россияда Совет өкіметінің құрылған кезіндегі жағдай мынаны көрсетті: өз қанаушыларын практика жүзінде өздері алқымнан алған революцияшыл бұқара — аз ғана ондаған партия адамдарына миллиондаған адамдар көмекке келген кезде,— басқаның бәрінен де гөрі революциялық тәжірибеге өздері бай болып шықты.

Қазіргі уақытта Россияда азамат соғысының басымдық алып отырған себебі міне осы. Бізге қарсы — «құрысын азамат соғысы» деген ұран көтеріліп жүр. Мұны менің Құрылтай жиналысы дейтіннің оң бөлегінің өкілдерінен естуіме тура келді. Құрысын азамат соғысы... Бұл не деген сөз? Кімге қарсы азамат соғысы? Жалаңаяқтар мен чиновниктерді сатып алуға миллиондап ақша жұмсап отырған Корниловтарға, Керенскийлерге, Рябушинскийлерге қарсы азамат соғысы ма? Біле тұра немесе білместіктен болсын, бәрібір, осындай сатылуға барып жүрген саботажшыларға қарсы азамат соғысы ма? Күмән жоқ, соңғылардың ішінде, бұған білместіктен барып жүрген санасы жетілмеген адамдар да бар, өйткені бұрынғы буржуазиялық құрылысты түбірімен қиратуға болатынын және

қирату керек екенін, сөйтіп оның қираған орнында мүлде жаңа социалистік қоғам орната бастау керек екенін олар түсіне де алмайды. Мұндай адамдардың бар екендігінде күмән жоқ,— бірақ бұл жағдайды өзгерте ме?

Дәулетті таптар өкілдері бәрін де тәуекелге салып отырған себебі осы, мұның олар үшін ең ақырғы, шешуші зор майдан болатын себебі осы, сондықтан олар Совет өкіметін қайткенде де қирату үшін қандай қылмыстан болса да тартынбайды. Еңбекші бұқараның өздері өкіметті өз қолдарына алған кезде, билеуші таптардың, мәселе олардың өздерінің қапшықтаған ақшаларын қорғау туралы болып отырған соң, адам естімеген қылмыстар жасап, атып-асуға дейін баратындығын социализмнің бүкіл тарихы, революциялық талпыныстарға өте бай болған әсіресе француз социализмінің бүкіл тарихы бізге көрсетіп отырған жоқ па. Ал бұл адамдар бізге азамат соғысы туралы айтқан кезде, біз оларга келемежбен жауап береміз, ал олар өз ұранын оқушы жастардың арасына таратқан кезде, біз оларға — сіздер оларды алдап-арбамаңыздар, дейміз!

Тап күресі өзінің ақыргы формасына, қаналушылар табы өзінің тап жауын — буржуазияны біржолата жою үшін, орыс жерінің бетінен чиновниктерді ғана емес, сонымен қатар помещиктерді де, кейбір губернияларда оларды орыс шаруалары қалай жойған болса, дәл солай жою үшін өкімет құралдарының барлығын өз қолдарына алған кездегі формасына тегін келіп отырған жоқ.

Халық Комиссарлары Советіне чиновниктер мен помещиктердің тарапынан жасалып отырған саботаж социализмді қолдағысы келмегендікті дәлелдейді деседі бізге. Капиталистер мен жүліктердің, жалаңаяқтар мен саботажшылардың осы бандасының бәрі еңбекшілер өкіметіне қарсылық көрсететін, буржуазияға сатылған бір банда екендігі тым-ақ айқын емес пе. Әрине, капитализмнен социализмге бір-ақ секіруге болады деп ойлаған адамның немесе бұған Құрылтай жиналысы арқылы жетуге болатындығына халықтың көпшілігінің көзін жеткізу керек деп ойлаған адамның, осы буржуа-

зиялық-демократиялық ертегіге сенген адамның — ол адамның қаннен-қаперсіз бұл ертегіге сене беруіне болады, бірақ егер өмір бұл ертегінің талқанын шығаратын болса, онда ол өмірге өкпелемесін.

Тап күресінің не екенін, чиновниктер ұйымдастырған саботаждың не екенін түсінген адам біздің социализмге бір-ақ секіре алмайтынымызды біледі. Өз үстемдігін қайта орнатамын деп дәмеленген, өздерінің қапшықтаған ақшаларын қорғайтын буржуа, капиталистер қалып отыр, капитализм әбден жаныштаған және пролетарлық күрес идеясына дейін көтеріле алмай жүрген сатымсақ адамдардың тобы — жалаңаяқтар қалып отыр. Ескі тәртіпті қорғау — қоғам мүддесі деп ойлайтын қызметшілер, чиновниктер қалып отыр. Бұл топтар толық күйремейінше, орыс буржуазиясы да, европалық буржуазия да толық жойылмайынша, социализм жеңеді деп қалай ойлауға болады? Біз Рябушинский мырзалар өздерінің таптық мүдделерін түсінбейді екен деп ойлап жүрген жоқпыз ба? Саботажшыларға жұмыс істемеңдер деп ақы төлеп отырған осылар. Әлде олар жеке-дара әрекет жасап жүр ме? Олар, бағалы қағаздарды сатып алып, француз, ағылшын және американ капиталистерімен бірігіп әрекет жасап отырған жоқ па? Оларға бұл сатып алғандарының қаншалықты көмек болатындығын көрерміз әлі. Қазір олардың будақ-будақ алып отырған бағалы қағаздары құр бос, түкке жарамсыз, ескі қағаз болып қалмас па екен?

Міне, сондықтан да, жолдастар, біз өзімізді террор, диктатура, азамат соғысы жөнінде кінәлап, айыптаудың бәріне, нағыз террорға әлі мүлде бармай отырсақ та,— неге десеңіз біз олардан күштірекпіз,— бізде Советтер бар, оларды өзімізге бойсұндыру үшін бізге банктерді национализациялап, мүлікті конфискелеудің өзі жеткілікті,— азамат соғысы жөнінде айыптаудың бәріне біз былай деп жауап береміз: иә, бірде-бір үкіметтің жариялай алмаған нәрсесін біз ашықтан-ашық жарияладық. Азамат соғысы туралы ашықтан-ашық айта алатын дүние жүзіндегі ең тұңғыш үкімет — жұмысшы, шаруа және солдат бұқарасының үкіметі. Иә, біз қанаушыларға қарсы соғыс бастадық және оны

жүргізіп отырмыз. Мұны біз неғұрлым ашығырақ айтсақ, ол соғыс соғұрлым тезірек бітеді, еңбекші және қаналушы бұқараның бәрі бізді соғұрлым тезірек түсінеді, Совет өкіметінің барлық еңбекшілердің нағыз төл ісін істеп отырғандығын соғұрлым тезірек түсінеді.

Жолдастар, мен бұл күресте жеңіске тез жетеді екенбіз деп ойламаймын, бірақ біздің өте бай тәжірибеміз бар: екі айдың ішінде біздің көп нәрселерге қолымыз жетті. Біз Керенскийдің Совет өкіметіне қарсы шабуыл жасау әрекетін және бұл әрекеттің толығынан күйреуін басымыздан кешірдік; біз украин Керенскийлері өкіметінің ұйымдасуын басымыздан кешірдік,— онда күрес әлі біткен жоқ, бірақ оны бақылап отырған адамның қай-қайсысы үшін болса да, Совет өкіметі өкілдерінен аз да болса шындық баяндама естіген адамның қай-қайсысы үшін болса да украин Радасының буржуазиялық элементтерінің ең ақырғы күндерін басынан өткізіп жатқандығы айқын. (Қол шапалақтау.) Украин халық республикасы Совет өкіметінің украин буржуазиялық Радасын жеңіп шығатындығына күмән туғызудың орны жоқ.

Ал Калединге қарсы күреске келетін болсақ,— егер оның Совет өкіметіне қарсы қандай да бір әлеуметтік негіздері болатын болса,— мұнда шынында барлығы да еңбекшілерді қанау негізіне, буржуазия диктатурасының негізіне сүйенген. Калединнің халі — мүшкіл хал екендігін, еңбекші бұқараның оған қарсы екендігін шаруалар съезі өте-мөте ашық көрсетті. Совет өкіметінің тәжірибесі, совет ұйымдарының ісі арқылы, үлгісі арқылы жүргізіліп жатқан насихат өзінің дегеніне жетіп келеді, сондықтан Калединнің Дондағы ішкі тірегі қазір сырттан күйреуден гөрі, іштен көбірек күйреп отыр.

Міне сондықтан, Россиядағы азамат соғысы майданына көз жібере отырып, біз толық сеніммен былай дей аламыз: мұнда Совет өкіметінің жеңісі толық және мейлінше қамтамасыз етілген жеңіс. Ал осы Совет өкіметінің жеңіске жеткен себебі, жолдастар, ол дәйекті және батыл түрде бұқараға сүйене отырып, қоғамның ең езілген, ең жаншылған топтарын нақты өмірге

оятуды, социалистік жасампаздыққа көтеруді өзінің міндеті деп есептей отырып, ең бастан-ақ социализмнің ежелгі мақсаттарын жүзеге асыра бастады. Міне, сондықтан ескі армия, казармалық қатыгездікпен машықтау армиясы, солдаттарды азапқа салу армиясы — келмеске кетті. Ол қиратылды, оның күл-талқаны шығарылды. (Қол шапалақтау.) Армия толық демократияландырылды.

Мен өз басымнан өткен бір оқиғаны айтып бергім келеді. Әңгіме Финляндия темір жолы бойында вагонда болды, онда менің бірнеше финнің бір кемпірмен сөйлескен сөзін естуіме тура келді. Мен сөзге араласа алмадым, өйткені финн тілін білмедім, бірақ бір финн маған қарап, былай деді: «Мына кемпірдің қандай тамаша нәрсе айтқанын көрдіңіз бе? Ол былай деді: енді мылтықты адамнан қорқудың керегі жоқ. Мен тоғайда жүрген кезімде маған мылтықты адам кездесті, ол менің шөпшегімді тартып алудың орнына, шөпшегіме шөпшек қосып берді».

Мен мұны естіген кезде, өзіме-өзім былай дедім: жүздеген газеттер, олар қалай деп аталса да — социалистік, социалистік дерлік және басқадай деп аталса да, жүздеген жаңғырығы ащы дауыстар бізге: «диктаторлар», «зорлықшылар», т. с. деп айқайлай берсін. Халық бұқарасының ішінде қазір басқа үн көтеріліп отыр, біз оны білеміз: олар өздеріне былай дейді: енді мылтықты адамнан қорқудың керегі жоқ, өйткені ол еңбекшілерді қорғайды және қанаушылардың үстемдігін аяусыз басып жаныштайды. (Қол шапалақтау.) Міне халық осыны сезіп отыр, міне сондықтан қызыл гвардияшылардың барлық күшін қанаушыларға қарсы жұмсайтындығы туралы айтып, қарапайым, оқымаған адамдар жүргізіп отырған үгіт,— міне бұл жеңілмейтін үгіт. Бұл үгіт миллиондаған және он миллиондаған адамдарды аралап шығады, сөйтіп XIX ғасырдағы француз Коммунасы құра бастаған, бірақ, буржуазия күйретіп тастағандықтан, қысқа мерзімге ғана құрған нәрсені берік етіп құрады,— барлық социалистердің аңсаған социалистік Қызыл Армиясын құрады — халықты жаппай қаруландырады. Ол Қызыл

гвардияның жаңа кадрларын жасақтайды, бұл кадрлар еңбекші бұқараны қарулы күреске тәрбиелеуге мүмкіншілік береді.

Егер Россия туралы: ол соғыса алмайды, өйткені оның офицерлері болмайды деген болса, онда біз нақ осы буржуазияшыл офицерлердің Керенский мен Калединге қарсы күресуші жұмысшыларға мұқият зер салып: «рас, бұл қызыл гвардияшылар техникалық жағынан түкке де жарамайды, бірақ егер бұл адамдар біраз үйренсе, онда олар жеңілмейтін армияға ие болған болар еді» деген сөздерін ұмытпауға тиіспіз. Өйткені бүкіл дүние жүзілік күрес тарихында бірінші рет армияға, төрешілдік білімі бар элементтер емес, қайта қаналушыларды азат ету жолындағы күрес идеяларын басшылыққа алған элементтер кіріп отыр. Сондықтан біз бастаған жұмыс аяқталған кезде Россияның Совет республикасы жеңілмейтін болады. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, социалистік армия жөнінде басынан кешірген бұл жолды Совет өкіметі үстем таптардың басқа бір, онан да гөрі жымысқы, одан да гөрі күрделі құралы — буржуазиялық сот жөнінде де басынан кешірді; буржуазиялық сот өзін тәртіпті қорғаушы ретінде көрсетпек болды, ал іс жүзінде қаналушыларды аяусыз жаныштаудың көзсіз, жымысқы құралы, ақшалы қапшық мүдделерін қорғайтын құрал болды. Совет өкіметі барлық пролетарлық революциялардың өсиетін орындады — ол бұл сотты дереу қиратты. Бізді ескі сотты реформаламай, оны бірден қиратты деп шулай берсін. Біз мұнымен нағыз халық сотына жол аштық және оны жазалаудың күшімен емес, бұқараның үлгісі арқылы, еңбекшілердің беделі арқылы аштық, формальдылыққа салынбай, қанау құралы болған сотты социалистік қоғамның берік негіздері арқылы тәрбиелеу құралына айналдырдық. Мұндай қоғамның біздің қолымызға бірден түспейтіндігінде ешбір күмән жоқ.

Бүкіл дүние жүзіндегі ең ұлы халық революцияларының бүкіл тәжірибесі нұсқаған жолға түскен Совет өкіметінің жасаған басты-басты қадамдары, міне, осындай. Жаңа мемлекеттік өкімет орнату үшін ең-

бекші бұқара өз қадамын осы жолдан бастамаған бірде-бір революция болған емес. Амал не, олар тек бастады да, бірақ істі ақырыпа дейін жеткізе алмады, жаңа типтегі мемлекеттік өкімет құра алмады. Біз оны құрдық,— бізде Советтердің социалистік республикасы қазірдің өзінде-ақ жүзеге асып отыр.

Біз социализмге *өту* дәуірін жаңа ғана бастап отырмыз, біз социализмге әлі жеткеніміз жоқ, бұл жөнінде мен жалған үмітке салынбаймын. Бірақ, егер сіздер біздің мемлекетіміз — Советтердің социалистік республикасы дейтін болсаңыздар, сіздер дұрыс айтқан болып шығасыздар. Ең демократиялық деген республикаларының ішінде толық демократиялық республика дерліктей бірде-бірі жоқ екендігі жалпыға да, жалқыға да белгілі бола тұрса да, Батыстың буржуазиялық республикаларының көбін демократиялық республикалар деп атап жүрген адамдардыкі қандай дұрыс болса, сіздердікі де сондай дұрыс болып шығады. Буржуазиялық республикалар демократизмнің шет пұшпақтарын ғана береді, қанаушылардың праволарын болар-болмас қана кемітеді, бірақ еңбекші бұқара барлық жерде қалай езілсе, оларда да солай езіліп отыр. Солай бола тұрғанымен, біз былай дейміз: буржуазиялық құрылыс ескі монархиялар болып та, конституциялық республикалар болып та табылады.

Біз де қазір осындаймыз. Біз тіпті капитализмнен социализмге өтудің өтпелі дәуірін аяқтаудан да әлі алыспыз. Бұл дәуірді халықаралық пролетариаттың көмегінсіз аяқтаймыз деген үмітпен біз өзімізді еш уақытта да алдарқатқан емеспіз. Біз бұл жөнінде еш уақытта да адасқан емеспіз және капитализмнен социализмге апаратын жолдың қаншама қиын екендігін білеміз, бірақ біз өзіміздің Советтер республикамызды социалистік республика деп айтуға міндеттіміз, өйткені біз осы жолға түсіп отырмыз, сондықтан бұл сөздер бос сөздер болып қалмайды.

Біз капиталистердің үстемдігін күйрететін көп шараларды қолдана бастадық. Біздің өкімет барлық мекемелердің қызметін бір негізге біріктіруге тиіс екендігін біз білеміз, ал бұл негізді біз: «Россия

Советтердің социалистік республикасы деп жарияланады» деген сөздермен білдіреміз. (Қол шапалақтау.) Біз істеуге тиісті және қазірдің өзінде-ақ істей бастаған нәрсеге сүйенген шындық осы болмақ, біздің бүкіл қызметімізді ең жақсы біріктіргендік, оның программасын жариялағандық осы болмақ, барлық елдердегі еңбекшілер мен қаналушыларға ұран тастау дегеніміз осы болмақ, бұл елдердегі еңбекшілер мен қаналушылар яки социализмнің не екенін мүлде білмейді, яки — онан да жаманы — буржуазиялық реформалардың черновтық-церетелилік қойыртпағын, революцияның он айының ішінде біз бастан кешіп, сыннан өткізген қойыртпақты және мұның социализм емес, жалған нәрсе екендігіне біздің көзімізді жеткізген қойыртпақты социализм деп түсінеді.

Біздің революциямыздың он айы ішінде «азат» Англия мен Францияның большевиктер мен солшыл эсерлер газеттерінің бірде-бір номерін өздеріне жібертпеу үшін барлық шараларды қолданғап себебі міне осы. Олардың бұлай істеуге тиіс болған себебі — орыс жұмысшылары істеген нәрсенің бәрін инстинкт бойынша іліп әкетіп отырған жұмысшылар мен шаруалар бұқарасын олар барлық елдерде де көз алдында көріп отырды. Өйткені орыс революциясы туралы хабарлар мен Совет өкіметінің ұрандары ду қол шапалақтаумен қарсы алынбаған бірде-бір жиналыс болған емес. Еңбекшілер мен қаналушы бұқара қазірдің өзінде-ақ барлық жерде де өздерінің партиялық жоғарғы топтарына қайшы келіп отыр. Бұл ескі жоғарғы топтық социализм, біздің Россияда Чхеидзе мен Церетелидің жерленбегені сияқты, әлі жерленген жоқ, бірақ ол қазірдің өзінде-ақ дүние жүзіндегі барлық елдерде опат болды, ол қазірдің өзінде-ақ өлексе.

Ал енді осы буржуазиялық ескі құрылысқа қазірдің өзінде жаңа мемлекет — Советтер республикасы, еңбекшілердің, қаналған таптардың республикасы қарама-қарсы тұр, ол таптар буржуазиялық ескі қоршауларды қиратып жатыр. Мемлекеттің жаңа формалары құрылды, оның тұсында қанаушыларды басып жаныштауға, кешегі ақшалы қапшықтан, білімнің кешегі

қорыпан күш-қуат алған осы болмашы топтың қарсылыгын басып жаныштауга мүмкіншілік туды. Олар: мен білімімнің буржуазияга қызмет етуін тілеймін, әйтпесе мен жұмыс істемеймін дегенді айтып, олар — профессорлар, мұғалімдер, инженерлер — өз білімін еңбекшілерді қанау құралына айналдырады. Бірақ олардың өкіметін жұмысшы-шаруа революциясы бұзды, оларға қарсы мемлекет пайда болды, бұл мемлекет тұсында өз өкілдерін бұқараның өзі ерікті түрде іріктеп алады.

Нақ қазір біз былай дей аламыз: іс жүзінде біз өкімет атаулыны, мемлекет атаулыны толық жоюға көшуді айқындап беретін өкімет ұйымына ие болып отырмыз. Мұндай толық жою қанаудың ізі де қалмаган кезде, яғни социалистік қоғамда мүмкін болмақ.

Мен енді Россияның социалистік Совет үкіметі жүзеге асыра бастаған шараларға қысқаша тоқталмақпын. Орыс жерінің бетінен помещиктерді жойып қана қоймай, сонымен қатар буржуазия үстемдігін және миллиондаған, он миллиондаған еңбекшілерді капиталдың езу мүмкіншілігін түп тамырымен күйретуге бағытталған алғашқы шаралардың бірі — банктерді национализациялауға көшу болды. Банктер — қазіргі капиталистік шаруашылықтың ірі орталықтары. Мұнда адам айтқысыз байлықтар жиналып, бүкіл байтақ елге бөлінеді, бүкіл капиталистік өмірдің жүйке тамыры — осында. Мұның өзі астарлы да күрделі органдар, олар ғасырлар бойы қалыптасты, сондықтан Совет өкіметінің алғашқы соққылары соларға қарсы бағытталды, Совет өкіметіне Мемлекеттік банк бастапқыда жанталаса қарсыласты. Бірақ бұл қарсылық Совет өкіметін тоқтата алған жоқ. Мемлекеттік банкті ұйымдастыруда біз негізгі шараларды жүзеге асырдық, бұл шаралар жұмысшылар мен шаруалардың қолында, ұзақ уақыт бойы талданып жасала беретін бұл негізгі шаралардан біз енді басқа шараларға көштік, жеке меншіктегі банктерге де қол салдық.

Біз істі келісімпаздардың қалауынша істеген жоқпыз, олар, тегі, бізге былай істе деген болар еді: әуелі Құрылтай жиналысын күте тұру керек, бәлкім, содан

соң заң жобасын жасап, оны Құрылтай жиналысына салу керек, сөйтіп осы арқылы буржуа мырзаларға өз ниетімізді хабарлау керек, сонда олар осы қолайсыз нәрседен қалай құтылудың бір саңлауын таба алар еді; бәлкім, оларды компанияға қатыстыру керек болар, сосын барып сіздер мемлекеттік заң жасарсыздар,— мұның өзі «мемлекеттік акт» болған болар еді.

Мұның өзі социализмді жойғандық болар еді. Біз жайдап-жай былай еттік: «білімді» адамдар немесе, дұрысырақ айтқанда, өз білімінің қалған-құтқанын саудаға салып жүрген буржуазияның білімсіз жақтастары кінәлайды деп қорықпай-ақ, біз былай дедік:— бізде қаруланған жұмысшылар мен шаруалар бар. Олар бүгін таңертең барлық жеке меншіктегі банктерді алуға тиіс. (Қол шапалақтау.) Олар осыны істеп болғаннан кейін, өкімет біздің қолымызға тигеннен кейін, тек содан кейін ғана біз өзіміздің қандай шаралар қолдануымыз керек екенін талқылаймыз. Сөйтіп таңертең банктер алынды, ал кешкісін Орталық Атқару Комитеті былай деп қаулы шығарды: «банктер ұлттық меншік деп жарияланады»,— банк ісін мемлекеттендіру, қоғамдастыру, оны Совет өкіметінің қолына беру шаралары жүзеге асырылды.

Ғасырлар бойы шаруашылықтың капиталистік системасынан туып, дамып келген банк ісінің мұндай шебер, жымысқы аппараты бірнеше күннің ішінде қиратылады немесе қайта құрылады деп біздің арамызда бірде-бір адам ойлаған жоқ. Бұлай болады деп біз еш уақытта да айтқанымыз жоқ. Ал оқымысты немесе оқымыстысымақ адамдар басын шайқап, сәуегейлік жасаған кезде, біз былай дедік: сіздердің қалауларыңызша сәуегейлік жасай берулеріңізге болады. Біз пролетариат революциясының тек бір-ақ жолын: жаудың позициясын жеңіп алып — билік жүргізуді тәжірибе арқылы, өз қателеріміз арқылы үйрену жолын білеміз. Біз өз жолымыздың қиындығын ешбір кемітіп көрсетпейміз, бірақ біз негізгі нәрсені қазірдің өзінде істедік. Капиталистік байлықтардың негізі оларды болу саласында күйретілді. Бұдан соң мемлекеттік заемдарды жою, финанстық езгіні құлату жолындағы қадам-

дарымыз мүлде қиын болған жоқ. Жұмысшы бақылауынан кейін заводтарды конфискелеуге көшу де әбден оңай болды. Жұмысшы бақылауын енгізіп, сіздер өндірісті жеке-дара цехтарға бөлшектейсіздер деп бізді кінәлаған кезде біз бұл сандырақтың күлін көкке ұшырдық. Жұмысшы бақылауын енгізгенде, ол бүкіл Россияға тарағанға дейін көп уақыт өтетінін біз білген болатынбыз, бірақ біз өзіміздің тек бір ғана жолды — төменнен жасалатын қайта құрылыс жолын, экономикалық жағдайлардың жаңа негіздерін жұмысшылардың өздері төменнен белгілеу жолын мойындайтынымызды көрсеткіміз келді. Бұлай етіп жасау үшін едәуір уақыт керек.

Жұмысшы бақылауынан біз Халық шаруашылығы жоғары советін құруға қадам бастық. Таяу күндерде жүргізілгелі отырған банктерді және темір жолдарды национализациялаумен бірге тек қана осы шара жаңа социалистік шаруашылықты құру ісін қолға алуға бізге мүмкіншілік береді. Өз ісіміздің қиын екендігін біз өте жақсы білеміз, бірақ біз былай дейміз: еңбекші бұқараның тәжірибесі мен инстинктіне сүйеніп, осы міндетті орындауға кіріскен адам ғана іс жүзінде социалист болып табылады. Олар көптеген қателіктер жібереді, бірақ негізгі нәрсе істелді. Совет өкіметіне ден қоя отырып, қанаушыларға қарсы өздерінің тек қолдау табатынын олар біледі. Олардың жұмысын жеңілдететін шаралардың бірде-бірі Совет өкіметі тарапынан бүтіндей және толығымен қолдау таппай қалмайды. Совет өкіметі барлығын бірдей біле бермейді және барлығын бірдей дер кезінде үлгере алмайды, өте көп жағдайларда оның қиын міндеттерге кездесуіне тура келіп отырады. Жұмысшылар мен шаруалар делегациялары үкіметке өте жиі жіберіліп жүр, олар, мәселен, қайсыбір жерді қалай етуіміз керек деп те сұрайды. Олардың тарапынан онша айқын емес көзқарасты көрген кезде, менің өзімнің де жиі-жиі қиын жағдайды бастан кешіруіме тура келгені бар. Мен оларға былай дедім: сіздер — өкіметсіздер, өздеріңіздің істегілеріңіз келгеннің бәрін істеңіздер, өздеріңізге керек нәрсенің бәрін алыңыздар, біз сіздерді қолдай-

мыз, бірақ өндірістің қамын ойлаңыздар, өндірістің пайдалы болуының қамын ойлаңыздар. Пайдалы жұмыстарға көшіңіздер, сіздер қателіктер де жіберерсіздер, бірақ сіздер үйренесіздер. Сөйтіп жұмысшылар қазірдің өзінде-ақ үйрене бастады, олар қазірдің өзінде-ақ саботажшыларға қарсы күрес бастады. Адамдар білімнен еңбекшілердің алға баруына бөгет жасайтын дуал орнатты; бұл дуал қиратылады.

Соғыс үшін жұмыс істейтіндерге норма атаулының бәрінен жоғары ақы төлей отырып, соғыстан бой тасалап қалғандардың бәрін, есі-дерті тек «молырақ қармап», тайып тұру ниғылындағы жалаңаяқ және жартылай жалаңаяқ элементтерді тарта отырып, соғыстың тылда да, майданда да адамдарды бұзатындығы күмәнсыз. Бірақ бұл элементтер — ескі капиталистік құрылыстың қалдықтарының ішіндегі ең жаманы, бұлар капитализмнің ескі кеселдерінің бәрін таратушы, біз бұларды сыртқа серпіп тастауға, аластауға тиіспіз, фабрика-завод кәсіпорындарына пролетарлық элементтердің ең жақсыларының бәрін енгізіп, солардан болашақ социалистік Россияның ұяларын құруға тиіспіз. Бұл оңай шара емес, ол көптеген дау-жанжалдар, егестер мен қақтығысулар туғызады. Ал бізге, Халық Комиссарлары Советіне, менің өзіме де олардың шағымдары мен қоқан-лоққыларына кездесуге тура келді, бірақ біз, қазір бізде өзіміз жүгінер төрешіміз бар екенін білгендіктен, оларға байсалды түрде қарадық. Бұл төреші — жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері. (Қол шапалақтау.) Бұл төрешінің сөзі тұжырымды, біз әрқашан осыған сүйенеміз.

Жұмысшы табының ат төбеліндей аз ғана жоғарғы тобын буржуазиямен топтастыру үшін капитализм жұмысшыларды әдейі жікке бөледі — міне бұл топпен қақтығыстың болуы сөзсіз. Біз күрессіз социализмге жете алмаймыз. Бірақ біз күреске дайынбыз, біз оны бастадық та, Советтер деп аталатын аппараттың көмегімен біз оны ақырына дейін жеткіземіз. Егер біз болып жатқан дау-жанжалдарды жұмысшы және солдат депутаттары Советінің төрелігіне салатын болсақ, онда

қай мәселе болса да оңай шешіледі. Өйткені пұрсаттылығы бар жұмысшылар тобы қандай күшті болса да, оларды барлық жұмысшылар өкілдігінің алдына қойған кезде, қайталап айтамын, мұндай төрелік, олар үшін талас туғызбайды. Мәселені бұлайша реттеу жаңа ғана басталып келеді. Жұмысшылар мен шаруалар өз күштеріне әлі жеткілікті сене алмай отыр, олар, ғасырлар бойғы дәстүрдің салдарынан, жоғарыдан нұсқау күтуге тым дағдыланып кеткен. Пролетариаттың үстем тап екендігін олар әлі де толық ұғынып болған жоқ, олардың арасында қорқып қалған, жанышталған, өздерін буржуазияның жексұрын мектебінен өтуге тиіс деп ойлайтын элементтер әлі де бар. Буржуазиялық соқыр сенімдердің ішіндегі осы бір ең жексұрын соқыр сенім басқаның бәрінен де сірі жанды болып шықты, бірақ ол құрып келеді және ол ақырына дейін құриды. Сөйтіп, мемлекетті қарапайым жұмысшы мен шаруа басқара алмайды дейтін ескі буржуазиялық соқыр сенімнен ақырына дейін арылған адамдардың саны Совет өкіметінің әрбір қадамы сайын көбейген үстіне көбейе беретіндігіне біздің көзіміз жетеді. Басқару ісін қолына алса, олар оны үйрене де алады! (Қол шапалақтау.)

Халық бұқарасының ішінен басшылар мен ұйымдастырушылар шығару міндеті де ұйымдастыру міндеті болмақ. Міне бұл орасан зор, алып жұмыс қазір күн тәртібінде тұр. Егер адамдарды електен өткізіп, іріктеп шығаратын аппарат — Совет өкіметі болмаса, бұл міндетті орындап шығамыз деп ойлауға да болмас еді.

Біздің қолымызда бақылау туралы мемлекеттік заң ғана емес, бізде тіпті бұдан да гөрі бағалы нәрсе бар — өнеркәсіптің тұтас салаларын жұмысшылар басқаруын қамтамасыз ету үшін пролетариат фабриканттар одақтарымен шарт жасасуға әрекет етіп отыр. Былғарышылар мұндай шартты қазірдің өзінде-ақ әзірлей бастады және олар былғары өндірісінің фабриканттары мен заводшыларының бүкіл россиялық қоғамымен мұндай шартты жасасты деуге де болады, ал мен бұл шарттарға ерекше үлкен маңыз беремін[106]. Бұл шарттар

жұмысшылар арасында өз күштеріп сезінудің өсіп келе жатқандығын көрсетеді.

Жолдастар, мен өзімнің баяндамамда ерекше ауыр және қиын мәселелерге — бітім туралы, азық-түлік туралы мәселелерге тоқталғаным жоқ, өйткені бұл мәселелер күн тәртібіне ерекше пункт етіп қойылған, сондықтан олар арнайы талқыланады.

Мен өзімнің қысқаша баяндамамда — осы екі жарым айдың ішінде басымыздан кешірген нәрселердің тарихын өзімнің және тұтас алғанда бүкіл Халық Комиссарлары Советінің қалай түсінетіндігін, орыс революциясының осы жаңа кезеңінде таптық күштердің арасалмағы қалай қалыптасқандығын, жаңа мемлекеттік өкіметтің қалай қалыптасқандығын, оның алдына қандай әлеуметтік міндеттер қойылғандығын көрсету мақсатын көздедім.

Россия социализмді жүзеге асырудың дұрыс жолына — банктерді национализациялау, бүкіл жерді бүтіндей еңбекші бұқараның қолына беру арқылы жүзеге асыру жолына түсті. Алдымызда қандай қиыншылықтар жатқанын біз өте жақсы білеміз, бірақ біздің, өткен революциялармен салыстыра келгенде, өзіміздің орасан зор табыстарға жететіндігімізге және өзіміздің толық жеңісті қамтамасыз ететін жолда тұрғандығымызға көзіміз жетеді.

Ал, жұмысшыларды демократияландырудың анағұрлым ұзағырақ мектебінен өткен, тонаушылық соғыс болып отырған неғұрлым алдыңғы қатардағы елдердің бұқарасы біздің қатарымызда болады. Біздің ісіміздің қиыншылығын өсіріп көрсетіп, бізге — социализмнің тек дүние жүзілік көлемде ғана жеңуі мүмкін дегенді айтқан кезде, міне бұл кезде біз мұнан буржуазияның және оның ерікті, еріксіз жақтаушыларының нағыз талассыз ақиқатты бұрмалау әрекетін ғана, келешегі кесілген әрекетін ғана көреміз. Әрине, социализмнің бір елде түпкілікті жеңіп шығуы мүмкін емес. Совет өкіметін қолдаушы біздің жұмысшылар мен шаруалар отряды — қазір дүние жүзілік соғыс бөлшектеп отырған, бірақ бірігуге ұмтылып отырған бүкіл дүние жүзілік армия отрядтарының бірі, сондықтан біздің рево-

люция туралы әрбір хабарды, ол туралы баяндаманың әрбір бөлігін, әрбір есімді пролетариат тілектестік ниеттегі ду қол шапалақтаумен қарсы алады, өйткені олар Россияда өздерінің ортақ ісінің — пролетариат көтерілісі ісінің, халықаралық социалистік революция ісінің істеліп жатқанын біледі. Прокламациялар мен конференциялар атаулының қай-қайсысынан болса да нақты өмір үлгісі, белгілі бір елде қолға алынған іс көбірек әсер етеді, барлық елдердегі еңбекші бұқара осыдан шабыт алады.

Егер 1905 жылғы октябрь стачкасы,— жеңімпаз революцияның бұл алғашқы қадамдары,— бірден Батыс Европаға ауысып, сол кезде, 1905 жылы, Австрия жұмысшыларының қозғалысын туғызған болса, егер біз сол кездің өзінде-ақ революция үлгісінің, жұмысшылардың бір елде бой көрсетуінің неге тұратынын практика жүзінде көрген болсақ,— енді қазір біз дүние жүзінің барлық елдерінде социалистік революцияның күн сайын емес, сағат сайын пісіп келе жатқандығын көріп отырмыз.

Егер біз қателіктер, кемістіктер жіберіп отырсақ, егер біздің жолымызда егестер кездесіп отырса, онда олар үшін маңызды нәрсе бұл емес, оларға біздің үлгіміз маңызды, оларды біріктіріп отырған нәрсе міне осы; олар былай дейді: біз еш нәрсеге қарамастан сіздермен бірге ілгері басып, жеңіп шығамыз. (Қол шапалақтау.)

Социализмнің негізін салушылар ұлы Маркс пен Энгельс бірнеше ондаған жылдар бойы жұмысшы қозғалысының дамуын және дүние жүзілік социалистік революцияның өрбуін бақылай отырып,— капитализмнен социализмге өту ұзақ толғату азабын, пролетариат диктатурасының ұзақ дәуірін, ескілік атаулыны қиратуды, капитализмнің барлық формаларын аяусыз жоюды, ақырына дейін жеңіп шығуды қамтамасыз ету үшін өздерінің бар күш-жігерін біріктіруге тиіс барлық елдер жұмысшыларының ынтымағын керек қылатындығын айқын көрген болатын. Сондықтан олар былай деген болатын: XIX ғасырдың аяғында «француз бастаған істі неміс аяқтайтын»[107] болады,— французДың

бастайтын себебі, ол революцияның ондаған жылдары бойы революциялық қимылды жан-тәнімен бастауға дағдыланды, мұның өзі оны социалистік революцияның авангарды етті.

Біз қазір халықаралық социализм күштерінің басқаша ұштасуын көріп отырмыз. Біз былай дейміз: оңай тонауға және өз жұмысшыларының жоғарғы топтарын сатып алуға мүмкіндігі бар қанаушы елдерден басқа елдерде қозғалыс оңай басталады. Батыс Европаның бұл социалистіксымақ, барлығы бірдей министршіл, черновтық-церетелилік партиялары еш нәрсені жүзеге асырмайды және берік негіздері де жоқ. Біз Италияның мысалын көрдік, біз осы соңғы күндерде Австрия жұмысшыларының жыртқыш-империалистерге қарсы қаһармандық күресіне зер салдық[108]. Жыртқыштар тіпті қозғалысты уақытша тоқтатып-ақ қойсын, бірақ оны мүлде тоқтатып тастауға болмайды,— ол жеңілмейтін нәрсе.

Совет республикасының үлгісі ұзақ уақыт олардың көз алдында тұрады. Біздің Советтердің социалистік республикасы халықаралық социализмнің шамшырағы ретінде және барлық еңбекші бұқараның алдындағы үлгі ретінде берік тұра бермек. Онда — төбелес, соғыс, қан төгіс, миллиондаған адамдар шығыны, капиталдың қанауы бар, мұнда — шын бейбітшілік саясаты және Советтердің социалистік республикасы бар.

Жағдай Маркс пен Энгельстің күткенінен басқаша болып қалыптасты, бұл жағдай бізге, орыстың еңбекшілері мен езілген таптарына, халықаралық социалистік революцияның авангарды деген құрметті роль жүктеді, ал біз қазір революция дамуының алысқа баратынын айқын көріп отырмыз; орыс бастаған істі — неміс, француз, ағылшын аяқтайды, сөйтіп социализм жеңіп шығады. (*Қол шапалақтау.*)

2
ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША 12(25) ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Бүгін менің баяндамам бойынша қарсы пікірде сойлеген оң қанаттың шешендерін тыңдай отырып, мен олардың осы уақытқа дейін еш нәрсе үйренбегеніне және өздерінің бекерден-бекерге «марксизм» деп атап жүргендерінің бәрін ұмытып отырғандығына таңқаламын. Маған қарсы шыққан шешендердің бірі былай деп мәлімдеді: сіздер демократия диктатурасын жақтаған болатынсыздар, сіздер демократия окіметін мойындаған болатынсыздар деді. Бұл мәлімдеменің қисынсыздығы сонша, сорақы және мағынасыз екендігі сонша — мұның өзі басынан аяғына дейін бос сөздердің жиынтығы ғана. Мұның өзі — темір қар немесе сол тәріздес бірдеңе дей салумен бірдей. (Күлкі.) Демократия дегеніміз — буржуазиялық мемлекет формаларының бірі, оны шыпайы социализмге опасыздық жасаушылардың бәрі қолдайды, олар қазір ресми социализмді басқарып отыр және пролетариат диктатурасы демократияға қайшы келеді деп пайымдап отыр. Революция буржуазиялық құрылыстың шеңберінен шықпай тұрған кезде,— біз демократияны қолдадық, ал революцияның бүкіл барысынан социализмнің алғашқы нышанын көрісімен-ақ — біз пролетариат диктатурасын табанды түрде және үзілді-кесілді жақтайтын позицияға көштік.

«Демократия» мен «пролетариат диктатурасы» деген сөздердің мағынасын анықтау жөніндегі осы қарапайым ақиқатты түсіне алмайтын немесе түсінгісі келмейтін адамдардың осынша көп адам қатысқан жиналыстың алдында осындай ескі, түкке тұрғысыз бос

мылжыңды айтып сөз сөйлеуге батылдық етуі таңқаларлық нәрсе, ал қарсы пікірдегі мырзалардың сөздерінің бәрі де осындай бос мылжыңға толы. Демократия — формальды парламентаризм, ал іс жүзінде — буржуазияның еңбекші халықты үздіксіз қатты қорлауы, мейірімсіз, адам төзбестік түрде езгіге салуы болып табылады. Және де мұны бұлай емес деп жұмысшы табының шынайы өкілдері болып табылмайтын адамдар ғана, барлық уақытта да өмірден алшақ жатқан, ұйықтап жатқан және, ұйықтағанында да, ресми социализмді тықпалау ісінде өздеріне жол-нұсқа, оқулық болып табылатын ескі, тозығы жеткен, ешкімге керексіз кітапты жастығының астына мұқият тығып ұйықтайтын құндақтаулы бейшара адамдар ғана айта алады. Бірақ ондаған миллион жасампаздардың ақылойы ең барып тұрған ұлы және данышпандық көрегендіктен де гөрі өлшеусіз жоғары нәрсені жасап шығарады. Шынайы, революциялық социализм бүгін ғана емес, соғыс басталысымен-ақ жікке бөлінген. Социализм ілімінде мұндай елеулі жік, жарықшақ түспеген бірде-бір ел, бірде-бір мемлекет жоқ. Оның жікке бөлінгенінің өзі жақсы нәрсе!

Бізді — сіздер «социалистерге» қарсы күресіп отырсыздар, деп кінәлаушылыққа жауап ретінде біз тек мынаны ғана айтамыз: парламентаризм заманында осы парламентаризмді жақтаушылардың бұдан былай социализмге ешбір жанастығы қалмады, қайта шіріп, ескіріп, артта қалып қойды және, сайып келгенде, буржуазия жағына шығып кетті. Халықаралық тонаушылардың империалистік пиғылынан туған соғыс кезінде «отан қорғау» туралы даурыққан «социалистер» — бұлар социалистер емес, буржуазияның құйыршықтары, итаршылары.

Демократия диктатурасы туралы осыншама зар қақсап жүргендер,— міне бұлар мағынасыз, сорақы сөздерді қақсайды, мұндай сөздер экономикалық біліммен де, саяси түсініктен де жұрдай.

Қарсы пікірдегілердің бірі осы арада: Париж жұмысшыларының көтерілісі кезінде олардың арасында күш көрсету мен озбырлық жасаудың болмағандығын Па-

риж Коммунасы мақтанышпен айта алады деді,— бірақ Коммунаның бірден-бір құлау себебі — ол керек уақытында қарулы күшті жете пайдаланбады, бұл күмәнсыз, сонда да Коммуна тарихта мәңгі қалды, өйткені пролетариат диктатурасы туралы идеяны бірінші болып іс жүзіне асырды.

Буржуазияның, помещиктер мен капиталистердің өкілдеріне қарсы күреске қысқаша тоқтала келіп, шешен, ду қол шапалақтау үстінде, табанды түрде және үзілді-кесілді былай дейді:— Қалай айтсаңыз да, сайып келгенде, революцияның халықтың еркі бойынша буржуазия не тізе бүгіп берілуге, не жойылуға мәжбүр болады.

Анархизм мен большевиктердің көзқарастарын салыстыра келіп, Ленин жолдас былай дейді: қазір, буржуазиялық құрылыс түбірінен қиратылып жатқан заманда, анархизм туралы ұғым, ақырында келіп, өмірдегі өз нұсқасына ие болып отыр. Бірақ буржуазиялық құрылыстың езгісін жою үшін еңбекші таптардың берік революциялық өкіметі — революциялық мемлекеттің өкіметі керек. Коммунизмнің мәні осында. Енді, бұқараның өзі қолына қару алып, қанаушыларға қарсы аяусыз күрес жүргізе бастаған кезде, халықтың парламенттік өкіметке ешбір қатысы жоқ, жаңа өкіметі қолданылып отырған кезде,— міне бұл кезде біздің алдымызда — ескі, өзінің дәстүрлері мен формалары жағынан күні өткен мемлекет емес, қайта төмендегілердің жасампаздық күшіне сүйенген жаңа мемлекет тұр. Ал анархистердің кейбіреулері, әлі де болса ескірген көзқарастардың ықпалынан шыға алмай, Советтер туралы қорғалақтап сөз қылып отырған кезде, анархизмнің жаңа, жас ағымы анық Советтер жағына шығып отыр, олар Советтерде өміршеңдік және бұқараның тілектестігі мен жасампаздық күшін туғызу қабілеті бар деп біліп отыр.

Шешен «қарсы пікірдегілерге» былай деді: сіздердің күнәңыз бен көр соқырлығыңыз сол — сіздер революциядан үйрене білмедіңіздер. Дәл осы залда 4-ші апрельде-ақ мен былай деген болатынмын: Советтер

дегеніміз — демократияның ең жоғары формасы*. Не Советтер құриды — онда революцияның да біржолата құрығаны,— не Советтер өмір сүреді — онда социалистік құрылыстың толық гүлденуі және капитализмнің күйреуі сөзсіз болатын шақта қайдағы бір буржуазиялық-демократиялық революция туралы сөз ету адам күлерлік нәрсе. Буржуазиялық-демократиялық революция туралы большевиктер 1905 жылы сөз еткен болатын, ал енді, Советтер өкімет басына келген кезде, жұмысшылар, солдаттар және шаруалар, өзінің мехнаттары мен азаптары жағынан адам естімеген соғыс жағдайында, күйреу жағдайында, аштық өлім елестеп тұрған жағдайда — біз бүкіл өкіметті аламыз, сөйтіп жаңа өмірді орнатуға өзіміз кірісеміз, деп мәлімдеген кезде,— міне бұл кезде буржуазиялық-демократиялық революция туралы сөз болуы мүмкін де емес. Ал бұл туралы большевиктер съездерде, жиналыстар мен конференцияларда қарарлар мен қаулылар арқылы өткен жылғы апрельдің өзінде-ақ айтқан болатын.

Сіздер еш нәрсе істеген жоқсыздар, сіздер әрқашан да қол қусырып қарап отырдыңыздар, Совет өкіметінің үстемдігі ешқандай жеміс берген жоқ дейтін адамдарға бұл жөнінде біз тек былай дей аламыз: еңбекші халықтың ең қалың қойнауына, бұқараның қалың ортасына көз жіберіңіз, онда ұйымдастыру, жасампаздық жұмыс қайнап жүріп жатыр, онда революция жаңартып, жарқыратқан өмір қайнар бұлақтай бұрқылдап жатыр. Деревняларда шаруалар жер алып жатыр, жұмысшылар заводтар мен фабрикаларды өз қолына алып жатыр, жер-жерлерде алуан түрлі ұйымдар пайда болуда.

Совет өкіметі соғысты тоқтатуға күш салуда, және біз Керенский үкіметі өкілдерінің берген уәдесіндегіден гөрі Совет өкіметі соғысты тоқтатуға бұрынырақ жетеді деп сенеміз. Өйткені соғыстың тоқталуы үшін революциялық фактор туып отыр, бұл фактор шарттарды бұзып, заемдарды жойып отыр. Соғыс халықаралық революциялық қозғалысқа байланысты бітеді.

Қорытындыда шешен бірнеше сөзбен контрреволюцияшыл саботажшыларға тоқталды: бұлар — буржуа-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 124—130-беттер. *Ред.*

зия сатып алған отрядтар; ал буржуазия реакцияның салтанат құруын көздеп, Совет өкіметіне күрес жариялаған саботажшы чиновниктерді қайыр-садақамен көміп тастады. Шаруаның және жұмысшының балтасымен буржуазияны халықтың жайратып салуы, міне бұл құбылыс оларға нағыз ақырзаман және дүние біткеннің бәрінің біржолата апатқа ұшырауы болып көрінеді. Егер әлдеңеде біз кінәлы болсақ, онда кінәмыз — буржуазиялық-империалистік құрылыстың, өзінің опасыздығы жағынан, барынша сұрқия өкілдеріне біздің тым мейірімді, тым жұмсақ болғандығымыз.

Таяуда «Новая Жизньның» жазушылары маған келіп: біз қызметке кіргісі келетін және, саботаж саясатын тоқтатып, Совет өкіметіне бүтіндей бағынғысы келетін банк қызметшілерінің атынан келдік, деп мәлімдеді. Ал мен оларға: баяғыда-ақ осылай ету керек еді, деп жауап бердім*. Бірақ, өз арамызда айтқанда, олар бізді, осы келіс сөзді жүргізе отырып, өзіміздің революциялық позицияларымыздан зәрредей де кейін шегінеді деп ойлайтын болса, онда олар қатты қателеседі.

Біздің Россияда, бірнеше жеке мемлекетке бөлінген, толып жатқан әр тектес ұлттар мен халықтардан құралған бұл орасан байтақ елде қазір болып жатқан оқиғаларға ұқсас ешқандай оқиғаны дүние жүзі көрген емес: барлық уездер мен облыстарда орасан зор ұйымдастыру жұмысы, төмендегілерді ұйымдастыру, бұқараның қолма-қол жұмысы, империализмнің әр түрлі буржуазиялық өкілдерінің тарапынан қарсылыққа кездесіп отырған творчестволық, жасампаздық қызмет жүргізіліп жатыр. Олар, осы жұмысшылар мен шаруалар, өздерінің тапсырмаларының керемет алыптығы жағынан бұрын болып көрмеген жұмысты бастап отыр және Советтермен бірге капитализм қанауын ақырына дейін қиратады, сөйтіп, сайып келгенде, буржуазияның езгісі біржолата құлатылады.

---

* Қараңыз: осы том, 329-бет. *Ред.*

3
СОВЕТ ЗАҢДАРЫНДА ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНА СІЛТЕМЕ ЖАСАУДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ[109]

Декрет

Совет өкіметінің бірқатар заңдарында, декреттері мен қаулыларында Құрылтай жиналысына сілтеме жасау және оның заңдық сипатына сүйенушілік орын алып отыр.

Орталық Атқару Комитеті Құрылтай жиналысын таратқаннан кейін және бұл шараны Советтердің Бүкіл россиялық III съезі бекіткеннен кейін, бұл сүйенушіліктің бәрі өз-өзінен тоқтайды және жойылады.

Сондықтан Советтердің Бүкіл россиялық III съезі былай деп қаулы етеді: Совет өкіметінің декреттері мен заңдарының барлық жаңа басылымдарында алдағы Құрылтай жиналысына сілтеме жасаушылық атаулының бәрі жойылатын болсын.

1918 ж. 18(31) январьда жазылған

4
СЪЕЗД ЖАБЫЛАР АЛДЫНДА 18(31) ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар, Советтердің үшінші съезі жабылар алдында, халықаралық революция тарихында, адамзат тарихында бұл съездің атқарған тарихи ролін толық әділдікпен көрсету керек. Талассыз негізге сүйене отырып, былай деуге болады: Советтердің үшінші съезі бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа заманын ашты, ал қазір, дүние жүзілік революция жағдайларында, бұл съездің бүкіл маңызы барған сайын кеңінен таныла бермек. Октябрь революциясы орнатқан жаңа мемлекеттік өкіметтің ұйымдасуын заңдастырған бұл съезд бүкіл дүние жүзі үшін, барлық елдердің еңбекшілері үшін болашақ социалистік құрылыстың кезеңдерін белгіледі.

Бізде, Россияда, ішкі саясат саласында Россияны мекендейтін әр түрлі ұлттардың ерікті республикаларының федерациясы ретіндегі социалистік Совет республикасының жаңа мемлекеттік құрылысы қазір біржолата мойындалып отыр. Ал, жаңа құрылыстың, Советтер өкіметінің ойдан шығарылмағандығын, партиялық тәсіл емес екендігін, қайта өмірдің өзінің даму нәтижесі екендігін, стихиялы түрде қалыптасып келе жатқан дүние жүзілік революцияның нәтижесі екендігін енді жұрттың бәрі, тіпті, біздің жауларымыз да көріп отырғанына мен сенемін. Қанау атаулыны және езгі атаулыны біржолата құрту үшін барлық ұлы революциялардың қашан да болсын ескі капиталистік құрылысты түп негізімен жоюға тырысқанын, саяси праволарды жеңіп алып қана қоймай, сонымен қатар

үстем таптардың қолынан, еңбекшілерді қанаушылар мен езушілер атаулының қолынан мемлекетті басқарудың өзін де жұлып алуға тырысқанын еске түсіріңіздер. Ұлы революциялар нақ осы қанаушылық ескі мемлекеттік аппаратты қиратуға тырысты, бірақ осы уақытқа дейін, мұны ақырына дейін жеткізудің сәті түспеді. Енді міне Россия, өзінің шаруашылық және саяси жағдайының ерекшеліктерінің арқасында, мемлекеттік басқару ісінің еңбекшілердің өз қолдарына осылай көшуіне қазір бірінші болып жетіп отыр. Енді біз, тарихи қоқыстан тазартылған жолға түстік, социалистік қоғамның қуатты, сәулетті сарайын салатын боламыз. Революцияның еркі бойынша қанау, зорлық және құлдық атаулыдан жер бетін тазартуға тиісті, тарихта болып көрмеген жаңа типті мемлекеттік өкімет құрылып жатыр.

Енді біз мемлекетті басқарудың жаңа социалистік принципі біздің ішкі саясат саласында не бергеніп қарап көрейік. Жолдастар, бұдан аз-ақ бұрын буржуазиялық баспасөз бізге: сіздер орыс мемлекетін қиратып жатырсыздар, сіздер басқара білмейсіздер, сондықтан да сіздерден барлық ұлттар — Финляндия, Украина, т. с. сытылып кетіп жатыр деп тынбастап айқай-шу көтергені сіздердің естеріңізде болар. Буржуазиялық баспасөз табалаудан қуанышы қойнына сыймай, бұл сияқты «сытылып шығу» туралы күн сайын дерлік хабарлап жатты. Жолдастар, бұл құбылыстың негізгі себептерін біз олардан гөрі жақсырақ түсінеміз, мұның негізгі себептері еңбекші бұқараның Керенский және К⁰ мырзалардың келісімпаз-империалистік үкіметіне сенбеуінде еді. Барлық еңбекшілерге біздің шын мақсаттарымыз бен талаптарымызды сөзден гөрі біздің әділ принциптеріміздің, біздің өзіміздің тікелей басқаруымыздың артығырақ дәлелдейтініне берік сеніп, біз үндеген жоқпыз.

Сөйтіп біздікі дұрыс болып шықты. Қазір біз өз идеяларымыздың Финляндияда, Украинада жеңіп шыққандығын және Донда жеңіп келе жатқандығын, еңбекшілердің таптық сапасын оятып, оларды берік одаққа ұйымдастырып жатқанын көріп отырмыз. Біз

дипломаттарсыз, империалистер қолданатын ескі тәсілдерсіз қимыл жасадық, ал аса зор нәтиже анық болып отыр — революция жеңіп, жеңушілер бізбен бірге құдіретті революциялық бір федерацияға бірігіп отыр. Біз ежелгі Римнің қатал заңы бойынша бөлшектеу жолымен билік етіп отырғанымыз жоқ, қайта барлық еңбекшілерді өмірлік мүдделердің, таптық сананың біртұтас тізбегі арқылы біріктіру жолымен билік жүргізудеміз. Сондықтан, біздің одағымыз, біздің жаңа мемлекетіміз, империалистерге қажет мемлекеттік құрамаларды жасанды жолмен өтірік жәнө қаталдық арқылы біріктіретін зорлықшыл өкіметтен гөрі анағұрлым берік. Мәселен, Финляндия жұмысшылары мен шаруаларының өкіметті өз қолдарына алуы ғана мұң екен, олар бізге дүние жүзілік пролетарлық революцияға өздерінің адалдық ниетін білдіріп, сәлем сөздерін жолдады, бұл сөздерден олардың бізбен бірге Интернационалдың жолымен жүруге біржолата бел байлағандығы көрініп тұр[110]. Біздің федерациямыздың негізі, міне, осындай, ал ерікті ұлттардың әр түрлі жеке федерациялары революциялық Россияның төңірегіне барған сайын топтаса беретіндігіне мен кәміл сенемін. Бұл федерация өтіріксіз-ақ және қаталдықсыз-ақ мейлінше ерікті түрде өсе бермек, сондықтан ол мызғымастай берік. Оның мызғымас беріктігінің ең жақсы кепілі — біз өзімізде жасап отырған заңдарымыз, мемлекеттік құрылысымыз болып табылады. Сіздер жаңа ғана жерді социализациялау туралы заңды естідіңіздер[111]. Жұмысшылар мен шаруалардың бірігуінің қазір біртұтас екендігіне, мұндай бірігу тұсында социализмге баратын жолдағы кедергілердің бәрін біздің жеңе алатындығымызға бұл заң кепілдік емес пе?

Мен жасырмаймын, мұндай кедергілер орасан көп. Біздің бірлігімізді бұзу үшін буржуазия барлық құралдарды жұмсап, тәуекелге бел байлайтын болады. Өтірікшілер, арандатушылар, сатқындар табылады, мүмкін, санасы жетілмеген адамдар да табылар, бірақ біз бұдан былай еш нәрседен де қорықпаймыз, өйткені біз өзіміздің, жаңа мемлекеттік өкіметімізді құр-

дық, өйткені мемлекеттің өзін өзі басқару ісі біздің қолымызда. Біз бар күш-жігерімізді түгелдей контрреволюциялық әрекет атаулыға қарсы жұмсаймыз. Алайда жаңа құрылыстың берік болуының басты негізі — социализм жолында біз іс жүзіне асыратын ұйымдық шаралар болып табылады. Бұл жөнінде біздің орасан зор жұмыс істеуімізге тура келеді. Жолдастар, ұлттарды соғысқа тартқан дүние жүзілік тонаушы-империалистер дүние жүзінің бүкіл шаруашылық өмірін түбірінен шайқалтып жібергенін естеріңізге түсіріңіздер. Олар бізге ауыр мұра қалдырды — өздерінің бүлдіргендерін қайтадан қалпына келтіру жұмысын мұраға қалдырды.

Әрине, еңбекшілердің басқару тәжірибесі болған жоқ, бірақ біз бұдан қорықпаймыз. Жеңген пролетариаттың алдында қазір жалпы халық дәулетіне айналған жер өз қойнауын ашып отыр, сондықтан пролетариат жаңа өндіріс пен тұтынуды социалистік принцип бойынша ұйымдастыра алады. Бұрын бүкіл адамзаттың ақыл-ойы, оның бүкіл даналығы бірсулерге техника мен мәдениеттің барлық игілігін беріп, басқаларды ең қажетті нәрседен — білім алу мен дамудан мақұрым қалдыру үшін қызмет етті. Ал енді техниканың барлық кереметі, мәдениеттің барлық жеңісі жалпы халық игілігіне айналады, сөйтіп бұдан былай адамзаттың ақыл-ойы мен даналығы еш уақытта да күштеу құралына, қанау құралына айналмайтын болады. Біз мұны білеміз,— сондықтан осы ең ұлы тарихи міндетке бола жұмыс істеуге тұрмай ма, барлық күшті сарп етуге тұрмай ма? Сондықтан еңбекшілер бұл тарихи алып жұмысты істеп шығады, өйткені еңбекшілердің ішінде революцияның, көркеюдің және жаңарудың тұнып жатқан ұлы күштері бар.

Біз қазірдің өзінде жалғыз емеспіз. Соңғы күндердің ішінде тек Украина мен Донда ғана емес, біздің Калединдер мен Керенскийлер қол астында ғана емес, сонымен қатар Батыс Европада да маңызды-маңызды оқиғалар болды. Германиядағы революцияның жайы туралы телеграммалармен сіздер бұрыннан таныссыздар. Революциялық стихияның от-жалыны бүкіл дүние

жүзілік шіріген ескі құрылыстың үстінде барған сайын күшті лаулап отыр. Біздің, Совет өкіметін орнатып, басқа елдерде де нақ осындай әрекеттерді туғызғандығымыз өмірден алшақ теория болған жоқ, кабинет адамдарының қиялы болған жоқ. Өйткені, қайталап айтайын, еңбекшілердің бұл қанды қырғыннан құтылатын басқа жолы болған жоқ. Енді бұл әрекеттер қазірдің өзінде халықаралық революцияның берік жеңістеріне айнала бастады*. Сөйтіп біз Советтердің тарихи съезін бірден-бірге өсіп келе жатқан дүние жүзілік революция жағдайында аяқтап отырмыз, сөйтіп, өзара күш біріктіріп жаңа социалистік сарай салу үшін барлық елдердің еңбекшілерінің бүкіл адамзаттық бір мемлекетке келіп қосылатын уақыты алыс емес. Бұл құрылыстың жолы басталып келе жатқан бүкіл дүние жүзілік революция формаларының бірі болып табылатын Советтер арқылы өтетін болады. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Сіздерді құттықтай отырып, мен сіздерді осы жаңа сарайды салуға шақырамын. Сіздер жер-жерге тарағаннан соң, барлық күштеріңізді біздің ұлы жеңісімізді ұйымдастыруға, баянды етуге жұмсайсыздар. (Д е л е г а т т а р о р ы н д а р ы н а н т ұ р ы п, Л е н и н ж о л д а с т ы д у қ о л ш а п а л а қ т а у м е н қ ұ т т ы қ т а й д ы).

---

* «Правда» газетінің 1918 ж. 2 февральдағы (20 январьдағы) 15-номерінде басылған текстіде, бұдан әрі мынадай абзац бар: «Империалистер мен буржуазия малайларының бізге қалай айқайлағандары сіздердің естеріңізде болар: «Сіздер, өздеріңіздің саясаттарыңызбен одақтастарды — Англияны, Американы, Францияны жоғалттыңыздар», «Сіздер Россияны оқшау қалдырдыңыздар...» деп айқайлады. Рас, жолдастар, біз ағылшын, француз және американ капиталистерін жоғалттық, бірақ, ағылшын, француз, герман жұмысшыларын, солдаттары мен шаруаларын өз жағымызға тарттық. Енді сіздердің одақтастарыңыз жоқ деп, бізге айтып көрсін». *Ред.*

ҚЫЗЫЛ ГВАРДИЯ ШТАБЫНА БҰЙРЫҚ

12 январь, 1918 ж.

Питерге төнген аштық қаупінің аса қатерлілігі салдарынан және Халық Комиссарлары Советінің жол бойында астығы бар вагондар тұрған-тұрмағанын анықтау үшін Питер мен оның төңірегіндегі темір жолдарды қарап шығу туралы шешіміне сәйкес, Қызыл гвардия штабына осы сияқты қарап шығу жөнінде және жалдаптар мен саботажшыларды ұстау жөнінде жәрдем көрсетуге бұйрық етіледі.

Осы мақсатпен дереу тиісті мөлшерде отрядтар құрып, оларды ертең, 13 январьда, таңертең Темір жол істері жөніндегі комиссариатқа, Невский жолдасқа немесе оның орынбасарына солармен бірлесе қимыл жасау үшін жіберуге бұйрық етіледі:

(1) станцияларды қарап шығып, станция бастықтарынан және басқа басқарушылардан астығы бар немесе азықтық өнімдері бар бірде-бір вагон (вокзалда және жол бойында) жоқ екендігі туралы қолхат алынсын;

(2) астығы, т. с. бар вагондар іс жүзінде жоқ екендігі тексерілсін; тексеріс теміржолшылармен бірге жүргізілсін;

(3) жалған мәліметтер немесе теріс хабарлар берілген жағдайда басқарушылар тұтқынға алынып (темір жол жұмысшылары комитеттерінің келісімі бойынша), олар революциялық сотқа тартылсын.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ СЪЕЗІ[112]

5—30 январь (18 январь—12 февраль), 1918 ж.

1

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ 13(26) ЯНВАРЬДАҒЫ БАЯНДАМАСЫ

Жолдастар, сіздерге сындарлы баяндама жасап беруге, өкінішке орай, менің мүмкіндігім жоқ, сондықтан мен сіздердің араларыңызда істің жағдайымен неғұрлым толық танысқысы келетіндер, аздап газет мәліметтері бойынша, аздап Советтер съезінен алған жеке әсерлері бойынша, Совет өкіметінің қазіргі жағдайы туралы, оның басқа мекемелерге қатынасы туралы және оның алдында тұрған міндеттер туралы өздеріне толық және дәл түсінік құрай алады деп сенемін. Сондықтан бірнеше қысқаша қосымша ескертпелермен шектелуіме рұқсат етіңіздер. Совет өкіметінің міндеттері мен жағдайына сипаттама беру үшін, мен оның темір жол пролетариатының, теміржолшы еңбеккерлердің ұйымы жөнінде қандай көзқараста екендігіне тоқталуға тиіспін.

Жолдастар, сіздер Совет өкіметі Құрылтай жиналысымен қақтығысып қалғандығын және дәулетті таптардың бәрі: помещиктер, буржуазия, калединшілдер мен олардың жақтастары Совет өкіметінің Құрылтай жиналысын таратқандығы үшін бізге қазір кінәларды қарша боратып жатқандығын білесіздер. Бірақ, осы кінәлаулар аздағап буржуазиялық газеттердің беттерінен неғұрлым қаттырақ естілсе, жұмысшылардың, солдаттардың, еңбекшілердің және езілгендердің үні де соғұрлым қаттырақ естіледі. Шаруалар: Совет өкіметі басқа өкіметтің қандайынан да жоғары тұратындығына біз еш уақытта күмәнданған емеспіз дейді, сондықтан жұмысшылар да, солдаттар да, шаруалар

да өздері сайлаған, өздері құрған, өздері бақылап, өздері тексеріп отыратын өз Советтерін еш уақытта ешкімге, ешқандай мекемеге бермейді. Совет өкіметінің Құрылтай жиналысына қайшы келіп қалған себебі ең алдымен мынау: бәріңіз де білесіздер, Құрылтай жиналысы Октябрь революциясынан бұрын жасалған тізімдер бойынша сайланды. Құрылтай жиналысы пропорциялы өкілдікпен жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру негізінде сайланды. Сайлаудың бұл системасы — сайлаудың ең жетілдірілген системасы, бірақ ол тек бір ғана жағдайда, атап айтқанда, егер осы система бойынша тізімдер жасауға тек өздерінің ғана праволары мен мүмкіндіктері бар партиялар, осы партиялар өздерін сайлайтын халық топтарының пиғылына, тілектеріне, мүдделеріне, еркіне шын мәнісінде жауап беретін болса ғана халық еркінің дұрыс көрінісін бере алады, өйткені сайлаудың басқа системасында, жеке участке өзінің жеке кандидатын немесе депутатын сайлайтын болса, сайлаудың осындай системасында не өз сыңайын, не болған саяси өзгерісті еске ала отырып, өз қателерін қолма-қол түзеу халыққа оңай болады. Ал сайлаудың пропорциялы системасында, партия, тұтас партия ретінде, партиялық тізімдерді сайлау болардан көп бұрын жасауға тиіс, сондықтан да мынадай болып шықты: 12 ноябрьде жиналуға тиіс болған Құрылтай жиналысы үшін партиялар тізімдерді сентябрьде және октябрьдің бас кезінде-ақ жасауға тиіс болды. Заң бойынша шектеулі мерзім тағайындалғаны сіздердің бәріңіздің естеріңізде. Осы шектеулі мерзімде барлық партиялар тізім бойынша өз кандидаттарын ұсынуға тиіс болды, сөйтіп осы мерзімнен кейін тізімдерді өзгерту мүмкін болмады. Сонымен Россиядағы ең үлкен партия — сол кезде жазда және күзде ең үлкен деп саналған партия, күмән жоқ, эсерлер партиясы болып шықты, ол 1917 жылғы октябрьдің басында бүкіл эсерлер партиясының атынан өз тізімдерін ұсынуға тиіс болды; осылай болып шықты да. Тізімдер октябрьдің басында берілген болып шықты, ал ол тізімдерге эсерлер партиясының кандидаттары енгізілді; бейне бір тұтас

партия болғандай болып шықты. Тізімдер жасалғаннан кейін, орыс жұмысшылары мен шаруалары өздерінің Советтерін құра отырып, революцияның басынан бастап ұзақ, қиын және ауыр жолды өткеннен кейін, Керенскиймен келісімге келудің күні бітті. Ал осы Керенскийдің өзі де эсер болып — бейне бір социалист болып та, бейне бір революционер болып та есептелді ғой, ал шындығында оның өзі құпия шарттарды, француз және ағылшын империалистерімен жасалған шарттарды, февральда құлатылған патшаның жасаған осы шарттарын — орыс капиталисі Константинопольді, Дарданелді, Арменияны немесе Галицияның бір бөлшегін басып алар ма еді деген оймен орыс халқын қырғынға ұшыратқан шарттарды қалтасына тығып жүрген империалист болды; ал бұлардың ішіндегі әйгілі Милюков тәрізді қызбалар, олар күні бұрын картадан бал ашты, сөйтіп Шығыс Пруссияның бір бөлшегі бөлініп алынып, миллиондаған жұмысшылар мен солдаттардың төгілген қаны үшін орыс халқына сыйға тартылуға тиіс болды. Эсерлер партиясының мүшесі болып саналып келген және шынында да мүшесі болып қалған Керенскийдің үстемдік еткен орыс буржуазиялық-империалистік республикасы іс жүзінде осындай болды.

Октябрьдің аяғында жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезі шақырылды; ол кез империалистермен болған осы келісімпаздықтан халық қалжыраған кез еді, июньде болған шабуыл бізді жүз мыңдаған құрбандықтарға ұшыратып, соғыстың не үшін созылып отырғанын, осы құпия шарттардың солдаттарды қалайша қырғынға душар еткенін, бітім туралы «сөздер» қалайша бос сөздер ғана болып қалғандығын айқын көрсеткен кез еді. Сондықтан Советтердің Бүкіл россиялық II съезі буржуазиялық-империалистік үкіметтің осы өкіметін құлатып, Совет өкіметін орнатты. Құрылтай жиналысының сайлауы 12 ноябрьде өткен болып шықты; бұл сайлау жұмысшыларды, солдаттарды және әсіресе шаруаларды бұрынғы тізімдер бойынша дауыс берерлік жағдайға душар етті; басқа тізімдер болған жоқ және

оларды жасауға да мүмкіндік болмады, сондықтан қазір бізге: «Сіздер халықтың көпшілігінің еркін білдіруші Құрылтай жиналысын таратып жіберіп отырсыздар» деген кезде, Керенский сияқты социалистердің буржуазияшыл жазушысымақтары мен газеттері мұны сан-саққа құбылтып қайталап отырған кезде, біз оларға былай деп жауап береміз: «Сіздердің алдарыңызда менің жаңа ғана баяндаған дәлелім жөнінде және Құрылтай жиналысын тарату туралы декретте айтылған дәлел жөнінде Сіздер неліктен халыққа бір ауыз сөз ашық айта алмайсыздар?». Біз Құрылтай жиналысын халықтың еркін білдіруші деп есептей алмаймыз, себебі ол ескі тізімдер бойынша сайланды. Жұмысшылар және әсіресе шаруалар эсерлер партиясын тұтас партия ретінде жақтап дауыс берді, ал бұл партия сайлаудан кейін жікке бөлінді, сондықтан да сайлаудан соң партия халық алдында екі партия ретінде көрініп отыр — оңшыл эсерлер партиясы буржуазиямен қол ұстасып кетті, ал солшыл эсерлер партиясы, бұл партия жұмысшы табымен бірге, еңбекшілермен бірге қалып, социализмнің жақтаушысы болып шықты. Құрылтай жиналысы болған кезде халық оңшыл эсерлер мен солшыл эсерлердің бірін таңдай алатын ба еді? — Таңдай алмайтын еді, сондықтан да тіпті тізімдер жасау мен сайлау тәртібі жағынан, осы ресми тұрғыдан да біз: Құрылтай жиналысы халық еркінің дұрыс көрінісін бере алмайтын еді дейміз, біздің мұнымызды ешкім де теріске шығара алмайды. Революция тізімдер жасалып қойғаннан кейін және Құрылтай жиналысының сайлауына дейін болды, бұған революция кінәлы емес; эсерлер партиясы халықты және әсіресе шаруаларды осынша ұзақ уақыт қараңғылықта ұстап, бос сөздермен алдап келді, бұған революция кінәлы емес; тек 25 октябрьден кейін ғана, шаруалардың Екінші съезі шақырылған кезде ғана, біз оңшыл эсерлер мен солшыл эсерлердің ымыраға келуі мүмкін еместігін көрдік, міне осыдан кейін солдаттардың да, шаруалардың да бірқатар съездері ашылып, мұның өзі осы теміржолшылар съезімен аяқталып отыр.

Сөйтіп барлық жерде біз бір ғана жағдайды көрдік — барлық жерде, бір жағынан, шын мәнісінде еңбекшілер мен езілгендерге жататындардың орасан зор көпшілігі тұтасымен, сөзсіз және біржолата Совет өкіметі жағына шығып отыр, ал екінші жағынан, буржуазияшыл жоғарғы топтар, қызметшілер, басқарушылар, ауқатты шаруалар — бұлардың бәрі дәулетті таптар жағына, буржуазия жағына шықты, сөйтіп «Бүкіл өкімет Құрылтай жиналысына берілсін» деген ұран көтерді,— мұның өзі өкімет революцияға дейін сайланған жиналысқа берілсін деген сөз еді, бірақ оны сайлағанда, халық оңшыл эсерлерді солшыл эсерлерден қалай ажыратарын әлі білмеген еді. Жоқ, еңбекші таптардың революциясы ескі тізімдерден жоғары қойылуға тиіс, революцияға дейін езіліп келген еңбекшілер мен қаналушылардың мүдделері ең басты орынға қойылуға тиіс,— және, егер Құрылтай жиналысы Совет өкіметінің еркіне қарсы, еңбекшілердің көріпеу көпшілігінің еркіне қарсы шығатын болса, онда осы себепті — Құрылтай жиналысы жойылсын да, Совет өкіметі жасасын. (Қол шапалақтау.) Сондықтан қазір, жолдастар, халық шаруашылығының барлық салаларындағы және елдің барлық түкпірлеріндегі кедейлер, еңбекшілер мен езілгендер Совет өкіметін барған сайын көбірек қолдап отырғандығына біздің күн сайын көзіміз жетуде, сондықтан буржуазиялық газеттер мен оңшыл эсерлердің, Керенский партиясының газеттері тәрізді социалистіксымақ газеттер бізге қаншама жала жапқанымен, біздің өкіметімізді халық еркіне қарсы шығып отыр деп, халыққа сүйенбейді деп бізге қаншама жала жапқанымен — мұның өзі нағыз өтірік. Біз дәл бүгін осыны айқын растайтын бір ерекше дәлелдеме алдық, біз Воронеждегі казак әскери бөлімдерінің съезі және Каменская станицасындағы 20 казак полкі мен 5 батареясының съезі қалай өткендігі туралы Доннан (түнгі телеграммада) хабар алдық. Майдангер казактар өздерінің съезін шақырыпты, өйткені олар Россияда өкіметтің Советтердің қолына көшуіне наразы болып отырған және Донның өзін өзі билеуін қалайтын офицерлердің, юнкерлердің

және помещик ұрпақтарының калединшілдер төңірегіне жиналып жатқандығын біліп отыр. Онда өзін бірінші атаман деп атап жүрген Калединнің партиясы жасақталып жатыр. Майдангер казактардың бұл съезін таратып жібермекші болған[113]. Ал бұған казактар: біріншіден — Воронеж съезіне қосылу арқылы, екіншіден — Калединге соғыс жариялау арқылы, үшіншіден — атамандарды қамауға алу арқылы, төртіншіден — басты-басты станциялардың бәрін басып алу арқылы жауап берген.

Саботажшылар өз жалақыларын алып тұруы үшін және Совет өкіметіне кедергі жасауы үшін ана жаққа миллиондаған қаржы жіберген және мына жаққа да миллиондаған қаржы берген Рябушинский мырзалар, Франция мен Англияның капиталист мырзаларымен бірге және Румыния королімен бірге осы Рябушинский мырзалар, енді өз тағдырына қапа болып, жылай берсін: жалдама еңбекті пайдаланып өмір сүруші, басқаның еңбегін қанаушы, алыс қиырдан мұқтаждық қуып келген келімсек шаруа халқына үнемі қарсы күресуші ауқатты шаруалары ең көп деген Донда да бұлардың ең соңғы үміті үзілді,— тіпті қанаушы шаруалары бәрінен көп жерде де, тіпті сондай жерде де Совет өкіметіне қарсы шығуға бел байлаған юнкерлердің, офицерлердің және жеке меншікшілердің осы ұйымына жұрт ызаланып отыр, тіпті сондай жерде де біз ешкім көргісі келмейтін жіктелісті байқадық, бізді осы жіктеліс үшін кінәлап жүр. «Большевиктер азамат соғысын жариялап отыр». Мүмкін, Калединді де ойлап шығарған біз шығармыз, мүмкін, Рябушинскийді де ойлап шығарған большевиктер болар? Бірақ біздің білетініміз патша кезінде де бұлар патша өкіметінің басты тірегі болды, бұл адамдар орыс республикасын көптеген елдерде өмір сүріп отырған, еркіндігі мен сайлау тәртібіне қарамастан еңбекші халықты қандай монархиядағыдан да күшті болмаса, кем езбейтін буржуазиялық республикадай республикаға айналдыру үшін тек қана бойларын тасада ұстады. Кейбіреулер: большевиктер бауырын бауыры өлтіретін соғысты, азамат соғысын тұтандырып отыр деген кезде, олар боль-

шевиктер ушықтырып отырған, бауырын бауыры өлтіретін қылмысты азамат соғысына қарғыс айтқан кезде, біз оларға былай деп жауап береміз: «Бауырын бауыры өлтіретін деп отырған бұл қандай соғыс? Рябушинскийлер, Калединдер еңбекшілердің бауырлары ма еді? Онда мұны матростардың да, солдаттардың да, жұмысшылардың да, шаруалардың да білмеуі таңқаларлық екен, олардың мұны байқамауы таңқаларлық екен, олардың табандылықпен: Рябушинскийлер мен Калединдер Совет өкіметіне бағынсын деуі таңқаларлық екен».

Юнкерлер мен офицерлердің Петроград пен Москвада көтеріліс ұйымдастыру жөніндегі есуастық және мағынасыз әрекеті еш нәтижесіз аяқталды, өйткені жұмысшылар мен солдаттардың орасан зор көпшілігі сөзсіз Совет өкіметі жағында. Олар солдаттардың соғыс бастаған кезде, қаруланатындығын және қаруларын қайтадан ешкімге де тапсырмайтынын білді. Халық өз тағдырын дербес өз қолына алу үшін бірігіп, ұйымдасты,— осы үшін де революция бастады. Ал олар мұнда, Петроградта, халықтың түгелімен Совет өкіметі жағында екенін әбден көріп, білді, сондықтан Петроградта да, Москвада да талқандалғаннан кейін, заговор жасау үшін Донға сырғыды және еңбекші бұқараға қарсы контрреволюцияның осы заговорында буржуазиялық Киев радасына арқа сүйеуге үміттенді; ал Киев радасы өз өмірінің ақтық күндерін бастан кешіруде, өйткені ол сеніммен жұрдай болды. Олар еңбекшілерге қарсы барлық жерде азамат соғысын жариялаған кезде, соғысты бастаған сендерсіңдер деп бізді кінәлай бастады, олар: сіздер азамат соғысын тұтандырып отырсыздар, азамат соғысы құрысын деседі. Біз оларға: Рябушинскийлер мен Калединдер және олардың барлық сыбайластары құрысын деп жауап береміз. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Міне сондықтан, жолдастар, буржуазия бізге: демократияны қиратып жатырсыңдар, аса қымбатты және Россиядағы революциялық қозғалысты ұзақ уақыт қолдап, көтермелеп келген демократия формаларына, демократия мекемелеріне деген сенімді қираттыңдар,

демократияның жоғары формасын — Құрылтай жиналысын талқандадыңдар деп аса ауыр кінә тағып, пікір айтқанда, біз былай деп жауап береміз: жоқ, бұл дұрыс емес; бізде социалист Керенскийдің республикасы, империалистік көсемдердің, қалтасында құпия шарттары бар буржуазия көсемдерінің солдаттарды соғысқа (әділетті делініп жүрген соғысқа) айдаған республикасы болған кезде — әрине, онда Керенский, Черновпен және Церетелимен келісім бойынша, нақ сол саясатты жүргізген предпарламенттен гөрі, Құрылтай жиналысы артық еді[114]. Біз революцияның ең басынан бастап — 1917 жылдың апрелінен бастап — ашықтан-ашық және тура былай дегенбіз: Құрылтай жиналысынан гөрі Советтер демократияның, еңбекшілер демократиясының әлдеқайда жоғары, әлдеқайда жетілген, әлдеқайда қажетті формасы*. Құрылтай жиналысы барлық таптарды біріктіреді, демек езуші таптарды да, демек дәулеттілерді де, демек буржуазияны да, демек халық есебінен, езілгендер есебінен білім алғандарды да, капиталистерге қосылу үшін, өз білімдеріп халықты езу құралына айналдыру үшін халықтан бөлініп шыққандарды да біріктіреді, өйткені олар өздерінің білімдерін, білімнің ең жоғары жеңістерін еңбекшілерге қарсы күреске жұмсайды. Ал біз былай дейміз: революция басталған кезде,— ол революция еңбекшілер мен езілгендердің революциясы,— мемлекеттегі бүкіл өкімет билігі еңбекшілер ұйымының ғана, езілгендердің ұйымының ғана қолында болады; бұл демократизм ескі демократизмнен анағұрлым жоғары. Советтер қайсыбір партияның ойлап шығарғаны емес. Советтерді ойлап шығара алатындай партияның болмағанын сіздер жақсы білесіздер. Советтерді өмірге келтірген 1905 жылғы революция. Советтер қаншама аз өмір сүргенімен, сол кездің өзінде-ақ самодержавиеге қарсы халық күресінің бірден-бір берік тірегі — Советтер екендігі айқын болды. Советтер құлдырай бастасымен-ақ жалпы ұлттық өкілдік мекемелермен ауыстырылды,— біз бұл мекемелерде, барлық

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 31-том, 124—130-беттер. *Ред.*

Думаларда, съездерде, жиналыстарда кадеттердің, капиталистердің, қанаушылардың бас көтергенін, патшамен келісім жасай бастағанын көрдік, сойтіп халық қозғалысының органдары құлдырай бастады да, революция мерт болды. Сондықтан 1917 жылғы революция Советтерді қайта туғызып қана қоймай, сонымен қатар бүкіл елде Советтердің желісін кеңінен тартқан кезде, Советтер жұмысшыларды, солдаттарды және шаруаларды мынаған үйретті — олар мемлекеттегі бүкіл өкімет билігін өз қолдарына ала алады және алуға тиіс, алғанда: әрбір азамат басқа азаматтармен тең праволы делінетін буржуазиялық парламенттердегідей емес, басқаша алуға тиіс. Жұмысшы өзін Рябушинскиймен теңмін деп, ал шаруа өзін 12 мың десятина жері бар помещикпен теңмін деп жариялауынан, бұдан кедейлердің тұрмысы жақсарып кетпейді. Сондықтан ең жақсы демократиялық форма, ең жақсы демократиялық республика — помещиктері мен байлары жоқ өкімет.

Біздегі соғыстың, адам естімеген күйзелістің, аштықтың, құрып кету қаупінің, миллиондаған халықтың тура құрып кетуінің салдарынан,— осының салдарынан орыс халқы бәрін де тәжірибе жүзінде тезірек басынан кешіріп, бірнеше айдың ішінде шешімге келді. Апрель айында, 20-сы күні жаралы Линде, министрлік әуре-сарсаңның ұзақ кезеңінен кейін, Милюков пен Гучковтың үкіметін құлату үшін, солдаттарды Петроград көшесіне алып шыққан кезде, барлық партиялар кадеттерге жақындасып, бірінен-бірі өткен әдемі, тартымды, үміттендірерлік программаны үйіп-төгіп ұсынған кезде халықтың бұдан еш нәрсе шықпайтындығына, өзіне бітім жөнінде уәде етіп, іс жүзінде шабуылға айдап отырғанына көзі жетті: 1917 жылы июньде он мыңдаған солдат қырылды, өйткені патшаның Европа империалистерімен жасасқан құпия шарты болды, оны Керенский қуаттады. Насихаттың себебінен емес, осы тәжірибе арқылы, өз тәжірибесі арқылы, халық Советтердің социалистік өкіметі мен буржуазиялық республиканы салыстырып, мынадай пікірге келді: еңбекшілер мен езілгендердің мүдделері

үшін буржуазиялық империализмнің ескі реформалары мен ескі мекемелері жарамсыз,— бұл үшін тек Советтер өкіметі ғана жарамды; жұрттың бәрі, жұмысшылар да, солдаттар да, шаруалар да, теміржолшылар да, барлық еңбекшілер де өз өкілдерін Советтерге сайлауға ерікті, және халықтың талаптары мен тілектерін қанағаттандырмаған депутаттарын кері шақырып алуға ерікті. Советтерге қатысушылар заңдарды түсіндіру үшін, парламенттік ділмарлықпен көзге түсу үшін қатыспайды, бостандықты жүзеге асыру үшін және қанаушылық езгіні лақтырып тастау үшін қатысады. Жұмысшылар жаңа негіздегі мемлекетті өздері құрады, қанаушылары жоқ жаңа Россияның жаңа өмірін құрады. Советтер міне осыны жасады, міне сондықтан біз былай дедік: орыс революциясының тәжірибесі біздің әлдеқашан айтқанымызды, Совет өкіметі — буржуазиялық республикаларға, батыс европалық мемлекеттерде қалыптасқан республикаларға қарағанда демократияның әлдеқайда жоғары формасы; нағыз демократия, еңбекшілер, жұмысшылар еңбек етпейтіндерге, қоғамның қанаушы құрамына үстемдік ете алады және етуге тиіс, жұмысшылар, солдаттар, шаруалар және теміржолшылар өздері қожайын бола алады, қалалар мен деревняларда өнім айырбасын жүзеге асыра алады, помещиктер мен капиталистерсіз-ақ әділ жалақы белгілей алады деп айтқанымызды жұртқа көрсетіп, дәлелдеді.

Міне сондықтан да Россияның Совет республикасы қазір толық социалистік республика ретінде қалыптасты; бұл республика помещиктерден жерді тартып алды, фабрикалар мен заводтарда жұмысшы бақылауын орнатты, банктерді қолына алды, жұмысшы ұйымдарының, социалистік ұйымдардың қолына берді, сөйтіп, капиталистер құрастырып, жинап алған адам айтқысыз байлықтарды халықтың өзі билеуіне, бұл байлықтарды еңбекшілерді езу үшін емес, қайта барлық еңбекшілердің әл-ауқатының өркендеуі және мәдениетінің өсуі үшін жұмсауға мүмкіндік әперді. Совет республикасы міне осыларды жүзеге асыруға тиіс. Патшалардың әскери цензурасына қарамастан, шетел Ке-

ренскийлерінің социалистік газеттерге тыйым салуына қарамастан, халықтың, шетелдердегі еңбекші таптардың бізге іш тартуының себебі міне осы. Ондағы буржуазиялық газеттер біздің елімізге қарсы арсыздықпен өтірік айтады; «Праваданың» бірде-бір номері ол жаққа жіберткізілмейді, біздің газеттерімізге тыйым салынған. Ал осы таяу күндерде ғана менің бір жолдасым Швейцариядан, жақын уақыттарға дейін менің ұзақ қиыншылықтар көруіме тура келген жерлерден оралды, ол былай деді: еркін Швейцарияда жұрттың білмейтін бір фактісі сол — еркін Европаның еркін республикалары өздеріне біздің газеттің бірде-бір номерін жіберткізбейді екен, онда большевиктерді балағаттауды ғана білетін шылғи өсекке толы буржуазиялық газеттерді ғана оқиды екен. Бірақ осыған қарамастан, барлық елдердегі жұмысшылар Россиядағы Совет өкіметі шын мәнісінде еңбекшілердің үкіметі екендігін түсінеді. Сондықтан қазіргі Европада, Англияда да, Францияда да, Германияда да, басқа елдерде де орыс революциясы туралы хабарды қол шапалақтап әрбір жұмысшы құттықтайды, өйткені олар бұл революциядан үміт күтеді, өйткені оны бүкіл Европада өрт лаулататын шамшырақ деп біледі.

Егер орыс революциясы осылай оншама асқынуларсыз жасалса, мұның себебі — патша өкіметінің нағыз тағылық қанауы Россияның еңсесін езді және Россия сияқты қалжырап, соғыс тауқыметін тартып, азап шеккен бірде-бір басқа ел болған жоқ.

Егер орыс халқына социалистік революцияның шамшырағын бірінші болып көтеруге сәті түскен болса, онда ол бұл күресте өзінің жалғыз емес екендігін және аса сенімді жолдастары мен достарының көмегі арқасында бұл істі аяқтап шығатындығын біледі. Мүмкін көптеген уақыттар өтер, социалистік революция басқа елдерге де таралғанша қанша уақыт өтетіндігін біз білмейміз. Жалпы алғанда басқа мемлекеттерде революциялардың қалай болатындығын сіздер білесіздер. Ал сіздердің әрқайсыларыңыз 1917 жылды бастан кешірдіңіздер және революция басталғанға дейінгі үш айдың ішінде революцияның болатын-болмайтындығын

ешкімнің білмегенін де білесіздер. Жұмысшы стачкалары қазірдің өзінде Австрияға да тарай бастағанын біз білеміз. Өздерінің Черновтары мен Церетелилері бастаған европалық партиялар оқиғалардың барысына қандай да болса әсер етуден айрыла бастаған кезде, өздерінің тіпті шет қалғандықтарын сезе бастаған кезде, осы кезде онда соғыс жағдайын енгізу туралы, ал Германияда әскери диктатураны енгізу туралы айта бастады; қазір Венада стачкалар тоқтатылып, газеттер шыға бастады. Мен Стокгольмнен, ондағы біздің өкіліміз Воровскийден телеграмма алдым; бұл телеграммада ол былай дейді: қозғалыстың тоқталғандығына ешқандай күмән жоқ, бірақ дегенмен оны біржолата басып тастау мүмкін емес, сондықтан ол қайта көтерілетін болар. Бресте бітім келіс сөздерінің басталғандығының, біздің өзіміз берген уәдені орындағандығымыздың бір нәтижесі міне осы. Құпия шарттар бұзылды, жарияланды, олар сіздердің алдарыңызда масқара етіліп отыр. Біз бұрынғы капиталистердің бұл міндеттемелері, олар құпия шарттар деп атала ма, әлде заемдар деп атала ма, оның бәрібір, біз үшін енді олар бір жапырақ қағаз болып табылатынын, сондықтан сыртқа лақтырылып тасталғандығын көрсеттік; өйткені олар бізге, еңбекші бұқараға, социалистік қоғам құруға бөгет жасайды. Бресте германдар өздерінің арсыздық талаптарын қойған кезде — сөз жүзінде әділетті бітімді мойындауға уәде етіп, ал іс жүзінде қарақшылар мен жыртқыштардың сол баяғы мүдделерін білдірген кезде,— енді еңбекші бұқара мұны түсіне бастады. Бұл әдейі жасалып отырған созбалақтау, ол бұқара үшін айқын, олар орыс жұмысшылары мен шаруалары соғыста үзіліс жасаған болса, онда соғысты жалғастыра бермей үзіліс жасауға болады, үкіметтерге шабуыл жасауға болады дейді. Егер 1905 жылы 17 октябрьде самодержавие алғашқы бүкіл халықтық ұлы стачканы басып тастаған болса, онда ол стачка Австрияда, Вена мен Прагада бірқатар оқиғаларды, жұмысшылардың демонстрацияларын туғызды, міне сол кезде австриялықтар өздерінің жалпыға бірдей сайлау правосын жеңіп алды. Орыс революциясын 1905 жылы

патша өкіметі басып тастады, бірақ ол революция мынаны жүзеге асырды: батыс европалық жұмысшылар келешектегі ұлы реформаларға, яғни қазір болып жатқандарға сеніп отыр.

Советтердің Үшінші съезі ашылғанда сіздердің бәріңіз де шетел партияларының бірталай өкілдерін көрдіңіздер; олар Англиядағы, Швейцариядағы және Америкадағы жұмысшы қозғалысын бақылап отырғандарын айтты, олар бірауыздан: Европада социалистік революция бүгінгі таңның міндетіне айналып отыр деп мәлімдеді. Европада буржуазия біздің Керенскийлерден гөрі күштірек жәпе сұмдау, бұқараның көтерілуіне қиынырақ болу үшін ол ұйымдасып та үлгерді. Онда жұмысшылардың әл-ауқаты біраз тәуірлеу, сондықтан онда ондаған жылдардан бері келе жатқан, өкіметке енген, халықтың көз алдында бедел алып отырған бұрынғы социалистік партияларды баса көктеу қиынырақ. Бірақ мұндай бедел қазір жоғалып барады, бұқара буырқанып отыр, сондықтан ең таяу болашақта, мүмкін біраз кейінірек, социалистік революция барлық елдерде күн тәртібіне қойылатындығына ешқандай күмән жоқ, өйткені капитал езгісінің ақтық күндері туды.

Егер бізге: большевиктер Россияға социализмді енгізу сияқты қайдағы бір утопиялық бірдеңені ойлап шығарды, бұл мүмкін емес нәрсе дейтіндер болса, онда біз бұған былай деп жауап береміз: жұмысшылардың, шаруалардың және солдаттардың көпшілігі утопистер мен қиялшылдарға тілектес болуы неліктен? Жұмысшылар, шаруалар және солдаттар көпшілігінің біздің жағымызға шығуының себебі — олардың соғыс нәтижелерін өз тәжірибелері арқылы көргендігінен және ескі қоғамнан шығу жолы жоқ екендігін, капиталистер техника мен мәдениеттің барлық кереметтері арқылы жойқын соғысқа кірiскендігін, жұрттың тағылыққа, және аштыққа дейін жеткендігін көргендігінен емес пе. Міне капиталистер осыны істеді, міне сондықтан да біздің алдымызда мынадай мәселе тұр: не өлу керек, не осы ескі буржуазиялық қоғамды ақырына дейін қирату керек. Міне біздің революцияның терең мағы-

насы осы. Біздің өзімізбен көршілес, халқы сауатты, кішкентай Эстляндияда жақында батырақтардың съезі болып, уәкілдер сайлапғанын, ол уәкілдер барлық мәдени шаруашылықтарды өз қолдарына алғанып көруіміздің себебі міне осы. Мұның өзі дүние жүзілік төңкеріс. Капиталистік шаруашылықта әлеуметтік басқыштың ең төменгі сатысында тұрған батырақтар шаруашылықты есепке алып жатыр. Одан соң, сейммі ұлт атынан сөйлеген, буржуазиясы бізден тәуелсіздігін тануды талап еткен Финляндияға келсек, біз патша өкіметі езгімен ұстап келген барлық ұлттарды Россияның қол астында немесе Россиялық бір мемлекетте күшпен ұстап отырғымыз келмейді. Біз: басқа ұлттарды — Украинаны, Финляндияны өзімізге тартқанда күшпен емес, еріксіз көндіру арқылы емес, олардың өздерінің социалистік дүниесін, өздерінің совет республикаларын құруы арқылы тартамыз деп үміттендік. Қазір біз Финляндияда, 12 жыл бойы, 1905 жылдан бері толық ішкі бостандықпен және демократиялық мекемелердің сайлау правосымен пайдаланып келген Финляндияда, таяу уақытта жұмысшы революциясы болғалы тұрғанын көріп отырмыз. 1905—1917 жылдардан бері осы елге, өзінің мәдениеттілігімен, өзінің шаруашылық құрылысымен және өзінің өткендегі тарихымен ерекшеленетін елге, осы елге большевиктер бейне бір қолдан лаулатты деліпіп отырған өрттің ұшқындары келіп түсті. Сөйтіп онда да социалистік революцияның басталып жатқанын көріп отырмыз. Бұл құбылыс мынаны дәлелдейді: біз партиялық күреспен алдарқанып қалған жоқпыз, біздің қимылдарымыз жоспар бойынша жасалған жоқ, қайта бүкіл адам баласының соғыстан кейінгі қиын жағдайы ғана осы революцияны жасады және социалистік революцияны жеңімпаз революция етті.

Жолдастар, нақ осы жағдай сіздердің, теміржолшылардың съезінде де болып отырғандығын көрсетіп, сөзімді аяқтауға рұқсат етіңіздер. Біз сіздердің жоғарғы темір жол ұйымдарыңызға қарсы күрес қандай қиындықпен жүргізілгенін көрдік. Сіздер, теміржолшылар, темір жол пролетариатының еңбекші бұқарасының

темір жол ісін ұйымдастырудың қиындығын өз мойындарымен көтергендігін өз тәжірибелеріңізден көрдіңіздер. Бұл іс мұндай қиын халге жасанды түрде, кездейсоқ душар болған жоқ; бұл іс не Совет өкіметін талқандау үшін қолынан келгеннің бәрін істеуге әзір тұрған, сол үшін жүз мыңдаған сом ақша берген миллионерлерге параға сатылған буржуазияның қолымен қасақана бөгелді; не буржуазия істің тәртібін өзгерткісі келмей, қарсылық жасағандықтан болды, өйткені буржуазия бастықтар болуы керек, оларға жұмыс істейтін кедейлер болуы керек, бастықтар кедейлерді жәбірлеуі керек, бұл — құдай бұйрығы деп есептеді. Шынында да, басқармашылар осылай деп ойлады: мұның өзі шын мәнісінде құдай бұйрығы, басқа тәртіптің болуы мүмкін емес, ал егер бұл тәртіп бұзылатын болса, онда былық болып шығады деп ойлады. Бірақ бұлай болған жоқ. Еңбекші бұқараны біріктіру бәрінен де жоғары, олар өздерінің арасында жолдастық тәртіпті орната алады, темір жол жұмысын және қала мен деревня арасында өнім айырбастауды дұрыс жолға қою үшін, жұмысшылар мен шаруалардың халық шаруашылығын бүкіл россиялық көлемде ұйымдастыруына көмектесу үшін, сөйтіп еңбекші бұқара өз еңбегінің өнімдерін помещиктер мен капиталистерсіз пайдалана алатындай болуы үшін, ғылыми-техникалық білімдер ат төбеліндей аз ғана адамдардың баюына, қапшықтаған ақша жинауға қызмет етпей, бүкіл темір жол шаруашылығының өмірін жақсартуға қызмет етуі үшін техника мен мәдениеттің барлық табыстарын пайдалана алады. Мұның әсіресе біз үшін маңызы зор. Әрбір тораптық станцияның төңірегінде қаншама пара-пайда, алдап-арбау, жалдаптық орын теуіп отырғандығын сіздер білесіздер, транспортты бүлдіру үшін, вагондарды адам таба алмайтын жерлерге тығып тастау үшін қанаушылар миллиондаған ақша шашып отырғанын сіздер білесіздер. Мұның бәрі ашаршылықты күшейту үшін, сөйтіп халықты Совет өкіметіне қарсы айдап салу үшін істеліп отыр. Бірақ сіздердің бәріңіз де мынаны білесіздер: егер темір жол ұйымдарының көпшілігі бірігіп, Совет өкіметін қолдауды өзінің міндеті

етіп қоятын болса, тек сонда ғана барлық жүліктер, саботажшылар, капиталистер мен қанаушылар, буржуазиялық қоғамның бүкіл осы сарқыншақтары аяусыз күрес арқылы сыпырып тасталынатын болады, тек сонда ғана дұрыс темір жол шаруашылығын ұйымдастыру мүмкін болады және жұмысшыларды, солдаттар мен шаруаларды езушілер өктемдігінен толық азат ету мүмкін болады, тек сонда ғана біз социализмге ие боламыз. (Бүкіл зал болып ду қол шапалақтады.)

2
ЗАПИСКАЛАРҒА ЖАУАП

Жолдастар, менің алдымда жатқан запискалар екі топқа бөлінеді: бірі Құрылтай жиналысы туралы сұрақ қояды — бұл бір тобы. Екінші тобы — ашаршылық туралы, шаруашылық күйзелісі туралы сұрақ қояды. Запискалар азды-көпті бірыңғай тақырыпқа қатысты болғандықтан, оларды біріктіріп, мен осы екі топ бойынша жауап беремін. Құрылтай жиналысына келетін болсақ, бізден былай деп сұрайды: Құрылтай жиналысын таратып жіберу әділетті болды ма және жаңа Құрылтай жиналысын шақыру қажет болмас па екен? Немесе Құрылтай жиналысын таратпастан бұрын мәселені халық референдумына қою дұрысырақ болмас па еді? Жоқ, жолдастар, референдуммен де, жаңа Құрылтай жиналысымен де іске көмектесуге болмайды. Россиядағы партиялар осылай қалыптасқан. Капиталистердің кімге тілектес екенін, жұмысшылар мен шаруалардың кімге тілектес екенін — біз көрдік. Совет өкіметі қайсыбіреудің декретімен де, қайсыбір партияның қаулысымен де құрылған жоқ, өйткені Совет өкіметі партиялардан жоғары тұрады, өйткені ол революциялық тәжірибе бойынша, миллиондаған адамдардың тәжірибесі бойынша құрылған; Советтердің 1905 жылы туып, 1917 жылы өсіп-жетіліп, жаңа республика құруы тіпті де кездейсоқ емес, мұндай республика европалық елдерде жоқ және, әзірге оларда капитал үстемдік етіп отырғанда, болмайды да. Бірақ Совет республикасы барлық жерде жеңіп шығады, сонда капиталға шешуші соққы берілетін болады. Мен мынаны көрсетуге тиіспін: Құрылтай жиналысы мен

референдум буржуазиялық парламентаризмнің ескі үлгілері бойынша құрылған, сондықтан халық дауыс бергенде, капиталдың үстемдік етуі салдарынан, онымен есептесуге, саудаласуға мәжбүр болады. Ал Совет өкіметі парламенттерде сайысып, сұлу сөздермен пікір таластыратын, капитал мен чиновниктік аппараттың берік үстемдігін орнықтыратын өкілдерден құрылмайды. Совет өкіметі еңбекші бұқараның өзінен шығады, ол парламенттен емес, еңбекші өкілдердің жиналысынан құралады, тікелей орындалып, жүзеге асырылатын, өзінің алдына қанаушыларға қарсы күрес міндетін қоятын заңдарды осы жиналыс шығарады. Ескі үлгідегі Құрылтай жиналысы мен ескі үлгідегі референдумдар бүкіл ұлттың еркін біріктіруді, сөйтіп қасқыр мен қойдың, қанаушылар мен қаналушылардың тату-тәтті өмір сүруіне мүмкіндік жасауды өздерінің міндеті етіп қойды. Жоқ, біз бұлай еткізім келмейді. Мұның бәрін біз басымыздан кешіргенбіз, талай тауқыметін тартқанбыз. Бізге осының өзі де жеткілікті. Жұмысшылардың, шаруалар мен солдаттардың көпшілігіне де осы жеткілікті екеніне біздің көзіміз жетеді. Соғыс не капиталдың қолынан босанып шығу үшін, не өлу үшін толып жатқан ерлік істер істеуге мәжбүр етіп отырған кезде, бізді европалық елдерде әлдеқашан жасалған тәжірибені қайталауға және бізге еңбекші бұқараның өкілдігін емес, ескі буржуазиялық капитализм мен жалпы ұлттық өкілдікті беретін тәжірибені қайталауға мәжбүр еткісі келеді. Бізге буржуазиялық өкілдік емес, қаналушылар мен езілушілердің қанаушыларға қарсы аяусыз күрес жүргізетін өкілдігі керек. Міне, Совет өкіметінің көздеген мақсаты осындай; Совет өкіметіне парламент те, референдум да жатпайды. Совет өкіметі бұлардан жоғары тұр, егер еңбекшілер өз партиясына риза болмаса, Совет өкіметі олардың өз делегаттарын қайта сайлауына, өкіметті басқа партияға беруіне, сөйтіп үкіметті ешқандай революциясыз өзгертуіне мүмкіндік береді, өйткені Керенский — Калединнің, буржуазиялық Раданың тәжірибесі Совет өкіметіне қарсы күрестің мүмкін емес екендігін көрсетті. Ал егер қазір Россияда Совет

өкіметіне қарсы күресуші ондаған адам табылып отырған болса, онда мұндай мәжнүндер көп емес, ал бірнеше аптадан кейін тіпті болмайды да, сөйтіп Совет өкіметі езілуші таптың езушілерді құлату үшін, қанаушыларды аластау үшін құрған ұйымы ретінде салтанат құрады.

Енді мен қазіргі заманның сұмдық апаты — бізге қауіп төндіріп отырған аштаршылық мәселесіне көшемін. Күйзелістің басты себебі неде? Қалалар мен өнеркәсіпті жерлерде аштаршылық қаупін төндіріп отырған күйзелістің басты себебі — саботажшылардың үстемдік етуінде, экономикалық күйзелісте болып отыр, бұл экономикалық күйзелісті осы саботажшылар қолпаштап, ол үшін кінәны бізге артып отыр. Біз Россияда астықтың жеткілікті екендігін, оның калединшілдер қол астында, алыс Сибирь мен астықты губернияларда жатқандығын жақсы білеміз. Мен мынаны айтуға тиіспін: егер езілуші таптар берік, қатаң, революциялық өкімет құрмаса, олар еш уақытта азаттық ала алмайды. Саботажшылар жөнінде, жолдастар, мен мынаны айтамын: саботажшы чиновниктер үш айға күні бұрын жалақы алғандықтарына қол қою үшін барып тұратын пәтерлердің адрестерін де, бұл үшін Рябушинский 5 миллион сом, ал ағылшын-француз империалистері де сонша қаржы, румын империалистері де сонша қаржы бергенін біз білеміз. Саботаж дегеніміз міне осы: ол — параға сатып алынған адамдар, жоғары лауазымды қызметшілер, олар көбісі өздерінің не істегелі жүргенін білмесе де, бір ғана мақсатты: Совет өкіметін жою мақсатын көздейді. Саботаж дегеніміз қанаушылар үшін бұрынғы ұжмақты, еңбекшілер үшін бұрынғы тозақты қайта орнатуға ұмтылушылық. Ал олардың бұл мақсатқа жете алмауы үшін, біз олардың қарсылығын тойтаруымыз керек.

Содан соң бізге темір жол қызметшілерінің еңбегіне төленетін ақы жөнінде ескерту жасайды. Бұл түгелдей түсініспеушілік. Тек бір ғана комиссар бұл оқиғаны бәлкім осылай түсініп, осы указды шығарған болуы мүмкін, бірақ Халық Комиссарлары Советінің бірінші нұсқауын алған бойда ол бұл указды өзгертті[115], сон-

дықтан Совет өкіметінің ниеті солай болып еді деу — істің мәнін білмегендік.

Ашаршылық пен анархияны жою үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, капиталистердің қарсылығын тойтарып, саботажшыларды қарсылық жасай алмайтындай жағдайға қою керек. «Новая Жизньнің» жақтаушылары мен басқа да социалистіксымақ органдар екі жарым ай бойы саботаж әлі тоқталмай отыр дегенде, мен: осы саботажды тоқтату үшін сіздердің бізге көмектеспеулеріңіздің себебі неліктен дер едім. Банктер қазірдің өзінде Советтердің карауына көшті. Кеше мынадай бір оқиға болды: маған қызметі жазушы Финн-Енотаевский келіп, 50 мың адамның атынан былай деп мәлімдеді: банктер Совет өкіметіне толық бағынып жұмыс істеуге әзір. (Қатты қол шапалақтау.) Мен банк қызметшілерінің делегатына: «Баяғыда-ақ осылай ету керек еді» деп жауап бердім. Егер Совет өкіметі еңбекшілердің көпшілігі тарапынан сөз жүзінде емес, іс жүзінде шын мәнісінде мойындалатын болса, біз ұйымдармен — мейлі ол банк қызметшілерінің ұйымы болсын, немесе қандайда бір басқа ұйым болсын — келіс сөз жүргізуден бас тартпаймыз. Міне банк қызметшілерінен біз осындай мәлімдеме естідік, олар адам естімеген жалдаптық қулық-сұмдықтар істеуге, оңтайы келсе сомнан тиын жырып қалуға әдеттенген, сондықтан олардың қалтасы миллиондаған сом пайдаға лық толы.

Енді олар бізге келіс сөздер ұсынып отыр, бірақ бұл келіс сөздер Керенскийдің жүргізген келіс сөздеріндей болмайды. Біз банктерге реформа жасау туралы сөз қозғамаймыз. Біз әуелі қарулы күшпен банктерді қолымызға алдық, ал содан кейін барып енді келіс сөздерге кірісеміз, қаулылар мен жарлықтар шығарамыз. Ең алдымен бізге саботажшылардың қарсылығын тойтару маңызды, ал келіс сөздерге содан кейін барып кірісу керек. Міне ашаршылық пен анархияға қарсы күресудің жолы осы, капитализм мен күйзелістің сұмдықтарын тек осы жол ғана жеңе алады. Бүкіл дүние жүзінде, әсіресе патша өкіметі парақорлықты, зорлықты, еңбекшілерді жек көрушілік пен қорлауды мұраға

қалдырып кеткен Россияда адам естімеген күйзеліс болғанын сіздер білесіздер. Ал қазір анархия жайлап барады деп шағынады; өздеріңіз ойлаңыздаршы, үш жыл бойы окоптарда жатып, соғыстан қалжыраған адамдар орыс капиталистерінің баюы үшін, орыс капиталистеріне Константинопольдің керек болғаны үшін күресе алар ма еді. Совет өкіметін құлату үшін, жер бетінде үстемдік алу үшін адамдар миллиондаған қаржыны пайдаланады, олар осыны әрбір қадам басқан сайын көріп отыр.

Жолдастар, мұндай өзгерістер, істің тындырылуы мағынасында алсақ, бір күнде жасалуы мүмкін емес. Социалистік революция басталды, енді бәрі казармалық емес, жолдастық тәртіпті ұйымдастыруға байланысты, капиталистердің тәртібіне емес, еңбекші бұқараның өздерінің тәртібіне байланысты. Міне темір-жолшы еңбеккерлер өкіметті өз қолдарына алған кезде, олар қарулы ұйымның көмегімен саботаж бен жалдаптықты жояды, сөйтіп параға сатып алумен шұғылданушылардың бәрін, дұрыс темір жол қатыпасын бұзушылардың бәрін қудалауды өзінің міндеті етіп қояды. Ондай адамдарды халықтық өкіметке қарсы барып тұрған қылмыскерлер есебінде қудалау керек. Міне, капиталистерге, саботажшыларға, жүліктерге және Рябушинскийлерге қарсы күресу тек осындай ұйымға, советтік ұйымға, оның топтасуы мен қажыр-қайратына байланысты. Ашаршылықты жеңу үшін міне осындай жолды қалау керек, өйткені Россияда бәрі бар: темір де, мұнай да, астық та, бір сөзбен айтқанда, адамша өмір сүру үшін қажетті нәрсенің бәрі де бар. Егер қанаушыларды жеңетін болсақ, онда Русьте Совет өкіметі орнайды және қожайындық етуге қол жетеді,— осылай болады да. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Бірінші рет 1918 ж. «Темір жол қызметшілерінің, мастеревойларының және жұмысшыларының 1918 ж. 5 январьдан 30 январьға дейін Петроградта өткен Бүкіл россиялық төтенше съезі жөніндегі еңбектер» деген кітапта басылған

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАД СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҰЙЫМДАРЫ ӨКІЛДЕРІМЕН 1918 ж. 14 (27) ЯНВАРЬДА ӨТКІЗГЕН КЕҢЕСІ[116]

1

АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

1

Владимировтың деректеріне қарағанда, бұрынғы паекті қалдыру керек. Петроградта бар нәрсені табу үшін шаралар қолдану керек.

2

Бұл мәліметтердің бәрі Питер жұмысшыларының сұмдық әрекетсіздігін көрсетеді. Петроград жұмысшылары мен солдаттары оларға өздерінен басқа ешкім көмектеспейтінін түсінуге тиіс. Озбырлық жасау фактілері айқын, жалдаптық сұмдық болып отыр, бірақ оған қарсы күресу үшін солдаттар мен жұмысшылар бұқара арасында не істеді? Егер бұқараның өз белсенділігін күшейтпесе, ештеңе шықпайды. Советтің пленум жиналысын шақырып, Петроградта және жүк поездары станцияларында жаппай тінту жүргізілсін деп қаулы алу қажет. Тінту жүргізу үшін әрбір завод, әрбір рота отрядтар бөлуге тиіс, тінтуге өздері тіленгендерді емес, нан карточкасынан айрылатындығы ескертіліп, әрбір адамды міндеттеу керек. Біз жалдаптарға террорды — табанда атып тастауды — қолданбасақ, ештеңе шықпайды. Егер отрядтардың құрамы келісіп алған адамдардан жасақталмай, кездейсоқ адамдардан жасақталса, тонаушылықтар болмайды. Сонымен қатар, тонаушыларға да осылайша жазаны батыл қолдану керек — табанда атып тастау керек.

Халықтың ауқатты бөлегін 3 күнге нансыз қалдыру керек, өйткені олардың қоры және басқа да азық-түліктері бар, және көтеріңкі бағамен жалдаптардан да сатып ала алады.

2
ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Петроград Советінің толық құрамдағы жиналысы шақырылып, жалдаптарға қарсы күрестің және ашаршылықтан құтылудың революциялық шаралары жүргізілсін:

1) Солдаттар мен жұмысшылардың бүкіл бұқарасы бірнеше мың отряд (10—15 адамнан, ал мүмкін одан да көбірек адамнан) ұйымдастыруға қатыстырылсын; бұл отрядтар күн сайын белгілі бір уақытын (мәселен, 3—4 сағат уақытын) азық-түлік ісі жөніндегі жұмысқа бөлуге міндетті.

2) Керекті мөлшердегі отрядтарды дер кезінде бере алмаған полктер мен заводтар нан карточкаларынан айрылып, оларға революциялық ықпал ету шаралары мен жазалары қолданылады.

3) Отрядтар, біріншіден, астығы бар вагондарды қарап шығу, есепке алу арқылы вокзалдарда, екіншіден, Питер маңындағы жолдар мен тораптық станцияларда, үшіншіден, барлық қоймалар мен жеке пәтерлерде дереу тінту жүргізуге тиіс.

Қарап шығу, есепке алу және реквизициялау жөніндегі нұсқауды аудандық Советтер делегаттарының қатысуымен Петроград Советінің президиумы немесе ерекше комиссия әзірлейді.

4) Айыбы қолма-қол мойнына қойылып ұсталған және әбден әшкереленген жалдаптарды отрядтар табанда атып тастайды. Арам ниеттілігі әшкере болған отряд мүшелері де осы жазаға тартылады.

5) Ашаршылықтан құтқарудың ең қатаң шаралары үшін құрылған революциялық отрядтардың жалпы санының ішінен астық беретін басты-басты губерниялардың барлық станциялары мен барлық уездеріне жіберу үшін ең сенімді, ең жақсы қаруланған отрядтар бөлінеді. Бұл отрядтарға, жергілікті темір жол комитеттерінің уәкілдігі бойынша алынған теміржолшылардың қатысуымен, мыналар тапсырылады: біріншіден, астық жүктерінің жөнелтіліп жүргізілуін бақылау; екіншіден, астықты жинау мен әкеліп құюды бақылау; үшіншіден, жалдаптарға қарсы және астық қорларын реквизициялау үшін ең қатаң революциялық шараларды қолдану.

6) Революциялық отрядтар реквизициялау, қамауға алу немесе атуға жазалау протоколы жасалған кездің бәрінде оған кемінде алты адамнан айғақ тартады, олар ең жақын маңдағы көрші тұратын ең кедей халықтан міндетті түрде іріктеліп алынуға тиіс.

Бірінші рет 1924 ж. «Красная Летопись» журналының 1-номерінде басылған

Сөйленген сөздер — протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша; қарардың жобасы — қолжазба бойынша басылып отыр

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[117]

Азық-түлік советі туралы декреттерді басып шығару ісін азық-түлік жөніндегі съездің кеңестеріне дейін кейінге қалдыра отырып және азық-түлік саласындағы барлық қызметкерлердің өз қызметін тастамауын және ішінара кездесіп қалатын дау-жанжалдан аулақ болуды қатты талап ете отырып,

Халық Комиссарлары Советі жүктерді жөнелту, жүргізу, астық жинап, оны қоймаларға құю, т. т. жөнінде нағыз революциялық шаралар қолдану үшін, сондай-ақ жалдаптарға қарсы аяусыз күрес жүргізу мақсатында жергілікті Советтерге әшкереленген жалдаптар мен саботажшыларды ұсталған жерінде атып тастауға дейінгі жазадан да тартынбауға ұсыныс жасау үшін Бүкіл россиялық азық-түлік советіне және Азық-түлік комиссариатына жергілікті жерлерге комиссарлар ғана емес, сонымен қатар көптеген қарулы отрядтар жіберу ісін де күшейтуді тапсырады.

Халық Комиссарлары Советі паекті көбейтпеуді, ал маршруттық поездарды тездетіп жөнелтіп, олардың жүріс-тұрысын мұқият қадағалап отыруды ұсынады.

Петербург торабын тазартуға шұғыл шаралар қолданылсын, бұл жұмыс жөніндегі жауапкершілік Бүкіл россиялық азық-түлік советіне жүктелсін.

Бүкіл россиялық азық-түлік советіне азық-түлік ісінің барысы туралы Халық Комиссарлары Советіне күнбе-күн хабарлап отыру және азық-түлік операцияларының жоспарын тапсыру міндеттелсін.

1918 ж. 14(27) январьда жазылған
Бірінші рет 1931 ж.
Лениннің XVIII жинағында
басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЕҢБЕКАҚЫ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[118]

Халық Комиссарлары Советі Почта және телеграф комиссариатының сметасын уақытша, екі ай мерзімге бекітеді, осы мерзім ішінде: барлық мамандықтар бойынша және елдің барлық жерлерінде жалақы мен еңбекақы мөлшерлерін жаппай қайта қарап, теңестіру ісі дереу қолға алынуға тиіс.

Бұл қайта қарау ісін барлық басқа комиссариаттармен және жұмысшы ұйымдарымен келісе отырып жүргізу Еңбек комиссариатына жүктеледі.

1918 ж. 16(29) январьда жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТЕҢІЗ ЖӘНЕ ӨЗЕН САУДА ФЛОТЫН НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ[119]

1

ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ

1. Халық Комиссарлары Советі былай деп атап көрсетеді: Орталық комитет те[120], Центроволга да сауда мақсаттары үшін қызмет етуші теңіз және өзен кемелерінің бәрін дереу және төлемсіз национализациялаудың қажеттігіне толық келіседі.

2. Сондықтан Халық Комиссарлары Советі қаулы етеді: осы национализациялау дереу жүзеге асырылсын, Теңіз комиссариатының өкілдерінен, Орталық комитеттің екі өкілінен, Центроволганың екі өкілінен және Халық шаруашылығы жоғары советі тағайындаған председательден құрылған ерекше комиссияға национализациялау туралы декреттің төмендегі негіздерін талдап жасау және оны екі күннен кейін Халық Комиссарлары Советіне тапсыру жүктелсін.

3. Бүкіл флотты национализациялауға декрет шығарылады.

4. Кемелерде тәртіп сақталуы, кемелердің аман сақталуы, тағы басқалар жөнінде қамқорлық жасау тікелей кеме командаларына, ал одан соң әрбір бассейннің немесе теңіздің кеме жұмысшыларының одағына жүктеледі.

5. Орталық комитет пен Центроволга уақытша, съезге дейін және бірікkенге дейін, бүкіл национализацияланған флоттың орталық басқармалары деп танылады.

Егер бірігу ерікті түрде жасалмайтын болса, онда Совет өкіметі оны күштеп жүзеге асыратын болады.

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

[illegible]

Теңіз және өзен сауда флотын национализациялау туралы декреттің В. И. Ленин жазған жобасының қолжазбасы.— 18(31) январь, 1918 ж.

6. Орталық басқармалар Совет өкіметінің жергілікті және орталық органдарына толық бағынып жұмыс істейді.

2
ЖОБАҒА ҚОСЫМША

Национализациялау туралы *дереу* шығарылатын декретке мыналар қосылсын:

(α) барлық басқармаларды қамауға (үйінде) алу

(β) кемелерді бүлдіргені, т. с. үшін қатаң жауапты болу, т. с.

1918 ж. 18 (31) январьда жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 19 ЯНВАРЬДА (1 ФЕВРАЛЬДА) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

1

Ленин жолдас қандай конференция шақыру керек? деген сұрақ қояды[121]. Оның пікірінше, революциялық соғысты жақтаушылармен ашық түсінісіп алу керек, өйткені олардың Zwischenruf'-нен* партия ішінде бір топ екінші топты бітім туралы мәселе жөнінде дипломатияға салынып отыр деп күдіктенеді деген кінәлауды байқауға болады; іс жүзінде ешқандай да дипломатияға салыпушылық жоқ, өйткені уақытша бітім туралы шешімде: қай жақ болса да уақытша бітімді бұзғысы келсе, бұл туралы соғыс қимылдарын бастаудан жеті күн бұрын мәлімдеуге тиіс деп мүлде ашықтан-ашық айтылған. Біз бітім мәселесін осы негізде созып отырмыз. Советтердің үшінші съезінде шешім қалай қабылданған еді? Орталық Атқару Комитеті қалай ұсынса, шешім солай қабылданды, Орталық Атқару Комитеті шешімді фракцияның шешіміне сәйкес шығарды, ал фракция шешімді Орталық Комитеттің шешіміне сәйкес қабылдады. Ленин: революциялық соғысты жақтаушы жолдастар пікірінен қайту үшін майданға барып, соғыс жүргізудің мүлдем мүмкін еместігін көзімен көрсе, ең жақсысы осы болар еді деп есептейді. Конференцияның қажеті жоқ екендігін Ленин мынадан да көріп отыр: конференцияның шешімдері Орталық Комитет үшін міндетті бола алмайды; мүмкін, осы себепті партиядан дәл директивалар алу үшін бізге партия съезін шақыру қажет

* — шешен сөйлеп тұрғанда орнында отырып ескерту жасау. *Ред.*

болар[122]. Бітім келіс сөздерін соза түссек, біз бауырласуды жалғастыра беруге мүмкіндік береміз, ал, бітім жасассақ, біз дереу соғыс тұтқындарын айырбастай аламыз, сөйтіп біз Германияға біздің революцияны практика жүзінде көрген адамдардың орасан зор бұқарасын жібереміз; революциядан үйренген бұл адамдарға Германияда революцияны өрістету жөнінде жұмыс істеу жеңілірек болады. Мұнымен қатар, Ленин Германияда не болып жатқанын дәл анықтау үшін Берлинге авиаторлар жіберуіміз керек деп есептейді, олардың айтуына қарағанда, мұны істеуге әбден болады.

2

Ленин жолдас Бухариннің Петроград комитетіндегі істің жайы туралы нақты анықтама беруін күн тәртібіне енгізуді ұсынды.

3

Ленин жолдас нақты ұсыныс енгізеді. Конференция ұйымдастыруды жақтаушыларға ол конференция туып отырған алауыздықты шеше алмайды деп көрсетеді. Партия съезі қажет, ал конференция партияның пікірін біліп алу үшін ғана қажет. Ленин бұл үшін кеңес шақыруды ұсынады, бұл кеңесте барлық пікірлер, барлық көзқарастар белгілі болады, оның үстіне әрбір көзқарастағылардан үш адамнан болуға тиіс. Бұл кеңес келісімді әзірлеуге тиіс.

4

Ленин жолдас кеңесті екі-үш күннен кейін шақыруды жақтады, бірақ тезистерді баспау керек, өйткені біз оларды Германияның қолына түсіргіміз келмейді деді. Конференция туралы мәселені кеңеске дейін шешпеу керек, ал тезистерді жарияламай бітім туралы мәселені съезге дейін кейінге қалдыру қисынсыз болып табылады.

5

Ленин жолдас Советтердің үшінші съезінің жүріп кететін мүшелері үшін кеңсс өткізу керек, бірақ жазбаша түрде ешқандай нұсқау бермеу керек, деп ұсыныс жасайды.

6

Ленин жолдас партияның программасын 15 февральға дейін жасап үлгеруге болмайды деп көрсетіп, мынаны ұсынады:

Кеңес 20 январьда шақырылсын және оның құрамы мынадай болсын: 1) Орталық Комитет, 2) айқын білдірілген пікірлердің өкілдері, атап айтқанда: Ленин, Сокольников, Бухарин, Оболенский, Стуков. Егер Смирновтың, Оболенскийдің, Стуковтың және Пятаковтың қағидаларында пікір алалығы болса, онда олар 2 өкіл жібереді, болмаса бір өкіл жібереді. 3) Петроград комитетінің өкілі — Фенигштейн. 4) Латыш.

Москвалықтармен және Пятаковпен сөйлесуді Бухарин мен Ломовқа тапсыру керек. Топтардың қай-қайсысы да өз тезистерін ұсынады[123].

1 және 6-сөздер бірінші рет 1922 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалары жинағында, XV томда; 2—5-сөздер бірінші рет 1929 ж. «РСДРП Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917 — февраль, 1918» деген кітапта басылған

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

РАДИОГРАММА. ЖҰРТТЫҢ БӘРІНЕ. ӘСІРЕСЕ БРЕСТ-ЛИТОВСКІДЕГІ БІТІМ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНА

Проводтың жоқтығына біз де барынша мазасызданып отырмыз[124], бұған тегінде немістер кінәлы болса керек. Киев Радасы құлады. Украинадағы бүкіл өкімет Советтің қолында. Украинада өкімет билігін Харьков Орталық Атқару Комитетінің қолына алғаны талассыз; большевик Коцюбинский Украина республикасы әскерлерінің бас қолбасшысы болып тағайындалды. Финляндияда буржуазияшыл контрреволюционерлердің халдері мүшкіл, жұмысшылар оларға қарсы өте қатты ызаланып отыр. Донда 46 казак полкі Каменская станицасындағы съезде өздерін үкіметпіз деп жариялап, Калединге қарсы соғысып жатыр. Берлинде жұмысшы депутаттары Советінің құрылуымен байланысты Питер жұмысшыларының энтузиазмы көтерілді. Карл Либкнехт босатылды және таяуда неміс үкіметін басқарады деген сөз таралуда. Ертең Петроград Советінің мәжілісінде жұмысшылардың Берлин және Вена Советтеріне құттықтау хат жолдау туралы мәселе қойылады.

Ленин

1918 ж. 21 январьда (3 февральда) жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰРТТЫҢ БӘРІНЕ, БАРШАҒА РАДИОГРАММА

Жұрттың бәріне

Бірқатар шетелдік газеттер Петроградтағы сұмдықтар мен былықтар, т. с. туралы жалған мәліметтер хабарлауда.

Бұл мәліметтердің бәрі де түгелімен дұрыс емес. Петроград пен Москвада мейлінше тыныштық. Социалистерді ешқандай қамауға алу деген болған жоқ. Киев украин Совет өкіметінің қолында. Киевтегі буржуазиялық Рада құлап, қашып кетті. Харьковтегі украин Совет өкіметінің қолындағы өкімет билігі толығынан мойындалды. Донда казактардың 46 полкі Калединге қарсы көтеріліске шықты. Совет өкімет орындары Оренбургті алды, казактардың көсемі Дутов талқандалып, қашып кетті. Финляндияда жұмысшы финн үкіметінің жеңісі тез баянды етіліп келеді, контрреволюцияшыл ақ гвардияның әскерлері солтүстікке қарай ығыстырылды, оларды жұмысшылардың жеңуі қамтамасыз етілді.

Петроградта азық-түлік мәселесі жақсарып келеді; бүгін, ескіше 22. I. 1918, Петроград жұмысшылары финляндиялықтарға көмекке 10 вагон азық-түлік береді.

Германиядан алынған мәліметтер мардымсыз. Германдардың Германиядағы революциялық қозғалыс туралы шындықты жасырып отырғаны айқын. Троцкий Брест-Литовскіден немістер келіс сөздерді созбалай береді деп Петроградқа телеграмма соқты. Немістің көріне желіктірілген буржуазиялық баспасөзі жұртшылық

арасында үрей туғызу үшін Россия туралы жалған мәліметтер таратуда.

Кеше, 21. I. 1918, шіркеуді мемлекеттен толық бөлу туралы және барлық шіркеу мүліктерін конфискелеу туралы декрет жарияланды.

1918 ж. 22 январьда (4 февральда) жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПРОВИНЦИЯҒА ЖІБЕРІЛЕТІН ҮГІТШІЛЕРДІҢ АЛДЫНДА 1918 ж. 23 ЯНВАРЬДА (5 ФЕВРАЛЬДА) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Жолдастар, Великороссияның да, бұрын күштеп Россия құрамына енгізілген, ал қазір еркін Россия республикасының құрамдас бөлектері болып отырған басқа ұлттардың да жұмысшыларының, солдаттарының және шаруаларының көпшілігі Совет өкіметін мойындағандығын сіздер білесіздер. Сондықтан бізге Калединнің контрреволюциялық әскерлерінің жексұрын қалдықтарымен азын-аулақ күрес жүргізуге тура келіп отыр, Каледин, сірә, өзінің Донында революцияшыл казактардан бас сауғалайтын болар.

Сөйтіп, міне енді, контрреволюцияның соңғы тірегі құлап отырған кезде,— біз Совет өкіметі нығайып келеді деп сеніммен айта аламыз. Ол нығаяды да. Бұл жұрттың бәріне әбден түсінікті, өйткені тек осы өкімет қана, өз Советтерінде отырған жұмысшылардың, солдаттардың және шаруалардың өздері ғана Россияны барлық еңбекшілердің бірлесіп еркін өмір сүруі жолына бастай алатындығын айқын тәжірибе көрсетті.

Біздің алдымызда екі күшті жау тұр: біріншісі — халықаралық капитал. Ол біздің алдымызда өзі жек көретін Совет өкіметінің нығаюын жанталаса бақылап тұр. Бұл миллиардерлердің басқадан басып алынған қайсыбір ауыс-түйіс олжаны иемденуге бола соғыс ашпай тұра алмайтындығы күмәнсыз. Сондай-ақ олардың әзірше Совет республикасынан күштірек екендігі де күмәнсыз.

Бірақ капиталистер бізден күштірек болса да, біздің комиссарларға өздерінің өкілдерін қазірдің өзінде жі-

бере бастауы мынадан шығар: сірә, олар Совет өкіметін, тіпті заемдардың жойылуын да,— өздерінің сықита толтырылған қалталарына барып тиетін сұмдық, нағыз жаңға батарлық осы соққыны — сірә, мойындайтын болар. Сөйтіп халықаралық финанс олигархиясы өкілдерінің бұл сөздері халықаралық капиталистердің тұйыққа тірелгенін көрсетіп отыр. Олар соғыстан сытылып шығып, бүкіл Европа мен Америкада өрт лаулатқан, жөк көрінішті Совет республикасына бар күш-жігерімен қуана-қуана шабуыл жасаған болар еді, бірақ мұны істей алмайды.

Біздің революцияны соғыс тудырды; соғыс болмаса, біз бүкіл дүние жүзі капиталистерінің қосылып кеткенін: бізге қарсы күрес негізінде топтасқанын көрген болар едік. Олардың ойы бір-ақ нәрседе: біз лаулатқан өрттің жалыны өз үйлерінің шатырына ұшып түспесе екен дейді. Бірақ Россиядан қытай қорғаны арқылы оқшаулана алмайсың. Жер туралы, банктерді национализациялау, т. т. туралы біздің декреттерімізді шабыттана қарсы алмаған дүние жүзінде бірде-бір жұмысшы ұйымы жоқ.

Мүмкін, келешекте біздің табан тірескен күреске төтеп беруімізге тура келер, бірақ, жолдастар, мынаны мықтап біліп қойыңыздар: көптеген елдерде өздерінің капиталистері езіп отырған жұмысшылар қазірдің өзінде ояна бастады, сондықтан барлық елдердің калединшілдері қаншама жанталасқанымен де, және егер тіпті олар Россияға уақытша соққы бере қалған күнде де, бұдан олардың жағдайы жақсармаған болар еді. Ал біздің жағдайымыз әбден берік, өйткені бізді барлық елдердің күллі жұмысшылары жақтап отыр. (Қол шапалақтау.)

Біздің екінші жауымыз — күйзеліс. Советтердің жағдайы нығайып отырған кезде, күйзеліспен онан сайын көбірек күресу керек. Міне сіздер, жолдастар, нақ осы күресті өрістетуге тиіссіздер. Сіздердің сапарларыңыздың, қазіргі уақытта Совет өкіметін басқарып отырған екі үкіметтік партияның үгітшілері сапарының, үлкен маңызы бар. Сондықтан менің ойымша, алыс түкпірдегі провинцияда сіздердің алдарыңызда Совет өкіметін

нығайту, деревняға революциялық идеяларды жеткізу, күйзелісті жойып, еңбекші шаруаларды деревня кулактарынан азат ету жөнінде қажырлы, бірақ абыройлы жұмыс тұр.

Біздің алдымызда тұрған ауыр, қажырлы еңбек — соғыс салған жараларды жазу. Европалық басқа елдердің буржуазиясы біздікінен гөрі көп дайындалды. Онда өнімдер дұрыс бөліпіп отырды, осының нәтижесінде оларға қазір жеңілдік туып отыр, майданда солдаттардың ауыстырылуы дұрыс жолға қойылған. Патша өкіметі де, Керенскийдің солқылдақ, келісімпаз-буржуазиялық өкіметі де мұндай ештеңе берген жоқ.

Міне, Россияның қазір ерекше қиын жағдайда болуының себебі осы. Күл-талқаны шыққан жерлерде социалистік қоғамның іргетасын қалау үшін, Россияның алдында ұйымдастыру міндеттері тұр, бас пайдасына бола күйзелісті күшейтіп отырған, қалжыраған, тіпті тура бұзақылық жасаушы элементтермен күресу міндеттері тұр.

Сіздердің алдарыңызда, жолдастар, қиын, бірақ, менің жоғарыда айтқанымдай, абыройлы жұмыс: деревняда шаруашылықты жолға қойып, Совет өкіметін нығайту жұмысы тұр. Бірақ сіздердің көмекшілеріңіз бар, өйткені біз өз еңбегімен күн көруші әрбір жұмысшы мен шаруаға оның санасы: аштшылық пен апаттан құтылу үшін Совет өкіметінен басқа жол жоқ деп айтып отырғанын білеміз. Ал біз Россияны аман сақтап қала аламыз. Деректердің бәрі де Россияда астықтың бар екендігін көрсетіп отыр, егер дер кезінде есепке алынып, әділ бөлінетін болса, астық табылған болар еді. Егер сіздер кең байтақ Россияға, темір жол күйзелісіне көз жіберсеңіздер, онда сіздердің көздеріңіз мынаған жетеді: бізге қолда бар астыққа күшті бақылау жасап, оны дұрыс бөлу қажет, өйтпесе ашаршылық біздерді де, сіздерді де апатқа апарып соқтырады. Мұны бір ғана жағдайда жолға қоюға болады: әрбір жұмысшы, әрбір шаруа, әрбір азамат өзіне тек өзі ғана көмек жасай алатынын түсінуі керек. Сіздерге ешкім де көмектеспейді, жолдастар. Бүкіл

буржуазия, чиновниктер, саботажшылар сіздерге қарсы шығып отыр, өйткені халық осы уақытқа дейін капиталистер мен кулактардың қолында болып келген осы бүкіл халықтық дәулетті озара бөлісетін болса, онда ол Россияны жатып ішерлер мен арамтамақтардан тазартатынын олар біледі. Сондықтан да олар Каледин мен Дутовтан бастап саботажға дейін, азғындаған элементтерді, нағыз қалжыраған және, ескі әдет бойынша, буржуазияның қанаушылық әдеті бойынша, қарсылық жасай алмайтындарды сатып алуға дейін барып, барлық күшін еңбекшілерге қарсы жинады. Бүгін олар санасы жетілмеген, қараңғы солдаттарды шарап ойранын жасау үшін параға сатып алуда. Ертең астанаға жөнелтілген жүктерді бөгеу үшін темір жол басқармашыларын сатып алады, одан соң астық тиелген баржаларды бөгеу үшін кеме иелерін сатып алады, т. т. Бірақ халық тек ұйымшылдық жағдайында ғана топтасуға, жолдастық тәртіп орнатуға мүмкіндік туатындығын түсінген кезде,— сол кезде ғана буржуазияның қандай да болса арандатулары халық үшін қауіпті болмайды.

Міне сіздердің міндеттеріңіз осы, бірігуді, ұйымдасуды және Совет өкіметін нығайтуды сіздер деревняға жеткізуге тиіссіздер. Онда, деревняда, сіздер Совет өкіметін орнаттырмауға тырысатын «буржуй»-шаруаларды, кулактарды кездестіресіздер. Олармен күресу сіздерге қиын болмайды, өйткені бұқара сіздерді жақтайды. Бұқара деревняға орталықтан жазалаушы экспедиция емес, жарық сәуле әкелуші үгітшілер келіп жатқандығын, әрбір деревняда өзі еңбек ететін, бөтеннің есебінен күн көрмейтін адамдарды топтастыру үшін келіп жатқандығын көреді.

Жер туралы мәселені алайық: жер халық дәулеті деп жарияланды, сөйтіп жеке меншіктің барлық түрі жойылуда. Осы арқылы қанауды жою жөнінде ұлы қадам жасалды.

Бұл арада байлар мен еңбекші шаруалар арасында күрес қызады, сондықтан кедейлерге кітаппен емес, тәжірибемен, өз күресіңмен көмектесу керек. Біз помещиктерден жерді тартып алғанда ол байлар мен кулактарға емес, кедейлерге берілсін деп тартып ал-

дық. Бұл сіздерге кедей шаруалар тарапынан сүйсіну мен тілектестік тудырады.

Егіншілік құралдары мен машиналары кулактар мен байлардың қолына түсіп кетпеуі үшін де қамқорлық жасау қажет. Бұл машиналар Совет өкіметінің қарамағында болуға тиіс және болыстық комитеттер арқылы еңбекші бұқараның пайдалануына уақытша берілуге тиіс. Сөйтіп бұқараның өзі бұл машиналар кулактардың баю құралы болып қызмет етпей, тек өз жерлерін өңдеу үшін пайдаланылатын болуын қадағалап отыруға тиіс.

Сіздердің қиын істеріңізде әрбір шаруа сіздерге көмектеседі. Кулактар мен жебірлерді тұқыртып тежеу қажет екендігін деревняға түсіндіріңіздер. Халық еңбегінің өнімдерін еңбекші халық пайдалануы үшін өнімдерді дұрыс, біркелкі тең бөлу қажет. Сөйтіп, өзінің суық қолын халық қазынасына сұғушы бір байға он еңбекшіні қарсы қою керек.

Советтердің кірісі 8 миллиардқа, ал шығысы 28 миллиардқа тең болып отыр. Егер патша өкіметі батпаққа батырған осы мемлекеттік арбаны батпақтан шығарып ала алмасақ, әрине, істің мұндай жағдайында сіздер мен біздер сәтсіздікке ұшыраймыз.

Сыртқы соғыс аяқталды немесе аяқталып келеді. Бұл шешілген іс. Енді ішкі соғыс басталды. Тонап алғандарын сандықтарына тығып қойып, буржуазия жапажай: «Оқасы жоқ,— біз буға тұрамыз» деп ойлайды. Халық осы «сұғанақты» бұқпанасынан сүйреп шығарып, тонап алғандарын қайтып беруге мәжбүр етуге тиіс. Сіздер мұны жергілікті жерлерде жүргізуге тиіссіздер. Толық күйреу бізді мерт етпеуі үшін, олардың бұғып қалуына жол бермеу керек. Оларды бұған мәжбүр ететін полиция емес,— полиция өлтіріліп, жерленген,— мұны халықтың өзі істеуге тиіс, оларға қарсы күресудің басқаша амалы жоқ.

Большевизмнің не екені жөнінде казакқа түсінік берген қарт-большевик дұрыс айтқан.

Казактың: сіздердің, большевиктердің, тонап жатқандарыңыз рас па?— деген сұрағына, қарт: иә, біз тонаушыларды тонап жатырмыз, деп жауап берген[125].

Егер арсыз, қылмысты қанаудың бүкіл жылдары бойына тығып тасталғандардың бәрін, тонап алынғандардың бәрін қобдишалардан шығарып алмасақ, бұл тұңғиыққа біз өзіміз батып кетеміз.

Біз көп кешікпей Орталық Атқару Комитетінде дәулеттілерге жаңа салық салу туралы заң шығарамыз, бірақ соғыс кезінде олжаланған әрбір жүздікке еңбекшінің тікелей араласуы үшін сіздер мұны жергілікті жерлерде өздеріңіз жүзеге асыруға тиіссіздер. Сіздер мұны қолдарыңызға мылтық алып жүзеге асыруға тиіс емессіздер: мылтықпен соғысатын соғыс біткен, ал мына соғыс енді басталып келеді.

Егер біз қазір ұйымдасқан түрде іске кіріссек, қанаушылардың күші біздің революциямызды төңкеріп тастай алмайды, өйткені дүние жүзі пролетариатының бәрі біздің жағымызда және бізбен бірге.

«Правда» № 18, 6 февраль (24 январь), 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ӘСКЕРИ ЗАВОДТАРДЫ ШАРУАШЫЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ ЖҰМЫСТАРҒА КӨШІРУ ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Тиісті комиссариаттардың металл заводтарын пайдалы жұмыстарға көшіруге іс жүзінде кірісуді тым баяу қолға алып отырғанына қатты өкініш білдіре келіп, Халық Комиссарлары Советі Петроград металлистер одағынан Еңбек комиссариатының, Петроград Советінің және Халық шаруашылығы жоғары советінің көмегіне сүйене отырып, металл заводтарын темір жол материалдарын жөндеу және күшейту жұмыстарына, сондай-ақ астыққа айырбастауға жарайтын өнімдерді және т. т. өндіруге дереу көшіре бастауын өтінеді.

Әскери заказдардың барлығы тоқтатылсын.

1918 ж. 23 январьда (5 февральда) жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 24 ЯНВАРЬДА (6 ФЕВРАЛЬДА) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР[126]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

1

Ленин жолдас съездің күн тәртібіне: партия программасы, бітім туралы мәселе, тактикалық мәселелер қойылуға тиіс деп есептейді.

2

Н. И. Бухарин, Я. М. Свердлов және И. В. Сталин партияның VII съезінің күн тәртібі жөнінде нақты ұсыныстар енгізді.

Ленин жолдас алдыңғы айтылғандардың бәрімен келіседі, бірақ оны октябрьде қабылданған большевиктердің партияда орасан көп болып отырғаны абыржытады, мұның өзі съездің ұстамды программа белгілеуіне кедергі жасауы мүмкін дейді.

3

Ленин жолдас мүшелікке қабылдаған кезде партияға қашан кіргені жөнінде: 25. X ге дейін немесе одан кейін кірген деп міндетті түрде жазу қажет, ол Октябрь революциясына көзқарас жөнінде партия дұрыс деп тапқан тактиканың міндетті екендігін жаңадан кірушілердің мойындаулары үшін қажет деп санайды.

Бірінші рет 1929 ж. «РСДРП Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917 — февраль, 1918» деген кітапта басылған

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

ЖЕР КОМИТЕТТЕРІНІҢ СЪЕЗІ МЕН СОВЕТТЕРДІҢ III СЪЕЗІНДЕГІ ШАРУАЛАР СЕКЦИЯСЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 28 ЯНВАРЬДА (10 ФЕВРАЛЬДА) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[127]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Біз қазір еңбекші бұқараның жеңісін баянды ету жөніндегі ұлы істі, жұмысшыларды, солдаттарды және шаруаларды біріктіру жөніндегі ұлы істі атқарып жатырмыз. Шаруалардың оңшылдар көпшілікке ие болған өткен съезінің өзінде мен былай дегенмін: егер шаруалар біздің талаптарымыздың бәрін мойындайтын болса, онда біз өз тарапымыздан шаруалардың барлық талаптарын қолдаймыз; бұл талаптардың ішіндегі ең негізгісі жерді социализациялау талабы болып табылады*. Қазір біз мұны жүзеге асырдық. Жерге жеке меншік атаулының бәрін жою туралы біз дүние жүзіндегі тұңғыш заңға ие болып отырмыз. Біз қазір өкіметке, Советтер өкіметіне ие болып отырмыз. Халықтың өзі ұсынған бұл өкімет барлық халықтардың бейбітшілігінің ұлы ісін игі негізге қояды. Соғыс қазірдің өзінде тоқтатылды, сөйтіп барлық майдандарда да демобилизация жарияланды. Барлық күшін Совет өкіметімен күресу үшін жұмылдырып жатқан буржуазияға қарсы соғыс әлі тоқталған жоқ. Біздегі орыс контрреволюциясын жоюды аяқтап қалдық. Барлық майданда да қазір күрес жүріп жатыр; бұл күресте біз үнемі дерлік жеңіске жетудеміз. Тағы да бір жау қалды: ол жау — халықаралық капитал; оған қарсы біз әлі де ұзақ уақыт күресетін боламыз және өз ұйымдасуымыз арқылы, біздің революцияны халықаралық пролетариаттың қолдауы арқылы жеңіп шығамыз. Ел-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 181—209-беттер. *Ред.*

дің өз ішінде біздің алдымызда әлі де үлкен күрес, тап күресі тұр. Бұл күрес — экономикалық күрес, біздің жауларымызды тікелей немесе жанамалап қолдап отыратып, экономикалық жағынан еңбекші бұқараға үстемдік етуге тырысатын буржуазияға қарсы күрес.

Ақша жоқ, біздің осал жеріміз осы, біз осыдан осалдық көріп отырмыз, біздің еліміз осының тақсіретін тартып отыр. Қалада және деревнядағы ірі кулактарда әлі де көп ақша бар. Бұл ақша халық еңбегінің қаналып отырғандығын көрсетеді, сондықтан бұл ақша халықтың өзінде болуға тиіс. Еңбекші шаруалар өздерін езуші-кулактарға қарсы аяусыз соғыс жариялап, халықтың жарқын болашағы жолындағы және социализм жолындағы күресімізде бізге көмектеседі деп сенеміз.

1918 ж. 15(2) февральда «Известия Советов Рабочих, Солдатских и Крестьянских Депутатов гор. Москвы и Московской области» газетінің 25-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БРЕСТ-ЛИТОВСК ОРЫСТЫҢ БІТІМ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ. ТРОЦКИЙГЕ[128]

Жауап

28/I., кешкі 6 сағат 30 минут.

Біздің көзқарасымыз Сізге белгілі; бұл көзқарас соңғы кезде әсіресе Иоффенің хатынан кейін нығая түсті. Тағы да қайталап айтамыз — Киев Радасынан ештеңе қалған жоқ, сондықтан, немістер фактіні әлі мойындамаған болса, мойындауға мәжбүр болады. Бізге жиі-жиі хабарлап тұрыңыз.

Ленин

1918 ж. 28 январьда (10 февральда) жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

САБОТАЖШЫЛАРДЫ ҚЫЗМЕТКЕ АЛУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ[129]

Халық Комиссарлары Советі қаулы етеді: саботажшылармен ешқандай келіс сөз жүргізілмесін.

Жекелеген халық комиссарларының саботажшылардың ішінен Совет өкіметіне толық бағынатын және оны қолдайтын, тиісті ведомстволарда жұмыс істету үшін қажет болып отырған жекелеген адамдарды жұмысқа қабылдауына рұқсат етіледі.

1918 ж. 31 январьда (13 февральда) жазылған

1918 ж. 14(1) февральда «Правда» газетінің 25-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 18 ФЕВРАЛЬДА (ТАҢЕРТЕҢГІСІН) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР[130]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

1

Неміс шабуылы туралы мәселе талқыланды. А. Ломов (Г. И. Оппоков) талқылауды кейінге қалдыруды ұсынады.

Ленин жолдас бұған қарсы болады, бірақ шешендердің сөздеріне шек қоюды (фракциялық пікірлерге 5 минуттан артық уақыт бермеуді) жақтайды.

2

Мәселе талқылансын деп шешілгеннен кейін Н. И. Бухарин шешендердің көпшілігінің пікір айтуына рұқсат берілуін ұсынады.

Ленин жолдас бұған қарсы шығады және бітім ұсынған телеграмма жіберу керек пе әлде керек емес пе деген мәселемен тынып, осыны жақтаушылар мен оған қарсылардың пікірін тыңдау үшін сөз берілуін ұсынады.

Лениннің ұсынысы қабылданады.

3

Бітім ұсынған телеграмма жіберуге қарсы шығып, Л. Д. Троцкий сөйледі.

Ленин жолдас (бітім ұсынуды жақтады). Кешегі дауысқа салудың ерекше бір сипатты белгісі сол — егер Германияда қозғалыс болмайтын болса, ал шабуыл жасалатын болса, онда бітімнің қажет екендігін жұрттың

бәрі мойындады[131]. Немістер шабуылды Совет үкіметін құлату үшін жасағысы келіп отырған жоқ па екен деген күдік бар. Біз қимылдауды қажет ететін жағдайға кезігіп отырмыз. Егер империализмнің шабуыл жасауы кәміл айқын болатын болса, онда біздің бәріміз қорғанысты жақтаймыз және ол кезде мұны халыққа түсіндіруге болады. Егер қазір шабуыл басталып кетсе, сөйтіп біз оны осыдан кейін барып халыққа түсіндіретін болсақ, онда біз, уақытша бітімді ұзарту туралы келіс сөздерді қазір жүргізгендегіден гөрі көбірек шатасушылық енгіземіз, бұл арада бір сағатты да зая жіберуге болмайды, өйткені бұқара мәселенің мұндай қойылысын түсінбейді. Не біз жерді социализациялау үшін революциялық соғыс жүргіземіз, онда бұқара бізді түсінеді, не біз бітім туралы келіс сөздер жүргіземіз.

Бірінші рет 1 және 2-сөздер — 1928 ж. «Пролетарская Революция» журналының 2-номерінде; 3-сөз — 1922 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалары жинағының XV томында басылған

Протоколдың жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 18 ФЕВРАЛЬДА (КЕШКІСІН) СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР[132]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

1

Ленин жолдас. Мәселе түбегейлі. Урицкийдің ұсынысы таңданарлық. Орталық Комитет революциялық соғысқа қарсы дауыс берді, ал бізде соғыс та, бітім де жоқ, сөйтіп революциялық соғысқа тартылып барамыз. Соғыспен ойнауға болмайды. Біз вагондардан айрылып жатырмыз, сондықтан да біздің транспортымыз нашарлап барады. Енді күтіп отыру мүмкін емес, өйткені жағдай әбден айқындалды. Халық мұны түсінбейді: соғыс болып жатыр екен, онда демобилизация жасамау керек еді; енді немістер бәрін алады. Аңдысудың тұйыққа келіп тірелгені сондай; егер бұдан әрі де аралық саясатты ұстансақ, революцияның күйреуі сөзсіз. Иоффе Брестен: Германияда революцияның бастамасы да жоқ деп жазды; егер осылай болса, онда германдар ілгері қарай жылжи отырып, сыйлық ала алады. Енді күтіп отыруға мүмкіндік жоқ. Күтіп отыру — орыс революциясын қиратуға қолдан беру деген сөз. Егер немістер: большевиктік өкіметті құлатуды талап етеміз дейтін болса, онда, әрине, соғысу керек; енді бұдан әрі ешқандай созбалақтау мүмкін емес. Енді іс өткендегі туралы емес, қазіргі туралы болып отыр. Егер немістерге сөз салсақ, онда бұл құр қағаз ғана болады. Бұл саясат емес. Бірден-бір амал — немістерге келіс сөздерді қайта бастауды ұсыну. Енді аралық шешімнің болуы мүмкін емес. Егер революциялық соғыс бастайтын болсақ, онда оны жариялап, демобилизацияны тоқтату керек, ал бұлай етуге болмайды. Біз қағаздарды жазып жатамыз, ал немістер оған дейін қоймалар-

ды, вагондарды алып жатады, сөйтіп біз өлесі болып жатамыз. Біз соғысты ойыншық еттік, енді революцияны немістерге беру бәске тігіліп отыр.

Тарих сіздер революцияны беріп қойдыңыздар деп айтатын болады. Біз революцияға ешқандай да қауіп төндірмейтін бітімге қол қоя алатын едік. Бізде ештеңе де жоқ, біз тіпті шегініп бара жатып бұзып та үлгіре алмаймыз. Біз қолымыздан келгенін істедік, Финляндиядағы революцияға көмектестік, ал қазір ештеңе істей алмаймыз. Қазір ноталар алмасып жатуға уақыт жоқ, сондықтан аңысын аңдай тұрушылықты қою керек. Қазір «тамырын ұстап көруге» кеш, өйткені немістердің шабуылға шығатындығы енді айқын. Революциялық соғысты жақтаушылармен талас тығызу мүмкін емес, бірақ аңысын аңдай тұруды жақтаушылармен талас туғызуға болады және таласу керек те. Немістерге бітім ұсыну керек.

2

Ленин жолдас. Бухарин өзінің революциялық соғыс позициясына көшкенін байқамай қалды. Шаруа соғысты қаламайды және соғысқа бармайды да. Қазір шаруаға сен революциялық соғысқа аттан деп айтуға бола ма. Ал осылай еткіміз келген болса, онда армияны демобилизацияламау керек еді. Перманенттік шаруалар соғысы — утопия. Революциялық соғыс жел сөз болмауға тиіс. Егер біз дайындалмаған болсақ, біз бітімге қол қоюға тиіспіз. Армия демобилизацияланған екен, онда перманенттік соғыс туралы сөз ету кісі күлерлік нәрсе. Оны азамат соғысымен салыстыруға болмайды. Революциялық соғысқа мужик бармайды — және мұны ашық айтқандардың бәрін ол серпіп тастайды. Германияда революция әлі басталған жоқ, ал өзімізде де революцияның бірден жеңбегендігін білеміз. Осында: немістер Лифляндия мен Эстляндияны алады десті, бірақ біз революция үшін бұларды да бере аламыз. Егер олар Финляндиядан әскерлерді алып кетуді талап ететін болса — бола қойсын, олар революциялық Финляндияны ала қойсын. Егер біз Финляндияны, Лифляндияны

және Эстляндияны берсек — сонда да революция жойылмайды. Кеше бізді Иоффе жолдас қорқытқан перспективалар революцияны титтей де мерт қыла алмайды.

Мен былай деп мәлімдеуді ұсынамын: бізге немістер кеше ұсынған бітімге біз қол қоямыз; егер бұған олар Украина, Финляндия, Лифляндия және Эстляндия істеріне қол сұқпауды қосатын болса,— онда мұны да сөзсіз қабылдау керек. Біздің солдаттарымыз ештеңеге де жарамсыз; немістер астық алғысы келсе — олар оны алып, кейін қайтады, Совет өкіметін мүмкін етпей тастайды. Демобилизация тоқталды деу — мұрттай ұшу деген сөз.

Бірінші рет 1922 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалары жинағының XV томында басылған

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

ГЕРМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҮКІМЕТІНЕ РАДИОГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫ[133]

Соғыс жағдайы тоқтатылды деп жариялап, барлық майданда армияны демобилизациялай бастаған Россия Совет Республикасына қарсы герман үкіметінің әскерлерін ілгері жылжытуы жөнінде Халық Комиссарлары Советі өзінің наразылығын білдіреді. Россияның жұмысшы жәпе шаруа үкіметі мұндай қадам жасалады деп тіпті де күтпеген еді, ойткені уақытша бітім жасасқан екі жақтың бірде-бірі тікелей де, жапамалап та, не 10 февральда, не қандай да болсын басқа уақытта уақытша бітімді тоқтату туралы мәлімдеген емес, ал 1917 жылғы 2(15) декабрьдегі шарт бойынша екі жақтың екеуі де уақытша бітім тоқтатылатын болса, осындай мәлімдеме жасауға міндеттенген болатын.

Халық Комиссарлары Советі, туып отырған жағдайда, Брест-Литовскіде герман үкіметі талап еткен бітімге, сол шарттар негізінде, ресми түрде қол қоюға өзінің әзір екенін мәлімдеуге мәжбүр болып отыр.

Сонымен қатар Халық Комиссарлары Советі, егер герман үкіметі бітім жөнінде өзінің дәл шарттарын тұжырымдаса, бұл шарттардың бізге қабылдауға келетін-келмейтінін айтып 12 сағаттан кешіктірмей жауап беруге өзінің әзір екендігін білдіреді.

1918 ж. февральдың 18-нен 19-на қараған түні жазылған

Радиограмма 1918 ж. 19(6) февральда «Правда» газетінің кешкі басылымында — 30-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНДЕГІ БОЛЬШЕВИКТЕР МЕН СОЛШЫЛ ЭСЕРЛЕР ФРАКЦИЯЛАРЫНЫҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 19 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин екі сағатқа созылған ұзақ сөз сойледі. Өзінің сөзінде ол мына қағидаларды дамытты: Россия үшін басқа жол жоқ, дереу сепараттық бітім жасасу керек, өйткені немістер барлық майданда да жапа-тармағай қаптап жылжып келеді, сондықтан миллиондаған әскердің тегеурініне төтеп беруге біздің шамамыз жоқ. Бітім жасассақ, біз ішкі құрылысымызбен және социалистік революцияны тереңдету ісімен шұғылданамыз, сөйтіп Россияда социалистік құрылысты енгізуге бізді жақындата түсуге тиіс түбегейлі реформаларды ойдағыдай етіп аяқтап шыға алатын боламыз.

«Социал-Демократ» № 28, 20(7) февраль, 1918 ж.

«Социал-Демократ» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ МОСКВА СОВЕТІМЕН 1918 ж. 20 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕСІЛГЕН СӨЗ

Күндізгі 2 сағат 15 минутта Халық Комиссарлары Советінің Председателі Ленин жолдасты Атқару комитетінің мүшесі Фельдман жолдас шақырды. Большевиктер фракциясының уәкілі Ленин жолдастан мыналарды сұрады:

1) Берлиннен телеграмма алынғаннан кейінгі болған фактілер туралы.

2) Халық Комиссарлары Советінің нақ қазіргі кезеңде қолданып отырған шаралары туралы.

3) Берлиннен Гофманның телеграммасынан басқа жауап болған жоқ па?

Бірінші сұраққа Ленин жолдас былай деп жауап берді:

Армия жоқ; немістер Ригадан бастап барлық майданда шабуыл жасап келеді. Двинск мен Режицаны алып қойды, Луцк мен Минскіге шабуыл жасауда. Кімде-кім бос сөзбен емес, іспен шұғылданатын болса, ол адам бітім жасасып, революцияны іштен нығайту, тереңдету ісін жүргізе беруге тиіс.

Екінші сұраққа:

Шабуыл әзір тоқталмағандықтан, мүмкін болған жерде қарсылық көрсету, шегінген жолдың бәрінде де ең аяғы бір тілім нанға дейін түк қалдырмай құртып кету туралы бұйрық берілді.

Үшінші сұраққа:

Жоқ, жауап болған жоқ.

1918 ж. 21(8) февральда «Известия Советов Рабочих, Солдатских и Крестьянских Депутатов гор. Москвы и Московской области» газетінің 29-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЛАТЫШ АТҚЫШТАРЫНЫҢ АЛДЫНДА 1918 ж. 20 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин ұзақ сөз сөйлеп, онда латыштарды бітім туралы мәселеде Совет өкіметін қолдауға шақырды. Титықтаған орыс халқына біз қайткен күнде де бітім беруіміз керек, осы арқылы біз революцияны нығайтып, жаңа жас Россияны құра бастаймыз. Жауға берілген облыстарды бәрібір иемдене алмайды, өйткені орыс революциясы таяу уақытта Германияға ғана емес, сонымен қатар соғысып жатқан өзге мемлекеттерге де ауысатын болады. Дүние жүзілік әлеуметтік революцияның ықпалымен герман империализмі өзінің жаулап алғандарының бәрінен бас тартуға мәжбүр болады.

«Новая Жизнь» № 30,
21(8) февраль, 1918 ж.

«Новая Жизнь» газетінің
тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖЕЛ СӨЗ ТУРАЛЫ[134]

Партия жиналыстарының бірінде мен революциялық соғыс туралы революциялық жел сөз біздің революциямыздың түбіне жетуі мүмкін дегенімде, мені айтыста тым қатты кетті деп кінәлаған еді. Бірақ, партияға да, революцияга да түзелместей кесел келтіру қаупі төнген кезде мәселені турасынан қойып, әр нәрсені өзінің шын атымен атауға міндеттейтін кездер болады.

Революциялық партиялар пролетарлық элементтер мен ұсақ буржуазиялық элементтерді тікелей немесе жанама түрде байланыстырып, қосып, ұштастырып отырған, революциялық оқиғалардың барысы ірі, шұғыл өзгерістердің болатынын көрсетіп отырған жағдайларда революциялық жел сөзге құштарлық көбінесе революциялық партиялардың дертіне айналады. Революциялық жел сөз дегеніміз — оқиғалардың нақ қазіргі өзгерісі кезіндегі, істің нақ қазіргі күйінде туып отырған объективтік жағдайларды есепке алмай, революциялық ұрандарды қайталау. Ұрандары тамаша, еліктірерлік, елітерлік болғанымен,— табан тірерлік негізі жоқ — міне революциялық жел сөз дегеніміздің мәнісі осы.

Россияда қазір, 1918 жылдың январь — февралында революциялық соғысты жақтайтын дәлелдердің ең маңызды топтарын ғана қарастырып өтейік, сонда объективтік шындықты осы ұранмен салыстыру менің әлгі айтқан сипаттамамның дұрыс-бұрыстығы туралы сұраққа жауап береді.

1

Бір елде социализм жеңіп, көрші елдерде капитализм сақталып отырған жағдайда, революциялық соғысты әзірлеу қажет екендігі туралы біздің баспасөз әр уақытта-ақ айтып келеді. Бұл даусыз.

Біздің Октябрь революциясынан кейін бұл әзірліктің бет алысы *іс жүзінде* қалай болып отыр?— деген сұрақ туады.

Бұл әзірліктің бет алысы былай болды: армияны біздің демобилизациялауымызға тура келді, біз мұны істеуге мәжбүр болдық, бізді бұған айқын, дәлелді, болмай қоймайтын жағдайлар мәжбүр етті, партияда демобилизацияға қарсы «ағымның» немесе пиғылдың тумағаны былай тұрсын, тіпті демобилизацияға жалпы бірде-бір адам қарсы шыққан жоқ. Көрші империалистік мемлекетпен соғысты аяқтамаған Советтік социалистік республиканың армияны демобилизациялауы сияқты ерекше құбылыстың таптық себептері туралы *ойланғысы* келген адам көп бейнеттенбей-ақ бұл себептерді үш жылға созылған соғыстан кейін күйзелудің шегіне жеткен, ұсақ шаруалы мешеу елдің әлеуметтік құрылысынан табады. Көп миллионды армия демобилизацияланды, *еріктілік* негіздеріне сүйеніп Қызыл Армияны құру ісі қолға алынды — фактілер міне осындай.

Революциялық соғыс туралы 1918 жылдың январь — февралындағы сөздерді осы фактілермен салыстырып көрсеңіз, сонда сіз революциялық жел сөз дегеннің мәнін жақсы түсінесіз.

Егер, айталық, Питер мен Москва ұйымдарының революциялық соғысты «жақтауы» жел сөз болмаса, онда біз октябрьден январьға дейінгі аралықта басқа *фактілерді* көрген болар едік: онда біз олардың тарапынан демобилизацияға қарсы батыл күресті көрер едік. Мұндай нәрсе мүлде болған емес.

Олай болғанда біз питерліктер мен москвалықтардың майданға *ондаған мың* үгітшілер мен солдаттарды жібергенін, бұлардың демобилизацияға қарсы күрес жүргізгені туралы, бұл күрестің табысты болғандығы ту-

ралы, демобилизацияның тоқтатылғандығы туралы майданнан күнбе-күн хабар келіп жатқанын көрер едік.

Мұндай еш нәрсе болған емес.

Біз онда, Қызыл Армия құрамына жасақталып, демобилизацияны террорлықпен тоқтатып, герман империализмі тарапынан жасалуы мүмкін шабуылға қарсы қорғаныс пен бекіністі жаңғыртып жатқан полктер туралы жүздеген хабарлардың келгенін көрген болар едік.

Мұндай еш нәрсе болған емес. Демобилизация қызу жүріп жатыр. Ескі армия жоқ. Жаңа армия енді-енді ғана құрылып жатыр.

Кімде-кім өзін-өзі сөзбен, жаттанды, лепірме сөздермен жұбатқысы келмесе, ол адам революциялық соғыс туралы 1918 жылғы февральдағы «ұранның» ешқандай нақты, объективті негізі жоқ жалаң жел сөз екенін көрмей тұра алмайды. Сезім, тілек, ашу-ыза, ашыпу — міне, бұл ұранның қазіргі кезеңдегі бірден-бір *мазмұны* осы ғана. Ал тек осындай ғана мазмұны бар ұран — революциялық жел сөз деп аталады.

Біздің өз партиямыздың, бүкіл Совет өкіметінің істері, питерлік және москвалық большевиктердің істері еріктілерден Қызыл Армия құру жөніндегі алғашқы қадамдардан *әзірше* әрі аса алмағанымызды көрсетті. Ұнамсыз факт болғанымен де бұл фактіден — жалтарып, жаттанды сөздердің тасасына тығылу, сөйте тұра демобилизацияға кедергі жасамақ түгіл, оған *қарсы да болмау* — өзіңді сөз дақпыртына еліттіру деген сөз.

Осы айтылғандарды мынадай бір факт ерекше дәлелдейді, мысалы, біздің партияның Орталық Комитетінде сепараттық бітімге көрпекті қарсылардың *көпшілігі* революциялық соғысқа *қарсы* дауыс берді, олар бұған январьда да, февральда да қарсы дауыс берді[135]. Бұл факт нені көрсетеді? Бұл — революциялық соғыстың мүмкін еместігін шындыққа тура қараудан қорықпайтындардың бәрі де тегіс мойындағанын көрсетеді.

Мұндай жағдайларда шындыққа қарсы сылтау айтыла бастайды немесе сылтау айтпақ болып әрекеттенеді. Сол сылтауларға көз жіберіп көрелік.

2

Бірінші сылтау. 1792 жылы Францияда күйзелушілік бұдан кем болған жоқ, бірақ революциялық соғыс оның бәрінен құтқарды, жұрттың бәрін рухтандырып, жігер туғызды, сойтіп бәрін жеңіп шықты. Біздің анағұрлым терең мағыналы революцияның тұсында тек революцияға сенбейтін адамдар ғана, тек оппортунистер ғана революциялық соғысқа қарсы шығулары мүмкін.

Осы сылтауды немесе осы дәлелді фактілермен салыстырып көрейік. Факт мынадай: — XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі Францияда жаңа, жоғары өндіріс әдісінің *әуелі экономикалық* негізі құрылды, ал қуатты революциялық армия соның нәтижесі, қондырмасы ғана болды. Франция феодализмді басқа елдерден бұрын лақтырып тастады, оны *бірнеше жылғы* жеңімпаз революциядан *кейін* сыпырып тастап, ешқандай да соғыстан шаршамаған, бостандық пен жерді жеңіп алған, феодализмді жоюдың арқасында нығайған халықты экономикалық және саяси жағынан артта қалған бірқатар халықтарға қарсы соғысқа бастады.

Осы фактімен қазіргі Россияны салыстырып көріңіз. Мұнда соғыстан адам айтқысыз шаршағандық бар. Техникалық жағынан тамаша жабдықталған Германияның ұйымдасқан мемлекеттік капитализмінен асып түсе қоярлықтай жаңа экономикалық құрылыс *әзірге* жоқ. Мұндай құрылыстың негізі енді ғана қаланып келеді. Біздің шаруаның қолында жерді социализациялау туралы заң ғана бар,бірақ бірде бір жыл (помещиктен және соғыс азабынан) еркін жұмыс істей алмай келеді. Біздің жұмысшы капиталисті аластай бастады, бірақ әлі өндірісті ұйымдастырып, өнім айырбасын жасап, астықпен жабдықтауды жолға қойып, еңбек өнімділігін *арттырып* үлгерген жоқ.

Біз осыған қадам бастық, біз осы жолға түстік, бірақ бұрынғыдан анағұрлым жоғары, жаңа экономикалық құрылыстың *әзірге жоқ* екені анық.

Жеңілген феодализм, орныққан буржуазиялық бостандық, феодалдық елдерге қарсы тамағы тоқ шаруа —

міне, 1792—1793 жылдардың соғыс саласындағы «кереметтерінің» экономикалық негізі осы еді.

Ашыққан, соғыстан азап шеккен, соғыс салған жараларды енді-енді ғана жаза бастаған ұсақ шаруалар елі техникалық жағынан және ұйымдастыру жағынан жоғары еңбек өнімділігіне қарама-қарсы — міне, 1918 жылдың бас кезіндегі объективті жағдай осындай.

Міне, 1792 жылды және сондайларды тілге тиек етіп, еске салудың қандайы болса да — тек қана революциялық жел сөз болатыны міне осыдан. Ұрандарды, сөздерді, жауынгерлік дабылдарды қайталайды, бірақ объективтік шындыққа талдау жасаудан қорқады.

3

Екінші сылтау. Германия «шабуыл жасай алмайды», *оны* өрлеп келе жатқан революция бұған жібермейді.

Германдар «шабуыл жасай алмайды» деген дәлелді сепараттық бітімге қарсылар 1918 жылдың январында және февральдың басында миллион рет қайталаған болатын. Олардың ішіндегі ең сақ дегендері немістердің шабуыл жасай алмау ықтималдылығын — әрине, шамамен,— 25—33 процент деп болжады.

Фактілер бұл есептерді теріске шығарды. Сепараттық бітімге қарсылар, фактілердің бұлтартпас логикасынан қорқып, бұл жерде де ол фактілерден жиі-жиі жалтара береді.

Нағыз революционерлер (сезім революционері еместер) мойындай білуге және ойластыра білуге тиісті қатенің негізі неде?

Мұның негізі жалпы біздің бітім туралы келіс сөздермен *байланысты* жасаған маневрлеріміз бен жүргізген үгіттерімізде ме? Жоқ. Мұнда емес. Маневр жасау, үгіттеу керек болды. Бірақ, сонымен қабат,— маневр жасауға, үгіттеуге мүмкіндік болып отырған кезде,— сол маневр мен үгіт үшін де, мәселе турасынан қойылған кезде маневр атаулының бәрін тоқтату үшін де «дер уақытын» белгілеу керек еді.

Қатенің негізі мынада болды: герман революцияшыл жұмысшыларымен біздің революциялық ынтымақтастық қатынасымыз жел сөзге айналды. Біз герман революцияшыл жұмысшыларына көмек көрсетіп келдік және қолымыздан келгеннің бәрін істеп,— бауырласу арқылы, үгіт арқылы, құпия шарттарды жариялау және басқалар арқылы көмектесе де береміз. Бұл — іспен көрсетілген көмек, іс жүзіндегі көмек еді.

Ал біздің кейбір жолдастарымыздың: «германдар шабуыл жасай алмайды» деулері де жел сөз еді. Біз революцияны өзімізде жаңа ғана басымыздан кешірдік. Революцияның Европаға қарағанда Россияда оңайырақ *басталуының* неліктен екенін біз бәріміз де өте жақсы білеміз. Біз басталып қана қоймай, монархияны құлатып қана қоймай, тіпті жер-жерде Советтер құрған революциямыз болған кездің өзінде, 1917 жылдың июнінде, орыс империализмінің шабуылға шығуына бөгет жасай алмағандығымызды көрдік. Соғысты үкіметтер жүргізіп жатқанын біз көрдік, білдік, біз оны жұмысшыларға түсіндірдік те. Буржуазиялық соғысты тоқтату үшін буржуазиялық үкіметті құлату керек, дедік.

Сондықтан: «германдар шабуыл жасай алмайды» деп мәлімдеу «Германия үкіметі *таяудағы апталардың* ішінде құлатылатынын біз білеміз» деп мәлімдеумен бірдей еді. Іс жүзінде біз мұны білгеніміз жоқ және білуіміз мүмкін де емес еді, сондықтан бұл мәлімдеме жел сөз еді.

Герман революциясының пісіп жетіліп келе жатқанына сену, оның пісіп жетілуіне елеулі көмек көрсету, шамадан келгенше *іспен,* үгітпен, бауырласумен қызмет ету,— немен болса да, тек *іспен* ғана қызмет ету — бір басқа. Революциялық пролетарлық интернационализм дегеніміз осы.

Ал, тікелей немесе жанамалап, ашық немесе бүркемелеп: неміс революциясы *қазірдің өзінде пісіп жетілді* (оның өзі мүлде олай болмаса да) деу, сөйтіп өз тактикаңды соған негіздеу — бір басқа. Бұл арада революцияшылдықтың нышаны да жоқ, бұл — тек қана сөзуарлық.

Міне, «германдар шабуыл жасай алмайды» деген пікірдің қателігі осы «өркөкірек, жарқырауық, әсерлі, даңғырама» сөздерде жатыр.

4

«Біз герман империализміне қарсыласа отырып, герман революциясына көмектесеміз, біз мұнымен Либкнехттің Вильгельмді жеңуін жақындатамыз» деген пікір де әлгіндей сөзуарлық мағынасыздықтың бір нұсқасы.

Әрине, Либкнехттің жеңісі — герман революциясы пісіп, жетілген кезде болуы мүмкін және болмай қоймайтын жеңісі — бізді халықаралық қиыншылықтардың бәрінен құтқарады, революциялық соғыстан да құтқарады. Либкнехттің жеңісі бізді өзіміздің қандай зердесіздік ісіміздің зардаптарынан болса да құтқарады. Бірақ мұның өзі зердесіздік істерімізді ақтай ала ма?

Герман империализміне «қарсыласу» атаулының бәрі бірдей герман революциясына көмектесе ме? Кімде-кім Россиядағы революциялық қозғалыстың тарихын аздап ойланғысы келсе немесе ең болмағанда оны есіне түсіргісі келсе, ол адам реакцияға тек *мақсат қойып* қарсыласқанда ғана революцияға қызмет етуге болатынын оңай түсінеді. Россиядағы жарты ғасырлық революциялық қозғалыста реакцияға мақсатсыз қарсыласудың толып жатқан мысалдарын біз көріп, білдік. Біздер, марксистер, күрестің қай формасының мақсатқа сай келетінін бұқаралық күштер мен таптық қатынастарды қатаң ескере отырып қана белгілегенімізді әрқашан да мақтан етіп келдік. Біз: көтеріліс барлық уақытта бірдей мақсатқа сай келе бермейді, белгілі бір бұқаралық алғы шарттар болмаса ол авантюра болады, деп келдік; біз жекелеген қарсылықтың ең қаһармандық формаларының өзін революция тұрғысынан қарағанда мақсатқа сай емес және зиянды деп жиі айыптап келдік. 1907 жылы біз, аузымыз күйген ащы тәжірибеге сүйеніп, III Думаға қатысуға қарсы болу-

шылықты мақсатқа сай емес деп тауып, қабылдамадық, т. т. жәпе т. с.

Неміс революциясына көмектесу үшін әзірше ашық соғыс немесе көтеріліс жасау арқылы қатал, елеулі, батыл соққы беруге күш жоқ кезде, не насихаттаудан, үгіттеуден, бауырласудан аспауымыз керек, не бұлай еткенде жауға көмектеспейтініңе *көзің жетіп,* сондай қақтығысқа бару керек.

Күштердің жоқтығын *біле тұра,* армия жоқтығын *біле тұра* көтеріліс жасап не соғыс ашып елеулі қақтығысқа бару авантюра екені, оның герман жұмысшыларына көмек болмайтыны, қайта олардың күресін қиындатып, олардың жауының да және біздің жауымыздың да ісін оңайлататыны жұрттың бәріне де (жел сөзге әбден желігіп алғандарға болмаса) анық.

5

Мұнда тағы бір, бала да күлетін, сылтау табылып тұр, мен мұны өз құлағыммен естімеген болсам, ондай да дәлел болады дегенге еш уақытта да сенбес едім.

«Бізге оппортунистер октябрьде де: бізде күш жоқ, әскер жоқ, пулемет жоқ, техника жоқ деген еді ғой, ал осының бәрі күрес үстінде, бір таптың екінші тапқа қарсы күресі басталған кезде табылған болатын. Осының бәрі Россия пролетариатының Германия капиталистері табына қарсы күрескен кезінде де табылады, бізге неміс пролетарлары көмекке келеді».

Октябрьде істің жайы былай болды: біз нақ *бұқаралық* күштерді дәлме-дәл есепке алдық. Біз тек ойлап қана қойғанымыз жоқ, біз, Советтердің *бұқаралық* сайлауының тәжірибесіне сүйеніп, сентябрьде және октябрьдің бас кезінде жұмысшылар мен солдаттардың орасан басым көпшілігі сол *кезде-ақ* біздің жағымызға шыққанын кәміл *білдік.* Біз Демократиялық кеңестегі дауыс беруден-ақ[136] шаруалар ішінде де коалицияның күйрегенін — демек, біздің ісіміздің *сонда-ақ* ұтысқа жеткенін білдік.

Октябрьдегі көтерілістік күрестің *объективті* алғы шарттары мынадай болды:

1) солдаттар бұл кездің өзінде-ақ таяқ тәртібінен құтылды: оны 1917 жылдың февралы жойды (Германия «өзінің» февралына келу үшін әлі пісіп-жетіле қойған жоқ);

2) жұмысшылар сияқты, солдаттар да өздерінің коалициядан *кетулерін* саналы түрде, ойланып, сезіп-біліп барып бастарынан кешті және аяқтады.

Октябрьдегі «көтеріліс жасау» *ұранының дұрыстығы* осыдан, тек қана осыдан келіп туды (бұл ұран июльде дұрыс болмас еді, ол кезде біз бұл ұранды көтерген де *жоқпыз*).

Октябрь оппортунистерінің қатесі[137] олардың объективтік алғы шарттарды «ойластырғанында» емес (тек балалар ғана осылай ойлауы мүмкін), олардың қатесі *фактілерді теріс* бағалагандығында, *басты* нәрсені: Советтердің келісімпаздықтан бізге қарай бет бұрғанын көрмей, ұсақ нәрселерге алданып қалғандығында.

Германияга (октябрьді былай қойғанда, әлі «өзінің» февралын да, өзінің «июлін» де басынан кешірмеген Германияға) қарсы, *монархиялық* буржуазиялық-империалистік үкіметі бар Германияға қарсы соғыс қақтығысын Советтердің — 1917 жылдың февралынан-ақ пісіп-жетіле бастаған, сентябрь мен октябрьде әбден пісіп-жетілген Советтердің — жауларына қарсы октябрьдегі көтерілістік күреспен салыстыру саусақпен нұсқағаннан басқаны көрмейтін балалық болып табылады. Жел сөз адамдарды міне осындай қисынсыздыққа апарып соқтырып отыр!

6

Басқаша бір сылтау мынадай: «Ал Германия сепараттық бітім шарты арқылы бізді экономика жағынан тұншықтырып, көмірімізді, астығымызды тартып алады, кіріптар етеді».

Неткен данышпандық дәлел: *армиясыз-ақ* соғыс қақтығысына бару керек, бұл қақтығысу көрінеу кіріптарлыққа ғана емес, тіпті тұншықтырылуға, ешқандай эквивалентсіз астығымызды тартып алуға апарып соғатын болса да, Сербия мен Бельгияның халіне түсі-

ретін болса да — осыған бару керек, *әйтпесе* тиімсіз шарт жасалады, Германия бізден бөліп-бөліп төлетіп, 6 немесе 12 миллиард алым алады, машиналары үшін астық, тағы сондайлар алады.

Oh, революциялық жел сөздің сабаздары-ай! Империализмге «кіріптар болуға» қарсы шыға отырып, олар кіріптарлықтан толық құтылу үшін империализмді *құлату* керек екені туралы *мүләйімсіп* жұмған ауыздарын ашпайды.

Біз революциялық соғысқа *қазір* әлі дайын емес екенімізді, аңысын аңдай білу (біздің июльден октябрьге дейін Керенскийге кіріптар болуға шыдап, өзіміздің буржуазияға кіріптар болуға шыдап, аңысын аңдай тұрғанымыз сияқты) керек екенін, өзіміз күшейіп алғанша аңысын аңдай тұру керек екенін біле отырып, біз тиімсіз шарт жасасуға, сепараттық бітімге барып отырмыз. Сондықтан, аса тиімсіз сепараттық бітім жасасуға *мүмкіндік болса,* онда оны, *әзірше* әлсіз болып отырған (өйткені, бізге, орыстарға, Германиядағы пісіп келе жатқан революция *әзірше* көмекке келген жоқ) социалистік революцияның мүдделері үшін *міндетті түрде қабылдау* керек. Тек сепараттық бітім жасасуға *мүлде* мүмкіншілік болмаған күнде ғана дереу күресуге тура келеді — *мұнымыз дұрыс тактика болғандықтан емес, басқа амал қалмағандықтан ғана осылай етуге тура келеді.* Басқа амал қалмаған мұндай жағдайда қай тактика жақсы деп таласуға да мүмкіншілік қалмайды. Тек мейлінше қасарысқан қарсыласудан басқа амал қалмайды. Бірақ әзір таңдауға мүмкіншілік болып тұрғанда сепараттық бітім мен аса тиімсіз шартты таңдауымыз керек, өйткені қалай болғанда да бұл Бельгияның халінен[138] жүз есе артық.

Біз қазір әлі әлсіз болғанымызбен, ай санап күшейіп келеміз. Европада халықаралық социалистік революция, қазір әлі пісіп жетілмегенімен, ай сайын жетіліп келеді. Сондықтан... сондықтан, ай санап *әлсіреп келе жатқан* (Германияда революция баяу болғанымен, ұдайы жетіліп келе жатқандықтан), Германия империализмінің бізден *көрінеу* күшті кезінде-ақ шайқасқа

түсу керек, деп пайымдайды «революционерлер» (қайғыдан аулақ ете гөр...).

Сезім «революционерлері» өте жақсы пайымдайды, тамаша пайымдайды!

7

Ең соңғы және ең «батыл», ең көп тараған сылтау: «Жексұрын бітім — масқара қорлық, Латвияны, Польшаны, Курляндияны, Литваны сатып кеткендік».

Нақ орыс *буржуасы* (және олардың құйыршықтары — новолучистер[139], делонародашылдар, новожизньшілдер) — осы интернационалистік-сымақ дәлелді басқаның бәрінен де гөрі жанын сала әзірлеп жасап жатқанына таңдануға бола ма?

Жоқ, таңдануға болмайды, өйткені бұл дәлел — қазылған ор, буржуазия орыс большевиктерін осы орға әдейі сүйрелеп отыр, ал большевиктердің біразы жел сөзге елігіп, осы орға білмей түскелі тұр.

Бұл дәлелді теория жағынан қарап көрейік: қайсысы жоғары — ұлттардың өзін өзі билеу правосы жоғары ма, әлде социализм жоғары ма?

Социализм жоғары.

Империализм көрінеу күшті, Совет республикасы көрінеу әлсіз болып отырған жағдайда ұлттардың өзін өзі билеу правосы бұзылады деп Советтік социалистік республиканы империализмнің жалмауына беруге, оны соққы астында қалдыруға бола ма?

Жоқ. Болмайды. Бұл социалистік саясат емес, бұл *буржуазиялық* саясат.

Одан соң. Польшаны, Литваны, Курляндияны «бізге» қайтарып беру шарты бойынша жасалған бітім масқаралығы *кем*, аннексияшылдығы кем бітім бола қояр ма екен?

Орыс буржуасының тұрғысынан қарасақ, *солай болар еді.*

Интернационалист-социалистің тұрғысынан қарасақ, *олай болмайды.*

Өйткені, Польшаны азат ете отырып (бір кезде Германияның кейбір *буржуасы* осылай еткісі келген еді),

герман империализмі Сербияны, Бельгияны және басқаларды *бұрынғыдан да бетер* тұншықтырған болар еді.

Орыс буржуазиясының «масқара» бітімге қарсы байбалам салуы — оның таптық мүддесін дұрыс көрсетеді.

Бірақ кейбір (жел сөздің дертінен жапа шегіп жүрген) большевиктердің осы дәлелді қайталаулары — тек қана күйінерлік іс.

Ағылшын-француз буржуазиясының іс-әрекеті жөніндегі *фактілерді* қараңыз. Ол бізді қазір қолынан келгенінше Германияга қарсы соғысқа тартып, бізге миллиондаған жақсылық жасауга, етіктер, картоп, снарядтар, паровоздар (несиеге... бұл «кіріптар ету» емес, қорықпаңыздар! бұл «тек» несие ғана!) беруге уәде етіп отыр. Ол *қазір* біздің Германиямен соғысуымызды тілейді.

Оның мұны не үшін тілейтіні түсінікті: мұның себебі, біріншіден, біз герман күштерінің бір бөлегін өзімізге тартып, алаңдатқан болар едік. Мұның себебі, екіншіден, Совет өкіметі герман империализміне қарсы мезгілсіз соғыс шайқасында оп-оңай-ақ күйреген болар еді.

Ағылшын-француз буржуазиясы бізге ор қазып отыр: *қазір* соғысуға барыңыздар, мархабаттылар, бұдан біз тамаша ұтып шығамыз. Германдар сіздерді тонап, Шығыстан «табыс табады», Батыста арзанырақққа келіседі, ал нақ осы арада Совет өкіметі мұрттай ұшады... Соғысыңдар, мархабатты «одақтас» большевиктер, біз сіздерге көмектесеміз! — деп отыр.

Ал «солшыл» (қайғыдан аулақ ете гөр) большевиктер, ең революциялық жел сөздерді тақпақтап, орға түскелі отыр...

Иә, иә, ұсақ буржуазияшылдық көріністерінің бір белгісі — революциялық жел сөзге әуесқойлық болып табылады. Бұл — тым жиі-жиі жаңалық сияқты болып көрінетін ескі ақиқат, ескі хикая...

8

1907 жылдың жазында біздің партиямыз да кейбір жағынан алғанда, революциялық жел сөздің осыған ұқсас дертіне шалдыққан болатын.

Питер мен Москва, большевиктер түгелімен дерлік, III Думаға бойкот жариялауды жақтап, объективті талдау жасаудың орнына «сезімге» беріліп, орға түсуге ұмтылған еді.

Сол дерт қайталанып отыр.

Қазір уақыт анағұрлым қиын. Мәселе миллион есе маңызды. Мұндай уақытта дертке шалдығу — революцияны мерт етуге тәуекел ету деген сөз.

Бір кездерде біз туралы: «революциялық соғыс туралы революциялық жел сөз революцияның түбіне жетті» деген күйініште шындықты айтпас үшін революциялық жел сөзге қарсы күресу керек, күресуге тура келіп отыр, міндетті түрде күресу керек.

«Правда» № 31, 21(8) февраль, 1918 ж.
Қол қойған: К а р п о в

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БОЛЬШЕВИКТЕР ПАРТИЯСЫНЫҢ ПЕТРОГРАД КОМИТЕТІНІҢ АТҚАРУ КОМИССИЯСЫНА ЖӘНЕ БАРЛЫҚ АУДАНДЫҚ КОМИТЕТТЕРІНЕ ТЕЛЕФОНОГРАММА[140]

21(8). II. 1918. Күндізгі 12 с. 20 мин.

Петроград Советінің бүгін кешке қабылданатын шешімдеріне сәйкес он мыңдаған жұмысшыны ұйымдастыру үшін және буржуазияны бірін қалдырмай түгелдей осы жұмысшылардың бақылауымен Питердің түбінде окоп қаздыруға шығару үшін бірде-бір сағатты босқа жібермей барлық жұмысшыларды аяғынан тік тұрғызуға кеңес береміз. Революцияны құтқарып қалудың шарасы тек қана осы. Революцияға қауіп төнді. Қазылатын окоптардың шебін әскери адамдар көрсетіп береді. Құрал-жабдық әзірлеңіздер, ең бастысы бірің қалмай ұйымдасып, іске жұмылыңыздар.

Ленин

Бірінші рет қолжазба бойынша басылып отыр

СОЦІАЛИСТИЧЕСКОЕ ОТЕЧЕСТВО ВЪ ОПАСНОСТИ!

Чтобъ спасти изнуренную истерзанную страну отъ новыхъ военныхъ испытаній, мы пошли на величайшую жертву и объявили нѣмцамъ о нашемъ согласіи подписать ихъ условія мира.

Наши парламентеры 20 (7) февраля, вечеромъ, выѣхали изъ Рѣжицы въ Двинскъ и до сихъ поръ нѣтъ отвѣта.

Нѣмецкое правительство очевидно, медлитъ отвѣтомъ. Оно явно и не хочетъ мира. Выполняя порученіе капиталистовъ всѣхъ странъ германскій милитаризмъ хочетъ задушить русскихъ и украинскихъ рабочихъ и крестьянъ, вернуть земли помѣщикамъ, фабрики и заводы — банкирамъ, власть монархіи.

Германскіе генералы хотятъ установить свой „порядокъ" въ Петроградѣ и въ Кіевѣ.

Соціалистическая Республика Совѣтовъ находится въ величайшей опасности.

До того момента, какъ поднимется и побѣдитъ пролетаріатъ Германіи, священнымъ долгомъ рабочихъ и крестьянъ Россіи является беззавѣтная защита Республики Совѣтовъ противъ полчищъ буржуазно-имперіалистской Германіи.

Совѣтъ Народныхъ Комиссаровъ постановляетъ:

1) Всѣ силы и средства страны цѣликомъ предоставляются на дѣло революціонной обороны.

2) Всѣмъ Совѣтамъ и Революціоннымъ организаціямъ вмѣняется въ обязанность защищать каждую позицію до послѣдней капли крови.

3) Желѣзнодорожные организаціи и связанные съ ними Совѣты обязаны всѣми силами воспрепятствовать врагу воспользоваться аппаратомъ путей сообщенія; при отступленіи уничтожать пути, взрывать и сжигать желѣзнодорожныя зданія; весь подвижной составъ вагоны и паровозы,—немедленно направлять на востокъ въ глубь страны.

4) Всѣ хлѣбные, и вообще продовольственные запасы, а равно всякое цѣнное имущество, которымъ грозитъ опасность попасть въ руки врага, должны подвергаться безусловному уничтоженію; наблюденіе за этимъ возлагается на мѣстные Совѣты подъ личной отвѣтственностью ихъ предсѣдателей.

5) Рабочіе и крестьяне Петрограда, Кіева, всѣхъ городовъ, мѣстечекъ, селъ и деревень по линіи новаго фронта, должны мобилизовать баталіоны для рытья окоповъ подъ руководствомъ военныхъ спеціалистовъ.

6) Въ эти баталіоны должны быть включены всѣ работоспособные члены буржуазнаго класса мужчины и женщины подъ надзоромъ красногвардейцевъ; сопротивляющихся разстрѣливать.

7) Всѣ изданія, противодѣйствующія дѣлу революціонной обороны и становящіеся на сторону нѣмецкой буржуазіи, а также стремящіеся использовать нашествіе имперіалистическихъ полчищъ въ цѣляхъ сверженія Совѣтской власти, закрываются; работоспособные редакторы и сотрудники этихъ изданій мобилизуются для рытья окоповъ и другихъ оборонительныхъ работъ.

8) Непріятельскіе агенты, спекулянты, громилы, хулиганы, контръ-революціонные агитаторы, германскіе шпіоны разстрѣливаются на мѣстѣ преступленія.

Соціалистическое отечество въ опасности. Да здравствуетъ соціалистическое отечество! Да здравствуетъ Международная Соціалистическая революція!

Совѣтъ Народныхъ Комиссаровъ.

21-го февраля. Петроградъ.

Халық Комиссарлары Советінің В. И. Ленин жазған «Социалистік отанымызға қауіп төнді!» деген декреті (листок).— 21 февраль, 1918 ж.

Кішірейтілген

СОЦИАЛИСТІК ОТАНЫМЫЗҒА ҚАУІП ТӨНДІ![141]

Қалжыраған, азап шеккен елімізді жаңа соғыс тауқыметтерінен құтқару үшін біз орасан зор құрбандыққа барып, немістерге, олардың бітім шарттарына қол қоюға келісетінімізді жарияладық. Біздің парламентерлеріміз 20(7) февральдың кешінде Режицадан Двинскіге жүріп кетті, *содан осы уақытқа дейін жауап жоқ.* Неміс үкіметі, сірә, жауап беруге асықпайтын болу керек. Неміс үкіметінің бітімді тілемейтіні анық. Барлық елдер капиталистерінің тапсырмасын орындай отырып, герман милитаризмі *орыс және украин жұмысшылары мен шаруаларын тұншықтырып, жерді помещиктерге, фабрикалар мен заводтарды — банкирлерге, өкіметті — монархияға қайтарғысы келеді.* Герман генералдары Петроградта және Киевте өз «тәртіптерін» орнатқылары келеді. *Советтердің социалистік республикасына аса зор қауіп төніп отыр.* Германия пролетариаты көтеріліп, жеңіп шыққанға дейін Советтер республикасын Германияның буржуазиялық-империалистік басқыншыларынан жан аямай қорғау Россияның жұмысшылары мен шаруаларының қасиетті борышы болып табылады. Халық Комиссарлары Советі қаулы етеді: 1) *Еліміздің барлық күші мен қаражаты түгелімен революциялық қорғаныс ісіне беріледі.* 2) *Барлық Советтер мен революциялық ұйымдарға әрбір позицияны қасық қаны қалғанша қорғау міндеті жүктеледі.* 3) Темір жол ұйымдары және олармен байланысты Советтер қатынас жолдары аппаратын жаудың пайдалануына барлық күштерімен кедергі жасауға

міндетті; шегінген жағдайда жолдар құртылсын, темір жол үйлері қопарылып, өртелсін; бүкіл жылжымалы состав — вагондар мен паровоздар — дереу шығысқа, еліміздің алыс түкпіріне жіберілсін. 4) Барлық астық және жалпы азық-түлік қорлары, сондай-ақ жау қолына түсіп кету қаупі төнген бағалы мүліктердің қандайы болса да сөзсіз құртылуға тиіс; мұның орындалуын бақылау жергілікті Советтерге, олардың председательдерінің жеке жауапкершілігіне жүктеледі. 5) Петроградтың, Киевтің және жаңа майдан шебінің бойындағы барлық қалалардың, мекендердің, селолар мен деревнялардың жұмысшылары мен шаруалары әскери мамандардың басшылығымен окоптар қазу үшін батальондар жасақтауға тиіс. 6) *Буржуазия табының барлық жұмысқа жарамды мүшелері, еркектері мен әйелдері осы батальондарға алынып, олар қызыл гвардияшылардың бақылауында болуға тиіс; қарсыласқандары — атылсын.* 7) Революциялық қорғаныс ісіне қарсы шығатын және неміс буржуазиясының жағына шығатын, сондай-ақ Совет өкіметін құлату үшін империалистік басқыншылардың жорығын пайдалануға тырысатын басылымдардың бәрі де жабылады; мұндай басылымдардың жұмысқа жарамды редакторлары мен қызметкерлері окоп қазуға және басқа да қорғаныс жұмыстарына жұмылдырылады. 8) *Жаудың агенттері, жалдаптар, ойраншылар, бұзықтар, контрреволюциялық үгітшілер, герман шпиондары қылмыс істеген жерлерінде табанда атылады.*

Социалистік отанымызға қауіп төнді! Социалистік отанымыз жасасын! Халықаралық социалистік революция жасасын!

Халық Комиссарлары Советі

21 февраль, 1918 жыл.
Петроград.

«Правда» № 32, 22(9) февраль, 1918 ж. және «Известия ЦИК» № 31, 22(9) февраль, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ «СОЦИАЛИСТІК ОТАНЫМЫЗҒА ҚАУІП ТӨНДІ!» ДЕГЕН ДЕКРЕТІНЕ ҚОСЫМША

Халық Комиссарлары Советінің 21 февральдағы декретінің дұрыс және бұлжытылмай орындалуы үшін қаулы етіледі:

(1) Әрбір жұмысшы, тәулігіне 8 сағат жұмыс істеп шыққаннан кейін, күн сайын үш сағат (немесе үшінші күні дем алатын болып тәулігіне $4^1/_2$ сағат) әскери не әкімшілік салада жұмыс істеуге міндетті.

(2) Бай тапқа немесе дәулетті топтарға жататын (айына кем дегенде 500 сом табысы бар немесе қолында кем дегенде 1500 сом ақшалай қоры бар) әрбір адам, оның әскери немесе әкімшілік саладағы жұмыстан тиісті үлесін орындаған-орындамағаны туралы апта сайын белгі соғып отыру үшін, дереу *жұмыс книжкасын* алуға міндетті. Мұндай белгілерді, тиісінше, жұмысшылардың кәсіптік одағы, жұмысшы депутаттарының Советі немесе Қызыл гвардияның жергілікті отрядының штабы жасайды.

Дәулетті адамдарға берілетін жұмыс книжкасының бір данасы 50 сомға сатылады.

(3) Жұмысшы емес, бірақ дәулетті таптарға жатпайтын адамдар да жұмыс книжкасын алуға міндетті, бұл книжка оларға 5 сомға (немесе, өзіндік құны бойынша, 1 сомға) беріледі.

Дәулетті адамдардың жұмыс книжкаларында, олардың кірістері мен шығындарының сомасын апта сайын тіркеп отыратын графалар болады.

Жұмыс книжкасын алмау немесе мәліметтерді теріс (әсіресе өтірік) жаздыру соғыс уақытының заңы бойынша жазаланады.

Қару иеленуші адамдардың бәрі: (а) өзінің жергілікті үй комитетінен; (б) 2-параграфта көрсетілген мекемелерден жаңадан рұқсат алуға тиіс. Екі рұқсат қағазсыз қару ұстауға тыйым салынады; бұл ережені бұзғандар — ату жазасына тартылады.

Азық-түлік қорларын жасырғандығы үшін де осындай жазаға тартылады.

Азық-түлік ісін дұрыс жолға қою үшін *барлық* азаматтар *тұтыну қоғамдарына* бірігуге міндетті, үй...*.

1918 ж. 21 немесе 22 февральда жазылған

Бірінші рет 1927 ж. 22 декабрьде «Правда» газетінің 293-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

ҚОТЫР ТУРАЛЫ[142]

Қотыр — азапты ауру. Ал енді адам революциялық желөз қотырына ұшырай қалса, мұндай ауруды тіпті жай сырттай бақылаудың өзі жан төзгісіз қасірет шектіреді.

Қарапайым, анық, түсінікті, еңбекші бұқараның қай өкіліне болса да ап-айқын, талассыз болып көрінетін ақиқаттарды қотырдың біз сөз етіп отырған түрімен ауырған адамдар бұрмалап көрсетеді. Мұндай бұрмалаушылық екінің бірінде ең жақсы, ізгі, мәртебелі ниеттерден, белгілі теориялық ақиқаттарды «тек» жете түсіне алмағандықтан немесе оларды балаша шала, шәкірттерше еліктеп орынды-орынсыз (кейбіреулер, жұрт айтқандай, «ненің неге керектігін» түсінбейді) қайталай берушіліктен туады, бірақ одан қотыр жексұрын қотыр болуын коймайды.

Мәселен, тонаушылық соғыстан үш жыл азап шеккен халыққа Совет өкіметін берген, жер берген, жұмысшы бақылауы мен *бітім* әперген үкімет — жеңілмейтін үкімет болар еді, дегеннен артық талассыз, айқын ақиқат болуы мүмкін бе? Ең бастысы — бітім. Егер жалпы және әділетті бітімге жету үшін *адал* күш салып көргеннен кейін ондай бітімге *қазір* жету мүмкін болмаса, іс жүзінде мүмкін болмай шықса, онда жалпы бітім емес, сепараттық (жеке) және әділетсіз бітімге де көнуге тура келетінін кез келген мужик ұққан болар еді. Мужиктің қандайы болса да, тіпті ең қараңғы, сауатсызы да, мұны ұғып, өзіне тіпті осындай болса да бітім әперген үкіметті *қадірлер* еді.

Осы қотыр шаршаған Россияға қарсы Германияның жаңа тонаушылық соғысына әкеліп соқтырғанда большевиктер осы талапты ұмытып, өздеріне шаруалардың өте заңды наразылығын тудыру үшін жел сөздің жирепішті қотырымен ауыруға тиіс болғаны ғой! Қотырдың қандай адам күлерлік, «теориялық» жағынан түкке алғысыз бейшара сөздер мен софизмдерді бүркеніш еткенін мен: «Революциялық жел сөз туралы» (21(8) февральдағы «Правда»)* деген мақаламда көрсеткен болатынмын. Сол айтылған қотыр бүгін тағы басқа бір жерге ауыспаған болса (бұл не деген жабысқақ ауру десеңізші!) мен оны еске алмаған да болар едім.

Мұның қалай болғанын түсіндіру үшін «теорияға» салынбай-ақ алдымен жай ғана, анығырақ — егер қотырды «теория» деп түсіндіріп жүрсе, мұндай нәрсе адам төзгісіз болады — ұғымға жеңіл сөздермен, жұртқа түсінікті бір кішкене ғана мысал келтірейін.

Айталық, Каляев, тиранды, жауызды өлтіру үшін барып тұрған жексұрын, баукеспе, қарақшының револьверін алып, оған ақысына нан, ақша, арақ әкеп беруге уәде етеді.

Кісі өлтіретін қару алу үшін «қарақшымен мәмлеге келді» деп Каляевті кінәлауға бола ма? Бұған дені дұрыс адамның бәрі де: болмайды, деп жауап береді. Егер Каляевтің басқа жолмен револьвер алар жері болмаса, егер Каляевтің ісі шын адал іс болса (тонау үшін өлтіру емес, тиранды өлтіру ғой), онда Каляевті осылайша револьвер түсіріп алғаны үшін сөкпеу керек, қайта мақұлдау керек.

Ал егер бір қарақшы тонау мақсатымен біреуді өлтіру үшін екінші қарақшының револьверін ақша, арақ, нан беріп алған болса, онда *мұндай* «қарақшымен мәмлеге келуді» Каляевтің мәмлеге келуімен салыстыруға (теңестіруге деп айтпағанның өзінде) бола ма?

Жоқ. Ақылынан адаспаған және қотырмен ауырмаған адамның бәрі де салыстыруға болмайды дегенге қосылады. Осындай айқын ақиқаттан жел сөз арқылы

---

* Қараңыз: осы том, 365—377-беттер. *Ред.*

жалтарушы «интеллигентті» көргенде мужиктің кез келгені оған: сен, барин, мемлекет басқару емес, жұртты сөзбен күлдіретін клоун болуға лайық екенсің немесе, ең оңайы, моншаға барып терлеп, қотырыңды кетіруің керек дер еді.

Егер үстем болып отырған буржуазия табының, яғни қанаушылардың өкілі Керенский ағылшын-француз қанаушыларымен олардан қару-жарақ пен картоп алу туралы мәмлеге келсе, сонымен қабат, бір қарақшыға (іс оңға басқан күнде) Арменияны, Галицияны, Константинопольді, екінші қарақшыға — Бағдатты, Сирияны және басқаларды беруге уәде еткен шарттарын халықтан жасырса, онда Керенский мен оның достарының бұл мәмлесінің тонаушылық, алаяқтық, оңбағандық мәмле екенін түсіну қиын ба?

Жоқ. Оны түсінудің ешқандай қиындығы жоқ. Мұны мужиктің кез келгені, тіпті ең қараңғы, сауатсызы да түсінеді.

Ал егер қаналушы, езілген тап өкілі, сол тап қанаушыларды құлатып, құпия және тонаушылық шарттардың бәрін жариялап, бұзғаннан кейін, Германия империалистерінің тарапынан тонаушылық шабуылға душар болса, онда оның ағылшын-француз «қарақшыларымен мәмлеге келгені» үшін, олардан ақша не ағаш, т. с. беріп қару-жарақ пен картоп алғаны үшін оны кінәлауға бола ма? Мұндай мәмлені арам ниетті, масқара, алаяқтық мәмле деп табуға бола ма?

Жоқ, болмайды. Дені дұрыс адамның қай-қайсысы да мұны түсінеді, ал империалист Керенскийдің қарақшылық соғысы (және оның тонаудан түскен ортақ олжаны бөлісу жөнінде қарақшылармен жасасқан арам ниетті мәмлелері) мен большевиктік үкіметтің герман қарақшысына тойтарыс беру үшін ағылшын-француз қарақшыларынан қару-жарақ пен картоп алу жөнінде олармен *Каляевше* жасасқан мәмлесі арасындағы айырманы «бұқара түсіне алмайды» деп «ізгі-ниетті» болғансып, білгішсініп дәлелдемек болғандарды сайқымазақтар деп күлкі қылар еді.

Дені дұрыс адамның қай-қайсысы да мынаны айтады: қарақшылық мақсат үшін қарақшыдан қару-жарақ

сатып алу — жауыздық және оңбағандық, ал нақ сондай қарақшыдан қару-жарақты зорлықшыға қарсы әділетті күрес жүргізу үшін сатып алу — әбден заңды нәрсе. «Кітаптан оқып алған», оқығанда тек мардымсуды ғана «оқып» үйренген қылымсыған бикештер мен мардымсынған жігіттер ғана мұндай істі «алаяқтық» деп табуы мүмкін. Осы айтылған адамдардан басқа, бәлкім, қотырмен ауырған адамдардың ғана мұндай «қателікке» ұрынуы мүмкін.

Ал енді, түріктерден Константинопольді, Австриядан Галицияны, немістерден Шығыс Пруссияны тартып алу мақсатымен Керенскийдің ағылшын-француз қарақшыларынан қару-жарақ сатып алуы ...мен соғысты бітті деп жариялаған Россияға, баршаға адал, әділетті бітім ұсынған социалистік Россияға қарай әскерін қаптатып отырған Вильгельмге тойтарыс беру мақсаты үшін большевиктердің нақ әлгі қарақшылардан қару-жарақ сатып алуының арасындағы айырманы неміс жұмысшысы түсіне ме?

Неміс жұмысшысы мұны «түсінеді» деп білу керек, неге десеңіз, біріншіден, ол ақылды, білімді жұмысшы, екіншіден, ол жалпы алғанда орыс қотырына да ұшырамай, әсіресе, революциялық жел сөздің қотырына да ұшырамай, мәдениетті, ұқыпты тұруға үйренген.

Тонау мақсатымен кісі өлтіру мен зорлықшыны өлтірудің арасында айырма бар ма?

Жыртқыштардың екі тобының арасындағы олжа бөлісу үшін болатын соғыс пен жыртқыштарды құлатқан халыққа екінші бір жыртқыштың жасаған шабуылынан құтылу үшін жүргізілетін әділетті соғыстың арасында айырма бар ма?

Менің қарақшыдан қару-жарақ алуымның жақсы-жамандығы сол қару-жарақтың не мақсат үшін алынғанына, оның қайда қолданылатынына қарап бағаланбай ма? Оның арам ниетті, зұлым соғыста немесе әділетті адал соғыста қолданылатынына қарап бағаланбай ма?

Уһ! Қотыр деген қандай жаман ауру еді. Қотыры барларды моншада шабындыруға тура келетін адамның тірлігі қандай ауыр тірлік десеңізші...

P. S. Солтүстік американдар XVIII ғасырдың аяғында Англияға қарсы жүргізген өздерінің азаттық күресінде оның бәсекелесінің және нақ сол Англия сияқты отаршыл қарақшы Испания және Франция мемлекеттерінің көмегін пайдаланды. Сол американдардың «алаяқтық мәмлесі» туралы «ғылыми еңбек» жазуға отырған «солшыл большевиктер» табылыпты деседі...

1918 ж. 22 февральда жазылған

1918 ж. 22(9) февральда «Правда» газетінің кешкі басылымында — 33-номерінде басылған
Қол қойған: К а р п о в

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

1918 ж. 22 ФЕВРАЛЬДА ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ МОСКВАҒА В. Н. ПОДБЕЛЬСКИЙГЕ БЕРІЛГЕН ЗАПИСКА[143]

Немістер, жалпы айтқанда, үнемі ілгері жылжып келеді, өйткені қарсылыққа кездеспей отыр, дегеннен басқа менде тексерілген мәліметтер жоқ. Мен жағдайды өте қиын деп есептеймін, сондықтан біздің тарапымыздан титтей де болса кешеуілдеуге болмайды. Ал Австро-Венгрияның соғысқа қатыспауы туралы хабарға келетін болсақ, менің өз басым, Троцкийге қарамақарсы, бұл хабарды анық хабар деп есептемеймін, радио хабары ұстап алынды және бұл жайында Стокгольмнен телеграммалар болды деседі, бірақ мен мұндай документтерді көргенім жоқ.

Ленин

«Известия Советов Рабочих, Солдатских и Крестьянских Депутатов гор. Москвы и Московской области» № 31, 23(10) февраль, 1918 ж.

Телеграф лентасының тексті бойынша басылып отыр

БІТІМ БЕ ӘЛДЕ СОҒЫС ПА?

Оқушылардың көріп отырғанындай, германдардың жауабында бізге бітімнің Брест-Литовскідегіден де гөрі ауыр шарттары қойылып отыр. Солай бола тұрса да, тек революциялық жел сөздің буына мүлде мас болғандар ғана кейбіреулерді осы шарттарға қол қоюдан бас тартуға итермелей алатындығына мен әбден сенемін. Менің «Правдаға» «революциялық жел сөз» туралы және «қотыр» туралы (Карпов деп қол қойып) мақалалар* жазып, революциялық жел сөзге қарсы аяусыз күресе бастаған себебімнің өзі де нақ сол, мен осы революциялық жел сөзді біздің партиямызға (демек, революцияға да) ең үлкен қауіп деп білдім және қазірде солай деп білемін. Революциялық ұрандарды бұлжытпай жүзеге асырамыз деген революциялық партиялар тарихта талай рет осындай революциялық жел сөз дертіне шалдығып, содан мерт болған болатын.

Мен осы кезге дейін революциялық жел сөзге қарсы күресу керектігін партияға ұғындыруға тырысып келдім. Енді мен бұған ашық кірісуге тиіспін. Өйткені — амал не!— менің болжауларымның ең ауыр дегендері де расталып отыр.

1918 жылы 8 январьда Питердің 60 шамалы ең көрнекті партия қызметкерлерінің жиналысында мен «сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистерімді» (17 тезис, бұл тезистер дәл ертең басылып шығады) оқып бердім.

* Қараңыз: осы том, 365—377, 385—389-беттер. *Ред.*

Осы тезистердің өзінде-ақ (13-параграф) барынша жұмсақ, жолдастық түрде (өзімнің бұл жұмсақтығымды қазір қатты айыптаймын) революциялық жел сөзге соғыс жариялаған болатынмын. Мен былай дедім: ұсынылып отырған бітімнен бас тарту саясаты «мүмкін, адамның көркемдікке, әсерлілікке, жарқындыққа ұмтылған талабына сай келгенімен, бірақ басталған социалистік революцияның бастан кешіп отырған кезеңіндегі тап күштері мен материалдық факторлардың объективтік арасалмағымен мүлде санаспағандық болар еді»*.

17-тезисте мен былай деп жаздым: егер біз ұсынылып отырған бітімге қол қоюдан бас тартсақ, онда «аса қатты жеңілістер Россияны бұрынғыдан да тиімсіз сепараттық бітім жасасуға көндіреді».

Ал қазір онан да жаман болып шықты, өйткені біздің кейін шегініп келе жатқан және демобилизацияланып жатқан армиямыз шайқасудан тегі бас тартып отыр.

Мұндай жағдайларда, қазіргі кезеңде тек тежеусіз жел сөз ғана Россияны соғысқа итермелеуі мүмкін, ал мен өз басым егер жел сөз саясаты үстемдік ала қалған күнде, үкімет құрамында да, партиямыздың Орталық Комитетінде де, әрине, бір секундқа да қалмас едім.

Міне енді ащы шындық өзін сұмдық айқын көрсетіп отырғаны сонша, тіпті оны көрмеуге болмайды. Немістердің келгелі жатқаны жөнінде Россияның барлық буржуазиясы мәз болып, масайрап жүр. Революциялық соғыс саясаты *(армия жоқта...)* өзіміздің буржуазияның отына май құю екендігін тек көр соқырлар ғана немесе жел сөздің буына мас болғандар ғана көрмеуі мүмкін. Двинскіде орыс офицерлері қазірдің өзінде погон тағып жүрген көрінеді.

Режицада буржуа немістерді шаттана қарсы алыпты. Питерде, Нева проспектінде, және буржуазиялық газеттерде («Речь», «Дело Народа», «Новый Луч» және басқалары) олар немістер Совет өкіметін құлатады деп қуанышы қойнына сыймай тамсануда.

Әрбір адам мынаны біліп қойсын: тіпті өте ауыр болса да, дереу бітім жасасуға қарсы адам — Совет өкіметін мерт ететін адам.

* Қараңыз: осы том, 265-бет. *Ред.*

Біз ең ауыр бітім арқылы өтуге мәжбүр болып отырмыз. Ол бітім Германияда да, Европада да революцияны тоқтатпайды. Біз революциялық армияны жел сөз арқылы, даурығулар арқылы емес (7 январьдан бергі жерде біздің қашып жатқан әскерді тоқтатуға тым болмаса әрекет жасағысы да келмей отырғандар революциялық армияны осылай әзірледі), *ұйымдастыру жұмысы арқылы,* іс арқылы, байыпты, бүкіл халықтық, күшті армия құру арқылы әзірлеуге кірісеміз.

1918 ж. 23 февральда жазылған

1918 ж. 23(10) февральда «Правда» газетінің кешкі басылымында — 34-номерінде басылған
Қол қойған: Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 23 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР[144]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

1

Ленин жолдас революциялық жел сөз саясаты аяқталды деп есептейді. Егер бұл саясат әлі де жалғаса беретін болса, онда ол үкімет құрамынан да, Орталық Комитет құрамынан да шығамын дейді. Революциялық соғыс үшін армия керек, ол жоқ. Демек, шарттарды қабылдау керек.

2

Ленин жолдас. Кейбіреулер мені ультиматум қойды деп кінәлады. Мен оны амалсыз жағдайда ғана қоямын. Егер біздің цекистер халықаралық азамат соғысы туралы айтып жүрсе, онда мұның өзі келемеж етушілік. Азамат соғысы Россияда болып жатыр, бірақ ол Германияда болған жоқ. Біздің үгітіміз қала береді. Біз сөзбен емес, революциямен үгіттейміз. Бұл да қала береді. Сталиннің қол қоймауға болады дегені дұрыс емес. Бұл шарттарға қол қою керек. Егер сіздер оған қол қоймасаңыздар, онда сіздер үш аптадан кейін Совет өкіметіне өлім жазасы кесілген үкімге қол қоясыздар. Бұл шарттар Совет өкіметіне кедергі жасамайды. Менде қобалжушылық деген атымен жоқ. Мен ультиматум қойғанда оны қайтып алу үшін қойып отырғаным жоқ. Маған революциялық жел сөздің керегі жоқ. Неміс революциясы әлі пісіп жетілген жоқ. Бұл үшін бірнеше ай керек. Шарттарды қабылдау керек. Егер кейіннен жаңа ультиматум болса, ол жаңа жағдайда болады.

3

Ленин жолдас. Мен де революциялық соғысты әзірлеу қажет деп санаймын. Шартқа түсінік беруге болады, біз оған түсінік береміз де. Бұл жерде демобилизация тек әскери мағынасында айтылып отыр. Соғысқа дейін бізде де армия болған. Революциялық соғысқа айтарлықтай әзірлену керек. Бұқараның бітімді жақтайтындығына мен титтей де күмәнданбаймын.

4

Ленин мыналарды дауысқа салуды ұсынады: 1) герман ұсыныстарын дереу қабылдау керек пе, 2) революциялық соғысты дереу әзірлеу керек пе, 3) Петроград пен Москвадағы совет сайлаушыларының пікірін дереу сұрау керек пе.

5

А. Ломов: Владимир Ильич бітімге қол қоюға қарсы үнсіз немесе ашық үгіт жүргізуге болады деп ойлай ма деген сұрақ қояды.

Ленин жолдас мақұлдаған жауап береді.

6

Орталық Комитеттің бірнеше мүшесінің совет, партия жұмысындағы жауапты қызмет орындарының бәрінен кететіндіктері туралы мәлімдемелеріне байланысты Я. М. Свердлов Орталық Комитет мүшелері съезге дейін өз орындарында қалсын және партия топтары ішінде өздерінің үгітін жүргізе берсін деген ұсыныс жасайды.

Ленин жолдас Свердлов қойған мәселені талқылауды жақтайды, өйткені, біріншіден, қол қоюға дейін үш күн уақыт бар, екіншіден, бекітуге дейін он екі күн бар, олай болса, партияның пікірін білуге болады, ал, партия қол қоюға қарсы пікір айтса, онда бекітуге болмайды, алайда бүгін біздің уақытымыз қысылшаң болғандықтан, мәселені ертеңге дейін қалдыра тұруды ұсынады.

7

И. В. Сталин қызмет орындарынан кету іс жүзінде партиядан кеткендік болып шықпай ма деген сұрақ қояды.

Ленин жолдас Орталық Комитеттен кету партиядан кету болып саналмайды дейді.

8

Ленин жолдас дауыс берген кезде жолдастардың мәжілістен шығып кетуін және өзіне жауапкершілік алмау үшін ешқандай да документке қол қоймауды, бірақ Советте істі тастап кетпеуді ұсынады.

Бірінші рет 1—3-сөздер 1922 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалары жинағының XV томында; 4—8-сөздер 1928 ж. «Пролетарская Революция» журналының 2-номерінде басылған

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНДЕГІ БОЛЬШЕВИКТЕР МЕН СОЛШЫЛ ЭСЕРЛЕР ФРАКЦИЯЛАРЫНЫҢ БІРІККЕН МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 23 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[145]

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин немістердің ұсыныстарына қол қоюды жақтап сөйледі. Ол Совет өкіметі шындыққа тура қарауы керек екенін, Совет өкіметі германдарға қарсыласудың ешқандай мүмкін еместігін көрсетуге тиіс екенін айтудан бастады. Ол шартқа қол қоюды теріске шығарып сөйлеген алдыңғы шешендердің дәлелдеріне тоқталып, біз жуық арада армия ұйымдастыра аламыз деушіліктің мүлдем негізсіз екенін айтты; армия соғысқысы келмейді, оны бұған ешкім де зорлап көндіре алмайды, ал егер біз армия ұйымдастыруға кірісіп, азғантай ғана ержүрек күрескерлердің тобын жинап, оларды империализмнің ашылған аранына тастасақ, онда бұлай ету арқылы біз өзімізге бостандық әперген жігерлі, идеялы күрескерлерден айрыламыз.

Бұдан соң Ленин былай деді: герман революциясының кешеуілдегеніне біздің орыс пролетариаты мүлде кінәлы емес. Герман революциясы жасалады, бірақ әзір ол жасалмай отыр, сондықтан біз үшін ең тиімді жол уақыт ұту болып табылады; егер біз тап қазіргі кезеңде бітім шартына қол қойсақ, онда біз бұдан былайғы жерде, жігерлі ұйымдасқан жұмыс арқылы, темір жолдар жүргізу арқылы, азық-түлік мәселесін тәртіпке келтіру арқылы, революциямызды қорғайтын берік, мықты армия құра аламыз, ал оған дейін Германияда социалистік революция сөзсіз жасалып үлгереді.

1918 ж. 24(11) февральда «Известия Советов Рабочих Солдатских и Крестьянских Депутатов гор. Москвы и Московской области» газетінің 32-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ҚАТЕ НЕДЕ?[146]

Брест шарттары бойынша сепараттық бітім жасасуға қарсы адамдардың ең көрнектілері мен ең жауаптылары өз дәлелдерінің мәнін былайша баяндады:

« ... — ... »

Мұнда қарар түрінде дерлік баяндалған, барынша жинақталған және ең маңызды деген дәлелдер келтірілген. Дәлелдерді талдауға ыңғайлы болу үшін біз әрбір жеке ұсынысты қайтадан номерледік.

Бұл дәлелдерді қараған кезде авторлардың негізгі қатесі бірден-ақ көзге түседі. Олар революциялық соғыстың қазіргі кезеңдегі нақтылы жағдайлары туралы жұмған ауыздарын ашпайды. Бітімді жақтаушылар үшін басты және негізгі пікір болып отырған нәрсеге, атап айтқанда бізге *қазір* соғысу мүмкін еместігіне, міне нақ осыған олар тоқталмайды. Жауап ретінде — ең болмаса авторларға 8 январьдан бері жақсы мәлім менің тезистеріме* жауап ретінде,— тек қана *жалпы* пікірлер, абстракциялар ғана келтіріледі, ал бұл пікірлер қалайда жел сөз болып шығады. Өйткені, жеке бір жағдайға нақ сол жағдайдың шарттарын ерекше талдамай қолданылған жалпы тарихи пікірлердің қайсысы болса да, жел сөз болып табылады.

* Қараңыз: осы том, 259—268-беттер. *Ред.*

Бірінші қағиданы алып қараңыз. Оның барлық «мәні» — кінәлау, лепіру, ділмарсу, қарсылас адамын «ұялтуға» тырысу, сезімге жүгіну. Сіздер неткен есуас едіңіздер: империалистер өздеріңізге шабуыл жасап, пролетариат революциясын басып-жаншуды өзінің мақсаты деп «жариялап» отырса, сіздер бітім жасасуға келісіп жауап бересіздер! — деседі. Бірақ біздің дәлеліміз: ауыр бітімнен бас тартқанда біз жаудың пролетариат революциясын басып-жаншуын *түп-тура жеңілдетеміз*, деген дәлел ғой, бұл дәлеліміз авторларға да мәлім. Ал біздің бұл дәлеліміз армияның жағдайы, оның таптық құрамы, т. т. туралы бірқатар нақтылы деректермен (мысалы, менің тезистерімде) негізделген. Авторлар нақтылы дегеннің бәрін де орағытып өткен, сондықтан олардың айтқанының бәрі бос сөз болып шыққан. Өйткені жау революцияны басып-жаншуды өзінің мақсаты деп «жариялап» отырғанда, қарсыласудың мүмкін емес формасын біле тұра қалап алып, жауды өз мақсатын «жариялаудан» оны *жүзеге асыруға* көшуге жеткізетін революционер — жаман революционер.

Екінші дәлел: «кінәлау» күшейе түсуде. Сіздер жаудың алғашқы тегеурінінен-ақ бітімге келісім бересіздер... дейді. Январь айынан бастап, «тегеуріннен» көп бұрын, қазіргі кезеңдегі күштердің арасалмағына және соғыстың нақтылы жағдайларына талдау жасаған адамдар үшін авторлар осыны шынымен-ақ иланымды дәлел деп ойлай ма екен? Егер «кінәлауды» талдауға қарсылық жасағандық деп есептесе, бұл жел сөз болмағанда не??

Бізге қазіргі жағдайда бітімге келісім беру «халықаралық пролетариаттың алдыңғы отрядының халықаралық буржуазия алдында тізе бүгуі болып табылады» дегенді айтады.

Тағы да жел сөз. Жалпыға мәлім ақиқаттар тым көпіртіп жібергендіктен теріс болып шығады да, ділмарсуға айналып кетеді. Герман буржуазиясы «халықаралық» буржуазия емес, өйткені ағылшын-француз капиталистері біздің бітімге қол қоюдан бас тартуымызды қуана *құптайды*. Жалпы айтқанда, «тізе бүгу» деген

жаман нәрсе, бірақ бұл ардақты ақиқат әрбір жеке жағдайды шешіп бермейді, өйткені көрінеу тиімсіз жағдайларда ұрыстан бас тартуды да тізе бүгу деп атауға болады, ал *мұндай* тізе бүгу — байсалды революционердің міндеті. Жалпы айтқанда, III Думаға баруға келісу де, Столыпинмен бітімге қол қою да, сол кездегі біздің «солшыл» ділмарларымыздың айтуынша, тізе бүгу еді.

Біз революциялық бастама жасау мағынасында алдыңғы отряд болып табыламыз, бұл талассыз нәрсе, бірақ алдыңғы қатарлы империализмнің күштерімен соғысып шайқасу мағынасында біздің алдыңғы отряд болуымызға келсек, бұл...*

1918 ж. 23 немесе 24 февральда жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 24 ФЕВРАЛЬДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[147]

Жолдастар, герман империализмі өкілдерінің бізге ұсынған шарттары адам айтқысыз ауыр, шексіз езушілік, жыртқыштық шарттар. Герман империалистері, Россияның әлсіздігін пайдаланып, бізді кеудеден тіземен басып отыр. Жағдай осылай бола тұрса да, өз көңілім кәміл сеніп отырған ащы шындықты сіздерден жасырмау үшін, менің сіздерге: біздің осы шарттарға қол қоюдан басқа амалымыз жоқ дегенді айтуыма тура келеді. Сондықтан бұдан басқа қандай ұсыныс болса да — ықтиярлы түрде болсын, ықтиярсыз түрде болсын, бұдан да жаман пәлелерді басқа тілеп алу, Совет республикасын бұдан былай толығынан (егер мұнда дәрежелер туралы айтуға болатын болса) герман империализміне бағындырып, соған құл ету болып табылады, не ол жойқын, шексіз ауыр, бірақ күмәнсыз шындықтан құр сөзбен құтылудың қайғылы әрекеті болып табылады. Жолдастар, барлығыңызға да түсінікті және даусыз себептер бойынша, басқа елдерден гөрі Россияға империалистік соғыстың неғұрлым қаһарлы, ауыр салмағы түскенін сіздер бәріңіз де, ал сіздердің көпшіліктеріңіз мұны өз тәжірибелеріңіз бойынша да, жақсы білесіздер; сондықтан біздің армиямыздай соғыстан титықтаған, азап шеккен ешбір армия жоқ екенін сіздер білесіздер; буржуазиялық баспасөздің және оларға көмектескен немесе Совет өкіметіне дұшпан партиялардың,— большевиктер әскер арасына іріткі салды деп бізге таққан жалаларының бәрі де сандырақ екенін сіздер білесіздер. Керенский ту-

сында прапорщик болып жүрген кезінің өзінде-ақ Крыленконың Петроградқа кетіп бара жатып әскер арасына таратқан және «Правдада» көшіріліп басылған прокламациясын естеріңізге тағы бір салып өтейін, онда Крыленко былай деген болатын: ешқандай бүлік болмасын, біз бүлікке шақырмаймыз, біз сіздерді ұйымдасқан саяси қимылға шақырамыз, мүмкіндігінше ұйымшыл болуға тырысыңыздар[148]. Мінеки, большевиктердің ең жалынды және армияға ең жақын тұрған өкілдерінің бірінің насихаты осындай болатын. Адам айтқысыз, шексіз шаршаған армияны ұстап тұру үшін, оны күштірек ету үшін қолдан келгеннің бәрі істелді. Ал енді қазір, мысалы, жұртқа пессимистік болып көрінуі мүмкін көзқарасымды соңғы айдың ішінде еш баяндамай, түгелдей ішіме сақтағанымның өзінде, осы соңғы айдың ішінде біздер армия жөнінде айтайын дегеніміздің бәрін айтып, жағдайды жеңілдету үшін істелуге тиісті нәрселердің бәрін де істегенімізді қазір көріп отырсақ және көрген болсақ, шындық бізге үш жыл соғыстан соң біздің армияның енді ешқандай соғыса алмайтынын және соғысқысы келмейтінін көрсетіп отыр. Мінеки, жыртқыш-империалиспен қатар өмір сүре отырып, ол кеудемізді тізесімен басып отырған кезде бітім шарттарына қол қоюға біздің мәжбүр болуымыздың негізгі, қарапайым, анық, өте-мөте күйінішті әрі ауыр, бірақ мейлінше айқын себебі осы. Міне сондықтан да мұны мен өзімнің мойныма қандай жауапкершілік алатынымды толық сезіп айтып отырмын және Совет өкіметінің бірде-бір өкілінің бұл жауапкершіліктен бұлтаруға правосы жоқ екенін қайталап айтамын. Әрине, Октябрь төңкерісінен кейін революцияның қалай ілгері басқанын жұмысшыларға, шаруалар мен солдаттарға айту жақсы да, жеңіл де еді, мұны көру жақсы да, жеңіл де болды, ал енді күйінішті, ауыр, күмәнсыз ақиқатты — революциялық соғыс бастаудың мүмкін еместігін — мойындауға тура келген кезде, міне осы кезде бұл жауапкершіліктен бұлтаруға болмайды, мұны тура өз мойнымызға алуымыз керек. Мен болып отырған нәрсені тура айтып, өз борышымды орындауды қажет деп санаймын, және

орындауға міндеттімін деп санаймын, сондықтан да мен, соғыстың не екенін, оның еңбекшілерге неге түскенін, оның еңбекшілерді қаншалықты титықтатып тұралатқанын білетін Россияның еңбекші табы,— олардың мұны білетініне мен титтей де күмәнданбаймын,— осы бітім шарттарының адам айтқысыз бүкіл ауырлығын, дөкірлігін, пасықтығын олардың бізбен бірге түсінетіндігіне, сөйткендіктен де біздің әрекетімізді ақтап шығатындығына сенемін. Олар бізге былай дейді: сіздер дереу және әділетті бітім шарттарын ұсынуға тиіс болдыңыздар, оған кірістіңіздер, сіздер, басқа елдер де осыған қосылмас па екен, өзіміз Европа пролетариатының көмегінсіз берік социалистік жеңіске жете алмайтын болғандықтан, бізге сол Европа пролетариаты көмекке келмес пе екен деп байқау үшін бітімді кешеуілдете түсуге мүмкін болған нәрсенің бәрін пайдалануға тиіс болдыңыздар. Біз келіс сөздерді соза түсу үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істедік, біз тіпті мүмкін болғанынан да көп нәрсе істедік, біз, көпшілігіміздің сенгеніміздей-ақ, Россияға айуандық, тағылық шабуыл жасауға Германияның жағдайы жібермейді деп сеніп, Брест келіс сөздерінен кейін соғыс жағдайы тоқталды деп жарияладық. Бұл жолы бізге ауыр жеңілісті басымыздан кешіруге тура келді, ал жеңіліске тура қарай білуіміз керек. Иә, бұған дейін революция жеңістен жеңіске жетіп, өрге өрлеп келген еді; қазір ол ауыр жеңіліске ұшырады. Сондайлық тез басталған герман жұмысшы қозғалысы уақытша тоқтап қалды. Біз бұл қозғалыстың негізгі себептерінің жойылмағанын, олар өсе түсетінін және сөзсіз ұлғая түсетінін білеміз, өйткені азапты соғыс созылып барады, өйткені империализмнің айуандығы, саясаттан неғұрлым тысқары немесе социалистік саясатты ұғуға қабілетсіз сияқты боп көрінетін бұқараның көзін аша отырып, барған сайын айқындала, арсыздана түсуде. Міне сондықтан да осындай аса ашынған, қасіретті жағдай туып, осы жағдай қазір бітімді қабыл алуға бізді мәжбүр етіп отыр және ол еңбекші бұқараны: иә, олар дұрыс істеді, олар әділетті бітім ұсыну үшін қолынан келгенінің бәрін істеді, олар ең

езуші және бақытсыз бітімге бағынуға тиіс болды, өйткені еліміздің бұдан басқа шарасы жоқ, деуге мәжбүр етеді. Жаудың қазіргі жағдайы оларды Совет республикасына қарсы өліспей беріспейтін шайқасқа баруға итермелеп отыр; егер олар Петроград пен Москваға жетеміз деген ниеттерін қазір жалғастыра алмай отырса, оның бірден-бір себебі — Англияға қарсы жүргізіп жатқан қан төгіс, тонаушылық соғыс олардың қолын байлап отыр, бұған қоса ішкі дағдарысы тағы бар. Жұрт маған: неміс империалистері ертең, бүрсігүні бұдан да ауыр шарттар қоюы мүмкін деп көрсеткенде мен: оған дайын болуымыз керек деймін; айуан жыртқыштармен қатар өмір сүріп отырған Совет республикасы, әлбетте, шабуыл жасалуын күтуге тиіс. Егер біз қазір соғысқа соғыспен жауап бере алмай отырған болсақ, онда мұның өзі — күшіміздің жоқтығынан және соғысқанда тек халық болса ғана соғысуға болатындығынан. Егер революцияның табыстары көптеген жолдастарға бұған керісінше пікір айтқызып отырған болса, онда бұл жаппай құбылыс емес, бұл нағыз бұқараның еркін, пікірін білдіре алмайды; егер сіздер нағыз еңбекші тапқа, жұмысшылар мен шаруаларға барсаңыздар, онда олардан бір-ақ жауапты: біз ешқандай жағдайда да соғыса алмаймыз, шамамыз жоқ, бір солдаттың айтқанындай, біз қанға шашалып біттік деген жауапты естисіздер. Біз осындай амалсыз және адам айтқысыз ауыр бітімге қол қойғанымызда осы бұқара біздің мұнымызды түсініп, ақтап шығады. Бәлкім, бұқараны көтеру үшін тыныс беру көп уақыт алатын болар, бірақ, революцияның өрлеу дәуірінде де және революцияның тұңғиыққа құлдыраған, бұқараға арналған революциялық үндеулер олардың тарапынан қолдау таппаған дәуірде де ұзақ жылдар бойы революциялық шайқастарды бастан кешіргендер қалай дегенмен де революцияның әрқашан да қайта өрлейтіндігін біледі; сондықтан біз былай дейміз: иә, қазір бұқараның соғысуға шамасы жоқ, қазір, Совет өкіметінің әрбір өкілі бүкіл ащы шындықты халыққа тура айтуға міндетті, үш жылдық соғыстың да, патша өкіметі душар еткен адам айтқысыз күйзелістің де

адам естіп көрмеген ауыртпалық кезеңдері өтеді, сонда халық өз бойында тойтарыс беретін күш пен мүмкіншіліктің бар екенін көреді. Біздің алдымызда қазір езуші тұр; әрине, езушілікке қарсы ең дұрысы революциялық соғыспен, көтеріліспен жауап беру, бірақ, өкінішке орай, тарих езушілікке қарсы әрқашан да көтеріліспен жауап беруге бола бермейтінін көрсетіп отыр; бірақ көтерілістен бас тарту —революциядан бас тарту деген сөз емес. Буржуазиялық газеттер, Совет өкіметінің дұшпандары тарапынан жасалған арандатуға берілмеңіздер; иә, бұл бітім туралы олар «жексұрын бітім!» деп, «масқара!» деп айқайлағаннан басқа түк айтпайды, ал іс жүзінде бұл буржуазия неміс жаулап алушыларын құшақ жайып қарсы алады. Олар: «мінеки немістер келіп, ақырында, бізге тәртіп орнатып береді» деседі, «жексұрын бітім, масқара бітім» деп айқайлап жұртты дүрліктіргенде олар осыны көксейді. Олар біздің күшіміздің жоқ екенін біле тұра Совет өкіметінің шайқасқа шығуын, адам айтқысыз шайқасқа шығуын тілейді, неміс полицейлерімен мәмлеге келу үшін бізді неміс империалистеріне толық құл болуға сүйрейді, бірақ олар тек өз табының ғана мүдделерін білдіреді, өйткені Совет өкіметінің нығайып келе жатқанын біледі. Бітімге карсы осы дауыстар, осы айқайлар — бұл бітімнен бас тартушылардың тек өздерін адасушылық жалған үміттермен жұбатып қана қоймай, арандатуға ергендіктерін де менің көз алдымда жақсы дәлелдейді. Жоқ, жойқын шындыққа тура қарауымыз керек: біздің алдымызда езуші тұр, ол тізесімен кеудемізден басып отыр, сондықтан да біз оған қарсы революциялық күрестің барлық құралдарымен күресеміз. Бірақ біз қазір аса ауыр жағдайда тұрмыз, біздің одақтасымыз көмек беруге асыға алмайды, халықаралық пролетариат бізге көмекке нақ қазір келе алмайды, бірақ түбінде келеді. Жауға қарсы соғысып тойтарыс беруге қазір мүмкіншілігі болмай отырған

бұл революциялық қозғалыс көтеріліп келеді, ондай тойтарысты кейінірек береді, бірақ түбінде береді. (Қол шапалақтау.)

Қысқаша есеп 1918 ж. 25(12) февральда «Правда» газетінің кешкі басылымында — 35-номерінде жарияланған

Бірінші рет 1926 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалары жинағында толық басылған, XX том, II бөлім

Стенограмма бойынша басылып отыр

ГЕРМАН БІТІМ ШАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ[149]

Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Орталық Атқару Комитетінің 24 февральда түнгі сағат $4^1/_2$-да қабылданған шешіміне сәйкес, Халық Комиссарлары Советі герман үкіметі ұсынған бітім шарттарын қабылдап, Брест-Литовскіге делегация жіберуге қаулы етті.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

1918 ж. 24 февральда жазылған

1918 ж. 25(12) февральда «Правда» газетінің кешкі басылымында — 35-номерінде және «Известия ЦИК» газетінің тетенше кешкі басылымында — 33-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БАҚЫТСЫЗ БІТІМ

Троцкий: бітім — үш мәрте бақытсыз бітім болуы мүмкін, бірақ өзінен жүз мәрте асып түсетін жексұрын соғысты аяқтайтын бітім жексұрын, масқара, пасық бітім бола алмайды деп дұрыс айтқан еді.

Әлсіздің кеудесіне әлді мініп отырғанда, бақытсыз, өлшеусіз ауыр, шексіз қорлықты бітімге қол қою адам айтқысыз, естіп көрмеген дәрежеде ауыр. Бірақ үмітсіздікке салынуға болмайды, тарих бұдан да зор қорлықты, бұдан да гөрі бақытсыз, ауыр бітім шарттарының мысалдарын білетінін естен шығаруға болмайды. Сонда да, айуандай-қатал жеңушілердің езгісінен халықтар есін жинап, еңсесін көтере білген болатын.

I Наполеон Пруссияны Вильгельмнің қазір Россияны жаншып, қорлап отырғанынан гөрі әлдеқайда күштірек жаншып, қорлаған болатын[150]. I Наполеон континентте бірнеше жыл қатарынан ең асқан жеңімпаз атанды, оның Пруссияны жеңуі Вильгельмнің Россияны жеңуінен гөрі әлдеқайда батылырақ болған еді. Ал аз ғана жылдан кейін-ақ Пруссия есін жинады, сөйтіп азаттық соғыста, Наполеонға қарсы тіпті де азаттық соғысын емес, империалистік соғыс жүргізген қарақшы мемлекеттердің көмегімен, Наполеонның езгісін жойды.

Наполеонның империалистік соғыстары көп жылдарға созылды, тұтас бір дәуірді қамтыды, империалистік* қатынастардың ұлт-азаттық қозғалыстармен қат-

* Империализм деп мен бұл арада жалпы алғанда бөтен елдерді тонауды, империалистік соғыс деп — жыртқыштардың осындай олжаны бөлісу үшін соғысуларын атаймын.

қабат ерекше шиеленісіп жатқанын көрсетті. Ал ақырында тарих соғыстар мен трагедиялар (тұтас халықтардың трагедиялары) айрықша көп болған бүкіл осы дәуір арқылы өтіп, феодализмнен — «еркін» капитализмге қарай ілгері басты.

Қазір тарих бұрынғыдан да тез ілгері басып барады, империалистік соғыс жаныштап жатқан және жаныштап өткен тұтас халықтардың трагедиялары әлдеқайда сорақы болып отыр. Империалистік және ұлт-азаттық ағымдардың, қозғалыстар мен талпыныстардың шиеленісіп жатқаны да айқын, тек мұндағы орасан зор айырма: ұлт-азаттық қозғалыстар әлдеқайда әлсіз, империалистік қозғалыстар — әлдеқайда күшті. Бірақ тарих тоқтаусыз ілгері басуда, сондықтан барлық алдыңғы қатарлы елдердің ішінде социалистік революция, бұрынғы буржуазиялық революцияға қарағанда әлдеқайда шексіз терең, халықтық, қуатты революция — еш нәрсеге қарамастан — пісіп жетіліп келеді.

Сондықтан да: үмітсіздікке салынуға әсте болмайды, дегенді қайталаған үстіне қайталай түсуіміз керек. Бітім шарттары адам төзгісіз ауыр. Қалай дегенмен тарих өз дегенін істейді, басқа елдерде үздіксіз пісіп жетіліп келе жатқан социалистік революция бізге көмекке келеді — тіпті біз тілегендей тез келмегенімен,— бірақ әйтеуір келеді.

Жыртқыш бізді шегіндіріп, бізді жаншып, қорлап отыр — біз осы ауыртпалықтың бәрін де көтере білеміз. Біз дүние жүзінде жалғыз қалмаймыз. Біздің достарымыз, жақтастарымыз, ең сенімді көмекшілеріміз бар. Олар — өз еріктерінен тыс бірқатар себептермен — кешігіп отыр, бірақ олар келеді.

Ұйымдастыру, ұйымдастыру және де ұйымдастыру жұмысын қолға алайық. Қиыншылықтардың қандай болғанына қарамастан, болашақ — біздікі.

«Правда» № 34, 24 февраль, 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БІТІМГЕ ҚОЛ ҚОЮДЫҢ ҚАЖЕТТІГІ ТУРАЛЫ ЗАМЕТКА

Қазіргі кезеңде бітімге қол қоймау — герман империализміне қарсы қарулы көтеріліс немесе революциялық соғыс жариялау деген сөз. Мұның өзі не жел сөз, не немістердің келуін көксеп отырған орыс буржуазиясының арандатуы. Іс жүзінде біз нақ осы сәтте соғыса алмаймыз, өйткені армия соғысқа қарсы, армияның соғысуға шамасы жоқ. 1918 жылғы февральдың 18-нен 24-не дейінгі немістерге қарсы бір апта соғыс, немістерден біздің әскеріміз қарсыласпастан қаша жөнелген соғыс, мұны әбден дәлелдеді. Біз герман империализмінің тұтқынындамыз. Қазіргі сәтте бізге немістерге қарсы қарулы көтеріліс жасау туралы жел сөз емес, революциялық соғысты дайындайтын жүйелі, байсалды, дәйекті жұмыс керек, тәртіп орнату, армия құру, темір жолдарды, азық-түлікті тәртіпке келтіру керек. Орталық Атқару Комитеті көпшілігінің, оның ішінде Лениннің (және большевиктердің Орталық Комитеті көпшілігінің) және Спиридонованың, Малкиннің (солшыл эсерлер Орталық Комитеті азшылығының) көзқарасы осындай.

1918 ж. 24 февральда жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 24 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

1

Бітім шартына қол қою үшін Брестке делегация жіберу туралы мәселе талқыланды.

Ленин жолдас осының алдындағы делегациямен сабақтастықты сақтауды қажет деп есептейді, ал жалғыз Қарахан жолдас жеткіліксіз болатындықтан, Иоффе мен Зиновьев жолдастардың барғаны өте қажет дейді.

2

А. А. Иоффе: «бітімге қол қою — Брестегі бүкіл саясатымызды жоққа шығарғандық» дегенді айтып, барудан үзілдікесілді бас тартады.

Ленин жолдас Иоффенің шартқа қол қоятын уәкіл ретінде баруын талап етпеймін, бірақ Иоффе жолдастың консультант ретінде баруы керек деп есептеймін дейді. Немістер, біздің тарапымыздан оппозиция болуынан қорқып, өздерінің жауаптарын ультиматумды түрде жібергендері күмәнсыз, ал біздің бітімге қол қоюға келісетінімізді көрген соң, олардың келіс сөздер жүргізуге де келісулері мүмкін. Сондықтан барлық істі білетін консультант болуы қажет. Егер іс тек қол қоюмен ғана тынатын болса, онда, әрине, ешқандай да сөйлесудің керегі жоқ, онда консультант тіпті мәжіліске бармайды да.

3

Ленин жолдас былай дейді: Радек, бітім жасасуға қарсы болғанымен, алайда, баруға келісіп еді, бірақ поляктар оның баруына тыйым салды.

4

Бұдан кейінгі жарыс сөзде Л. Д. Троцкий былай деп мәлімдейді: Бресте тек бітімге қол қойылуы ғана керек, сондықтан А. А. Иоффенің онда керегі болмайды, өйткені немістердің жауабында ең маңызды мәселелер тұжырымдалып айтылған.

Ленин жолдас Троцкийдің сөзін дұрыс емес дейді, өйткені, шартқа қол қойғанда мамандардың керек болуы сөзсіз, ал ондайлар бізде жоқ, тіпті сауда шарты бойынша да жоқ. Красиннің баруына болар еді, бірақ ол біраз уақытқа Стокгольмге жүріп кетті. Біз шартқа тістене отырып қол қоямыз, бұл туралы делегация мәлімдейді, бірақ біз жағдайдың қандай болатынын білмейміз, делегация Брестке жеткен кезге дейін не болып, не қоярын білмейміз, сондықтан Иоффе консультант ретінде қажет болады. Делегацияға, егер мүмкіншілік туа қалса, келіс сөздер жүргізуге біздің тапсырма беріп отырғанымызды жалпы есте ұстау керек.

5

Бұдан кейінгі талқылауда бітім делегациясының құрамына Г. Е. Зиновьев пен Г. Я. Сокольниковтың кандидатуралары белгіленеді.

Ленин жолдас бұлардың екеуін де жіберу керек, егер мәселе тек бітімге қол қоюда ғана болса, онда, алдағы істер туралы Чичеринмен келісіп, екеуінің де ізінше қайтып кетуіне болады деп есептейді.

6

Г. Я. Сокольников өзінің Брестке бармайтынын, егер Орталық Комитет бар деп күштесе, Орталық Комитеттен шығатынын мәлімдейді.

Ленин жолдас жолдастардың күйгелектенбеуін өтінеді және делегацияның құрамында халық комиссары ретінде Петровский жолдастың баруына болатынын көрсетеді.

7

Л. Д. Троцкийдің Сыртқы істер халық комиссары қызметінен кететіндігі туралы мәлімдемесі талқыланады.

Ленин жолдас мұны қабылдауға болмайтынын, саясаттың алмасуы дағдарыс деп саналатынын көрсетеді. Саясат туралы провинцияларға сұрау[151] жіберілгендігін, ал аздап айтысып алудың ешқандай залалы жоқ екенін көрсетеді.

Ол мынадай практикалық ұсыныс енгізеді: Орталық Комитет Троцкий жолдастан өзінің мәлімдемесін Орталық Комитеттің келесі мәжілісіне, сейсенбіге дейін, қоя тұруын сұрайды. (Түзету — делегация Брестен қайтып келгенге дейін.)

8

Ленин жолдас мынадай мәлімдемені дауысқа қоюды ұсынады: Орталық Комитет, Троцкий жолдастың отставкасын қазіргі кезеңде қабыл алу мүмкін емес деп тауып, одан өзінің бұл шешімін делегация Брестен қайтып келгенге дейін немесе істің нақтылы жағдайы өзгергенге дейін кідірте тұруын өтінеді.

Қабылданады, 3 адам қалыс қалады.

9

Л. Д. Троцкий өзінің мәлімдемесі қабылданбағандықтан, ресми мекемелерде көрінуден бас тартуға мәжбүр боламын деп есептейді.

Ленин жолдас мына төмендегіні дауысқа қоюды ұсынады: Орталық Комитет, Троцкий жолдастың мәлімдемесін тыңдай келіп, Халық Комиссарлары Советінде сыртқы істер туралы мәселелер шешілетін кезде Троцкий жолдастың қатыспайтын болуына толық келісе

отырып, Троцкий жолдастың басқа шешімдерден шет қалмауын өтінеді.

Қабылданады.

10

А. Ломовтың, М. С. Урицкийдің, В. М. Смирновтың, Г. Л. Пятаковтың, Д. П. Боголеповтың, А. П. Спундэнің Халық Комиссарлары Советіндегі істеп келген қызметтерінен кететіндіктері туралы мәлімдемесі талқыланды. М. С. Урицкий жауапты партия және совет қызметтерінен кететіндіктері туралы өздерінің бұл мәлімдемесі жарияланатын болар деген үміт білдіреді.

Ленин жолдас мынадай шешім ұсынады: Орталық Комитет мәлімдеме жасаған жолдастардан өздерінің шешімдерін делегация Брестен қайтып келгенге дейін кідірте тұруларын және Орталық Комитеттің бұл шешімі топта талқылануын өтінеді.

11

Ленин жолдас 2 ұсыныс енгізеді:

1) Төртеудің талабын заңды деп тани келіп, Орталық Комитет олардан Орталық Комитеттің ұсынысын талқылауды және бір жағынан съездің жақындығын, екінші жағынан саяси жағдайдың қиындығын ескеріп, өздерінің мәлімдемелерін кейінге қалдыра тұруларын өтінеді.

2) Жолдастарға олардың мәлімдемелерінің «Правдада» басылуына кепілдік бере отырып, Орталық Комитет олардан өздерінің шешімдерін қайта карауларын және өздерінің жауапты қызметтерде де, Орталық Комитетте де қалуларын мүмкін деп таппас па екен, соны талқылауды өтінеді[152].

Ұсыныстар қабылданады.

Бірінші рет 1—10-сөздер — 1928 ж. «Пролетарская Революция» журналының 2-номерінде; 11-сөз — 1922 ж. Н. Ленин (В. Ульянов) Шығармалары жинағының XV томында басылған

Протоколдық жазбаның қолжазба данасы бойынша басылып отыр

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ СЕПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ АННЕКСИОНИСТІК БІТІМ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕДЕГІ ПОЗИЦИЯСЫ[153]

Қымбатты жолдастар!

Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы герман үкіметінің ұсынған бітім шарттарына Орталық Комитеттің келісуіне себеп болған дәлелдерді сіздерге түсіндіруді қажет деп табады. Съездер аралығындағы кезеңдерде бүкіл партия атынан өкілдік ететін Орталық Комитеттің көзқарасы туралы партияның барлық мүшелерін кеңінен хабардар ету мақсатымен Ұйымдастыру бюросы сіздерге осы түсініктемені жолдап отыр, жолдастар. Ұйымдастыру бюросы бітім шарттарына қол қою мәселесі жөнінде Орталық Комитетте бірауыздылық болмағандығын атап көрсетуді қажет деп табады. Бірақ қабылданған шешімді бүкіл партия қолдауға тиіс. Таяудағы күндерде партия съезі болмақ, сондықтан бүкіл партияның шын позициясын Орталық Комитеттің қаншалықты дұрыс білдіргендігі туралы мәселені тек сонда ғана анықтауға болады. Съезге дейін партияның барлық мүшелері партия алдындағы борышын өтеу үшін, біздің өз қатарымызда бірлік сақтау үшін өздерінің орталық басшы органы — партияның Орталық Комитетінің шешімдерін жүзеге асырады.

Қазіргі кезеңде (1918 ж. 24 февральда) Германиямен арадағы басқыншы, адам айтқысыз ауыр бітімге қол қоюдың сөзсіз қажеттігі ең алдымен бізде армияның жоқтығынан, біздің қорғана алмайтындығымыздан туып отыр.

1917 жылғы 25 октябрьден кейін, пролетариат пен ең кедей шаруалардың диктатурасы жеңгеннен кейін біздің бәріміздің не себепті қорғампаз болғанымыз,

біздің отан қорғауды жақтағанымыз жұрттың бәріне мәлім.

Армияң болмай отырғанда, жау бақайшағына дейін қаруланып, өте жақсы дайындықта отырған кезде отан қорғау тұрғысынан қараймыз деп өзіңді соғыс арпалысына тартылдыруға болмайды.

Советтерді сайлаушы жұмысшы, шаруа және солдат бұқарасының көріне көзге орасан зор көпшілігі соғысқа қарсы болып отырғанда, Советтік социалистік республиканың соғыс жүргізуіне болмайды. Бұл авантюра болар еді. Егер осы соғыс тіпті өте ауыр бітіммен болса да тоқтатылған болса, ал герман империализмі содан кейін Россияға қарсы тағы да шабуылды соғыс жүргізуді тілесе, онда мәселе басқаша. Онда Советтердің көпшілігі қайткенде де соғысу жағында болар еді.

Дәл қазір соғысу — орыс буржуазиясының арандатуына объективті түрде берілу деген сөз. Россияның қазір қорғаныс қабілетінің жоқ екенін, сондықтан оны германдардың тіпті болмашы күштері де талқандайтыпын, оларға Питер мен Москваны ашықтырып барып алу үшін басты-басты темір жолдарды үзіп тастаудың өзі жеткілікті екенін орыс буржуазиясы өте жақсы біледі. Буржуазия соғысты тілейді, өйткені ол Совет өкіметін құлатуды, неміс буржуазиясымен келісімге келуді тілейді. Немістер Двинск мен Режицаға, Венден мен Гапсалға, Минск мен Дриссаға келіп кіргенде буржуйлардың шаттануы мұны айдан-анық дәлелдеп отыр.

Қазіргі кезеңде революциялық соғысты жақтау революциялық жел сөзге апарып соқпай қоймайды. Өйткені армиясыз, аса елеулі экономикалық дайындықсыз алдыңғы қатарлы империализмге қарсы қазіргі замангы соғысты жүргізу күйзелген шаруа еліне мүмкін емес нәрсе. Бізді тұтқынға алып, жаншып тастамақшы герман империализміне қарсыласу сөзсіз қажет. Бірақ нақ қазір, нақ қарулы көтеріліс арқылы қарсыласуды талап ету, *мұндай* қарсыласудың біз үшін көрінеу үмітсіз екенін, ал герман буржуазиясына да, орыс буржуазиясына да көрінеу тиімді екенін біле тұра талап ету жел сөз болар еді.

Халықаралық социалистік қозғалысты қолдауды дә-

лел етіп дәл осы сәтте революциялық соғысты жақтау да нақ сондай жел сөз болып табылады. Егер біз герман империализмімен мезгілсіз уақытта шайқасып, оның Совет республикасын талқандауын жеңілдетсек, онда біз герман және халықаралық жұмысшы қозғалысына да, социализм ісіне де көмектеспейміз, қайта зиян келтіреміз. Жан-жақты, табанды, жүйелі жұмыс арқылы барлық елдердің іштеріндегі тек революцияшыл интернационалистерге ғана көмектесуіміз керек, ал қарулы көтерілістің көпе-көрінеу авантюра болып отырған кезінде ондай авантюраға бару марксиске лайық емес.

Егер Либкнехт 2—3 аптаның ішінде жеңе қалса (бұл мүмкін нәрсе), ол, әрине, бізді барлық қиыншылықтардан алып шығады. Бірақ, Либкнехт таяудағы апталарда қалайда және міндетті түрде жеңіп шығады деп халық алдында кепілдік бермекші болсақ, мұнымыз тура зердесіздік болар еді және барлық елдер еңбекшілерінің ынтымақтастығы жөніндегі ұлы ұранды келемеж еткендік болар еді. Нақ осылай пайымдаушылар «Біз дүние жүзілік революция болады деп сендік» деген ұлы ұранды барып тұрған жел сөзге айналдырып жүр.

Объективті тұрғыдан қарағанда, істің жайы 1907 жылдың жазындағыға ұқсайды. Онда бізді орыс монархисі Столыпин жаншып, тұтқынға алған еді, енді неміс империалисі сөйтіп отыр. Онда дереу көтеріліс жасау ұраны, өкінішке орай, эсерлер партиясын түгел баурап алған жел сөз болып еді. Қазір, нақ осы сәтте, революциялық соғыс ұраны, оңшыл эсерлердің дәлелдерін қайталап отырған солшыл эсерлерді еліктірген жел сөз екені анық. Біз герман империализмінің тұтқынындамыз. Бүкіл дүние жүзілік империализмнің осы бастаушысын құлату үшін біз қиын да ұзақ күрес жүргізуге тиіспіз; бұл күрес, сөз жоқ, социализм жолындағы ең ақырғы, шешуші зор майдан болып табылады, бірақ бұл күресті қазіргі кезеңде империализмнің бастаушысына қарсы қарулы көтерілістен бастау — авантюра, марксистер мұндай авантюраға еш уақытта да бармайды.

Еліміздің қорғаныс қабілетін, барлық жерде де өзара

тәртіпті көтеруге ұдайы, бұлжытпай, жан-жақты әзірлену, ауыр жеңілісті өмірдің барлық салаларында да тәртіпті көтеру, еліміздің экономикасын өрге бастыру және Совет өкіметін нығайту мақсаты үшін пайдалану — қазіргі күннің міндеті осы, революциялық соғысты соз жүзінде емес, іс жүзінде дайындау дегеніміз осы.

Қорытындыда Ұйымдастыру бюросы былай деп атап көрсетуді қажет деп санайды: герман империализмінің шабуылы осы күнге дейін тоқталмағандықтан, партияның барлық мүшелері ынтымақтасып тойтарыс беруді ұйымдастыруға тиіс. Егер, тіпті ең ауыр бітімге болса да қол қою арқылы жаңа шайқастарға дайындалу үшін уақыт ұта алмайтын болсақ, онда біздің партиямыз нағыз ашық қарсыласу үшін барлық күштерді жұмылдыру қажеттігін көрсетуі керек.

Егер уақыт ұтуға, ұйымдастыру жұмысын жүргізу үшін тіпті аз да болса тыныс алуға мүмкін болса, біз соған міндетті түрде жетуіміз керек. Егер бізге уақыт берілмейтін болса, онда біздің партия бұқараны күреске, ең жігерлі түрде қорғанысқа шақыруға тиіс. Партиямыздың барлық мүшелері өздерінің партия алдындағы, өз елінің жұмысшы табы алдындағы, халық пен пролетариат алдындағы өз борышын орындап шығады деп біз сенеміз. Совет өкіметін сақтап қалу арқылы біз барлық елдердің пролетариатына олардың өз буржуазиясына қарсы өлшеусіз қиын, ауыр күрестерінде ең жақсы, ең күшті көмек корсетеміз. Сондықтан қазір социализм ісі үшін Россияда Совет өкіметінің күйретілуінен асқан зор соққы жоқ және болуы да мүмкін емес.

Жолдастық сәлеммен

РСДРП(б) Орталық
Комитетінің Ұйымдастыру бюросы

1918 ж. 24 февральда жазылған

1918 ж. 26(13) февральда «Правда» газетінің 35-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

АУЫР БОЛСА ДА, ҚАЖЕТТІ САБАҚ

1918 жылғы 18 февральдан 24 февральға дейінгі апта орыс революциясының және халықаралық революцияның тарихында ең ұлы тарихи өзгерістердің бірі болып енеді.

1917 жылғы 27 февральда орыс пролетариаты шаруалардың соғыс оқиғаларының барысында оянған бір бөлегімен және буржуазиямен біріге отырып, монархияны құлатты. 1917 жылғы 21 апрельде ол империалистік буржуазияның дара өкіметін құлатып, өкіметті буржуазиямен ыңғайлас ұсақ буржуазиялық келісімпаздардың қолына көшірді. 3 июльде қала пролетариаты, стихиялы түрде демонстрацияға шығып, келісімпаздардың үкіметін шайқалтты. 25 октябрьде ол келісімпаздардың үкіметін құлатып, жұмысшы табы мен ең кедей шаруалардың диктатурасын орнатты.

Бұл жеңісті азамат соғысында қорғап қалу керек болды. Мұның өзі, Гатчина түбінде Керенскийді жеңуден басталып, одан кейін Москвада, Иркутскіде, Оренбургте, Киевте буржуазияны, юнкерлерді, контрреволюцияшыл казактардың бір бөлегін жеңіп, ақырында, Дондағы Ростовта Калединді, Корниловты және Алексеевті жеңумен аяқталып, үш айдай уақыт алды.

Финляндияда пролетариат көтерілісінің жалыны лаулады. Бұл жалын Румынияға жайылды.

Ішкі майдандағы жеңістер біршама оңайға түсті, өйткені жаудың техника жағынан да, ұйымдасу жағынан да ешқандай басымдылығы болған жоқ, оның үстіне жаудың сүйенер ешқандай экономикалық ба-

засы, халық бұқарасы ішінде ешқандай тірегі болмады. Жеңіске оңай жету көптеген басшылардың басын айналдырмай қоймады. «Бөрікпен соғып аламыз» деген ниет-пиғыл туды.

Олар тез демобилизацияланып майданнан кетіп жатқан армияның ішіндегі орасан зор ыдыраушылыққа мән бермеді. Революциялық жел сөзге мәз болды. Бұл жел сөзді бүкіл дүние жүзілік империализмге қарсы күресте де қолдана бастады. Россияның бүкіл дүние жүзілік империализмнің қысымынан уақытша «еркіндік» алуын қалыпты нәрсе деп білді, ал іс жүзінде бұл «еркіндік» герман жыртқышының ағылшын-француз жыртқышына қарсы соғысындағы үзілістің салдарынан ғана мүмкін болып еді. Австрия мен Германияда бұқаралық стачкалардың басталуын революция деп біліп, бұл бейне бір бізді қазірдің өзінде-ақ герман империализмі тарапынан төнген үлкен қауіптен құтқарды деп есептеді. Айрықша ауыр және қиын жолмен туғалы тұрған герман революциясына көмектесу жөнінде байыпты, іскер, байсалды жұмыс істеудің орнына: «Герман империалистері деген не,— біз Либкнехтпен бірге оларды бір-ақ итеріп тастаймыз!» деп қол сермеу пайда болды.

1918 жылғы 18—24 февральдағы, Двинскіні алғаннан бастап Псковты (ол кейін қайтып алынды) алғанға дейінгі апта, империалистік Германияның Советтік социалистік республикаға соғыс шабуылын жасаған аптасы күйінішті, қорлықты, ауыр, бірақ қажетті, пайдалы, игілікті сабақ болды. Осы аптаның ішінде үкімет орталығына ағылып түсіп жатқан телеграммалар мен телефон хабарларының екі тобын салыстыру қандай шексіз ғибратты десеңізші! Бір жағынан, «тоқ етерін» айтатын революциялық жел сөздің — Орталық Атқару Комитетінің сенбідегі мәжілісінде[154] «солшыл» (гм... гм...) эсер Штейнбергтің сөйлеген осы тұрғыдағы бір асыл сөзін еске алып, мұны штейнбергтік жел сөздің тоқтаусыз тасқыны деуге де болар еді. Екінші жағынан, полктердің позицияларын сақтаудан бас тартулары туралы, тіпті Нарва шебін қорғаудан да бас тартулары туралы, шегінгенде барлығын түгел құрту

жөніндегі бұйрықтың орындалмауы туралы күйінішті-қорлықты хабарлар; қашу, берекесіздік, қырсыздық, дәрменсіздік, шалағайлық туралы айтып та отырғанымыз жоқ.

Күйінішті, қорлықты, ауыр,— қажетті, пайдалы, игілікті сабақ!

Саналы, ойлы жұмысшы бұл тарихи сабақтан үш қорытынды жасайды: біздің отанды қорғауға, еліміздің қорғаныс қабілеттілігіне, революциялық, социалистік соғысқа көзқарасымыз туралы; дүние жүзілік империализммен біздің қақтығысқа келу жағдайларымыз туралы; халықаралық социалистік қозғалысқа біздің көзқарасымыз жөніндегі мәселенің дұрыс қойылуы туралы.

Біз енді, 1917 жылғы 25 октябрьден бастап — қорғампаздармыз, біз осы күннен бастап отан қорғауды жақтаймыз. Өйткені біз империализмнен іргемізді аулақ салғанымызды *іс жүзінде* дәлелдедік. Біз арам ниет, қан төгіс империалистік шарт-заговорларды бұзып, оларды жарияладық. Біз *өз* буржуазиямызды құлаттық. Біз *өзіміз* езіп келген халықтарға бостандық бердік. Біз халыққа жер және жұмысшы бақылауын бердік. Біз — Россияның Советтік социалистік республикасын қорғауды жақтаймыз.

Біз отан қорғауды жақтаймыз, сондықтан да біз еліміздің қорғаныс қабілеттілігіне және жауынгерлік дайындығына *елеулі* көңіл бөлінуін талап етеміз. Біз революциялық соғыс туралы революциялық жел сөзге аяусыз соғыс жариялаймыз. Революциялық соғысқа елімізді экономика жағынан көтеруден, темір жолдарды тәртіпке салудан бастап (өйткені бұларсыз қазіргі заманғы соғыс дегеніміз барып тұрған бос сөз), барлық жерде де қатаң революциялық тәртіпті және өзара тәртіпті қалпына келтіруден бастап ұзақ уақыт, шыңдап дайындалу керек.

Армияң жоқ екені айқын болып отырғанда, күші мейлінше артық және дайындығы бар жауға қарсы соғыс шайқасына түсу,— отан қорғау тұрғысынан қарайтын болсақ, қылмыс болып табылады. Отан қорғау тұрғысынан қарайтын болсақ, біз ең ауыр, езу-

шілік, айуандық, масқара бітімге қол қоюға міндеттіміз — біз мұны империализмнің алдында «тізе бүгу» үшін емес, қайта олармен шындап, іскерлікпен соғысуды үйрену, соған дайындалу үшін істейміз.

Бастан кешіп отырған осы апта орыс революциясын бүкіл дүние жүзілік-тарихи дамудың өлшеусіз жоғары сатысына көтерді. Тарих осы күндердің ішінде алға қарай бірден бірнеше саты жоғары көтерілді.

Бүгінге дейін біздің алдымызда болмашы ғана, жексұрын-бейшара (бүкіл дүние жүзілік империализм тұрғысынан қарағанда) жаулар, қайдағы бір пақұрыс Романов, мақтаншақ Керенский, юнкерлер мен буржуасымақтардың бандасы тұрды. Енді бізге қарсы мәдениетті, техника жағынан мейлінше жақсы жабдықталған, ұйымдастыру жағынан тамаша жолға қойылған бүкіл дүние жүзілік империализмнің алыбы көтерілді. Онымен күресу *керек.* Онымен күресе *білу* керек. Үш жылдық соғыстан адам айтқысыз күйзелген, социалистік революцияны бастаған, шаруа елі соғыс шайқасына жоламауға тиіс — тіпті орасан ауыр құрбандыққа көнсе де, әзірге мүмкіндік бар тұрғанда, оған жоламауға тиіс,— «ең ақырғы, шешуші зор майдан» бұрқ ете қалған сәтте елеулі бірдеңелер істеуге мүмкіндік алу үшін жоламауға тиіс.

Бұл майдан алдыңғы қатарлы империалистік елдерде социалистік революция бұрқ еткенде ғана басталады. Ондай революция, күмән жоқ, ай сайын, апта сайын жетіліп, нығайып келеді. Осы жетіліп келе жатқан күшке көмектесу *керек.* Оған көмектесе *білу* керек. Армиясы жоқ екені айқын болып отырғанда, көршілес Советтік социалистік республиканы жаудың талқандауына беріп қойсаң, бұл жетіліп келе жатқан күшке көмектеспейсің, қайта зиян келтіресің.

«Біз социализм Европада жеңеді деп сенеміз» дейтін ұлы ұранды жел сөзге айналдырмау керек. Социализмнің ақырына дейін жеңіп шығуының ұзақ және ауыр жолын айтатын болсақ, бұл — ақиқат. Егер бүкіл «социалистік революция заманын» тұтасынан алатын болсақ, бұл — талассыз, философиялық-тарихи ақиқат. Бірақ, абстракт ақиқатты *кез келген* нақты жағдайға

қолданатын болсақ, онда абстракт ақиқаттың қайсысы болса да жел сөзге айналады. «Әрбір стачкада әлеуметтік революцияның гидрасы бар» екені даусыз. Әрбір стачкадан дереу революцияға өтуге болады деу — өрескелдік. Егер біз «социализм Европада жеңеді деп сенеміз» дегенді халық алдында өзімізге кепілдік алу мағынасында, европалық революция қайткенде де таяудағы бірнеше аптаның ішінде, немістер Питерге, Москваға, Киевке жетіп үлгіргенге дейін, біздің темір жол транспортымызды «құртып» үлгіргенге дейін қайткенде де тұтанады және жеңеді деп өзімізге кепілдік алу мағынасында айтатын болсақ, онда біз байсалды интернационалист-революционерлер емес, авантюристер боламыз.

Егер Либкнехт буржуазияны 2—3 апта ішінде жеңе қалса (оны мүмкін емес деуге болмайды), онда ол бізді барлық қиыншылықтардан алып шығады. Бұл талассыз нәрсе. Бірақ біз бүгінгі империализмге қарсы күрестегі өзіміздің бүгінгі тактикамызды Либкнехт нақ таяудағы апталардың ішінде жеңетін болар деген үмітке негіздеп белгілесек, онда біз тек жұртқа күлкі болуға ғана лайықпыз. Онда біз қазіргі заманның революциялық ең ұлы ұрандарын революциялық жел сөзге айналдырамыз.

Революцияның ауыр, бірақ пайдалы сабақтарынан үйреніңіздер, жұмысшы жолдастар! Отанды қорғауға, социалистік Совет республикасын қорғауға шындап, табанды түрде үнемі дайындалыңыздар!

«Правда» (кешкі басылым)
№ 35, 25(12) февраль, 1918 ж.
Қол қойған: Ленин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҮКІМЕТТІ ЭВАКУАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[155]

1) Тұрақты мекені Москва болып белгіленсін.

2) Әрбір ведомство орталық әкімшілік аппараттың басшыларын барынша аз мөлшерде, 20—30 адамнан аспайтын (бұған қоса семьялары) мөлшерде эвакуациялайтын болсын.

3) Мемлекеттік банк, алтын қоры және Мемлекеттік қағаздар дайындайтын экспедиция қайткенде де, дереу әкетілетін болсын.

4) Москваның бағалы заттарын тасып әкете бастау керек.

1918 ж. 26 февральда жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТАҢҚАЛАРЛЫҚ ЖӘНЕ СҰМДЫҚ НӘРСЕ

Біздің партияның Москва облыстық бюросы 1918 жылғы 24 февральда қабылдаған қарарында Орталық Комитетке сенімсіздік білдірді, оның «Австрия-Германиямен жасасылған бітім шартында қойылған талаптарды жүзеге асыруға байланысты» қаулыларына бағынудан бас тартты және қарарға жазған «түсіндірме текстінде»: «таяу уақыттың ішінде партияның жікке бөлінуін тоқтатудың мүмкіндігін екіталай деп табады» деп мәлімдеді*.

Мұның бәрінде сұмдық еш нәрсе жоқ екені былай тұрсын, тіпті таңқаларлық та еш нәрсе жоқ. Сепараттық бітім туралы мәселеде Орталық Комитетке мүлде қосылмайтын жолдастардың Орталық Комитетті қатты кінәлаулары және жікке бөліну сөзсіз деп сенетіндіктерін білдірулері әбден табиғи нәрсе. Мұның бәрі партия мүшелерінің мейлінше заңды правосы, бұл әбден түсінікті.

Бірақ таңқаларлық және сұмдық нәрсе мынада. Қарарға «түсіндірме текст» қосылған. Оның толық нұсқасы мынадай:

---

* Қарардың толық тексті мынадай: «Орталық Комитеттің қызметін талқылай келіп, РСДРП Москва облыстық бюросы Орталық Комитеттің саяси бағыты мен құрамына наразылығы себепті оған өзінің сенбейтіндігін білдіреді және ең бірінші мүмкіншілік туған бойда-ақ оның қайта сайлануына күш салатын болады. Оның үстіне, Москва облыстық бюросы Орталық Комитеттің Австрия-Германиямен жасалған бітім шартында қойылған талаптарды жүзеге асыруға байланысты қаулыларына сөзсіз бағынуға өзін міндетті деп санамайды». Қарар бірауыздан қабылданған.

«Москва облыстық бюросы таяу уақыттың ішінде партияның жікке бөлінуін тоқтату мүмкіндігі екіталай деп табады, сонымен қатар, сепараттық бітім жасасуды жақтаушыларға да, партияның барлық баяу оппортунистік элементтеріне де қарсы күресіп жүрген барлық дәйекті революцияшыл-коммунистік элементтерді біріктіруге қызмет етуді өзіне міндет етіп қояды. *Халықаралық революцияның мүдделері үшін біз қазір таза формальдылыққа айналып бара жатқан Совет өкіметінен айрылу мүмкіндігінен де қашпау мақсатқа сай келеді деп есептейміз.* Біз бұрынғыша өзіміздің негізгі міндетімізді социалистік революция идеяларын барлық басқа елдерге тарату және жұмысшы диктатурасын батыл жүзеге асыру, Россиядағы буржуазиялық контрреволюцияны аяусыз жаныштау деп білеміз».

Мұндағы біздің астын сызып көрсеткен сөздеріміз... таңқаларлық және сұмдық сөздер.

Әңгіменің түйіні осы сөздерде болып отыр.

Бұл сөздер қарар авторларының бүкіл ұстаған бағытын барып тұрған сорақылыққа жеткізіп отыр. Бұл сөздер олардың қателерінің негізін өте-мөте айқын ашып береді.

«Халықаралық революцияның мүдделері үшін Совет өкіметінен айрылу мүмкіндігінен де қашпау мақсатқа сай келеді...» Бұл таңқаларлық нәрсе, өйткені дәлелдері мен қорытындысының арасында тіпті байланыс жоқ. «Халықаралық революцияның мүдделері үшін Совет өкіметінің *соғыста жеңілуінен* де қашпау мақсатқа сай келеді» деген тезис болса, ол не дұрыс, не теріс болар еді, бірақ оны таңқаларлық деп атауға болмас еді. Бұл — бір.

Екінші: Совет өкіметі «қазір таза формальдылыққа айналып бара жатыр». Міне бұл тек таңқаларлық қана емес, сонымен қабат тура сұмдық нәрсе. Авторлардың шатасудың барып тұрған шытырманына түсіп кеткені анық. Түйінін шешіп, анықтап беруге тура келеді.

Бірінші мәселе бойынша авторлардың пікірі, сірә: халықаралық революцияның мүдделері үшін соғыста жеңілу мүмкіндігінен де қашпау керек, бұл мақсатқа сай келеді, бұл Совет өкіметінен айрылуға, яғни Россияда буржуазияның жеңуіне әкеліп соқтырады деу болу керек. Бұл пікірді айту арқылы авторлар менің тезистерде (1918 ж. 8 январьда жазылып, 1918 ж. 24

февральда «Правдада» басылған)* айтқандарымның дұрыс екендігін, атап айтқанда, Германияның бізге ұсынған бітім шарттарын қабылдамау Россияны жеңілуге және Совет өкіметін құлатуға әкеліп соқтырады дегенімнің дұрыс екендігін жанамалап мойындап отыр.

Сонымен, la raison finit toujours par avoir raison — шындық әрқашан да жеңеді! Менің «әсіре» қарсыластарым, жікке бөлінеміз деп қорқытып жүрген москвалықтар,— өздері жікке бөліну туралы ашықтан-ашық айтуға дейін барғандықтан да,— өздерінің *нақты* пікірлерін, революциялық соғыс туралы жалпы сөздермен құтылып кеткісі келетіндер үндемей қалуды артық санайтын пікірлерді ақырына дейін айтып беруге тиіс еді. Менің тезистерім мен дәлелдерімнің барлық мәні (менің 1918 ж. 7 январьдағы тезистерімді зейін қойып оқығысы келген адамдардың бәрінің де көретініндей), революциялық соғысты шындап *дайындай* отырып (сонымен қатар нақ осы шындап дайындалу *мүдделері* үшін), *қазір,* осы сәтте, өте ауыр бітімді қабылдау қажет екенін атап көрсетуде болып отыр. Революциялық соғыс туралы жалпы сөздерден әрі аса алмағандар менің дәлелдерімнің бүкіл мәнін елеусіз қалдырды немесе оны байқамаған болды, байқағылары да келмеді. Енді келіп міне, менің дәлелдерімнің *мәні* туралы «тіл қатпау заговорын» бұзғандары үшін мен өзімнің нақ осы «әсіре» қарсыластарыма, москвалықтарға шын көңілімнен алғыс айтуға тиістімін. Москвалықтар менің дәлелдеріме *бірінші* болып жауап берді.

Ал олардың жауабы қандай болды десеңізші?

Олардың жауабы менің *нақты* дәлелімнің *дұрыс екендігін мойындау* болды: иә, егер біз қазір немістерге қарсы соғысқа шықсақ, біз шынында да жеңілеміз**. Иә, бұл жеңіліс шынында да Совет өкіметінің құлауына әкеліп соқтырады, деп мойындады москвалықтар.

---

* Қараңыз: осы том, 259—268-беттер. *Ред.*

** Ұрыстан қашып құтылуға бәрібір болмайтын еді, деген қарсы пікірге фактімен жауап берілді: менің тезистерім 8 январьда оқылды: 15 январь қарсаңында біз бітім *жасаса алатын* едік. Егер... егер революциялық жел сөз болмаған болса, онда тыныс алу сөзсіз қамтамасыз етілген болар еді (ал біз үшін ең аз деген тыныстың материалдық жағынан да, моральдық жағынан да орасан зор маңызы болды, өйткені *неміс жаңадан* соғыс жариялауға тиіс болған болар еді).

Тағы да қайталап айтайын: менің дәлелдерімнің мәніне қарсы, яғни атап айтқанда, егер біз дереу соғысқа шыға қалған күнде соғыстың қалай боларын менің *нақты* түрде көрсетуіме қарсы «тіл қатпау заговорын» бұзғандары үшін және менің айтқан осы нақты көрсетуімнің дұрыстығын қорықпай мойындағандары үшін мен өзімнің «әсіре» қарсыластарыма, москвалықтарға, шын көңілімнен алғыс айтамын.

Одан соң. Дұрыстығын мойындауға москвалықтар шынында да мәжбүр болған менің дәлелдерімнің теріске шығарылуы неде болып отыр деңізші?

Халықаралық революцияның мүдделері үшін Совет өкіметінен айрылудан да қашпау *керек* дегендікте болып отыр.

Халықаралық революцияның мүдделері не себепті мұны талап етеді? Менің дәлелдерімді теріске шығарғысы келгендердің дәлелдеулерінің түйіні, шын мәні осында. Ал енді нақ осы, ең маңызды, ең негізгі, ең түбегейлі пункт бойынша қарарда да, түсіндірме текстінде де бір ауыз сөз айтылмаған. Қарарды құрастырушылар жалпыға мәлім, таласcыз мәселелер туралы — «Россиядағы буржуазиялық контрреволюцияны аяусыз жаныштау» (Совет өкіметінен айрылуға апарып соқтыратын саясаттың құралдарымен және әдістерімен бе?) туралы да, партияның барлық баяу оппортунистік элементтеріне қарсы күрес жүргізу туралы да айтуға уақыт та, орын да тапқан, ал нақ талас туғызып отырған мәселе туралы, бітімге қарсылардың позициясының нақ мәніне қатысты мәселе туралы — жұмған ауыздарын ашпайды!

Таңқаларлық. Мүлде таңқаларлық. Қарардың авторлары бұл туралы, өздерінің осы пункт жөнінде ерекше әлсіз екендіктерін сезгендіктен үндемей қалмады ма екен? *Неліктен екенін* ашық айтып беру (мұны халықаралық революцияның мүдделері талап етеді), әрине, өзін өзі әшкерелеу болар еді...

Қалай болған күнде де бізге қарар авторларының басшылыққа *алуы мүмкін* дәлелдерді *іздеуге* тура келеді.

Бәлкім, авторлар халықаралық революцияның мүдделері империалистермен қандай болса да бітімге келуге тыйым салады деп ойлайтын болар? Мұндай пікірді бітімге қарсылардың кейбіреулері Питердегі бір кеңесте айтқан болатын, бірақ оны сепараттық бітімге қарсылардың болмашы азшылығы ғана қолдады.[156] Бұл пікірдің Бресттегі келіс сөздердің қажеттілігін теріске шығаруға, «тіпті» Польшаны, Латвияны және Курляндияны қайтарып берген жағдайда да бітім жасасу қажеттігін теріске шығаруға әкеліп соқтыратыны анық. Бұл сияқты көзқарастардың (мұны, мысалы, Питерде бітімге қарсы шыққандардың да көпшілігі қабылдамады) дұрыс емес екендігі бадырайып-ақ көрініп тұр. Бұл сияқты көзқарастардың тұрғысынан қарасақ, империалистік державалардың арасында социалистік республика ешқандай экономикалық шарт жасаса алмаған болар еді, айға ұшып кетпейінше өмір сүре алмаған болар еді.

Бәлкім, авторлар халықаралық революцияның мүдделері революцияға *итермелеуді* талап етеді, ал оған тек соғыс қана итермелей алады, бұқараға империализмді «заңды етушілік» сияқты болып көрінетін бітім тіпті де оған итермелей алмайды деп ойлайтын болар? Бұл сияқты «теория» марксизмге бүтіндей қайшы келер еді, ал марксизм революциялар тап қайшылықтары шиеленісуінің пісіп жетілуіне қарай туып, дамиды деп санайды, революцияға «итермелеуді» әрқашан да теріске шығарады. Бұл сияқты теория — қарулы көтеріліс күрестің барлық уақыттағы және барлық жағдайлардағы міндетті түрі деген көзқараспен барабар болар еді. Іс жүзінде халықаралық революцияның мүдделері елдегі буржуазияны құлатқан Совет өкіметінің бұл революцияға *көмектесуін*, бірақ көмек *формасын* өзінің күшіне қарай таңдайтын болуын талап етеді. Социалистік революцияның *белгілі бір* елде жеңілу мүмкіншілігіне жол бере отырып, социалистік революцияға халықаралық көлемде көмектесу көзқарасы — мұндай көзқарас тіпті итермелеу теориясынан да туміайды.

Бәлкім, қарардың авторлары: Германияда революция қазірдің өзінде-ақ басталды, революция онда ашықтан-ашық жалпы ұлттық азамат соғысына қазірдің өзінде-ақ жетіп отыр, сондықтан біз өз күштерімізді неміс жұмысшыларына көмекке беруге тиіспіз, қазірдің өзінде-ақ өзінің шешуші шайқастарын бастап, бірақ ауыр соққыға кезіккен неміс революциясын *құтқару үшін* құрып кетуге («Совет өкіметінен айрылуға») тиіспіз деп ойлайтын болар? Осы тұрғыдан қарап, біз өзіміз құрығанымызбен, герман контрреволюциясы күштерінің бір бөлегін өзімізге аландатып, осы арқылы герман революциясын аман алып қалған болар едік, дейтін болар.

Мұндай алғы шарт болған жерде жеңілу мүмкіндігінен және Совет өкіметінен айрылу мүмкіндігінен қашпау «қажетті» ғана емес, (қарар авторларының айтуынша), тіпті тікелей *міндетті* де болар еді. Бірақ ондай алғы шарттардың жоқтығы айқын. Герман революциясы жетіліп келеді, бірақ ол Германияда бұрқ ете түсу дәрежесіне, Германияда азамат соғысы дәрежесіне, әлі айқын жеткен жоқ. «Совет өкіметінен айрылу мүмкіндігінен қашпау» арқылы біз герман революциясының пісіп жетілуіне ешбір көмектеспеген, қайта *кедергі жасаған* болар едік. Біз мұнымызбен герман реакциясына көмектесер едік, солардың отына май құйған болар едік, Германиядағы социалистік қозғалыстың жағдайын қиындатқан болар едік, Германияның социализм жағына әлі шыға қоймаған пролетарлары мен жартылай пролетарларының қалың бұқарасын социализмнен қашықтатар едік, олар 1871 жылы Коммунаның талқандалуынан ағылшын жұмысшыларының қорыққаны сияқты Советтік Россияның талқандалуынан қорқып қалар еді.

Қалай аударып қарасаң да, автордың пайымдауларынан логика таба алмайсың. «Халықаралық революцияның мүдделері үшін Совет өкіметінен айрылу мүмкіндігінен де қашпау мақсатқа сай келетінін» көрсететін ақылға қонымды дәлелдер жоқ.

«Совет өкіметі қазір таза формальдылыққа айналып бара жатыр» — міне москвалық қарардың авторлары-

ның, біздің көріп отырғанымыздай, айтуға ауыздары барып отырған сұмдық қағидасы осындай.

Герман империалистері бізден алым алатып болған соң, олар бізге Германияға қарсы насихат пен үгіт жүргізуге тыйым салатын болған соң, Совет өкіметі де маңызын жоғалтып, «таза формальдылыққа айналады»— қарар авторларының «ойлау» жүйесі, сірә, осындай болу керек. «Сірә» деп отырған себебіміз, авторлар бұл қарастырылып отырған тезисті дәлелдейтін анық, дәл еш нәрсе берген жоқ.

Совет өкіметінің формальды ғана маңызы бар дейтін және Совет өкіметінен айрылу мүмкіндігінен де қашпау тактикасын қолдануға болады дейтін «теорияның» мазмұны — әбден торыққан пессимистік ниеттен, әбден түңілу сезімінен келіп туады. Бәрібір, құтылу жоқ, тіпті Совет өкіметінің өзі де құри берсін,— сұмдық қарарды туғызып отырған сезім міне осындай. Кейде мұндай ойларға жамылғы етілетін «экономикалық»-сымақ дәлелдер де нақ сол түңілген пессимизмге: егер бізден мынадай, тағы мынадай, оның үстіне және мынадай алым алатын болса, онда Совет республикасы қайдан болушы еді, дегенге келіп саяды.

Бәрібір құримыз!— деген түңілушіліктен басқа еш нәрсе жоқ.

Россияның басына түскен аса ауыр жағдайда мұндай сезімнің болуы түсінікті. Бірақ мұндай сезім саналы революционерлердің арасында емес, басқа жерде ғана «түсінікті» болар. Ол сезімнің өзгеше сипаты — москвалықтардың көзқарастарын нақ сол сорақылыққа жеткізгенінде. 1793 жылғы французлар өздерінің жеңістерін, республикасы мен демократизмін, таза формальдылық болып бара жатыр, республикадан айрылу мүмкіндігінен де қашпау керек, деп еш уақытта да айтпаған болар еді. Оларда түңілушілік емес, жеңіп шығу сенімі мол болған еді. Революциялық соғысқа шақыру, ал сөйте тұрып ресми қарарда «Совет өкіметінен айрылу мүмкіндігінен де қашпау керек» деу — өзін ақырына дейін әшкерелеу деген сөз.

XIX ғасырдың басында, Наполеон соғыстары кезінде, Пруссия және бірқатар басқа елдер 1918 жылғы

Россияға қарағанда жаулап алушыдан жеңілудің, жау қолында болудың, қорлық көрудің, езілудің теңестіруге, салыстыруға болмайтын дәрежеде үлкен ауыртпалығын, зардабын бастарынан кешірді. Солай бола тұрса да, Наполеон оларды әскери етіктің табанына салып, қазіргі біздің жаншылғанымыздан гөрі жүз есе басым жанышқан кезде, Пруссияның ізгі адамдары түңілген жоқ, өздерінің ұлттық саяси мекемелерін «таза формальдық» маңызы ғана бар мекемелер деген жоқ. Олар қолдарын бір-ақ сілтеп: «бәрібір құримыз» деген сезімге берілген жоқ. Олар Брест бітімінен әлдеқайда ауыр, айуандық, масқаралық, езушілік бітім шарттарына қол қойды, содан соң аңысын аңдай білді, жаулап алушының езгісіне қайыспай төзе білді, тағы да соғысты, тағы да жаулап алушының езгісіне түсті, тағы да масқара, масқарадан да бетер бітім шарттарына қол қойды, тағы да қайта көтерілді, *ақыр аяғында азат болды* (неғұрлым күшті жаулап алушы-бәсекелестердің арасындағы талас-тартысты да пайдаланбай қалған жоқ).

Мұндай нәрсе біздің тарихымызда не себепті қайталана алмайды?

Біз не себепті түңілеміз, не себепті «таза формальдылыққа айналып бара жатқан Совет өкіметі» туралы қарар — расында, ең масқара бітімнен де бетер масқара қарар — жазамыз?

Қазіргі империализмнің алыптарымен күрестегі өте ауыр әскери жеңілістер не себепті Россияда да халықтың мінез-құлқын шыңдай алмайды, не себепті өзара тәртіпті нығайта алмайды, мақтаншақтық пен сөзуарлықты жоя алмайды, ұстамдылыққа үйрете алмайды, не себепті бұқараны, Наполеон жаныштаған пруссактардың дұрыс тактикасына: армияң жоқ екен, ең масқара бітім шарттарына қол қой, күшіңді жина, сонан соң қайтадан тағы да көтеріл, деген тактикаға жеткізе алмайды?

Басқа халықтар бұдан да бетер қайғылы апаттарға қажырлылықпен төзе білгенде, біз адам естімеген ауыр бітім шартынан ә дегеннен-ақ не себепті түңілуге тиіспіз?

Бұл түңілу тактикасына пролетарлардың табандылығы, күш болмаған кезде бағынуға тура келетіндігін білетін, бірақ, солай бола тұрса да, *барлық* жағдайларда да күш жинай отырып, қайткенде де, сонан соң қайта-қайта көтеріле алатын пролетарлардың табандылығы сай келе ме, немесе бізде, солшыл эсерлер партиясы арқылы революциялық соғыс туралы жел сөзден рекорд жасаған ұсақ буржуаның тұрлаусыздығы сай келе ме? Жоқ, «әсіре» москвалық қымбатты жолдастар! Әрбір қиын-қыстау күн ең саналы және байсалды деген жұмысшыларды нақ сіздерден бездіре түсетін болады. Олар былай дейтін болады: жаулап алушы Псковқа жетіп, бізден астықтай, рудалай, ақшалай 10 миллиард алым алмақ түгіл, тіпті ол Нижнийге, Дондағы Ростовқа жетіп, бізден 20 миллиард алым алғанда да Совет өкіметі таза формальдық өкіметке *айнала алмайды* және *айналмайды* да.

Ешқандай шетел жаулап алушылығы халықтың саяси мекемесін еш уақытта да «таза формальдық» мекеме ете алмайды (ал Совет өкіметі жай ғана саяси мекеме *емес*, тарихта бұрын-соңды болып келген мекемелерден әлденеше есе жоғары саяси мекеме). Қайта керісінше, егер... егер Совет өкіметі авантюраға бармайтын болса, шетелдік жаулап алу халықтың Совет өкіметіне деген ықыласын нығайта түседі.

Армияң жоқ екен, онда ең масқара бітімге қол қоюдан бас тарту — авантюра, халық мұндай бас тартуға барған өкіметті мұнысы үшін айыптауға праволы.

Брест бітімінен де әлдеқайда ауыр, масқара бітімге қол қою тарихта болған (жоғарыда мысалдар келтірдік),— бірақ ол өкіметті беделін түсіруге әкеліп соқтырған жоқ, өкіметті формальдылыққа айналдырған жоқ, өкіметті де, халықты да апатқа ұшыратқан жоқ, қайта халықты шыңдады, халықты, тіпті жаулап алушының тепкісі астындағы ашыныңқы-қиын жағдайда да байсалды армия дайындаудың ауыр да қиын өнеріне *үйретті*.

Россия жаңа соғысқа, нағыз отан соғысына, Совет өкіметін сақтап қалу және нығайту жолындағы соғысқа бет алып келеді. Мүмкін, ендігі дәуір — Наполеон

соғыстары дәуіріндей — Советтік Россияға оның жаулап алушылары таңып отырған азаттық *соғыстар* дәуірі (соғыс емес, атап айтқанда соғыстар дәуірі) болып шығар. Осылай болуы мүмкін.

Сондықтан да, армиямыздың жоқтығынан бізге еріксіз таңылып отырған ауыр, ең ауыр бітімнің қандайынан болса да — ең масқара деген бітімдердің қандайынан болса да масқара нәрсе — масқара үмітсіздікке салынушылық. Егер біз көтеріліс пен соғысқа *байсалды* қарайтын болсақ, онда ең ауыр деген ондаған бітім шарттары да бізді құртып жібере алмайды. Біз өзімізді үмітсіздік пен жел сөзден мерт етпесек, жаулап алушылардан құрымаймыз.

«Правда» №№ 37 және 38;
28(15) февраль және 1 март
(16 февраль) 1918 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТИЯНАҚТЫЛЫҚҚА КӨШЕЙІК

Герман ақ гвардияшыларының орыс революциясына жасаған опасыздық шапқыны туғызған революциялық өрлеу айқын болып отыр. Барлық жерлерден Совет өкіметін қорғауға және бір адам қалғанша соғысуға дайын екендігі туралы телеграммалар келуде. Өзінің жұмысшы-шаруа өкіметіне мұнан басқаша көзқарасты күтуге де болмас еді.

Бірақ, герман империализмі сияқты жауға қарсы соғыс жүргізу үшін жалаң энтузиазм жеткіліксіз. Қазіргі, *нағыз, табан тірескен, қан төгіс* соғысқа жеңіл-желпі қараушылық орасан зор аңқаулық, тіпті қылмыс болар еді.

Соғыссаң шындап соғысу керек, немесе мүлде соғыспау керек. Мұнда аралық деген болмайды. Герман империалистері соғысты бізге еріксіз таңып отырған екен, өз жағдайымызды байыпты бағалау, күшімізді есептеу, шаруашылық механизмін тексеріп шығу — біздің қасиетті міндетіміз. Мұның бәрі соғыс уақытындағыша шапшаңдықпен істелуге тиіс, өйткені біздің қазіргі жағдайымызда кешеуілдеу атаулының қандайы болса да шын мағынасында «өліммен тең». Ганнибал қақпа аузында тұр,— мұны біз бір минут та естен шығармауымыз керек.

Соғысты *шындап* жүргізу үшін берік ұйымдасқан тыл болуы қажет. Ең жақсы армияның, революция ісіне ең берілген адамдардың өзін, егер олар жеткілікті дәрежеде қаруланбаған, азық-түлікпен жабдықталмаған, үйретілмеген болса, жау дереу қырып салады. Мұның анықтығы соншалық, тіпті оны түсіндіріп жатудың да қажеті жоқ.

Біздің революциялық армиямыздың тылы не күйде

болып отыр?— Жеңілдетіп айтқанда, өте қайғылы күйде болып отыр. Өткен соғыс біздің транспортымызды біржола бүлдіріп кетті, қала мен деревня арасындағы товар айырбасы бұзылды, үлкен қалалардағы ашаршылық осының тура және тікелей нәтижесі болып отыр.

Жау соққысының астында біздің армия түбірінен мүлде қайта құрылып жатыр. Қазіргі жағдайлардағы соғысты жүргізу талаптарымен таныс ескі армия енді жоқ. Өткен соғыста әбден азап шеккен, үш жарым жыл окопта отырып өлердей қалжыраған ескі армия жауынгерлік жағынан нольге тең. Қызыл Армия — сөзсіз тамаша жауынгерлік материал, бірақ ол шикі, өңделмеген материал. Оны герман зеңбіректеріне жем етпеу үшін үйрету, тәртіпке келтіру қажет.

Алдымызда орасан зор қиыншылықтар тұр. Барлық жергілікті Советтер, сыртқы жаумен күресуге әзір екендіктері туралы жіберген телеграммалардың ізінше, Петроградқа неше вагон астық жіберілгендігі туралы, майданға дереу қанша әскер жібере алатындықтары туралы, қанша қызыл әскер үйретіліп жатқандығы туралы дереу хабарлауға тиісті. Қару-жарақ пен снарядтардың бәрі есепке алынуға тиіс, жаңа қару-жарақтар мен снарядтар жасау ісі дереу қайтадан қолға алынуға тиіс. Темір жолдар қапшықшылар мен бұзықтардан тазартылуға тиіс. Барлық жерде қатаң революциялық тәртіп қалпына келтірілуге тиіс. Осы шарттардың *бәрін* орындағанда ғана соғыс туралы *байыпты* сөз етуге болады. Өйтпеген күнде «ең асқан революциялық соғыс» туралы әңгіменің бәрі де *жел сөз* болып шығады. Ал жел сөз қашан да зиянды, қазіргі қиын-қыстау кезеңде оның қатерлі роль атқаруы мүмкін.

Біздің революциямыз қазіргі кезеңнің орасан зор қиыншылықтарын жеңе алатынына мен кәміл сенемін. Ол қазірдің өзінде-ақ орасан көп жұмыс істеді, бірақ ісімізді табысты етіп аяқтау үшін күш-жігерді жүз есе арттыруымыз керек.

Сонда ғана біз жеңеміз.

«Правда» № 38, 1 март (16 февраль), 1918 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

БАРЛЫҚ СОВДЕПТЕРГЕ АРНАЛҒАН БҰЙРЫҚТЫҢ ЖОБАСЫ

Біз ертең, 3/III., бітімге қол қойылады деп отырмыз, бірақ біздің агенттеріміздің мәліметтері барлық жағдайларға байланысты, немістерде Россияға қарсы соғысты тілейтін партия таяу күндерде үстем болып шығады деп күтуге мәжбүр етеді. Сондықтан сөзсіз орындалуға тиіс бұйрық: қызыл әскерлерді демобилизациялау ісі кешеуілдетіле тұрсын; темір жолдарды, көпірлерді және тас жолдарды қопаруға әзірлік күшейтілсін; отрядтар жиналып, қаруландырыла берсін; эвакуация одан әрі тездетіле берсін; қару-жарақ елдің түкпіріне қарай тасып әкетілсін.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

1918 ж. 2 мартта жазылған

Бірінші рет 1929 ж. Лениннің XI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1918 ж. 4 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР[157]

1

Мен Трутовский жолдасқа толық қосыламын, осы арада біз естіген мақсаттар мен әрекеттер жұмысшы және шаруа үкіметінің міндеттерінен мүлде кейін шегінгендік болып табылады, социализммен ешбір жанаспайды.[158] Социализмнің міндеті — барлық өндіріс құрал-жабдықтарын бүкіл халықтың меншігіне көшіру, әсте де кемелерді кеме жұмысшыларының қолына, банктерді банк қызметшілерінің қолына беру емес. Егер жұрт осы сияқты түкке тұрғысыз нәрселерге шынымен құлақ асатын болса, онда национализациялауды тоқтату керек[159], өйткені мұның өзі тегі тағылық болған болар еді. Біз социализмнің міндеті, мақсаты жерді, кәсіпорындарды Совет республикасының меншігіне айналдыруда деп білеміз. Шаруа жер алғанда оны жақсылап өңдейтін болса ғана алады. Егер өзеншілер кемелерді алатын болса, кемелерге ұқыптылықпен қарайтын болса ғана алады: олар тым болмаса кіріс пен шығыстарын бекіту үшін сметаларын тапсыруға, кемелерді күтіп ұстауға тиіс. Егер мұны істей алмаса — онда біз бұл істен оларды шеттетеміз. Ал егер олар үш апта бойына айтысумен болса, онда мен бұлардың барлығын да басқару ісіне жолатпауды ұсынар едім, өйткені мұның өзі — бұл ұйымның барынша қабілетсіздігін, Совет республикасының өмірлік міндеттерін мүлде түсінбегендігін көрсетеді. Мұның өзі былық, істің берекесін кетірушілік, тіпті мұнан да жаман — саботажға жақын нәрсе. Одаққа әлдебір ұйымдасқан жорық жасайды да, енді келіп шағым айтумен болады. Ал Волгада жөнделмеген кемелер қарап тұр. Мұны не деуге болады? Бұл өзі есі ауысқандар үйі ме, немене? Мен егер біз осындай былықтан арыла

алмайтын болсақ, бізге қазіргіден де зор ауыр апат төнетінін олардың ұғатындығына әбден сенемін. Бізде тәртіп және бүкіл меншікті халыққа ұйымдасқан түрде беру, байлықтың барлық көздерін Совет республикасының қолына беріп, бұл байлықтарға қатаң, тәртіппен қожалық ету негізгі шарт болып табылады. Сондықтан бізге өзеншілер басқару ісінің жекеше қожайындары болады дейтін болса, онда бұған біздің келісе алмайтындығымыз айқын. Бұл істі Совет өкіметі басқаруға тиіс. Ал сіздер барлық ұйымдарды біріктіру жолында қайдағы бір жарыс сөздер ұйымдастырумен жүресіздер...* Егер риза болмаса — олар бұл бұйрықты жоюды сұрай алатын еді. Бірақ олар кеме жұмысшыларының 140% қосымша ақы төленуін талап ететін болуы үшін әуелі кемелердің кімге қарайтындығын ашып алуды қайтадан ұсынып отыр.

2

Мен көп мәселеге толық келісемін, бірақ коллегияның құрамы жөнінде өзенші жолдастардың ұсынысын қабылдауға мүлдем болмайды деп ойлаймын. Ең алдымен біздің қарап отырғанымыз бұл мәселе емес. Негізгі мәселе жұрттың ақша алмай отырғандығы. Мұның өзі шынында да барып тұрған берекесіздік. Біз ақшаны не үшін бөліп отырмыз? Қағаз жүзінде қалып қойсын деп бөліп отырмыз ба? Біз егер ақша жіберілмесе, біздің транспортымыз құриды деген мыңдаған шағым естідік. Егер 21 февральда ақша босатылса, ал 22-де ол ақша түспесе, онда 23-де олардың шағым етіп келуі тиіс еді. Бізде ақша тапшы, знактар жетпейді, экспедиция керегінше басып шығара алмай отыр. Егер біз қаржы босатсақ, ал сіздер оны қайта бөлетін болсаңыздар, онда шынында да ештеңе жіберілмейтін болғаны ғой. Сіздер мұнда 3 мартта емес, 23 февральда келуге тиіс едіңіздер. Біз осы ондаған миллион сом ақшаның берілуін талап еттік. Кінәның көбі кімде екенін білмей тұрмын. Халық шаруашылығы советінің

* Стенограммадағы жазбаның бір бөлегі ажыратылмады. *Ред.*

өкілдерін көбірек кінәлау керек болар деп ойлаймын. Жұрттың бәрін біз түгел қанағаттандыра алмаймыз. Петербургтің керегін берсек — ақша знактарынан Москва тапшы боп қалады...* Егер тек қаржы бөлінгенін ғана жазып, бірақ басқа ешқандай шара қолданылмаған болса, онда олар осында келуі керек еді, телефонға мені немесе басқа біреуді шақырып, осыны мәлімдеуі керек еді. Менің, бізге ақша бермей жатыр деген арыз алмайтын аптам кемде-кем, ал сіздерден мен бірде-бір арыз алған емеспін. Ондайларды жауапқа тарту керек, ең болмағанда олардың айыбын бетіне басу керек. 21 февральдағы қаулы өзен қызметшілері съезін смета тапсыруға міндеттеп отыр. Ал коллегияның құрамына келетін болсақ, онда, меніңше, біз декретімізді Шляпников жолдас жасаған ұсыныстың рухында тезірек түзетуге тиіс едік. 3-параграф бойынша коллегия жеті мүшеден құрылады. Мұның неге кірмей қалғанын түсініп болмайды. Бұған кәсіптік одақтардың бірсыпыра өкілдерін кіргізуге болады. Мен бұл ақшаларды маршруттық поездармен дереу жөнелту жөнінде үзілді-кесілді шаралар қолдануды ұсынамын. Мұнан кейін ақшаның жіберілгендігін жалпы тәртіп бойынша дереу хабарлау керек. Ал енді екінші пунктке келетін болсақ, онда, менің ойымша, бұл ретте болуға тиісті бірден-бір коллегия және жұрттың барлығы үшін, Халық Комиссарлары Советі үшін де неғұрлым қолайлы коллегия, бірден-бір мүмкін коллегия — кеше Халық Комиссарлары Советі қабылдаған коллегия деп ойлаймын. Мұны өзгертуге ешқандай негіз жоқ. Менің ойымша, біз мұны қабылдауға тиіспіз. Ал егер белгіленген мөлшер ретінде міне 200 сом жалақы делінгені және осы жағдайда ғана транспорт национализацияланады деп көрсетілгені шын факт болса, егер бұл осылай болса, егер басқа ұйымдармен теңгеру талаптары туатын болса, онда национализациялауды тоқтату туралы мәселе көтеруді мен өзім ұсынамын. Біраз уақыт өткеннен кейін ақша мүлдем болмай қалатын жағдай тууы мүмкін. Бізде бір ғана

* Стенограммадағы жазбаның бір бөлегі ажыратылмады. *Ред.*

кепілдік болып еді, национализациялауды біз соның негізінде жүргізбек едік, ал бізден ол кепілдікті де алып қойғысы келеді. Егер бұлай болса, онда бұл шараны тоқтату керек. Егер бұлай болмаса, онда орасан көп зиян шектіретін тағы да бір шара қолданылуы мүмкін.

3

Мен комиссар тағайындауды көп жағынан ыңғайсыз деп табамын. Бұл қызмет орнына ұсына қоярлықтай даусыз кандидатура жоқ. Солай болған соң біз барлық талапты бірдей қанағаттандыра алмаймыз, өйткені екі жақ та бұған наразы күйінде қалады. Біздің комиссар тағайындау түрінде Одақты шеттетуіміз демократиялық шара болмайды. Біз қаулы шығарамыз, ал олар таңертең ұсыныс беретін болсын. Егер коллегия тым далиыңқырап кетсе, онда коллегияның атқару комитет сайлауына болады. Сөйтіп ұйымдастыру жағынан бұл іс дереу белгілі бір мерзімде орындалуы үшін мұны ұйымдық жағынан ертең немесе бүрсігүні өткізе аламыз. Атқару комитеті тағайындалатын болса, бәлкім, жеке адамдарды соған тағайындау керек болар. Осы дұрыс болады, өйткені біз өзеншілерді шеттетпейміз. Олар кәсіптік одақтармен бірлесіп жұмыс істеуге қарсы бола алмайды. Егер бұдан ештеңе шықпаса, комиссар тағайындау мәселесіне қозғау саламыз. Халық комиссарлары жолдастар кандидат туралы мәселенің, әрине, қиын мәселе екенін біледі, сондықтан комиссар тағайындау мәселесін қазір шешу — еш нәрсені де шешпеу деген сөз, өйткені осыған бола біз бір аптаны жоғалтатын боламыз. Одан да мынадай әдіс қолданған жақсы болар. Бір ғана ұсыныс қалып отыр, ол — 5, 6 және 7-пункттерді жою керек. Бұл қабылданды делік. 3-параграф бойынша коллегияның алты мүшесін кәсіптік одақтардың уақытша өкілдігімен ауыстыру керек.

Бірінші рет, стенограмма бойынша басылып отыр

ЕЛЕУЛІ САБАҚ ЖӘНЕ ЕЛЕУЛІ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Кеше өздерінің дербес «Коммунист»[160] (Маркске дейінгі заманның коммунисі деп қосу керек еді) газетін шығарған біздің сорлы-«солшылдар» сабақтан жәпе тарих сабақтарынан бұлтарып отыр, өздерінің жауапкершілігінен бұлтарып отыр.

Босқа бұлтару. Олар бұлтарып кете алмайды.

«Тыныс алу» «теориясын» негізсіз, нашар «теория» етіп көрсету үшін бұл бұлтарушылар жанталаса тырысып, газет беттерін талай рет толтырып, қаратер болып жүр; «тіпті» мұнан баспахана бояуын да аямайды.

Қайтесің! Олардың тыраштануы фактіні теріске шығаруға дәрменсіз. Ағылшын мақалының әділ айтқанындай, факт — даусыз нәрсе. Факт сол, 3 марттан бері, германдықтар күндізгі сағат 1-де соғыс қимылдарын тоқтатқаннан бастап 5 мартқа дейін, мен осы жолдарды жазып отырған кезге, кешкі сағат 7-ге дейін біз тыныс алдық және біз екі күнді социалистік отанымызды *іскерлікпен* (жел сөзбен емес, көзге көрінетін іспен) қорғау үшін пайдаланып *та отырмыз.* Бұл — күн санап бұқараға бірден бірге айқын бола түсетін факт. Соғысуға қабілеті жоқ майдандағы армия зеңбіректерін тастап, көпірлерді бұзып үлгірместен, үрейі ұшып, қашып жатқан кезде отан қорғау және отанның қорғаныс қабілетін *көтеру* дегеніміз революциялық соғыс туралы былшыл емес (армия осындай үрейі ұшып, қашып жатқанда, революциялық соғысты жақтаушылар оның *бірде-бір* отрядын *тоқтата алмаған*

кездегі былшыл — тура масқаралық былшыл),— ал армияның қалдығын сақтап қалу үшін тәртіппен шегіну, бұл мақсат үшін тыныстың әрбір күнін пайдалану болып табылады.

Факт — даусыз нәрсе.

Біздің сорлы-«солшылдар» фактілерден, олардың сабақтарынан, жауапкершілік туралы мәселеден бұлтарып, оқушыдан жақында, тіпті таяуда ғана өткен, тарихи маңызы бар нәрселерді *жасыруға,* сөйтіп оны баяғыда өтіп кеткен, маңызсыз нәрселермен сылтаурату арқылы *боямалауға* тырысады. Мәселен: К. Радек өзінің мақаласында декабрьде (декабрьде!) армияның төтеп беруіне көмектесу қажеттігі туралы жазғанын, «Халық Комиссарлары Советіне баяндап жолдаған запискасында» жазғанын еске түсіреді. Менің бұл запискаңы оқуға мүмкіншілігім болмады, сондықтан мен өзімнен былай деп сұраймын: Карл Радек не себепті оны *түгел* бастырмайды екен? Ол «компромисті бітім» деп сол кезде нақ нені түсінгендігін не себепті дәл және тура айтпайды екен? Ол неғұрлым таяуда болған нәрсені, Польшаны қайтарып беретін болса, герман империалистерімен бітім жасасудың мүмкін екендігі туралы өзінің жалған үмітке беріліп, (бәрінен де жаман жалған үмітке) «Правдада» жазғанын не себепті есіне түсірмейді екен?

Не себепті?

Себебі, сорлы-«солшылдар», «іс жүзінде герман империалистеріне *көмектескен,* Германиядағы революцияның өсуіне, өрістеуіне *кедергі болған* жалған үміттер таратқандары үшін *өздерінің,* «солшылдардың» жауаптылығын ашып беретін фактілерді боямалауға мәжбүр болып отыр.

Н. Бухарин, тіпті өзінің және өз достарының неміс шабуыл жасай алмайды дегендерін де, осы фактіні де енді келіп бекерге шығаруға тырысады. Бірақ мұның факт екенін, Бухариннің және оның достарының осылай дегенін, мұндай жалған үмітті таратып, олар герман империализміне *көмектескендігін* және герман революциясының өсуіне *кедергі жасағанын* жұрттың басым көпшілігі біледі, ал герман революциясы болса,

шаруа армиясы үрейі ұшып қашқанда великороссиялық Совет республикасының мың-мыңдаған зеңбіректері, жүз-жүз миллиондаған байлығы тартылып алынғандықтан қазіргі уақытта әлсіреп отыр. Мұны мен күні бұрын, 7 январьдағы тезистерімде* айқын және дәл айтқан болатынмын. Енді келіп Н. Бухарин «танып кетуге» мәжбүр болса, онда бұл оның өзіне жаман. Н. Бухарин мен оның достарының немістердің шабуыл жасауы мүмкін емес деген сөздерін есте сақтағандардың бәрі Н. Бухариннің енді өз сөзінен өзі «танып кетуіне» тура келіп отырғаны жөнінде шіміркеніп таңқалатын болады.

Ал мұны ұмытқандар үшін және мұны естімегендер үшін — К. Радектің декабрьдегі жазғанынан гөрі сәлпәл құндылау, сәл-пәл қызықтау және *қазір* сабақ боларлықтай бір документті айтып өтейік. Бұл документ,— бір өкініштісі мұны «солшылдар» өз оқушыларынан жасырып келді,— (1) біздің партиямыздың Орталық Комитетінің қазіргі «солшыл» оппозициямен өткізген 1918 жылғы 21 январьдағы кеңесінде дауыс берудің; және (2) 1918 жылғы 17 февральда Орталық Комитетте дауыс берудің нәтижелері.

1918 жылы 21 январьда, немістермен арадағы келіс сөзді дереу үзу керек пе деген мәселе бойынша (сорлы «солшыл» «Коммунистің» қызметкерлерінен) жалғыз Стуков *жақтап* дауыс берді. Қалғандарының бәрі *қарсы* болды.

Егер германдықтар келіс сөздерді үзе қалса немесе олар ультиматум қойса, онда аннексионистік бітімге қол қоюға *бола* ма, деген мәселеде тек Оболенский («оның» тезистері қашан басылып шығады? ол тезистер туралы «Коммунист» неге үндемей отыр?) мен Стуков қана *қарсы* дауыс берді. Қалғандарының бәрі *жақтап* дауыс берді.

Олай болған жағдайда ұсынылған бітімге қол қою *керек* пе, деген мәселеде тек Оболенский мен Стуков қана *қарсы* дауыс берді, басқа «солшылдар» *қалыс қалды!!* Бұл — факт.

---

* Қараңыз: осы том, 259—268-беттер. *Ред.*

1918 жылы 17 февральда, революциялық соғысты кім жақтайды, деген мәселеде Бухарин мен Ломов «мәселенің бұлайша қойылуы себепті дауыс беруге қатысудан бас тартты». *Жақтап* ешкім дауыс бермеді. Бұл — факт!

«Бітім туралы келіс сөздерді қайта бастауды герман шабуылы жеткілікті түрде (тап осылай!) айқын болғанға дейін және оның әсері неміс жұмысшы қозғалысында байқалғанға дейін қоя тұру» керек пе деген мәселеде «солшыл» газеттің қазіргі қызметкерлерінен Бухарин, Ломов және Урицкий *жақтап* дауыс берді.

«Немістердің шабуыл жасағандығы факт болып шықса, ал Германия мен Австрияда революциялық өрлеу тумаса, біздің бітім жасасуымыз керек пе» деген мәселеде Ломов, Бухарин және Урицкий *қалыс қалды.*

Факт — даусыз нәрсе. Ал фактілер Бухариннің герман шабуылының жасалу мүмкіндігін теріске шығарғандығын, жалған үміттер таратқанын, мұнысымен *іс жүзінде,* өз қалауына қарама-қарсы, герман империалистеріне *көмектескенін,* герман революциясының өсуіне *кедергі жасағанын* көрсетеді. Революциялық жел сөздің мәні де міне осында. Бір бөлмеге бара жатып, басқа бөлмеге тап болған.

Н. Бухарин мені қазіргі бітімнің жағдайларын нақтылап талдамай отыр деп кінәлайды. Бірақ менің дәлелдеуім үшін шынында да мұның ешқандай керегі болмағандығын және керегі де жоқтығын түсіну қиын емес. Бұл үшін, біздің алдымызда шын, қиялдан шығарылмаған бір ғана дилемма тұрғанын: не ең болмаса бірнеше күн тыныс алуға мүмкіншілік қалдыратын *осындай* шарттарды, не Бельгия мен Сербияның халіне түсуді таңдау керек екенін дәлелдеу жеткілікті еді. Ең болмаса Питер үшін Бухарин мұны да теріске шығармады. Мұны оның әріптесі М. Н. Покровский мойындады.

Ал жаңа шарттардың Бресттегі жаман, ауыр, қорлықты шарттардан гөрі жаманырақ, ауырырақ, қорлықтырақ екеніне келсек, *бұған,* великороссиялық Совет республикасы жөнінде, *біздің сорлы-«солшылдар»* Буха-

рин, Ломов, Урицкий және К° *айыпты.* Мұның өзі, жоғарыда келтірілген дауыс беру арқылы дәлелденген тарихи факт. Бұл фактіден ешқандай бұлтарып, құтыла алмайсың. Сіздерге Брест шарттарын *берген кезде* сіздер мақтаншақтықпен, даңғойлықпен жауап қайырып, одан да жаман шарттарға ұрындырдыңыздар. Бұл — факт. Ал бұл үшін жауапкершілікті сіздер өз мойындарыңыздан түсіре алмайсыздар.

Егер Брест бітімін қабылдамаса, онда Россия біздің армияның жағдайына байланысты (бұл жағдай қалжыраған шаруа бұқарасына *«қарсы»* айтылған сөзуарлықтан өзгеріп кете алмайтын болғандықтан) Россияның *бұдан да жаман* сепараттық бітім жасасуға *тиіс болатындығын* менің 1918 жылғы 7 январьдағы тезистерімде күні бұрын айдан-анық айтылған болатын.

«Солшылдар» біз үшін *барынша* қолайсыз соғысқа бізді ұрындыруды *керек* еткен россиялық буржуазияның қақпанына түсті.

«Солшыл эсерлер» соғысуды жақтаймын деп *қазір* шаруалардан көрінеу ажырасты, бұл — факт. Ал бұл факт 1907 жылғы жазда барлық эсерлердің «революцияшыл» тәріздес болып көрінген саясатының байсалды болмағаны сияқты, солшыл эсерлер саясатының *байсалды емес* екендігін көрсетеді.

Неғұрлым саналы және алдыңғы қатарлы жұмысшылардың революциялық жел сөз желігінен тез айығып келе жатқандығын Питер мен Москваның мысалы көрсетіп отыр. Питерде ең таңдаулы деген жұмысшы аудандары: Выборг және Василеостровск аудандары қазірдің өзінде бұл желіктен айықты. Петроград жұмысшы депутаттары Советі *қазір* соғысуды қолдамайды, ол соғысты *дайындаудың* қажеттігін ұқты және оны дайындап жатыр[161]. Москвада 1918 жылы 3 және 4 мартта большевиктердің қалалық конференциясында революциялық жел сөзге қарсылар жеңіп шықты[162].

«Солшылдардың» қаншалықты сұмдық желігіп кеткендігін Покровскийдің мақаласындағы мына бір сөзден көруге болады; онда былай делінген: «Егер соғысатын болсақ, онда *қазір*» (курсив Покровскийдікі)... әлі — тыңдаңдар! тыңдаңдар! — «әлі Россияның

армиясы жаңа құрылған бөлімдеріне дейін түгел демобилизацияланып болмай тұрған кезде соғысу керек».

1918 жылдың февралында Великороссияда да, Украинада да, Финляндияда да немістерге тойтарыс беруде осы *біздің демобилизацияланбаған армиямыздың* үлкен *кедергі* болғанын фактілерден бұлтарғысы келмейтіндердің бәрі де біледі. Бұл — факт. Өйткені бұл армияның, қызыл әскер отрядтарын да ерте-мерте, үрейі ұша қашпауына болмады.

Тарихтан сабақ алғысы келген адам, бұл жөніндегі жауапкершіліктен бой тасалағысы келмеген, олардан басын алып қашқысы келмеген адам ең болмағанда I Наполеонның Германияға қарсы соғыстарын есіне түсіреді.

Пруссия мен Германия талай рет жаулап алушымен тіпті *он есе* (біздікінен) ауыр, қорлықты бітім шарттарын жасасты, мұнда шетелдіктердің полициясын мойындауға дейін, I Наполеонның жаулап алу жорықтарына көмекке өз әскерлерін беру үшін міндеттеме алуға дейін барды. I Наполеон өзінің Пруссиямен жасасқан шарттарында қазір Гинденбург пен Вильгельмнің бізді жаныштағанынан Германияны он есе күштірек жаншып, бөлшектеді. Солай бола тұрса да Пруссияда даңғойланбай, шектен асқан «масқаралық» бітім шарттарына қол қойған адамдар табылды, бұл шарттарға армиясы болмағандықтан қол қойды, он еседен де асып түсетін езушілік және масқаралық шарттарға қол қойды, ал кейін *дегенмен* көтеріліске, соғысқа шықты. Бір рет емес, талай рет осылай болды. Тарихта мұндай әлденеше бітім шарттары, әлденеше соғыстар болған. Тыныс алған кездер де болған. Жаулап алушы нешеме рет жаңа соғыс жариялаған. Нешеме рет жаулап алушыға бәсекелес қана емес, өзі де нақ сондай жаулап алушы болған езуші ұлтпен езілген ұлттың одақ жасасқан кездері де болған (бұл — империалистерден көмек *алмай-ақ* «революциялық соғыс» жүргізуді жақтаушылардың есінде болсын!).

Тарих осылай дамыған.

Осылай болған. Осылай болады. Біз *бірсыпыра* соғыстар заманына еніп отырмыз. Біз жаңа *отан* соғы-

сына қарай бет алдық. Біз бұл соғысқа пісіп жетіліп келе жатқан социалистік революция жағдайында енеміз. Осы ауыр жолда орыс пролетариаты мен орыс революциясы даңғойлықтан, революциялық жел сөзден айығатын болады, шектен асқан ауыр бітім шарттарын да қабылдай білетін, қайтадан бас көтере де білетін болады.

Біз *Тильзит бітімін* жасасып отырмыз. Немістердің 1807 жылғы Тильзит бітімінен кейін 1813 және 1814 жылдары Наполеоннан азат болуға жеткені сияқты, біз де өзіміздің жеңісімізге, өзіміздің азаттығымызға жетеміз. Біздің Тильзит бітіміміз бен біздің азат болатын күніміздің арасы, сірә, бұрынғыдан гөрі азырақ болар, өйткені тарих жеделірек алға басып отыр.

Даңғойлық жойылсын! Тәртіп пен ұйымшылдыққа жету жұмысына шындап кірісейік!

1918 ж. 5 мартта жазылған

1918 ж. 6 мартта (21 февральда) «Правда» газетінің 42-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ШАРУА ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ СЪЕЗІНДЕ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ 1917 ж. 14(27) НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ*

Жоспар

кіріспе {
(1) Үкіметтен емес, партиядан және фракциядан.
(2) Pro domo sua**.
}

(3) Конфискелеу — *социалист-революционерлер* опасыздық жасап кетті.

(4) *2-ші* революция керек болды, «өкімет буржуазияның қолында» (баяндамашының айтуы) және *келісімпаздардың* қолында.

(5) Социалистік, жұмысшы революциясы.

(6) Шаруалармен «коалиция».

(7) Заң = *242* аманат, **төмендегілер.**

(8) **Төмендегілер және жоғарыдағылар, бұқара және чиновниктер, еңбекшілер және әдеттенгендер**[163].

(9) *242 аманат* заңындағы социализм:

10. { конфискелеу...
банктер...
құрал-сайман... } Болу емес, ортақ шаруашылық.

11. Келісімпаздықтан қол үзу...

12. — — — — Құрылтай жиналысының сайлауы. Тізімдер.

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 100—102-беттер. *Ред.*

** Сөзбе-сөз айтқанда: «өз үйің үшін»; өз ісіңді қорғау үшін. *Ред.*

ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР +АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ

(α) 25. X. революцияны социалистік революция деп тану.

(β) Бұл қағиданың буржуазиялық-демократиялық революцияға қайта оралу рухындағы барлық шектеулерін қабылдамай тастау (көшудің бірте-біртелілігі; ұсақ буржуазиямен блок «сатысы» etc.).

(γ) Пролетариат диктатурасы, оның «жалпы», формальдық (буржуазиялық) демократизмнен ерекшеліктері, оның тактикасы.

(δ) Совет өкіметі және большевиктердің өкіметі.

(ε) Ұсақ буржуазиямен келіскенде буржуазиялық-демократиялық революцияда блок жасасу мағынасында емес, социалистік революцияның міндеттерін шектеу мағынасында емес, тек қана ұсақ буржуазияның *жекелеген* жіктерінің социализмге өту *формалары* мағынасында келісу.

(ι) Буржуазиялық бостандықтар *versus** қанаушыларды басып-жаншу.

(ϰ) Саботажшылар мен капиталистер; капиталистер және буржуазияның «қоғамдық пікірі».

(ζ) Құрылтай жиналысы және оның Совет өкіметіне, азамат соғысының мүдделері мен жағдайларына бағынуы.

(η) Жоғарғы ұйымдар (Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті, Шаруа Орталық Атқару Комитеті etc.) және оларға қарсы күрес.

---

* — қарсы. *Ред.*

(ϑ) *Қазіргі* қойылысындағы реформизмге қарсы күрес:
- (1) ұсақ буржуазиядан шыққан жолбикелердің пролетариатқа қол байлау болуы
- (2) «төмендегілердің» революциялық күресінің өрісін шектеушілік
- (3) террордан бас тарту.

1917 ж. ноябрьде жазылған

Бірінші рет 1957 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕРДІҢ ЖОСПАРЫ*

Құрылтай жиналысы туралы тезистер:

1. Құрылтай жиналысы және 25. X. революция: халық 12/XI. әлі біле алмаған еді.
2. Құрылтай жиналысы және бітім үшін күрес: халық 12/XI. бітім үшін күресу жөнінде әлі пайымдай алмаған еді, тіпті біле де алмаған еді.
3. Құрылтай жиналысы және партиялылық (пропорциялы сайлау).
4. Шаруалар съезінің жікке бөлінуі 6. XII. 1917.
5. Социалист-революционерлер партиясының жікке бөлінуі (XI аяғы, 1917).
6. Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің және теміржолшылар съезінің ішіндегі күрес (10 және 15. XII.).
7. Армия ішіндегі күрес (бұқара және армиялық комитеттер).

(ad 4—7**). Жұмысшы толқыны және совет толқыны (25. X-ге, 1917): 12. XI-ге дейін небары 18 күн ішінде тізімдер дайын болды.

Армия — *жақтап отыр* (армиялық съездер XI. 1917).

Шаруалар *жақтап отыр* (Шаруалардың Бүкіл россиялық II съезі 7. XII. 1917).

8. Құрылтай жиналысы және Совет өкіметі. Бұқараның авангарды және бүкіл бұқара.

---

* Қараңыз: осы том, 172—177-беттер. *Ред.*
** — 4—7-пункттерге. *Ред.*

9. Құрылтай жиналысы және азамат соғысы (кадеттік-калединдік қарулы көтеріліс).
10. ΣΣ* = адам сенбі үшін емес.
11. Өрлеу (революцияның) толқыны Құрылтай жиналысына сайлау кезеңіне тұспа-тұс келмеді.
12. Қайта сайлау правосы.
    Сайлау және демократизм. Кері шақырып алу правосы.
13. Дақпыртпен сайлау: халық күрестің нақ не үшін екенін *білмейтін болса*.
    (ad 12).
14. Құрылтай жиналысы және партияның программасы.
    Программа versus** X.—XII. 1917:
    Құрылтай жиналысына сүйенетін республика предпарламентке сүйенген республикадан жоғары.
    Советтер республикасы Құрылтай жиналысына сүйенген республикадан жоғары.
    Толық социализм республикасы Советтер республикасынан жоғары.
    Коммунистік қоғам социалистік республикадан жоғары.

1917 ж. 11 немесе 12 (24 немесе 25) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1957 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 3-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Summa summarum — Жалпы жиынтығы. *Ред.*

** — салыстырғанда. *Ред.*

БАНКТЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ*

1

ДЕКРЕТ ЖОБАСЫНЫҢ НОБАЙЫ**

5. Банктердің ақша төлеуі туралы және банктердің жеке адамдар счеттарының, кредиттік келісімдердің жиынтығы, т. с. жөніндегі операциялары туралы егжей-тегжейлі ережелер бөлек шығарылуы тиіс.

Тұтыну қоғамдарына сатылып, ақшасы банктердегі ағымдағы счеттар арқылы төленген жағдайда азық-түлік үшін төлем әдеттегі бағасының 50 проценті мөлшерінде алынады***.

7. Аптасына өзі тұтынатын 100—200 сомын қоспағанда, жеке адамдардың барлық ақшасы Мемлекеттік банк пен оның бөлімшелерінде ағымдағы счетта сақталуы тиіс. Жасырылған ақша конфискеленеді.

8. Бай таптардың адамдары тұтыну-жұмыс (бюджет) книжкаларын алуға және осы книжкалардан алынған көшірмелерді апта сайын Мемлекеттік банкке әкеліп отыруға міндеттеледі.

9. Бай таптарға 25 000 сомнан < сомада мүлкі барлар немесе айлық кірісі 500 сомнан асатындар, немесе ақша қорының мөлшері 1000 сомнан асатындар жатады.

10. Халық шаруашылығы жоғары советі бақылаушылардың (ревизорлардың, есепшілердің, бухгалтерлердің және басқалардың, т. с.) жедел топтарын құрады да, бұл топтар Халық шаруашылығы жоғары советінің мандатымен қандай кәсіпорынды болсын жә-

* Қараңыз: осы том, 186—189-беттер. *Ред.*

** Қолжазбаның бірінші беті сақталмаған. *Ред.*

*** Бұл абзац қолжазбада сызылып тасталған. Рет номері «6» қойылмай, қалып қойған. *Ред.*

не жеке меншік шаруашылықтың қандайын болсын мейлінше толық және әбден ревизиялауға праволы болады.

11. Сыртқы сауда мемлекеттің монополиясы деп жарияланады.

2

ДЕКРЕТ ЖОБАСЫНЫҢ ТЕЗИСТЕРІ

1. Акционерлік кәсіпорындардың бәрі мемлекеттің меншігі деп жарияланады.
2. Басқарма мүшелері, директорлар мен *барлық* мүлкі 5000 сомдық акционерлер істің дұрыс жүруі үшін мүлкімен және бостандығымен жауап береді («халық жаулары»).
(8) 3. Халық тұтыну қоғамдарына күштеп біріктіріледі.
(9) 4. Осы тұрғыдан кедейлерге (әсіресе шаруаларға) көмектесу. Жалдаптар мен жалтарушыларды қудалау: «халық жаулары».
(7) 5. 500 сомнан асатын ақшаның бәрі банкте ұсталсын, әйтпесе, конфискеленсін, иесі қамауға алынсын (одан кейін штемпельденсін, басқа қағазға айырбасталсын және басқа шаралар қолданылсын). Тұтыну нормасы аптасына 125 сомнан < болмасын.
{майданға жіберу / еріксіз жұмысқа салу} (3) 6. Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі: бірінші шара — байлар үшін тұтыну-жұмыс, бюджет-жұмыс книжкалары, оларды бақылап отыру. Олардың борышы — көрсетілген бағытта жұмыс істеу, әйтпесе — «халық жаулары».
{{конфискелеу / қамауға алу}} (12) (10) 7. Саботажшылар мен ереуіл жасаушы чиновниктер — халық жаулары.
(4) 8. Темір жолдар ең алдымен Халық шаруашылығы жоғары советі мен жұ-

мысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерініц ордерлеріне сүйене отырып, азық-түлік пен қажетті жүктерді шұғыл түрде, кезектен тыс тасиды. «Қапшықшыларға» қарсы күрес, жалдаптарды жаппай қуғынға салу.

(5) 9. Пайдалы өнімдер өндіруге көшу және астық пеп өпімдердің дұрыс товар айырбасын бастау: жұмысты төменнен де, жоғарыдан да қолға алып, заказдар, шикізат және басқаларын іздестіру, барлық жағынан бірдей қолға алу.

(6) 10. Мемлекеттік заемдар жойылады. Ұсақ вкладшылардың мүдделерін қорғау және сақтау.

(10) 11. Бақылаушылардың жедел топтары (Халық шаруашылығы жоғары советі мен Советтер), оларға партия ұйымдары ұсынған адамдардың қатысуы.

(11) 12. Еңбектің саны мен сапасын есепке алу үшін жұмысшылардан (және шаруалардан) құрылған төрешілер.

1917 ж. ерте дегенде 14(27) декабрьде жазылған

Бірінші рет 1957 ж. мына кітапта басылған: «Совет өкіметінің декреттері», I том

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ
КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(25 октябрь (7 ноябрь), 1917 — 5 март, 1918)

1917 ж.

ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ СОЛДАТ ДЕПУТАТТАРЫ ПЕТРОГРАД СОВЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ СОВЕТ ӨКІМЕТІНІҢ АГРАРЛЫҚ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

30 октябрь (12 ноябрь), 1917 ж.

В. И. Лениннің бұл сөзі туралы Джон Рид «Дүниені дүр сілкіндірген 10 күн» (М., 1957, 180-бет) деген кітабында жазды.

РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Қарардың жобасын В. И. Ленин Совет үкіметінің құрамын өзгерту жөнінде Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті жанында болатын келіс сөздерге қатысу туралы мәселенің 1917 жылы 1(14) ноябрьде РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісінде талқылануына байланысты жазды; бұл қарардың жобасы жөнінде Орталық Комитет мәжілісінің протоколында айтылады (қараңыз: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917 — февраль, 1918». М., 1958, 129-бет).

«АМЕРИКАНЫҢ, ФРАНЦИЯНЫҢ ЖӘНЕ АНГЛИЯНЫҢ ЖҰМЫСШЫ БАСПАСӨЗІН ХАБАРДАР ЕТІП ОТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АССОЦИАЦИЯНЫҢ» СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП

В. И. Ленин «Американың, Францияның және Англияның жұмысшы баспасөзін хабардар етіп отыру жөніндегі халықаралық ассоциацияның» Петроградтағы өкіліне Совет үкіметінің сыртқы және ішкі саясаты туралы қойған сұрақтарына тек мына жағдайда ғана жауап беруге: бұл жауаптан бүкіл жұмысшы баспа-

сөзі, соның ішінде интернационалистік жұмысшы баспасөзі де хабардар болатындығына, ал жауаптың өзінің өзгеріссіз жариялanатындығына кепілдік берілгенде ғана келісетіні туралы жазды, «Ассоциация» өкілінің бұл шарттарға келісетінін білдіріп жіберген жауап хатында В. И. Лениннің: «Жауап берілді 10. XI. 1917» деп жазған белгісі бар («Правда» № 27, 27 январь, 1960; «Вопросы Истории КПСС», 1960, № 3, 147-бет).

РСДРП(б) МОСКВА КОМИТЕТІНЕ ХАТ

Хат 1917 жылы ноябрьдің бірінші жартысында жазылған болатын. Д. П. Боголепов өзінің «В. И. Ленин туралы естеліктерінде» былай деп жазды: «Мен Москва Советінің финанс бөлімінде істеп жүргенімде, 1917 жылы 12 ноябрьде маған мені және басқа жолдастарды Петроградқа келуге шақырған Ильичтің өз қолымен жазылған хатты көрсетті» («Ленин туралы». IV кітап. М., 1925, 116—117-беттер).

РЫКОВТЫҢ, КАМЕНЕВТІҢ, МИЛЮТИННІҢ ЖӘНЕ НОГИННІҢ ӨЗДЕРІН ПАРТИЯНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕ ҚАЙТА ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІНЕ РСДРП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ҚАЙТАРҒАН ЖАУАПТЫҢ НОБАЙЫ

В. И. Ленин бұл нобайды Рыковтың, Каменевтің, Милютиннің және Ногиннің өздерін РСДРП(б) Орталық Комитетіне қайта енгізу туралы мәлімдемесіне жауап ретінде жазды, мәлімдеме Орталық Комитеттің 1917 жылғы 29 ноябрьдегі (12 декабрьдегі) мәжілісінде талқыланды. Нобайдың мазмұны протоколдық жазбада былай деп баяндалған: «Ленин жолдас бұл мәлімдемеге өз жауабының нобайын оқыды, онда былай делінген: 4-еудің бізден толық ажырасқандығы олардың мәлімдемелерінен айқын көрінеді, өйткені олар Орталық Комитет ырыққа көніп кетті деп есептейді. Нақты алғанда Ленин олар өздерінің хатын қайда бергісі келетіндігі, яғни олардың бұл хатты баспасөзде бастырғысы келетін, келмейтіндігі жөнінде бұл 4-еуден жазбаша мәлімдеме талап етуді ұсынады. Біз оны өз бетімізбен баспасөз жүзінде жарияламаймыз, ал оларды кері қабылдамайтындығымыз жөнінде оларға жазбаша жауап береміз» («РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917 — февраль, 1918». М., 1958, 154—155-беттер).

«БАНКТЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ» НОБАЙЫНЫҢ БАС ЖАҒЫ

Бұл нобай 1917 жылы ерте дегенде 14(27) декабрьде жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы нобайдың бесінші пункттен басталатын бір бөлігінің қолжазбасы сақтаулы (қараңыз: осы том, 456—457-беттер).

1918 ж.

«СЕПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ АННЕКСИОНИСТІК БІТІМДІ ДЕРЕУ ЖАСАСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ТЕЗИСТЕРДІҢ» ЖОСПАРЫНЫҢ БАС ЖАҒЫ

Тезистердің жоспары 1918 жылы 5 және 7 (18 және 20) январь аралығында жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде жоспардың тоғызыншы пункттен басталатын бір бөлігінің қолжазбасы сақтаулы (қараңыз: Лениннің XI жинағы, 37—38-беттер).

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫНА ЗАПИСКА

Записка 1918 жылы 15 февральда жазылған. Бұл жөнінде Пудожск Советінің (Олонец губерниясы) мүшесі Л. А. Гижицкийдің Петроградқа сапары және В. И. Ленинмен әңгімелесуі туралы берген есебінде былай деп айтылған: «Сонымен бірге В. И. Ленин маған барлық комиссарларға деп (тиісті мәселелер бойынша) ерекше записка берді, онда менің жұмыстарымның тығыздығы және маңыздылығы себепті комиссарлар мені кезектен тыс қабылдасын деп көрсетілді» («Карелияда Совет өкіметін орнату және нығайту жолындағы күрес». Документтер мен материалдар жинағы. Петрозаводск, 1957, 185-бет).

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ «СОЦИАЛИСТІК ОТАНЫМЫЗҒА ҚАУІП ТӨНДІ!» ДЕГЕН ДЕКРЕТІНЕ ҚОСЫМШАНЫҢ СОҢЫ

«Социалистік Отанымызға қауіп төнді!» деген декретке қосымша 1918 жылы 21 немесе 22 февральда жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде қосымшаның қолжазбасының бір бөлігі сақтаулы (қараңыз: осы том, 383—384-беттер).

«ҚАТЕ НЕДЕ?» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫ

«Қате неде?» деген мақала 1918 жылы 23 немесе 24 февральда жазылған. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркс-изм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде мақаланың қолжазбасының бас жағы сақтаулы (қараңыз: осы том, 398—400-беттер).

«АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ» ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ

Декреттің жобасы 1918 жылы ерте дегенде 25 февральда жазылған. 1918 жылы 25 февральда азық-түлік халық комиссары болып тағайындалған А. Д. Цюрупа бұл туралы өзінің «Владимир Ильич және азық-түлік саясаты» деген естеліктерінде былай деп жазды: «Азық-түлік және транспорт жөніндегі төтенше комиссияның мәжілісінде маған Владимир Ильичтің қолымен жазылған «Астық дайындау туралы» декреттің жобасы берілді. Бұл жобада Владимир Ильич астыққа өте қатаң монополия енгізуді үзілді-кесілді жақтады» (Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 2-бөлім, М., 1957, 118-бет).

В. А. АНТОНОВ-ОВСЕЕНКОҒА ТЕЛЕГРАММА

Телеграмма 1918 жылы ерте дегенде 28 февральда жазылған. В. А. Антонов-Овсеенко өзінің естеліктерінде былай деп жазды: «...Австрия-Германияның Украинаға басып кіруіне қарсы күресіп жатқан барлық совет әскерлеріне қолбасшы болуды бұйырған,— бұл бұйрық берілгенде менің шыққан тегім украин екендігі ескерілсе керек,— Лениннің шифрлы телеграммасын алғаннан кейін, жаңа ғана тиісті бұйрықтар беріп келдім» («Азамат соғысы туралы жазбалар». 1-том, М., 1924, 298-бет).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

ЖҰМЫСШЫ БАҚЫЛАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

«Жұмысшы бақылауы туралы ереженің» Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1917 жылғы 14(27) ноябрьде бекіткен жобасын жасауға В. И. Лениннің қатысқаны туралы мәліметтер Н. К. Крупская мен Г. В. Цыпеиовичтің естеліктерінде келтірілген (қараңыз: Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. М., 1957, 339—340-беттер; Г. В. Цыперович. «Ленин туралы естеліктер». «Красная Летопись», 1927, № 2, 230—231-беттер).

ПЕТРОГРАДТА ТІРКЕЛГЕН ДИПЛОМАТТАРДЫҢ 1918 ж. 1(14) ЯНВАРЬДА ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ В. И. ЛЕНИНДЕ БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ РЕСМИ ХАБАР

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Ленин түзету енгізген хабардың жобасы сақтаулы. Хабар «Правданың» кешкі басылымында — 1918 жылғы 15(2) январьдағы 1-номерінде жарияланған.

ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЫНЫҢ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРҒА АҚЫ ТӨЛЕУДІҢ НОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ 1918 ж. 2(15) ЯНВАРЬДАҒЫ ТЕЛЕГРАММАСЫНЫҢ КҮШІН ЖОЮ ТУРАЛЫ ТЕМІР ЖОЛДАР БАСҚАРМАЛАРЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРЫНА БЕРІЛГЕН ТЕЛЕГРАММА

7(20) январь, 1918 ж.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде телеграмманың В. И. Ленин түзету енгізген түпнұсқасы сақтаулы.

ЖЕРДІ СОЦИАЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЗАҢ

27 январь (9 февраль), 1918 ж.

В. И. Лениннің «Жерді социализациялау туралы негізгі заңның» жобасын редакциялау жөніндегі жұмысқа қатысқанын оның М. А. Спиридоноваға *«жер туралы заңды* редакциялау жөніндегі комиссияда (социалист-революционерлермен бірге)» жұмыспен шұғылданып жүрмін деп жазған запискасы (Лениннің XXI жинағы, 274-бет) және жобаның Ленин жазып, заңға 26-статья ретінде енгізілген қосымшасы (қараңыз: бұл да сонда, 144-бет), сондай-ақ жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық III съезінің осы заң жобасын редакциялау жөніндегі комиссиясына қатысқандардың бірі С. В. Ивановтың естеліктері (қараңыз: «Февральдан Октябрьге дейін. (Ұлы Октябрь социалистік революциясына қатысушылардың анкеталарынан)» М., 1957, 165—166-беттер) дәлелдейді.

РОССИЯ ЖӘНЕ ФИНЛЯНДИЯ СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ШАРТ

1 март, 1918 ж.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 25 және 27 февральдағы мәжілістерінде шарт жобасының талқылануына байланысты В. И. Ленин жазған Халық Комиссарлары Советі қаулыларының жобалары және шарттың В. И. Ленин түзету енгізген жобасы сақтаулы (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 241—243, 244—245-беттер; «Совет өкіметінің декреттері», 1-том, М., 1957, 503—510-беттер).

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ДЕКРЕТТЕРІ, ҚАУЛЫЛАРЫ, ДЕКРЕТТЕРІ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ

ХАБАРЛАНДЫРУЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК МОНОПОЛИЯ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *Кеш дегенде 7(20) ноябрь, 1917 ж.*

ПЕТРОГРАД ТЕЛЕГРАФ АГЕНТТІГІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *18 ноябрь (1 декабрь), 1917 ж.*

ҚАЛАДАҒЫ ҚОЗҒАЛМАЙТЫН МҮЛІКТЕРГЕ ЖЕКЕ МЕНШІК ПРАВОСЫН ЖОЮ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ ЖОБАСЫ. *23 ноябрь (6 декабрь), 1917 ж.*

ОРЫС САУДА КЕМЕЛЕРІН ШЕТЕЛ БОДАНДАРЫНА НЕМЕСЕ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ САТУҒА, КЕПІЛГЕ БЕРУГЕ ЖӘНЕ ЧАРТЕР-ПАРТИЯ БОЙЫНША БЕРУГЕ ТЫЙЫМ САЛУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *24 ноябрь (7 декабрь), 1917 ж.*

МОСКВА ҚАЛАСЫНЫҢ АУДАНДЫҚ ДУМАЛАР СОВЕТІНЕ 20 МИЛЛИОН СОМ МӨЛШЕРІНДЕ ҚАРЫЗ БЕРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *24 ноябрь (7 декабрь), 1917 ж.*

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАШИНАЛАРЫ МЕН ҚҰРАЛДАРЫНА МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАРА БИЛІК ЕТУІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *25 ноябрь (8 декабрь), 1917 ж.*

ДВОРЯНДАРДЫҢ ЖЕР БАНКІ МЕН ШАРУАЛАРДЫҢ ЖЕР БАНКІН ТАРАТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *25 ноябрь (8 декабрь), 1917 ж.*

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН МАШИНАЛАРЫН РЕКВИЗИЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫҢ ЖОБАСЫ. *4(17)декабрь, 1917 ж.*

БОГОСЛОВСК КЕН ОКРУГІ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ МҮЛКІН КОНФИСКЕЛЕУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *7(20) декабрь, 1917 ж.*

ХАЛЫҚ ЖАУЫ ДЕП ЖАРИЯЛАНҒАН ПУТИЛОВТЫҢ МҮЛКІН КОНФИСКЕЛЕУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *13(26) декабрь, 1917 ж.*

ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН ӨЗІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССАРИАТТЫ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *18(31) декабрь, 1917 ж.*

ҚАЛАЛАР МЕН ЗЕМСТВОЛАРҒА ҚАРЫЗҒА БЕРУ ҮШІН ВЕДОМСТВО АРАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҚАРАМАҒЫНА 200 МИЛЛИОН СОМ НЕСИЕ БОСАТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *18(31) декабрь, 1917 ж.*

ЮСТИЦИЯ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ КОМПЕТЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ҚАМАУҒА АЛУ ПРАВОСЫ БЕРІЛГЕН КОМИССИЯЛАР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *19 декабрь, 1917 ж. (1 январь, 1918 ж.)*

ЮСТИЦИЯ КОМИССАРИАТЫ МЕН ТЕРГЕУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *21 декабрь, 1917 ж. (3 январь, 1918 ж.)*

САҒАТ ТІЛІН ШЕГЕРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *22 декабрь, 1917 ж. (4 январь, 1918 ж.)*

ПЕТРОГРАДТА ЖӘНЕ ПЕТРОГРАД ТЕМІР ЖОЛ ТОРАБЫНДА ҚАР ТАЗАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТКЕРЛІК ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *22 декабрь, 1917 ж. (4 январь, 1918 ж.)*

ТҮРМЕЛЕРДЕ ОТЫРҒАН БАРЛЫҚ САЯСИ ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІ ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ІШІНЕН ЕШҚАНДАЙ НАҚТЫ АЙЫП ТАҒУҒА БОЛМАЙТЫНДАРЫН ДЕРЕУ БОСАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *7(20) январь, 1918 ж.*

ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҚЫЗЫЛ АРМИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *15(28) январь, 1918 ж.*

ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҚЫЗЫЛ АРМИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА 20 МИЛЛИОН СОМ ҚАРЖЫ БӨЛУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *16(29) январь, 1918 ж.*

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ҮШІН «РУССКИЙ РЕНО» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ПЕТРОГРАД АВТОМОБИЛЬ ЗАВОДЫНЫҢ ЗАВОДТЫҚ КОМИТЕТІНЕ АҚША ҚАРЖЫСЫН АУДАРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *19 январь (1 февраль), 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТТАРЫ МЕН ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ ХАТ. *19 январь (1 февраль), 1918 ж.*

ӨЖДАН БОСТАНДЫҒЫ, ШІРКЕУЛІК ЖӘНЕ ДІНИ ҚОҒАМДАР ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *20 январь (2 февраль), 1918 ж.*

БІР ЖОЛҒЫ МҮЛІК САЛЫҒЫНЫҢ ЖОБАСЫ. *20 январь (2 февраль), 1918 ж.*

ЭВАКУАЦИЯЛАНҒАН ОКРУГТІК, ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЖӘНЕ УЕЗДІК ҮКІМЕТ МЕКЕМЕЛЕРІН ЖОЮ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *23 январь (5 февраль), 1918 ж.*

СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ІСТЕРДІ ЖҮРГІЗЕТІН БАРЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ АРМИЯНЫ ДЕМОБИЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМНІҢ ҚАРАМАҒЫНА БЕРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *29 январь (11 февраль), 1918 ж.*

САЛЫҚ ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗГЕНДЕ СОВЕТТЕРДІҢ ТАПСЫРМАЛАРЫН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *29 январь (11 февраль), 1918 ж.*

ЖОЛДАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ВЕДОМСТВО АРАЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *30 январь (12 февраль), 1918 ж.*

ОРТАЛЫҚ ЕСЕП-ҚАРЫЗ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ. *30 январь (12 февраль), 1918 ж.*

ҚАЗІРГІ БАР ІЗДЕСТІРУ, АЛДЫН АЛУ, ТЕРГЕУ ЖӘНЕ СОТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ДӘЛ МЕЖЕЛЕП ШЕКТЕУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *31 январь (13 февраль), 1918 ж.*

СОТ ТУРАЛЫ (№ 2 ДЕКРЕТ). *15 февраль, 1918 ж.*

БАРЛЫҚ АСТЫҚ ҚОЙМАЛАРЫН НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *15 февраль, 1918 ж.*

ОРТАЛЫҚ ДӘРІГЕРЛІК-САНИТАРЛЫҚ СОВЕТТІ ТАРАТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *16 февраль, 1918 ж.*

ДЕМОБИЛИЗАЦИЯЛАНҒАНЫМЕН УАҚЫТША ӨЗ БӨЛІМДЕРІНДЕ ҚАЛА ТҰРАТЫН СОЛДАТТАРҒА БЕРІЛЕТІН ТӘУЛІКТЕМЕ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ. *18 февраль, 1918 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ УАҚЫТША АТҚАРУ КОМИТЕТІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *20 февраль, 1918 ж.*

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАҒАЗДАР ДАЙЫНДАУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫН ЭВАКУАЦИЯЛАУҒА АРНАП ЕРЕКШЕ КОЛЛЕГИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ. *27 февраль, 1918 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Халық Комиссарлары Советінің осы аталған қаулылары мен декреттерінің В. И. Ленин түзетулер енгізген жобалары мен түпнұсқалары сақтаулы (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 102—104, 112—113, 113—114, 116, 120—121, 143-беттер; «Совет өкіметінің декреттері», 1-том, М., 1957, 54—56, 109—110, 133—137, 140—141, 145—146, 148, 148—151, 186—188, 251—252, 256—257, 279—280, 281—282, 308, 352—357, 365—366, 371—374, 384—386, 399—401, 444—445, 447—448, 450—452, 453—454, 463—474, 475—476, 479—480, 556, 558—559—561—562-беттер).

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Россия азаматтарына!»* деген үндеуді В. И. Ленин жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитеттің атынан жазған болатын. 1917 жылы 25 октябрьде (7 ноябрьде) үндеу «Рабочий и Солдат» газетінде жарияланды, онан соң «Деревенская Беднота», «Известия ЦИК» газеттерінде және басқа газеттерде көшіріліп басылды.

«Рабочий и Солдат» («Жұмысшы және Солдат») — күнделікті кешкі газет, жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің органы; 1917 жылғы 17(30) октябрьден 1918 жылғы февральға дейін шығып тұрды.— *1*.

[2] *Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет* большевиктер партиясы Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша 1917 жылы 12(25) октябрьде құрылды. Әскери-революциялық комитеттің құрамына партияның Орталық Комитетінің, Петербург комитетінің, Петроград Советінің, фабрика-завод комитеттерінің, кәсіподақтардың және әскери ұйымдардың өкілдері кірді. Партияның Орталық Комитетінің тікелей басшылығымен жұмыс істеген Әскери-революциялық комитет большевиктік Әскери ұйыммен өте тығыз байланыс жасай отырып, Қызыл гвардия отрядтарын құруға және жұмысшыларды қаруландыруға басшылық етті. Әскери-революциялық комитеттің басты міндеті большевиктік партияның Орталық Комитетінің директиваларына сәйкес қарулы көтерілісті әзірлеу болды. Әскери-революциялық комитет Октябрь социалистік революциясының жеңіп шығуы үшін жауынгерлік күштерді ұйымдастыру жөнінде жан-жақты жұмыс жүргізді. Әскери-революциялық комитеттің басты ұйтқысы Орталық Комитеттің 1917 жылғы 16(29) октябрьдегі мәжілісінде құрылып, құрамында А. С. Бубнов, Ф. Э. Дзержинский, Я. М. Свердлов, И. В. Сталин және М. С. Урицкий болған Әскери-революциялық орталық еді. В. И. Ленин Әскери-революциялық орталықтың қызметіне күнбе-күн бағыт беріп отырды. Октябрь

социалистік революциясы жеңіп шығып, Советтердің II съезінде Совет үкіметі құрылғаннан кейін Әскери-революциялық комитеттің басты міндеті контрреволюцияға қарсы күресу және революциялық тәртіпті қорғау болды. Совет аппаратының құрылып, нығаюына қарай Әскери-революциялық комитет өз функцияларын ұйымдастырылып жатқан халық комиссариаттарына беріп отырды; 1917 жылы 5(18) декабрьде Әскери-революциялық комитет жойылды.— *1*.

[3] *Жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің мәжілісі (төтенше)* 25 октябрьде (7 ноябрьде) күндізгі 2 сағат 35 минутта ашылды. Онда Уақытша үкіметтің құлатылғаны және революцияның жеңіп шыққаны туралы Әскери-революциялық комитеттің хабары тыңдалды. Совет өкіметінің міндеттері туралы В. И. Ленин баяндама жасады. Орасан көпшілік дауыспен Ленин жазған қарар қабылданды (қараңыз: осы том, 4—5-беттер).— *2*.

[4] Бұл арада әңгіме құпия дипломатияның документтері — Российның патша үкіметінің, ал сонан соң Уақытша буржуазиялық үкіметінің Англия, Франция, Германия, Жапония және басқа империалистік мемлекеттер үкіметтерімен жасасқан құпия шарттары туралы болып отыр. 1917 жылғы 10(23) ноябрьден бастап құпия дипломатияның документтері «Правда» және «Известия ЦИК» газеттерінде жарияланды, ал онан кейін декабрьде «Бұрынғы сыртқы істер министрлігінің архивінен алынған құпия документтер жинағы» деген атпен жеке басылымдар түрінде шыға бастады. 1917 жылғы декабрьден 1918 жылғы февральға дейін жеті жинақ шықты. Совет үкіметінің жаппай демократиялық бітім, аннексиясыз және контрибуциясыз бітім жасасу жолындағы күресінде, бірінші дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын әшкерелеуде құпия шарттарды жариялаудың орасан зор революциялық-насихаттық маңызы болды.— *2*.

[5] *Жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл российлық Екінші съезі* 1917 жылы 25—26 октябрьде (7—8 ноябрьде) Петроградта өтті. Съезге сондай-ақ шаруа депутаттарының бірқатар уездік және губерниялық Советтерінің делегаттары да қатысты. Анкета комиссиясының мәліметтеріне қарағанда, съезд ашылған кезде оған 649 делегат қатысты, оның ішінде 390 большевик, 160 эсер, 72 меньшевик, 14 интернационалист-меньшевик болды. Делегаттар съезд ашылғаннан кейін де келіп жатты.

Съезд 25 октябрьде кешкі 10 сағат 40 минутта Смольныйда ашылды. Бұл кезде Қызыл гвардия отрядтары, матростар және Петроград гарнизонының революцияшыл бөлігі Қысқы сарайға тіке шабуыл жасап жатқан-ды, юнкерлер мен «екпінді» батальондар күзеткен Уақытша үкімет осында орналасқан

болатын. В. И. Ленин съездің бірінші мәжілісіне қатысқан жоқ, өйткені көтеріліске басшылық студен қолы босамады. Съезд президиумына 14 большевик — В. И. Ленин, В. А. Антонов-Овсеенко, Н. В. Крыленко, А. В. Луначарский және басқалары, 7 солшыл эсер, соның ішінде Б. Д. Камков, В. А. Карелин, М. А. Спиридонова және Украин социалистік партиясының 1 өкілі сайланды. Меньшевиктер мен оңшыл эсерлер президиумға қатысудан бас тартты. Меньшевиктер мен эсерлердің оң қанатының лидерлері коалициялық үкімет құру туралы Уақытша үкіметпен келіс сөз бастауға шақырып, жасалып жатқан социалистік революцияны заговор деп атады. Съездің көпшілігі большевиктерді қолдайтындығына көздері жеткеннен кейін меньшевиктер, эсерлер мен бундшылдар съезден кетіп қалды. 26 октябрь (8 ноябрь) күні таңертеңгі сағат төрт кезінде съезд Қысқы сарайдың алынғаны және Уақытша үкіметтің қамауға алынғаны туралы хабарды тыңдады да, Ленин жазған «Жұмысшыларға, солдаттарға және шаруаларға!» деген үндеу хатты қабылдады, бұл үндеу хатта өкіметтің жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтеріне көшкендігі жарияланды. Мәжіліс таңертеңгі сағат алты кезінде аяқталды.

Съездің екінші мәжілісі 26 октябрьде (8 ноябрьде) кешкі сағат 9-да ашылды. Ленин бітім туралы және жер туралы баяндамалар жасады. Съезд Ленин жазған бітім туралы және жер туралы тарихи декреттерді бекітті. Съезд жұмысшы және шаруа үкіметін — В. И. Ленин бастаған Халық Комиссарлары Советін құрды. Солшыл эсерлер Совет үкіметіне қатысудан бас тартты, сөйтіп үкімет құрамына тек большевиктер ғана енді. Съезд сайлаған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына 101 адам, оның ішінде 62 большевик, 29 солшыл эсер, 6 интернационалист социал-демократ, Украин социалистік партиясынан — 3 өкіл, максималист-эсерлерден 1 өкіл енді. Съезд сондай-ақ: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті шаруа Советтерінің және армиялық ұйымдардың өкілдерімен, сондай-ақ съезден кетіп қалған топтардың өкілдерімен толықтырылуы мүмкін деп қаулы етті. Съезд таңертеңгі сағат алты кезінде жабылды.— *7.*

[6] Бұл арада Советтердің Бүкіл россиялық I съезінде сайланған Орталық Атқару Комитеті айтылып отыр; съезд 1917 жылы 3—24 июньде (16 июнь — 7 июльде) Петроградта өтті. I сайланған Орталық Атқару Комитетінің көпшілігі буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдау позициясында тұрған оңшыл эсерлер мен меньшевиктерден құралды.— *11.*

Бұл арада дүние жүзілік империалистік соғысқа (1914—1918) қатысқан елдер айтылып отыр, олар: бір жағынан, Антанта елдерінің блогы (Франция, Великобритания, Россия, Италия және оларға қосылған Америка Құрама Штаттары), сондай-ақ Бельгия, Сербия, Румыния, Жапония, Қытай; екінші жағы-

нан, Төрт жақты одақ дейтін — Германия, Австро-Венгрия, Түркия және Болгария.— *13.*

8 *Англиядағы чартистік қозғалыс, чартизм* (ағылшынша charter — хартия дегеннен шыққан) — ағылшын жұмысшыларының XIX ғасырдың 30—40-жылдарындағы бұқаралық революциялық қозғалысы. Бұл қозғалыстың ұйымдық орталығы «Жұмысшылардың Лондон ассоциациясы» болды. Ассоциация басшылығы 1838 жылы парламентке петиция (Халықтық хартия) әзірледі. Халықтық хартия: 21 жасқа толған еркектер үшін жалпыға бірдей сайлау правосының болуын, дауыстың жасырын берілуін, парламент депутаттығына ұсынылған кандидаттар үшін мүлік цензін жоюды, парламентті жыл сайын қайта сайлап отыруды, т. т. талап етті. 1840 жылы «Ұлттық чартистік ассоциация» құрылды, ол жұмысшы қозғалысы тарихында жұмысшылардың тұңғыш бұқаралық партиясы болды. 1842 жылы 2 майда чартистердің парламентке жұмыс күнін қысқартуды, жалақыны арттыруды және басқаларды талап еткен екінші петициясы тапсырылды. Петицияны парламент қабылдамай тастады. Чартистер бұған жауап ретінде жаппай ереуіл жасады. 1848 жылы чартистер үшінші петициямен парламентке жаппай шеру тартып бармақшы болды, бірақ үкімет әскер шақырып, бұл шеру тартуды болғызбай тастады. Петиция көп ай өткен соң каралды, бірақ қабылданбады. 1848 жылдан кейін чартистік қозғалыс құлдырап кетті. Чартистік қозғалыстың сәтсіздікке ұшырауының басты себебі оның айқын программасы мен тактикасының және дәйекті революциялық пролетарлық басшылығының жоқтығы болды. Алайда чартистер Англияның саяси тарихына да, сондай-ақ халықаралық жұмысшы қозғалысының дамуына да орасан зор ықпалын тигізді. В. И. Ленин чартизмді «бірінші, кең көлемді, нағыз бұқаралық, саяси жағынан қалыптасқан, пролетарлық-революциялық қозғалыс» (Шығармалар, 29-том, 305-бет) деп сипаттады.— *16.*

9 *Социалистерге қарсы ерекше заңды* жұмысшы және социалистік қозғалысқа қарсы күресу мақсатымен Германияда 1878 жылы Бисмарк үкіметі енгізді. Осы заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынды, социалистік әдебиет конфискеленді, социал-демократтар қуғынға ұшыратылды, жер аударылды. Алайда қуғындау мен жазалау социал-демократиялық партияны мойыта алмады, оның қызметі астыртын жағдайда өмір сүруге бейімделіп қайта құрылды: шетелде партияның орталық органы — «Социал-Демократ» газеті шығып тұрды және партия съездері үнемі (1880, 1883 және 1887 жылдары) шақырылып тұрды; Германияда, астыртын жағдайда, социал-демократиялық ұйымдар мен топтар тез арада қалпына келтіріліп, оларды құпия Орталық Комитет басқарды. Сонымен бірге партия бұқарамен

байланысты нығайту үшін жария мүмкіндіктерді кеңінен пайдаланды, оның ықпалы ұдайы өсе берді: рейхстаг сайлауында социал-демократтарға берілген дауыс саны 1878 жылдан 1890 жылға дейін үш еседен астам өсті. К. Маркс пен Ф. Энгельс неміс социал-демократтарына орасан зор көмек көрсетіп отырды. Бұқаралық қозғалыс пен барған сайын күшейе түскен жұмысшы қозғалысының тегеурінімен 1890 жылы социалистерге қарсы ерекше заң жойылды.— *16.*

10 Ленин бұл арада жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің «Бүкіл дүние жүзінің халықтарына» арнаған үндеуін айтып отыр; бұл үндеу 1917 жылғы 15 мартта «Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов» газетінің 15-номерінде жарияланған болатын.— *18.*

11 В. И. Ленин бұл арада герман флоты матростарының 1917 жылы августа болған революциялық бой көрсетулерін айтып отыр. Бой көрсетулерге революцияшыл матростар ұйымы басшылық етті, июльдің аяғында бұл ұйымның қатарында төрт мың адам болды. Ұйымды «Фридрих Великий» кораблiндегі Макс Рейхпич пен Альбин Кебис деген матростар басқарды. Ұйым демократиялық бітім үшін күресуге, көтеріліс әзірлеуге шешім қабылдады. Августың бас кезінде флотта ашық бой көрсетулер басталды. Вильгельмсхафенде тұрған «Принц-регент Луитпольд» линкорының матростары ереуіл жасағаны үшін бұрын қамауға алынған өз жолдастарын босату жолында күресу үшін өз бетімен жағаға шықты; 16 августа «Вестфалия» кораблінде кочегарлар жұмысқа шығудан бас тартты. Сонымен бірге теңізде жүрген «Нюрнберг» крейсерінің экипажы көтеріліс жасады. Матростар арасындағы қозғалыс Вильгельмсхафендегі бірнеше эскадраның корабльдеріне тарады. Герман флотындағы революциялық бой көрсетулер аяусыз басып тасталды. Қозғалыстың басшылары — Рейхпич пен Кебис атылды, қозғалысқа белсене қатысқан басқа матростар ұзақ мерзімге каторгалық жұмыстарға кесілді.— *18.*

12 *Эсерлер, социалист-революционерлер* — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», социалист-революционерлер партиясы, т. т.) бірігуі нәтижесінде пайда болды. Эсерлердің көзқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртық-тесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» бітеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эсерлер меньшевиктермен бірге контрре-

волюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Авксентьев, Керенский, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иеленушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

Эсерлер партиясы ішінде қалыптасқан оның сол қанаты 1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде дербес солшыл эсерлер партиясын құрды.

Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар ордасына қосылып, дұшпандық әрекетін тоқтатпады.— *23.*

13 *«Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов»* («Шаруа Депутаттары Бүкіл россиялық Советінің Хабарлары»)— күнделікті газет, Шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советінің ресми органы; 1917 жылғы 9(22) майдан декабрьге дейін Петроградта шығып тұрды; эсерлер партиясының оң қанатының көзқарастарын білдірді. Октябрь социалистік революциясын газет дұшпандықпен қарсы алды; контрреволюциялық бағыты үшін жабылды.— *24.*

14 Өндіріске жұмысшы бақылауын қою туралы заңды талдап жасау Октябрь социалистік революциясы жеңісімен дереу қолға алынған болатын. В. И. Ленин жазған «Жұмысшы бақылауы туралы ереженің жобасы» 1917 жылы 26 немесе 27 октябрьде (8 немесе 9 ноябрьде) В. И. Лениннің қатысуымен Петроград фабрика-завод комитеттерінің Орталық советінде өткізілген кеңесте талқыланды, кеңес жобаны негізінен қабылдады. Бұдан кейін 27 октябрьде жоба Халық Комиссарлары Советінде қарауға ұсынылды, Халық Комиссарлары Советі В. П. Милютин мен Ю. Ларинге екі күн мерзімнің ішінде Жұмысшы бақылауы туралы ереженің егжей-тегжейлі жобасын жасауды тапсырды. Бірақ олардың әзірлеген жобасы революциялық жұмысшы бақылауының Ленин тұжырымдаған міндеттеріне қайшы келді. Олардың жобасында, мәселен, жұмысшы бақылауы органдарының шешімдерін кәсіпорындардың иелері орындауға міндетті деген аса маңызды пункт жоқ болатын. Жұмысшы бақылауы туралы заң жобасын бұдан әрі талдап жасау үшін лениндік жоба негіз етіп алынды, бұл жоба толықтырылған түрінде 1(14) ноябрьде «Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства-ның» 3-номерінде «Жұмысшы бақылауы туралы заңның жобасы

(Еңбек комиссиясында қарау үшін енгізіліп отыр)» деген тақырыппен жарияланды. Жобаны бұдан әрі талқылаған кезде жергілікті жерлерде құрылып жатқан жұмысшы бақылауы органдарын мемлекеттік органдармен ауыстыру керек, жұмысшы бақылауын барлық кәсіпорындарда емес, тек қана аса ірі заводтар мен фабрикаларда, темір жолдарда, т. б. енгізу керек деген ұсыныстар жасалды. Ленин жұмысшы бақылауын барлық жерде енгізу жөніндө жұмысшылардың инициативасын барынша өрістету қажеттігін қорғап қалды. Жобаның түпкілікті нұсқасын әзірлеу Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 8(21) ноябрьдегі мәжілісінде құрылған комиссияға тапсырылды. 14(27) ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті осы комиссия ұсынған жобаны қарап, «Жұмысшы бақылауы туралы ереже» деп аталған декретті бекітті. Онда лениндік жобаның негізгі ережелері бейнеленді. Декрет 16(29) ноябрьде «Известия ЦИК-тің» 227-номерінде жарияланды.

«Жұмысшы бақылауы туралы ереженің» қабылдануы жұмысшылардың өндіріске және өнімдерді бөлуге бақылау орнатудағы инициативасын барынша кеңінен өрістетуге көмектесті. Бірқатар жергілікті Советтер, фабрика-завод комитеттерінің бюролары мен конференциялары «Жұмысшы бақылауы туралы ереже» негізінде жұмысшы бақылауын жүргізу үшін нақты нұсқаулар белгіледі. Фабрика-завод комитеттерінің Петроград советі жасаған нұсқаудың жұмысшы бақылауын практикада жүзеге асыру үшін ерекше зор маңызы болды; партияның Орталық Комитетінің секретариаты бұл нұсқауды жұмысшылардың жұмысшы бақылауын қалай жүргізу керектігі жөніндегі сұраулары бойынша жер-жерге жіберу қажет деп есептеді. Өндіріске жұмысшы бақылауын қою өнеркәсіпті национализациялауға әзірленуде зор роль атқарды. Социалистік құрылыстың бірінші жылының қорытындыларын шығара келіп, В. И. Ленин 1918 жылы 6 ноябрьде Советтердің Бүкіл россиялық VI төтенше съезінде сөйлеген сөзінде былай деді: «Біз өзіміздің бүкіл өнеркәсібімізде социализмді бірден декреттемедік, неге десеңіз социализм жұмысшы табы басқаруды үйренген кезде ғана, жұмысшы бұқарасының беделі күшейген кезде ғана қалыптасып, нығая алады. Мұнысыз, социализм — тек ізгі тілек қана. Міне сондықтан біз жұмысшы бақылауы деген қайшылығы бар қадам, толық емес қадам екенін біле тұрсақ та, оны енгіздік, өйткені ұлан-байтақ елдің өнеркәсіп құрылысының ұлы ісін жұмысшылардың өздері қанаушыларсыз қолға алып, қанаушыларға қарсы жүргізуі қажет болады...» (Шығармалар, 28-том, 129-бет).— *31.*

15 Әскери-революциялық комитет шақырған *Петроград гарнизонының полк өкілдерінің 1917 жылғы 29 октябрьдегі (11 ноябрьдегі) кеңесі* Петроградты контрреволюция күштерінен қорғау мәселесіне арналған болатын. Кеңеске әскер бөлімдерінің 40 өкілі қатысты. Күн тәртібіне мынадай мәселелер

қойылды: 1. Хабарлама. 2. Штаб құру. 3. Әскер бөлімдерін қаруландыру. 4. Қалада тәртіп орнату. Майданнан арнаулы баяндама жасалғаннан кейін кеңес Халық Комиссарлары Советінің председателі В. И. Лениннің ағымдағы кезең туралы баяндамасын тыңдады. Ленин күн тәртібінің басқа да мәселелері бойынша сөз сөйледі. Кеңеске қатысушылардың бірқатары жергілікті жерлердегі жағдай туралы хабарлама жасады. Кеңес бірауыздан Петроград солдаттарын революцияның жеңістерін қорғау жолындағы күреске шақырған үндеу хат қабылдады.— *37*.

16 *Солшыл эсерлер* — солшыл социалист-революционерлер (интернационалистер) партиясы; ұйымдық жағынан 1917 жылы 19—28 ноябрьде (2—11 декабрьде) өткен өзінің Бүкіл россиялық I съезінде қалыптасты. Солшыл эсерлер бұған дейін эсерлер партиясының дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында қалыптаса бастаған сол қанаты ретінде өмір сүріп келген еді. Оны М. А. Спиридонова, Б. Д. Камков және М. А. Натансон (Бобров) басқарды. Эсерлер партиясының сол қанаты 1917 жылғы июль оқиғаларынан кейін тез өсе бастады. Бұл процесс шаруалардың солшылдық пиғылдарының өскендігін бейнеледі. Август айында эсерлер партиясының Петербург комитеті «Знамя Труда» газетімен қоса солшыл эсерлердің қолына көшті; бұл газет кейін солшыл эсерлер партиясының орталық органына айналды.

Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде солшыл эсерлер эсерлер фракциясында көпшілік болды; фракция съезге қатысу туралы мәселеде жікке бөлінді; эсерлер партиясы Орталық Комитетінің нұсқауын орындап, оңшыл эсерлер съезден кетіп қалды, ал солшыл эсерлер съезде қалып, күн тәртібінің аса маңызды мәселелері бойынша большевиктермен бірге дауыс берді. Большевиктер ол кезде шаруалар арасында жақтаушылары едәуір көп болған солшыл эсерлер партиясымен блок жасауды қажет деп санап, солшыл эсерлерге Совет үкіметінің құрамына кіруді ұсынды. Бірақ солшыл эсерлер большевиктердің ұсынысын қабылдаудан бас тартты. Олар меньшевиктер, оңшыл эсерлер және басқа партиялар мен топтар қатысатын «біртектес социалистік үкімет» дейтінді құру талабын қолдады. Ұзақ ауытқудан кейін солшыл эсерлер шаруалар арасындағы беделінен айрылып қалмауға тырысып, большевиктермен ынтымақтасуға көнді. 1917 жылғы ноябрьде — декабрьдің басында большевиктер мен солшыл эсерлердің арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде солшыл эсерлердің үкіметке қатысуы туралы келісімге қол жетті. Солшыл эсерлер өз қызметінде Халық Комиссарлары Советімен ортақ саясат жүргізуге міндеттенді де, халық комиссариаттарының бірқатар коллегияларына енгізілді.

Большевиктермен ынтымақтасу жолына түскенімен, солшыл эсерлер социализм құрылысының түбегейлі мәселелері жөнінде большевиктерден басқаша көзқараста болды, проле-

тариат диктатурасына қарсы шықты. 1918 жылғы январь — февральда солшыл эсерлер партиясының Орталық комитеті Брест бітім шартын жасасуға қарсы күрес бастады, ал шартқа қол қойылып, оны март айында Советтердің IV съезі бекіткеннен кейін солшыл эсерлер Халық Комиссарлары Советінен шықты, алайда халық комиссариаттарының коллегияларына және жергілікті өкімет органдарына қатыса берді. Солшыл эсерлер Совет өкіметінің кәсіпорындар мен темір жолдарда дара басшылықты енгізу және еңбек тәртібін нығайту жөніндегі шараларына қарсы шықты. 1918 жылдың жазында деревняда социалистік революцияның өрістеуіне және кедейлер комитеттерінің құрылуына байланысты солшыл эсерлер арасында антисоветтік пиғылдар күшейе бастады. Июльде солшыл эсерлердің Орталық Комитеті Москвада герман елшісі Мирбахтың өлтірілуін және Совет өкіметіне қарсы қарулы бүлік ұйымдастырды, сөйтіп осы арқылы Брест бітімін бұзуды және Советтік Россияны Германиямен соғысқа киліктіруді көздеді. Осыған байланысты Советтердің Бүкіл россиялық V съезі июльдегі бүлік басып-жаншылғаннан кейін өздерінің басшы жоғарғы тобының көзқарасын қолдайтын солшыл эсерлерді Советтердің құрамынан шығару туралы шешім қабылдады. Бұқара арасындағы тірек атаулыдан айрылған солшыл эсерлер партиясы Совет өкіметіне қарсы қарулы күрес жолына түсті. Солшыл эсерлердің большевиктермен ынтымақтасу позициясында тұрған бір бөлегі «халықшыл коммунистер» және «революцияшыл коммунистер» партияларын құрды. Бұл партиялардың мүшелерінің едәуір бөлегі кейін Коммунистік партияға қабылданды.

В. И. Ленин солшыл эсерлерді оқиғалардың әрбір бұрылысында ауытқып отыратын ұсақ буржуазиялық революционерлер ретінде сипаттап, бұл партия «жұмысшы табының ішінде қандай желкөбік болса, шаруалардың ішінде де сондай желкөбік» (Шығармалар, 27-том, 182-бет) деп көрсетті.— *37.*

17 *«Дело Народа»* («Халық Ісі») — күнделікті газет, эсерлер партиясының органы; 1917 жылғы марттан 1918 жылғы июльге дейін Петроградта шығып тұрды, атын бірнеше рет өзгертті. Газет қорғампаздық және келісімпаздық позиция ұстады, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Газет 1918 жылы октябрьде Самарада (төрт номері шықты) және 1919 жылы мартта Москвада (он номері шықты) қайта шықты. Газет контрреволюциялық қызметі үшін жабылып тасталды.— *38.*

18 «Республика» линкоры мен «Адмирал Макаров» крейсерінің радиограмманы қабылдап алған радиостанцияларының радиотелеграф журналдарында бұл сөйлем былай деп жазып алынған: «Революция ісіне адал Балтық флоты көтеріліс жасаушы халықты қолдауға келді». Радиограмманың текстіне түзету енгізу қажет болған себебі, «Республика» линкорының

орнына Петроградқа «Олег» крейсері мен «Победитель» эсминеці келген болатын.— *42.*

19 РСДРП(б) Орталық Комитеті мәжілістерінің протоколдық жазбалары КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде секретарьдың 1917 жылғы 10(23) октябрьден 1918 жылғы 24 февральға дейінгі кезеңде жеке парақ қағаздарға қолмен жазған жазбалары түрінде және Орталық Комитет Секретариатының дәптері түрінде сақталған; бұл дәптерге Орталық Комитеттің 1917 жылғы 4(17) августан 1918 жылғы 24 февральға дейінгі кезеңде өткен мәжілістерінің протоколдық жазбалары енген.

Осы томға В. И. Лениннің РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілістерінде сөйлеген сөздері секретарьдың қолмен жазған жазбаларының тексті бойынша енгізіліп, Орталық Комитет Секретариатының дәптеріндегі протоколдық жазбалардың текстімен салыстырылып басылып отыр; ал 1917 жылғы 29 ноябрьдегі (12 декабрьдегі) және 11(24) декабрьдегі сөздері тек Орталық Комитет Секретариатының дәптеріндегі протоколдық жазбалардың тексті бойынша ғана басылып отыр.— *45.*

20 Бұл арада әңгіме үкіметтің құрамы туралы мәселе жөнінде келіс сөз жүргізу үшін Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті (Викжельдің) жанынан шақырылған кеңеске большевиктердің қатысуы туралы болып отыр.

Меньшевиктер мен эсерлер басшылық роль атқарған Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті Петроградта Октябрь қарулы көтерілісі жеңгеннен кейін контрреволюция тіректерінің бірі болды. Өзінің бейтараптылығы туралы мәлімдемелерін және азамат соғысын тоқтатуға шақыруларын бетке ұстап, Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті Совет өкіметін орнату жолында қарулы күрес жүріп жатқан Москваға Петроградтан революциялық отрядтар жіберуге бөгет жасады және темір жол қатынасын тоқтатып тастаймыз деп қорқытты. 1917 жылы 29 октябрьде (11 ноябрьде) Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті қарар қабылдап, онда «большевиктерден бастап халықтық социалистерге дейінгі» барлық партиялардың өкілдері кіретін жаңа «біртектес социалистік үкімет» дейтінді құруға шақырды. Дәл сол күні үкіметтің құрамы туралы мәселе жөнінде Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті жанынан шақырылған кеңес ашылды. Кеңеске қорғампаз-меньшевиктердің, интернационалист-меньшевиктердің, оңшыл эсерлердің, солшыл эсерлердің, почта-телеграф қызметшілері одағының, Петроград думасының, шаруа депутаттары Советі Атқару комитетінің, т. б. ұйымдардың өкілдері қатысты. Большевиктік партияның Орталық Комитеті үкіметтің және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамын кеңейту туралы қандай келіс

сөз болса да Совет өкіметі қызметінің Советтердің II съезі қабылдаған программасын мойындау негізінде ғана жүргізілуі мүмкін деп тауып, келіс сөздерге қатысуды ұйғарды. Партияның Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша кеңеске Л. Б. Каменев пен Г. Я. Сокольников қатысты. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті де кеңеске өз өкілдерін — Д. Б. Рязановты және басқаларын жіберді.

Меньшевиктер мен эсерлер коалициялық үкіметте басшылық рольге ие болып, оны пролетариат диктатурасына қарсы күрес жүргізу үшін пайдалануды көздеді. Кеңесте және кеңес белгілеген келістіру комиссиясының мәжілістерінде олар Керенскийдің әскерлеріне қарсылық көрсетуді тоқтатуды талап етті, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің орнына «Халықтық совет» құрып, онда шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советі Атқару Комитетінің, қалалық думалардың және келісімпаздар басшылық етіп отырған басқа да ұйымдардың өкілдері басым болуына күш салды, Чернов немесе Авксентьев бастаған жаңа үкімет құруды ұсынды. Большевиктердің кеңеске қатысқан өкілдері келісімпаздық позиция ұстап, меньшевиктер мен эсерлер енгізген ұсыныстарды талқылауға қарсы болмады.

Партияның Орталық Комитетінің 1(14) ноябрьдегі мәжілісінде Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетімен жүргізілген келіс сөз туралы және большевиктер делегациясының қылығы туралы мәселе талқыланды. Мәжіліске қатысқандардың көпшілігі келісімпаздық саясатты айыптап, не келіс сөзді тоқтатуды, не оған ультиматумдық сипат беруді ұсынды. Каменев, Милютин, Рыков, Рязанов келіс сөзді жалғастыра беруді талап етті. Орталық Комитеттің мәжілісінде қабылданған қарарда келісімпаздық партиялар келіс сөзді Совет өкіметін әлсірету мақсатымен жүргізеді, сондықтан Орталық Комитет өкімет туралы мәселе жөніндегі келесі мәжіліске большевиктер өкілдерінің бір ғана мақсат үшін — коалициялық өкімет құру әрекетінің қисынсыздығын әшкерелеу, сөйтіп келіс сөзді біржолата тоқтату мақсаты үшін қатысуға рұқсат етеді деп көрсетілді. 1(14) ноябрьдің кешінде келіс сөздің барысы туралы мәселе Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде талқыланды, онда большевиктік фракция ұсынған, Орталық Комитеттің 1(14) ноябрьдегі шешімі рухында жазылған қарар қабылданды. Алайда оңшыл оппортунистік позиция ұстаған оппозициялық топ — Каменев, Зиновьев, Рыков, Милютин, Ларин, Рязанов және басқалары партияның Орталық Комитетінің бағытына өздерінің бағытын қарсы қойып, оның шешімін орындатпай тастады. 2(15) ноябрьде Орталық Комитет Орталық Комитеттің ішіндегі оппозиция туралы мәселе жөнінде қарар қабылдады (қараңыз: осы том, 47—49-беттер). Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 2(15) ноябрьден 3(16) ноябрьге қараған түні болған мәжілісінде солшыл эсерлер Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің келісімге келу шарт-

тары туралы шешімін қайта қарауды талап еткеннен кейін, Каменев пен Зиновьев Орталық Комитеттің 2(15) ноябрьдегі қарарына қайшы келетін, үкімет құрамын өзгертуді, большевиктерге үкіметтегі орындардың тек жартысы ғана берілуін көздейтін қарарды өткізді. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде оппозиционерлер осы қарарды жақтап дауыс берді. 3(16) ноябрьде Орталық Комитеттің көпшілігі оппозициялық азшылыққа ультиматум қойғаннан кейін (қараңыз: осы том, 50—52-беттер) Каменев, Зиновьев, Рыков, Милютин және Ногин Орталық Комитеттен шықты, ал соңғы үшеуі мен Теодорович халық комиссарлары деген атақтарынан бас тартты. Рязанов, Ларин және басқа бірнеше совет қызметкері солардың мәлімдемесіне қосылды. 5 немесе 6 (18 немесе 19) ноябрьде партияның Орталық Комитеті партиялық емес ұйымдарда Орталық Комитеттің шешімдеріне қарсы шығып сөздер сөйлеген Каменевтен, Зиновьевтен, Рязановтан және Ларивнен іріткі салушылық әрекеттерін тоқтатуды үзілді-кесілді талап етті (қараңыз: осы том, 75—76-беттер). 7(20) ноябрьде партияның Орталық Комитеті «Правдада» партияның барлық мүшелеріне және Россияның барлық еңбекші таптарына үндеу жариялады, онда оппозиционерлерді революцияның большевизм принциптерінен тайған дезертирлері деп сипаттады (қараңыз: осы том, 77—82-беттер).— *45.*

[21] Қолжазбада қарардың алғашқы үш пункті сызылып тасталған. Қарар, шамасы, әуелі әрбір пункті бойынша дауысқа қойылған болса керек, өйткені парақтардың жиектерінде дауыс берудің нәтижелері туралы Ленин салған белгілер бар. Соңғы парақтың сыртында Лениннің мынадай белгісі бар: «Тұтас алғанда
+10
− 5
0».— *47.*

[22] Орталық Комитет мүшелерінің келісімпаз ұсақ буржуазиялық партиялармен өкімет билігін бөлісуді талап еткен азшылығына қойылған ультиматумға В. И. Лениннен басқа А. С. Бубнов, Ф. Э. Дзержинский, А. А. Иоффе, М. К. Муранов, Я. М. Свердлов, Г. Я. Сокольников, И. В. Сталин, Л. Д. Троцкий және М. С. Урицкий қол қойды.— *50.*

[23] *«Новая Жизнь» тобы, новожизньшілдер* —«Новая Жизнь» газетінің төңірегіне топтасқан интернационалист- меньшевиктер.

«Новая Жизнь» («Жаңа Өмір»)— күнделікті газет; 1917 жылғы 18 апрельден (1 майдан) 1918 жылғы июльге дейін Петроградта шығып тұрды. «Летопись» журналының маңына топтасқан бір топ интернационалист-меньшевиктер мен жазушылар газетті құрудың инициаторы болды. Ленин «новожизньшілдерді» сипаттай келіп, олардың пиғылдарында

«принципсіздікті бүркемелейтін де, білдіретін де интеллигенттік скептицизм басым болып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 34-том, 118-бет) деп атап көрсетті және оларды мысқылдап «интернационалистсымақтар», «марксистсымақтар» деп атады. Газет Октябрь социалистік революциясына және Совет өкіметінің орнауына дұшпандық көзқараста болды. 1918 жылғы 1 июньнен бастап газеттің екі басылымы: петроградтық және москвалық басылымы шығарылды. 1918 жылы июльде оның екі басылымы да жабылды.— *52.*

24 *Баспасөз бостандығы туралы қарардың жобасын* 1917 жылы 4(17) ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде осы мәселенің талқылануына байланысты В. И. Ленин жазған.

Әскери-революциялық комитеттің қаулысы бойынша 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) бірқатар буржуазиялық газеттер —«Речь», «День» және басқалары контрреволюциялық үгіт жүргізгені үшін жабылды, ал келесі күні Халық Комиссарлары Советі баспасөз туралы декрет қабылдады. 4(17) ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде баспасөз туралы мәселе талқыланған кезде Ларин және солшыл эсерлер — Колегаев, Карелин, Прошьян және басқалары декретке қарсы шықты.

Әскери-революциялық комитет пен Халық Комиссарлары Советі қолданған шаралардың қажеттігі туралы Ленин сөз сөйледі (қараңыз: осы том, 56—58-беттер). Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Халық Комиссарлары Советінің баспасөз саласындағы саясатын сөзсіз қолдайтыны туралы большевиктік фракцияның қарарын көпшілік дауыспен қабылдады, қарарға 34 дауыс жақтап, 24 дауыс қарсы берілді, 1 дауыс қалыс қалды. Қарардың Ленин жазған жобасы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің талқылауына ұсынылған жоқ.— *54.*

25 *«Речь»* («Тіл»)—күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) бастап Петербургте шығып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің ішкі және сыртқы саясатын белсенді қолдады, Ленин мен большевиктер партиясына қарсы ойрандық қуғындау жүргізді. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. Кейіннен (1918 жылғы августқа дейін) «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді.— *57.*

26 *«Русское Слово»* («Орыс Сөзі») — күнделікті газет; 1895 жылдан Москвада шығып тұрды (байқау ретіндегі бірінші номері 1894 жылы шықты); И. Д. Сытин шығарды. Ресми түрде бейпартиялық делінген газет орыс буржуазиясының мүдделерін

баяу-либералдық позициядан қорғады. Газет 1917 жылы буржуазиялық Уақытша үкіметті бүтіндей қолдады және Ленин мен большевиктік партияға қарсы қудалау жүргізді.

1917 жылдың ноябрінде жалақорлық антисоветтік хабарлар басқаны үшін газет жабылды. 1918 жылдың январынан бастап біраз уақыт газет «Новое Слово» және «Наше Слово» деген аттармен шығып тұрды. 1918 жылы июльде біржола жабылды.— *58.*

27 Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1917 жылғы 4(17) ноябрьдегі мәжілісінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің рұқсатынсыз Халық Комиссарлары Советінің бірқатар декреттер шығарғаны жөнінде солшыл эсерлер фракциясы Халық Комиссарлары Советінің председателі В. И. Ленинге сұрау қойды. Лениннің түсінігін тыңдай келіп, солшыл эсерлер фракциясы оны қанағаттанғысыз деп тапты. М. С. Урицкий большевиктер фракциясының атынан Халық Комиссарлары Советіне толық сенім білдіретін қарар ұсынды. Осы қарарды дауысқа қояр алдында солшыл эсерлер мүдделі адамдар болғандықтан халық комиссарлары дауыс беруге қатыспауға тиіс деп мәлімдеді. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті көпшілік дауыспен Халық Комиссарлары Советінің қызметін мақұлдайтын қарар қабылдады.— *59.*

28 Бұл арада Петроград қорғанысы әскерлерінің бас қолбасшысы Муравьевтің 1917 жылғы 1(14) ноябрьдегі № 1 бұйрығы айтылып отыр, бұл бұйрықта солдаттар, матростар, Қызыл гвардия қылмысты элементтерді аяусыз және дереу жазалауға шақырылды. Бұйрық текстінің редакциясы қолайсыз жағдайға соқтыруы мүмкін екендігіне байланысты, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 2(15) ноябрьдегі мәжілісінде Ішкі істер халық комиссариатына осы бұйрықтың күшін жоюды ұсынды.— *61.*

29 В. И. Ленин бұл арада В. П. Ногиннің, А. И. Рыковтың, В. П. Милютиннің және басқаларының «біртектес социалистік үкімет» дейтінді құру жөніндегі оңшыл оппортунистік позициясын қорғап сөз сөйлеген солшыл эсер Г. Д. Закстың сөзін айтып отыр. Өз сөзінде Закс Россиядағы социалистік революция оқшау қалып қоюы мүмкін, өйткені «Батыс Европа масқара үн-түнсіз қалып отыр» деген күмән келтірді.— *63.*

30 *«Спартак» тобы* — герман солшыл социал-демократтарының революциялық ұйымы; дүние жүзілік империалистік соғыстың бас кезінде К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, Ю. Мархлевский, Л. Иогихес (Тышка), В. Пик ұйымдастырған. 1915 жылы апрельде Р. Люксембург пен Ф. Меринг «Die Internationale» журналын ұйымдастырып, Германияның солшыл социал-демократтарының негізгі тобы осы журналдың төңірегіне топтасты. 1916 жылдан бастап

«Интернационал» тобы, 1915 жылы шығарған саяси листовкалардан басқа, құпия түрде «Саяси хаттар» шығарып, тарата бастады (1918 жылғы октябрьге дейін үзбей шығып тұрды), оған «Спартак» деп қол қойды; осыған байланысты «Интернационал» тобы «Спартак» тобы деп аталды. Спартакшылдар бұқара арасында революциялық насихат жүргізді, соғысқа қарсы жаппай бой көрсетулер ұйымдастырды, стачкаларға басшылық етті, дүние жүзілік соғыстың империалистік сипатын және социал-демократияның оппортунистік лидерлерінің сатқындығын әшкереледі. Алайда спартакшылдар теория мен саясаттың кейбір аса маңызды мәселелерінде елеулі қателер жіберді: империализм дәуірінде ұлт-азаттық соғыстар болу мүмкіндігін теріске шығарды, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру ұраны туралы мәселе жөнінде дәйекті позиция ұстамады, жұмысшы табының авангарды ретінде пролетарлық партияның ролін жете бағаламады, оппортунистерден үзілді-кесілді ажырасудан қорықты. Ленин герман солшыл социал-демократтарының қателерін талай рет сынап, олардың дұрыс позиция ұстауына көмектесті (қараңыз: «Юниустың кітапшасы туралы», «Пролетарлық революцияның соғыс программасы» деген және басқа еңбектер. Шығармалар толық жинағы, 30-том, 1—18, 149—162-беттер).

1917 жылы апрельде спартакшылдар центристік Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына кіріп, онда өзінің ұйымдық дербестігін сақтады. 1918 жылы ноябрьде, Германиядағы революция барысында, спартакшылдар «тәуелсіздерден» ажырап, «Спартак одағы» болып қалыптасты, 1918 жылы 14 декабрьде өз программасын жариялады. Құрылтай съезінде (30 декабрь, 1918 — 1 январь, 1919 жыл) спартакшылдар Германия Коммунистік партиясын құрды.— *63.*

31 Ленин бұл арада Халық Комиссарлары Советі қабылдап, 1917 жылы 1(14) ноябрьде «Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства-ның» 3-номерінде жарияланған «Жұмысшы бақылауы туралы заңның жобасын (Еңбек комиссиясында қарау үшін енгізіліп отыр)» айтып отыр.— *67.*

32 *Қорғап қалу комитеті, Қоғамдық қауіпсіздік комитеті* Москвада Советтерге қарсы қарулы күрес жүргізу мақсатымен 1917 жылы 25 октябрьде (7 ноябрьде) Москва қалалық думасының жанынан құрылды; 28 октябрьде (10 ноябрьде) басталған контрреволюциялық юнкерлер көтерілісіне басшылық етті. 2(15) ноябрьде юнкерлер көтерілісі басып-жаншылды, ал Қоғамдық қауіпсіздік комитеті Москва Әскери-революциялық комитетінің алдында тізе бүкті.— *70.*

33 *«Шаруалардың сұрауларына жауапты»* В. И. Ленин шаруа баршыларының Халық Комиссарлары Советіне толып жатқан өтініштер айтып келуімен байланысты жазды. Машинкада қайта басылып, Лениннің өзі қол қойған «Жауап» нақ сол

шаруалар келген губернияға арналып, баршылардың өз қолдарына табыс етілді. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Витебск губерниясындағы Режица уезінің шаруаларына және Режица қаласының гарнизонына арналған осы «Жауаптың» түпнұсқасы сақтаулы. «Жауап» «Деревенская Беднота», «Известия ЦИК» газеттерінде және басқа газеттерде жарияланып, «Шаруаларға нұсқау» деген атпен жеке листовка болып басылды. 1917 жылы 4(17) декабрьде «Жауап» «Жұмысшы және шаруа үкіметінің заңдары мен жарлықтарының жинағында» «Жердің жер комитеттерінің карауына көшуі туралы» деген атпен жарияланды. «Шаруалардың сұрауларына жауап» помещиктік жер иеленушілікті революциялық жолмен жоюды реттеген маңызды документ болды.— *73.*

34 РСДРП(б) Орталық Комитетінің В. И. Ленин айтып отырған қаулысы табылған жоқ.— *79.*

35 Бұл арада Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті жанында өткен кеңес айтылып отыр, онда «біртектес социалистік үкімет» дейтінді құру туралы келіс сөз жүргізілген болатын.— *81.*

36 Совет үкіметі мүшелерінің Могилевтегі Жоғарғы командование Ставкасымен сөйлескен сөздеріне байланысты жағдайларға Ленин барлық полктік, дивизиялық, корпустық, армиялық және басқа комитеттерге, солдаттар мен матростарға арналған 1917 жылғы 9(22) ноябрьдегі радиограмма-үндеуде және Духонинмен сөйлесілген сөздер туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 10(23) ноябрьдегі мәжілісінде баяндамада тоқталды (қараңыз: осы том, 87—88, 91—92-беттер).

Сол күндері Совет өкіметін тұншықтырудың контрреволюциялық жоспарларын жасау орталықтарының бірі болған Ставканы 20 ноябрьде (3 декабрьде) революцияшыл әскерлер басып алды.— *83.*

37 Сөйлесу әскери істер жөніндегі халық комиссары Н. В. Крыленконың атынан жүргізілді.— *84.*

38 Совет үкіметінің солдаттарды уақытша бітім жасасу туралы келіс сөз жүргізу инициативасын өз қолына алуға шақырған үндеуі армияда кең қолдау тапты. Майданның түрлі участкелерінде жекелеген дивизиялар, корпустар, армиялар, тіпті тұтас майдандар (мәселен, Батыс майданы) дұшпанның өздеріне қарсы тұрған әскер бөлімдеріне парламентерлер жіберіп, уақытша бітім жасасты. Уақытша бітім шарттарында соғыс қимылдарын тоқтату, әскер әкелуді, әскери құрылыстар салуды тоқтату, т. б көзделді. «Солдат бітімдері» деп

аталған бұл шарттар жалпы уақытша бітім жасасқанға дейін күшін сақтады.— *87.*

39 *«Рабочий Путь»* («Жұмысшы Жолы»)— большевиктік партияның Орталық Органы, күнделікті газет; Уақытша үкімет жауып тастаған «Правда» газетінің орнына 1917 жылғы 3(16) сентябрьден 26 октябрьге (8 ноябрьге) дейін шығып тұрды. 27 октябрьден (9 ноябрьден) бастап «Правда» газеті өз атымен шығатын болды.— *90.*

40 Л. Б. Каменев Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің атынан Халық Комиссарлары Советінің солдаттарға арналып 1917 жылы 9(22) ноябрьде радио арқылы берілген үндеуін (қараңыз: осы том, 87—88-беттер) түсіндіретін үндеу хат дайындау үшін комиссия құруды ұсынды. В. И. Лениннің қорытынды сөзінен кейін Каменев комиссияның функцияларын алдын ала шешпеуге келісемін деп мәлімдеді.— *94.*

41 *Шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық төтенше съезі* Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы бойынша шақырылып, 1917 жылы 10—25 ноябрьде (23 ноябрь — 8 декабрьде) Петроградта болып өтті. Шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық I съезінде 1917 жылы майда сайланған шаруа депутаттары Советтерінің оңшыл эсерлік Атқару комитеті съезді шақыртпауға тырысты, сөйтіп осы арқылы шаруа депутаттарын большевиктерден оқшауламақ болды. Жергілікті шаруа Советтерінің делегаттары және шаруа Атқару комитетінің солшыл эсерлік азшылығы қолдаған большевиктердің батыл қимылдары бұл әрекеттерді іске асыртпай тастады.

Съезге губерниялық, уездік, майдандық, армиялық, корпустық және дивизиялық шаруа Советтерінен делегаттар қатысты. Съездің бірінші мәжілісіне 260-қа тарта делегат қатысты, ал 18 ноябрьде (1 декабрьде) — шешуші дауыспен 330 делегат, соның ішінде 195 солшыл эсер, 37 большевик, оңшыл эсерлер мен центрдің 65 өкілі қатысты. Бұдан кейін делегаттардың саны көбейе берді.

Съезде оң қанат пен сол қанаттың арасында қатты күрес болды, осының нәтижесінде оңшыл эсерлер съезден кетіп қалды. Большевиктердің оңшыл эсерлерге қарсы күресін солшыл эсерлердің тұрақсыз позиция ұстауы қиындата түсті. Съездің солшыл эсерлер ұсынған «Өкімет туралы» мәселе жөніндегі қарарында «халықтық социалистерден бастап большевиктерге дейінгі барлық социалистік партиялар түгел» қатысатын үкімет құру жөніндегі эсерлік-меньшевиктік талап қойылды. Алайда съездің дәл осы қарарында үкімет «Советтердің II съезінің программасын орындау үшін» құрылады деп мойындалды. Қарарда сондай-ақ шаруа депутаттары Советтерінің Атқару комитетін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетімен қосу да көзделді.

Оңшыл эсерлердің съезді жікке бөлуге тырысқан әрекеттерінен ештеңе шықпады. Съездің 15(28) ноябрьдегі күндізгі мәжілісінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен шаруа Атқару комитетін біріктіру жөнінде съезд президиумының Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің президиумымен бірлесіп белгілеген шарттары туралы баяндамасы талқыланып, мақұлданды; осыған байланысты съезде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті атынан Я. М. Свердлов құттықтау сөз сөйледі. Бұдан кейін съезд толық құрамымен Смольныйға барып, онда кешкі сағат 6-да салтанатты жағдайда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, шаруа депутаттары Советтері Төтенше съезінің және Петроград Советінің біріккен мәжілісі болды. Мәжілісте Шаруалардың төтенше съезінде сайланған Атқару комитетін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне қосу туралы баяндама тыңдалып, талқыланды, Советтердің II съезінің бітім туралы және жер туралы декреттерін, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жұмысшы бақылауы туралы декретін қуаттайтын қарар қабылданды.

Аграрлық мәселе жөнінде съезд солшыл эсерлер ұсынған қарарды қабылдады, оның негізіне жерді теңгерме пайдалану принципі алынды.

Съезд президиумға 26 ноябрьде (9 декабрьде) шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезін ашуды тапсырды. Төтенше съездің делегаттары түгелдей II съездің құрамына енді.

В. И. Ленин съезде үш рет сөз сөйледі; большевиктердің аграрлық мәселеге және солшыл эсерлермен келісім жасасу шарттарына көзқарасы түсіндірілген Ленин сөздерінің съезд жұмысына бағыт беру үшін және оның сол қанатын топтастыру үшін зор маңызы болды.— *97.*

42 *Шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық төтенше съезіндегі большевиктер фракциясына мәлімдеме* Халық Комиссарлары Советінің председателі ретінде съезде В. И. Ленинге сөз беру жөнінде большевиктік фракцияның қойған талабына солшыл эсерлердің қарсы болуына байланысты жазылды, солшыл эсерлер мұндай сөз сөйлеу өкімет туралы мәселені алдын ала шешіп қояды деп есептеді. Солшыл эсерлердің ұсынысы бойынша съезд көпшілік дауыспен большевиктердің талабын қабылдамай қойды, сөйтіп Ленин съезде Халық Комиссарлары Советінің председателі ретінде емес, большевиктік фракцияның мүшесі ретінде сөз сөйледі.— *99.*

43 Бұл арада болыстық жер комитеттерінің қызметі туралы нұсқау айтылып отыр; нұсқауды жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық I съезі 1917 жылы 23 июньде (6 июльде) мақұлдап, 1917 жылы 3(16) ноябрьде «Болыстық комитеттер туралы» деген тақырыппен «Газета

Временного Рабочего и Крестьянского Правительства-ның» 4-номерінде заң түрінде жариялады.— *101.*

[44] Бұл арада әңгіме Германиямен бітім келіс сөзін бастау туралы болып отыр.

Советтердің Бүкіл россиялық II съезі қабылдаған бітім туралы Декрет жарияланғаннан кейін Совет үкіметі соғысып жатқан елдер арасында жаппай демократиялық бітім жасасуға бағытталған практикалық қадамдар жасады. 1917 жылы 7(20) ноябрьде Халық Комиссарлары Советі Жоғарғы бас қолбасшы генерал Духонинге арнайы жарлық беріп, жау армияларының командованиесіне соғыс қимылдарын тоқтату, бітім келіс сөзін бастау туралы ұсыныс жасауды міндеттеді. Жарлықта былай делінді: Халық Комиссарлары Советі «барлық соғысып жатқан елдерге, одақтас елдерге де, сондай-ақ бізбен жауласу жағдайында отырған елдерге де уақытша бітім жасасу жөнінде дереу ресми ұсыныс жасау» қажет деп есептейді («Известия ЦИК» № 221, 10 ноябрь, 1917 ж.). Алайда Антанта елдерінің әскери миссияларымен байланысты болған контрреволюцияшыл генералитет уақытша бітім жасасуға барынша бөгет жасады. 8(21) ноябрьде Сыртқы істер халық комиссариаты одақтас державалардың елшілеріне нота жолдап, онда барлық майдандарда дереу уақытша бітім жасасуды және бітім келіс сөздерін бастауды ұсынды. 9(22) ноябрьде Антанта елдерінің елшілері Америка Құрама Штаттарының Петроградтағы елшілігіне жиналып, Совет үкіметінің нотасын елеусіз қалдыру жөнінде шешім қабылдады.

Антанта империалистерінің Совет үкіметінің бітім жөніндегі инициативасын қолдаудан бас тартуы, олардың бітім жасасуға қасарыса қарсылық көрсетуі Халық Комиссарлары Советін Германиямен бітім жасасу туралы сепараттық келіс сөз жүргізу жолына түсуге мәжбүр етті. 14(27) ноябрьде Жоғарғы герман командованиесінің уақытша бітім жасасу туралы келіс сөз бастауға келісетіні жөнінде хабар алынды. Совет үкіметінің ұсынысы бойынша келіс сөздің басталуы 5 күнге кейінге қалдырылды, мұның өзі осы уақыттың ішінде одақтас державалардың үкіметтеріне өздерінің бітім жасасу туралы мәселеге көзқарасын анықтай түсу жөнінде тағы да ұсыныс жасау үшін керек болды. 15(28) ноябрьде Совет үкіметі барлық соғысып жатқан елдердің үкіметтері мен халықтарын бітім келіс сөздеріне қосылуға шақырды. Одақтас державалардан бұл үндеуге жауап болмады.

19 ноябрьде (2 декабрьде) Совет үкіметінің А. А. Иоффе бастаған бітім делегациясы бейтарап аймаққа келіп, Брест-Литовскіге барды, мұнда құрамына сондай-ақ Болгария мен Түркияның өкілдері де кіретін австро-герман блогының делегациясымен кездесті. 20—22 ноябрьде (3—5 декабрьде) жүргізілген келіс сөздердің нәтижесінде 10 күнге уақытша бітім жасасу туралы келісімге қол жетті. Совет үкіметі бұл уақытша бітімді Германиямен сепараттық келіс сөздерді жаппай

демократиялық бітім жасасу туралы келіс сөздерге айналдыру үшін тағы бір әрекет жасап көргісі келді. 24 ноябрьде (7 декабрьде) одақтас елдердің елшілеріне келіс сөздерге қатысу жөнінде ұсыныс жасалған нота тағы да жіберілді. Бұл нотаға да жауап қайтарылмады. 2(15) декабрьде келіс сөз қайта басталып, сол күні 28 күнге уақытша бітім жасалды. Уақытша бітім туралы шартта бітім конференциясын шақыру көзделді, ол 9(22) декабрьде Брест-Литовскіде ашылды.— *102.*

45 Бұл жоба 1917 жылғы 18 ноябрьде (1 декабрьде) Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде халық комиссарларының окладтары туралы мәселе талқыланған кезде жазылып, аздаған өзгерістермен қабылданды; Халық Комиссарлары Советінің «Халық комиссарларының, жоғары қызметшілер мен чиновниктердің еңбегіне төленетін ақының мөлшерлері туралы» қаулысы ретінде 1917 жылғы 23 ноябрьде (6 декабрьде) «Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства-ның» 16-номерінде жарияланды.

Партия мен Совет үкіметі мамандарға ақы төлеу туралы мәселені кейін қайта қарады. Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 2(15) январьдағы «Жоғары қызметтегі адамдарға ақы төлеу нормасы туралы» қаулысында (қараңыз: осы том, 232-бет) халық комиссарларының окладтарына шек қою мамандарға көтеріңкі ақы төлеуге тыйым салмайды деген нұсқау бар болатын. Ленин кейінірек былай деп көрсетті: «...1918 ж. март пен апрельде мамандарға социалистік қатынастарға емес, буржуазиялық қатынастарға сай келетін ставка бойынша ақы төлеу, яғни еңбектің қиындығына немесе өте ауыр жағдайларына сәйкес келетін ақы емес, буржуазиялық әдетке, буржуазиялық қоғамның жағдайларына сәйкес келетін ақы төлеу сияқты мәселе қойылды. Мамандарға бұл сияқты өте жоғары, буржуазиялық қоғамдағыша жоғары, ақы беру алғашқыда Совет өкіметінің жоспарына кірмеген еді және тіпті 1917 жылдың аяқ кезіндегі бірсыпыра декреттерге де сай келмейтін еді. Бірақ 1918 жылдың басында біздің партияның: бұл жөнінде бір адым кейін шегінуіміз керек және белгілі түрдегі «компромисті»... мойындауымыз керек деген тура нұсқауы болды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 ж. 29 апрельдегі қарары арқылы ақы төлеудің жалпы системасында бұл өзгерісті жүзеге асыру қажет деп танылды» (Шығармалар, 33-том, 72—73-беттер).— *112.*

46 *«Кері шақырып алу правосы туралы декреттің жобасын»* большевиктік фракция Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде 1917 жылы 21 ноябрьде (4 декабрьде) ұсынды. Декреттің қажеттігін В. И. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде сөйлеген сөзінде (қараңыз: осы том, 117—118-беттер) дәлелдеген болатын. Жоба талқыланған кезде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Ко-

митеті мүшелерінің көпшілігі кері шақырып алу правосын принципті түрде жақтап шықты, оған екі адам қарсы болып, бір адам қалыс қалды. Бұдан кейін жоба солшыл эсерлердің қатысуымен қайта өңдеу үшін келістіруші комиссияға тапсырылды. Лениндік жобаға қайта сайлауды тағайындау правосы Советтерге емес, жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің съездеріне берілсін, ал Советтер қайта сайлауды тиісті сайлау округі сайлаушыларының жартысынан астамы талап еткенде ғана тағайындай алатын болсын деген пункттер енгізілді. Келістіруші комиссия ұсынған декреттің жобасын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бір ауыздан қабылдап, ол 23 ноябрьде (6 декабрьде) «Известия ЦИК» газетінің 233-номерінде жарияланды.

Кері шақырып алу правосы туралы декретке сәйкес бірқатар шаруа және армия съездері депутаттарды — кадеттерді, оңшыл эсерлер мен меньшевиктерді, соның ішінде Авксентьевті, Гоцты, Милюковты және басқаларын Құрылтай жиналысынан кері шақырып алу туралы шешімдер қабылдады.— *113.*

47 Тезистерді В. И. Ленин Халық Комиссарлары Советінің қаладағы қозғалмайтын мүліктерді национализациялау туралы декреттің жобасын әзірлеуіне байланысты жазды. Жоба 1917 жылы 23 ноябрьде (6 декабрьде) Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде бекітіліп, 25 ноябрьде (8 декабрьде) «Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства-ның» 18-номерінде «Қаладағы қозғалмайтын мүліктерге жеке меншік правосын жою туралы декреттің жобасы (Халық Комиссарлары Советі қабылдаған)» деген тақырыппен жарияланды. 1918 жылы 20 августа декрет Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде бекітіліп, 24 августа «Известия ВЦИК» газетінің 182-номерінде жарияланды.— *115.*

48 Ленин бұл арада шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық төтенше съезін айтып отыр; съезд 1917 жылы 11—25 ноябрьде (24 ноябрь — 8 декабрьде) болып өтті.— *118.*

49 *Әскери флоттың Бүкіл россиялық бірінші съезі* 1917 жылы 18—25 ноябрьде (1—8 декабрьде) Петроградта болып өтті. Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: ағымдағы кезең туралы және өкімет туралы, Центрофлоттың қызметі туралы; теңіз ведомствосында реформа жасау туралы және басқа мәселелер. Съезде ағымдағы кезең туралы В. И. Ленин сөз сөйледі. Съезд өзінің сайламшыларына опасыздық жасаған Центрофлоттың қызметін айыптап, Центрофлотты таратып жіберген Әскери-теңіз революциялық комитетінің қимылдарын құптады; теңіз ведомствосын басқаруды ұйымдастырудың схемасын бекітті; жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына 20 адам сайлады. Съезд Халық Ко-

миссарлары Советіне құттықтау хат жолдады және бүкіл Россияға үндеу хат қабылдады.— *119.*

50 *«Бітім туралы келіс сөздер программасының конспектісі»,* сірә, Брест-Литовскідегі бітім конференциясында Германиямен бітім жасасу туралы келіс сөз жүргізуге уәкілдік алған совет делегациясына берілетін нұсқау туралы мәселенің 1917 жылы 27 ноябрьде (10 декабрьде) Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде талқылануына байланысты жазылса керек. Халық Комиссарлары Советінің бұл мәселе жөніндегі шешімінде былай деп жазылған: «Келіс сөз жүргізу туралы нұсқау —«Бітім туралы декрет» негізінде».

Брест-Литовскідегі бітім конференциясы 1917 жылы 9(22) декабрьде ашылды. Оған Советтік Россияның және Төрт жақты одақ державаларының (Германияның, Австро-Венгрияның, Болгарияның және Түркияның) делегациялары қатысты. Конференцияның бірінші мәжілісінде-ақ совет делегациясы бітім шарттары туралы декларацияны жариялады. Төрт жақты одақтың өкілдері формальды түрде осы шарттар негізінде келіс сөз жүргізуге келісті, бірақ іс жүзінде келіс сөз жөнді басталмай тұрып-ақ Германияның аннексионистік пиғылдары белгілі болып қалды. 1918 жылы 5(18) январьда Төрт жақты одақтың өкілдері совет делегациясы алдына өз үкіметтерінің территориялық талаптарын қойды. Олардың жоспары бойынша 150 мың шаршы километрден астам территория: Польша, Литва, Эстония мен Латвияның бір бөлегі, сондай-ақ украиндар мен белорустар мекендейтін едәуір өңір Россиядан Германия мен Австро-Венгрияға берілуге тиіс болды.

Неміс империалистерінің қойған шарттарының көрер көзге тонаушылық сипатта болуына қарамастан, Ленин бітім жасасуға күш салды, өйткені Совет өкіметін нығайту үшін тыныс алу қажет, халықтың соғыстан жаппай қалжырауы және күйзеліс жағдайында, армияның соғысуға қабілетсіздігі жағдайында соғысты одан әрі соза беру Совет өкіметін сөзсіз күйреуге ұшыратады деп есептеді. Ленин мен оның жақтаушыларының позициясына Троцкий мен «солшыл коммунистер» тобы — Н. И. Бухарин, А. Ломов (Г. И. Оппоков), А. А. Иоффе, Г. Л. Пятаков, Н. Осинский (В. В. Оболенский) және басқалары қарсылық көрсетті. «Солшыл коммунистер» келіс сөзді тоқтатуды талап етті, «революциялық соғыс» жүргізу керек деген авантюристік ұран ұсынды, Ленинге және оны жақтаушыларға қарсы өршелене күрес жүргізді. Москваның, Петроградтың, Уралдың, т. б. бірқатар партия ұйымдарында «солшыл коммунистердің» көзқарасы біраз қолдау тапты. «Солшыл коммунистер» уақытша көпшілікке ие болған РСДРП(б) Москва облыстық бюросы 1917 жылы 28 декабрьде (1918 жылы 10 январьда) Германиямен келіс сөзді тоқтатуды талап еткен қарар қабылдады. Бітім келіс сөздерінің екінші кезеңінде совет делегациясын басқарған Троцкий капитулянттық позиция ұстап, Брест-Литовскіде: «бітімге

қол қоймаймыз, соғысты тоқтатамыз, армияны демобилизациялаймыз» деген мәлімдеме жариялауға күш салды. Троцкий мен «солшыл коммунистер» Совет мемлекетінің күйреуіне әкеліп соқтыратын саясатты партияға күштеп таңды.

1918 жылы 8(21) январьда Ленин бітім жасасу қажеттігін кеңінен дәлелдеп сөз сөйледі, Орталық Комитет мүшелерінің партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесінде өзінің «Сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистерін» (қараңыз: осы том, 259—268-беттер) оқып берді. Алайда Орталық Комитет мүшелерінің арасында бітім туралы мәселе жөнінде бір ауыздылық болмады. Лениннің тек келіс сөздерді мейлінше соза түсу туралы шешім қабылдатуының ғана сәті түсті. Келіс сөздерді жалғастыру үшін совет делегациясы Брест-Литовскіге жүрер алдында Ленин Троцкийге келіс сөздерді мейлінше соза түсу, бірақ немістер ультиматум қойған жағдайда бітімге қол қою жөнінде нұсқау берді.

Бітім келіс сөздері 17(30) январьда қайта басталды. 27 январьда (9 февральда) австро-герман блогының делегациясы буржуазиялық-ұлтшылдық украин Орталық радасының өкілдерімен құпия шарт жасасты, бұл шарт бойынша Украина іс жүзінде Германияның талауына берілді. Өз позициясын нығайтып алып, неміс делегациясы 27 және 28 январьдағы (9 және 10 февральдағы) мәжілістерде келіс сөздерді одан әрі соза бермеуді талап етті. 28 январьда (10 февральда) совет делегациясының мәселені қалай шешу керек деген сұрауына Ленин бұрынғы нұсқауларын қуаттап жауап берді (қараңыз: осы том, 354-бет). Алайда Троцкий бұл нұсқауларды сатқындықпен бұзып, Брест-Литовскіде Советтік Россия бітімге қол қоймайды, соғысты тоқтатады, армияны демобилизациялайды деп мәлімдеді. Бұл мәлімдеме келіс сөздің үзіліп қалуына әкеліп соқты. 18 февральда немістер бүкіл майданда шабуыл бастады.

Орталық Комитеттің 17 және 18 февральдағы (таңертеңгі) мәжілістерінде Лениннің Германиямен дереу келіс сөз бастау керек деген ұсынысы көпшілік дауыс ала алмады. 18 февральдың кешінде, немістердің шабуылы шындыққа айналған кезде, Орталық Комитеттің төтенше шақырылған мәжілісінде Троцкиймен және «солшыл коммунистермен» ұзақ әрі шиеленіскен күрестен кейін, Ленинге бітімге қол қоюды жақтаған көпшілік дауысқа ие болудың тұңғыш рет сәті түсті.

19 февраль күні таңертең герман үкіметіне Брест-Литовскіде немістер қойған шарттар негізінде бітімге қол қоюға Совет үкіметінің келісетіні туралы радиограмма жіберілді (қараңыз: осы том, 361-бет). Неміс командованиесі жауапты кешіктіре түсті, ал оның бер жағында неміс әскерлері бүкіл майдан бойынша шабуыл жасаумен болды. Бір аптаның ішінде олар бірқатар қалаларды алып, Петроградқа қауіп төндірді.

23 февраль күні таңертең неміс командованиесінен жауап келді, онда бітімнің бұрынғыдан да бетер ауыр шарттары қойылды. 23 февральда Германияның жаңа ультиматумын талқылаған кезде партияның Орталық Комитетінде шиеленіскен күрес күшейе түсті, осы күрестің нәтижесінде партияның Орталық Комитеті көпшілік дауыспен В. И. Лениннің Германия қойған шарттар негізінде дереу бітімге қол қойылсын деген ұсынысын жақтап шықты. 24 февральға қараған түні Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті, ал онан соң Халық Комиссарлары Советі де бітімнің немістер қойған шарттарын қабылдау жөнінде қаулылар қабылдап, бұл туралы дереу герман үкіметіне хабарланды.

«Солшыл коммунистер» бітімге қол қоюға қарсы күресін тоқтатпады, бірақ Ленин мен оны жақтаушылардың позициясы партия бұқарасы арасында барған сайын кең қолдау таба берді. Халық Комиссарлары Советі мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті пікір сұраған жергілікті совет ұйымдарының көпшілігі де бітімге қол қоюды жақтады. 3 мартта бітімге қол қойылды. Партияның төтенше шақырылған VII съезі көпшілік дауыспен бітім туралы мәселе жөнінде лениндік бағыттың дұрыстығын қуаттады. 14—16 мартта болған Советтердің IV Төтенше съезі Брест шартын бекітті.

Германиядағы ноябрь (1918) революциясы кайзер II Вильгельмнің өкіметін құлатты, сөйтіп Совет үкіметі Брест шартын жоюға мүмкіндік алды.— *128.*

51 Бұдан әрі документтің текстін И. В. Сталин жазған.— *128.*

52 Бұл документті В. И. Ленин сірә, Халық Комиссарлары Советінің 27 ноябрьдегі (10 декабрьдегі) мәжілісінде экономика саласында социалистік саясатты жүзеге асыру үшін ерекше комиссия құру туралы Лениннің ұсынысын талқылауға байланысты жазған болса керек. Бұл мәселе жөнінде жобасын Ленин жазған қаулының бір пунктінде былай делінген: «Үкіметтің экономикалық саясатының негізгі мәселелерін талқылау үшін Халық Комиссарлары Советінің 3—5 мүшесінен (және мүшесі еместерден) комиссия құрылсын» (Лениннің XXI жинағы, 107-бет). Документте экономикалық саясат мәселелерінің тізбесі келтірілген, осы мәселелерге қарап оларды практикада жүзеге асыру үшін нұсқау жазу көзделген болатын.— *130.*

53 Өнеркәсіпті демобилизациялау туралы, яғни әскери заводтарды тұтыну заттарын өндіруге көшіру туралы мәселенің соғыстан кейінгі күйзелісті жою және елде халықтың экономикалық жағдайын жақсарту үшін орасан зор маңызы болды. Халық Комиссарлары Советінің 1917 жылғы 27 ноябрьдегі (10 декабрьдегі) мәжілісінде экономика саласында социалистік саясатты жүзеге асыру үшін ерекше комиссия құру туралы қаулының лениндік жобасының бір пунктінде былай деп

жазылған: «Қорғаныс жөніндегі ерекше кеңеске өнеркәсіпті демобилизациялауды бақылау және оның жалпы жоспарын жасау үшін 2—3 инженер жіберілсін» (Лениннің XXI жинағы, 107-бет).

Лениннің бұл мәселені онан әрі дамытуы «Банктерді национализациялауды жүзеге асыру туралы және осыған байланысты қажетті шаралар туралы декреттің жобасында» және Халық Комиссарлары Советінің «Практиктер комиссиясын ұйымдастыру туралы» қаулысының жобасында бейнеленген (қараңыз: осы том, 186—189, 190-беттер). 9(22) декабрьде Халық Комиссарлары Советі «Россиядағы барлық жұмысшы жолдастарға» үндеу қабылдады, онда өнеркәсіпті бейбіт өндіріске көшіру жөніндегі шаралар белгіленді.— *130.*

54 В. И. Лениннің *«Демонстрация ұрандары жөнінде»* деген заметкалары Петроград Советінің «Петроград жұмысшылары мен солдаттарына» деген үндеу хатына қосымша болып табылады; үндеу хат 1917 жылы 28 ноябрьде (11 декабрьде) «Правда» және «Известия ЦИК» газеттерінде жарияланды. Сол күні кадеттер демонстрация өткізуді белгілеп, жұрттың өз бетімен келуі арқылы Құрылтай жиналысын шақырмақшы, сөйтіп контрреволюциялық төңкеріс жасамақшы болды.

Үндеу хат контрреволюциялық бүлік әзірленіп жатқаны туралы В. Володарскийдің хабарынан кейін Петроград Советінің 27 ноябрьдегі (10 декабрьдегі) мәжілісінде қабылданды. Петроград Советі жұмысшылар мен солдаттарды демонстрацияға қатыспауға шақырды.

Кадеттердің басшылығымен өкіметті басып алуға тырысқан контрреволюциялық буржуазияның әрекеті Халық Комиссарлары Советі мен Петроград Советі қолданған шаралардың арқасында іске аспай қалды.— *132.*

55 *«Революцияға қарсы азамат соғысының көсемдерін қамауға алу туралы декрет»* Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде 1917 жылы 28 ноябрьде (11 декабрьде) қабылданды. Сол күні кадеттер Петроградта ұйымдастырған контрреволюциялық демонстрация декрет қабылдауға түрткі болды. Құрылтай жиналысын Құрылтай жиналысы мүшелерінің кемінде тең жартысы келген жағдайда Халық Комиссарлары Советі арнайы уәкілдік берген адам ғана аша алатындығы туралы Халық Комиссарлары Советінің 1917 жылғы 26 ноябрьдегі (9 декабрьдегі) декретіне қарамастан, кадеттер жұрттың өз бетімен келуі арқылы Құрылтай жиналысының мәжілісін шақырып, контрреволюциялық төңкеріс жасамақшы болды.— *133.*

56 Партияның Орталық Комитетінің дәлелсіз айыптаулар үшін жауаптылық туралы қаулысының жобасын немістің сауда фирмасында қызметте болды деп, Я. С. Ганецкийге жалған айып тағылуына байланысты В. И. Ленин жазды. Лениннің

бұл мәселе жөнінде РСДРП(б) Орталық Комитетіне жазған хатын Лениннің XXXVI жинағының 18—20-беттерінен қараңыз.— *134.*

57 Бұл арада және бұдан былай В. И. Лениннің РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілістерінде сөйлеген сөздерін жариялаған кезде редакциядан берілетін текст петитпен теріледі.— *135.*

58 Бұл арада Совет мемлекетінің жоғары экономикалық органын құру туралы айтып отыр, әуелі оны Жоғары экономикалық кеңес деп атамақ болған-ды.— *135.*

59 А. И. Рыковтың, Л. Б. Каменевтің, В. П. Милютин мен В. П. Ногиннің өздерін РСДРП(б) Орталық Комитетіне қайтадан енгізу туралы өтініші, сондай-ақ В. И. Лениннің қарар жобасы Орталық Комитеттің протоколдарында сақталмаған. Орталық Комитет Лениннің жобасын негіз етіп алды, редакциялау үшін оны Орталық Комитеттің үш мүшесінен құралған комиссияға беруге, егер Каменев және басқалары өздерінің хаттарын жариялауды талапететін болса, оны жариялауға қаулы етті. Бұл документтің екеуі де жарияланған жоқ.— *136.*

60 Халық шаруашылығы жоғары советін (ВСНХ) құру туралы мәселе Октябрь революциясы жеңген бойда дереу қойылды. 1917 жылы 26 немесе 27 октябрьде (8 немесе 9 ноябрьде) Петроград фабрика-завод комитеттерінің Орталық советінің В. И. Ленин қатысқан кеңесінде басшы шаруашылық органын құру жобасы талқыланды. 9(22) ноябрьде кәсіподақтардың Петроград Советінің кеңейтілген мәжілісінде сөйлеген сөзінде Ленин Совет елінің шаруашылығын басқару жөніндегі аппаратты құру қажеттігіне назар аударып, мұндай ұйымдар құруға әзірлік жұмысының қазірдің өзінде басталғанын атап көрсетті. Жоғары шаруашылық органын ұйымдастырудың жобасын Халық Комиссарлары Советі құрған ерекше комиссия әзірледі.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің большевиктік фракциясы Халық шаруашылығы жоғары советін құру туралы мәселені талқылай келіп, оған заң шығару праволарын бере отырып, бұл Советті жұмысшы диктатурасының айбынды органына айналдыру қажеттігін атап көрсетті. 1(14) декабрьде Халық шаруашылығы жоғары советін құру туралы мәселе Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде талқыланды. Солшыл эсерлер Халық шаруашылығы жоғары советінің шаруа секциясы мүшелерінің санын көбейтуді және оны енгізіліп отырған жобадағыдай, Халық Комиссарлары Советінің жанынан емес, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жанынан құруды талап етті. Ленин нақ осы түзетулерге қарсы шықты. Көпшілік дауыспен солшыл эсерлердің түзетулері қабылданбай қалды. «Халық шаруашылығы жоғары советі туралы декрет» бекітіліп, 5(18) декабрь-

де «Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства-ның» 25-номерінде жарияланды.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің жұмысын ұйымдастыруға зор көңіл бөліп, оның жұмысын бағыттап отырды, халық шаруашылығы советтерінің съездерінде сөз сөйледі. Халық шаруашылығы жоғары советінің жұмысын жолға қою туралы мәселе Халық Комиссарлары Советінің мәжілістерінде талай рет талқыланды. Мәселен, Халық Комиссарлары Советінің 1917 жылғы 23 декабрьдегі (1918 жылғы 5 январьдағы) шешімінде Халық шаруашылығы советі айтыс органынан өнеркәсіпті практика жүзінде басқаратын органға айналуға тиіс деп көрсетілді. 1918 жылы 19 январьда (1 февральда) Халық Комиссарлары Советі Халық шаруашылығы жоғары советінің қызметі туралы және Халық шаруашылығы жоғары советі мен шаруашылық комиссариаттарының, ведомстволардың жұмысындағы қосарласуды жою қажеттігі туралы мәселені талқылап, нұсқау-хат қабылдады, онда Халық шаруашылығы жоғары советі мен барлық комиссариаттарды өзара тығыз байланыста жұмыс істеуге міндеттеді. Ленин нұсқау-хаттың жобасына қосымша енгізіп, оны редакциялады (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 122—123-беттер).

Ірі өнеркәсіпті национализациялау аяқталғаннан кейін Халық шаруашылығы жоғары советі Совет елінің мемлекеттік өнеркәсібін басқару органына айналды.— *141.*

61 Бұл сөз Құрылтай жиналысының сайлауы жөніндегі Бүкілроссиялық комиссияға мүше болған кадеттердің қамауға алынғаны туралы сұрау талқыланған кезде сөйленді; бұл сұрау Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің 25 ноябрьдегі (8 декабрьдегі) мәжілісінде солшыл эсерлер фракциясының атынан енгізілген болатын. Солшыл эсерлер өздерінің сұрауында өкіметтің жоғарғы органының мүшелері болып табылатын Құрылтай жиналысы мүшелерінің жеке басына тимеудің қандай негізде бұзылғанына түсінік беруді талап етті. Лениннің сөзінен соң және жарыс сөздерден кейін Халық Комиссарлары Советінің революцияға қарсы азамат соғысының көсемдерін қамауға алу туралы декретін мақұлдайтын Ленин жазған қарар көпшілік дауыспен қабылданды, 150 адам жақтап дауыс берді, 98 адам қарсы болды, үш адам қалыс қалды (қараңыз: осы том, 133-бет).— *142.*

62 Ленин бұл арада Халық Комиссарлары Советі 1917 жылы 26 ноябрьде (9 декабрьде) қабылдап, 27 ноябрьде «Известия ЦИК» газетінің 237-номерінде жарияланған «Құрылтай жиналысының ашылуы жөнінде» декретті айтып отыр. Бұл декреттің шығарылған себебі: өздерін әлі де «Уақытша үкімет» деп атап жүрген Уақытша үкіметтің бұрынғы министрлерінің бір тобы Таврический сарайында 28 ноябрьде (11 декабрьде) күндізгі сағат 2-де Құрылтай жиналысы ашылады деп

қаулы алған еді, осы қаулыны бірқатар оңшыл газеттер 17(30) ноябрьде басып шығарған болатын.— *143.*

[63] *Шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Екінші съезі* 1917 жылы 26 ноябрь — 10 декабрьде (9—23 декабрьде) Петроградта болып өтті. II съездің құрамына оңшыл эсерлік шаруа Атқару комитетінің шақыруы бойынша жергілікті жерлерден келген делегаттардан басқа Шаруалардың төтенше съезі делегаттарының бәрі қосылды. Съезге шешуші дауыспен 790 делегат, соның ішінде центр мен оңшыл эсерлердің 305 өкілі, 350 солшыл эсер, 91 большевик қатысты. Съезд өте шиеленіскен жағдайда өтті. Оңшыл эсерлер съезді өз соңынан ертуге, жартыкеш, келісімпаздық позиция ұстаған солшыл эсерлерді большевиктерден бөліп әкетуге тырысты. Съезде Құрылтай жиналысына көзқарас туралы мәселе жөнінде және Халық Комиссарлары Советінің кадеттерді халық жаулары деп жариялау туралы декреті жөнінде ерекше шиеленіскен күрес өрістеді.

2(15) декабрьде бұл мәселелер жөнінде съезде В. И. Ленин сөз сөйледі. Съезд әуелі елдегі өкіметті Құрылтай жиналысына беруді талап еткен және Халық Комиссарлары Советінің бірқатар кадеттерді қамауға алуға жарлық берген іс-әрекетін айыптайтын оңшыл эсерлік қарарды болмашы ғана басым дауыспен қабылдады. Большевиктік фракция қарарды қайтадан дауысқа қоюды талап етті, сөйтіп қайта дауысқа қойылған кезде съезд солшыл эсерлердің қарарын қабылдады. Бұл мәселе жөніндегі алауыздықтар съездің жікке бөлінуіне әкеліп соқты да, оңшыл эсерлер съезден кетіп қалды. Съездің көпшілік болып қалған солшыл бөлегі жұмысын жалғастыра берді. Съезд шаруалардың Бүкіл россиялық төтенше съезінің шешімдерін қуаттап, Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің шешімдеріне қосылды. Съезд шаруа депутаттары Советтерінің жаңа Атқару комитетін сайлады, оған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетімен бірлесе отырып, шаруалардың жер және бітім туралы негізгі талаптарын жүзеге асыруды тапсырды.— *147.*

[64] *Украин Орталық радасы* — контрреволюциялық буржуазиялық-ұлтшылдық ұйым; бұл ұйымды украин буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық партиялары мен топтарының блогы Бүкіл украиндық ұлттық конгресте 1917 жылы апрельде Киевте құрды. Раданың председателі украин буржуазиясының идеологы М. С. Грушевский, оның орынбасары В. К. Винниченко болды. Раданың құрамына Петлюра, Ефремов, Антонович және басқа ұлтшылдар кірді. Оның әлеуметтік негізі қала мен село буржуазиясы, ұсақ буржуазиялық ұлтшыл интеллигенция еді. Орталық рада украин буржуазиясы мен помещиктерінің өкіметін нығайтуға, украин буржуазиялық мемлекетін құруға, осы мақсат үшін Украинадағы ұлт-азаттық қозғалысын пайдалануға тырысты. Ұлттық то-

уелсіздік жолындағы күрес жалауын жамылған Орталық рада украин халық бұқарасын өз соңынан ертуге, оны жалпы россиялық революциялық қозғалыстан бөліп әкетуге, украин буржуазиясының үстемдігіне бағындыруға, сөйтіп Украинада социалистік революцияның жеңуіне жол бермеуге әрекет жасады. Украинаға автономия беру жөнінде пікір алалығына қарамастан, Рада Уақытша үкіметті қолдап отырды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Рада өзін «Украин халық республикасының» жоғарғы органы деп жариялап, Совет өкіметіне қарсы ашық күрес жолына түсті, бүкіл россиялық контрреволюция орталықтарының бірі болды.

1917 жылы декабрьде Харьковта өткен Советтердің Бүкіл украиндық I съезінде Украина Совет республикасы болып жарияланды. Съезд Орталық рада өкіметінің құлатылғанын жариялады. РСФСР Халық Комиссарлары Советі Украин Совет үкіметін Украинаның бірден-бір заңды үкіметі деп танып, контрреволюциялық Радаға қарсы күресте оған дереу көмек көрсетуге қаулы етті. 1917 жылғы декабрьде және 1918 жылғы январьда бүкіл Украинада Орталық радаға қарсы, Совет өкіметін қалпына келтіру жолында қарулы көтерілістер болды. 1918 жылғы январьда Украинадағы совет әскерлері шабуылға шықты, ал 26 январьда (8 февральда) Киевті алып, буржуазиялық Раданың үстемдігін құлатты.

Советтік Украина территориясында талқандалып, одан қуылған, еңбекшілер бұқарасы арасында тірегі болмай қалған Орталық рада Совет өкіметін құлату және Украинада буржуазиялық құрылысты қалпына келтіру мақсатында герман империалистерімен одақ жасасты. Совет республикасының Германиямен бітім келіс сөздері кезінде Рада Брест-Литовскіге өз делегациясын жіберіп, совет делегациясының сыртынан Германиямен сепараттық бітім жасасты, бұл бітім шарты бойынша Германияға украин астығын, көмірін, шикізатын беріп, одан Совет өкіметіне қарсы күресу үшін әскери көмек алды. 1918 жылғы мартта австро-герман оккупанттарымен бірге Рада Киевке қайтып келіп, олардың қолындағы қуыршақ болды. Украинадағы революциялық қозғалысты басып-жаншуға Раданың мүлдем қабілетсіздігіне және оның қажетті азық-түлікті беріп тұра алмайтындығына көзі жеткен соң, немістер апрельдің аяғында Раданы таратып жіберді.— *151.*

65 Бұдан әрі тексті Л. Д. Троцкий жазып, кейін оған В. И. Ленин мен И. В. Сталин түзету енгізген.— *153.*

66 *«Шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Екінші съезінің шаруаларға арнаған үндеу хатының жобасын»* Ленин 1917 жылы 6—7 (19—20) декабрьде жазды. Съезд президиумының мүшелері жобаның текстімен таныстырылғаннан кейін бұл жоба президиумның атынан съездің 8(21) де-

кабрьдегі кешкі мәжілісінде оқылды. Солшыл эсерлердің талап етуі бойынша үндеу хаттың бірқатар тұжырымдары едәуір жұмсартылды. Съезд үндеу хатты сол күйінде қабылдап, шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советінің Атқару Комитеті атынан ол 15(28) декабрьде «Голос Трудового Крестьянства» газетінің 22-номерінде «Еңбекші шаруаларга» деген бас тақырыппен жарияланды.— *158.*

67 В. И. Ленин ішкі контрреволюция мен саботажға қарсы күресу туралы мәселені Совет өкіметінің шараларына үкімет мекемелеріндегі жоғары қызметшілердің өршелене қарсылық көрсетуіпе және ереуіл жасауы мүмкін екендігіне байланысты Халық Комиссарлары Советінің 1917 жылғы 6(19) декабрьдегі мәжілісінде қойған болатын. Саботажға қарсы күресу әдістерін белгілеу үшін комиссия құру Ф. Э. Дзержинскийге тапсырылды. Дзержинскийдің баяндамасы Халық Комиссарлары Советінің 7(20) декабрьдегі мәжілісінде тыңдалды. Сірә, декреттің жобасын Ленин осы баяндамаға байланысты жазған болса керек. Сол мәжілісте контрреволюцияға және саботажға қарсы күресу үшін Бүкіл россиялық төтенше комиссия (ВЧК) құрылды, оның председательдігіне Ф. Э. Дзержинский тағайындалды.— *165.*

68 Александро-Грушевск кенді ауданы туралы мәселе 1917 жылы 9(22) декабрьде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде талқыланды.— *168.*

69 *Монотопты* — Донецк отынымен сауданы монополиялау істері жөніндегі Советті 1917 жылы Уақытша үкімет құрған болатын. Монотоп Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияның орталық бөлегінің транспорты мен өнеркәсіп орындарын отынмен қамтамасыз ету ісіне саботаж жасау саясатын жүргізді.— *168.*

70 РСДРП(б) Орталық Комитетінің 1917 жылғы 11(24) декабрьдегі мәжілісінде бір мәселе — Құрылтай жиналысындағы большевиктік фракцияның позициясы туралы мәселе талқыланды; бұл мәселе «фракцияда оң қанат пиғылының үстем болуына және оның Орталық Комитеттің пікірімен келіспеуіне байланысты» қойылды («РСДРП(б) Орталық Комитетінің Протоколдары. Август, 1917 — февраль, 1918», М., 1958, 160-бет).

Фракцияның уақытша бюросы Құрылтай жиналысы туралы мәселе жөнінде Орталық Комитеттің бағытына қарсы шықты. Құрылтай жиналысының ролін буржуазиялық-демократиялық тұрғыдан бағалап, бюро Құрылтай жиналысының шақырылуын революцияның қорытынды кезеңі деп есептеді, оны шақыруға бақылау жасаудан бас тартуды ұсынды. Партияның Орталық Комитеті Құрылтай жиналысы туралы тезистер әзірлеу жөнінде қаулы алып, Орталық Комитеттің

баяндамасы мен тезистерді талқылау үшін және фракцияның бюросын қайта сайлау үшін 12(25) декабрьде күндізгі сағат 4-те Смольныйда фракцияның жиналысын шақыруға үйғарды. Осы жиналыста В. И. Ленин Орталық Комитеттің тапсыруы бойынша өзі жазған «Құрылтай жиналысы туралы тезистерді» жариялады (қараңыз: осы том, 172—177-беттер); фракция бұл тезистерді ұзақ жарыс сөздерден кейін бір ауыздан қабылдады. 13(26) декабрьде тезистер «Правдада» жарияланды.— *170.*

71 *Темір жол жұмысшылары мен мастеровойларының Бүкіл россиялық төтенше съезі* 1917 жылы 12(25) декабрьде — 30 декабрьде (1918 жылы 12 январьда) Петроградта болып өтті. Съезд Москва және Петроград тораптары теміржолшылары кәсіподақтарының инициативасы бойынша шақырылды. Съезге 300-ге жуық делегат қатысты, олардың тең жартысынан астамы большевиктер болды. Съезд жұмысының екінші күні құттықтау сөз сөйлеген В. И. Ленин съездің құрметті председателі болып сайланды. Съезд ағымдағы кезең жөніндегі баяндамаларды, Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті өкілінің сөзін, азық-түлік жағдайы туралы, кәсіподақ құрылысы туралы, темір жолда депутаттардың жергілікті советтері жүйесін ұйымдастыру туралы баяндамаларды тыңдады. Съездің басым көпшілігі Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің позициясын жақтады. Съезд қарар қабылдап, онда Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті саясатының контрреволюциялық буржуазияға көмектескенін мойындап, оған сенімсіздік білдірді. Съезд Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті 1917 жылғы 19 декабрьге (1918 жылғы 1 январьға) тағайындаған жалпы теміржолшылар съезіне 78 өкіл бөлді.— *178.*

72 Бұл арада 1917 жылғы 4—28 майда (17 май — 10 июньде) Петроградта өткен *шаруа депутаттарының Бүкіл россиялық I съезінің* басты ұйымдастырушылары — эсерлер партиясы басшыларының әрекеттері айтылып отыр.

Съезге губерниялық шаруалар съездері мен армияның шаруалар ұйымдарынан 1115 делегат қатысты. Съезде эсерлер едәуір көпшілік болды, олар жергілікті жерлерде делегаттар сайлауға көп ықпал жасаған еді. Өзінің әлеуметтік құрамы жағынан съезд делегаттарының көпшілігі дәулетті шаруалар болды, ал деревня кедейлерінің өкілдері әскери делегаттар болды.

Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: коалициялық Уақытша үкімет туралы, азық-түлік мәселесі, соғыс және бітім туралы, аграрлық мәселе және басқа мәселелер. Съезд шаруалар бұқарасына ықпал жүргізу үшін большевиктердің эсерлерге қарсы күрес аренасына айналды. Большевиктік фракцияның жұмысы В. И. Лениннің тікелей басшылығымен жүргізілді, ол шаруалар съезіне зор көңіл

бөлді. М. В. Фрунзе (Михайлов) ұйымдастырған «Партияда жоқ 14-тің» тобы дейтін топ большевиктерді қолдады.

В. И. Ленин 7(20) майда съезд делегаттарына ашық хат жолдады; 22 майда (4 июньде) ол съезде аграрлық мәселе жөнінде сөз сөйледі және большевиктік фракция атынан өзі жазған қарар жобасын енгізді. В. И. Ленин съезд делегаттарына жолдаған хатында, съезде сөйлеген өзінің сөзінде және қарар жобасында жерді бүкіл халықтың меншігі деп жариялауды және Құрылтай жиналысының шақырылуын күтпей-ақ помещиктік жерлерді шаруаларға тегін беруге дереу кірісуді ұсынды. В. И. Лениннің сөзі съездің шаруа делегаттарына орасан зор әсер етті.

Алайда эсерлердің лидерлері қоярда-қоймай съезде өз қарарын өткізе алды. Съезд буржуазиялық Уақытша үкіметтің саясатын және оған «социалистердің» кіруін мақұлдады, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беруді және майданда шабуылға шығуды жақтады. Съезд жер мәселесін шешуді Құрылтай жиналысына дейін кейінге қалдырды. Съезде шаруа депутаттары Советтерінің келісімпаздық саясат жүргізген эсерлік Атқару комитеті сайланды. Съезд қабылдаған шешімдер село буржуазиясының — кулактардың мүдделерін бейнеледі.— *178.*

73 В. И. Ленин *«Нан үшін, бітім үшін»* деген мақаланы 1917 жылы 14(27) декабрьде осы кезде Швецияның Солшыл социал-демократиялық партиясынан тапсырма алып Петроградқа келген солшыл швед социал-демократы Хёглундтың өтініші бойынша жазды. Мақала бірінші рет 1918 жылы майда Циммервальдтық солшылдарға жақын тұрған Социалистік жастар ұйымдары халықаралық одағының органы —«Jugend-Internationale» («Жастар Интернационалы») газетінде (1915 жылғы сентябрьден 1918 жылғы майға дейін Цюрихте шығып тұрды) неміс тілінде басылды.

1919 жылғы ноябрьде мақаланың бас жағының факсимилесі «Fram» («Алға») солшыл социалистік баспасы Россиядағы Октябрь социалистік революциясының екі жылдығына байланысты Стокгольмде басып шығарған «Det röda Ryssland. 1917 7/11 1919» («Орыс революциясы. 1917 7/11 1919») деген арнаулы басылымда иллюстрация ретінде басылды.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде мақаланың қолжазбасы сақталмаған.— *180.*

74 Бұл сөзді В. И. Ленин 1917 жылы 14(27) декабрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде банктерді национализациялау туралы декретті талқылауға байланысты сөйледі.

Банктерді национализациялау жөніндегі практикалық шараларды әзірлеу социалистік революция жеңген бойда дереу қолға алынды. Мемлекеттік банк 1917 жылы 25 октябрьде

(7 ноябрьде) басып алынды; буржуазияшыл чиновниктердің саботажына тойтарыс берген Совет өкіметі көп кешікпей Мемлекеттік банкті іс жүзінде қолына алып, жеке меншік банктерді национализациялаудың өтпелі шарасы ретінде оларға бақылау орнатты. Бірақ банк ешпілдерінің саботажы Совет үкіметін жеке меншік банктерді национализациялау ісін жүргізуді тездетуге мәжбүр етті. 14(27) декабрь күні таңертең жұмысшылар мен қызыл гвардияшылардың отрядтары үкіметтің жарлығы бойынша Петроградтағы барлық банктер мен кредит мекемелерін басып алды. Сол күні Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде «Банктерді национализациялау туралы» және «Банктердегі болат жәшіктерді ревизиялау туралы» декреттер қабылданды.

Екі декреттің екеуі де 15(28) декабрьде «Известия ЦИК-тің» 252-номерінде жарияланды.— *182.*

75 *«Банктерді национализациялауды жүзеге асыру туралы және осыған байланысты қажетті шаралар туралы декреттің жобасын»* В. И. Ленин 1917 жылы 14(27) декабрь шамасында Халық шаруашылығы жоғары советі бюросының талқылауына енгізді. Осы жоба талқыланған мәжілістің протоколы сақталмаған.

Декреттің жобасы 1918 жылғы ноябрьде Халық шаруашылығы жоғары советінің органы —«Народное Хозяйство» журналының 11-номерінде жарияланды. Декрет жобасының соңғы абзацы бірінші рет 1949 жылы В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында жарияланды.— *186.*

76 Бұл жоба 1917 жылы 15(28) декабрьде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Путилов заводында жұмысты тоқтата тұру туралы мәселе талқыланған кезде В. И. Лениннің ұсынысы бойынша енгізіліп, қабылданды. Халық Комиссарлары Советінің «Практиктер комиссиясын ұйымдастыру туралы» қаулысы ретінде 1917 жылы 17(30) декабрьде «Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства-ның» 35-номерінде жарияланды.— *190.*

77 Бұл сұрақтарды Ленин Армияны демобилизациялау жөніндегі жалпы армиялық съезд делегаттарының кеңесінде 1917 жылы 17(30) декабрьде ұсынды. Делегаттардың жазбаша берген жауаптары немістермен соғысты жүргізе беру мүмкін емес деп Лениннің берік байлам жасауына көмектесті, сөйтіп партияның Германиямен бітім келіс сөздерін жүргізудегі тактикасын белгілеген кезде ескерілді. Анкетаның қорытындылары 18(31) декабрьде Н. В. Крыленконың майдандағы жағдай туралы және армияның жай-күйі туралы баяндамасы бойынша Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде талқыланды. Халық Комиссарлары Советі анкетаның нәтижелерін тұжырымды деп тануға қаулы етіп, қарардың Ленин ұсынған жобасын қабылдады (қараңыз: осы том, 193-бет).

Ленин жазған сұрақтізбесінің қолжазбасы сақталмаған; документ кеңеске қатысушы Д. С. Витебскийдің 1924 жылы В. И. Ленин институтына жолдаған хатында келтірілген тексттің негізінде басылып отыр.

Армияны демобилизациялау жөніндегі жалпы армиялық съезд 1917 жылғы 15(28) декабрьден 1918 жылғы 3(16) январьға дейін Петроградта болып өтті. Съезге жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінен, майдандық және корпустық комитеттерден, инженерлік бөлімдерден, артиллерия дивизиондары мен бригадаларынан, штабтардан, т. б. делегаттар жіберілді. Съезд ашылған кезде оған 234 делегат қатысты, олардың 119-ы — большевик және 45-і — солшыл эсер еді. Делегаттардың «фракциядан тыс тобы» дейтіннің төңірегіне, сірә, меньшевиктер мен оңшыл эсерлер біріксе керек. Кейін делегаттардың саны 272-ге дейін өсті. Съездің міндеті армияның стихиялы түрде басталған демобилизациялануына ұйымшылдық енгізу және жаңа армия — социалистік мемлекеттің армиясын құру туралы мәселені талқылау болды. Съезд шын мәнінде армияны демобилизациялауға басшылық ету жөніндегі уақытша орган болып, бұл бағытта үлкен жұмыс жүргізді.

1917 жылы 28 декабрьде (1918 жылы 10 январьда) социалистік армияны ұйымдастыру туралы мәселе талқыланған кезде большевиктік фракция жұмысшы-шаруа армиясын құру туралы жоба енгізді. Большевиктер ұсынған жобаға меньшевиктер мен оңшыл эсерлер қарсы шықты. Солшыл эсерлер біраз ауытқудан кейін большевиктерді қолдады. 153 делегат большевиктік жобаны жақтап, 40 делегат оған қарсы дауыс берді, 13 делегат қалыс қалды.

Бастапқы кезде съезде Лениннің сөз сөйлеуі ұйғарылған еді, бірақ оның сөз сөйлеуге уақыты болмады. 3(16) январьда, съезд жабылатын күні, Ленин съезд делегаттарына құттықтау жіберді (қараңыз: осы том, 239-бет).— *191.*

[78] Қарардың жобасын Халық Комиссарлары Советі 1917 жылы 18(31) декабрьде қабылдады.— *193.*

[79] Бұдан әрі «қаулы етеді:» деген сөзге дейінгі текстті Л. Д. Троцкий жазған.— *194.*

[80] *«Публицистің күнделік дәптерінен (Әзірлеуге арналған тақырыптар)»* деген заметкаларды В. И. Ленин 1917 жылы 24—27 декабрьде (1918 жылы 6—9 январьда) Финляндияда өткізген төрт күндік демалысы кезінде жазған. Әзірлеуге арналған бірінші тақырып —«Енді мылтықты адамнан қорқудың керегі жоқ»— Лениннің Финляндия темір жолымен вагонда келе жатып естіген әңгімесінен туған еді. Кейін Ленин бұл фактіні 1918 жылы 11(24) январьда Советтердің Бүкіл россиялық III съезінде жасаған баяндамасында айтып берді (қараңыз: осы том, 286-бет). Ленин демалыс кезінде сондай-ақ «Ескінің

күйреуінен қорыққандар және жаңалық жолында күресушілер», «Жарысты қалай ұйымдастыру керек?» және «Тұтыну коммуналары туралы декреттің жобасы» (қараңыз: осы том, 203—207, 208—219, 220—224-беттер) деген мақалаларын жазды; «Публицистің заметкаларында» белгіленген тақырыптардың едәуір бөлегі осы мақалаларда талданды. Бұл мақалалар Лениннің тірі кезінде жарияланған жоқ, өйткені Н. К. Крупскаяның айтуына қарағанда, «осы төрт күнгі демалыс кезінде жазғандарын ол бітпеген нәрсе деп есептеп, жарыққа шығарған жоқ» (Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. 1957, 344-бет).

«Публицистің заметкаларында» белгіленген экономикалық құрылыс жөніндегі тақырыптарды Ленин 1918 жылы март — апрельде «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген еңбегінде (қараңыз: Шығармалар, 27-том, 229—269-беттер) неғұрлым толық талдап берді.— *199.*

81 Ленин бұл арада мына сөздерді айтып отыр: «Капиталистердің қарсылығы, сірә, жойылған болса керек»; бұл жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық I съезінде 1917 жылы 5(18) июньде А. В. Пешехоновтың сөйлеген сөзінен алынған. Бұл сөз жөнінде Ленин «Ескінің күйреуінен қорыққандар және жаңалық жолында күресушілер» (қараңыз: осы том, 205-бет) деген мақаласында айтады.— *199.*

82 Бұл арада Г. В. Плехановтың РСДРП II съезінің 1903 жылғы 30 июльдегі (12 августағы) мәжілісінде сөйлеген сөзі айтылып отыр. Өз сөзінде Плеханов былай деп мәлімдеген болатын: демократиялық принциптердің бәрі тек қана революцияның пайдасына, жұмысшы табының пайдасына бағындырылуға тиіс, революцияның жеңіске жетуі үшін социал-демократия белгілі бір демократиялық принциптің әрекетін уақытша шектеуге бара алады, революцияның мүддесіне бола социал-демократтар тіпті жалпыға бірдей сайлау правосына да қарсы шыға алады (қараңыз: «РСДРП Екінші съезі. Протоколдар», М., 1959, 181—182-беттер).

Революциялық партияның террорға көзқарасы туралы мәселеге Ленин «Плеханов террор туралы» деген мақаласын (қараңыз: осы том, 196—198-беттер) арнады.— *200.*

83 «Сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистерде» (қараңыз: осы том, 259—268-беттер) Ленин 20 және 20 bis тақырыптарды талдап берді; «Die Deutschen brauchen eine Niederlage» («Немістерге жеңіліс керек») деген сөздер 11-тезисте егжей-тегжейлі талданды.— *201.*

84 1917 жылы 24 декабрьде (1918 жылы 6 январьда) «Правда» газетінің 223-номерінде жарияланған «Олардың жоспары» деген мақалада былай деп хабарланды: «Ллойд Джордж: Рос-

сия әуелі өзінің Германиямен және Австро-Венгриямен болашақ шекарасын алдын ала белгілейтін болсын, жалпы бітім туралы келіс сөздерге кезек содан кейін барып тиеді деген мағынада пікір айтты». Бұдан кейін мақалада былай деп хабарланды: Келісу елдерінің ресми публицистері де одақтастардың бітім туралы келіс сөздерді Россияның қатысуынсыз жүргізгені тиімді деген мағынада пікір айтты. Автор: одақтастар Германиямен бітім жасасу туралы келіс сөздер жүргізудің тамырын басып коргісі келеді, «бірақ Германияның Россиямен алдын ала есеп айырысып алуына мүмкіндік берілуі неғұрлым тиімді деп есептейді. Германия... өзін Россияның есебінен жарылқауға тиіс» деген қорытынды жасайды.— *201.*

[85] В. И. Ленин К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Қасиетті әулет, немесе сыншыл сынға сын. Бруно Бауэр мен оның сыбайластарына қарсы» деген еңбегінен (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 90-бет) цитат келтіріп отыр.— *202.*

[86] Ленин бұл арада П. Киевскийдің (Ю. Пятаковтың) 1917 жылы 5(18) декабрьде «Правда» газетінің 206-номерінде жарияланған «Пролетариат және банктер» деген мақаласын айтып отыр.— *202.*

[87] К. Маркстің 1871 жылы 6 апрельде В. Либкнехтке және 1871 жылы 12 апрельде Л. Кугельманға жазған хаттарын қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 281—282-беттер).— *205.*

[88] К. Маркс. 1875 жылы 5 майда В. Браккеге жазылған хат (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 321—322-беттер).— *216.*

[89] В. И. Ленин бұл арада И.-В. Гётенің «Фауст» трагедиясындағы Мефистофельдің сөздерінен цитат келтіріп отыр (қараңыз: Гёте. «Фауст». 1-бөлім, 4-көрініс. «Фаустың кабинеті»).— *216.*

[90] В. И. Ленин жазған *«Тұтыну коммуналары туралы декреттің жобасын»* Азық-түлік жөніндегі халық комиссариаты нақтылай түсті, ол 1918 жылы 19 январьда (1 февральда) «Известия ЦИК-те» жарияланды. Кооперацияның Совет өкіметі органдарынан тәуелсіз болу талабын қорғаған буржуазияшыл кооператорлар тарапынан жоба өршеленген қарсылыққа тап болды. Кооператив аппаратын сауданы және халық арасында өнімдер бөлуді жолға қою үшін пайдалану қажет деп есептей отырып, Халық Комиссарлары Советі кооператорларға кейбір кеңшіліктер жасауға мәжбүр болды. Халық шаруашылығы жоғары советі, кооперация және азық-түлік ұйымдары өкілдерінің 1918 жылы мартта және апрельдің басында

өткен келіс сөздерінің нәтижесінде декреттің жобасы жасалды; жоба 9 және 10 апрельде Халық Комиссарлары Советінің мәжілістерінде талқыланды. Ленин қосымшалар мен түзетулер енгізген жобаны Халық Комиссарлары Советі қабылдады. Декреттің 11, 12 және 13-пункттерін түгелдей Ленин жазды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 86—91-беттер). Декрет 11 апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде бекітілді. Мұнымен қоса большевиктер фракциясы ұсынған қарар қабылданды, онда былай делінген: «тұтыну кооперациясы туралы декрет — елеулі кемшіліктері бар компромистік шешім», сол себептен де Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті «тұтыну кооперативтері туралы декретті өтпелі шара ретінде қабылдайды» («Известия ВЦИК», № 72, 12 апрель, 1918 ж.). Декрет 13 апрельде «Правда-ның» 71-номерінде жарияланды.

Ленин «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген еңбегінде декретке баға берді (қараңыз: Шығармалар, 27-том, 247—248-беттер).— *220.*

91 В. И. Ленин бұл арада Азық-түлік халық комиссариатының азық-түлік аппаратын ұйымдастыру жөнінде жергілікті Советтерге берілетін директивасын, Азық-түлік халық комиссариатының жабдықтау комиссариаты туралы жобасын және Халық шаруашылығы жоғары советінің халық шаруашылығы аудандық советтері туралы ережесін айтып отыр.

Бұрынғы азық-түлік органдарының Совет өкіметінің декреттеріне саботаж жасауына байланысты, Азық-түлік халық комиссариаты азық-түлік органдары жанынан тұтынушы губерниялар мен армиялардан құрылған делегат ұйымдарына («делегаткомдарға») сүйене отырып, азық-түлік ісін өз қолына алу және өзінің азық-түлік аппаратын ұйымдастыру жөнінде 1917 жылы 22 декабрьде (1918 жылы 4 январьда) жергілікті Советтерге директива берді. Сонымен қабат Азық-түлік халық комиссариатында оны «жабдықтау комиссариаты» етіп қайта құру жөнінде жоба жасалып жатты; жабдықтау комиссариатының қарамағына халықты азық-түлік өнімдерімен ғана емес, сонымен бірге барлық тауарлармен жабдықтау ісі берілетін болды, оның үстіне жекеше сауда мықтап қысқартылуға тиіс болды. Бұл жоба бойынша жабдықтау комиссариатының жергілікті органдары Советтер жанындағы жабдықтау бөлімдеріне («жабдықтау басқармалары») айналдырылуға тиіс болды.

Халық шаруашылығы жоғары советі 1917 жылғы 23 декабрьдегі (1918 жылғы 5 январьдағы) мәжілісінде әрбір өнеркәсіпті ауданның экономикалық өмірін ұйымдастыру және реттеу мақсатында «Халық шаруашылығы аудандық (облыстық) және жергілікті Советтері туралы ереже» қабылдады, бұл советтер Халық шаруашылығы жоғары советінің басшылығымен жергілікті жерлерде өндірісті ұйымдастыруға және реттеп отыруға тиіс болды.— *220.*

[92] Бұл арада әңгіме сол кездегі ВЦСПС секретары С. А. Лозовскийдің Орталық Атқару Комитетінің большевиктік фракциясына жасаған мәлімдемесі туралы болып отыр. Мәлімдеме 1917 жылы 4(17) ноябрьде «Новая Жизнь» газетінің 172-номерінде жарияланды. 1917 жылы декабрьде С. А. Лозовский большевиктік партияның қатарынан шығарылды. 1919 жылы декабрьде РКП(б) қатарына қайтадан алынды.— *227.*

[93] Ленин бұл арада С. А. Лозовскийдің «Профессиональный Вестниктің» 1917 жылғы 7 және 8-номерлерінде жарияланған «Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық съезі жөнінде», «Кәсіптік одақтар және Совет өкіметі» деген мақалаларын айтып отыр.

«Профессиональный Вестник» («Кәсіптік Хабаршысы») — журнал, Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық орталық советінің органы; 1917 жылғы сентябрьден 1919 жылғы мартқа дейін Петроградта шығып тұрды.— *227.*

[94] Социалистік армияның Петроградтан майданға аттанған алғашқы эшелондарын шығарып салу рәсімі 1918 жылы 1(14) январьда Михайловск манежінде өтті. В. И. Ленин манежден Смольныйға қайтып келе жатқанда оған қастандық жасалды. Оқ машинаның әйнегін тесіп өтіп, Лениннің басынан жоғары зуылдап өте шықты. Лениннің қасына еріп жүрген швейцариялық коммунист Фриц Платтен жеңіл жараланды.— *230.*

[95] Бұл жобаны В. И. Ленин енгізген және ол Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 2(15) январьдағы мәжілісінде завод басқармаларының жоғары қызметтегі адамдарына ақы төлеу нормалары туралы А. Г. Шляпниковтан түскен сұрауды талқылаған кезде қабылданған.— *232.*

[96] Ленин бұл арада Халық Комиссарлары Советінің 1917 жылғы 18 ноябрьдегі (1 декабрьдегі) «Халық комиссарларының, жоғары қызметшілер мен чиновниктердің еңбегіне төленетін ақының мөлшерлері туралы» қаулысын айтып отыр (қараңыз: осы том, 112-бет).— *232.*

[97] *«Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясының»* жобасы 1918 жылы 3(16) январьда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде енгізілді. Жоба көпшілік дауыспен негізінен қабылданып, түпкілікті өңдеу үшін келістіру комиссиясына берілді, екі адам қарсы дауыс берді, бір адам қалыс қалды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қабылдаған «Декларация» 4(17) январьда «Известия ЦИК-те» жарияланды. 5(18) январьда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің атынан Я. М. Свердлов «Декларацияны» Құрылтай жиналысының бірінші мәжілісінде жариялап, оны бекітуді ұсынды. Құрылтай жиналысының контр-

революциялық бөлегі «Декларацияны» талқылау туралы ұсынысты көпшілік дауыспен қабылдамай қойды. 12(25) январьда «Декларацияны» Советтердің Бүкіл россиялық III съезі бекітіп, кейін ол Совет конституциясының негізіне алынды.

«Декларацияның» Ленин жазған қолжазбасының II бөлімінде И. В. Сталиннің түзетулері бар; «Ал шын мәнінде Құрылтай жиналысы былай деп ойлайды» деген сөздерден басталатын абзацты Н. И. Бухарин жазып, В. И. Ленин редакциялаған.— *235.*

98 1917 жылы 6(19) декабрьде Финляндия сеймі Финляндияны тәуелсіз мемлекет деп жариялау туралы декларация қабылдады. Совет мемлекетінің ұлт саясатына сәйкес Халық Комиссарлары Советі 1917 жылы 18(31) декабрьде Финляндияның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы декрет қабылдады. Халық Комиссарлары Советінің мәжілісі кезінде В. И. Ленин Финляндияның үкімет делегациясын басқарып келген Финляндияның премьер-министрі П.-Э. Свинхувудқа декреттің текстін өз қолымен тапсырды. 1917 жылы 22 декабрьде (1918 жылы 4 январьда) Финляндияның тәуелсіздігі туралы декретті Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекітті.

1917 жылы 19 декабрьде (1918 жылы 1 январьда) Россияның Германиямен, Австро-Венгриямен, Түркиямен және Болгариямен 2(15) декабрьде Бресте жасасқан шартына сәйкес Совет үкіметі парсы үкіметіне орыс әскерлерін Персиядан әкетудің жалпы жоспарын белгілеу жөнінде ұсыныс жасады.

1917 жылы 29 декабрьде (1918 жылы 11 январьда) Халық Комиссарлары Советі ««Түрік Арменнясы» туралы декрет» қабылдады. Декрет 1917 жылы 31 декабрьде (1918 жылы 13 январьда) «Правда» газетінің 227-номерінде жарияланды.— *236.*

99 Құрылтай жиналысының контрреволюциялық көпшілігі «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» талқылаудан бас тартқаннан кейін, большевиктер фракциясы мен солшыл эсерлер фракциясы фракциялар бойынша кеңестер өткізу үшін мәжіліске үзіліс жасауды талап етті. Большевиктік фракцияның мәжілісінде В. И. Ленин қысқаша сөз сөйледі (бұл сөздің секретарьлық жазбасы да, стенограммасы да сақталмаған). Ленин Құрылтай жиналысының мәжілісінде большевиктер фракциясының өзі жазған декларациясын жариялап болған соң Құрылтай жиналысынан кетіп қалуды ұсынды. Фракция бұл ұсынысты қабыл алды.

Құрылтай жиналысына көзқарас туралы мәселе жөнінде ауытқумен болған солшыл эсерлер большевиктер кетіп қалғаннан кейін Совет өкіметі жүргізіп отырған бітім саясатына көзқарас туралы мәселені дереу дауысқа қоюды ұсынды. Құрылтай жиналысының оңшыл бөлегі бұл ұсынысты қабылдамай тастағаннан кейін, солшыл эсерлер де мәжіліс залын тастап шықты.

Большевиктер мен солшыл эсерлер кетіп қалғаннан кейін көп көшікпей Таврический сарайын күзету тапсырылған теңіз істері жөніндегі халық комиссары П. Е. Дыбенко күзет қарауылына Құрылтай жиналысының мәжілісін жабыңдар деп бұйрық берді. Мұны естіп-білген Ленин мынадай жарлық берді: «Таврический сарайында күзет қызметін атқарушы солдат және матрос жолдастардан Құрылтай жиналысының контрреволюциялық бөлегі жөнінде ешқандай күш қолданбау, жұрттың бәрін Таврический сарайынан бөгеліссіз шығарып жіберіп, айрықша бұйрық берілгенде болмаса оған сырттан ешкімді кіргізбеу талап етіледі. Халық Комиссарлары Советінің Председателі *В. Ульянов (Ленин)»* (Лениннің XVIII жинағы, 46-бет).

Құрылтай жиналысы 1918 жылғы январьдың 5-нен 6-на (18-нен 19-на) қараған түні 4 сағат 40 минутта мәжіліс өткізуін тоқтатты.— *242.*

100 Құрылтай жиналысын тарату туралы мәселе Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 6(19) январьдағы мәжілісінде қаралды. Құрылтай жиналысын тарату туралы декреттің негізгі мазмұнын В. И. Ленин декрет тезистерінің бастапқы нобайында белгілеп берген болатын (қараңыз: Лениннің XVIII жинағы, 48-бет). Халық Комиссарлары Советі мәжілісінің ашылар қарсаңында Ленин әлгі нобайды декреттің тезистері (қараңыз: осы том, 247—248-беттер) етіп жетілдіре түсті, бұл тезистер пункт-пункті бойынша оқылып, бекітілді. Халық Комиссарлары Советінің протоколында жазылған 2-пункті бойынша былай делінген: «Большевиктер мен солшыл эсерлер фракцияларының Құрылтай жиналысынан кетуі», мынадай қаулы қабылданды: «мұсылман фракциясының да бір бөлегінің кеткені атап көрсетіліп, қабылдансын»; қалған пункттері бойынша: «қабылдансын» (Лениннің XVIII жинағы, 50-бет).

Январьдың 6-нан 7-не (19-нан 20-на) қараған түні Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісі болып, онда көпшілік дауыспен Құрылтай жиналысын тарату туралы декрет қабылданды, 2 адам қарсы болды, 5 адам қалыс қалды. Құрылтай жиналысын тарату туралы Ленин сөз сөйледі (қараңыз: осы том, 253—258-беттер). Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қабылдаған декреттің негізіне лениндік жоба алынды.

Құрылтай жиналысын тарату туралы декрет 1918 жылы 7(20) январьда «Правда» және «Известия ЦИК» газеттерінде жарияланды.— *247.*

101 *«Сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистерді»* В. И. Ленин 1918 жылы 8(21) январьда Орталық Комитет мүшелерінің партия қызметкерлерімен бас қосқан кеңесінде оқып берді. Кеңеске барлығы 63 адам қатысты. Кеңестің протоколы сақталмаған. Осин-

скийдің (Оболенскийдің), Троцкийдің, Ломовтың (Оппоковтың), Каменевтің және басқаларының сөйлеген сөздерінің Ленин жүргізген қысқаша жазбалары ғана сақталған.

21-тезистің соңғы жағын («Бірақ бірде-бір марксист» деген сөздерден бастап) Ленин кеңесте ауызекі баяндап берді. Тезистердің қолжазбасында Ленин осы жерін үш тік сызықпен сызып, тұсына: «Көшіріп жазушыдан: қайта көшіріп жазғанда да осы үш тік сызықтың өзгертілмей түсірілуін өтінемін» деп жазды.

Орталық Комитеттің 11(24) январьдағы мәжілісінде Лениннің сөйлеген сөзінен кеңеске қатысушы 15 адамның лениндік тезистерді жақтап дауыс бергені, 32 адамның «солшыл коммунистердің» позициясын және 16 адамның Троцкийдің позициясын қолдағаны мәлім.

Тезистер тек 24 февральда Орталық Комитеттің көпшілігі бітімге қол қою туралы мәселе жөнінде лениндік позицияға көшкен кезде ғана жарияланды.— *259.*

102 Орталық Комитеттің 1918 жылғы 11(24) январьдағы мәжілісінде Ленин сөйлеп болғаннан кейін соғыс және бітім туралы мәселе талқыланды. Ленинге «солшыл коммунистер» мен Троцкий қарсы шықты. «Солшыл коммунистердің» бір бөлегі — Бухарин, Урицкий, Ломов (Оппоков) Троцкийдің «бітім де, соғыс та болмасын» деген ұсынысын қолдады. Сталин, Сергеев (Артем), Сокольников бітімге қол қоюды жақтап сөйледі. «Солшыл коммунистер» дереу революциялық соғыс жөніндегі ұранның басымдық алуынан үміт үзгеннен кейін (оны жақтап екі-ақ адам дауыс берді), дауыс берген кезде Троцкийдің ұсынысына басымдық әперді, оның ұсынысын 9 адам жақтады, 7 адам қарсы болды. Орталық Комитеттің ішінде бітім жасасуға қарсылықты жеңуге, бұқараның революциялық соғысты жақтаушылардың соңынан ерген бөлегінің пиғылында өзгеріс туғызуға үміттеніп, Ленин келіссөздерді қалай да соза түсу туралы ұсыныс енгізді; бұл ұсыныс 12 дауыспен қабылданды, 1 адам қарсы болды.— *271.*

103 В. И. Ленин бұл арада, сірә, «Новая Жизнь» газетінің 1918 жылғы 11(24) январьдағы 7-номерінде «Большевиктер және герман социал-демократиясы» деп аталып, қол қойылмай басылған мақаланы айтып отырған болуы керек. Газетте бұл мақаланы неміс тәуелсіз социал-демократиялық партиясының көрнекті өкілі жазды деп көрсетілген.— *272.*

104 В. И. Ленин бұл арада И. В. Сталиннің сөйлеген сөзінің протоколдық жазбасынан алынған мына сөздерді айтып отыр: «Сталин жолдас былай деп есептейді: революциялық соғыс ұранын қабылдайтын болсақ, біз империализмнің отына май құямыз. Троцкий жолдастың позициясы позиция емес. Батыста революциялық қозғалыс жоқ, фактілер жоқ, тек қана потенция бар, ал біз потенциямен санаса алмаймыз. Егер не-

містер шабуыл бастайтын болса, мұның өзі біздегі контрреволюцияны күшейтеді».

Г. Е. Зиновьевтің сөзінен Ленин оның мына жерлерін айтып отыр: «...әрине, біз ауыр хирургиялық операцияның алдында тұрмыз, өйткені бітім жасасу арқылы біз Германиядағы шовинизмді күшейтеміз және біраз уақыт бойы бүкіл батыстағы қозғалысты әлсіретіп аламыз. Ал бұдан әрі басқа перспектива — социалистік республиканың күйреу перспективасы көрініп тұр» («РСДРП(б) Орталық Комитетінің Протоколдары. Август, 1917 — февраль, 1918», М., 1958, 171—172-беттер).— *273.*

105 *Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Үшінші съезі* 1918 жылы 10—18 (23—31) январьда Петроградта өтті.

Съезге жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының 317 Советінен және армиялық, корпустық және дивизиялық 110 комитеттен өкілдер қатысты. Съездің бастапқы кезінде оған 707 делегат қатысты, олардың 441-і большевик. 13(26) январьда шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық III съезіне қатысқандар съезге келіп қосылды. Сонымен бірге делегаттар саны съездің ашылар кезіне кешігіп келгендер есебінен де көбейді. Съездің қорытынды мәжілісіне 1587 делегат қатысты.

Съездің президиумына 10 большевик, 3 солшыл эсер және басқа фракциялардан (оңшыл эсерлерден, меньшевиктерден т. б.) 1 өкіл сайланды.

Швейцария, румын, швед және норвег социал-демократиясының, Британ социалистік партиясының, Америка социалист-жұмысшыларының өкілдері съезде құттықтау сөздер сөйледі. Сондай-ақ американ социалисі жазушы Джон Рид, матрос Анатолий Железняков (Петроградтың революциялық отрядтары атынан) және басқалары құттықтау сөздер сөйледі.

Съезд Я. М. Свердловтың Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қызметі туралы баяндамасын талқылады. В. И. Ленин съезде Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама жасады. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің баяндамалары талқыланған кезде меньшевиктер, оңшыл эсерлер және интернационалист-меньшевиктер Совет өкіметінің ішкі және сыртқы саясатына қарсы шықты. Ленин Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама бойынша сөйлеген қорытынды сөзін олардың позициясын сынауға арнады. Съезд кейін Совет мемлекеті Конституциясының негізіне алынған лениндік «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» бекітті. Съезд қабылдаған қарарда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің саясаты толық мақұлданып, оларға толық сенім білдірілді.

Съезд сондай-ақ Халық Комиссарлары Советінің бітім туралы мәселе жөніндегі саясатын мақұлдап, бұл мәселеде оған мейлінше кең уәкілдіктер берді.

Съезд ұлт істері жөніндегі халық комиссары И. В. Сталиннің совет республикаларының федерациялық құрылымының негіздері туралы және Совет өкіметінің ұлт саясаты туралы баяндамасын тыңдады және Россия социалистік республикасы Россия халықтарының ерікті одағы негізінде совет республикаларының федерациясы ретінде құрылады деп шешім қабылдады. Съезд Совет өкіметінің ұлт мәселесі жөніндегі саясатын мақұлдады.

Съезге шаруалардың Бүкіл россиялық III съезі делегаттарының келуі съездің жұмысындағы айтулы оқиға болды, бұдан кейін съезд жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің біріккен съезі ретінде өз жұмысын одан әрі жалғастырды.

Съезд Жер туралы декрет негізінде әзірленген Жерді социализациялау туралы заңның негізгі ережелерін бекітті.

Съезд сайлаған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамына 160 большевик, 125 солшыл эсер, 2 интернационалист социал-демократ, 3 анархист-коммунист, 7 максималист-эсер, 7 оңшыл эсер және 2 меньшевик кірді.

Съезд жабылар алдында В. И. Ленин қорытынды сөз сөйледі. Съезд, деп көрсетті ол, «бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа заманын ашты», сөйтіп Октябрь революциясы құрған жаңа мемлекеттік өкіметтің ұйымдастырылуын баянды етіп, «бүкіл дүние жүзі үшін, барлық елдердің еңбекшілері үшін болашақ социалистік құрылыстың кезеңдерін белгіледі» (қараңыз: осы том, 304-бет).— *275.*

106 В. И. Ленин бұл арада былғарышы жұмысшылардың Бүкіл россиялық кәсіптік одағының кәсіпкерлермен жүргізген келіс сөздерін айтып отыр. Былғарышылар одағы Былғары істері жөніндегі Бас комитетте жұмысшылардың өкілдігін кеңейтуді және оны демократиялық негізде қайта құруды талап етті. 1918 жылдың бас кезінде осы келіс сөздердің нәтижесінде Былғары істері жөніндегі Бас комитет пен аудандық комитеттер қайта құрылып, олардағы дауыстардың үштен екі бөлігін жұмысшылар алды. 1918 жылы 6 апрельде Былғары істері жөніндегі Бас комитеттің жергілікті органдарын демократияландыру және Былғары істері жөніндегі Бас комитет пен аудандық комитеттердің жарлықтарын мүлтіксіз орындау қажеттігі туралы барлық Советтерге В. И. Ленин қол қойған телеграмма жіберілді (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 125—126-беттер).— *294.*

107 К. Маркс. 1870 жылы 12 февральда Ф. Энгельске жазылған хат (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIV том, 1931, 291-бет).— *296.*

108 Ленин бұл арада соғысқа қарсы жаппай ереуіл жариялаған итальян жұмысшыларының 1917 жылғы августағы Туриндегі бой көрсетулерін және Австрия жұмысшыларының Брест-Литовскідегі бітім жасасу туралы келіс сөздерге байланысты 1918 жылғы январьдағы стачкаларын айтып отыр. Австриядағы стачкалар жаппай бітім жасасу және жұмысшылардың азық-түлік жағдайын жақсарту ұранымен өтті.— *297.*

109 Совет заңдарында Құрылтай жиналысына сілтеме жасауды жою туралы мәселе Советтердің III съезінің бекітуіне енгізілді, осы съезде жобаның соңғы абзацында В. И. Ленин тұжырымдаған қаулы қабылданды.

Қолжазбада алғашқы екі абзац пен үшінші абзацтың бас жағы сызылып тасталған.— *303.*

110 Бұл арада «Революциялық Финляндия үкіметінің Россия Республикасының Халық Комиссарлары Советіне үндеуі» айтылып отыр; Үндеу 1918 жылы 17(30) январьда «Правданың» 13-номерінде (кешкі басылымы) жарияланды.

Финляндияда революция 1918 жылы январьдың орта шенінде елдің оңтүстігіндегі өнеркәсіпті аудандарда басталды. 15(28) январьда финн қызыл гвардиясы Финляндияның астанасы Гельсингфорсты алды; Свинхувудтың буржуазиялық реакцияшыл үкіметі құлатылды. 16(29) январьда Финляндияның революциялық үкіметі — халық уәкілдерінің Советі құрылды. Финляндияның оңтүстігіндегі қалалар мен селолық жерлерде өкімет жұмысшылардың қолына көшті. Свинхувудтың үкіметі елдің солтүстігіне бекініп алып, герман кайзер үкіметінен көмек сұрады. Герман қарулы күштерінің араласуы салдарынан Финляндияда революция кескілескен азамат соғысынан кейін 1918 жылы майда басып-жаншылды.— *306.*

111 Ленин бұл арада Советтердің Бүкіл россиялық III съезінің бекітуіне енгізілген *«Жерді социализациялау туралы негізгі заңды»* айтып отыр. Заңның жобасы Советтердің III съезінің комиссиясында Лениннің қатысуымен редакцияланды. 1918 жылы 18(31) январьда «Жерді социализациялау туралы негізгі заңды» (I бөлім —«Жалпы ереже») Советтердің Бүкіл россиялық III съезі бекітті. Заң жер комитеттерінің съезі мен Советтердің III съезінің шаруа секциясының біріккен мәжілістерінде одан әрі егжей-тегжейлі талдап жасалды. Заңның түпкілікті тексті Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде 27 январьда (9 февральда) бекітіліп, 15 және 16 февральда «Солдатская Правданың» 25 және 26-номерлерінде жарияланды.— *306.*

112 *Теміржолшылардың Бүкіл россиялық төтенше съезі* 1918 жылы 5—30 январьда (18 январь — 12 февральда) Петроградта өтті. Съезд 1917 жылы 19 декабрьде (1918 жылы 1 январьда) Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитеті

шақырған теміржолшылардың II төтенше съезінің солшыл бөлегінен құралған еді; бұлар съездің оңшыл бөлегі (оңшыл эсерлер, меньшевиктер және басқалары) елдегі бүкіл өкімет Құрылтай жиналысының қолына берілуге тиіс деп 12 дауыс басымдықпен қарар қабылдағаннан кейін съезден кетіп қалған болатын.

Теміржолшылардың Бүкіл россиялық төтенше съезі қабылдаған қарарда съезд бүтіндей Совет өкіметін жақтайды делінген. Съезд темір жол жұмысшылары мен қызметшілері жалақысының жаңа тарифін белгіледі, темір жолдарды басқару туралы, халықтық темір жол милициясы туралы ережелер қабылдады, жеке меншіктегі темір жолдарды национализациялау туралы баяндама, т. б. тыңдады. Съезд жаңадан Теміржолшылардың Бүкіл россиялық атқару комитетін (Викжедор) сайлады.— *310.*

113 Каменская станицасындағы майдангер казактардың съезін қамауға алу жөніндегі жарлықты Каледин берген болатын, бірақ бұл жарлық орындалып үлгермеді, өйткені съезде құрылған Әскери-революциялық комитет Каменская станицасында өкіметті өз қолына алған еді. Бұл фактіні Советтердің Бүкіл россиялық III съезінде Каменская станицасындағы оқиғаларға қатысқан, съезге осы станицадан делегат болып келген адам айтып берді.— *315.*

114 *Предпарламент (Бүкіл россиялық демократиялық совет)* Советтердің меньшевиктік-эсерлік Орталық Атқару Комитеті 1917 жылғы 14—22 сентябрьде (27 сентябрь — 5 октябрьде) шақырған Бүкіл россиялық демократиялық кеңестің құрамынан құрылды.

Предпарламенттің бірінші мәжілісінде-ақ (23 сентябрьде) жаңа үкімет коалициясын құру туралы эсерлер мен меньшевиктердің кадеттермен жасасқан келісімі мақұлданды. Жаңа коалициялық Уақытша үкімет ереже бекітті, бұл ереже бойынша предпарламент «Россия республикасының Уақытша советі» деп аталды және үкімет жанындағы тек кеңесші орган болуға тиіс болды. Оның құрамы буржуазиялық-помещиктік ұйымдар мен мекемелердің (кадет партиясының және басқалардың) өкілдерімен толықтырылды. Мұның өзі халық арасында парламенттік жалған үміттер туғызуға, социалистік революцияның дамуына бөгет жасауға тырысқан әрекет еді. Ленин большевиктердің предпарламенттен шығуын үзілді-кесілді талап етті және күштің бәрін көтерілісті әзірлеуге шоғырландыру қажеттігін атап көрсетті. Партияның Орталық Комитеті Лениннің усынысын талқылап, большевиктердің предпарламенттен кетуі туралы қаулы қабылдады, сөйтіп Каменевтің, Рыковтың және предпарламентке қатысуды жақтаған басқа да капитулянттардың қарсыласуын жеңіп шықты. 7(20) октябрьде, предпарламент ашылған бірінші күні, большевиктер декларациясын оқып беріп, одан кетіп қалды.— *317.*

115 Бұл арада қатынас жолдары халық комиссары М. Т. Елизаровтың теміржолшылардың еңбегіне ақы төлеу нормалары туралы 1918 жылғы 2(15) январьдағы указы айтылып отыр; бұл указ бойынша мамандығы жоғары жұмысшылар мен инженерлердің еңбегіне ақы мамандығы жоқ жұмысшылардың еңбегіне төленетін ақымен бірдей дерлік мөлшерде белгіленген болатын. Халық Комиссарлары Советі 7(20) январьда бұл указдың күшін жойып, теміржолшылардың Бүкіл россиялық төтенше съезіне дейін еңбекке ақыны Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1917 жылғы 2(15) декабрьдегі қаулысында белгіленген нормалар бойынша төлеуді ұсынды; бұл қаулы бойынша теміржолшылардың еңбегіне ақы қызметшілер мен жұмысшылардың және темір жол аудандарының категорияларына қарай төленетін еді.— *328.*

116 Петроград Советі президиумының азық-түлік ұйымдарының өкілдерімен өткізілген кеңесі Петроград жұмысшылары мен гарнизон солдаттарының азық-түлік жағдайының қиындығы туралы мәселені талқылауға арналды; жұмысшылар мен солдаттар күніне 1/4 қадақ мөлшерінде нан паегін алып тұратын. Кеңес азық-түлік басқармасы өкілінің Петроградқа азық-түлік жеткізу перспективалары туралы баяндамасын және жүк түсіру комиссиясы өкілінің баяндамасын тыңдады. Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша Петроградтың бүкіл халқы үшін 19 январьдан (1 февральдан) бастап нан паегі 1/2 қадаққа дейін көбейтілді.— *331.*

117 *«Азық-түлік жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар туралы»* қаулының жобасы Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 14(27) январьдағы мәжілісінде қабылданды. Бұл қаулы өзін Азық-түлік халық комиссариатына қарсы қойып, Совет өкіметінің шараларына саботаж жасаған Бүкіл россиялық азық-түлік советін Совет өкіметімен бірлесіп жұмыс істеуге қатыстыру үшін жасалған шара болатын. 14(27) январьда Петроградта ашылған азық-түлік жөніндегі советтік бірінші съезд азық-түлік ісімен айналысып келген Азық-түлік советін және басқа ұйымдарды таратты да, азық-түлік мәселелері жөніндегі басшылықты Совет өкіметі органдарының қолына шоғырландырды; съезге Советтердің Бүкіл россиялық III съезінің делегаттары да қатысты.— *334.*

118 Почта-телеграф қызметшілерінің жалақысы туралы мәселе Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 16(29) январьдағы мәжілісінде қаралды. Халық Комиссарлары Советі В. И. Ленин жазған қаулының жобасын қабылдады.— *335.*

119 Теңіз және өзен сауда флотын национализациялау туралы мәселе Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 18(31) январьдағы мәжілісінде талқыланды. Мәжілісте үш баяндама: Центроволганың, сауда флоты теңізшілері мен өзеншілерінің

Бүкіл россиялық одағы Орталық Комитетінің және Халық шаруашылығы жоғары советі өкілінің баяндамалары тыңдалды. Лениндік жоба Халық Комиссарлары Советінің «Сауда флотының теңізшілері мен өзеншілері туралы» қаулысы ретінде бекітілді.

Декрет жобасының қолжазбасында 4-пункттен кейін В. И. Лениннің мынадай белгісі бар: «Оболенскийден 3-параграф қосылсын», ал 5-пункттен кейін: «Оболенский жолдастың қарарынан 1-параграф + +».

Халық Комиссарлары Советі қаулысының Н. Осинский (В. В. Оболенский) ұсынған жобасының 3-параграфында былай делінген: «Флотты национализациялау туралы мәселе шешілгенге дейін теңізде, өзенде жүк және жолаушылар таситын кемелердің бәріне арест салынатын болсын және бұл кемелер кеме жұмысшылары ұйымдарының бақылауымен кеме иелерінің есебінен күшпен жөндетілетін болсын».

1-параграфта былай делінген: «Өзеншілер мен теңізшілер одағының Орталық комитетіне және Центроволгаға өзеншілер мен теңізшілердің алдағы съезінде бірігу және дереу іскерлік қарым-қатынас жасау ұсынылсын».— *336.*

120 Бұл арада сауда флоты теңізшілері мен өзеншілерінің Бүкіл россиялық одағының Орталық комитеті айтылып отыр.— *336.*

121 Бұл арада әңгіме «солшыл коммунистер» тобының — Н. И. Бухариннің, А. Ломовтың (Г. И. Оппоковтың), Н. Осинскийдің (В. В. Оболенскийдің) және басқаларының бітім туралы мәселені талқылап, шешу үшін партия конференциясын шақыруды талап етіп, 1918 жылы 15(28) январьда партияның Орталық Комитетіне берген мәлімдемесі жөнінде болып отыр.— *338.*

122 В. И. Лениннің съезді шақыру туралы ұсынысы қабылданды. Әуелде Орталық Комитеттің 1918 жылғы 19 январьдағы (1 февральдағы) мәжілісінде съезді шақыру 1918 жылғы 20 февральға белгіленген болатын, кейін 6 мартқа көшірілді.— *339.*

123 В. И. Лениннің түрлі ағымдар өкілдерінің бітім туралы мәселе жөніндегі кеңесін шақыру туралы ұсынысы қабылданды. Кеңес 1918 жылы 21 январьда (3 февральда) болды. Кеңестің протоколы табылған жоқ. Кеңеске қатысушылардың бітім жасасуға байланысты 10 сұрақ бойынша дауыс беруінің жазбасы ғана сақталған (қараңыз: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917 — февраль, 1918», 1958, 190—191-беттер). «Қазір Германиямен аннексионистік бітімге қол қоюға бола ма?» деген негізгі сұраққа кеңеске қатысушы 5 адам — Ленин, Сталин, Муранов, Артем (Сергеев) және Сокольников мақұлдап, 9 адам — Ломов (Оппоков), Крестинский, Бубнов, Косиор, Осинский (Оболенский), Стуков, Преображенский, Спундэ, Фенигштейн қарсы жауап берген. Зи-

новьев, Бухарин және Урицкий дауыс берерден бұрын кеңестен кетіп қалған.— *340.*

124 Ленин бұл арада Москва мен Брест-Литовск арасындағы телеграф байланысының үзіліп қалғанын айтып отыр; немістер бұл байланысты бұза беретін немесе үзіп тастайтын.— *341.*

125 Ленин бұл арада Каменская станицасындағы казактар съезіне қатысушының Советтердің III съезінің мәжілісіндегі баяндамасында 1918 жылы 16(29) январьда келтірілген фактіні айтып отыр (қараңыз: «Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық үшінші съезі», Петербург, 1918, 83—84-беттер).— *348.*

126 Орталық Комитеттің 1918 жылғы 24 январьдағы (6 февральдағы) мәжілісі алдағы партияның VII съезінің күн тәртібін талқылауға арналды. Енгізілген ұсыныстар негізінде Орталық Комитет мынадай күн тәртібін бекітті: 1) программаны қайта қарау; 2) ағымдағы кезең (ішкі жағдай, сыртқы жағдай, экономикалық жағдай); 3) кәсіптік одақтар, фабрика-завод комитеттері және басқалар; 4) ұйымдық мәселе; 5) түрлі мәселелер.

Партия программасының жобасын әзірлеу үшін құрамына В. И. Ленин, Н. И. Бухарин, Г. Я. Сокольников енгізілген комиссия құрылды.— *351.*

127 В. И. Лениннің бұл сөзі жер комитеттерінің съезі мен Советтердің III съезінің шаруа секциясының қорытынды мәжілісінде сөйленді.

Жер комитеттерінің съезі 1918 жылы 17(30) январьда Петроградта ашылды. Съездің бірінші мәжілісіне 43 губерния мен 243 уезден 472 делегат қатысты. Кейін съезд 18(31) январьда жабылған Советтердің Бүкіл россиялық III съезінің шаруа секциясымен бірлесіп жұмыс жүргізді. Жер комитеттерінің съезі мен шаруа секциясының біріккен мәжілістеріне 1000-нан астам адам қатысты. Осы мәжілістер мен жеке секцияларда «Жерді социализациялау туралы негізгі заң» егжейтегжейлі талданып жасалды.— *352.*

128 Телеграмма 1918 жылы 15(28) январьда Брест-Литовскіде немістер қойған ультиматум жөнінде Троцкийдің сұрауына берілген жауап болып табылады.

В. И. Ленин қол қойған документте И. В. Сталиннің де қойған қолы бар. «Жауап», «28/I., кешкі 6 сағат 30 минут», «Бізге жиі-жиі хабарлап тұрыңыз»— деген сөздерді И. В. Сталин жазған.— *354.*

129 *«Саботажшыларды қызметке алу тәртібі туралы»* қаулыны Халық Комиссарлары Советі Я. М. Свердловтың бұрынғы чиновниктердің саботаж жасауына тыйым салу туралы баянда-

масы бойынша 1918 жылғы 31 январьдағы (13 февральдағы) мәжілісінде қабылдады.— *355.*

130 Орталық Комитеттің 1918 жылғы 18 февральдағы таңертеңгі мәжілісінде немістердің шабуылы туралы және бітімге қол қоюға келісім беріп герман үкіметіне телеграмма жіберу туралы мәселе талқыланды.

Троцкийдің Брест-Литовскіде бітім шартына қол қоюдан бас тартамыз деген мәлімдемесін немістер шабуылға шығу үшін сылтау етіп пайдаланды. 1918 жылы 16 февральда 19 сағат 30 минутта Брест-Литовскідегі совет өкілдеріне герман командованиесі ресми түрде былай деп мәлімдеді: 18 февральда сағат 12-де Россия мен Германия арасындағы уақытша бітімнің мерзімі бітеді де, соғыс жағдайы қайтадан басталады. 1917 жылы 2(15) декабрьде Брест-Литовскіде жасалған уақытша бітім туралы шарттағы келісім бойынша келісуші екі жақтың біреуі шартты бұзғысы келген жағдайда бұл жөнінде екінші жаққа соғыс қимылдары басталардан 7 күн бұрын ескертуге келісуші жақтар міндеттенген болатын. Герман командованиесі бұл шартты бұзды. Совет үкіметі уақытша бітімнің шарттарын бұзғаны жөнінде Германия үкіметіне наразылық білдірген мәлімдеме жасады, бірақ жауап болмады. 18 февральда таңертең-ақ неміс әскерлерінің белсенді қимылға көшкені туралы мәліметтер келіп түсе бастады.

Орталық Комитеттің мәжілісінде Лениннің неміс үкіметіне дереу телеграмма жіберу туралы ұсынысына Троцкий мен Бухарин қарсы шықты, Зиновьев телеграмма жіберуді жақтады. Осыдан соң Лениннің ұсынысы дауысқа қойылды. Оны 6 адам жақтады, 7 адам қарсы дауыс берді. Ендігі мәжілісті келесі күні сағат 2-де шақыру ұйғарылды, бірақ немістердің шабуыл бастауына байланысты мәжіліс 18 февраль күні кешке шақырылды.— *356.*

131 Бұл арада партияның Орталық Комитетінің 17 февральдағы кешкі мәжілісі айтылып отыр, онда немістердің шабуылға шығуы мүмкін екендігі туралы мәселе талқыланған болатын. Лениннің Германиямен бітімге қол қою туралы жаңа келіссөздер жүргізуге дереу кірісу жөніндегі ұсынысын Орталық Комитеттің 5 мүшесі (Ленин, Сталин, Свердлов, Сокольников, Смилга) жақтады, 6 мүшесі (Троцкий, Бухарин, Ломов, Урицкий, Иоффе, Крестинский) қарсы дауыс берді. Алайда мәселе: «Егерде неміс шабуылы шындыққа айналса, ал Германия мен Австрияда революциялық өрлеу тумаса, онда бітім жасасамыз ба» деп қойылған кезде Троцкий бұған мақұлдап дауыс берді; Бухарин, Ломов, Урицкий және Крестинский қалыс қалды, тек Иоффе ғана қарсы дауыс берді. Сөйтіп, бұл ұсыныс көпшілік дауыспен қабылданды.— *357.*

132 Партияның Орталық Комитетінің 1918 жылғы 18 февральдағы кешкі мәжілісі өте-мөте ауыр жағдайда өтті. Мәжіліс не-

містердің сол күні күндіз бүкіл майдан бойынша шабуыл бастап, тез алға жылжып, Двинскіні басып алуына байланысты шақырылды. «Солшыл коммунистер» бұл мәжілісте тағы да лениндік позицияға қарсы шықты, ал Троцкий бітімге қол қоюға келісетініміз туралы хабарламай-ақ, герман үкіметінің талаптары жөнінде Берлин мен Венадан сұрап білуді ұсынды. Свердлов, Сталин, Зиновьев келіс сөздерді қайта бастауға келісетініміз туралы неміс үкіметіне телеграмма жіберуді жақтады. Осы мәжілісте шиеленіскен күрестен кейін Лениннің бітімге қол қоюды жақтаған көпшілік дауыс алуға тұңғыш рет қолы жетті: бітім жасасуға келісіп герман үкіметіне дереу сөз салу жөніндегі Лениннің ұсынысы 7 дауыспен қабылданды, 6 адам қарсы болды.— *358.*

133 Герман империясының үкіметіне радиограмма 19 февраль күні таңертең Халық Комиссарлары Советінің атынан Берлинге жіберілді. Алайда герман үкіметінің жаңа, бұрынғыдан да ауыр бітім шарттарын қойған жауабы совет курьеріне 22 февральда ғана тапсырылып, Петроградқа 23 февраль күні таңертең әкелінді. Немістердің жауабында бітімнің жаңа шарттарын 48 сағаттың ішінде қарап шешу талабы қойылды. Немістер жауапты кешеуілдетіп, бұл күндері де шабуылды өрбітумен болды, сөйтіп Советтік Россияның территориясына едәуір бойлап еніп, бірқатар қалаларды алып, Петроградқа қауіп төндірді.— *361.*

134 1918 жылы 21 февральда «Правдада» жарияланған *«Революциялық жел сөз туралы»* мақаласында Ленин бітім жасасуды жақтап баспасөз бетінде ашық күрес бастады.— *365.*

135 Бұл арада әңгіме 1918 жылы 11(24) январьда және 17 февральда РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілістерінде бітім туралы мәселе талқыланған кездегі дауыс беру туралы болып отыр. Бірінші мәжілісте Орталық Комитеттің 2 мүшесі революциялық соғысты жақтап дауыс берді, екінші мәжілісте бұл ұсынысты жақтап дауыс берген ешкім болған жоқ (соғысты соза беруді жақтаушылар дауыс беруден қалыс қалды).— *367.*

136 Бұл арада әңгіме Демократиялық кеңесте буржуазиямен коалиция жасау жөніндегі мәселенің дауысқа қойылуы туралы болып отыр. В. И. Ленин «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген еңбегінде дауыс беру нәтижелеріне талдау жасайды. «Объективті және даусыз деректерден,— деп жазды Ленин,— бізде буржуазиямен коалиция жасауды *жақтап* және оған *қарсы* болып церетелилік «Булыгин думасының», яғни атышулы «Демократиялық» кеңестің «куриялары» бойынша берілген дауыстар туралы ең жаңа деректер бар. Советтер курияларын алайық. Сонда былай болып шығады:

	Коалицияны жақтаушы	Қарсы
Жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері	83	192
Шаруа депутаттарының Советтері	102	70
Барлық Советтер	185	262

Сөйтіп, тұтас алғанда көпшілік пролетарлық ұран жағында: буржуазиямен коалиция жасауға *қарсы*». (Шығармалар толық жинағы, 34-том, 336—337-беттер).

Бүкіл россиялық демократиялық кеңесті Советтердің меньшевиктік-эсерлік Орталық Атқару Комитеті өкімет туралы мәселені шешу үшін шақырды. Ал кеңесті ұйымдастырушылардың өздерінің алдына қойған шын мақсаты халық бұқарасының назарын өрістеп келе жатқан революциядан басқа жаққа аудару болды. Кеңес 1917 жылғы 14—22 сентябрьде (27 сентябрь — 5 октябрьде) Петроградта өтті. Кеңеске 1500-ден астам адам қатысты. Меньшевиктер мен эсерлердің лидерлері жұмысшы және шаруалар бұқарасының өкілдігін әлсірету және түрлі ұсақ буржуазиялық және буржуазиялық ұйымдар делегаттарының санын көбейту, сөйтіп кеңесте өздері көпшілік болу үшін барлық шараларды қолданды. Большевиктер кеңеске оны меньшевиктер мен эсерлерді әшкерелейтін трибуна ретінде пайдалану үшін қатысты.— *372.*

137 Бұл арада әңгіме 1917 жылғы октябрьдегі қарулы көтеріліске қарсы шыққан Зиновьев пен Каменевтің капитулянттығы туралы болып отыр.— *373.*

138 Дүние жүзілік империалистік соғыстың (1914—1918) бас кезінде Бельгияны неміс әскерлері оккупациялап алды. Бельгияны оккупациялау төрт жылдай уақытқа, Германия 1918 жылы жеңіліске ұшырағанға дейін созылды.— *374.*

139 *Новолучистер* — меньшевиктердің біріккен орталық комитетінің органы «Новый Луч» газетінің төңірегіне топтасқан меньшевиктер. Газет 1917 жылғы 1 (14) декабрьден Петроградта Данның, Мартовтың, Мартыновтың және басқаларының редакциясымен шығып тұрды; контрреволюциялық үгіт жүргізгені үшін 1918 жылы июньде жабылды.— *375.*

140 В. И. Ленин қол қойған телефонограммада И. В. Сталиннің де қойған қолы бар.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде 1948 жылға дейін телефонограмманың тек машинкада басылған көшірмесі ғана бар болатын; бұл телефонограмма 1947 жылы И. В. Сталин

Шығармаларында (4-том, 38-бет) осы көшірме бойынша жарияланды. 1948 жылы архив В. И. Лениннің қолжазбасын алды; телефонограмма бұл жолы осы қолжазба бойынша басылып отыр.— *378.*

141 *«Социалистік отанымызға қауіп төнді!»* деген декретті Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 21 февральда қабылдап, 22 февральда ол «Правда» мен «Известия ЦИК-те» жарияланды, сонымен бірге жеке листок болып шығарылды.— *381.*

142 *«Қотыр туралы»* деген мақаланы В. И. Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісінде «солшыл коммунистердің» неміс империалистерінен қорғану үшін Англия мен Франциядан қару-жарақ пен азық-түлік сатып алуға қарсы шығуына байланысты 1918 жылы 22 февральда жазды. 21 февральда Халық Комиссарлары Советінде осы мәселе талқыланған кезде солшыл эсерлер одақтастардың көмегін пайдалануға қарсы шықты, сөйтіп мынадай қаулы қабылданды: «Елді азық-түлікпен және әскери қару-жарақпен жабдықтау туралы одақтас державалармен келіс сөздер жүргізу жөнінде туған алауыздықтарға байланысты фракциялар бойынша кеңес өткізу үшін үзіліс жариялансын».

22 февральда РСДРП(б) Орталық Комитетінде бұл мәселе талқыланған кезде Ленин қатысқан жоқ. Ол Орталық Комитетке мынадай мәлімдеме жолдады: «РСДРП(б) Орталық Комитетіне. Ағылшын-француз империализмінің қарақшыларынан картоп пен қару-жарақ алуды *жақтап* берілген дауыстарға менің дауысымды да қосуды сұраймын». Партияның Орталық Комитеті 5 адамға қарсы 6 адамның жақтап дауыс беруімен қарар қабылдады, онда революциялық армияны қажетті құралдармен қаруландыру және жабдықтау үшін оларды капиталистік елдердің үкіметтерінен де сатып алуға болады деп саналсын, сонымен бірге сыртқы саясаттың толық тәуелсіздігі сақталатын болсын деп көрсетілді.

Дауыс беру аяқталғаннан кейін Бухарин Орталық Комитеттен шығатыны және өзінің «Правданың» редакторы атағынан бас тартатыны туралы мәлімдеме берді. Сонымен бірге 11 «солшыл коммунист»— Ломов (Оппоков), Урицкий, Бухарин, Бубнов, Пятаков және басқалары — Орталық Комитетке мәлімдеме беріп, онда Орталық Комитетті халықаралық буржуазия алдында тізе бүкті деп айыптады және Орталық Комитеттің саясатына қарсы кең үгіт жүргіземіз деп мәлімдеді.

Сол күні одақтас державалардан қару және азықтық өнімдер сатып алу туралы мәселе Халық Комиссарлары Советінің талқылауына тағы да қойылды, Халық Комиссарлары Советі: «сатып алынсын» деген шешім қабылдады.— *385.*

143 Бұл записка Москва мен Москва облысының почта және телеграф комиссары В. Н. Подбельскийдің төмендегі сұрауына жауап болып табылады: «Австро-Венгрия Россияға қарсы ша-

буыл жасаудан бас тартатынын мәлімдеді-міс деп, қазір бізге Троцкийдің атынан телефон арқылы хабарлады. Сізден дереу Троцкийді немесе халық комиссарларының басқа біреуін телефон арқылы таптыртып алып, осы хабардың дұрыстығын тексертуді және бізге хабарлатуды өтінемін. Қазір бізде жұмысшы депутаттары Советінің жиналысы өтіп жатыр, бұл жиналыс осы хабардың тексерілуін күтеді. Бұған қоса тек қана тексерілген жалпы соңғы жаңалықтарды да біліп, бізге дереу хабарлаңыз. Осыны орындай көріңіз, жолдас, біз үшін мұның маңызы оте зор».— *390.*

144 Партияның Орталық Комитетінің 1918 жылғы 23 февральдағы мәжілісі немістердің жаңадан бұрынғыдан да ауыр бітім шарттарын қойып, оны 48 сағаттың ішінде қарап шешуді талап етуіне байланысты шақырылған болатын. Лениннің герман шарттарын дереу қабылдау және бітімге қол қою жөніндегі үзілді-кесілді ұсынысына «солшыл коммунистер» Бухарин, Урицкий, Ломов (Оппоков) тағы да қарсы шықты. Троцкий бітімге қол қоюға қарсы шығып, Лениннің позициясына келіспеуіме байланысты сыртқы істер жөніндегі халық комиссары қызметінен кетемін деп мәлімдеді. Свердлов, Зиновьев пен Сокольников бітімге қол қоюды жақтады. Сталин өзінің бірінші сөзінде бітім келіс сөздерін бастауды ұсынып, «бітімге қол қоймауға болады» деп мәлімдеді. Ленин оның позициясын сынға алғаннан кейін, Сталин екінші рет сөйлегенде бітімге дереу қол қоюды жақтады. Ленин, Стасова, Зиновьев, Свердлов, Сталин, Сокольников, Смилга герман ұсыныстарын дереу қабылдауды жақтап дауыс берді; Бубнов, Урицкий, Бухарин, Ломов (Оппоков) қарсы дауыс берді; Троцкий, Крестинский, Дзержинский, Иоффе қалыс қалды. Дауыс беру аяқталғаннан кейін «солшыл коммунистер» тобы — Бухарин, Ломов, Бубнов, Пятаков, Яковлева, Урицкий өздерінің барлық жауапты партия және совет қызметтерінен кететінін, өздерін партияның ішінде де, одан тыс жерлерде де үгіт жүргізуге толық ерікті деп санайтындықтарын мәлімдеді.— *394.*

145 Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі большевиктер мен солшыл эсерлер фракцияларының біріккен мәжілісі 1918 жылғы 23 февральдың кешінде жаңа герман бітім шарттарын қабылдау туралы мәселені талқылау үшін шақырылды. Мәжіліс өте-мөте қиын жағдайда өтті. Жоғарғы бас қолбасшы Н. В. Крыленконың армияның стихиялы түрде демобилизацияланып жатқанын хабарлаған, майдандағы жағдай туралы баяндамасынан кейін К. Б. Радек, Д. Б. Рязанов және солшыл эсер И. З. Штейнберг бітімге қол қоюға қарсы шықты. В. И. Ленин бітімге қол қоюды қорғап сөз сөйледі.

Мәжілісте ешқандай шешім қабылданбады.

Фракциялардың біріккен мәжілісінен кейін іле-шала Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің большевиктік

фракциясының мәжілісі болды. «Солшыл коммунистер» Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің алдағы мәжілісінде дауыс беруде еркіндік болуын талап етті, бірақ фракция бұл талапты қабылдамады, сөйтіп, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде бітімге қол қоюды жақтап дауыс беру жөнінде көпшілік дауыспен шешім қабылдады.— *397.*

146 *«Қате неде?»* деген мақала «солшыл коммунистердің» 22 февральда РСДРП(б) Орталық Комитетіне берген мәлімдемесіне талдау жасауға арналған; мәлімдемеге Орталық Комитет мүшелерінің және халық комиссарларының бір тобы — А. Ломов (Г. И. Оппоков), М. С. Урицкий, Н. И. Бухарин, А. С. Бубнов, В. М. Смирнов, И. Н. Стуков, М. Г. Бронский, В. Н. Яковлева, А. П. Спундэ, М. Н. Покровский, Г. Л. Пятаков қол қойған.

Мәлімдеменің Ленин белгілер салып, мақаласында цитат келтірмек болған данасы сақталмаған.— *398.*

147 Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Германиямен бітім жасасу мәселесіне арналған мәжілісі 1918 жылы 24 февральда таңертеңгі сағат 3-те Я. М. Свердловтың председательдік етуімен ашылды. Лениннің баяндамасы бойынша жарыс сөзде меньшевиктердің, оңшыл және солшыл эсерлер мен анархистердің өкілдері бітімге қол қоюға қарсы шықты. Мәжіліс бітімнің немістер қойған шарттарын қабылдау жөнінде большевиктер ұсынған қарарды бекітті. Бұл қарарға 85 дауыс қарсы болды, 26 дауыс қалыс қалды, 116 дауыс жақтап берілді. «Солшыл коммунистердің» көпшілігі дауыс беруге қатысқан жоқ, бұл кезде олар мәжіліс залынан кетіп қалды.— *401.*

148 Бұл арада Н. В. Крыленконың солдаттарға арналған үндеу хаты айтылып отыр; В. И. Ленин «Большевизм және армияның «ыдырауы»» деген мақаласында осы үндеу хаттан цитат келтірген; мақала 1917 жылы 3(16) июньде «Правда» газетінің 72-номерінде жарияланған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 284—287-беттер).— *402.*

149 24 февральда таңертеңгі сағат 7-де Халық Комиссарлары Советінің шешімі туралы Берлинге герман үкіметіне хабарландырылды. Осыған қарамастан, совет әскерлерінің жоғарғы бас қолбасшысы Н. В. Крыленконың бұрын жасасылған уақытша бітімді күшінде деп есептейтіндігі жөніндегі радиограммасына герман командованиесі ол уақытша бітім күшін жойды деп жауап берді. Неміс әскерлері бітім шартына қол қойылған күн — 3 мартқа дейін шабуыл жасаумен болды.— *407.*

150 Бұл арада 1807 жылы июльде Франция мен Пруссия арасында жасалған Тильзит бітім шарты айтылып отыр; бұл шарт Пруссияға ауыр әрі қорлаушылық міндеттер жүктеген болатын. Пруссия көп жерінен айрылды, ол 100 миллион франк мөлшерінде контрибуция төлейтін болды; ол өз армиясын 40 мың адамға дейін қысқартуға, Наполеонның талап етуі бойынша қосалқы әскери күштер беруге және Англиямен сауданы тоқтатуға міндеттелді.— *408*.

151 В. И. Ленин бұл арада Халық Комиссарлары Советі мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің барлық губерниялық және уездік Совдептерге, барлық губерниялық, уездік және болыстық жер комитеттеріне герман үкіметі ұсынған бітім шарттарына қол қоюға өздерінің көзқарасын дереу хабарлауды өтініп, телеграф арқылы жіберген сұрауын айтып отыр. Сұрау РСДРП(б) Орталық Комитетінің 1918 жылы 23 февральда В. И. Лениннің ұсынысы бойынша қабылданған қаулысы негізінде жіберілді. Сұрауда бітімнің немістер қойған шарттары баяндалып, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің осы шарттарды қабылдауға келісім бергені хабарландырылды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі дауыс берудің нәтижелері келтіріліп, бітім жасасу туралы мәселеге екі түрлі көзқарастың бар екені баяндалды. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақталған, қолжазба болып саналатын, кім жазғаны белгісіз документтің данасына Ленин өз қолымен жазып: «Орталық Атқару Комитетінің Секретары» деген сөздерді «Халық Комиссарлары Советінің Секретары» деген сөздермен ауыстырған. Документ газеттерде жарияланбаған және бірінші рет 1931 жылы Лениннің XI жинағында (60—61-беттер) басылған.

Ленин алынған жауаптарды мұқият зерттеді. «Әлі есімде, келесі күні (сұрау жіберілген күннің ертеңінде. *Ред.*) тікелей провод арқылы өзіміз алған осы жауаптардың бір бөлігін,— деп жазды өз естеліктерінде Б. Малкин,— мен Владимир Ильичке апардым, ол жауаптарды өнеркәсіп және шаруа орталықтары бойынша тез сұрыптап бөлді де, бірден былай деді: *«Деревняның соғысқысы келмейтіні мүлдем айқын — барлық болыстардан арнайы сұрау керек, сонда жағдай мүлдем айқын болады»*. Халық Комиссарлары Советі мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті атынан болыстарға дейін шұғыл сұрау-телеграммалар жіберілді. Сөйтіп екі апта бойы бүкіл Россиядан жауаптар түсіп жатты» (Б. Малкин. Владимир Ильич және Брест бітімі. «Комсомольская Правда» № 56, 6 март, 1928 ж.). Жауаптар «Известия ВЦИК-те» 28 февральдан 8 мартқа дейін жарияланды. Ленин жауаптардың екі ақпарын жасады, бұл жауаптарды ол «Бітімді жақтайды» және «Соғысты жақтайды» деген екі рубрикаға топтастырды қараңыз: Лениннің XI жинағы, 59—60-беттер және XXXVI жинағы, 30-бет).

Шамасы, партияның VII съезі ашылар қарсаңында жасаған қорытынды кестеде В. И. Ленин мынадай деректер келтірген:

	Бітімді жақтайды	Соғысты жақтайды
26.II	60	61
27.II	54	24
28.II	26	23
1.III	9	7
2.III	6	4
Барлығы:	155	119
3, 4 және 5.III	12	9
	167	128

Жауап кімге түскен:	Жауаптар: Бітімді жақтайды	Соғысты жақтайды	
Халық Комиссарлары Советіне	155 +	119 =	274
Орталық Атқару Комитетіне	95 +	105 =	200
	Σ=250 +	224 =	474

167 + 128 = 295
95 + 105 = 200
262 + 233 = 495.— *413.*

[152] 25 февральда «солшыл коммунистер» былай деп мәлімдеді: «Орталық Комитет пен Халық Комиссарлары Советі әзірге қорғаныс бағытын жүргізуге мәжбүр болып отырғанда, біз өз шешімімізді іске асыруды кейінге қалдыра тұрамыз». Алайда бітімге қол қойылғаннан кейін олар өздерінің Орталық Комитеттен және жауапты қызметтерден кететіндігі туралы мәлімдемесін тағы да қуаттады.— *414.*

[153] «РСДРП(б) Орталық Комитетінің сепараттық және аннексионистік бітім туралы мәселедегі позициясы» деген документте бірінші абзац пен соңғы екі абзацты Я. М. Свердлов жазған.— *415.*

[154] Ленин бұл арада Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі большевиктер мен солшыл эсерлер фракцияларының 1918 жылғы 23 февральдағы біріккен мәжілісін айтып отыр.— *420.*

[155] Немістердің Псковқа шабуыл жасауына байланысты үкіметті және үкімет мекемелерін Петроградтан Москваға эвакуациялау туралы мәселе 1918 жылы 26 февральда Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде талқыланды. Қаулының Ленин жазған жобасын Халық Комиссарлары Советі аздаған өзгерістермен қабылдады. Совет республикасының астанасын Моск-

ваға көшіру туралы түпкілікті шешімді Советтердің Бүкіл россиялық IV Төтенше съезі 1918 жылы мартта қабылдады.— *424.*

156 Бұл арада әңгіме партияның Орталық Комитетінің 1918 жылы 21 январьда (3 февральда) партия ішіндегі түрлі ағымдардың өкілдерімен өткізілген кеңесінде Германиямен бітім жасасу туралы мәселе жөніндегі дауыс беру туралы болып отыр. Бұл кеңесте социалистік мемлекет пен империалистік мемлекеттер арасында жалпы бітімнің болуы мүмкіндігіне екі «солшыл коммунист»— Осинский (Оболенский) мен Стуков қарсы дауыс берді. Ал «солшыл коммунистердің» көпшілігі дауыс берген кезде екі жақты позиция ұстады: социалистік мемлекет пен империалистік мемлекет арасында бітімнің жасалуы мүмкін деп есептей отырып, олар сөйте тұрса да Германиямен бітімге дереу қол қоюға қарсы дауыс берді (қараңыз: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917 — февраль, 1918». 1958, 190—191-беттер).— *429.*

157 В. И. Лениннің сөздері Халық Комиссарлары Советі мәжілісінің стенограммасы бойынша басылып отыр; стенограмма КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы. Стенограмманы ажыратып оқу 1962 жылы осы басылым үшін жасалды. Сөздерінің бірі (қараңыз: осы том, 438—439-беттер) 1962 жылы «Вопросы Истории КПСС» журналының 2-номерінде, 1931 жылы ажыратылып оқылған стенограммалық текст бойынша жарияланды.— *438.*

158 Бұл арада әңгіме су транспорты қызметкерлері кәсіподағының Орталық Комитеті өкілдерінің су транспортын басқаруды кәсіподақтың қолына шоғырландыру туралы ұсынысы айтылып отыр.

Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 4 марттағы мәжілісінде Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылы 27 февральда қабылданған «Теңіз және өзен сауда флотын және су қатынасын басқару туралы» қаулысына сәйкес су транспортын басқаратын коллегия құру туралы мәселе, сондай-ақ Волга мен Мариинск жүйесі затондарының жұмысшыларына жалақы төлеу туралы мәселе талқыланды. Халық Комиссарлары Советінің қаулысына сәйкес, су транспортын басқару Халық шаруашылығы жоғары советінің қарауына берілді; оның жанынан су қатынасы бөлімі құрылатын болды, бұл бөлімнің коллегиясы Халық шаруашылығы жоғары советінің, Халық Комиссарлары Советінің, су транспорты қызметкерлері кәсіподағының және халық шаруашылығы облыстық советтерінің өкілдерінен құрылуға тиіс болды.

Халық Комиссарлары Советі су транспорты қызметкерлерінің анархо-синдикалистік талаптарын қабылдамай тастады. В. И. Лениннің ұсынысы бойынша Халық Комиссарлары Со-

веті өзінің 27 февральдағы шешімінің 3-параграфы негізінде дереу коллегия құрылсын, коллегияның құрамында кәсіптік одақтар өкілдерінің саны уақытша көбейтілсін, Волга мен Мариинск жүйесі затондарының жұмысшыларына жалақы төлеу үшін дереу ақша жіберу жөнінде шаралар қолданылсын деп қаулы етті. Халық Комиссарлары Советі қаулысының негізгі пункттерін В. И. Ленин жазды (қараңыз: Лениннің XXI жинағы, 194-бет).— *438.*

159 Бұл арада Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылы 23 январьда (5 февральда) қабылданған «Сауда флотын национализациялау туралы» декреті айтылып отыр. Декрет 26 январьда (8 февральда) «Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства-ның» 18-номерінде жарияланды.— *438.*

160 *«Коммунист»*— күнделікті газет, «солшыл коммунистер» тобының фракциялық органы; 1918 жылғы 5 марттан 19 мартқа дейін «РСДРП Петербург комитеті мен Петербург округтік комитетінің органы» ретінде Петроградта шығып тұрды. Барлығы 11 номері шықты. Петроград жалпы қалалық партия конференциясының 1918 жылғы 20 марттағы қаулысы бойынша газеттің шығарылуы тоқтатылды. Конференция былай деп тапты: Петроград комитетінің «Коммунист» газетінің беттерінде баяндалған саясаты бүтіндей қате саясат болды және бұл саясат коммунистік партияның Петроград ұйымының позициясын ешбір бейнелемейді. Конференция «Коммунистің» орнына «Петроградская Правданы» Петроград партия ұйымының органы етіп жариялады.— *442.*

161 Жұмысшы және солдат депутаттарының Петроград Советі 1918 жылы 24 февральда қарар қабылдап, онда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің «қазіргі ауыр жағдайдан шығудың бірден-бір жолы» ретінде бітім жасасу қажеттігі туралы шешімін мақұлдады. Сонымен бірге Петроград Советі «майданға жөнелту үшін эшелондар ұйымдастыру жөнінде қажетті шаралардың бәрі қолданылсын» деп қаулы етті.— *446.*

162 1918 жылы 3 мартта Москвада жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Москва Советінің фабрика-завод комитеттерімен, кәсіподақтармен, аудандық Советтермен, жауапты қызметкерлермен, т. б. бас қосқан мәжілісі болды. Жиналғандардың көпшілігі бітімге қол қоюды жақтады. 4 мартта бітім туралы мәселе РСДРП(б) Москва комитетінің жиналасында талқыланды; 7 адамға қарсы 10 адамның жақтап дауыс беруі нәтижесінде бітімге қол қоюды жақтаған қарар қабылданды. Марттың 4-нен 5-не қараған түні РСДРП(б) Москва жалпы қалалық конференциясы болды. Конференцияға делегаттардан басқа көптеген жұмысшылар қатысты. Конференция көпшілік дауыспен РСДРП(б) Орталық Комитетінің бітім туралы

мәселе жөніндегі позициясын мақұлдаған қарар қабылдады.— *446.*

163 Ленин бұл арада буржуазияға қызмет етуге дағдыланып алған чиновниктер мен буржуазиялық интеллигенцияны айтып отыр (салыстырыңыз: осы том, 205—206 және 211-беттер).— *451.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Аграрная программа, [*принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП*].— В листовке: Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Спб.], тип. Центрального Комитета, [1906], стр. 1. (РСДРП).— *121.*

Большевики и германская социал-демократия.—«Новая Жизнь», Пг., 1918, № 7 (23), 11 (24) января, стр. 2.— *272.*

Бухарин, Н. И. Об оппортунистической фразе.—«Коммунист», Пг., 1918, № 1, 5 марта, стр. 2—3.— *443, 444, 445.*

«Вестник Временного Правительства», Пг., 1917, № 111 (157), 22 июля (4 августа), стр. 1—2.— *117, 311.*

Воззвание [*Верховного польского военного комитета.* 12 ноября 1917 г.].—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 230, 19 ноября, стр. 5—6.— *106.*

Всеросс. чрезв. съезд крестьянских деп. 14 ноября [*1917 г.*].— «Правда», Пг., 1917, № 190 (121), 28 (15) ноября, стр. 2.— *101.*

Всероссийский крестьянский съезд. Заседание 2 декабря [1917 г.].—«Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов», Пг., 1917, № 177, 5 декабря, стр. 2—3.— *147.*

2-й Всероссийский съезд крестьянских депутатов. Заседание Чрезвычайного крестьянского съезда 18-го ноября [1917 г.].— «Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 230, 19 ноября, стр. 5.— *105.*

**Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии.* Пол-

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

— 1917, № 209, 28 октября, стр. 1, 2.— *19, 23—28, 37, 42—43, 49, 57—58, 59, 61, 70, 73, 89, 103, 104, 110, 121, 126—127, 160—162, 242, 345—346, 352.*

— 1917, № 214, 2 ноября, стр. 1—2.— *61.*

— 1917, № 217, 5 ноября, стр. 4; № 218, 7 ноября, стр. 3—4.— *56, 59, 61, 63, 64—65.*

— 1917, № 221, 10 ноября, стр. 2.— *91, 93, 94.*

— 1917, № 223, 12 ноября, стр. 4—7.— *93, 94.*

— 1917, № 227, 16 ноября, стр. 6.— *186, 235, 242, 294—295.*

— 1917, № 230, 19 ноября, стр. 5—6.— *105, 106.*

— 1917, № 233, 23 ноября, стр. 3.— *143—144, 176.*

— 1917, № 237, 27 ноября, стр. 7.— *142—143, 157.*

— 1917, № 238, 28 ноября, стр. 1.— *132.*

— 1917, № 239, 29 ноября, стр. 1.— *144—145, 146, 149.*

— 1917, № 243, 3 декабря, стр. 4.— *144—145.*

— 1917, № 243, 3 декабря. Экстренный вып., стр. 1—2.— *338, 361.*

— 1917, № 244, 6 декабря, стр. 1—2.— *225, 235.*

— 1917, № 246, 8 декабря, стр. 2.— *225.*

— 1917, № 252, 15 декабря, стр. 1.— *182, 184, 291, 345.*

— 1917, № 253, 16 декабря, стр. 9.— *182, 184.*

— 1917, № 255, 19 декабря, стр. 4.— *236.*

— 1917, № 259, 23 декабря, стр. 4.— *220.*

«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 1 (265), 3 января, стр. 3.— *236.*

— 1918, № 2 (266), 4 января, стр. 1.— *241, 251.*

— 1918, № 5 (269), 7 января, стр. 1.— *303, 313.*

— 1918, № 8 (272), 12 января, стр. 2; № 9 (273), 13 января, стр. 2; № 10 (274), 14 января, стр. 2.— *298, 299.*

— 1918, № 14 (278), 19 января, стр. 2, 5.— *236, 338.*

— 1918, № 15 (279), 20 января, стр. 2.— *303.*

— 1918, № 16 (280), 21 января, стр. 2. — *342—343.*

— 1918, № 20 (284), 26 января, стр. 2.— *236—237.*

«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петро-

градского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 21 (285), 27 января, стр. 4.— *438.*

— 1918, № 28 (292), 19 (6) февраля, стр. 3.— *368—369.*

— 1918, № 31 (295), 22 (9) февраля, стр. 1.— *383.*

— 1918, № 33 (297), 24 (11) февраля, стр. 3.— *391, 445—446.*

«Известия Чрезвычайного Всероссийского Крестьянского Съезда», Пг., 1917, № 1, 22 ноября, стр. 1.— *107.*

Интернационал.— 422—423.

Их план. Союзники предают Польшу, Литву, Курляндию и Румынию.—«Правда», Пг., 1918, № 223 (154), 6 января (24 декабря), стр. 1.— *201.*

К народам всего мира.—«Известия Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 15, 15 марта, стр. 1. Подпись: Петроградский Совет рабочих и солдатских депутатов.— *18.*

К открытию Учредительного собрания. [Декрет СНК. 26 ноября (9 декабря) 1917 г.].—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 237, 27 ноября, стр. 7. Под общ. загл.: К выборам в Учр. собр.— *142—143, 157.*

К рабочим и солдатам Петрограда.—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 238, 28 ноября, стр. 1. Подпись: Петроградский Сов. раб. и солд. деп.— *132.*

[*Каменев, Л. Б.*] *Ю. Каменев о «выступлении».*—«Новая Жизнь», Пг., 1917, № 156 (150), 18 (31) октября, стр. 3.— *79.*

Ко всем Советам рабочих, солдатских и крестьянских депутатов. [Обращение ВЦИК ко всем Советам об организации продовольственных комиссий. 22 декабря 1917 г. (4 января 1918 г.)].—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 259, 23 декабря, стр. 4. Под общ. загл.: Всероссийский продовольственный комитет.— *220.*

«Коммунист», Пг.— *442, 444.*

— 1918, № 1, 5 марта, стр. 1—3.— *443, 444, 445, 446.*

[*Крыленко, Н. В. Почему я еду в Питер.* Воззвание].—«Правда», Пг., 1917, № 72, 16 (3) июня, стр. 1, в ст.: Ленин, В. И. Большевизм и «разложение» армии.— *401—402.*

[*Ленин, В. И.*] *Всем!*—«Рабочий и Солдат», Пг., 1917, № 20, 9 (22) ноября, стр. 2.— *93, 94.*

— *Всероссийский съезд Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов постановляет.*—«Рабочий и Солдат», Пг., 1917, № 10, 27 октября (9 ноября), стр. 1. Под общ. загл.: Совет Народных Комиссаров.— *48, 74, 78.*

— *Декларация прав трудящегося и эксплуатируемого народа.* 3 (16) января 1918 г.—«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 2 (266), 4 января, стр. 1.— *241, 251.*

— *Декрет о земле съезда Советов рабочих и с. д.* (Принят на зас. 26 окт. в 2 ч. н.).—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 209, 28 октября, стр. 1.— *23—28, 37, 42—43, 49, 59, 70, 73, 89, 103, 104, 110, 121, 126—127, 160—161, 242, 345, 352.*

— *Декрет о земле съезда Советов рабочих и солдатских депутатов (принят на заседании 26-го октября, в 2 ч. ночи).*— В кн.: [Ленин, В. И.] Материалы по аграрному вопросу. Пг., «Прибой», 1917, стр. 30—32. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *126.*

— *Декрет о мире, принятый единогласно на заседании Всероссийского съезда Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов 26 октября 1917 г.*—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1.— *13, 16, 17, 19—22, 37, 42—43, 59, 66, 70, 242.*

— *Декрет [СНК] об аресте вождей гражданской войны против революции.* 28 ноября 1917 г.—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 239, 29 ноября, стр. 1.— *144—145, 146, 149.*

— *Доклад о деятельности Совета Народных Комиссаров на Третьем Всероссийском съезде Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов 11 (24) января 1918 г.— қараңыз:* Ленин, В. И. Речь Председателя Совета Народных Комиссаров тов. Ленина на 3-м Всерос. съезде.

— [*Доклад о мире на Втором Всероссийском съезде Советов рабочих и солдатских депутатов 26 октября (8 ноября) 1917 г.*].—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 209, 28 октября, стр. 4—5. Под общ. загл.: 2-й Всероссийский съезд Совет. рабочих и солд. депутатов совместно с представителями уездных и губернских Советов крестьянских депутатов.— *19.*

[*Ленин, В. И.*] [*Заключительное слово на Чрезвычайном Всероссийском съезде Советов крестьянских депутатов 18 но-*

— *Первый этап первой революции.* (Письмо из далека; письмо 1-ое).—«Правда», Пг., 1917, № 14, 21 марта, стр. 2—3; № 15, 22 марта, стр. 2. Подпись: Н. Ленин.— *199.*

— *Постановление об образовании рабочего и крестьянского правительства — қараңыз:* Ленин, В. И. Всероссийский съезд Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов постановляет.

— *Рабочим, солдатам и крестьянам!*—«Рабочий и Солдат», Пг., 1917, № 9, 26 октября (8 ноября), стр. 1. Подпись: Всероссийский съезд Советов рабочих и солдатских депутатов. Делегаты от крестьянских Советов.— *57.*

— *Радио всем. Всем полковым, дивизионным, корпусным, армейским и другим комитетам, всем солдатам революционной армии и матросам революционного флота — қараңыз:* Ленин, В. И. Всем!

— *Резолюция о земельном вопросе, принятая на Всероссийской конференции РСДРП (большевиков) 24—29 апреля 1917 года.*— В кн.: [Ленин, В. И.] Материалы по аграрному вопросу. Пг., «Прибой», 1917, стр. 27—29. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *126.*

— *Резолюция по аграрному вопросу — қараңыз:* Ленин, В. И. Резолюция о земельном вопросе, принятая на Всероссийской конференции РСДРП (большевиков) 24—29 апреля 1917 года.

— *Резолюция, принятая на заседании ЦК РСДРП в заседании 2-го ноября.*—«Правда», Пг., 1917, № 180 (111), 17 (4) ноября, стр. 2.— *50, 51.*

— *Резолюция ЦК РСДРП(б) по вопросу об оппозиции внутри ЦК. 2 (15) ноября 1917 г.— қараңыз:* Ленин, В. И. Резолюция, принятая на заседании ЦК РСДРП в заседании 2-го ноября.

*— *Речь по аграрному вопросу.* М., Моск. подрайонный комитет печатников РСДРП, [1917]. 16 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *352.*

— *Речь Председателя Совета Народных Комиссаров тов. Ленина на 3-м Всерос. съезде.*—«Известия Центрального Исполнительного Комитета Совета Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 8 (272), 12 января, стр. 2; № 9 (273), 13 января, стр. 2; № 10 (274), 14 января, стр. 2. Под общ. загл.: Третий Всероссийский съезд Советов рабочих и солдатских депутатов.— *298.*

— *Совет Комиссаров — Раде.*—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 244, 6 декабря, стр. 1—2. Подпись: Совет Народных Комиссаров.— *225.*

[*Ленин, В. И.*] *Социалистическое отечество в опасности!* [Декрет Совета Народных Комиссаров. 21 февраля 1918 г.].— «Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 31 (295), 22 (9) февраля, стр. 1.— *383.*

— *Тезисы об Учредительном собрании.*—«Правда», Пг., 1917, № 213 (144), 26 (13) декабря, стр. 3 — *170.*

— *Тезисы по вопросу о немедленном заключении сепаратного и аннексионистского мира — қараңыз:* Ленин, В. И. К истории вопроса о несчастном мире.

— *Ультиматум большинства ЦК РСДРП(б) меньшинству.* 3(16) ноября 1917 г.— *75.*

[*Ленин, В. И. и др.*] *Разговор правительства со Ставкой по прямому проводу.*—«Рабочий и Солдат», Пг., 1917, № 20, 9 (22) ноября, стр. 2. Подписи: Ленин, Сталин, Крыленко.— *91—92.*

Лозовский, С. А. Заявление в большевистскую фракцию ЦИК.— «Новая Жизнь», Пг., 1917, № 172 (166), 4 (17) ноября, стр. 1—2.— *227.*

— *К Всероссийскому съезду профессиональных союзов.*—«Профессиональный Вестник», Пг., 1917, № 7, 10 декабря, стр. 2—3.— *227—228.*

— *Профессиональные союзы и Советская власть.*—«Профессиональный Вестник», Пг., 1917, № 8, 20 декабря, стр. 1—3.— *227—228.*

Лозунги к демонстрации — қараңыз: К рабочим и солдатам Петрограда.

Манифест от 14 марта — қараңыз: К народам всего мира.

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Святое семейство, или критика критической критики. Против Бруно Бауэра и компании. Сентябрь — ноябрь 1844 г.— *201—202.*

Маркс, К. Письмо В. Бракке. 5 мая 1875 г.— *216.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 12 апреля 1871 г.— *205.*

— *Письмо В. Либкнехту.* 6 апреля 1871 г.— *205.*

— *Письмо Ф. Энгельсу.* 12 февраля 1870 г.— *296, 297.*

Маслов, С. Л. [*Законопроект об урегулировании земельными комитетами земельных и сельскохозяйственных отношений*].— В кн.: [Ленин, В. И.] Как обманули народ социалисты-революционеры и что дало народу новое правительство большевиков. Пг., тип. «Сельского Вестника», 1917, стр. 7—15.

(Солдатская и крестьянская б-ка. № 18). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *89, 90.*

— *Правила об урегулировании земельными комитетами земельных и сельскохозяйственных отношений.*—«Дело Народа», Пг., 1917, № 183, 18 октября, стр. 4.— *90.*

Милюков, П. Н. Территориальные приобретения в России.— В кн.: Чего ждет Россия от войны. Сборник статей: Туган-Барановского, М. И. и др. С прил. 4-х географ. карт. Изд. 2-е. Пг., «Прометей», [1915], стр. 53—66.— *312.*

Нелединский-Мелецкий, Ю. А. Песня («Выйду я на реченьку...»).— *374, 376.*

«Новая Жизнь», Пг.— *52, 79, 205, 302, 329, 375.*

— 1917, № 156 (150), 18 (31) октября, стр. 3.— *79.*

— 1917, № 161 (155), 24 октября (6 ноября), стр. 1.— *182.*

— 1917, № 172 (166), 4 (17) ноября, стр. 1—2, 3.— *227.*

— 1918, № 7 (23), 11 (24) января, стр. 2.— *272.*

«Новый Луч», Пг.— *375, 392.*

О волостных комитетах.—«Газета Временного Рабочего и Крестьянского Правительства», Пг., 1917, № 4, 3 (16) ноября, стр. 1—2.— *101.*

Обвинения, выдвинутые против Совета Народных Комиссаров — қараңыз: Заседание Центр. Исполнит. Комитета С. р. и с. д.

Обращение о мире — қараңыз: Ленин, В. И. Декрет о мире, принятый единогласно на заседании Всероссийского съезда Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов 26 октября 1917 г.

Обращение Революционного Финляндского правительства к Совету Народных Комиссаров Российской Республики.—«Правда». Вечерний вып., Пг., 1918, № 13, 30 (17) января, стр. 1.— *306.*

Организационный устав Российской соц.-дем. рабочей партии, принятый на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Genève, тип. партии, [1904], стр. 7—9. (РСДРП).— *170.*

Основной закон о социализации земли. [27 января (9 февраля) 1918 г.].—«Солдатская Правда», Пг., 1918, № 25 (141), 15 (2) февраля, стр. 2; № 26 (142), 16 (3) февраля, стр. 2.— *368—369.*

Ответ Генерального секретариата Рады на ультиматум Сов. Народн. Комиссаров.—«Известия Центрального Исполнитель-

«Правда», 1917, № 14, 21 марта, стр. 2—3; № 15, 22 марта, стр. 2.— *199.*

— 1917, № 26, 7 апреля, стр. 1—2.— *255, 300, 301, 317.*

— 1917, № 72, 16 (3) июня, стр. 1.— *401—402.*

— 1917, № 180 (111), 17 (4) ноября, стр. 2.— *50, 51.*

— 1917, № 181 (112), 18 (5) ноября, стр. 2.— *57—58.*

— 1917, № 190 (121), 28 (15) ноября, стр. 2.— *101.*

— 1917, № (126) 195, 4 декабря (21 ноября), стр. 2.— *109—111.*

— 1917, № 206 (137), 18 (5) декабря, стр. 2.— *202.*

— 1917, № 213 (144), 26 (13) декабря, стр. 3.— *170.*

— 1918, № 223 (154), 6 января (24 декабря), стр. 1.— *201.*

— 1918, № 31 (257), 21 (8) февраля, стр. 2—3.— *386, 391.*

— 1918, № 34 (260), 24 (11) февраля, стр. 2—3.— *200, 269, 271, 391—392, 398, 399, 426—427, 443, 446.*

«Правда». Вечерний вып., Пг., 1917, № 16, 3 декабря (20 ноября), стр. 1.— *232.*

— Вечерний вып., Пг., 1918, № 13, 30 (17) января, стр. 1.— *306.*

— Вечерний вып., Пг., 1918, № 33, 22 (9) февраля, стр. 1.— *391.*

Предложение Л. Б. Каменева — қараңыз: Заседание ЦИК Сов. р. и с. д.

Признание независимости Финляндии. [Декрет СНК. 18 (31) декабря 1917 г.].—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 255, 19 декабря, стр. 4.— *236.*

Приказ по обороне Петрограда 1 ноября 1917 г. № 1.—«Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 214, 2 ноября, стр. 1—2.— *61.*

Примерный наказ. Составленный на основании 242 наказов, доставленных с мест депутатами на 1-й Всероссийский съезд Советов крестьянских депутатов в Петрограде в 1917 году.— «Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов», Пг., 1917, № 88, 19 августа, стр. 3—4.— *25—26, 27, 37, 49, 121, 126—127, 451.*

Программа и организационный устав партии социалистов-революционеров, утвержденные на первом партийном съезде. Изд. центрального комитета п. с.-р. Б. м., тип. партии соц.-рев., 1906. 32 стр. (Партия социалистов-революционеров).— *121, 160.*

«Солдатская Правда», Пг., 1918, № 25 (141), 15 (2) февраля, стр. 2; № 26 (142), 16 (3) февраля, стр. 2.— *368—369.*

**«Социал-Демократ»*, Женева, 1915, № 47, 13 октября, стр. 2.— *264.*

«Социал-Демократ», М., 1918, № 9, 14 (27) января, стр. 3.— *314.*

[*Телеграмма Совету Народных Комиссаров о съезде фронтового казачества в станице Каменской.* 13 января 1918 г.].—«Социал-Демократ», М., 1918, № 9, 14 (27) января, стр. 3, в отд.: По России. Под общ. загл.: Революция на Дону.— *314.*

Третий Всероссийский съезд Советов рабочих и солдатских депутатов. Заседание 12-го января.—«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 10 (274), 14 января, стр. 2.— *298, 299.*

Третий Всероссийский съезд Советов рабочих солдатских и крестьянских депутатов. (Заседание 18 января).—«Известия Центрального Исполнительного Комитета Советов Крестьянских, Рабочих и Солдатских Депутатов и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1918, № 15 (279), 20 января, стр. 2.— *303.*

Третий Всероссийский съезд Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов. Пб., 1918. 99 стр. (РСДРП).— *348.*

Условия перемирия. По прямому проводу из Брест-Литовска.— «Известия Центрального Исполнительного Комитета и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 243, 3 декабря. Экстренный вып., стр. 1—2.— *338, 361.*

Учредительное собрание. Стенографический отчет. Пг., Пятая гос. тип., 1918. 112 стр. На обл. загл.: Первый день Всероссийского Учредительного собрания.— *244—245, 282.*

Чехов, А. П. Человек в футляре.— 256, 299.

Энгельс, Ф. Письмо П. Лафаргу. 2 июня 1894 г.— *296, 297.*

Gesetz gegen die gemeingefährlichen Bestrebungen der Sozialdemokratie. Vom 21. Oktober 1878.—«Reichsgesetzblatt», Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358.— *16.*

«Reichsgesetzblatt», Berlin, 1878, Nr. 34, S. 351—358.— *16.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Абрамович, Р. (Рейн, Р. А.)* (1880—1963) — Бунд лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылы, шетелден Россияға қайтып оралғаннан кейін, интернационалист-меньшевиктердің оң қанатына қосылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті, меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, Брест бітімін жасасуға қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Л. Мартовпен бірге Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарды. 1923 жылы — оппортунистік біріккен (II) Социалистік жұмысшы Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі және оның Атқару комитеті бюросының мүшесі. 30-жылдары Америка Құрама Штаттарына қоныс аударып, онда еврейдің оңшыл социалистік «Vorwards» («Алға») газетіне жазып тұрды.— *81.*

Авилов, Н. П. (Глебов, Н.) (1887—1942) — 1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Калугада, Москвада, Уралда, Петербургте және Россияның басқа да қалаларында революциялық жұмыс жүргізді. Бірінші орыс революциясына белсене қатысушы. Талай рет қамауға алынып, жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — партияның Петроград комитеті Атқару комиссиясының мүшесі, Петроград кәсіподақтарының Орталық бюросында, онан соң ВЦСПС президиумында істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Халық Комиссарлары Советінің құрамына почта және телеграф халық комиссары болып кірді. 1918 жылдан жауапты әскери-саяси, кәсіподақ, совет және партия жұмысында болды. 1925 жылы ВКП(б) XIV съезінде «жаңа оппозицияға» қосылды, партияның XV съезінен кейін өз қателіктерімді мойындаймын және партия шешімдеріне бағынамын деп мәлімдеді.

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

1928 жылдан — Дондағы Ростовтағы ауыл шаруашылық машиналарын жасау заводының (Ростсельмаш) директоры болды.— *30.*

Авксентьев, Н. Д. (1878—1943) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинист. «За рубежом», «Новости», «Призыв» деген қорғампаздық басылымдарға жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советі Атқару комитетінің председателі; Керенскийдің екінші коалициялық үкіметінде ішкі істер министрі, кейінірек контрреволюциялық «Россия республикасы Уақытша советінің» (Предпарламенттің) председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1918 жылы —«Уфа директориясы» дегеннің председателі; одан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, онда Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді.— *100—101, 160, 161, 178, 198, 242, 251.*

Алексеев, М. В. (1857—1918) — патша армиясының генералы, атышулы монархист және контрреволюционер. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жоғарғы бас қолбасшы, одан кейін біраз уақыт бойы жоғарғы бас қолбасшы Керенскийдің штаб бастығы болды. Азамат соғысы және Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясы кезінде Солтүстік Кавказда ұйымдастырылған ақ гвардияшыл «ерікті армияны» басқарды.— *419.*

Антонов — қараңыз: Антонов-Овсеенко, В. А.

Антонов-Овсеенко, В. А. (1883—1938) — Октябрь социалистік революциясына белсене қатысушы, көрнекті совет әскери қайраткері. Революциялық қозғалыс жолына 1901 жылы түсті. 1910 жылы Парижге эмиграцияға кетіп, онда меньшевиктерге қосылды. 1914 жылдың аяғында меньшевиктерден қол үзді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист. Эмиграциядан қайтып оралғаннан кейін, 1917 жылы июньде большевиктер партиясына кірді. 1917 жылғы Октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі, Қысқы сарайға тікс шабуыл жасау басшыларының бірі. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі болып кірді. 1917 жылдың аяғында — 1918 жылдың басында калединшілдер мен Орталық радаға қарсы күрескен совет әскерлеріне қолбасшылық етті. 1918 жылы марттан майға дейін — Россияның Оңтүстігіндегі совет әскерлерінің қолбасшысы; 1919 жылы январьдан июньге дейін — Украин майданының қолбасшысы. 1922—1924 жылдары — Республиканың Революциялық-әскери советінің Саяси басқармасының бастығы. Кейінгі жылдары совет, әскери және дипломатиялық жұмыста болды. 1923—1927 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды.— *29, 229.*

Артем (Сергеев, Ф. А.) (1883—1921) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1901 жылдан партия мүшесі. Екатеринославта, Харьковта, Уралда революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет қамауға алынды. 1911 жылдың орта шенінде Австралияға эмиграцияға кетті. Эмиграцияда жүрген кезінде Австралия жұмысшы қозғалысына белсене қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келіп, большевиктер партиясының Донбастың, Харьков пен Екатеринослав губернияларының партия ұйымдарын біріктірген облыстық Комитеті бюросының секретары болды. РСДРП(б) VI съезінде Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысушы, Украинадағы контрреволюция мен неміс оккупанттарына қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі. Революциядан кейін — Донецк-Кривой Рог Совет республикасы Халық Комиссарлары Советінің председателі, Украина КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі. 1920—1921 жылдары — РКП(б) Москва комитетінің секретары, 1921 жылдан кеп жұмысшыларының Бүкіл россиялық одағы Орталық комитетінің председателі, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. Москва-Курск темір жолында аэровагонды сыннан өткізген кезде қаза тапты.— *168.*

Б

Белинский, В. Г. (1811—1848) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, әдебиет сыншысы әрі публицист, философ-материалист. Белинский крепостниктікке қарсы күреске көтерілген шаруалар бұқарасының идеологы болды. 1833—1836 жылдары «Телескоп» журналына қатысып жүрді. 1838—1839 жылдары «Московский Наблюдатель» журналын редакциялады, 1839—1846 жылдары «Отечественные Записки» журналының әдеби-сын бөлімін басқарды, 1847 жылдан «Современник» журналының қызметкері әрі идеялық басшысы болды. 1847 жылғы 3 июльде шетелде жүріп атақты «Гогольге хатын» жазды. Белинский революциялық-демократиялық эстетика мен әдеби сынның негізін қалады. Пушкин, Лермонтов, Гоголь туралы мақалаларында, 1840 жылдан 1847 жылға дейінгі орыс әдебиетіне жасаған шолуларында Белинский орыс әдебиетінің өзіне тән ерекшелігі мен ұлылығын көрсетіп, оның реализмі мен халықтығын ашып берді. Белинскийдің қызметі Россияда қоғамдық ой-пікірдің одан әрі дамуына және азаттық қозғалысының өсуіне орасан зор әсер етті.— *211.*

Боголепов, Д. П. (1885—1941) — экономист және саяси қайраткер. 1907 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1914—1915 жылдары IV Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияда істеді. 1917 жылы «Социал-Демократта», «Правдада» және басқа большевиктік газеттерде жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Финанс халық комиссариатының

коллегия мүшесі әрі халық комиссарының орынбасары. 1918 жылы —«солшыл коммунист». Кейінгі жылдары совет жұмысында және оқытушылық жұмыста болды. Финанс және экономика мәселелері жөніндегі бірқатар кітаптар мен мақалалардың авторы.— *414*.

Бухарин, Н. И. (1888—1938) — 1906 жылдан большевиктік партияда болды; Москваның әр түрлі аудандарында насихатшы болып істеді. 1911 жылы шетелге эмиграцияға кетті. 1915 жылы «Коммунист» журналына жазып тұрды, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы және басқа мәселелер жөнінде маркстік емес позиция ұстады. Партияның VI съезінде жұмысшы табы мен ең кедей шаруалардың одағын теріске шығаруды негізге ала отырып, революцияны дамытудың антилениндік схемасын ұсынды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін —«Правданың» редакторы, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерннің Атқару комитетінің мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) әуелі «аралық» позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің тобына қосылды; 1928 жылдан бастап партия ішінде оңшыл оппозицияны басқарды. 1929 жылы Орталық Комитеттің Саяси бюросынан шығарылды. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан шығарылды.— *135, 339, 340, 359, 443, 444, 445—446*.

В

Валпас-Хяннинен (Walpas-Hänninen), *Эдвард* (1873—1937) — Финляндия Социал-демократиялық партиясының мүшесі, 1905—1909 жылдары — осы партияның Атқару комитетінің председателі. 1901 жылдан 1918 жылға дейін партияның орталық органы «Työmies» («Жұмысшы») газеті редакторларының бірі болды. 1920 жылы «көтеріліс әзірледі» деп айыпталып, өмір бойы түрмеде отыруға кесілді, бірақ 1924 жылы кешірім жасалды. Кейін кәсіподақ саласындағы және журналистік жұмыста болды.— *96*.

Вийк (Wiik), *Карл Харальд* (1883—1946) — Финляндия социал-демократы. 1909 жылдан 1940 жылға дейін аздаған үзілістермен Финляндия Социал-демократиялық партиясы Атқару комитетінің мүшесі, ал 1926—1936 жылдары — сол партияның секретары болды. 1918 жылы Финляндиядағы жұмысшы революциясы кезінде революциялық үкіметтің — халық уәкілдері Советінің құрамына кірді. Сеймнің талай рет депутаты болды. Соғысқа қарсы қозғалысқа қатысқаны үшін 1941 жылы депутаттың жеке басына ешкімнің тимеу правосынан айрылып, қамауға алынды. 1941—1944 жылдары қамауда болды, 1944 жылы солшыл социал-демократтар тобын басқарып, Финляндия компартиясымен бірге, Финляндия

халқының Демократиялық одағын құруға қатысты және оның бірінші председателі болды.— *96.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941) — герман императоры және Пруссия королі (1888—1918).— *18, 22, 371, 388, 408, 447.*

Винниченко, В. К. (1880—1951) — украин беллетрист-жазушысы, буржуазиялық ұлтшыл. Ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — контрреволюциялық Украин орталық радасын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі, одан соң Петлюрамен бірге Директорияны (1918—1919 жылдарғы Украинадағы ұлтшылдық үкімет) басқарды, неміс және ағылшын-француз империалистерінің мүдделеріне кезек қызмет етті. Украинада Совет өкіметі орнағаннан кейін — ақ эмигрант.— *194.*

Владимиров (Шейнфинкель), М. К. (1879—1925) — социал-демократ, большевик, 1903 жылдан РСДРП мүшесі. Патша үкіметінің жазалауларына ұшырады. Эмиграцияда болды. 1911 жылы большевиктерден қол үзді, кейіннен «За Партию» газетін шығарып тұрған плехановшылдардың Париж тобына кірді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Троцкийдің Париждегі «Наше Слово» газетіне қатысып тұрды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Россияға қайтып келді, ауданаралықшылар қатарында болды. Солармен бірге VI съезде большевиктер партиясына алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Петроград қалалық азық-түлік басқармасында және Азық-түлік халық комиссариатында істеді, 1921 жылы — Украинаның азық-түлік халық комиссары, 1922 жылы — РСФСР финанс халық комиссары, 1924 жылғы ноябрьден — СССР Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары болды.— *331.*

Воинов, И. А. (1884—1917) — 1909 жылдан РСДРП мүшесі, большевик, «Звезда» және «Правда» газеттерінің қызметкері және белсенді тілшісі. Ярославль губерниясындағы кедей-шаруа семьясынан шыққан. Петербургке келгеннен кейін кәсіпорындарда, Николай (қазіргі Октябрь) темір жолында жұмыс істеді, темір жолдағы большевиктік ұйыммен байланысты болды. Талай рет тұтқынға алынып, полицияның ашық бақылауымен жер аударылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Петроградқа қайтып келіп, «Правда» басылатын «Труд» баспаханасында жұмыс істеді, газетке корреспонденциялар жазып тұрды. 6(19) июльде «Листок «Правды»» газетін таратып жүрген кезінде казактар мен юнкерлер Шпалерная көшесінде (қазіргі Воинов көшесі) өлтіріп кетті.— *150.*

Воровский, В. В. (1871—1923) — профессионал революционер, большевиктік партияның көрнекті қайраткері, аса көрнекті совет

дипломаты, публицист және әдебиет сыншысы. Революциялық қызметін 1890 жылдан бастады. 1902 жылы лениндік «Искрада» қызмет істеді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. 1905 жылы В. И. Ленинмен, М. С. Ольминскиймен және А. В. Луначарскиймен бірге «Вперед» және «Пролетарий» газеттерінің редакция құрамында болды. 1905 жылдың аяқ кезінен бастап большевиктердің Петербург ұйымында және большевиктік «Новая Жизнь» газетінің редакциясында істеді. 1907 жылдан 1912 жылға дейін Одессаның большевиктік ұйымына басшылық етті. Белсенді революциялық қызметі үшін қамауға алынды, айдауда болды. 1915 жылы Стокгольмге кетті, ал 1917 жылы, В. И. Лениннің ұсынысы бойынша, РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет республикасының Скандинавия елдеріндегі (1917—1919), Италиядағы (1921—1923) уәкілетті өкілі болды. Генуя және Лозанна конференцияларына қатысты. 1923 жылы 10 майда Лозаннада ақ гвардияшының қолынан қаза тапты.— *321.*

Г

Ганнибал (Hannibal), *Барка* (біздің заманымыздан бұрынғы 247—183) — Карфаген қолбасшысы. Римдіктерге қарсы күресте бірқатар жеңістерге жеткен, әсіресе біздің заманымыздан бұрынғы 216 жылы Канны түбінде ірі жеңіске жетті.— *435.*

Гинденбург (Hindenburg), *Пауль* (1847—1934) — герман әскери және мемлекет қайраткері, генерал-фельдмаршал, герман империализмінің реакциялық және шовинистік элементтерінің өкілі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — Шығыс майдандағы герман армиясының қолбасшысы, одан соң — бас штабтың бастығы. Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясын басуға қатысты. 1925—1934 жылдары — Веймар республикасының президенті. 1933 жылы Гитлерге үкімет құруды тапсырды, сөйтіп ресми түрде бүкіл өкімет билігін түгелдей фашистердің қолына берді.— *447.*

Глебов, Н.— қараңыз: Авилов, Н. П.

Гольдендах, Д. Б.— қараңыз: Рязанов, Д. Б.

Гольдман, М. И.— қараңыз: Либер, М. И.

Грушевский, М. С. (1866—1934) — украин тарихшысы, украин буржуазиялық-ұлтшылдық қозғалысы көсемдерінің бірі. 1917 жылы мартта украин эсерлер партиясына кірді. 1917—1918 жылдары контрреволюциялық Украин орталық радасының председателі болды. Неміс оккупанттары Украинадан қуылғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті. 1924 жылы Киевке келуге рұқсат алып, Украин ССР Ғылым академиясында жұмыс істеді.— *194.*

Гуковский, И. Э. (1871—1921) — революциялық қызметін 1898 жылдан бастады, большевик. Петербург пен Бакудың социал-демократиялық ұйымдарында жұмыс істеді. 1905 жылы большевиктік «Новая Жизнь» газетінің секретары болды, онан соң шетелге эмиграцияға кетті. 1907 жылы Россияға қайтып оралғаннан кейін Москвада жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — финанс халық комиссары, одан кейін РСФСР-дің Эстониядағы уәкілетті өкілі.— *137—138.*

Гурвич, Ф. И.— қараңыз: Дан, Ф. И.

Гучков, А. И. (1862—1936) — ірі капиталист, октябристер («17 октябрь одағы») партиясының ұйымдастырушысы және лидері. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Орталық әскери-өнеркәсіп комитетінің председателі және қорғаныс жөніндегі Ерекше кеңестің мүшесі болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамының әскери және теңіз министрі. 1917 жылы августа Корнилов бүлігін ұйымдастыруға қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; ақ эмигрант.— *318.*

Д

Дан (Гурвич), Ф. И. (1871—1947) — меньшевиктер лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді.— *198, 269.*

Джугашвили, И. В.— қараңыз: Сталин, И. В.

Дзержинский, Ф. Э. (1877—1926) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері, 1895 жылдан партия мүшесі, Польша мен Литва социал-демократиясын ұйымдастырушылардың бірі. Польшада және Россияда партиялық жұмыс жүргізді. Бірінші орыс революциясы жылдарында поляк пролетариатының күресіне белсене қатысты және оның басшыларының бірі болды. Талай рет патша үкіметінің жазалауларына ұшырады: 11 жылдан астам уақыт түрмеде, каторгада және айдауда болды. Партияның IV съезінен бастап РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Москвада партиялық жұмыс

жүргізді. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің және партияның Орталық Комитеті құрған көтеріліске басшылық ету жөніндегі Әскери-революциялық орталықтың мүшесі. Революция жеңгеннен кейін контрреволюциямен және саботажбен күресу жөніндегі Бүкіл россиялық төтенше комиссияның (ВЧК) председателі болды. 1918 жылдың басында Брест бітімін жасасу туралы мәселе жөнінде қате позицияда болды. 1921 жылы Бүкіл россиялық төтенше комиссия председателі және ішкі істер халық комиссары қызметтерін атқарумен қатар, қатынас жолдары халық комиссары болып тағайындалды, 1924 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1924 жылғы июньнен — РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат және РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мүшесі.— *165—167.*

Дридзо, С. А.— қараңыз: Лозовский, С. А.

Дутов, А. И. (1864—1921) — патша армиясының полковнигі, Оренбург казак әскерлерінің атаманы; казак контрреволюциясы басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктермен және эсерлермен бірге Оренбургте «Отанды және революцияны қорғап қалу комитетін» құрды, бұл комитет ноябрь айының орта шенінде казактар арасында мобилизация жүргізіп, Әскери-революциялық комитеттің мүшелерін тұтқындап, өкімет билігін өз қолына алды. 1918 жылы 18(31) январьда Қызыл гвардия отрядтары Дутовты Оренбургтан қуып шықты. 1918—1919 жылдары Колчактың қарауында Оренбург жеке казак армиясының қолбасшысы болды. Колчак әскерлері талқандалганнан кейін өз бөлімдерінің қалдықтарымен бірге 1920 жылы мартта Қытай шекарасына өтті.— *342, 347.*

Духонин, Н. Н. (1876—1917) — патша армиясының генералы, монархист. 1917 жылы сентябрьде буржуазиялық Уақытша үкімет оны жоғарғы бас қолбасшының штаб бастығы етіп тағайындады. Октябрь социалистік революциясынан кейін өзін жоғаргы бас қолбасшымын деп жариялап, Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық бүлік ұйымдастыруға тырысты. Халық Комиссарлары Советінің бітім шартын жасасу мақсатында соғысып жатқан елдермен дереу уақытша бітім жасасу және келіс сөздер бастау туралы 1917 жылғы 7(20) ноябрьдегі бұйрығын орындаудан бас тартқаны үшін қызметінен алынып, Ставкада қамауға алынды. Көтеріліс жасаған солдаттар өлтірді.— *83, 84—85, 86, 87—88, 91, 93—94, 101, 106, 150.*

Дыбенко, П. Е. (1889—1938) — совет әскери және мемлекет қайраткері. 1912 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында әскерлер арасында революциялық және насихат жұмысын жүргізді. Белсенді революциялық қызметі үшін талай рет қамауға алынды. 1917

жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Балтық флоты Орталық комитетінің (Центробалттың) председателі болды, Балтық флотын 1917 жылғы октябрьдегі қарулы көтеріліске әзірлеуге белсене атсалысты. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі болып кірді. 1918 жылғы октябрьден бастап азамат соғысы аяқталғанға дейін Украин, Оңтүстік, Кавказ және басқа майдандарда Қызыл Армия бөлімдері мен құрамаларына қолбасшылық етті. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін Қызыл Армияда командирлік қызметтерде болды.— *29.*

Е

Елизаров, М. Т. (1862—1919) — профессионал революционер, большевик, советтің мемлекет қайраткері. 1893 жылдан РСДРП мүшесі. Петербургте, Москвада және Поволжьеде партиялық жұмыс жүргізді. Бірінші орыс революциясына белсене қатысушы; теміржолшылардың 1905 жылғы жаппай ереуілін басқарушылардың бірі. Талай рет қамауға алынып, жер аударылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — қатынас жолдары халық комиссары, онан соң Сауда және өнеркәсіп халық комиссариатының коллегия мүшесі.— *328.*

З

Закс, Г. Д. (1882—1937) — эсер, 1917 жылы солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Октябрь социалистік революциясы кезінде Әскери-революциялық комитеттің мүшесі және Төтенше тергеу комиссиясының мүшесі, одан соң — Петроград қалалық думасы председателінің орынбасары болды. 1917 жылғы декабрьден — ағарту халық комиссарының орынбасары, Бүкіл россиялық төтенше комиссия председателінің орынбасары. Солшыл эсерлердің бүлігінен (июль, 1918 ж.) және солшыл эсерлер партиясы жікке бөлінгеннен кейін «халықшыл-коммунистер» партиясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1918 жылы ноябрьде большевиктер партиясына кірді. Азамат соғысына қатысушы; одан кейін әскери қызметте және совет жұмысында болды.— *64.*

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияда болды. 1908 жылдан 1917 жылғы апрельге дейін эмиграцияда болды, «Пролетарий» газетінің және партияның Орталық Органы — «Социал-Демократтың» редакцияларына кірді. РСДРП V съезінен бастап — партияның Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті; қарулы көтеріліске қарсы шықты. Каменевтің өз атынан және Зиновьев-

тің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялауы партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің председателі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі; 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракцияшылдық әрекеттері үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателіктерін мойындағандығы туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *75—76, 78, 79—80, 273, 373, 411, 412.*

И

Измайлов, Н. Ф. (1891—1971) — Балтық флотының матросы. 1917 жылғы июльден большевиктер партиясының мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы және солдат депутаттары Кронштадт Советінің 1-құрамында мүшесі болып сайланды. 1917 жылы июньде Балтық флоты Орталық комитетіне (Центробалт) сайланды, кейінірек оның председателінің орынбасары және председателі болды. 1918 жылы 5(18) февральда Балтық флотының бас комиссары болып бекітілді. 1918 жылы майда Теңіз шаруашылығы бас басқармасының комиссары болып тағайындалды. Бұдан кейінгі жылдары Совет Әскери-теңіз флотында жауапты қызметтер атқарды.— *35—36.*

Иоффе, А. А. (1883—1927) — совет дипломатиясының көрнекті қайраткері. 90-жылдардың аяқ шенінен бастап социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. 1908 жылдан бастап Троцкиймен бірге Венада «Правда» газетін шығарды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін ауданаралықшылар тобына кірді, жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. РСДРП(б) VI съезінде ауданаралықшылармен бірге большевиктер партиясына қабылданып, Орталық Комитетке сайланды. 1917 жылғы октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1918 жылы — «солшыл коммунист». Брест келіс сөздері кезінде совет бітім делегациясының председателі, одан кейін делегация мүшесі, ал соңғы ке-

зеңінде — консультант болды. Бұдан кейінгі жылдары дипломатиялық жұмыста болды. 1925—1927 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды.— *354, 358, 360, 411, 412.*

К

Каледин, А. М. (1861—1918) — патша армиясының генералы, Донның казак атаманы. 1917 жылы августа Москва мемлекеттік кеңесінде революцияны басып-жаншудың кең программасын баяндап сөз сөйледі. Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Дондағы казак контрреволюциясы басшыларының бірі, ақ гвардияшыл «ерікті армияны» құруға қатысты, казактардың бүлігіне басшылық етті. 1918 жылы январьда майдандағы жеңілістерге байланысты өзін өзі атып өлтірді.— *12, 45—46, 56, 57, 81, 145, 150, 152, 194—195, 225, 229, 245, 257, 285, 287, 307, 315—316, 327, 341, 342, 344, 347, 419.*

Каляев, И. П. (1877—1905) — эсерлер партиясы жауынгерлік ұйымының мүшесі. Бірқатар террорлық әрекеттерге қатысты, 1905 жылы 4(17) февральда Москваның генерал-губернаторы ұлы князь Сергей Александровичті (II Николайдың ағасын) өлтірді. 10(23) майда Шлиссельбургте жазаланып өлтірілді.— *386.*

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияның мүшесі. «Пролетарий» және «Правда» газеттерінің редакцияларына кірді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде оз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады; бұл партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы —«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қыз-

меті үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *45, 75—76, 78, 79, 94, 135—136, 373.*

Камков, (Кац), Б. Д. (1885—1938) — эсерлер партиясының мүшесі. Солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың және оның лидерлерінің бірі. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, герман елшісі Мирбахты өлтірудің инициаторларының және Москвада солшыл эсерлердің бүлігін ұйымдастырушылардың бірі болды. Контрреволюциялық қызметі үшін тұтқынға алынды және Әскери трибунал соттады. Кейін статистика саласында жұмыс істеді.— *77.*

Карахан, Л. М. (1889—1937) — совет дипломаты. Революциялық қозғалыс жолына 1904 жылы түсті. 1913 жылы Петербургте РСДРП-ның ауданаралық ұйымына кірді. 1915 жылдың күзінде қамауға алынып, Томскіге жер аударылды. Петроградқа қайтып оралған соң, 1917 жылғы июль күндерінен кейін большевиктер партиясына кірді. Август — сентябрьде жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің президиум мүшесі жәпе секретары, Әскери-революциялық комитеттің мүшесі болды. 1917—1918 жылдары — Брестегі совет бітім делегациясының секретары және мүшесі. Бұдан кейінгі жылдары жауапты дипломатиялық жұмыста: сыртқы істер халық комиссарының орынбасары, Қытайда уәкілетті өкіл, Түркияда елші болды.— *411.*

Карелин, В. А. (1891—1938) — солшыл эсерлер партиясын ұйымдастырушылардың бірі және оның Орталық комитетінің мүшесі. 1917 жылы декабрьде Халық Комиссарлары Советінің құрамына мемлекеттік мүліктер халық комиссары болып кірді; 1918 жылы — Брестегі совет бітім делегациясының мүшесі. 1918 жылы мартта Брест бітіміне қол қойылуына байланысты Халық Комиссарлары Советінің құрамынан шықты. 1918 жылғы июльдегі солшыл эсерлер бүлігін басқарушылардың бірі болды. Бүлік басып-жаншылғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *56, 77.*

Карпов — қараңыз: Ленин, В. И.

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Эн-

гельс оны қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары, оппортунизм позициясына көшті. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революцияға және жұмысшы табының диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы», «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады.— *110.*

Кац, Б. Д.— қараңыз: Камков, Б. Д.

Керенский, А. Ф. (1880—1970) — эсер. IV Мемлекеттік думаның депутаты. Думада біраз уақыт трудовиктер тобына қосылды, оның председателі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — барып тұрған социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің юстиция министрі, әскери және теңіз министрі, одан кейін министр-председателі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда антисоветтік насихат жүргізді.— *12, 33, 37, 42, 50, 56, 57, 59, 70, 81, 92, 119, 122, 142, 144, 172, 198, 242, 243, 251, 255, 256, 282, 285, 287, 301, 305, 307, 313, 314, 317, 318, 319—320, 322, 327, 329, 346, 374, 387—388, 401, 419, 422.*

Клемансо (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. 1876 жылдан — депутаттар палатасының мүшесі. 1906—1909 жылдары француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — барып тұрған шовинист. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо тағы да француз үкіметін басқарды, елде әскери диктатура режимін орнатты. Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны ұйымдастырушылардың және оған дем берушілердің бірі болды, Совет республикасын «экономикалық қоршауға» алуға және тұншықтыруға әрекет жасады. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеді.— *92.*

Колегаев, А. Л. (1887—1937) — 1906 жылдан эсерлер партиясының мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эсерлердің сол қанатына қосылды. 1917 жылы декабрьде Халық Комиссарлары Советінің құрамына егіншілік халық комиссары болып енді. 1918 жылы мартта Брест бітіміне қол қойылуына байланысты Халық Комиссарлары Советінің құрамынан шықты. Солшыл эсерлер бүлігі басып-жаншылғаннан кейін эсерлер партиясынан қол үзіп, 1918 жылы ноябрьде большевиктер партиясына кірді. Оңтүстік майданның жабдықтау бөлімінің бастығы және майданның Революциялық-әскери советінің мүшесі болды. 1920 жылы Қатынас жолдары халық комиссариатының коллегия мүшесі болды; 1921 жылдан — шаруашылық жұмыста.— *64—65.*

Корнилов, Л. Г. (1870—1918) — патша армиясының генералы, монархист. 1917 жылғы июль — августа — орыс армиясының жоғарғы бас қолбасшысы. Августа контрреволюциялық бүлікті басқарды. Бүлік басып-жаншылғаннан кейін қамауға алынып, түрмеге отырғызылды, одан қашып шығып, Донға барды да, ақ гвардияшыл «ерікті армияны» ұйымдастырушылардың бірі, ал кейін оның қолбасшысы болды. Екатеринодар түбінде болған ұрыстарда оққа ұшты.— *38, 45, 81, 144, 150, 198, 282, 419.*

Коцюбинский, Ю. М. (1895—1937) — 1913 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1916 жылдан патша армиясында болып, солдаттар арасында революциялық және насихат жұмысын жүргізді. Октябрь социалистік революциясы кезінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі, Қысқы сарайға тіке шабуылға қатысушы. 1917 жылы декабрьде Украина Советтерінің I съезінде Украин Жұмысшы-Шаруа Республикасы Халықтық секретариатының құрамына сайланып, әскери істер жөніндегі халықтық секретарьдың орынбасары болып тағайындалды. 1918 жылы 16(29) январьда Украин Республикасы әскерлерінің бас қолбасшысы болып тағайындалды. Кейін жауапты партия, совет жұмыстарында және дипломатиялық жұмыста болды.— *341.*

Красин Л. Б. (1870—1926) — профессионал революционер, советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, партияның Орталық Комитетіне кооптацияланды, онда бірсыпыра уақыт меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. Бірінші орыс революциясына белсене қатысты. РСДРП III және IV съездерінде РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі, V съезде Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Біраз уақыт антипартиялық «Вперед» тобында болды; кейінірек саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастырушылардың

бірі, содан соң Халық шаруашылығы жогары советі Президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп, қатынас жолдары халық комиссары. 1919 жылдан дипломатиялық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда халық комиссары және сонымен қатар 1921—1923 жылдарда Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді. 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкіл.— *412.*

Краснов, П. Н. (1869—1947) — патша армиясының генералы, 1917 жылғы августағы Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. 1917 жылы октябрьдің аяғында антисоветтік бүлік кезінде Керенский Петроградқа аттандырған казак отрядтарының командирі болды. 1918—1919 жылдары Дондағы ақ казак армиясын басқарды. 1919 жылы шетелге қашып барып, онда контрреволюциялық антисоветтік әрекетін тоқтатпады. 1941—1945 жылдары гитлершілдерге қызмет етті. Тұтқынға алынып, СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімі бойынша дарға асылды.— *56.*

Крыленко, Н. В. (1885—1938) — 1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі, советтің көрнекті мемлекет қайраткері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Солдатская Правда» газетінде істеді, РСДРП(б)-ның майдандағы және тылдағы әскери ұйымдарының Бүкіл россиялық конференциясына қатысты. Советтердің Бүкіл россиялық I съезінің делегаты. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі ретінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына енді, кейінірек — жоғарғы бас қолбасшы. 1918 жылдан советтік юстиция органдарында — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Жоғарғы революциялық трибуналының председателі, юстиция халық комиссарының орынбасары, Республика прокуроры болып істеді; 1931 жылдан — РСФСР Юстиция халық комиссары, ал 1936 жылдан — СССР Юстиция халық комиссары. Партияның XV және XVI съездерінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды.— *29, 85, 86, 87, 88, 91, 102, 262—263, 272, 401—402.*

Куусинен, О. В. (1881—1964) — Финн және халықаралық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1905 жылы Финляндия Социал-демократиялық партиясына кірді, көп кешікпей оның революциялық сол қанатын басқарды. 1906—1908 жылдары «Социалистический Журналдың» редакторы, 1907 жылдан 1916 жылға дейін социал-демократиялық партияның орталық органы «Työmies» («Жұмысшы») газетінің редакторы. 1908 жылдан 1917 жылға дейін сеймнің депутаты болып талай рет сайланып, парламенттегі социал-демократиялық фракцияның лидері болды. 1918 жылы Финляндиядағы жұмысшы революциясы басшыларының бірі, революциялық үкіметтің мүшесі болды. Куусинен — Финляндия Коммунистік партиясының (1918) негізін салушы-

лардың бірі, Коминтерннің барлық конгрестеріне (II конгресінен басқасына) қатысушы. Коминтерннің III конгресінде Атқару комитетінің мүшесі болып сайланды; 1921 жылдан 1939 жылға дейін — Коминтерн Атқару комитеті секретарьларының бірі. 1940 жылдан — СССР Жоғарғы Советінің депутаты. Карель-Фин ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі болды. 1941 жылдан КПСС Орталық Комитетінің мүшесі. 1957 жылғы июньнен — КПСС Орталық Комитетінің секретары және Президиум мүшесі. 1958 жылы СССР Ғылым академиясының мүшесі болып сайланды. Куусинен — КПСС тарихы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. 1961 жылы 80 жасқа толуына байланысты оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.— *96*.

Л

Ларин, Ю. (Лурье, М. А.) (1882—1932) — социал-демократ. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздар лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде центристерге қосылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды. Совет және шаруашылық ұйымдарында жұмыс істеді.— *75—76*.

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Карпов, Ленин, Н.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *23—24, 29, 36, 43, 49, 50, 51, 59, 62, 64, 72, 74, 86, 87, 88, 90, 91—92, 93, 94, 95, 96, 99, 109, 110—111, 126—127, 132, 133, 135—136, 138, 147, 157, 169, 239, 240, 244, 253—254, 255, 256, 259, 269, 270, 271, 277, 280, 286, 292—294, 295, 300, 301—302, 309, 317, 319, 320, 321, 328—329, 340, 341, 352, 354, 365, 372, 378, 386, 390, 391—392, 394—395, 398, 399, 402, 403—404, 407, 410, 426—427, 437, 439—440, 442, 443—444, 446*.

Либер (Гольдман), М. И. (1880—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; меньшевиктік позицияда болды, коалициялық үкіметті жақтады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды. Кейін шаруашылық жұмыста болды.— *198*.

Либкнехт (Liebknecht), *Карл* (1871—1919) — герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, неміс социал-демократиясының сол қанаты басшыларының бірі; кәсібі жөнінен адвокат. Социал-демократияның қатарында

оппортунизм мен милитаризмге қарсы белсене күресті. 1912 жылы рейхстагтың депутаты болып сайланды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында революциялық-интернационалистік позицияда болды. К. Либкнехт «Интернационал» тобын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак», одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1916 жылы антимилитаристік насихат жүргізгені үшін каторгаға кесілді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды. «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісі басшыларының бірі болды. Көтерілісті басып-жанышқаннан кейін контрреволюционерлер оны айуандықпен өлтірді. К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализммен сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар, 28-том, 444-бет).— *63, 341, 371, 417, 420, 423.*

Линде, Ф. Ф. (1881—1917) — бірінші сайланған жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі; 1917 жылғы апрель күндерінде солдат демонстрацияларына қатысушы. Кейінірек — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Оңтүстік-Батыс майдандағы комиссары, мұнда солдаттарды ұрысқа шығуға үгіттеп жүрген кезінде өлтірілді.— *318.*

Ллойд Джордж (Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945) — ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Англия үкіметінің дүние жүзілік империалистік соғысты әзірлеудегі саяси бағытын белгілеуде көрнекті роль атқарды. Арбау, алдау арқылы, жұмысшыларға уәде беру арқылы Англияда жұмысшы табының революциялық партиясын құрғызбауға тырысты. «Ллойд-Джордж буржуазияға ғажап қызмет көрсетіп отыр және оған нақ жұмысшылардың *арасында* қызмет көрсетіп, *нақ* пролетариаттың ішінде, бұқараны моральдық жағынан өзіне бағындыру бәрінен гөрі керек, бәрінен гөрі қиынырақ жерде буржуазияның ықпалын жүргізіп отыр» деп жазды Ленин (Шығармалар толық жинағы, 30-том, 198-бет). 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позицияларын нығайтуға тырысып бақты, отар және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын қаталдықпен басып-жаншып отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы соғыс интервенциясы мен блокаданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі. 1922 жылы, бірқатар саяси сәтсіздіктерден кейін, отставкаға шықты, бірақ өмірінің соңғы күндеріне дейін саяси ықпалын белгілі дәрежеде сақтап келді.— *201.*

Лозовский (Дридзо), С. А. (1878—1952) — 1901 жылдан РСДРП мүшесі. Бірінші орыс революциясына қатысушы. Қамауға алынып, жер аударылды. 1909 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда тұрып, ымырашыл-большевиктер тобына қосылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Француз социалистік партиясында және кәсіподақтарда интернационалистік топтар құруға атсалысты. 1917 жылы июньде Россияға қайтып оралды; Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық III конференциясында (июль, 1917 ж.) ВЦСПС секретары болып сайланды. 1917 жылы декабрьде партияның саясатына қарсы шыққаны үшін РСДРП(б) қатарынан шығарылды. Кейін интернационалист социал-демократтар тобын басқарды, осы топтың құрамында 1919 жылы декабрьде РКП(б) қатарына қайтадан алынды. 1920 жылы кәсіподақтардың Москва губерниялық советінің председателі болды. 1921 жылдан 1937 жылға дейін — Профинтерннің бас секретары; одан соң Мемлекеттік әдебиет баспасының директоры. 1939—1946 жылдары СССР сыртқы істер халық комиссарының (кейін министрінің) орынбасары. Партияның XV съезінен бастап — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, XVIII съезде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.— *227—228.*

Ломов, А. (Оппоков, Г. И.) (1888—1938) — 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі, профессионал революционер, кейіннен советтің мемлекет қайраткері. Петербургте, Иваново-Вознесенскіде, Москвада, Саратовта партиялық жұмыс жүргізді. Патша үкіметі талай рет жазалады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва облыстық бюросының және Москва комитетінің мүшесі. 1917 жылғы октябрь күндерінде — Москва әскери-революциялық комитетінің мүшесі, жұмысшы депутаттары Москва Советі председателінің орынбасары. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде юстиция халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына кірді. 1918 жылы — «солшыл коммунист». Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының мүшесі және председателінің орынбасары, СССР Жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, Украина КП(б) Орталық Комитетінің және Саяси бюросының мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат және мүшесі болды.— *30, 340, 414, 445, 446.*

Луначарский, А. В. (1875—1933) — профессионал революционер, советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая Жизнь» газеттері редакцияларының құрамына кірді. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен жанастыру жөнінде талап қойды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде интернационализм позициясында болды. 1917 жылы Россияға қайтып келген соң Луначарский «ауданаралықшылар» тобына кірді, со-

көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер).— *201—202, 205, 216, 296, 297.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *52, 81.*

Маслов, С. Л. (1873 ж. туған) — оңшыл эсер. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Советі Атқару комитетінің мүшесі. Сентябрьден бастап — буржуазиялық Уақытша үкіметте егіншілік министрі. Әуелінде жерді социализациялауды жақтаған Маслов 1917 жылы жерге помещиктік меншіктің сақталуын ғана емес, сонымен бірге «арендаға алған жерлері» үшін шаруалар төлейтін ақының «әділ» баға бойынша помещиктердің қалтасына түсуін де жақтаған заң жобасын ұсынды. В. И. Ленин бұл жобаны «эсерлер партиясының шаруаларға барып тұрған опасыздығы», шаруаларды алдау деп атады.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Маслов шаруашылық ұйымдарда және ғылыми мекемелерде жұмыс істеді. Аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. В. И. Ленин 1921 жылы Масловтың «Шаруалар шаруашылығы» деген кітабын қатты сынға алды.— *90, 160, 161.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының идеологы, тарихшы және публицист. 1905 жылы октябрьде кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, одан соң осы партияның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы —«Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думаларға депутат. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беру саясатын жүргізді. 1917 жылғы августа — Корнилов бүлігіне дем берушілердің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері.— *57, 312, 318.*

Милютин, В. П. (1884—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылдан бастап қатысты, әуелі меньшевиктерге қосылды, 1910 жылдан — большевик. Курскіде, Москвада, Орелде,

Петербургте және Тулада партиялық жұмыс жүргізді, талай рет жазалауға ұшырады. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде егіншілік халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады және партияның саясатымен келіспейтіндігі туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. 1918—1921 жылдары — Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, одан соң басқа да жауапты совет және шаруашылық жұмыста болды; партияның Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат және Орталық бақылау комиссиясына мүше болып сайланды.— *29, 78, 135—136.*

Михайлов — 1917 жылы Финляндия армиясының, флотының және жұмысшыларының облыстық комитеті әскери бөлімінің председателі.— *34—35.*

Муравьев, М. А. (1880—1918) — патша армиясының офицері. Октябрь социалистік революциясынан кейін солшыл эсерлерге қосылды. Керенский Петроградқа шабуыл жасаған кезде қаланы қорғау жөніндегі бас қолбасшы болып тағайындалды. 1918 жылдың бас кезінде Украин орталық радасы мен Калединге қарсы қимыл жасаған әскерлерге қолбасшылық етті. 1918 жылы июльде Шығыс майданы әскерлерінің қолбасшысы болып жүріп, Совет өкіметіне опасыздық жасады, әскерлер арасында бүлік шығаруға тырысты. Оның бұл арандатуы әшкереленді және жойылды. Қамауға алар кезде Муравьев қарулы қарсылық көрсеткендіктен атып өлтірілді.— *61.*

Н

I Наполеон (Бонапарт) (1769—1821) — 1804—1814 және 1815 жылдарда Францияның императоры.— *408—409, 432, 447, 448.*

Невский, В. И. (1876—1937) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі, профессионал революционер, большевик. Доңдағы Ростовта, Москвада, Петербургте, Воронежде, Харьковта және басқа қалаларда партиялық жұмыс жүргізді. Бірнеше рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Петербург комитетінің және Орталық Комитетінің жанындағы Әскери ұйымды ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды. Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты, Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет, партия жұмыстарында және ғылыми жұмыста болды: қатынас жолдары халық комиссары, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті председателінің орынбасары, Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік универси-

О

1923 жылдары — егіншілік халық комиссарының орынбасары; 1926 жылдан — СССР Орталық статистика басқармасының басқарушысы; одан кейін басшы партиялық және әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды.— *340, 444.*

П

Петровский, Г. И. (1878—1958) — революциялық жұмысшы қозғалысына ертеден қатысушылардың бірі, большевик, советтің көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1897 жылдан РСДРП мүшесі. Бірінші орыс революциясы кезінде Екатеринославта (қазір Днепропетровск) жұмысшы қозғалысы басшыларының бірі болды. Екатеринослав губерниясының жұмысшыларынан IV Мемлекеттік думаға депутат, Думадағы большевиктік фракцияға кірді. 1914 жылы ноябрьде империалистік соғысқа қарсы бағытталған революциялық қызметі үшін басқа да большевик-депутаттармен бірге тұтқынға алынып, 1915 жылы Туруханск өлкесіне қоныстануға жер аударылды. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. 1917—1919 жылдары — РСФСР ішкі істер халық комиссары, 1919 жылдан 1938 жылға дейін Бүкіл украиндық Орталық Атқару Комитетінің председателі, СССР құрылғаннан кейін — СССР Орталық Атқару Комитеті председательдерінің бірі, 1938—1940 жылдары — СССР Жоғарғы Советі Президиумы председателінің орынбасары. 1926—1939 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат. 1940 жылдан — СССР Мемлекеттік Революция музейі директорының орынбасары.— *413.*

Пешехонов, А. В. (1867—1933) — буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдары — либерал халықшыл; «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-монархиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне жазып тұрды. 1906 жылдан бастап — ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі, 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап — ақ эмигрант.— *199, 205.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалис-

тік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келген ол қорғампаз-меньшевиктердің «Бірлік» дейтін барып тұрған оңшыл тобын басқарды, большевиктерге, социалистік революцияға қарсы шықты, социализмге көшу үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін Ленин жоғары бағалады; сонымен бірге ол марксизмнен шегінгені және саяси қызметтегі ірі қателіктері үшін Плехановты қатты сынады.— *196, 197—198, 200.*

Подбельский, В. Н. (1887—1920) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің қайраткері. 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Тамбовта, одан соң Москвада партиялық жұмыс жүргізді. Революциялық қызметі үшін талай рет қамауға алынып, жер аударылды. Францияда эмиграцияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП(б) Москва комитетінің мүшесі, «Социал-Демократ» газетінің редакциясында жұмыс істеді. Москвада Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысушы, Москва Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1917 жылы октябрьде Москва мен Москва облысының почта және телеграф комиссары. 1918 жылғы майдан — РСФСР почта және телеграф халық комиссары.— *390.*

Подвойский, Н. И. (1880—1948) — Россиядағы революциялық қозғалыстың көрнекті қайраткері, партиялық және әскери қызметкер. 1901 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Украинада, Иваново-Вознесенскіде, Ярославльде, Костромада, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет қамауға алынып, түрмеде отырды. Бірінші орыс революциясына белсене қатысушы. 1912—1914 жылдары большевиктік «Звезда» және «Правда» газеттерін ұйымдастыруға және олардың жұмысына атсалысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП(б) Петербург комитетінің мүшесі, РСДРП(б) Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің жанындағы Әскери ұйымды ұйымдастырушылардың және оның

басшыларының бірі. Октябрь қарулы көтерілісін әзірлеу және өткізу күндерінде — Петроградтағы Әскери-революциялық комитеттің председателі, Қысқы сарайға тіке шабуыл басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі, Петроград әскери округінің қолбасшысы. 1919 жылы Украинаның әскери-теңіз істері жөніндегі халық комиссары. ВКП(б) Орталық бақылау комиссиясының мүшесі болып талай рет сайланды. Өмірінің соңғы жылдарында насихат және әдеби жұмыспен шұғылданды.— *239.*

Покровский, М. Н. (1868—1932) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі, советтің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері әрі тарихшы. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, партияның Москва комитетінің мүшесі болды. РСДРП-ның V (Лондон) съезінде Орталық Комитет мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды. Реакция жылдарында шақырымпаздарға және ультиматистерге, кейін антипартиялық «Вперед» тобына қосылды, 1911 жылы бұл топтан қол үзді. 1917 жылы Россияға қайтып келді, Москвадағы қарулы көтеріліске қатысты, Замоскворецк революциялық штабының мүшесі болды. 1917 жылғы ноябрьден 1918 жылғы мартқа дейін — Москва Советінің председателі. Біраз уақыт «солшыл коммунистер» тобына қосылды, Брест бітім шартына қол қоюға қарсы шықты. 1918 жылдан — РСФСР ағарту халық комиссарының орынбасары. 1923—1927 жылдары троцкизмге қарсы күреске белсене қатынасты. Әр жылдарда Коммунистік академияны, СССР Ғылым академиясының Тарих институтын, Қызыл профессура институтын, т. б. басқарды. 1929 жылдан — академик. Бүкіл Россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің құрамына бірнеше рет сайланды.— *445, 446—447.*

Порш, Н. В. (1879 ж. туған) — меньшевиктік-ұлтшыл Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының мүшесі. 1917—1918 жылдарда контрреволюциялық Украин орталық радасының құрамына кірді. 1917 жылы ноябрьде оның Бас секретариатына тағайындалып, еңбек секретары қызметін атқарды. Бас секретариат Халық министрлері советі болып қайта құрылғаннан кейін, 1918 жылғы январьдан бастап — әскери министрі және еңбек министрі болды.— *194.*

Посадовский — қараңыз: Мандельберг, В. Е.

Прошьян, П. П. (1883—1918) — эсерлер партиясының мүшесі. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. Эмиграцияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық- демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып оралып, Гельсингфорсте «Социалист-Революционер» газетін шығарды, эсерлердің сол қанатына қосылды, ал солшыл эсерлер партиясы құрылғаннан

кейін оның Орталық комитетінің құрамына кірді. 2-ші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. 1917 жылы декабрьде Халық Комиссарлары Советінің құрамына почта және телеграф халық комиссары болып кірді. 1918 жылы мартта Брест бітіміне қол қойылуына байланысты Халық Комиссарлары Советінің құрамынан шықты, Москвада солшыл эсерлердің бүлігіне қатысты.

В. И. Ленин «Прошьян жолдасты еске түсіру» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар, 36-том, 499—500-беттер) Прошьянға сипаттама берген.— *61—62, 194.*

Пуришкевич, В. М. (1870—1920) — ірі помещик, барып тұрған реакционер, монархист. Қаражүздік «Орыс халқы одағын» құрудың инициаторларының бірі болды; 1907 жылы бұл одақтан шығып, монархиялық контрреволюциялық жаңа ұйым —«Михаил Архангел палатасын» құрды. Өзінің ойран салуға шақырған, антисемиттік сөздер сөйлеуімен көпке әйгілі болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы ноябрьдің бас кезінде әшкереленген контрреволюциялық офицерлер заговорын ұйымдастырды.— *80—81.*

Пятаков, Г. Л. (1890—1937) — 1910 жылдан большевиктік партияда болды. Украинада және шетелде партиялық жұмыс жүргізді. «Коммунист» журналына жазып тұрды. 1915—1917 жылдары ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде және партия саясатының басқа да аса маңызды мәселелері жөнінде антилениндік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Киев комитетінің председателі, жұмысшы депутаттары Киев Советі Атқару Комитетінің мүшесі; партияның социалистік революцияға алған бағытына қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинаның Совет үкіметіне кірді. 1920 жылдан бастап шаруашылық және совет қызметтерінде: Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің және Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, Франциядағы сауда өкілі, СССР Мемлекеттік банк басқармасының председателі, ауыр өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары болды. Партияның XII, XIII, XIV және XVI съездерінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1918 жылы Украинада «солшыл коммунистердің» антипартиялық тобын басқарды, партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс болған кезде (1920—1921) Троцкий платформасын жақтады, 1923 жылдан бастап троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде фракцияшылдық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателіктерін мойындап мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, 1936 жылы тағы да ВКП(б) қатарынан шығарылды.— *202, 340, 414.*

Р

Рейн, Р. А.— қараңыз: Абрамович, Р.

Романов — қараңыз: II Николай (Романов).

Рыков, А. И. (1881—1938) — 1899 жылдан большевиктік партияда болды. Саратовта, Ярославль, Кострома, Нижегород губернияларында, Москвада, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді; талай рет жазалауға ұшырады. РСДРП III съезінде партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — ішкі істер жөніндегі халық комиссары, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, СССР және РСФСР Халық Комиссарлары Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты, 1928 жылы — партия ішіндегі оппортунистік оңшыл уклон лидерлерінің бірі. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды.— *29, 61, 78, 135—136.*

Рябушинский, П. П. (1871 ж. туған) — Москваның ірі банкирі және өнеркәсіпші, контрреволюция басшыларының бірі. Буржуазиялық прогрессистер партиясын құруға белсене қатысты, ірі буржуазияның мүдделерін қорғаған «Утро России» газетін шығарды. 1917 жылдың августында революцияны «аштықтың шеңгелінде» тұншықтырмақ болып, қоқан-лоққы көрсетті, корниловшылдыққа дем берушілердің және оны ұйымдастырушылардың бірі болды. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Францияға эмиграцияға кетіп, онда Совет мемлекетіне қарсы контрреволюциялық әрекет жүргізді.— *245, 257, 282, 284, 315, 316, 318, 328, 330.*

Рязанов (Гольдендах), Д. Б. (1870—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист, меньшевиктік газеттерге жазып тұрды. Партияның VI съезінде (1917) РСДРП(б)-ға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақтарда жұмыс істеді, 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе жөнінде келіспеушіліктен уақытша партиядан шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады, сондықтан кәсіподақтарда жұмыс істеуден босатылды. 1921 жылдан бастап К. Маркс пен Ф. Энгельс институтының директоры болды. 1931 жылы февральда меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды.— *75—76.*

С

Савинков, Б. В. (1879—1925) — эсерлер партиясының көрнекті қайраткері, оның «жауынгерлік ұйымы» басшыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — әскери министрдің орынбасары, ал кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — бірқатар контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушы, Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясына жәрдемдесті, ақ эмигрант. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келді, сонда тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды; СССР Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша бұл ең жоғары жаза 10 жыл мерзімге түрмеде отырумен ауыстырылды. 1925 жылы түрмеде отырғанында өзін өзі өлтірді.— *42, 198.*

Свердлов, Я. М. (1885—1919) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1901 жылдан партия мүшесі. Нижний Новгородта, Сормовода, Костромада, Қазанда, Москвада, Петербургте және Россияның басқа да қалаларында революциялық жұмыс жүргізді. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Уралдың большевиктік ұйымдарына басшылық етті. РСДРП VI (Прага) конференциясынан (январь, 1912 ж.) кейін РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кооптацияланып, Орталық Комитеттің Орыс бюросының құрамына енгізілді. «Правда» газетінің редакциясына кірді. Революциялық қызметі үшін патша үкіметінің талай рет қуғындауына ұшырады; бәрін қосқанда түрмелер мен айдауда 12 жыл болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Урал партия ұйымы басшыларының бірі. Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында РСДРП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды; Орталық Комитет секретариатының жұмысына басшылық етті. Свердлов Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және өткізуге белсене атсалысты. Петроград Әскери-революциялық комитетінің және көтеріліске басшылық ету жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталықтың мүшесі. 1917 жылы 8(21) ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі болып сайланды. В. И. Ленин Я. М. Свердловты бұқараның аса талантты ұйымдастырушысы және аса көрнекті пролетарлық революционер ретінде сипаттады (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 29-том, 75—80, 81-беттер).— *395.*

Сергеев, Ф. А.— қараңыз: Артем.

Сирола (Sirola), *Юрье. Элиас* (1876—1936) Финляндия жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Финляндия Коммунистік партиясының негізін салушылардың бірі. 1903—1918 жылдары — финн социал-демократиялық партиясының мүшесі,

1905—1906 жылдары осы партияның секретары, 1909—1911 жылдары — председателі. Сеймнің депутаты болып талай рет сайланды. 1918 жылы Финляндияда болған жұмысшы революциясы кезінде революциялық үкіметке — халық уәкілдерінің Советіне кірді. Финляндия Коммунистік партиясы құрылғаннан бері (1918) оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1921—1922 және 1928—1936 жылдары Коминтерннің Интернационалдық бақылау комиссиясының мүшесі. Сирола зор саяси және насихат жұмысын жүргізді, марксизм-ленинизм классиктерінің көптеген шығармаларын финн және швед тілдеріне аударды.— *96.*

Скворцов — қараңыз: Скворцов-Степанов, И. И.

Скворцов-Степанов, И. И. (1870—1928) — орыстың революциялық қозғалысына байырғы қатысушылардың бірі, көрнекті партия және совет мемлекет қайраткері, әдебиетші-марксист, көптеген экономикалық, тарихи, дінге қарсы еңбектердің авторы, «Капиталдың» үш томының және К. Маркс пен Ф. Энгельстің басқа да бірқатар еңбектерінің аудармашысы әрі редакторы. 1892 жылдан — революциялық қозғалыста, 1896 жылдан — РСДРП қатарында, 1904 жылдың аяқ кезінен бастап — большевик. Революциялық қызметі үшін талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды. Октябрь социалистік революциясы кезеңінде — Москва Әскери-революциялық комитетінің мүшесі; Совет республикасының бірінші финанс халық комиссары болды; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып әлденеше рет сайланды; РКП(б) Орталық тексеру комиссиясының (X—XIII съездерде) мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі (XIV съезден бастап), бірқатар советтік және партиялық органдардың редакторы, ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Ленин институтының директоры, Коммунистік академия Президиумының мүшесі болды.— *30, 245.*

Смирнов, В. М. (1887—1937) — 1907 жылдан большевиктік партияда болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Москвада жұмыс істеді, большевиктік органдардың —«Социал-Демократ» газеті мен «Спартак» журналының редакция коллегиясының мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Халық шаруашылығы жоғары советі Президиумының мүшесі. 1918 жылы —«солшыл коммунист». 1919 жылы партияның VIII съезінде «әскери оппозиция» лидерлерінің бірі болды. 1920—1921 жылдары — антипартиялық «демократиялық централизм» тобының белсенді қайраткері. 1923 жылы троцкистік оппозицияға қосылды. Фракцияшылдық әрекеті үшін 1926 жылы партиядан шығарылды. Көп кешікпей партияға қайта алынды, бірақ 1927 жылы ВКП(б) XV съезі антипартиялық қызметі үшін партиядан тағы да шығарды.— *340, 414.*

Сокольников (Бриллиант), Г. Я. (1888—1939) — 1905 жылдан большевиктік партияда болды. Москвада және шетелде партиялық жұмыс жүргізді. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында троцкистік «Наше Слово» газетіне жазып тұрды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП(б) Москва комитетінің және Москва облыстық бюросының мүшесі, «Правда» редакциясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында болды. 1922 жылдан — финанс халық комиссары, 1926 жылдан — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, кейінірек сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Партияның Орталық Комитетінің мүшесі және мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1925 жылы «жаңа оппозицияға» қосылды, одан соң біріккен троцкистік-зиновьевшілдік блокқа кірді. 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды.— *135, 340, 412.*

Спиридонова, М. А. (1884—1941) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1906 жылы Тамбов губерниясындағы қаражүздік ойрандардың жетекшісі Луженовскийге қастандық жасағаны үшін сотталып, каторгаға айдалды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эсерлердің сол қанатын ұйымдастырушылардың бірі болды, ал 1917 жылы ноябрьде солшыл эсерлер партиясы құрылғаннан кейін оның Орталық Комитетіне кірді. Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1918 жылы июльде контрреволюциялық солшыл эсерлер бүлігіне белсене қатысты, бүлік басып-жаныштанғаннан кейін де Совет өкіметіне қарсы дұшпандық әрекетін істей берді. Кейінірек саяси қызметтен шеттеп кетті.— *410.*

Спиро, В. Б.— солшыл эсерлер партиясының көрнекті қызметкерлерінің бірі, Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің делегаты. Кейінірек Украинада жұмыс істеді, 1918 жылдың көктемінде Румын майданының төтенше комиссары болды.— *77.*

Спундэ, А. П. (1892—1962) — 1909 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Ригада партиялық жұмыс жүргізді. Патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1917 жылы — РСДРП(б) Пермь және Урал облыстық комитеттерінің бюро мүшесі, Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроградтағы Мемлекеттік банктің бас комиссарының орынбасары, онан кейін түрлі қалаларда партия және совет жұмысында болды. 1926—1930 жылдары — Мемлекеттік банк басқармасының мүшесі, СССР Финанс халық комиссариаты мен Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегияларының мүшесі. 1931 жылдан — дербес пенсионер.— *414.*

Сталин (Джугашвили), И. В. (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің

бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді, партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде Республиканың Революциялық-әскери советінің мүшелігіне еніп, бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалануға ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын марксизм-ленинизмге жат деп тауып, батыл айыптады, оған біржола тыйым салды. Орталық Комитеттің партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды.— *30, 86, 87, 135, 240, 273, 394, 396.*

Степанов — қараңыз: Скворцов-Степанов, И. И.

Столыпин, П. А. (1862—1911) — патшалық Россияның мемлекет қайраткері, ірі помещик. 1906—1911 жылдары — министрлер Советінің председателі және ішкі істер министрі. Революциялық

қозғалысты басып-жаныштау мақсатымен өлім жазасы кең қолданылған аса қатал саяси реакция кезеңі (1907—1910 жылдардағы столыпиндік реакция) оның есімімен байланысты болды. Столыпин деревняда кулактардан патша самодержавиесіне тірек жасау мақсатымен аграрлық реформа жүргізді. Алайда буржуазия мен помещиктердің мүдделерін көздеп, жоғарыдан кейбір реформалар жасау жолымен самодержавиені ығайтуға тырысқан оның әрекеті сәтсіздікке ұшырады. 1911 жылы Столыпинді Киевте охранка агенті эсер Богров өлтірді.— *399—400, 417.*

Стуков, И. Н. (1887—1937) — профессионал революционер. 1905 жылдан большевиктер партиясының мүшесі. Киевте, Томскіде, Барнаулда партиялық жұмыс жүргізді. Революциялық қызметі үшін патша үкіметінің жазалауына талай рет ұшырады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның Петербург комитетінің, онан соң Москва облыстық комитетінің және оның бюросының мүшесі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында: РКП(б) Москва комитетінің бөлім меңгерушісі, «Московский Рабочий» газетінің редакторы, «Красная новь» баспасының редакторы болды. 1918 жылы — «солшыл коммунист». 1920—1921 жылдары антипартиялық «демократиялық централизм» тобына қосылды. 1927 жылы — троцкистік оппозицияға қатысушы.— *340, 444.*

Т

Теодорович, И. А. (1875—1940) — профессионал революционер, большевик, революциялық қызметін 1895 жылдан бастады. Октябрь социалистік революциясынан кейін азық-түлік істері жөніндегі халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, үкіметтен шықты. Азамат соғысы жылдарында Колчакқа қарсы күрескен партизан отрядтарының қатарында болды; 1920 жылдан Егіншілік халық комиссариатында істеді. 1928—1929 жылдары өз жұмысында оңшыл оппортунистік қателер жіберді. 1928—1930 жылдары — Шаруалар Интернационалының бас секретары, Халықаралық аграрлық институттың директоры; одан кейінгі жылдары — саяси каторгаға айдалғандар қоғамы баспасының бас редакторы, «Каторга и Ссылка» журналының жауапты редакторы.— *30.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншін жа-

мыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, ауданаралықшылар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеді және ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республиканың Революциялық-әскери советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі және Коминтерннің Атқару комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды. 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп, ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *30, 56, 62, 135, 240, 269, 273, 342—343, 354, 390, 408, 412—414.*

Трутовский, В. Е. (1889—1937) — солшыл эсерлер партиясының мүшесі, оның Орталық комитетінің құрамына кірді. 1917 жылы декабрьде Халық Комиссарлары Советінің құрамына қалалық және жергілікті өзіндік басқарма жөніндегі халық комиссары болып кірді. 1918 жылы мартта Брест бітіміне қол қойылуына байланысты Халық Комиссарлары Советінің құрамынан шықты.— *438.*

У

Урицкий, М. С. (1873—1918) — Россиядағы революциялық қозғалысқа белсенді қатысушы. РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. 1905 жылы Петербургте революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «ауданаралықшыларға» қосылды, солармен бірге большевиктер партиясына алынды. РСДРП(б) VI съезінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды, көтеріліске басшылық ету

Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі және бірінші сайланған Советтердің Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. 1917 жылы майда почта және телеграф министрі ретінде буржуазиялық Уақытша үкіметке кірді, июль оқиғаларынан кейін — ішкі істер министрі, большевиктерді ойрандап қудалауға дем берушілердің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Церетели Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметі басшыларының бірі болды. Грузияда Совет өкіметі жеңгеннен кейін ақ эмигрант.— *244, 245—246, 257, 289, 317, 321.*

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің және теоретиктерінің бірі. 1902—1905 жылдары — эсерлер партиясының орталық органы — «Революционная Россия» газетінің редакторы. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында солшыл сөздерді бетке ұстап, іс жүзінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы май — августа — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі, помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті; шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ.— *90, 144, 160, 161, 242, 244, 245—246, 251, 257, 317, 321.*

Чичерин, Г. В. (1872—1936) — советтің мемлекет қайраткері, аса көрнекті дипломат. 1904 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда болды, сонда жүріп 1905 жылы РСДРП-ға кірді. Реакция кезеңінде — меньшевизмді жақтаушы, дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — интернационалист; 1917 жылдың аяқ кезінде большевизм позициясына көшеді және 1918 жылы РКП(б)-ға кіреді. Бітім келіс сөздерінің екінші кезеңінде Брестегі совет бітім делегациясының мүшесі. Жауапты совет және дипломатиялық жұмыста болды: 1918 жылдан 1930 жылға дейін сыртқы істер халық комиссары, Генуя мен Лозаннадағы халықаралық конференцияларда совет делегациясының басшысы. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. Партияның XIV және XV съездерінде Орталық Комитеттің құрамына сайланды.— *412.*

Чудновский, Г. И. (1894—1918) — социал-демократ; өзінің революциялық қызметінің бастапқы кезінде — меньшевик. 1917 жылы эмиграциядан қайтып оралғаннан кейін ауданаралықшылар тобына кіріп, РСДРП(б) VI съезінде солармен бірге большевиктер партиясына алынды. 1917 жылы Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісіне белсене қатысушы, Қысқы сарайға

тіке шабуыл басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін — Оңтүстік-Батыс майданның төтенше комиссары, контрреволюциялық Украин орталық радасына қарсы күреске қатысты. Совет әскерлері Киевті азат еткеннен кейін қаланың әскери комиссары болды. Украин майданындағы ұрыста қаза тапты.— *93.*

Чхеидзе, Н. С. (1864—1926) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Тифлис губерниясынан III және IV Мемлекеттік думаларға депутат, IV Думадағы меньшевиктік фракцияны басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде Мемлекеттік думаның Уақытша комитетінің мүшесі, қорғампаз. Чхеидзе жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің председателі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитетінің председателі болды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Грузия Құрылтай жиналысының — контрреволюциялық меньшевиктік үкіметтің председателі. 1921 жылы, Грузияда Совет өкіметі орнағаннан кейін, Францияға эмиграцияға кетті.— *289.*

Ш

Шейнман, А. Л. (1886 ж. туған) — 1903 жылдан большевиктік партияда болды. 1917 жылы мартта — РСДРП(б) Гельсингфорс комитетінің мүшесі, октябрьде — Финляндияның армия, флот және жұмысшы депутаттары Гельсингфорс Советі Атқару комитетінің председателі. 1918 жылдан Финанс халық комиссариатында, Азық-түлік халық комиссариатында және Сыртқы сауда халық комиссариатында жауапты жұмыста: сыртқы және ішкі сауда халық комиссарының орынбасары, РСФСР Мемлекеттік банк басқармасының мүшесі және СССР Мемлекеттік банк басқармасының председателі, СССР Финанс халық комиссарының орынбасары болды.— *33.*

Шейнфинкель, М. К.— қараңыз: Владимиров, М. К.

Шляпников, А. Г. (1885—1937) — 1901 жылдан бастап большевиктік партияда болды. Сормовода, Муромда, Петербургте және Москвада партиялық жұмыс жүргізді. 1914 жылы РСДРП Орталық Комитетінің тапсыруымен Стокгольмде болды, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросы мен Орталық Комитеттің орыс бөлегінің және Петербург комитетінің арасында байланыс орнату жолында жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Петербург комитетінің мүшесі, жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі және Петроград металлистер одағының председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін еңбек халық комиссары ретінде Халық Комиссарла-

ры Советіне кірді. Онан кейін кәсіподақ және шаруашылық жұмыстарында болды. 1920—1922 жылдары — антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобының ұйымдастырушысы және лидері. 1933 жылы партияны тазарту кезінде ВКП(б) қатарынан шығарылды.— *29, 232, 440.*

Штейнберг, И. З.— солшыл эсерлер партиясы лидерлерінің бірі, кәсібі жөнінен адвокат. Октябрь социалистік революциясынан кейін Халық Комиссарлары Советінің құрамына юстиция халық комиссары болып кірді. Брест бітімін жасасуға қасарыса қарсы шықты. Бітім шарты бекітілгеннен кейін басқа да солшыл эсерлермен бірге Халық Комиссарлары Советінен шықты. Солшыл эсерлер біржолата талқандалғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, $2^1/_2$ Интернационалға кірген эсерлер тобын басқарды; антисоветтік солшыл эсерлік «Знамя Борьбы» журналына (Берлин) жазып тұрды.— *144, 420.*

Э

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер).— *201—202, 205, 296, 297.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(25 октябрь (7 ноябрь), 1917 — 5 март, 1918)

1917

24 октябрь (6 ноябрь), түн ортасында. Ленин құпия түрде Смольныйға келіп, Петроград жұмысшыларының, солдаттары мен матростарының қарулы көтерілісіне тікелей басшылықты өз қолына алады.

Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда Россияның Совет үкіметінің құрамы туралы мәселе талқыланады.

25 октябрь (7 ноябрь). Таңертеңгі сағат 10-да Ленин Уақытша үкіметтің құлатылғаны және өкіметтің Әскери-революциялық комитеттің қолына көшкені туралы Әскери-революциялық комитеттің атынан «Россия азаматтарына!» үндеу хат жазады.

Ленин жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің мәжілісіне қатысады, қарардың жобасын жазады және Советтер өкіметінің міндеттері туралы баяндама жасайды.

Ленин жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезінің «Жұмысшыларға, солдаттарға және шаруаларға!» деген үндеу хатын жазады.

25 немесе 26 октябрь (7 немесе 8 ноябрь). Ленин Совет үкіметін құру туралы және оның қызметінің программасы туралы заметкаларын жазады.

26 октябрь (8 ноябрь). Ленин бітім туралы, жер туралы және Россияның жұмысшы-шаруа үкіметін — Халық Комиссарлары Советін құру туралы декреттердің жобаларын жазады.

Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда Совет үкіметінің құра-

мы, құрылымы және аты туралы мәселе талқыланады.

26 октябрь (8 ноябрь) және 27 октябрьге (9 ноябрьге) қараған түні.

Ленин жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезінің жұмысына қатысады, бітім туралы және жер туралы баяндамалар жасайды. Съезд Ленин жазған бітім туралы Декретті, жер туралы Декретті, жұмысшы және шаруа үкіметін құру туралы қаулыны қабылдайды, Ленин бастаған Халық Комиссарлары Советінің құрамын бекітеді; Ленин екінші сайланған жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланады.

26 немесе 27 октябрь (8 немесе 9 ноябрь).

Ленин «Жұмысшы бақылауы туралы ереженің жобасын» жазады.

Ленин Петроград фабрика-завод комитеттері Орталық советінің өндіріске жұмысшы бақылауын енгізу және басшы шаруашылық органын құру мәселелері жөніндегі мәжілісіне қатысады.

27 октябрь (9 ноябрь).

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Ленин жазған «Жұмысшы бақылауы туралы ереженің жобасы» үкіметтік заң жобасының негізіне алынады және «Баспасөз туралы декрет» пен «Құрылтай жиналысын белгіленген мерзімде шақыру туралы үкіметтің қаулысы» бекітіледі.

Ленин Советтердің Бүкіл россиялық II съезіне делегат болып қатысқан теңізшілермен әңгімелеседі, Отанды және революцияны қорғап қалу жөніндегі контрреволюциялық комитетке қосылып кеткен флоттың Орталық комитетін (Центрофлотты) таратуды ұсынады.

27 октябрь (9 ноябрь) және 28 октябрьге (10 ноябрьге) қараған түні.

Ленин екінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші мәжілісіне қатысады.

Октябрьдің 27-нен 28-не (ноябрьдің 9-нан 10-на) қараған түні. Партияның Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі Керенский — Красновтың контрреволюциялық бүлігін талқандауды ұйымдастыру ісіне тікелей басшылық ету үшін Ленин бастаған комиссия құрады.

Ленин Петроград әскери округінің штабына келеді, Гатчинаны генерал Красновтың казак бөлімдері басып алғаннан кейін қалыптасқан жағдай туралы және оларға қарсы күрес жоспарлары туралы Н. И. Подвойскийдің, В. А. Антонов-Овсеенконың және К. А. Мехоношиннің баяндамаларын тыңдайды. Лениннің ұсынысы бойынша Балтық флотының корабльдерін Краснов әскерлеріне қарсы операцияларға пайдалану жөнінде шешім қабылданады.

Ленин Краснов — Керенский әскерлеріне қарсы күресу үшін Балтық флоты теңізшілерінің отрядтары мен корабльдерін және армия бөлімдерін Петроградқа дереу жөнелту туралы Гельсингфорсқа тікелей провод бойынша жарлық береді.

Ленин Петербург партия комитетінің Атқару комиссиясының мүшелеріне Краснов әскерлерінің Петроградқа шабуыл жасап келе жатқаны туралы хабарлап, қалаға кіре беріс жерлерде окоптар қазу және сым кедергілер тарту ісін жедел ұйымдастыруды ұсынады.

28 октябрь (10 ноябрь). Ленин Керенский — Красновтың контрреволюциялық бүлігін талқандауды ұйымдастыру жөніндегі жұмысқа басшылық етеді, бүлік шығарған әскерлерге қарсы жүргізілетін операциялардың жоспарларын жасауға қатысады.

Ленин Петроград қорғанысын ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде партия ұйымдары, фабрика-завод комитеттері, кәсіптік одақтар, аудандық Советтер, Петроград гарнизоны бөлімдері өкілдерінің кеңесін өткізеді.

Ленин путиловшыларға майданға бірнеше батарея мен бронепоезд беруді тапсырады.

Ленин фабрика-завод комитеттері Орталық советі президиумының өкілдері П. Н. Амосовпен және М. Н. Животовпен шаруашылықтың жоғары органын құру туралы әңгімелеседі.

Ленин П. Е. Дыбенкомен және В. А. Антонов-Овсеенкомен майданның Пулково учаскесіндегі жағдай туралы әңгімелеседі.

Октябрьдің 28-нен 29-на (ноябрьдің 10-нан 11-не) қараған түні. Ленин Путилов заводына келеді, жұмысшылармен әңгімелеседі, бронепоезд жасауды және зеңбіректерді құрастыруды жеделдету жөнінде тапсырма береді.

29 октябрь (11 ноябрь). 29 октябрьге (11 ноябрьге) қараған түні юнкерлердің Петроградта басталған контрреволюциялық бүлігіне байланысты Ленин Әскери-революциялық комитет қызметкерлерінің кеңесін өткізеді.

Ленин Москва Әскери-революциялық комитетінің өкілі М. П. Томскиймен Москвадағы көтерілістің барысы туралы әңгімелеседі.

Ленин өзінің тапсыруы бойынша жиналған үгітшілерге казармаларда Петроград гарнизонының полктерін Краснов — Керенскийдің контрреволюциялық әскерлеріне қарсы күреске шақырып үгіт жүргізу қажеттігін түсіндіреді.

Ленин Петроград гарнизонының полк өкілдерінің кеңесінде ағымдағы кезең туралы баяндама жасайды және әскер бөлімдерін қаруландыру, қалада тәртіп орнату туралы сөз сөйлейді.

29 октябрь (11 ноябрь) және 30 октябрьге (12 ноябрьге) қараған түні. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі большевиктік фракцияның мәжілісіне қатысады, онда Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің (Викжельдің) меньшевиктер мен эсерлер қатысатын «біртектес социалистік үкімет» құру туралы ұсынысы талқыланады, осы ұсынысты қолдаған Каменевті және басқа капитулянттарды әшкерелейді.

30 октябрь (12 ноябрь). Ленин Петроград Советінің мәжілісінде Совет өкіметінің аграрлық саясаты туралы сөз сөйлейді.

Ленин өкіметтің Советтерге көшкені туралы және Советтердің Бүкіл россиялық II съезінің аса маңызды қаулылары туралы, юнкерлер көтерілісінің басып-жаншылғаны және Краснов — Керенский әскерлерін талқандау үшін Совет үкіметінің қолданып жатқан шаралары туралы Халық Комиссарлары Советінің радиограммасын жазады.

Ленин Әскери-революциялық комитет штабының Петроград қорғанысын ұйымдастыру жөнінде бірқатар шаралар жүргізу туралы бұйрығына мынадай тұжырымдама жазады: «Дереу орындау жөнінде барлық шараларды қолдануды өтінемін».

31 октябрь (13 ноябрь). Ленин Петроград әскери округінің штабына келіп, мұнда Москва көтерілісіне әскери көмек көрсету туралы мәселе жөніндегі кеңесте председательдік етеді.

Октябрьдің аяғы. Ленин «Қызметшілерге арналған ережелердің нобайын» жазады.

Ноябрьдің басы. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Әскери-революциялық комитеттің эмиссарлары ретінде Октябрь революциясының маңызын түсіндіру, жергілікті жерлерде революциялық тәртіп орнату және ең кедей шаруаларды Совет өкіметінің төңірегіне топтастыру үшін провинцияға жіберілетін бір топ жұмысшылар мен солдаттардың алдында сөз сөйлейді.

1(14) ноябрь. Ленин Петербург партия комитетінің мәжілісінде сөз сөйлейді, онда Совет өкіметінің мәнін түсіндіреді, «біртектес социалистік үкімет» құру туралы мәселе жөнінде меньшевиктермен және эсерлермен келісім жасауды талап еткен Каменев пен Зиновьевтің капитулянттық позициясын әшкерелейді.

1(14) ноябрь және 2(15) ноябрьге қараған түні. Ленин Орталық Комитеттің Петербург партия комитеті, Әскери ұйымы өкілдерімен және Халық Комиссарлары Советінің мүшелерімен бірлесіп өткізілген кеңейтілген мәжілісіне қатысады, Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық Атқару комитетімен келіс сөздердегі Каменевтің және басқа оппортунистердің позициясының капитулянттық мәнін әшкерелейді, осы келіс сөздер туралы мәселе жөнінде қарардың жобасын ұсынады.

1 және 8 (14 және 21) ноябрь аралығында. Ленин жұмысшы бақылауы туралы ережені әзірлеп жатқан комиссияның жұмысына басшылық етеді.

2(15) ноябрь. Ленин Россияның барлық ұлттарының толық тең праволылығын жариялаған «Россия ха-

лықтары праволарының Декларациясына» қол қояды.

Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда Каменевтің, Зиновьевтің және басқаларының капитулянттық әрекеті туралы мәселе талқыланады; мәжіліс үстінде Петербург партия комитетіне «келісімпаздыққа қарсы дереу шешім қабылдап, Орталық Комитетке әкелуді» өтініп, записка жазады. Орталық Комитет Орталық Комитеттің ішіндегі оппозиция туралы Ленин жазған қарарды қабылдайды.

3(16) ноябрь. Ленин «РСДРП(б) Орталық Комитеті көпшілігінің азшылыққа ультиматумын» жазады, Орталық Комитет мүшелерін «Ультиматум» текстімен таныстырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда В. П. Ногиннің Москвадағы оқиғалар туралы баяндамасы тыңдалады.

4(17) ноябрь. Ленин «Баспасөз бостандығы туралы қарардың жобасын» жазады.

Ленин үгітшілер ретінде оңтүстіктегі губернияларға бара жатқан Балтық теңізшілерімен әңгімелеседі.

Ленин жұмысшы және солдат депутаттары Иваново-Вознесенск Советі революциялық штабының председателі А. С. Киселевті қабылдап, одан қала мен аудандағы жағдай туралы сұрап біледі.

Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда «РСДРП(б) Орталық Комитеті көпшілігінің азшылыққа ультиматумы» оқылады.

4(17) ноябрь және 5(18) ноябрьге қараған түні. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады, баспасөз туралы мәселе жөнінде және Ногиннің, Рыковтың, Милютин мен Теодоровичтің Халық Комиссарлары Советінің құрамынан шығатыны туралы мәлімдемесі жөнінде сөз сөйлейді, солшыл эсерлердің сұрауларына жауап береді.

Ленин Петроград Советінің майданнан келген өкілдермен бас қосқан мәжілісінде Совет үкі-

метінің программасы мен міндеттері туралы сөз сөйлейді.

5(18) ноябрь. Ленин «Халыққа» деген үндеу және «Шаруалардың сұрауларына жауап» жазады, Халық Комиссарлары Советінің секретарына Смольныйға келетін шаруа баршыларына «Жауаптың» машинкада басылып, Ленин қол қойған көшірмелерін таратып беруді тапсырады.

Ленин Сердобск Советінің (Саратов губерниясы) делегаттары Ф. Сидякинмен, А. Климовпен, А. Шишкинмен әңгімеледеді.

Ленин Сестрорецк және Петроградтағы басқа да заводтардың бельгиялықтардан құралған жұмысшылар делегациясын қабылдайды.

5 немесе 6 (18 немесе 19) ноябрь. Ленин партия тәртібін бұзып, Орталық Комитеттің шешімдерін орындамай жүрген Каменевке, Зиновьевке, Рязановқа және Ларинге РСДРП(б) Орталық Комитеті атынан екінші рет ультиматум жазады.

5—6(18—19) ноябрь. Ленин «Россия социал-демократиялық жұмысшы (большевиктер) партиясының Орталық Комитетінен. Партияның барлық мүшелеріне және Россияның барлық еңбекші таптарына» деген үндеу жазады.

Ноябрьдің 5-нен 6-на (18-нен 19-на) қараған түні. Ленин Петроград пен оның төңірегіндегі жұмысшы әйелдер конференциясының делегациясын қабылдайды.

Ленин майдангер солдаттардың жиналысында Октябрь социалистік революциясының сипаты мен міндеттері туралы сөз сөйлейді.

Ноябрьдің 7-нен 8-не (20-нан 21-не) қараған түні. Ленин жоғарғы бас қолбасшы генерал Духонинге австрия-герман әскерлерінің командованиесімен уақытша бітім жасасу туралы келіссөздер бастауға жарлық берілгені туралы Халық Комиссарлары Советінің радиотелеграммасына қол қояды.

8(21) ноябрь. Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, Я. М. Свердловтың кандидатурасын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі қызметіне ұсынады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады.

Ноябрьдің 8-нен 9-на (21-нен 22-не) қараған түні. Ленин Петроград әскери округінің штабынан генерал Духонинмен тікелей провод арқылы сөйлеседі.

Ленин «Жаңа Голландия» радиостанциясына келіп, барлық полктік, дивизиялық, корпустық, армиялық және басқа комитеттерге, революциялық армияның барлық солдаттары мен революциялық флоттың барлық матростарына арналған «Жұрттың бәріне радиохабар» деген үндеу хат жазады.

Кеш дегенде 9(22) ноябрь. Ленин Г. И. Петровскийді қабылдап, онымен Донбастың металлургия және көмір өнеркәсібін национализациялау туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі.

9(22) ноябрь. Ленин «Социалист-революционерлер халықты қалай алдады және большевиктердің жаңа үкіметі халыққа не берді» деген кітапшаға және өзінің «Большевиктер мемлекеттік өкіметті ұстап тұра ала ма?» деген кітапшасының екінші басылуына алғы сөздер жазады.

Ленин кәсіптік одақтардың Петроград советінің кеңейтілген мәжілісінде Октябрь революциясының сипаты және Совет өкіметінің міндеттері туралы сөз сөйлейді.

Кеш дегенде 10(23) ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советі атынан Петроград Әскери-революциялық комитетіне жалдаптық пен саботажды түп тамырымен жою үшін батыл шаралар қолданудың қажеттігі туралы жарлық жазады.

10(23) ноябрь. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады, Духонинмен сөйлесілген сөздер туралы баяндама жасайды және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

11(24) ноябрь. Ленин Финн социал-демократиялық жұмысшы партиясы сол қанатының басшылары К. Маннерге, Ю. Сиролаға, О. Куусиненге, Э. Валпасқа және К. Вийкке хат жазады.

Ленин Н. В. Крыленкомен және А. А. Иоффемен әңгімелеседі, герман әскерлерінің командованиесімен уақытша бітім туралы келіс сөздер жүргізу жөнінде оларға егжей-тегжейлі нұсқау берді.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің «Сословиелерді және азаматтық шендерді жою туралы» декретіне қол қояды.

12(25) ноябрь. Ленин шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Төтенше съезіндегі большевиктер фракциясының председателі Д. И. Гразкиннің съезд жұмысы туралы хабарын тыңдайды және съездің большевиктік фракциясына өтініш жазады.

Ленин 49-армиялық корпустың делегаттарын қабылдап, олармен Совет мемлекетінің саясаты туралы әңгімелеседі, оларға 49-корпус комитетінің қойған сұрауына Халық Комиссарлары Советінің ресми түсінігін тапсырады.

12 немесе 13 (25 немесе 26) ноябрь. Ленин Москвадан келген А. Г. Шлихтермен әңгімелесіп, оған егіншілік халық комиссарының міндетін атқарушы болып тағайындалғанын хабарлайды және жергілікті жерлерден келген шаруа делегаттарын қабылдаумен дереу шұғылдануды тапсырады.

13(26) ноябрь. Ленин В. В. Оболенскийдің (Н. Осинскийдің) Мемлекеттік банктің комиссары болып тағайындалуына байланысты онымен әңгімеледі.

14(27) ноябрь. Ленин шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Төтенше съезінің аграрлық мәселе жөніндегі қарарының жобасын жазады.

Ленин шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Төтенше съезінің мәжілісіне қатысады, солшыл эсер Качинскийдің баяндамасы бойынша жазбалар жасайды, большевиктер фракциясының тапсыруы бойынша аграрлық мәселе жөнінде сөз сөйлейді және өзі жазған қарардың жобасын оқиды.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда «Жұмысшы бақылауы туралы ереже» бекітіледі.

Ноябрьдің 14-нен 15-не (27-нен 28-не) қараған түні. Ленин большевиктік партия мен солшыл эсерлер партиясы орталық комитеттерінің бірлескен мәжілісіне қатысады, онда шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Төтенше съезінің, армия мен флоттың, кәсіптік одақтардың, Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің және почта-телеграф жұмысшылары мен қызметшілері одағының өкілдерін Бүкіл россиялық Орталық атқару Комитетіне енгізу туралы шешім қабылданады.

15(28) ноябрьден ертерек. Ленин Ликинск (Владимир губерниясы) мануфактурасы серіктігі фабрикасының жұмысшылары И. С. Морозкин мен А. Тимофееваны қабылдап, олармен фабрикадағы жағдай туралы әңгімелеседі.

15(28) ноябрь. Соғысып жатқан елдердің үкіметтері мен халықтарын Советтік Россия мен Германия-Австрия коалициясы мемлекеттерінің арасында уақытша бітім жасасу туралы 19 ноябрьге (2 декабрьге) белгіленген келіс сөздерге қосылуға шақырған Халық Комиссарлары Советінің Ленин қол қойған үндеуі «Правданың» 190-номерінде жарияланады.

Ленин генерал-майор С. И. Одинцовқа Германиямен уақытша бітім жасасудың әскери-техникалық мәселелерін әзірлеу туралы хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Ішкі істер министрлігін басқаруды Әскери-революциялық комитетке беру туралы ұсыныс енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ Халық шаруашылығы советін құру туралы, Ликинск мануфактурасын конфискелеу туралы мәселелер, т. б. талқыланады.

Ленин Американың Ассошиэйтед Пресс агенттігінің тілшісі Г. Ярросқа Петроград астаналық сайлау округі бойынша Құрылтай жиналысы сайлауының нәтижелері туралы интервью береді.

16(29) ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда революциялық соттар туралы және ескі сот мекемелерінің бәрін жою туралы декреттің жобасы,

украинның ұлттық қастерлі қазыналарын украин халқына беру туралы, солшыл эсерлердің үкіметке қатысуы жөнінде олармен жүргізілген келіс сөздер туралы мәселелер, т. б. талқыланады.

Кеш дегенде 17(30) ноябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің неміс солдаттарын Советтік Россия еңбекшілерінің дереу демократиялық бітім жасасу жолындағы және социализм жолындағы күресін қолдауға шақырған үндеуіне қол қояды.

18 ноябрь (1 декабрь). Ленин Азық-түлік халық комиссариатының қызметкерлері П. А. Козьмин мен А. С. Якубовты қабылдап, олармен комиссариаттағы істің жайы туралы әңгімелеседі.

Ленин герман коалициясындағы елдермен уақытша бітім жасасу жөніндегі конференцияға баратын орыс делегациясының председателі А. А. Иоффенің Брест-Литовскіге жүрері алдында онымен әңгімелеседі, делегацияның қандай тактика ұстауы жөнінде нұсқаулар береді.

Ленин шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық Төтенше съезінің мәжілісіне қатысады; большевиктер азамат соғысына ұрындырып отыр деп Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің өкілі көлденең тартқан айыптауға жауап беріп екі рет сөз сөйлейді және большевиктер фракциясының атынан съезд президиумы ұсынған Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің мәлімдемесі жөніндегі қарарға қосылады; аграрлық мәселе бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин «Жұмысшылардың еңбекші және қаналушы шаруалармен одағы. «Правданың» редакциясына хат» деген мақала жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жоғары чиновниктер мен қызметшілердің окладтары және халық комиссарлары жалақысының мөлшерлері туралы қаулының жобасын жазады, бұл мәселе бойынша жарыс сөзде сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ Халық шаруашылығы жоғары советі туралы декреттің жобасы, Донецк ауданындағы заводтарды национализациялау туралы, ауыл шаруашылық машиналары мен

құралдарын реквизициялау туралы мәселелер, т. б. талқыланады.

19 ноябрь (2 декабрь). Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сайлаушылардың өз депутаттарын кері шақырып алу правосы туралы және жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің кез келген өкілдік мекемелерге, Құрылтай жиналысына да қайта сайлауды тағайындау правосы туралы декреттің жобасын жазады.

Ленин Москва губерниялық Советіне губернияның жаңа комиссарын тағайындау туралы оның қаулысының заң екені, бүкіл өкімет Советтердің қолында болғандықтан, ол қаулының қуаттауды керек етпейтіні жөнінде телеграмма жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; әскери министрлік туралы баяндама бойынша қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Украинадағы жағдай туралы және Орталық рада туралы баяндама, Советтердің фабрикалар мен заводтарды секвестрлеу правосы туралы Москва Советінің сұрауы, Финляндиямен сауда және финанс қарым-қатынастары туралы, министрліктерде тазалау жүргізу туралы мәселелер, т. б. талқыланады.

20 ноябрь (3 декабрь). Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетін қаржыландыру туралы қаулының жобасын және «Жалға берілетін пәтерлері бар үйлерді конфискелеу туралы заңның тезистерін» жазады. Мәжілісте сондай-ақ Денсаулық сақтау жөнінде ерекше комитет құру туралы мәселе, т. б. талқыланады.

21 ноябрь (4 декабрь). Ленин Халық Комиссарлары Советінің таңертеңгі мәжілісінде председательдік етеді, онда жаңа табыс салығы туралы мәселе, т. б. талқыланады.

21 ноябрь (4 декабрь) және 22 ноябрьге (5 декабрьге) қараған түні. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады, сайлаушылардың депутаттарды кері шақырып алу правосы туралы баяндама жасайды.

22 ноябрь (5 декабрь). Совет үкіметінің Ленин қол қойған «Россия мен Шығыстың барлық еңбекші мұсылмандарына» деген үндеуі «Правданың» 196-номерінде және «Известияның» 232-номерінде жарияланады.

Ленин жұмысшы және солдат депутаттары Льгов Советінің делегаттарын қабылдайды.

Ленин әскери флоттың Бүкіл россиялық бірінші съезінің мәжілісінде ағымдағы кезең туралы сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда сот туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

23 ноябрь (6 декабрь). Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Теміржолшылардың Бүкіл россиялық съезін шақыру туралы мәселе, қаладағы қозғалмайтын мүліктерді национализациялау туралы және пәтер ақыны реквизициялау туралы декреттің жобасы, т. б. талқыланады.

24 ноябрь (7 декабрь). Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда табыс салығы туралы декреттің жобасы, мемлекет шығындарын қысқарту жөнінде комиссия құру туралы мәселе, тағы басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады.

24 және 29 ноябрь (7 және 12 декабрь) аралығында. Ленин Швеция солшыл социал-демократиялық партиясының Россия еңбекшілеріне және Совет үкіметіне құттықтауын тапсырған швед социалистері Цет Хёглунд пен Карл Чильбумды қабылдайды.

25 ноябрь (8 декабрь). Ленин соттар туралы қарардың Петроград Советінен өткен-өтпегенін «және іс жүзінде не істелгенін» хабарлауды өтініп, Петербург партия комитетіне записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; өзіне «Казак әскерлері одағы» советінің делегациясы келгенін баяндайды; Дворяндардың жер банкі мен Шаруалардың жер банкін тарату туралы

декрет жобасының кіріспе бөлімін жазады; Әскери-революциялық комитетті басқа комиссариаттарға қарайтын жұмыстан босату туралы ұсыныс енгізеді.

26 ноябрь (9 декабрь). Ленин Оренбург теміржолшыларының делегациясын қабылдап, олармен Дутовтың контрреволюциялық бүлігіне қарсы күресу міндеттері туралы әңгімелеседі, Дутовқа қарсы отрядтар жіберу туралы мәселені шешуді өтініп, Н. И. Подвойский мен В. А. Антонов-Овсеенкоға записка жазады.

26 ноябрь — 10 декабрь (9—23 декабрь). Ленин шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезінің солшыл бөлегіне басшылық еткен солшыл эсерлер партиясы Орталық комитетінің мүшелерімен бірнеше рет әңгімелеседі, оларды съездің оңшыл бөлегінен күні бұрын жіктеліп кетуден сақтандырады.

27 ноябрь (10 декабрь). Ленин «Аграрлық мәселе жөніндегі материалдар» деген жинаққа алғы сөз жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; финанс және экономика саласында социалистік саясатты жүзеге асыру үшін ерекше комиссия құру туралы ұсыныс енгізеді, бұл мәселе талқыланған кезде бес рет сөз сөйлейді, комиссияға арналған нұсқаудың нобайын —«Экономикалық саясат мәселелерін» жазады. Мәжілісте сондай-ақ Германиямен уақытша бітім және бітім жасасу туралы келіс сөздер жүргізетін бітім делегациясының құрамы туралы, келіс сөздерді қалай жүргізу жөнінде нұсқаулар туралы мәселелер, тағы басқа мәселелер талқыланады.

Ленин «Бітім туралы келіс сөздер программасының конспектісінің» жалпы саяси бөлімін жазады.

Ерте дегенде 27 ноябрь (10 декабрь). Ленин «Экономикалық шаралар программасының нобайын» жазады.

28 ноябрь (11 декабрь). Ленин «Демонстрация ұрандары жөнінде» деген заметкалар жазады.

Ленин Құрылтай жиналысын сайлау жөніндегі Бүкіл россиялық комиссияға мәлімдеме

жазады, онда өзін Құрылтай жиналысына Финляндияның армиясы мен флотынан сайланды деп есептеуді өтінеді.

Ленин Уфа губерниясының азық-түлік комиссары А. Д. Цюрупаны қабылдайды, оған азық-түлік халық комиссарының орынбасары міндетін алуды ұсынады, азық-түлік паектерін бөлген кезде таптық принципті ұстану қажеттігін айтады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда кадеттер партиясының контрреволюциялық заговоры туралы мәселе талқыланады; революцияға қарсы азамат соғысының көсемдерін қамауға алу туралы өзі жазған декреттің жобасын Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне ұсынады.

29 ноябрь (12 декабрь). Ленин партияның Орталық Комитетінің «Дәлелсіз айыптаулар үшін жауаптылық туралы» қаулысының жобасын жазады.

Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, «Күштерді қайта бөлу («Правда» және партиялық жұмыс)» мәселесі бойынша екі рет сөз сөйлейді; Орталық Комитеттің шұғыл мәселелерді шешіп отыру үшін арналып құрылған бюросының құрамына сайланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; теңіз ведомствосының әскери заказдарын орындайтын заводтарды шаруашылыққа пайдалы жұмыстарға көшіру туралы қарардың жобасын жазады және оны Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне ұсынады.

30 ноябрь (13 декабрь). Ленин «Мемлекет және революция» деген кітабының бірінші басылуына соңғы сөз жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жұмыссыздық болған жағдайда қауіпсіздендіру туралы ереженің жобасы, Әскери-революциялық комитет туралы баяндама, тағы басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Петроградтағы Металл заводы жұмысшыларының делегациясын қабылдайды, Халық Комиссарлары Советі әскери заказдармен шұғылданушы кәсіпорындарды бейбіт өндіріске көшіру үшін қажетті қаржылармен қамтамасыз етуге барлық шараларды қолданады деп мәлімдейді.

Ноябрьдің аяғы. Ленин Я. М. Свердлов қатысып отырғанда жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің өкілі В. А. Воробьевпен Урал өнеркәсібінің жайы туралы әңгімелеседі, А. Г. Шляпников пен Ф. Э. Дзержинскийге Уралдағы барлық заводтарды национализациялау туралы қаулының жобасын әзірлеу қажеттігі туралы записка жазады.

Ленин Николай темір жолы жұмысшылары, мастеровойлары және қызметшілері төтенше съезінің сол қанатының делегаттарын қабылдайды.

Ленин РСДРП(б) Москва комитетінің мүшесі О. А. Пятницкиймен Құрылтай жиналысы жөнінде ұстанатын тактика туралы әңгімелеседі.

Ноябрь. Ленин «Петроградтағы Көпшілік кітапханасының міндеттері туралы» заметкалар жазады.

Ленин «Партияның міндеттері туралы тезистер+ағымдағы кезең» деген еңбегін жазады.

1(14) декабрь. Ленин Құрылтай жиналысындағы большевиктік фракцияның мәжілісіне қатысады, партияның Құрылтай жиналысы жөнінде ұстанатын тактикасы туралы баяндама жасайды.

Декабрьдің 1-нен 2-не (14-нен 15-не) қараған түні. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады, Халық шаруашылығы жоғары советін құру туралы мәселе жөнінде және Халық Комиссарлары Советінің Құрылтай жиналысы жөнінде және кадет партиясының мүшелерін қамауға алу туралы декреттері туралы солшыл эсерлер фракциясы қойған сұрау талқыланған кезде түсіндіріп сөз сөйлейді.

2(15) декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жоғарғы бас қолбасшы Н. В. Крыленкоға украин мәселесі жөнінде берілетін нұсқаулар туралы, Бело-

рус радасы туралы және Белорус облыстық комитетіне қаржы жағынан көмектесу туралы мәселелер, тағы басқа мәселелер талқыланады.

Ленин шаруа депутаттары Советтерінің Бүкілроссиялық II съезінің мәжілісінде большевиктік фракция атынан сөз сөйлейді.

3(16) декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; украин халқына арналған манифестің және Орталық радаға қойылатын ультиматумның жобаларын әзірлейтін комиссияға сайланады; үзіліс кезінде украин халқына арналған манифестің негізгі қағидаларын және украин халқына арналған манифестің жобасын жазады. Халық Комиссарлары Советінің кешкі мәжілісінде «Украин халқына арналған манифест және Украин радасына ультиматумдық талаптардың» Ленин ұсынған жобасы қабылданады.

4(17) декабрь. Ленин жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі жұмысшы секциясының кәсіптік одақтардың Петроград советімен, одақтар басқармаларымен және фабрика-завод комитеттерінің Орталық советімен бас қосқан мәжілісінде Петроград жұмысшыларының экономикалық жағдайы және жұмысшы табының міндеттері туралы баяндама жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; ауыл шаруашылық машиналары мен құралдарын реквизициялау туралы қаулының жобасына өзінің ескертпелерін жазып, түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ азық-түлік саясаты туралы және басқа да шешілуі тиіс мәселелер талқыланады.

5(18) декабрьден ертерек. Ленин Петроград фабрика-завод комитеттері Орталық советінің мүшелерімен әңгімелеседі, оларға жұмысшы бақылауын іске асырудың революциялық әдістерін қолдану жолында бұқара арасындағы үгітті өрістетуге кеңес береді.

5(18) декабрь. Ленин Богословск кен округінің фабрика-завод комитеттері Орталық советінің өкілдері А. Курлынин мен М. А. Андреевті қабылдай-

ды, олармен Надеждин заводындағы жəне округ рудниктеріндегі істің жайы туралы əңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мəжілісінде председательдік етеді; Ленин қатысқан комиссияға Орталық радаға қарсы соғыс қимылдарын ұйымдастыру жөнінде қажетті шаралар қолдану жəне Халық Комиссарлары Советі атынан украин халқына жəне солдаттарға үндеу хаттар жазу тапсырылады; Ленин сондай-ақ болыстық комитеттер туралы ереже мен нұсқаудың жобаларын қарайтын комиссияға сайланады.

Декабрьдің 5-нен 6-на (18-нен 19-на) қараған түні. Ленин Россиядағы француз əскери миссиясының мүшесі капитан Ж. Садульды қабылдайды, Антанта елдерінің бітім жасасу туралы жалпы келіс сөздерге қатысу қажеттігі туралы айтады.

5 жəне 11 (18 жəне 21) декабрь аралығында. «Жизнь и знание» кітап баспасында Лениннің 1914—1915 жылдары жазылған «Егіншілікте капитализмнің даму заңдары туралы жаңа деректер. I кітап. Америка Құрама Штаттарындағы капитализм жəне егіншілік» деген кітабы басылып шығады.

6(19) декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мəжілісінде председательдік етеді; Богословск кен округіндегі акционерлік қоғамның мүлкін конфискелеу туралы декреттің жобасына қосымша жазады.

6—7 (19—20) декабрь. Ленин «Шаруа депутаттары Бүкіл россиялық Екінші съезінің шаруаларға арнаған үндеу хатының жобасын» жазады.

7(20) декабрь. Ленин Ф. Э. Дзержинскийге оның Халық Комиссарлары Советінің мəжілісінде жасайтын баяндамасы жөнінде —«Контрреволюционерлер мен саботажшыларға қарсы күресу туралы» декреттің жобасымен қоса записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мəжілісінде председательдік етеді, онда солшыл эсерлердің үкіметке кіруі туралы мəселе, т. б. талқыланады.

8(21) декабрь. Ленин маскүнемдік ойрандау әрекеттеріне қарсы күресу жөнінде Петроград Советі жанынан ұйымдасқан комитеттің қарауына кем дегенде 100 «*ең* сенімді партия мүшесін» бөлу қажеттігі туралы РСДРП(б) Петербург комитетіне записка жазады.

Острогожск Советі председателінің тоналған имениелердің қазыналарын қайтеміз деген сұрауына Ленин: қазыналарды мұқият хаттау, оларды сақтау, ұрлағаны үшін сотқа тарту, шығарылған үкімдер туралы Халық Комиссарлары Советіне хабарлау жөнінде телеграф арқылы нұсқау береді.

Ленин Ставкадан қайтып оралған В. А. Антонов-Овсеенконы қабылдайды, Калединнің контрреволюциялық әскерлеріне және украин Орталық радасына қарсы күресу жоспарлары туралы оның хабарын тыңдайды, соғыс қимылдарына әзірлену жөніндегі оның жазбаларын көреді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда солшыл эсерлердің үкіметке кіруі туралы мәселе, т. б. талқыланады.

9(22) декабрьден ертерек. Ленин Петроград Труба заводы жұмысшыларының делегациясын қабылдайды.

Декабрьдің 9-нан 10-на (22-нен 23-не) қараған түні. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда солшыл эсерлердің үкіметке кіруі туралы, өнеркәсіпті демобилизациялау туралы мәселелер, т. б. талқыланады.

11(24) декабрь. Ленин Александро-Грушевск (Донбасс) ауданы жұмысшыларының делегациясы қойған сұрақтарға жауап береді.

Ленин партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, Құрылтай жиналысындағы большевиктік фракцияның уақытша бюросы таратылсын, партияның Орталық Комитетінің Құрылтай жиналысына көзқарасы тезистер түрінде баяндалсын, фракцияға басшылық ету үшін Орталық Комитеттің мүшесі тағайындалсын деген, тағы басқа да ұсыныстар енгізеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда шіркеу-приход мектептерін Ағарту халық комиссариатының қарамағына көшіру туралы, шіркеуді мемлекеттен бөлуді жүзеге асыруды тездету туралы мәселелер, т. б. талқыланады.

11 немесе 12 (24 немесе 25) декабрь.

Ленин «Құрылтай жиналысындағы большевиктер фракциясының уақытша бюросы туралы қарардың жобасын» және «Құрылтай жиналысы туралы тезистерді» жазады.

12(25) декабрь.

Петроградтағы жеке меншік банктерді национализациялауға әзірлік жүргізуге байланысты Ленин банктердің большевик және солшыл эсер қызметшілерінің жиналысын өткізу жөнінде нұсқау береді.

Ленин Құрылтай жиналысындағы большевиктік фракцияның мәжілісіне қатысады, партияның Орталық Комитеті атынан өзі жазған «Құрылтай жиналысы туралы тезистерді» ұсынады, талқылағаннан кейін бұл «Тезистерді» фракция бірауыздан қабылдайды.

12 немесе 13 (25 немесе 26) декабрь.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің жабық мәжілісіне басшылық етеді, онда жеке меншік банктерді национализациялау туралы мәселе талқыланады.

12 және 23 декабрь (25 декабрь және 1918 ж. 5 январь) аралығында.

«Жизнь и знание» кітап баспасында Лениннің 1907 жылы ноябрь — декабрьде жазылған «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбегі тұңғыш рет жарық көреді.

13(26) декабрь.

Ленин темір жол жұмысшылары мен мастеровойларының Бүкіл россиялық Төтенше съезінде Халық Комиссарлары Советі атынан құттықтау сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; үкімет мекемелері қызметшілерінің жалақысы туралы қаулының жобасын жазады.

Декабрьдің 13-нен 14-не (26-нан 27-не) қараған түні.

Ленин Петроградтағы барлық жеке меншік банктерді национализациялау мақсатында оларды алуға әзірлену жөнінде жабық кеңес өткізеді.

14(27) декабрь. Ленин жеке меншік банктерді алу жөніндегі операция жетекшілерінің баяндамаларын тыңдайды.

Ленин «Нан үшін, бітім үшін» деген мақала жазады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады, банктерді национализациялау туралы баяндама бойынша жарыс сөзге шығып, сөз сөйлейді.

Ерте дегенде 14(27) декабрь. Ленин Совет мемлекетінің экономикалық саясатының мәселелері жөнінде заметкалар жазады.

Ленин «Банктерді национализациялауды жүзеге асыру туралы және осыған байланысты қажетті шаралар туралы декреттің жобасын» әзірлейді.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі бюросының мәжілісіне қатысады, өзі жазған «Банктерді национализациялауды жүзеге асыру туралы және осыған байланысты қажетті шаралар туралы декреттің жобасын» талқылауға ұсынады, баяндама жасап, онда осы жобаны негіздеп дәлелдейді, өзіне қойылған сұрақтарға жауап береді.

15(28) декабрьден ертерек. Ленин Финн социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің делегациясымен әңгімелеседі; делегация РСДРП(б) Орталық Комитетінен Финляндияға тәуелсіздік берілуіне көмектесу жөнінде өтініш жасаған еді. Ленин бұл өтінішті Халық Комиссарлары Советінде қолдауға уәде береді.

15(28) декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, Халық шаруашылығы жоғары советінің жанынан практиктер комиссиясын ұйымдастыру туралы қаулының жобасын және Отын жөніндегі ерекше кеңесті қайта құру туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ барлық әскери қызметшілердің праволарын теңестіру туралы және армиядағы сайлау негізі туралы декреттердің жобалары, тағы басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Финляндия Сенатының делегациясын қабылдайды, делегация Финляндияға тәуелсіздік беру туралы өтінішке Совет үкіметі қалай қарайды деп Ленинге сұрақ қояды; Ленин Халық Комиссарлары Советі Финляндияның тәуелсіздігін таниды деп делегацияны сендіреді.

16(29) декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда армия құрылысының демобилизациялау кезіндегі өтпелі формалары туралы, армияда ұлт бөлімдерін құру туралы мәселелер, тағы басқа мәселелер талқыланады.

17(30) декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Брест-Литовскідегі совет бітім делегациясының баяндамасы, т. б. талқыланады.

Ленин өзінің ұсынысы бойынша шақырылған Армияны демобилизациялау жөніндегі жалпы армиялық съезд өкілдерінің кеңесіне барады, «Армияны демобилизациялау жөніндегі жалпы армиялық съездің делегаттарына сұрақтарды» жазады, бұл сұрақтарды оқып беріп, кеңеске қатысушылар мен съезд делегаттарының осы сұрақтарға жазбаша түрде жауап беруін ұсынады.

18(31) декабрь. Ленин Армияны демобилизациялау жөніндегі жалпы армиялық съезд делегаттарының өзі жазған анкетаға берген жауаптарымен танысады, Халық Комиссарлары Советінің майдандағы жағдай және армияның жай-күйі туралы мәселе жөніндегі қарарының жобасын жазады.

18(31) декабрь және 19 декабрьге (1918 ж. 1 январьға) қараған түні. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советінің мәжілістерін әзірлеу тәртібі туралы өзі жазған нұсқауды және Н. В. Крыленконың майдандағы жағдай туралы және армияның жай-күйі туралы баяндамасы жөніндегі қарардың жобасын бекітуді ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ Кіші Халық Комиссарлары Советін (Халық Комиссарлары Советінің қарауына жататын ағымдағы мәселелерді әзірлеу және жедел шешу үшін Халық Комиссарлары Советінің жанынан құрылатын Комис-

сия) құру туралы баяндама, т. б. талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің Финляндияның мемлекеттік тәуелсіздігін тану туралы өзі қол қойған декретін Финляндия үкімет делегациясына тапсырады.

19 декабрь (1918 ж. 1 январь).

Ленин Каменская станицасы жанындағы 2-Болат балқыту заводының делегаттарын қабылдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Орталық радамен келіс сөздер бастау туралы және юстиция халық комиссары И. З. Штейнбергтің Бүкіл россиялық төтенше комиссия қамауға алған «Құрылтай жиналысын қорғау одағының» мүшелерін босатып жіберуі туралы мәселе жөнінде өзі жазған қаулылардың жобаларын Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне ұсынады.

Декабрьдің 20-нан 21-не (1918 ж. январьдың 2-нен 3-не) қараған түні.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Құрылтай жиналысын әзірлеуге байланысты мәселелер, т. б. талқыланады.

21 декабрь (1918 ж. 3 январь).

Ленин Петроградқа келген француз социалисі Шарль Дюманың өзін қабылдауды өтінген хатын алады. Жауап хатында (француз тілінде) Ленин өзі Парижде болған кезде «пікір алысқаны үшін және Франциядағы социалистік қозғалыс туралы өте дәл информация бергені үшін» Дюмаға ризалық білдіреді және оларды ажыратып отырған аса терең саяси алауыздықтарға байланысты екеуінің арасында жеке қарым-қатынас жасаудың мүмкін болмай қалғандығына өкінеді.

Декабрьдің 21-нен 22-не (1918 ж. январьдың 3-нен 4-не) қараған түні.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Юстиция халық комиссариатының, Бүкіл россиялық төтенше комиссияның және тергеу комиссияларының өзара қарым-қатынастары туралы қаулының жобасын редакциялайды және толықтырады; Петроград халқының көшелерді қардан тазартуы жөніндегі жаппай еңбек міндеткерлігі туралы декреттің жобасына түзетулер енгізеді,

оны ең алдымен өнімді еңбекпен шұғылданбайтын адамдардың еңбек міндеткерлігі туралы пунктпен толықтырады.

22 декабрь (1918 ж. 4 январь).

Лениннің «Плеханов террорды жақтайды» деген мақаласы «Правданың» 221-номерінде жарияланады. (Мақала «Известияның» 1917 жылғы 23 декабрьдегі 259-номерінде «Плеханов террор туралы» деген тақырыппен жарияланды).

Ленин Румын майданында жағдайдың ауыр екендігі туралы Ставкадан келіп түскен хабарға байланысты Әскери істер жөніндегі халық комиссариаты шақырған кеңеске қатысады, транспортты және майданды азық-түлікпен жабдықтауды жолға қоюды, Петроград және Москва әскери округтерінің қызыл гвардияшы отрядтарын жедел майданға жөнелтуді, бұл округтерде социалистік армияның әрқайсысы 30 мың адамдық он корпусын құруға дереу кірісуді ұсынады.

23 декабрь (1918 ж. 5 январь).

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда «Түрік Армениясы» туралы декреттің жобасы, т. б. талқыланады.

Халық Комиссарлары Советі Ленинге 3—5 күнге демалыс беру туралы шешім қабылдайды.

24—27 декабрь (1918 ж. 6—9 январь).

Демалыс кезінде Ленин «Халила» санаторийінде болады, «Публицистің күнделік дәптерінен (Әзірлеуге арналған тақырыптар)» деген заметкаларының нобайын, «Ескінің күйреуінен қорыққандар және жаңалық жолында күресушілер», «Жарысты қалай ұйымдастыру керек?» деген мақалаларын, «Тұтыну коммуналары туралы декреттің жобасының» бастапқы тезистері мен түпкілікті текстін жазуға отырады.

28 декабрь (1918 ж. 10 январь).

Ленин әскери істер жөніндегі халық комиссары Н. И. Подвойскиймен әңгімелеседі, жаңа, социалистік армия құру туралы мәселені Советтердің, ең алдымен Петроград Советінің талқылауына салуды ұсынады.

29 декабрь (1918 ж. 11 январь).

Россияның оңтүстігіндегі контрреволюциямен күресу жөніндегі халық комиссары В. А. Антонов-Овсеенкоға Харьковке жолдаған телеграм-

масында Ленин оның калединшілдерге қарсы күрестегі жігерлі қызметін мақұлдап құттықтайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; «Орталық Атқару Комитетінің шығындарын өтеу туралы» өзі жазған қаулының жобасын бекітуді ұсынады; үкіметтік газеттерді орталықтандыру туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ шеттен товар әкелуге және шетке товар шығаруға рұқсат беру тәртібі туралы қаулының жобасы, т. б. талқыланады.

Ленин Россиядағы француз әскери миссиясының мүшесі капитан Ж. Садульді қабылдайды, онымен Советтік Россия үшін тыныс алудың және Германиямен сепараттық бітім жасасудың қажеттігі туралы және жаңа, социалистік армия құру туралы әңгімелеседі.

30 декабрь (1918 ж. 12 январь).

Ленин С. А. Лозовскийді антипартиялық әрекеті үшін партиядан шығару туралы РСДРП(б) Орталық Комитетінің қарарының жобасын жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советінің келіс сөздер жүргізу туралы ұсынысына Орталық раданың берген жауабы жөнінде, В. А. Антонов-Овсеенконың Бүкіл украиндық Орталық Атқару Комитетімен және Украинаның уақытша төтенше комиссары Г. К. Орджоникидземен өзара қарым-қатынастары туралы, Антонов-Овсеенконың Украинадағы қызметі туралы және саботажшы капиталистерге қарсы жазалау шараларын қолдану жөнінде оған право беру туралы өзі жазған қаулылардың жобаларын бекітуді ұсынып сөз сөйлейді.

31 декабрь (1918 ж. 13 январь).

Ленин социалистік партиялармен байланыс орнату үшін шетелдерге делегация жіберу жөнінде Я. С. Ганецкиймен сөйлесуді өтініп, Я. М. Свердловқа записка жазады.

Ленин румын өкімет орындарының 49-революциялық дивизияның бөлімдерін қарусыздандыруына және орыс солдаттарын қамауға алуына байланысты «Халық Комиссарлары

Советінің румын үкіметіне ультиматумына» қол қояды.

Ленин әскери істер жөніндегі халық комиссарына румын елшілігі мен әскери миссиясының барлық мүшелерін, сондай-ақ ресми румын мекемелерінің барлық қызметшілерін дереу қамауға алу туралы жарлық жазады.

Ленин Н. К. Крупскаямен бірге Выборг жағының активі және майданға аттанып бара жатқан қызыл гвардияшы жұмысшылары үшін Выборг аудандық партия комитеті, аудандық Советі және Қызыл гвардия штабы ұйымдастырған Жаңа жылды қарсы алу кешіне қатысады.

1918

1(14) январь. Ленин Антанта елдері мен бейтарап елдердің Петроградта тіркелген дипломатиялық өкілдерін қабылдайды; олар Ленинге румын кіші елшісі Диамандиді қамаудан босатуды талап еткен меморандум тапсырады. Ленин Диамандидің төтенше жағдайларға байланысты қамауға алынғанын көрсетіп, соғыс жарияламай тұрып-ақ орыс дивизиясына қарсы соғыс қимылдарын бастаса, ол елдің дипломатиялық өкілін қамауға алуға болады деп есептейтінін, «социалист үшін бір дипломаттың тыныштығынан гөрі мыңдаған солдаттың өмірі қымбатырақ екенін», «соғысты қаламайтын халықтар барлық шараларды қолданып соғысқа жол бермейтін» заман туатынын мәлімдеп, түсіндіреді.

Ленин социалистік армияның бірінші құрама отрядын Батыс майданға жөнелтуге арналған митингіде құттықтау сөз сөйлейді. Ленин митингіден қайтып келе жатқанда ол мінген автомобильге террорист-контрреволюционерлер оқ атады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; румын кіші елшісін және елшілік пен әскери миссияның бүкіл құрамын қамауға алуға байланысты ағымдағы оқиғалар туралы баяндама жасайды (Ленинге осы оқиғалар туралы үкімет хабарын әзірлеу және Диамандиді қамаудан босату туралы мә-

селені шешу тапсырылады); В. А. Антонов-Овсеенкоға саботажшы капиталистерге қарсы жазалау шараларын қолдану жөнінде право беру туралы қарарға қосымша жазады, ол қосымшада жазалау шараларының заңды-заңсыздығы туралы мәселені шешу үшін революциялық трибуналдар құру қажет болатыны да ескерілген.

Январьдың 1-нен 2-не (14-нен 15-не) қараған түні. Ленин Петропавл қамалының комиссарына румын кіші елшісін және румын елшілігінің барлық қызметкерлерін қамаудан босату туралы жарлық жазады.

2(15) январь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, жоғары қызметтегі адамдарға ақы төлеу нормалары туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасын жазуға отырады.

Кеш дегенде 3(16) январь. Ленин «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» жазады.

3(16) январь. Ленин Армияны демобилизациялау жөніндегі жалпы армиялық съезге хат жазады.

Ленин қайсыбір адамдар немесе мекемелер тарапынан Россия республикасындағы мемлекеттік өкіметтің функциясын меншіктенуге тырысқан әрекеттерді контрреволюциялық әрекеттер деп тану туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қаулысының жобасын жазады.

Ленин Украин Орталық Атқару Комитетінің делегациясы Брест-Литовскіге жүрер алдында онымен әңгімелеседі.

Ленин Украин радасының Румын майданындағы контрреволюциялық әрекеттері туралы 8-армияның Әскери-революциялық комитеті хабарламасының текстін жоғарғы бас қолбасшы Н. В. Крыленкоға хабарлайды, «Киев Радасының арандатуына елігіп кетпеуге, оған сенбеуге, румын контрреволюциялық командованиесіне қарсы, калединшілдерге және Киев Радасындағы олардың сыбайластарына қарсы қарумен, ұйымдасқан түрде және неғұрлым батыл қимыл жасау керек» деп кеңес береді.

Ленин тікелей провод арқылы Брест-Литовскідегі орыс делегациясына бітім конференциясының жұмысында үзіліс жасау, ал делегацияға Петроградқа қайтып келу жөнінде нұсқау береді.

4(17) январь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетінің антисоветтік саясаты туралы, Қызыл крест пен қалалардың Бүкіл россиялық одағының мекемелерін мемлекет меншігіне беру туралы мәселелер, тағы басқа мәселелер талқыланады.

5(18) январь. Ленин майдандағы жағдай туралы Н. В. Крыленкомен әңгімелеседі.

5(18) январь және 6(19) январьға қараған түні. Ленин Құрылтай жиналысының мәжілісіне қатысады; үзіліс кезінде партияның Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, бұл мәжілісте Құрылтай жиналысы жөнінде ұстанатын тактика талқыланады, большевиктердің Құрылтай жиналысынан кететіні туралы декларацияның жобасын жазады, Құрылтай жиналысына депутат большевиктермен әңгімелеседі және фракцияның жиналысында большевиктердің Құрылтай жиналысынан кететіні туралы және Құрылтай жиналысына бұдан былайғы көзқарас туралы Орталық Комитеттің ұсыныстарын негіздеп сөз сөйлейді.

Январьдың 5-нен 6-на (18-нен 19-на) қараған түні. Ленин Құрылтай жиналысы жөнінде большевиктермен ортақ бағыт ұстау қажеттігі туралы солшыл эсерлер партиясы Орталық комитетінің мүшелерімен бірнеше рет әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советі мүшелерінің ресми емес кеңесін басқарады, Құрылтай жиналысын тарату туралы декрет тезистерінің бастапқы нобайын жазады, осы мәселе бойынша 4 рет сөз сөйлейді.

Ленин Құрылтай жиналысының контрреволюциялық бөлегіне күш қолданбау жөнінде, бірақ жұртты Таврический сарайынан бөгеліссіз шығарып, айрықша бұйрық берілгенде болмаса оған сырттан ешкімді кіргізбеу жөнінде Таврический сарайының күзетіне жарлық жазады.

6(19) январь. Ленин «О дүниенің адамдары» деген мақала жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Құрылтай жиналысын тарату туралы декреттің өзі жазған тезистерін талқылауды ұсынады, енгізілген қосымшаларды жазып алады.

Ленин «Құрылтай жиналысын тарату туралы декреттің жобасын» жазады.

Январьдың 6-нан 7-не (19-нан 20-на) қараған түні. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде Құрылтай жиналысын тарату туралы сөз сөйлейді. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Ленин жазған «Құрылтай жиналысын тарату туралы декреттің жобасын» бекітеді.

7(20) январь. Құлатылған Уақытша үкіметтің министрлері А. И. Шингарев пен Ф. Ф. Кокошкинді анархист-матростардың өлтіргені туралы хабарламаны алғаннан кейін, Ленин дереу істің мәнжайын өте мұқият тексеруге кірісу және кісі өліміне жазықты адамдарды қамауға алу жөнінде жарлық береді.

Ленин «Сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистерді» жазады.

Ленин татарлар мен башқұрттардың ұлт-азаттық қозғалысы туралы ұлт істері жөніндегі халық комиссары И. В. Сталинмен, Мұсылман социалистік комитетінің председателі Мулланур Вахитовпен және Башқұрт облыстық советінің председателі Шариф Манатовпен әңгімелеседі, Құрылтай жиналысындағы Совет өкіметін жақтайтын мұсылман депутаттарға орталық мұсылман мекемесін құру және мұсылман халқына қатысты декреттер әзірлеуге кірісу жөнінде кеңес береді.

Ленин Теміржолшылардың Бүкіл россиялық Төтенше съезінің сол қанатының делегациясын қабылдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Брест-Литовскідегі бітім келіс сөздерінің барысы туралы баяндама, т. б. талқыланады.

Ерте дегенде 7(20) январь. Ленин ағылшын социалистік «The Call» газетіне арнап «Советтер дегеніміз не?» деген мақала жазады.

8(21) январь. Ленин партияның Орталық Комитетінің партия қызметкерлерімен өткізілген кеңесінде өзі жазған «Сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистерді» оқып береді және негіздейді.

8 және 11 (21 және 24) январь аралығында. Ленин 8(21) январьда өзінің «Сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистері» бойынша өткен партиялық кеңестегі жарыс сөздің жиынтығын жасайды және «Тезистерге» соңғы сөз жазады.

9(22) январь. Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, онда күштерді бөлу туралы, партияның Орталық Органы туралы, Сыртқы істер жөніндегі халық комиссариаты туралы, банктер туралы мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Халық шаруашылығы жоғары советі туралы, Украин Совет республикасының өкілі В. П. Затонскийді Халық Комиссарлары Советінің құрамына енгізу туралы мәселелер, тағы басқа мәселелер талқыланады.

11(24) январь. Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, бітім туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді, жарыс сөзде сөйленген сөздер жөнінде қысқаша жазба жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық советі президиумының сайлауы туралы мәселе талқыланады.

Ленин жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық III съезінің екінші мәжілісінде Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама жасайды.

12(25) январь. Ленин астық және басқа азықтық тағамдар тиелген вагондарды анықтау үшін Петроград пен оның төңірегіндегі темір жолдарды қарап шығу, сондай-ақ жалдаптар мен саботажшыларды ұстауға көмектесу жөнінде Қызыл гвардия штабына жарлық жазады.

Ленин Советтердің Бүкіл россиялық III съезінің үшінші мәжілісінде Халық Комиссарлары Советінің қызметі туралы баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді. Съезд Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің саясатын мақұлдау туралы большевиктер фракциясы ұсынған қарарды қабылдайды және «Еңбекші және қаналушы халық праволарының декларациясын» бекітеді.

13(26) январь. Ленин Урал Советтері облыстық комитетінің уәкілдері Суворов пен Антроповты қабылдайды, әңгімелескеннен кейін оларды қолдарына записка беріп, азық-түлік және қатынас жолдары халық комиссариаттары мен Халық шаруашылығы жоғары советінің азық-түлік бөліміне жібереді, запискада бұл жолдастарға астық тиелген вагондарды Сибирьден Петроградқа жөнелту үшін мейлінше батыл шаралар қолдануды тапсырудың қажеттігін атап көрсетеді.

Ленин Калединге қарсы күреске жіберілген латыш атқыштарының 3-Курзем полкының делегациясын қабылдайды, Советтік Россияның халықаралық және ішкі жағдайын, Совет өкіметінің контрреволюцияға қарсы күрестегі міндеттерін түсіндіреді.

Ленин Теміржолшылардың Бүкіл россиялық Төтенше съезінде баяндама жасайды, одан соң делегаттардың сұрақ қойған запискаларына жауап береді.

13 және 18 (26 және 31) январь аралығында. Ленин жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық III съезінің жерді социализациялау туралы заңның жобасын редакциялау жөніндегі комиссиясының жұмысына қатысады.

14(27) январь. Ленин Петроград Советі президиумының азық-түлік ұйымдарының өкілдерімен өткізілген кеңесіне қатысады, ашаршылыққа қарсы күресу шаралары туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді.

Ленин Азық-түлік жөніндегі Бүкіл россиялық съездің өкілдерін қабылдайды, олармен съезд қарары жөнінде әңгімелеседі.

Январьдың 14-нен 15-не (27-нен 28-не) қараған түні. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Петроградты азық-түлікпен жабдықтаудың жайы туралы және азық-түлік халық комиссары А. Г. Шлихтер мен Азық-түлік советінің арасындағы даушар туралы мәселе бойынша қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Петроград өнеркәсібінің жайы туралы мәселе, т. б. талқыланады.

15(28) январь. Ленин Харьковқа Украинаның төтенше комиссары Г. К. Орджоникидзе мен бас қолбасшы В. А. Антонов-Овсеенкоға хат жазады, Петроградқа астық жіберу үшін «*мейлінше* жігерлі әрі *революциялық* шаралар» қолдануды талап етеді.

Ленин Орталық радаға қарсы соғыс қимылдарын жүргізу үшін 2000 матрос жіберу жөнінде Теңіз революциялық комитетіне жарлық жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Жоғарғы бас қолбасшының Ставкасы жанындағы Революциялық майдан штабына 1 миллион сом қаржы бөлу туралы баяндайды; Балтық теңізі мен Қара теңіз флоттарының бағыну тәртібі туралы мәселе жөнінде өзі жазған қаулының жобасын Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне ұсынады; Қызыл Армияны ұйымдастыру туралы декреттің жобасын және сот туралы декреттің жобасын редакциялайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясын ұйымдастыру туралы декретіне қол қояды.

16(29) январь. Ленин Каменская станицасындағы Совет өкіметі жағына шыққан дондық майдангер-казактар съезінің делегациясын арнайы қабылдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, темір жол қызметшілерінің жалақысы туралы қаулының жобасын жазады; азық-түлік жөніндегі бірыңғай орталық құру туралы мәселені талқылауға қатысады, азық-түлік жөніндегі Бүкіл россиялық съездің президиумы ұсынған тезистерді

мақұлдайды және Халық Комиссарлары Советінің азық-түлік жөніндегі съезге арнаған екі үндеуінің жобаларын жазады.

17(30) январь. Ленин В. А. Антонов-Овсеенконың атына жіберген телеграммасында Дон Әскери-революциялық комитетінің Халық Комиссарлары Советін тану жөніндегі шешімін құттықтайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Петроградқа астық жүктерінің жөнелтілуі және жетуі туралы ақпардың үлгісін жасайды.

Ленин Мұсылмандар істері жөніндегі комиссариаттың мүшелерімен әңгімелеседі, Сүйімбике мұнарасы мен Керуен сарайын мұсылмандарға қайтарып беру туралы олар әзірлеген декреттердің жобаларын мақұлдайды.

18(31) январь. Ленин сауда флотын национализациялау туралы мәселенің алдағы уақытта Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде талқыланатындығына байланысты Центроволганың (Волга бассейнінің кеме қызметшілері мен жұмысшылары одақтарының Орталық комитеті) делегаттарымен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; өзен және теңіз сауда флотын национализациялау туралы мәселе жөніндегі жарыс сөзде сөйлейді, декрет жобасына тезистер әзірлейді және декреттің жобасын жазады.

Ленин совет заңдарында Құрылтай жиналысына сілтеме жасауды жою туралы декреттің жобасын жазады.

Ленин Советтердің III съезінің большевиктік фракциясының мәжілісінде «Жерді социализациялау туралы негізгі заңның» жобасын негіздеп сөз сөйлейді.

Январьдың 18-нен 19-на (31 январьдан 1 февральға) қараған түні. Ленин жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық III съезінің қорытынды мәжілісінде сөз сөйлейді.

19 январьдан (1 февральдан) ертерек.	Ленин шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы декретті әзірлеуді тездету жөнінде Юстиция халық комиссариатының коллегиясына жарлық жазады.
19 январь (1 февраль).	Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, Германиямен бітім жасасу туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.
	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; халық комиссариаттары мен Халық шаруашылығы жоғары советінің өзара қарым-қатынастары туралы қаулының жобасына түзетулер және қосымшалар енгізеді.
Ерте дегенде 19 — кеш дегенде 21 январь (1—3 февраль).	Ленин Теңіз ведомствосының Заң шығару советінің өкілін қабылдайды, онымен флоттың жай-күйі туралы әңгімелеседі.
20 январь (2 февраль).	Ленин Москва әскери округінің қолбасшысы Н. И. Мураловпен және оның көмекшісі А. В. Мандельштаммен әңгімелеседі, Германияға қарсы «революциялық соғыс» жүргізу ұранын сынайды, орыс армиясының жай-күйі туралы мәліметтермен оларды мұқият таныстырады.
	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; «Ождан бостандығы, шіркеу және дін қоғамдары туралы декреттің» жобасын редакциялайды және толықтырады; «Бір жолғы мүлік салығы жобасының» 1 және 2-статьяларына ескертулер жазады.
21 январьдан (3 февральдан) ертерек.	Ленин Харьковтағы В. А. Антонов-Овсеенкоға жолдаған телеграммасында оның Украина Орталық Атқару Комитетімен кикілжіңінің себептерін сұрайды және соғыс қажеттілігінен тумаса, Украинаның ішкі істеріне қандай да болсын араласудың керек еместігін атап көрсетеді.
21 январь (3 февраль).	Ленин Германиямен бітім шартын жасасу туралы мәселе жөнінде РСДРП(б) Орталық Комитетінің әр түрлі ағымдардың өкілдерімен өткізілген кеңесіне қатысады; кеңесте талқы-

ланған мәселелер бойынша дауыс берудің кестесін жасайды.

Ленин елдегі жағдай туралы және Батыстағы революциялық оқиғалар туралы «Жұрттың бәріне. Әсіресе Брест-Литовскідегі бітім делегациясына» деген радиограмма жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Петроград Советі жанындағы Тергеу комиссиясының қызметі туралы баяндама бойынша қаулының жобасын жазады.

22 январь (4 февраль). **Ленин елдегі жағдай туралы «Жұрттың бәріне, баршаға, жұрттың бәріне» деген радиограмма жазады.**

Ленин француз әскери миссиясының мүшесі капитан Ж. Садульды қабылдайды, Совет үкіметінің Германиямен бітімге қол қоюының қажеттігін айтады.

23 январь (5 февраль). **Ленин контрреволюциялық Раданың жойылғаны, Украина Советтері Орталық Атқару Комитеті мен оның Халықтық секретариатының Украинаның жоғары өкіметі болып жарияланғаны туралы, Советтік Украинаның Советтік Россиямен федерациялық байланыс орнатқаны туралы, сондай-ақ Уралда Дутовтың бүлігі талқандалғаны туралы және Қырымда Совет өкіметінің жеңгені туралы «Жұрттың бәріне, баршаға, жұрттың бәріне!» деген № 4 радиограммаға қол қояды.**

Ленин провинцияға, деревняға жіберілмекші үгітшілер курсын бітірушілердің алдында сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілістерінде халық комиссарларының орынбасарларына шешуші дауыс беру шарттары туралы Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын және Петроград металлистер одағын Халық шаруашылығы жоғары советі мен еңбек және қатынас жолдары халық комиссариаттарының көмегіне сүйеніп, металл заводтарын шаруашылыққа пайдалы жұмыстарға көшіруді дереу қолға алуға шақырған қаулының жобасын жазады.

24 январьдан (6 февральдан) ертерек.

Ленин «Жерді социализациялау туралы негізгі заңның» жобасына қосымша жазады (заңға 26-статья болып енгізілген).

24 январь (6 февраль).

Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, партияның VII съезінің күн тәртібі туралы мәселе жөнінде үш рет сөз сөйлейді. Орталық Комитет Ленинді партия программасын әзірлейтін комиссияға сайлайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жаңа стильді енгізу туралы, ерекше жоғары медициналық орган — Дәрігерлер коллегияларының советін құру туралы мәселелер, тағы басқа мәселелер талқыланады.

25 январь (7 февраль).

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда азық-түлік ісі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

27 январь (9 февраль).

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда почта-телеграф тарифы туралы ереженің жобасы, қаржыландыру органдары туралы мәселе, т. б. талқыланады.

28 январь (10 февраль).

Ленин жер комитеттері съезі мен Советтердің III съезі шаруа секциясының қорытынды мәжілісінде сөз сөйлейді.

Брест-Литовск бітім конференциясындағы орыс делегациясының председателі Троцкийдің герман делегациясы қойған ультиматумға қалай қарау керек деген сұрауына жауап ретінде Ленин Германиямен бітім шартына қол қою қажеттігі туралы өзінің бұрынғы көзқарасын қуаттаған телеграмма жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда баспасөз Революциялық трибуналы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

29 январь (11 февраль) және 30 январьға (12 февральға) қараған түні.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; финанс шараларын тездету туралы мәселе бойынша баяндама жасайды және салық шараларын жүргізген кезде Советтердің тапсырмаларын міндетті түрде орындау туралы қаулының жобасына

түзету енгізеді. Мәжілісте Троцкийдің Германиямен бітім шартына қол қоюдан бас тарту туралы мәлімдемесіне байланысты Советтік Россияның қазіргі кездегі саяси жағдайы талқыланады.

30 январь (12 февраль). Ленин Обухов заводының жұмысшылары құрған егінші-коммунистердің 1-Россиялық қоғамы басқармасының мүшелерімен әңгімелеседі, содан кейін ұсыныс записка жазып, оларды егіншілік халық комиссары А. Л. Колегаевқа жібереді, ол запискада бастаманы қолдауды және жерді қалай және қайдан табуға болатыны жөнінде ақыл-кеңес беруді өтінеді; қоғамның жиналысына тәжірибелі ұйымдастырушы-практик жіберуді ұсынып, Петроград Советіне записка жазады.

Ленин Мельцер авиация заводы жұмысшыларының делегациясын қабылдайды, заводтағы жағдай туралы әңгімелеседі, делегаттар хабарлаған мәліметтерді жазып алады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; темір жолдар күзеті туралы декреттің жобасына қосымша және темір жолдарда тегін жүру атаулыға тыйым салатын декрет әзірлеу туралы, мұқтаждық көріп отырған жерлерді астықпен жабдықтау үшін оңтүстікке А. С. Якубовтың экспедициясына «ең алдымен және қайткен күнде де» 200 миллион сом жіберуді Мемлекеттік банктің басқарушысына тапсыру туралы және майдандағы темір жол отрядтарын азық-түлік жұмысына тарту туралы қаулылардың жобаларын жазады және «Сот туралы» № 2 декреттің жобасына түзетулер мен қосымшалар енгізеді.

31 январьдан (13 февральдан) 14 февральға қараған түні. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; азық-түлік жөнінде Төтенше комиссия құру туралы және Я. М. Свердловтың саботаж жасауды тоқтатқан чиновниктерді қызметке алу туралы баяндамасы бойынша қаулылардың жобаларын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Брест-Литовскідегі бітім конференциясы және халықаралық жағдай туралы баяндама, тағы басқа мәселелер талқыланады.

Январьдың аяғы. Ленин Петроград фабрика-завод комитеттері Орталық советінің өкілдерін қабылдайды, оларға Россия халық шаруашылығының жай-күйі өнеркәсіптің заказдарын орталықтандыруға мүмкіндік бермей отырғанын айтып түсіндіреді.

Январь. Ленин эстон большевиктері басшыларының бірі Я. Анвельтпен Эстонияны тәуелсіз Совет республикасы деп жариялау туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі.

Ленин П. Н. Лепешинскиймен кездеседі.

Январь — февраль. Ленин Германиямен бітім жасасу туралы мәселе жөнінде венгр коммунисі Бела Кунмен әңгімелеседі.

14 февраль. Ленин Киевтегі М. А. Муравьевқа орыс-румын істері жөніндегі Жоғарғы коллегиямен келісе отырып, Румын майданында мүмкіндігінше батылырақ қимылдау керек деп директива берген телеграмма жазады.

15 февраль. Ленин Пудожск Советі (Олонецк губерниясы) атқару комитетінің мүшесі Л. А. Гижицкийді қабылдайды, Олонецк губерниясы мен Пудожск уезінің шаруашылық мұқтаждары туралы онымен әңгімелеседі, Гижицкийдің қоятын мәселелерінің маңыздылығына байланысты оны кідіртпей кезексіз қабылдауды өтініп, барлық халық комиссарларына арнайы записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда мұнай кәсіпшіліктерін национализациялау туралы, астық қоймаларын национализациялау туралы мәселелер, т. б. талқыланады.

16 февраль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советінің Россия Советтік Федерациялық Республикасының Архангельск губерниясындағы қазынасын қорғау жөніндегі Солтүстік экспедициясына 100 мың сом қаржы бөлу туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ темір жолдарды соғыс уақытының жағдайында деп жариялау туралы, шығындарды азайту жөніндегі Ерекше комитет тура-

лы мәселелер, тағы басқа мәселелер талқыланады.

17 февраль. Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады; мәжіліс герман әскери командованиесінің уақытша бітімді тоқтататыны және 18 февральда күндізгі сағат 12-ден бастап Австрия-Германия әскерлерінің Россияға қарсы соғыс қимылдарын қайтадан бастайтыны туралы 16 февральдағы мәлімдемесіне байланысты шақырылды.

18 февраль. Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады.

18 февраль және 19 февральға қараған түні. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда герман үкіметінің ультиматумына және герман әскерлері шабуылының басталуына байланысты туған жағдай талқыланады.

Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, Германия қойған бітім шарттарын дереу қабылдау қажет екенін жақтап сөз сөйлейді.

Ленин партияның Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша герман үкіметіне жіберілетін радиограмманың жобасын жазады.

Ленин большевиктік партия мен солшыл эсерлер партиясы орталық комитеттерінің біріккен мәжілісіне қатысады.

19 февраль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Германия бастаған шабуылға байланысты сыртқы саясат және елдің қорғанысын ұйымдастыру мәселелері талқыланады.

19 февраль және 20 февральға қараған түні. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі большевиктер мен солшыл эсерлер фракцияларының біріккен мәжілісіне қатысады. Германиямен сепараттық бітім жасасу қажеттігі туралы сөз сөйлейді, өзіне қойылған сұрақтарға жауап береді.

20 февраль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда майдандағы жағдай туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады; Халық Комиссарлары Сове-

тінің Уақытша атқару комитетінің құрамына сайланады.

Ленин герман әскерлерінің шабуылына байланысты істің жайы туралы және Халық Комиссарлары Советі қолданған шаралар туралы Москва Советінің большевиктер фракциясынан түскен сұрауға тікелей провод арқылы жауап береді.

Ленин латыш атқыштарының жиналысында соғыс және бітім туралы сөз сөйлейді.

20 февраль және 21 февральға қараған түні. Ленин Халық Комиссарлары Советінің Уақытша атқару комитетінің жұмысына қатысады.

21 февраль. Лениннің «Революциялық жел сөз туралы» деген мақаласы «Правданың» 31-номерінде жарияланады.

Ленин большевиктік партияның Петербург комитетінің Атқару комиссиясына және барлық аудандық комитеттеріне Петроград қорғанысын ұйымдастыру туралы директива берген телефонограмма жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің «Социалистік отанымызға қауіп төнді!» деген декрет-үндеу хатының жобасын жазады.

Ленин Харьковтағы В. А. Антонов-Овсеенкоға тікелей провод арқылы мынадай жарлық береді: «Ростов пен Новочеркасск дереу алынсын. Бұл іске Петроградтың ең сенімді деген қызыл гвардияшыларынан 2000-ға жуық адам жіберілсін».

Ленин тікелей провод арқылы Ревельге мынадай жарлық береді: «Әскерлер жауға қарсы аттандырылсын және жауға тойтарыс берілсін. Егер мұны істеу қиын болса — жолдардың бәрі бұзылсын, жаудың материкке бекініп алуына жол бермеу үшін бірсыпыра партизандық шабуылдар жасалсын».

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; өзі жазған «Социалистік отанымызға қауіп төнді!» деген декрет-үндеу хаттың жобасын жиналған жұртқа оқып береді.

21 немесе 22 февраль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің «Социалистік отанымызға қауіп төнді!» деген декретүндеу хатына қосымша жазады.

22 февраль. Герман агрессиясына тойтарыс беруді ұйымдастыру үшін Антанта державаларынан қару және азық-түлік сатып алу мүмкіндігі туралы мәселенің РСДРП(б) Орталық Комитстінде талқылануына байланысты Ленин «сойқаншыл ағылшын-француз империализмінен картоп пен қару алуды *жақтап* дауыс бергендерге» оның да дауысын қосуды өтініп, Орталық Комитетке записка жазады.

Ленин «Қотыр туралы» деген мақала жазады.

Ленин Москваға почта және телеграф комиссары В. Н. Подбельскийге герман әскерлерінің шабуылына байланысты істің жайы туралы тікелей провод арқылы хабарлайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда армияның демобилизациялануына байланысты темір жолдарда күзет ұйымдастыру туралы, Антанта елдерінен қару-жарақ, азықтық тағамдар және басқа товарлар алу туралы мәселелер, т. б. талқыланады.

Ленин Могилевтен келген, жойылған Ставканың штаб бастығы М. Д. Бонч-Бруевичпен және басқа генералдармен әңгімелеседі, оларға Петроград қорғанысы жоспарын жасауды тапсырады.

23 февраль. Ленин «Бітім бе әлде соғыс па?» деген мақала жазады.

Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, Германия қойған шарттар негізінде бітімге қол қоюды талап етіп сөз сөйлейді.

Ленин өзінің «Сепараттық және аннексионистік бітімді дереу жасасу туралы мәселе жөніндегі тезистерін» «Бақытсыз бітім туралы мәселенің тарихы жөнінде» деген атпен мақала етіп жариялауға әзірлейді, тезистерге кіріспе заметка жазады.

Ленин американ социалисі Альберт Р. Вильямспен әңгімеледі, Қызыл Армияның интер-

националдық отрядын ұйымдастыру жөніндегі оның ұсынысын мақұлдайды, «Правданың» редакциясына телефон соғып, Совет өкіметін жақтаушы барлық шетелдіктерге үндеу хат жариялауын, бұл үндеу хатта оларды құрылып жатқан отрядқа кіруге шақыруды өтінеді.

Ленин большевиктер партиясы мен солшыл эсерлер партиясы орталық комитеттерінің біріккен мәжілісіне қатысады, Германия қойған бітім шарттарын қабылдамауды және «революциялық соғыс» жүргізуді талап еткен «солшыл коммунистер» мен солшыл эсерлерді қатты сынап сөз сөйлейді.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі большевиктер фракциясы мен солшыл эсерлер фракциясының біріккен мәжілісіне қатысады. Германия қойған шарттар негізінде бітім шартына қол қою туралы ұсынысты қорғап сөз сөйлейді.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіндегі большевиктік фракцияның мәжілісі басталар алдында Ленин фракцияның жұмысшы мүшелерімен әңгімелеседі, олардың соғыс және бітім мәселесіне көзқарасын анықтап біледі.

23 февраль және 24 февральға қараған түні.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің большевиктік фракциясының Петроград партия ұйымының активімен бас қосқан мәжілісіне қатысады, сөз сөйлейді, сұрақтарға жауап береді.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісіне қатысады, Германия қойған бітім шарттары туралы баяндама жасайды; атап-атап дауысқа қойылған кезде өзі бітім шартына қол қоюды жақтап дауыс береді.

23 немесе 24 февраль.

Ленин «Қате неде?» деген мақала жазады.

24 февраль.

Таңертең ертемен Ленин Халық Комиссарлары Советінің Германия қойған бітім шарттарын қабылдау туралы қаулысын жазады.

Лениннің «Бақытсыз бітім» деген мақаласы «Правданың» 34-номерінде жарияланады.

Ленин Германиямен бітімге қол қою қажеттігі туралы заметка жазады.

Ленин РСДРП(б) Орталық Комитетінің мәжілісіне қатысады, бітім шартына қол қою үшін Брест-Литовскіге делегация жіберу туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді.

Ленин мен Свердлов РСДРП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының партия мүшелеріне арналған «РСДРП(б) Орталық Комитетінің сепараттық және аннексионистік бітім туралы мәселедегі позициясы» деген үндеуін жазады.

Февральдың 24-нен 25-не қараған түні.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда герман әскерлерінің Псковты алуына байланысты жағдай талқыланады.

24 февральдан кешірек.

Ленин Петроградқа шабуыл жасап келе жатқан неміс әскерлеріне қарсы күреске аттанған Петроград жұмысшыларының отрядтары алдында сөз сөйлейді.

Кеш дегенде 25 февраль.

Ленин Финляндия халық уәкілдері советінің делегациясын қабылдайды, делегация Лениннен Россия және Финляндия социалистік республикалары арасындағы шарттың жобасын талқылауды тездетуді өтінеді.

25 февраль.

Лениннің «Ауыр болса да, қажетті сабақ» деген мақаласы «Правданың» кешкі басылымында — 35-номерінде жарияланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Россия және Финляндия социалистік республикалары арасындағы шарттың жобасы талқыланған кезде Халық Комиссарлары Советінің бұл мәселе жөнінде қабылдайтын қаулыларының жобаларын жазады.

Ерте дегенде 25 февраль.

Ленин азық-түлік халық комиссары А. Д. Цюрупамен Совет өкіметінің азық-түлік жөніндегі саясатының принциптері туралы әңгімеледі.

26 февраль.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; үкіметті Москваға эвакуациялау туралы қаулының жобасын

және Петроград Советі Тергеу комиссиясының қызметін ревизиялау жөніндегі комиссияның баяндамасы бойынша қаулыға қосымша жазады.

27 февраль. Ленин француз офицерлері-қопарғыншыларының герман әскерлері шабуыл жасап келе жатқан өңірлердегі темір жолдарды бұзу жөніндегі ұсынысына байланысты француз армиясының офицері граф де Люберсакты қабылдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Россия және Финляндия социалистік республикалары арасындағы шарттың жобасын талқылауға қатысады, шарт жобасының 13-параграфын қайта өңдеу туралы қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ сауда флотын басқару туралы қаулының жобасы, тағы басқа мәселелер талқыланады.

28 февраль. Ленин В. А. Антонов-Овсеенкоға жіберген телеграммасында Дон облысына арналған аграрлық заң жобасын қалалық және селолық Советтердің облыстық съезінде әзірлеу, кейіннен Халық Комиссарлары Советінің бекітуіне қою, ал Дон облысының шекаралары туралы мәселені жапсарлас өңірдегі және Донецк-Кривой Рог республикасындағы халықпен келісіп шешу жөнінде кеңес береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді. Россия және Финляндия социалистік республикалары арасындағы шарт жобасының 5, 11, 13, 15 және 16-параграфтарына түзетулер енгізеді; Россия Федерациялық Совет Республикасы атынан шартқа қол қоюға уәкілдік алады.

28 февраль және 1 март. Лениннің «Таңқаларлық және сұмдық нәрсе» деген мақаласы «Правданың» 37 және 38-номерлерінде жарияланады.

Февральдың аяғы — марттың басы. Ленин Финляндиядағы жұмысшы революциясының барысы және оның перспективалары туралы Э. А. Рахьямен әңгімеледеді.

Февраль — марттың басы, 8 марттан ертерек. Ленин М. И. Ульяноваға партия программасын қайта қарау жөніндегі әдебиетті іріктеп алып, Смольныйға алып келуді өтінген записка жазады.

1 март. Лениннің «Тиянақтылыққа көшейік» деген мақаласы «Правданың» 38-номерінде жарияланады.

«Известия Московского Советаның» меншікті тілшісіне Лениннің Германиямен бітім жасасуға қарсы қабылданған қарарлар жөнінде жасаған мәлімдемесі осы газеттің 36-номерінде жарияланады.

Ленин ағылшын дипломаттық агенті Р. Локкартты қабылдайды, Германиямен бітім келіс сөздерінің барысы туралы онымен әңгімеледі.

Ленин Ж. Садульды қабылдайды, оған Вологдаға барып, жапондардың Сибирьге интервенция жасау қаупі Россияда «одақтастар» үшін қиыншылықтар туғызуы мүмкін екенін айтып американ елшісі Фрэнсиске хабарлауды ұсынады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда мұнай кәсіпшіліктерін национализациялау туралы, Путилов заводын национализациялау туралы мәселелер, тағы басқа мәселелер талқыланады.

Ленин «Россия және Финляндия социалистік республикалары арасындағы Шартқа» қол қояды.

2 март. Ленин неміс әскерлері шабуылының қайта басталу мүмкіндігі туралы жорамалдарға байланысты қорғаныс шараларын күшейту қажеттігі жөнінде «Барлық Совдептерге арналған бұйрықтың жобасын» жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Петроградтың жағдайын жеңілдету жөніндегі комиссияның баяндамасы, тағы басқа мәселелер талқыланады.

4 март. Ленин 3 март күні сағат 17-де Германиямен және оның одақтастарымен бітім шартына қол қойылғаны туралы және бітім шартын бекіту үшін 12 мартта Москвада жұмысшы, шаруа, солдат және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық IV съезінің шақырылатыны туралы «Жұрттың бәріне, баршаға!» деген хабарламаға қол қояды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советі жанындағы Комиссияның 1918 жылғы 4 марттағы мәжілісінің протоколын бекітуге ұсынады және оны оқып береді; Донда контрреволюцияға қарсы күрескен казактар отрядтарын таратпай тұра тұру және жабдықтау үшін қаржы босату туралы, су транспортын басқаратын Коллегия құру туралы мәселелер, т. б. талқыланған кезде сөз сөйледі.

5 март. Ленин американ полковнигі Р. Робинс пен оған еріп жүрген журналист А. Гумбергті қабылдайды, Советтік Россия мен Германия арасында соғыс қимылдары қайта бастала қалған жағдайда Совет үкіметі Америка Құрама Штаттарының, Великобританияның және Францияның қолдауына сене ала ма және атап айтқанда қандай қолдау жасалады деп сұрау салған Совет үкіметінің Америка Құрама Штаттары үкіметіне жолдаған нотасын түсіндіреді.

Ленин «Елеулі сабақ және елеулі жауапкершілік» деген мақала жазады.

5 немесе 6 март. Ленин герман үкіметі ұсынған бітім шарттарына қол қойылуына қалай қарайтыны жөнінде барлық Совдептер мен жер комитеттеріне Халық Комиссарлары Советінің 25 февральда жіберген сұрауына жергілікті Советтерден Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне келіп түскен жауаптардың жиынтығын жасайды.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1918 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.

Л 40 Шығармалар толық жинағы: Орысша 5-бас. аударылды/Қазақст. КП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы ин-ты.— КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.— Алматы: Қазақстан,— Басп. 1973 жылдан шығады.

Т. 35. Окт. 1917 — март 1918. 1980.

674 бет. ЗК2

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
Н. Н. Суровцева

Дайындаушының көмекшісі *В. А. Чанова*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Л. П. Черешнева

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Е. Б. Струкова

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін,
В. И. Лениннің осы уақытқа дейін табылмаған
еңбектерінің тізімін,
В. И. Ленин редакциялауға қатысқан документтердің
тізімін дайындаған *Э. В. Клопов*

Редактор *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 975

Сдано в набор 27.12.78. Подписано к печати 07.03.80. Формат 84×108 1/32. Бумага тип. № 1. Обыкновенная новая гарнитура. Печать высокая. Физ. печ. л. 21,345+3 вкл. 5/16 п. л. Усл. печ. л. 35,86. Уч.-изд. л. 29,6. Тираж 15 000 экз. Заказ № 79. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480009. г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.